



ЗЕЙНОЛЛА МҮТИЕВ
ЖАНГҮЛІМ МҰХАНБЕТОВА

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУ

(ОРАЛ ӨҢІРІ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ.
XX-XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

1 кітап



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗЕЙНОЛЛА МҮТІЕВ
ЖАНГҮЛІМ МҰХАНБЕТОВА**

**ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РУХАНИ
ЖАҢҒЫРТУ (ОРАЛ ӨңІРІ АҚЫН-
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
МҰРАСЫ. XX-XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)**

1 кітап

ОРАЛ – 2018

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
М 88

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған
(Хаттама №1, 24.09.2018 жыл)

Пікір жазғандар: **М.Б. Сабыр**

филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс
Қазақстан инженерлік-инновациялық университеті

Р.Б. Сұлтанғалиева

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті

Авторлар: **Мүтиев З.Ж.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Мұханбетова Ж.Ө. – педагогика ғылымдарының магистрі

М-88 Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 1-кітап. Монография. - Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2018. – Орал: «Шұғыла Принт», 2018. – 382 бет.

ISBN 978-601-266-392-1

Әдеби өлкетануды меңгеру – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында ұлттық құндылықтарды игеруге жол ашады. Әдеби өлке мұрасын зерттеу нысанына алған ғылыми монографияның 1-кітабында Орал өңірі ақын-жазушыларының XX ғасырда жарияланған шығармалары (поэзия, проза, т.б.) зерттеліп, әдеби-ғылыми тұрғыдан сарапталады, өлке қаламгерлерінің өлең сөз бен көркем сөздегі жаңалықтары: тақырып пен идея, кейіпкерлер жүйесі, көркемдік-шеберлік мәселелері қарастырылады. Ақын-жазушылардың көркем әдебиеттегі ізденістерін еңбек авторлары әр қырынан алып талдайды, шығармашылық сапарларына шолу жүргізеді.

Кітап жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне (магистранттарына), қазақ әдебиеті пәні тереңдетіліп оқытылатын бейімділік мектептері (лицей, гимназия) мұғалімдері мен шәкірттеріне және жалпы әдеби өлке мұрасына қызығушылық танытқан ізденушілерге арналған.

Монография Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы (№ АР05135443 «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру. (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» аясында дайындалды.

УДК
821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-266-392-1

© Мүтиев З.Ж, 2018
© Мұханбетова Ж.Ө, 2018

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Өлкетану саласын жетілдіру – бұл қазіргі заманауи жалпы орта білім беретін мектептің, педагогикалық, гуманитарлық және филологиялық арнайы білім беретін колледж бен болашақ бакалавр, магистр, доктор педагог-филолог, педагог-тарихшы, педагог-географ, педагог-мәдениеттанушы мамандар дайындайтын жоо-ның алдына, яки білім ошақтарына аса маңызды мәселе жүктеп отыр. Өлкетану – іштей бірнеше салааралық бөлімдерге жіктеліп, жалпы өлкетануға қызмет етеді. Мәселен, әдеби өлкетану, тарихи өлкетану, ғылыми өлкетану, жағырапиялық өлкетану, музыкалық өлкетану, археологиялық өлкетану, сәулеттік өлкетану т.б. болып жіктеліп кете береді. Мұның сыртында оның құрамдас бөліктері туризм, экскурсия, театр, кино, музей, архив, кітапхана, оқушылар мен жастар сарайы, мәдени-әдеби ошақтары, т.б. тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық, тағылымдық іс-шараларды ұйымдастыруға арналған орталықтар – өлкетанудың өте қажетті, өзекті де зәру мәселесін қозғаушы, жан бітіруші руханият ордасы. Аталған мекемелер – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, өзінің «кіші Отанын» шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуге қызмет етері анық.

Әдеби-аймақтық зерттеулер – білім алушылардың санасын қалыптастыруда ең бай рухани мүмкіндіктерге ие. Ең алдымен, бұл патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге, оқушылардың туған жерінің әдеби өмірін білуге деген қызығушылығын тудырады. Көркем әдебиет, өз кезегінде оны жасайтын адамдарды білуге көмектеседі. Өйткені, жазушы өмір сүрген аймақта шығармашылық өкілінің өмірбаянның белгілі бір аспектілерін түсінуге үлес қосатын көптеген құжаттар мен куәліктер сақталады, оның шығармашылық зертханасына терең үңілуге қолайлы жағдай туғызады.

Қазақтың көркем әдебиеті – қазақ ұлтының рухани мәдениетінің біртұтас жүйесі боп табылса, ал оның негізгі қабатын Өлке әдебиеті құрайтыны анық. Яки, әдеби өлкетануды зерттеу арқылы, Әдеби өлке әдебиетін қалпына келтіру нәтижесінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев атап өткен Рухани жаңғыру [1] дүниетанымын кеңейтуге жол ашылады.

Батыс Қазақстан өңірінің әдеби өмір тарихы сонау ықылым замандардан бастау алады. «Қыз Жібек» лиро-эпосы, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы, хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы Махамбет, Шернияз, Алмажан Азаматқызы – өлке әдебиетінің тұңғыш бастаулары саналады.

Әлемдік әдебиеттің даму тарихына, оның қазақ әдебиетімен байланысына назар аударсақ, өткен ғасырларда қазақ даласын аралаған жиһанкездер қазақтың тілі мен ауыз әдебиетіне ерекше мән беріп, қазақтың бай да шешен тіліне таңданыстарын жасыра алмаған. Қазақ даласына XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Еуропаның жиһанкез саяхатшылары мен этнограф ғалымдары келе бастайды. Зерттеушілер ұлтымыздың рухани байлығының көл-көсір қайнар көзіне тап болып, соны қызыға зерттеуге ден

қояды. Мәселен, түркі халықтарының ауыз әдебиетін жинаушы һәм зерттеуші В. Радлов: «Қазақтар мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді, ойын дәл, айқын ұғындырады, ауызекі сөйлесіп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласың», – дейді [2, 17 б.].

Түркі жұртына белгілі ғалымдар тұжырымынан өлең сөздің, жалпы поэтикалық ойлау жүйесінің ұлттың негізгі менталитеті екендігін аңғарамыз. Көшпенділер мәдениетін зерттеуші ғалымдар М.П. Мелиоранскийдің: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бір ауыздан қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тіл деп куәландырып отыр» [3, 86 б.] – деген шынайы көзқарасы, Л. Гржебичектің: «Сіздің тіл – синонимге өте бай ғой» [4, 18 б.] – деп келетін ақиқат пікірі қазақ халқының сөз өнерін, ауыз екі тілін, фольклорын жоғары бағалағандығының көрінісі деп қабылдаған жөн.

Қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Шоқан Уәлихановтың досы Г. Потанин халқымыздың сөз өнеріне бас иіп: «Қазақтардың арасында ақындық өнер өте жоғары сатыда дамыған, ақын деген сахараға сыймайды», – деп атап өткен. [5, 110 б.].

Әдеби өлкетануды зерттеу мәселелері посткеңестік елдердің әдебиеттану ғылымы мен әдебиетті оқыту әдістемесінде өткен ғасырдың 20-30 жылдары жүргізіле бастады. Мәселен, Д.О. Святскийдің «М.В. Ломоносов и краеведение» (1923-1924) [6], Н.П. Анциферовтың «Теория и практика литературных экскурсий» (1926) [7] бастау алған зерттеулер 40-50 жылдары Л.М. Белоусовтың «Элементы краеведения в преподавании литературы» (1949) [8], 60-70 жылдары Э.Г. Беккердің «Литературное краеведение как одно из средств раскрытия связи литературы с жизнью» (1962) [9], Е.А. Пасечниктің «Литературное краеведение в школе» (1965) [10], А. Кайевтің «Литературоведческое краеведение» (1967) [11], Я.С. Духанның «Роль литературного краеведения в работе над художественным текстом» (1972) [12], 80-90 жылдары әдеби өлкетануды кеңінен ғылыми зерттеу, жоо арналған оқу-әдістемелік құралдарды жазу мәселелері қолға алына бастады. Мысалы, М. Рахимкуловтың «Любовь моя – Башкирия. Литературно-краеведческие очерки» (1985) [13], Н.А. Милоновтың «Литературное краеведение: учебное пособие для студентов пединститутов» (1985) [14], О.М. Савиннің «Хрестоматия по литературному краеведению: учеб. пособие для пед. Вузов» (1997) [15], А.Г. Прокофьеваның «Краеведение как основной региональный компонент литературного образования: дис. д-ра пед. наук» (1997) [16], «Литературное краеведение Поволжья: межвуз. сб. науч. тр» (1997) [17] т.б.

Ал 2000 жылдарға дейінгі және одан бері жарияланған еңбектерде әдеби өлкетану мәселелері қанатын кеңге жайып, жалпы бұқаралық сипат ала бастағанын байқауға болады. Мәселен, К.В. Стародубтың «Литературное краеведение в школе: метод, рекомендации» (2003) [18], В.Д. Васильеваның «Краеведение на уроках русской литературы в 8-11 классах якутской школы» Электронды ресурс. (қаралған уақыты: 05.10.2018.) [19], З.И. Рабецкаяның

«Иркутское краеведение: учеб. пособие» (2004) [20], И.Г. Кульсаринаның «Литературное краеведение: учебное пособие» (2015) [21] т.б. ізденістерінде орта мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған құралдар санының арта түскені назар аудартады.

Әдеби өлкетанудың өңірлік арнасы. Ақжайық аймағының әдеби өмірі туралы айтқанда орыс-қазақ әдеби байланысын әңгімелеудің маңызы зор. Өйткені аймақ орталығы – Орал қаласының терең де бай тарихында әдебиет пен мәдениеттің біртұтас өшпес ізі жатыр. Орал өңірі тарихы талай тамаша беттерге толы. Жайық атырабы – орыс әдебиеті мен өнерінің аса көрнекті өкілдері – И.А. Крылов пен В.А. Жуковский, А.С. Пушкин мен В.И. Даль, А.Н. Плещеев пен Т.Г. Шевченко, Г.Р. Державин мен В.В. Иванов, Л.Н. Толстой мен В.Г. Короленко, М.Л. Михайлов пен С.В. Максимов және Н.С. Лесков, Г.Н. Потанин мен С.А. Есенин, Д.А. Фурманов пен А.А. Фадеев, К.А. Федин мен М.А. Шолохов, В.П. Правдухин мен И.Л. Селевинский, А.А. Бех пен Л.Н. Сейфуллина, В.В. Бианки мен А.П. Гайдар т.б. есімдерімен тығыз байланысты. Аталған ақын-жазушылардың көпшілігі әр дәуірде шығармашылық ізденіспен Орал қаласында болды, Жайық – олардың туындыларының талай беттері жазылған жер. Олардың Орал өңірімен байланысты тарихын тілші-әдебиетші, өлкетанушы ғалымдар Н.М. Малеча [22], Н.Г. Евстратов [23], А.А. Шмаков [24], Н.И. Фокин [25], Н.М. Щербанов [26], Ю.Л. Славянский [27] және т.б. зерттеп тіл мен әдебиеттің, жалпы сөз өнерінің, жергілікті мәдениеттің даму ахуалынан сыр шертер рухани еңбектерді дүниеге әкелді.

Әдеби өлкетануды рухани жаңғырту мәселелерін сөз еткенде туысқан түркі халықтарының мұраларымен байланыста өрбітіп, дамытудың мәні зор. Бірнеше ұлт пен ұлыстың мекені болған Орал өңірінің, Жайық жұртының жергілікті әдебиетінде татар халқының ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың (1886-1913) орны өзгеше саналады. 1895 жылы Орал қаласына келіп, Мутыгия медресесінде білім алған Ғ. Тоқайдың өлеңдері қазақ тілінде ең алғаш 1913 жылы «Айқап» журналының № 7 санында жарияланды. Содан бергі уақытта ақын мұрасы қазақ тілінде бірнеше мәрте жарық көрді. Ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты мақалалар, зерттеулер жазылды. Ғабдолла Тоқайға арнап қазақ ақындары Ж. Сыздықов «Тоқай – Қарабалықта», Т. Әлімқұлов «Ғабдолла Тоқай», Ғ. Жұмабаев «Тоқай терген әріптер» атты өлеңдер, І. Мәмбетов «Тұңғыш Тоқай» деген поэма жазды.

Ғ. Тоқайдың Жайық жұртындағы шығармашылық ғұмырбаянын тірілтіп, қалпына келтірген өлкетанушы ғалым, профессор Р.А. Абузяровтың «Уральск в судьбе Габдуллы Тукая», «Уральск – поэтическая Родина Габдуллы Тукая», «История евразийского центра Габдуллы Тукая» атты еңбектері [28] татар халқының ұлы ақынын ардақтаудың үлгісіне айналды.

Татар ұлтының өкілдері жергілікті қазақтармен етене араласып, тілдерін үйренді. Әдеби, мәдени байланыстарының өте әріден басталғанын аңғаруға болады. Сол себепті болса керек көрнекті татар жазушысы Ғ. Ибраһимов 1916 жылы «Аң» («Сана») журналының 5-санында

жарияланған «Тіліміз әртүрлі, ойымыз – біртұтас» деген мақаласында «Қазіргі қазақ халқының рухани өмірінде халықтың өзіндік сипаты, табиғи дербестігі, елдік ерекшелігі айқын байқалады», - деп жазса [29, 26 б.], татар ғалымы А. Сағди: «Қазірде ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталынып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті. Шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек», - деген болатын [30, 86 б.].

Орал қаласы мен өңірінің қазақтың атақты ақын-жазушыларымен де байланысты тарихы бар. Әдеби өлкетанудың классикалық негізін қалаған көрнекті қазақ қаламгерлері Сәкен Сейфуллин, Қасым Аманжолов, т.б. өмірінің кей кезеңдері Ақжайықпен тығыз байланысты. Олардың ел-жұртқа кеңінен танылған туындыларының бірқатары Орал қаласында жазылды. Орал өңірі – олардың шығармашылық бастауының негізі болды.

Әдеби өңір тарихын зерттеудің бастауында өлкетанушы, әдебиет зерттеушісі, фольклорист ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.М. Тілеужанов тұр. Ол ұзақ жылдар бойына Батыс Қазақстан аймағының (Орал, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда) ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырды. Республикада алғаш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинастырды. Ғалымның «Ел әдебиеті (1992) «Халық тағылымы» (1999) кітаптары ешқашан мәнін жоймайтын құнды дүниелер қатарына жатады.

Батыс Қазақстан аймағының тарихын оқырман қауымға жеткізуде, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, көрнекті тұлғалардың рухты бейнесін жасауда кешенді зерттеу жүргізген белгілі тарихшы, академик Т.З. Рысбековтың «Өскен өлке тарихы» (1997), Тарихи тұлғалар (2014) «Менің Қазақстаным» (2002), «Көзқарас» (2007), «Диалог с историей» (2014), Т.З. Рысбеков, Б.К. Бірімжаров, М.С. Сдықовтардың «Бөкей орда тарихы» (2001), тарихшы-ғалым, профессор И.Н. Кенжалиевтің «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (2000), «Қазталовка – байырғы атамекен» (1974), «Махамбет» (1974), «Махамбет толғаулары», «Исатай Тайманұлы» (1975), «Бөкей Орда» (2000-2001 ж.ж.), «Ғұмар Қараш», «Мәншүк батыр», «Ақылгөй-шешен бабаларымыз», тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Қ. Бірімжаровтың «Батыс Қазақстан тарихының» (2002), «Бөкей Ордасы» (2016), тарих ғылымдарының докторы, профессор, археолог ғалым М.Н. Сдықовтың «Батыс Қазақстан скиф қазыналары» (2003) бірнеше кітаптан тұратын «Батыс Қазақстан облысы: тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері», майдангер, тарихшы-ғалым П.Р. Букаткиннің «Западно-Казахстанская область - ближний тыл сталинградского фронта» (1993), «От Уральска до Эльби и Праги» (1994), «Западноказахстанцы в годы суровых испытаний» (2005), сынды тағылымды еңбектері дүниеге келді.

Әдебиет зерттеушісі, профессор С.Ғ. Шарабасовтың «Көкжиек» (2016), «Ойтолғақ» (2016) кітаптарында бірқатар өлке ақын-жазушыларының шығармаларына барлау жүргізіледі. Сонымен бірге жидашы Айсұлу

Бейсенғалиеваның ел аузынан жинап құрастырған «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (1988), майдангер-журналист, қоғам қайраткері Б. Жұмағалиевтың «10 лет с М. Шолоховым», «Шолохов Қазақстанда», өлкетанушы, ақын, прозаик-жазушы, журналист, ел тарихын зерттеуші, фольклор жинаушы, соңына жүзден астам кітап жазып қалдырған өшпес тұлға, М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дің Құрметті профессоры Қ. Хасановтың «Дала бұлбұлы» (1991), «Айтыс – аталық дәстүр» (1991), «Ақбақай әуендері» (1991), «Қаратөбе – құт мекен» (2002) жыр жинақтары, өлкетанушы-тарихшы М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дің Құрметті профессоры Ж. Ақбайдың «Сырым тағдыры – ел тағдыры» (1992 ж), «Сырым батыр Датұлы» (1992), «Ерен ер – Сырым» (2002), «Жұбан» (2010), Қазақстанның құрметті журналисі, қара өлең жинаушы Т. Әліпқалиевтің құрастыруындағы «Батыс өңірінің халық әдебиеті» атты екі томдық, баспасөз ардагері, Қазақстанның құрметті журналисі Б. Қуатовтың: «Уақыт іздері» (2008), Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер ұстаз С. Пұсырманов құрастырған «Намыс найзағайы» (2012) кітабында Жұбан Молдағалиев рухына арналған өлең-жырлар мен естелік мақалалар топтастырылса, С. Сүлейменов пен Д. Сүлейменова құрастырған «Аққу махаббат» /Хамза Есенжанов/ (2013), «Биікке самғайтын құс» /Тайыр Жароков/ (2013) кітаптар мен т.б. өлкетанушылар еңбектері – Орал өңірі әдебиетінің өткен тарихы мен бүгінгі дамуынан сыр шертеді.

Зерттеудің мақсат-міндеттері. Жоғары білім беру жүйесінде және жалпы орта білім беретін мектепте әдеби өлкетану материалдарын оқытудың тиімділігі мынада: білім алушылар жалпы қазақ әдебиетінің құрамдас бір бөлігі ретінде белгілі бір аймақтың, өлкенің әдеби материалдар мазмұнын игеру нәтижесінде рухани, мәдени өмір деректерімен танысады. Таңдау курстарын жүргізу нәтижесінде сапалы білім беру мазмұнын байыту, жан-жақты дамыған, өз елін, халқын ерекше сүйетін рухы жоғары тұлға қалыптастыруды мақсат ету – әдеби білім беру жүйесінің негізгі мұрат-міндеттерінің бірі саналады.

Зерттеудің жаңалығы. Әдеби өлкетануды зерттеу арқылы Орал өңірі ақын-жазушыларының әдеби-шығармашылық мұрасын айқындауға қол жеткізу. Басты жаңалық – өңірдің ақын-жазушыларының ХХ ғасырда және ХХІ ғасырдың басында жарияланған шығармаларын (поэзия, проза, драматургия, т.б.) зерттеп, әдеби-ғылыми тұрғыдан бір жүйеге түсіріп, ғылыми айналымға енгізу. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін «Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. ХХ-ХХІ ғасырдың басы)» аталатын кезең-кезеңге бөлінген бірнеше кітаптан тұратын хронологиялық жүйемен ғылыми монографияға айналдыру. Жоо-да және жалпы білім беретін орта мектепте «Әдеби өлкетану» аталатын элективті курс, факультативтік сабақ енгізіледі, оның бағдарламасы жасақталады, оқулығы жазылып, хрестоматиясы құрастырылады, оқу-әдістемелік кешені дайындалады.

Зерттеуді әзірлеудің алғышарттары. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына назар аударамыз. Елбасы қазіргі таңда ұлттық сананы жаңғырту мәселелеріне назар аудара келе: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [1] деп атап көрсеткен болатын. Әдеби өлкетануды меңгеру – рухани жаңғырудың негізгі талаптарына сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысының 2018 жылға арналған міндеттері:

- Батыс өңірінің ірі әдебиет өкілдері, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасы бар, ғылыми-ағартушылық, философиялық поэзияның көрнекті өкілі Ш. Бөкеев (1847-1920), ұлт-азатшыл бағыттағы көрнекті шайыр Ғ. Қараш (1875-1921), қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Х. Өтеғалиева (1889-1984), Ұлы Отан соғысында жалынды жырымен ұлттық рухты оятқан, майдан даласында қаза тапқан А. Жұмағалиев (1915-1942) өмірі мен шығармашылығын зерделеу;

- Соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде танылған прозашы-романшылар, ақындар: Қ. Жұмалиев (1907-1968), Т. Жароков (1908-1965), Х. Есенжанов (1908-1975), Ж. Тілеков (1911-1980) – шығармаларын жаңаша көзқараста талдау;

- 1960-1980 жылдардың қазақ әдебиетіне тың жаңалық әкелген ақын-жазушылар: С. Сейітов (1917-2007), Ж. Молдағалиев (1920-1989), Б. Аманшин (1924-1985), Б. Ырзабаев (1932-1995) – шығармашылық шеберханасына терең талдау жүргізу.

Зерттеу жұмысының құрылымы.

Еңбек кіріспеден, он екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ (1847-1920)

1.1 Ақын мұрасының зерттелуі

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, заманымыздың рухты ақыны Жәңгір ханның немересі Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев 1847 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Орда ауданында, Жасқұс құмында – бұрынғы хан ордасында (ақын өлеңінде айтылатын «Алпыс бөлме, жүз есік» көк орданың ішінде) дүниеге келген. Әкесінен бес жасында айырылған Шәңгерей ағайын-туыстарының қамқорлығы арқасында жетімдік көрмей өскен. Тумысынан талапты жас айналасындағы өмірді өз көзімен көріп, көңіліне тоқи білген. Ордадағы «Ай белгілі ақ мешіт» – жас Шәңгерейдің тәлім алған, алғашқы сауат ашқан жері. Ол әуелі Астрахань реальное училищесінде, одан кейін Орынбор кадет корпусында оқыған. Орыс тілін үйреніп, орыс әдебиеті, мәдениетімен танысады. Жан-жақты ізденістің арқасында дүниетанымы кеңейіп, білімі толысқан Ш.С. Бөкеев Сартау, Самар, Орал, Қазан, Уфа шаһарларында жергілікті ұлықтар қатарында қызмет те атқарған. Ол Самарда Мировой судья (бітім, келісім-кеңесші билігін жүргізуші) қызметінде болған.

Ш. Бөкеев сырт жерде біраз жыл қызмет атқарған соң, өз еліне келеді. Одан әрі кеңсе жұмысынан бас тартып, патша тарапынан дворян атағын алып, Самар губерниясындағы дворяндар тізіміне тіркеледі де, еңбекпен, өнермен шұғылданады. Орданың Жәнібек жағындағы Көлборсы деген жерді өз меншігі етіп, сол кездегі орыс помещиктері сияқты еуропалық үлгіде тұрақ жай тұрғызады. Онда ағаштан, тастан сәулетті үйлер, мектеп, медресе, мешіт салғызып, туыстарының, ауыл-елдің балаларын оқытады. Шәңгерей ашқан мектепте білікті мұғалімдер жұмыс істейді. Сондың бірі - білімді әрі талапты мұғалім атанған көрнекті ұлт ақыны Ғұмар Қараш (1874-1921) болған.

Шәңгерей бір уақыт тұрған жерінде бау-бақша өсіріп, алма ағашын ектіріп, егін салдырып, асыл тұқымды мал өсірумен айналысады.

1917 жылғы төңкерістер заманында Шәңгерей өзінің бар байлығы мен қоныс-мекенін тастап, аталас-туыстас төре тұқымдары мекендеген Қаратөбеге қарасты Ақбақай деген жерге көшіп келеді де, 1920 жылы сүзек ауруынан қайтыс болады.

XX ғ. бас кезінде ақындығымен танылған Ш. Бөкеев шығармалары аса көп емес. Барлығы бас-аяғын қосқанда 20-25 шамасындағы туындысы бүгінге жеткен. Шәңгерейдің туындылары алғаш рет Ғұмар Қараш құрастырған «Шайыр» (1911), «Көксілдер» (1912) жинақтарында [31, 199 б.], Ахмет Байтұрсынов жиыстырған «23 жоқтау» (1926) кітабында [32] жарық көрген. «Шайырда» ақынның өлеңдері «Сұлтан Шаһингерей Сеидгерей ұғлы Бөкеевтің жырлары» деген атпен жарияланса, «Көксілдерде» ақынның М.Ю. Лермонтовтан аударған «Қашқын» поэмасы мен «Фунограф» (кейінгі атауы «Эдисон») өлеңі басылып, Шәңгерейдің фотосуреті жарияланған. Ахаң құрастырған төрт ғасырдың тарихи оқиғасын қамтитын «23 жоқтау» Шәңгерейдің «Құйрық атып құлия (Сыршы)» атты өлеңімен ашылған. Кеңес

дәуірінде «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1989) деген жинақтарға өлеңдері енген. Тәуелсіздік тұсында шыққан «Он ғасыр жырлайды» (2006) кітабына да ақынның туындылары кірді.

Шәңгерейдің өлеңдер жинағын бірінші рет 1933 жылы дербес кітап қылып шығарған адам – Нұржан Манаев [33]. Н. Манаев жинаққа алғысөз жазып, ақынның ғұмырбаян дерегін түзіп, өлеңдерге түсінік берген. Қазақ әдебиеттану ғылымында Ш. Бөкеев шығармашылығын зерттеу жұмысы да Н. Манаевтан бастау алады. Сонымен бірге 1935 жылы басылып шыққан Елжас Бекеновтің «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» (1935) [34], Е. Ысмайыловтың «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1941) [35] аталған еңбектерінде Шәңгерей шығармаларына заман ағымына қарай талдау жүргізіледі.

Ал орыс тілінде Москвада 1940 жылы шыққан «Песни степей. Антология казахской литературы» [36] деген жинақта Ш. Бөкеев шығармашылығы алғаш рет сөз болады.

Кейіннен ақын шығармаларына назар аударған М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959) [37], Қ. Жұмалиевтің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1967) [38], З. Ахметовтың «Шәңгерей Бөкеевтің лирикасы» (1959) [39], Ы. Дүйсенбаевтың «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы» (1962) [40], Б. Ақмұқанованың «XX ғасырдағы қазақ ақындары» (1989) [41], М. Мағауиннің «Ғасырлар бедері» (1991) [42], Х. Сүйіншәлиевтің «XIX ғасыр әдебиеті» (1992) [43] әдебиеттанушы ғалымдар еңбектерінде Шәңгерей ақындығына, өмірі мен шығармашылығына барлау жүргізіледі.

Шәңгерейдің ғұмырнамалық баянын зерделеуге еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қол жеткізіле бастады. Ш. Бөкеевтің жасампаздық тұлғасын толыққанды зерттеген әдебиеттанушы-ғалым Мақсат Тәжімұратов. Оның «Шәңгерей. Жасампаздық өмірі» (1998) [44] зерттеуі әдеби және тарихи деректілігімен ерекшеленеді.

Шәңгерей Бөкеевті баспа бетінде қазаққа алғаш танытқан, әрине, Ғұмар Қараш болуы керек. Оның «Жиһангер ханның немересі Сұлтан Шаһингерей Сейдігерей ұғлына» аталатын баллада жанрындағы арнау өлеңі Ш. Бөкеевтің шығу тегін, әулетін, адами, имани тұлғасын көркем әдебиетте танытқан тұңғыш туынды. Тіпті Шәңгерейтанудың алғашқы қадамы да осы мадақ жырынан бастау алады десек те дұрыс болар. Ғ. Қараш Шәңгерейдің бүкіл бітім-болмысын, даралық жаратылысын осы арнау жырына сыйғызып жіберген. «Сұлтандардың ішінде / Алғыр қыран сұңқарым, / Ойласа ойшыл көсемім, / Сөйлесе тілді шешенім» - деп толғай келе «Алғыр жүйрік сұлтаным, / Ақылың жетіп алысқа / Ілгеріні болжадың» деп бір түйіндейді.

Ақынның шығу тегін таратуға келгенде автор «Түпкі бабаң белгілі / Баһадүр Шыңғыс хан екен, / Арғы атаң атақты / Әбілқайыр, Нұралы / Кіші жүздің елінде / Жарық бір жанған шам екен, / Бабаң Бөкей бас болып / Көлденең жатқан Жайықтан / Көктей өтіп, ел бастап / Қоныс алған хан екен / Бергі атаң хан Жәңгір / Еділ, Жайық арасын / Мекен етіп, шәр салып / Шар

тарапқа жар салып, / Қарағаш пен қалмақтан / Сызық салып жер алып, / Қайраты асқан дана екен» деп тарихи оқиғалардан да хабардар етеді.

Шәңгерейдің еларалық мәселелерді шешудегі, дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеудегі шеберлігін ақын:

Самарқанд, Бұқар ашпаған,

Орынбор, Қазан шешпеген

Талай мүшкіл түйінді,

Бір ауыз сөзбен шешкенсің [45, 100 б.]

- деп суреттейді.

Ғұмар туындысында Шәңгерейдің жоғарыда аталып өткеннен басқа да не адами бір қырлары, имани іс-әрекеттері, көпке жасаған жақсылық істері де сөз болады.

Қазақтың соңғы ханы Жәңгірдің немересі Бөкеев Шәңгерей Сейіткерейұлы өз заманына сай білім алған, өнер игерген, өз дәуірінің көзі қарақты, аса сауатты адамдарының бірі болған. Орынбор кадет корпусында, Астрахан гимназиясында оқыған деген деректер бар.

Шәңгерей заман ағымын, дәуір бет алысын, өмір ахуалын терең түсінген адам болды. Ақынның орыс қоғамымен терең араласып, байланыс жасауы өз замандастарына қарағанда ел ішіндегі саяси-әлеуметтік жағдайды оңтайлы ұғынуының алғышарты болды. Ғылым, өнер, мәдениет, әдебиет саласынан мол хабардар Ш. Бөкеев туындыларының тақырып аясы, идеялық бағыты әр қилылығымен көңіл аударарды.

1.2 Лирикасы, тақырыбы мен идеясы

Шәңгерейдің ақындығы туралы сөз бастағанда оның алдымен лирик ақын екендігін айту ләзім. Ақын жырларының табиғаты оны лирик ақын есебінде танытады. Ақын шығармашылығында көлемді эпикалық туындылар ұшыраспайды, алайда қысқа да тұжырымды, оқырманына ой салар шағын шығармалар мол. Ал ұзақтау, бір сарындылау көрінетін өлеңдері лирика тегінің аясына молынан сыйып, тақырыптық-идеялық сарынына қарай өріс алып, дамып отырады.

Шәңгерей туындыларының негізгі арқауы өзі өмір сүріп отырған дәуірдің тынысымен байланысты боп келеді. Қай тақырыпты жырласа да шыншылдық, реалистік сипат басым. Әсіресе, философиялық бағытқа мойын бұратыны аңғарылады. Өмір туралы толғаныстарында көңіл күйлік сарынмен қоса философиялық көзқарастарын да байқатып отырады. Мәселен, «Өмірдің өтуі», «Жалғаншы, жарық дүние», «Таудағы тас ұядан», «Ол күндерді тапсырдым», «Бұл дүние панилығын етеді екен» аталатын өлең-жырларында бұл өмірдің өткінші жалған, опасыз дүние екенін баян етіп, толғанады. Философиялық сарынға құрылған бұл туындыларында ақын өмір құбылыстарын өзінің жеке пәлсапалық көзқарасына сай баяндайды. Оқырмандарына бұл өмір тіршіліктерінде болатұғын құбылыстың мәні мен мағынасын ұғындырып, нұрлы насихат сөзін айтады. Мысалы:

Құдыққа құлан құлаған,
Құлағанды құрбақа
Қауып-қатерсіз ойнаған.
Ойлағанға бұл заман:
Қырда құлан жүрсе аман
Лаң, түрлі қазадан
Бақа жаны баз кешер
Құлағына құланның
Ойнаймын деп бойлаудан [46, 179 б.]
(«Өмірдің өтуі»)

- деп термелейді. Ақынның өңкей бір мысалдап, астарлап сөйлеуінің де мәні бар. Өйткені Шәңгерей Бөкеев - хан тұқымының ақ сүйектік қасиетін жоймай, ананың сүтімен, атаның қанымен тараған бегдарлық дәрежеде өмір сүрген әулеттің өкілі. Өмірдің өтуін ақын өз көзімен көріп, куә болған оқиғалардан алып, баян еткен секілді көрінеді. Символдық, аллегориялық тәсілмен жазылған өлең өрімінде астарлы сөйлеудің, пернелеп айтудың үлгісі жатыр. «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнар» деген мәтелдің өлең-жырда кеңінен тарқатылу үлгісі бұл. Әр түрлі лаң, қазадан құлан аман жүрсе, бақаның жаны баз кешер болса, ал тағы бір қауіп жолбарыстан болмақ. Сусаған құлан қақ іздеп, шөліккеп суатқа бет түзегенде:

Жолбарысқа жол тосқан
Қазалы құлан тап болар,
Бой жасырып ол жыртқыш,
Шыға бір шапса сайлаудан

Астарлы ұғыммен ақырындап, сатылап, шолу жасай келе дүниенің кезек екенін, күштілердің де күштісі болатынын пернелей жеткізеді. «Іздегені тап болып, / Олжасына қарқ болып, / Маң-маң басып ол қайтар, / Буынына түсіп жылы қан / Қайратына мас болған, / Қайдан білсін ол айуан?!» - алдында не күтіп тұрғанын. Басында бөкен терісінен киген бөркі бар, сексеуілден тіккен күркесі бар, бауырына төсеген тулағы бар, қаңбаққа жасырынған жүзі бар, білтелі қара мылтығы қолында, шақпақтап оған от беріп:

Жолында жатыр бір адам,
Қазаң жеткен жолбарысым!
Құмалақтай қорғасын
Аға шығар шаң беріп

Шәңгерей өмірдің бітім-болмысын аллегориялық топшылаулар арқылы сипаттай келе, оның соңғы нүктесін қояды. Өлеңде стихиялы жоспар бар. Ол: құлан → бақа → жолбарыс → аңшы → қатын-бала зары; теңеуі ≈ өмірдің өтуі. Ақын философиясы күрделі, мәңгілік ештеңе жоқ. Жасырынып жатып жолбарысты атып алған мергенге тосқауыл қоятын – ғазірайыл.

Дүние опа кімге еткен?!
Тереңді тонап олжа еткен,
Ғазірейіл жағын кезенсе,

Мергенім тірі қала ма,
Қатын-бала жылаудан?

Өмірдің өтуін ақын символдық мәнде қақпаққылдай (құлан+бақа+құлан+жолбарыс+мерген+ғазірайыл) ұғындырған. Өлең түйіні оқырманын ойландыруға жетелейді. Әр нәрсенің шегі бар, адам да, табиғат та бір-біріне тәуелді, ешкім ешкімді жеңбек емес дегенді мегзейді туынды мазмұны.

Пәни бар жерде бақидын болатындығын ескертетін, жоғарыда талданған тақырыпты арқау еткен туындының бірі «Жалғаншы, жарық дүние!» деп басталатын шағын жыр. Мұнда Ш. Бөкеев өмір туралы толғаныс-насихатын кеңірек тарата әңгімелейді. Мысалы:

Жалғаншы, жарық дүние!
Бізден де бір күн қаларсың.
Піл сауырлы қара жер
Қойныңды ашып, қол жайып
Құшағыңа аларсың! [46, 180 б.]

(«Жалғаншы, жарық дүние!»)

- деп толғайды. Автор пайымынша бұл өмірдегі тұрмысыңа ризашылық керек. Мәңгілік ғұмыр жоқ екендігіне оқырманын иландыруға асыққан ақының айтары кім-кімге де ой салғандай.

Ойқай, сонда күн қараң,
Басыңа ақ тас қойылса
Сөзбен түрлі безенген.
Үстіңе топырақ үйілсе
Шөккен нарға меңзеген

Ақын жалған дүниенің өткіншілігін барын сала тәптіштеп түсіндіреді. Нақты сипаттама береді, ілікті сөздермен ой сабақтап, дәлелдеме жасайды. Өлең мазмұнында жалаң пікір жоқ, салмақты ой басым. Өмірдің қандайлық сапалық қасиетті иеленетінін ақын өз түсінік-пайымының өлшемінде алып, қарастырады. Содан да болса керек: «Тіл кесіліп, үн бітер, / Сайраған мұны жыраудан, / Таңдаған айтар: «Не пайда / Мұндай сөзді жырлаудан?» - дейді. Сол себепті болса керек: «Дүние қуған көңілім, / Нәпсіменен қарайған» - деп бұл дүниеде нәпсінің құлы болмай, азат ойлы ғұмыр кешуді насихаттайды.

Жалпы Шәңгерей танымында өмірдің құнын адамзат баласы кеудесінде жаны бар, алдында малы бар уақытында бағалай білгені абзал. Өйткені «Хақ, диуанға асықтай, / Мұрат тапқан құдайдан» пенденің соңғы барар жері белгілі болса керек. Сонда ғана көңілдің сап болатынын, жалғыз жатып күңіреніп, қазаны ойлап толғанғанмен бәрі кеш болуы мүмкін. Ақын толғанысы өмірдің бағасын білу керек, құнын түсіну керек сынды нұрлы, имани тірлікті уағыздайды.

Көңіл күй рәуіші ақында бірде мұнды, бірде нұрлы боп адам мінезінің табиғатына сай өзгеріп отырады. Қазақтың «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейтін тұсы да осы сәт. Көңіл күй лирикасы өлең сөздің ең бір өткір, өтімді, ақынның жан сырын жайып салар саласы. Шәңгерей ақынның шығармашылығында көңіл күй лирикасы үлкен басымдылыққа ие. Мәселен,

Таудағы тас ұядан,
Лашындай сарыққан қиядан,
Шалқып сөзім шығады,
Ойласам, пікір-қиялдан.
Аспалап қиял кетеді,
Шыққан оқтай жаядан [46, 180 б.]

(«Таудағы тас ұядан»)

Ақынның шалқар шабытында шек жоқ, көңіл күйдің ырғағына елтіген лирикалық кейіпкердің үнінде қиял құсының биікке самғағанындай сезім сыры ағытылған. Өлең тінінде автордың өз-өзіне рухани дем, күш бергендей сипатты екпінді сарын бар. Туынды бастауы бірден рухты және сенімді ырғақпен басталады да бірте-бірте әуелеп самғай жөнеледі.

Жасындай барып жалт етіп,
Көк қақпасын ашады.
Жарығына алданып,
Дидарға қадам басады.

Көңіл күйдің ерекше ләззатқа кенеліп, ширыққан түрі туындының табиғатына ерекше әсер еткен сыңайлы. Өйткені «Мойынға алсам, бұл қиял / Аулақ емес кінәдан / «Кімсің?» деп біреу сұраса, / Өзім болып «Менмін» деп / «Жауап берер қай адам?!» - түрінде келіп өзара лирикалық кейіпкермен диалогтік қатынасқа түседі. Бір туындының ішінде лирикалық персонаждың бірнеше түрі кездесетінін, олардың өзара сұбхаттасуы, аралас-құраласуы лирикалық бейненің іс-әрекетінен көрініс табатынын ескерсек, «Менмін» деген - сол менмін, / Жалпылама, Алаш, әр заман» - деуі әдеби үдеріс аясынан алыс емес, лирика табиғатына толығымен сай келеді. Одан әрі індете назар аударсақ, жоғарыдағы «Меннің» қиямет, мақшар таңы туғанда қайтадан «Мен» болып оралатынын тұспал ету - ақынның шарифат заңынан хабардар екенін, діни сауаты мол болғанын айғақтайды. Шайыр тұжырымынша:

«Бұл сөзің қалай?» десеңіз,
Әуелінде бар болып,
Ақырында жоқ болмақ -
Шарифатқа қилап заң

- дей келе «мизан», «сират» дегеннің құрулы болатындығын меңзейді: «Өзіңе аян, бір Алла, / Ілгері басар әр қадам». Көңілді леппен, көтеріңкі әуенмен басталған жыр мазмұны ақынның тұспалды ойымен қорытындыланып, оқырманын ойландырып тастайды. Өлең тұжырымында оңды түсінген жанға бағыт сілтер философиялық мән-мағына жатыр.

Шәңгерейдің туындылары көңіл күйдің әр алуан реңктерін молынан қамтиды. Ақын туындыларының негізгі ошағы көңіл күйден бастау алады. Одан әрі тақырыбына қарай бұтарланып, сан саланы қамти өрілетін өзіндік ерекшелік қасиетке де ие. Ондай туындыларының өріміндегі негізгі бағыт - өсиет пен өнеге, насихат пен ақыл сөзге құрылған. Сондай үлгілі нақыл-жырдың бірі «Ол күндерді тапсырдым» деп басталатын ұзақ толғауы. Бұл

өлең-жырды Шәңгерейдің кішігірім автобиографиясы десек те болғандай. Өмірінің ғұмырнамалық белестерінен сыр ақтарған ақын туған жері туралы, ондағы есіл ерлер жайында, сол дәуірдің адамы мен заманы хақында, тіпті ата-анасы жөнінде де белгілі бір дәрежеде баяндап өтеді. Өлеңнің Шәңгерейдің пайғамбар жасына жақындаған тұсында жазылғандығына куә боламыз. Өлең:

Ол күндерді тапсырдым
Жасаған өзің бір Алла!
Пайғамбар жасы жақындап,
Келе жатыр осы ара [46, 181 б.]
(«Ол күндерді тапсырдым»)

- деп басталады. Ақынның баяндауында алалы сақа атысқан жалаң-аяқ құм басқан, тал шыбыққа таласқан бала күнінің қызықтары еске алынады. Кіндік қаны тамған Нарынға құрметімен бірге назы да айтылмай қалмайды:

Бала болған сол жерлерім,
Анау тұрған адыра,
Адыра бір қалған Нарында
«Адыра» дедім Нарынды

- деп сағынышы аралас өкінішпен де жырлайды. Олай деуінің себебін ақын өзінше түсіндіреді. Себебі: «Құсы ұшып көгінен, / Құты кетіп жерінен, / Саба құрсақ билерден, / Еңіреген ерлерден / Айырылып адыра қалғанға» налиды ақын. Шәңгерейтанушы М. Тәжімұрат ақынның мұндай қайғылы күйде болуын оның бауырларының қазасымен байланыстырады.

Айта кеткен жөн болар бұндай сарын, хандық дәуір әдебиетінен бермен Махамбетке ұласқан дәстүрлі арнаның ХХ ғасыр басындағы белгісі, нышаны десек те болғандай. Қоғамдық формацияның ауысып, жаңа өмірге бет алған өліара шақ кезіндегі болуға тиісті құбылыс деп бағалаған жөн.

Келесі кезекте ақын құм Нарындағы балалық шағынан таныс суреттерді көз алдынан тізбектетеді. Нарынның қызыл құмында ғана кездесетін, сирек ұшырасатын түз жәндігі - қосаяқты суреттеуге келгенде ақын фольклорлық үлгіні пайдаланады. «Қыз Жібек» жырындағы қырық қыздың бейнесін сипаттағандай кейіпте үдете жырлаудың формасын ақын дала тағысына арнауда да шебер меңгерген. Оқылық:

Бура санды, ақ таңды,
Түсі алтындай ақ сары.
Ауызға біткен қос тістің
Меруерттей ажары.

Дала хайуанының түр-түрпатын ақын ерінбей, жалықпай әр қырынан алып суреттейді. Жай ғана баяндап қоймайды, салыстыру тәсілін қолданып, түз тағысының қимыл-әрекетін оның тіршілік ету дағдысынан мәліметтер келтіре безбендейді.

Топыраққа басса табаны.
Шайықтардың ершатқа
Басатұғын мөріндей

Сопақша сұлу із салған.

Қосаяқтың басы мен құлағынан бастап құйрығына дейінгі дене мүшелерін ажарлау құралдарының (троп пен фигура) түрлерін қолдана суреттегенде («Қаусырмалап қақтаған, / Шытақтай жұқа құлағы») көз алдымызға ұлы Абайдың «Аттың сыны», Сәкеннің «Ақсақ киік» өлеңдеріндегі сипаттаулары келеді. Шәңгерейдің сипаттамасындағы қосаяқ бейне бір даланың сұлу, ерке жәндігі қалпында алынған.

Мойыл көзді, тоқ жүзді,
Мақтау сөзбен айтпастай,
Айтудан артық жаралған.
Көзіңдей сенің көз бітсе

Мадақтама, тамсану бейне бір сұлу бойжеткенге арналып айтылғандай. «Құйрықты туған жұлдыздай, / Шығарып жерден жас топырақ, / Зерден өрген шашбаудай, / Құйрығы ұзын, ұшы ақ, / Сансыз буып тастаған / Масақы келген ақ шашақ». Ақын теңеулер мен эпитеттерінің молдығынан көз сүрінеді.

Сонымен бірге ол жәндік еңбекқор да. «Қияқтан барып ін алған, / Екі аяқпен серіпкенде, / Желі бойы жер алған» немесе «Қияқты төмпе түбінен, / Таң алдында ін қазған» т.б. мақтау-марапатын ақынның дала хайуанынан аямағаны аңғарылады. Бүгінгі тілмен айтқанда жарнамалық сипат түйінінде автор:

Айтулы сонау Нарында,
Нарынның қызыл құмында,
Бар еді сондай жануар,
Аты оның — қосаяқ,

- деп барып доғарады.

Шағын жарнамалық баяндағы туындының одан әрі даму сатысын ақын:
Сол қосаяқты қуалап,
Тал шыбықты шудалап,
Қарындай үрген домалап,
Бәйшешек бетті бала едім,

- деп жалғастырады. Сол күндерін, сол бір балдай тәтті балалық шағын арман еткен автор: «Сол күнімді ойласам, / Көз алдымда тұрады / Кешегі өткен күндей-ақ» деп торығады.

Өлең-жырдың келесі ауысымында Шәңгерейдің туған ата-анасына деген құрметі, кіршіксіз пәк пейілі жырланады. Аталған ұзақ толғаудың осы соңғы қайырымында бірде Шәңгерейде, бірде Байтоқ ақында кездесетін алпыс бөлме, жүз есіктен тұратын хан ордасы туралы да мәлімет келтіріледі. Сол көк орданы мекендеген хан тұқымының отбасылық дерегі де жырға өзек болған. Мысалы:

Сол айтылған Нарында,
Нарынның қызыл құмында
Ай белгілі ақ мешіт,

Алпыс бөлме, жүз есік
Салынған екен көк орда.

Талай зерттеушілердің назарын аударған Бөкей Ордасындағы көк орда бұл. «Сол көк орданың ішінде / Ләззәт тауып бір-бірімен / Зауықтасқан ата – ана / Ата-ананың зауқынан / Қой жылы тамыз ішінде / Шығып ана қарнына, / Мүлкі болдым паң дүние» - дейді ақын. Өлеңнің қорытынды түйінінде өткінші өмірдің (паң дүние) қонағы боп келгендігін жиһанға тіл қату тәсілінде екеуара диалог формасында береді.

Жолаушыдай шөл қаққан
Сөйлес еттім жиһанға.
Жиһан айтты: «Қош келдің!
Өлшеулі дәм біткенше,
Рызык бізден мейманға» [35, 183 б.]
(«Ол күндерді тапсырдым»)

Адамның бұл өмірге қонақ екенін, өткінші ғана ғұмыр берілетінін, дәм-тұз таусылғанша ризық берілетінін ишаралау бар шығарма түйінінде. Шәңгерейдің бұл туындысында ақынның фәнилік өмірге көзқарасы бүкпесіз шынайы көзқарас тұрғысынан берілген. Сыршылдық пен сыншылдық өрімдері егіз өрілген. Жеке бас қарекетімен қоса дүниелік заманауи мәселелер де ақын назарынан тыс қалмаған. Өткенді аңсау, өткенге тәу ету сияқты мезіреттер де бұлыңғырлау болса да туынды тінінде елес беріп өтеді. Ақын көлінен құсы ұшқан Нарынды, адыра қалған Нарынды құты кеткен жерге телиді. Саба құрсақ билердің, еңіреген ерлердің елесін іздеп, торығу, сары уайымға салыну сияқты жағдаяттарды бастан кешіреді. Шәңгерейдің «Ол күндерді тапсырдым» өлеңі ақынның суреткерлік келбетін толығынан танытатын шығармаларының бірі деп айтуға болады.

Ш. Бөкеевтің көңіл-күй реуішін танытатын өлеңінің басталар атауы Шәңгерей «Бір күнде, жас көңілім, судай тастың». Туындының атауынан аңғарылғандай көңіл-күйдің тасу, масаттану ауанын білдіретін жырда лирикалық бейне өзімен-өзі сырласқандай күй кешеді. Қиялдың тізгінін бос жіберген бейненің судай тасқан көңіліне қаратыла айтылған оқшау сөзінде ақындық «меннің» жан сыры да қоса қамтылған.

Бір күнде, жас көңілім, судай тастың,
Тасқындап кемеріңнен шалқып астың,
Төрт бұрышын дүниенің көрмей болжап,
Қиялмен көк қақпасын барып аштың,
(«Бір күнде жас көңілім, судай тастың»)

- деп ақын асып-тасқан көңілдің қалықтай, шарықтай келе жанды-жансыз кедергілерге ұшырап, бірақ та оны да еңсеріп, билеп-төстеп, тіл табысып, төс қағыстырғанына куә боламыз:

Сидырып асқар тауды уысыңа,
Жүзіне алмас қылыш табан бастың.
Күркіреп қара бұлт жасын атса,
Отына жетіп барып құшақтастың.

Көңілдің кемерінен асып, тасып төгілуінің соңы жақсылыққа апармайтынын, әр істің де өлшемі, шегі болатынын ақын ескертіп өтеді. Тұмсығы тасқа тимей қайтпайтын көңілдің жүн-жабағыға шырматылып барып, тауы шағылып, қара жерге тағзым етер халге душар боларын ақын кейіптеу тілінде суреттеп жеткізеді.

Мұхитта нән балықтай кезген көңілім,
Тұмсығың тимей тасқа неге алжастың?
Шұлғанып жүн-жабағы, қыл-қыбырғы,
Бұрынғы өз жолыңнан неге адастың?
Ай, көңілім, сен өтпей-ақ қорлық табар,
Қара жер қойнын ашса, ғазиз басым!

- деп тұжыруында ақынның философиялық ой-топшылаулары, бұл дүниеге көзқарасы көңіл күйлік сезімінің шеңберінде бейнеленеді. Ақын дерексіз затқа (көңіл) сыр ақтарып, сұхбат беріп отырғандай оқылатын өлеңнің жазылу мәнерінен шынайы лириканың белгісі мен белесін көргендей боламыз.

Ш. Бөкеев стиліне тән ерекшелік белгілері оның шығармашылығында айқын байқалып отырады. Әсіресе көңіл күймен, қиял-сезіммен дүние есігін ашқан өлең жырларының тек-тамырына үңілген сайын ақынның өлең өнеріне үлкен дайындықпен келгенін абайлаймыз. Туындыларының мазмұнында автордың білік-дәрежесі, алған білімі мен көрген тәрбиесінің жинақталар тәжіребесінің үлгі-өнегесі жатыр. Лирика тегінің табиғатына, талап-заңдылығына Шәңгерей туындылары толығымен сыйып кетеді.

Ақын көбінесе көңіл, қиял деген сөздерді жиі қолданады. Өлеңдерінің негізгі сарыны, даму бағыты лирикаға бейімделген. Деректі, айғақты есім сөздерден гөрі дерексіз зат есімге үйірлеу. Лирикалық кейіпкері ұдайы қияли сезімде жүреді. Оқырманмен сырласуға асық. Өзгенің жайынан сыр ақтаруға ықыласы аз, көбінесе өз сезімінің, көңіл хошының жетегінде кетеді. Ақын өлеңін бір оқығанда бірден түсіне кету қиындау, асықпай ой тоқтатып оқығанда ғана тереңіне бойлай аласың. Стилі - класикалық үлгіге құрылған.

Ақын туындыларының тақырыптық-идеялық, бағыт-бағдарын айқындау үшін шайыр өмір сүрген дәуірдің тарихын білмек шарт. Өлеңдеріндегі көңіл күйлік ырғақ-әуен ақын шығармаларының желісін құрайды. Тақырыбы әр жақты болса да қиял мен сезімге ерік беріп, бар ынта-шынтымен беріліп, әсерленіп сыр ақтару - Шәңгерейдің стильдік даралығының бір өлшеміне келіңкерейді. Ақын кей ретте шағын оралымды ойларын бір-ақ шумаққа өңгере салуға да дайын тұрады. Онысы сәтті, үйлесімді шыққан. Мәселен:

Сұңқардай шалықтаған тас ұяның,
Болжаған жер қияны, ер қиялым.
Мерт болған арыстандай айға шапшып,
Қайғылық айтып болған шер қиялым.
Жер жебір, жермен жексен болайын деп
Сен тұрсың кезеңінде паң дүниенің [46, 183 б.]

(«Сұңқардай шалықтаған тас ұяның»)

- деп келетін өлеңінің идеялық мұратын бірден түсіну қиын, алайда «көңіл құсы күйкылжып шартарапқа» (Абай), лирикалық бейненің бірде биікке самғап, бірде төмен ырғып, сұңқардай қалықтап, арыстандай айға шауып, түбінде ер қиял да, шер қиял да жермен жексен болып, паң дүниенің кезегін күтіп тұрғандай күй кешеді. Ақынның көңіл күйімен шынайы сырласып ұдайы әңгіме-дүкен құрғандай қайымдасып, ой бөлісіп, есеп бергендей боп отыруы – Шәңгерей ақындығының және бір өзіндік ерекшелігін аңғартқандай.

Шәңгерейдің өткен өмір жолына шүкіршілік айтып, бар болған, тоқ болған заманының қуанышты да мұңлы да күндеріне шолу жүргізе, сүзгіден өткізе толғанған ұзақтау жыры «Алла яр» жаздым, аға, Көлборсыдан» деп аталады. Өлеңде ақынның лирикалық кейіпкері аға-інілі боп екеуара сырласады. Туындыда Колборсы елді мекенінде ғұмыр кешіп отырған жанның сәлем хатымен танысамыз.

«Алла яр» жаздым, аға, Көлборсыдан,
Жаз жайлап, қыс қыстаған қонысымнан.
Сіз онда, біздер мұнда сау болайық,
Құдайым айырмасын сонысынан

- деп басталатын үшбу хатының желісінде автордың «Жиырма алты жыл болыпты ініңізге / Атадан, анаменен туысынан» дегеніне қарағанда ақын өлеңінің неше жасында жазылғанын хабардар боламыз. Шығарма мазмұнына тереңірек үнілсек, «Жүрекке дерттер толып жаздым қағаз, / Опасыз мынау пәни тұрысынан» деген жолдарға кезігеміз. Жүрекке дерттің толуы ақынның қайғыға, уайымға бек берілгенін аңғартқандай. Өткен шақты ойлап торыққан жан өз сырын бүкпесіз ақтарып, оқушысына барын жайып салады. Еркін, ашық түрде жырлайды. Өткеннің қайтып оралмайтынын сезінген ақын, алдағы күндеріне сенім артады.

Ойласам, содан бергі ғұмырымды,
Кетіпті талай дәурен уысымнан.
Әуелі ата-анадан туған інің,
Аз уақыт оларменен тұрған інің,
Бес жаста жұда болып ата-анадан,
Аш белін жетімдікпе бұған інің [46, 184 б.]

(«Алла яр» жаздым, аға, Көлборсыдан)

- деп автор өзінің өткен ғұмыры туралы ой бөлісіп, туған ата-анасынан бес жасында айырылғанын айтады, жетімдік тағдырымен таныстырады. Алайда атадан қалған дәулет Шәңгерейді жетім етпеді. Уайымсыз балалықтың арқасында еш азалы болмағанын, «дос та көп мал барында, жақын да көп» болғанын баян етеді. Суретті сөз бедерінен қайғы орнына тал шыбықты ат қылып мініп, қоңыз, көбелек құған баланы көреміз. Ойынға алаңсыз беріліп, алалы сақа мен ақты асыққа таласып, бетін жасқа жуған базарлы, ажарлы балалық шаққа куә боламыз. Уайымсыз, риясыз һәм күнәсіз өткен бала күндерін сағынышпен еске алады лирикалық бейне. Сөйте тұра бір мезет

«Бұл күнде жиырма алтыдан інің асқан, / Ажалға жиырма алты адым жақын басқан» - деп торығып, пәни мен бақидың егіз жүретінін ескертеді. Ақын ұғымында мәңгілік ештеңе жоқ.

Автордың дін жолынан, шарифат тақырыбынан терең хабардар болғаны да оның туындыларында бой көрсетіп қалады. «Жәнеттің бұлбұлындай туып әуел, / Өткіздім талай-талай дәурен бастан» немесе «Көңілге шайтан кіріп, нәпсі қалқып, / Айырылдым патшалықтай бала жастан» деген тіркестердің балалық дәуренмен қош айтысып, жасөспірімдік кезеңге өткен кейіпкердің болмысын көрсетсе керек. Термелей жырлаған ақынның

Тең көрген бай-жарлыны, бала күнім,
Кеттің сен, мен-мендікпен көңіл тасқан.

Бір шықпай ғарапатқа¹ ықырам² байлап,

Ақ көңіл баладағы таба алмаспын

- деуін де үлкен гәп бар. (Бұл жерде ¹ғарапат - *Мәдинеде пайғамбар мінбесінің ашылатын күні*, ²ықырам - *тоқтам, байлам жасау* деген мағынаны білдіреді).

Яки мен-мендікпен мерейі тасқан ол ақ көңіл балалықтан үлкендік, даналық күтеді. Ақын толғанысында бала күнгі қызықтың базары тарқамаған көрінісі бүкпесіз шынайы қалпында суреттеледі. Ата-анадан ерте айырылып бес жасында жетім қалған баланың көзқарасында байлық пен барлық, тоқшылық заман оны ешнәрседен мұқтаж етпеген. Хан тұқымының өкілі болу арқасында материалдық тұрғыдан еш қағажу көрмегенін ақын жасырмай мәлім ете жырлайды:

Бел будым жетімдікке бес жасымда,

Алайда дәулет құсы бар басымда.

Көп жылға ата-аналы болады екен,

Жас жетім ата дәулет арқасында,

Ата-анаң өліп, мүлкі болса мұра,

Көп болар жалпақтаушы өз қасында.

- деп еш бүкпесіз ой сарқиды ақын. Сөз жоқ, бұл баяндаулар суреткердің реалистік шынайы қалпын танытады. Кейіпкер оқырманына еш сырын жасырмай, еркін қарым-қатынаста ой бөлісуге дайын. Жастайынан білім нәрімен сусындап, өз қатарының алды болған Шәңгерейдің өзі өмір сүріп отырған қоғамға, дәуірге көзқарасында адалдық, жауапкершілік басым. «Күлшелі бала сүйкімді» дегендей мал-дәулеттің, бай мүліктің ата мұрасының қызығын көруші жанның жалпақтаушылары да көп болған. Ата дәулетінің көп жылға азық болғанын, ата-ананы жоқтатпайтындай тоқшылық күйін бастан кешіргенін риясыз баяндайды. «Ақ көңіл балалықтың арқасында» деген тіркесті сөзді ақын қолдасында жиі кездестіреміз. Бұл ұғым біздің түсінігімізде алаңсыз, қайғысыз өткен балалық дәуренді меңзесе керек. Тағы бір жерде ақын «Тұқымы қорашылдың жұда болмай, / Қалар ма майлы сүйек қар астында?» - дейді. «Жұда» сөзі «жүдеу» сөзінің синонимі екенін ескерсек, «қорашыл» – байлықты, малы көптікті байқатса, қар астында майлы сүйек қалары әбден мүмкін, ал кедей,

жүдеу тұрмыс кешкен адамдар тіршілігінде қар астында әден мүжілген, майы сорылған ақ сүйек қалары анық. «Түлкіні құйрық атқан танымадым, / Ақ көңіл балалықтың арқасында» дейтіні де сол алаңсыз өмірдің, қайғы-қасіретсіз ғұмырдың, бейқам тіршіліктің нышаны, дәлелі болса керек.

Ақынның жыр толғауында нәпсіге байланысты көп ойлар тоғытылады. Адам баласының хас жауы нәпсілік, нәпсіқұмарлық екені жаратылыстан белгілі қағида. «Нәпсіңді тый, нәпсіқұмар болма» - дегенді атам заманнан бері айтылып келе жатқан тыйым сөздер қатарына жатқызамыз. Ақын да осы тақырыпты осы өлеңінде қайта-қайта атап өтіп, нәпсіге еру дегеніміз не екенін ұғындырғандай болады.

Бір күнде, бала дәурен басымда едің,
Туғанда жан жолдастай қасыма ердің;
Айқасқан түнде оянып тар төсекте
Асық жар мысалындай досым едің;
Білмедім қадіріңді қолда барда,
Айырған сенен адыра нәпсім менің.

Адыра қалған нәпсінің жетегінде кетудің түбінде өкіндіретінін айтуға бекінген сыңайлы көрінеді автор. Ақын дүниетанымының, ұғымының гуманистік бағытты ұстанғанына оның өлеңдеріндегі шынайылық белгілері куә. Өзіндік ой-тұжырымын, айтпақ мәселесін, идеялық мұратын ақын өлең жолдарына еркін сыйғызып, мазмұндап отырады. Оқырманынан сыр бүгуді білмейді. Кей тұста ақын өзіне-өзі сыни көзбен қарап, өзін-өзі сынап та тастайды. Мәселен:

Тотықты нәпсіге еріп ақ ниетім,
Қарайды иман жүзді ақша бетім.
Тіміскі ұры иттей түнде жортып,
Он бес жас, бұлаңдаумен сен де кеттің,

- деп келетін монологты қаратпа ойдан ақынның нәпсінің құлы болмай, оны жеңуге деген ұмтылысы аңғарылады. Алайда ақ ниеттің тотығуы, иман жүзді ақша беттің қарайуы, әрнені тіміскіліген ұры иттей түнде жортуы - он бес жастағы жасөспірімнің жастық отының шырмауында қалғанын аңғартса керек. Ал ол жетідегі жастың нәпсіқұмарлығы бұрынғыдай бетер күшейіп, белең алғандығына, өрши түскендігіне мына жолдар куә:

Әпиін жеп, қилап шарғы¹ ғамал² еткен
Нешікте сар қоштықпен кетті он жетім.
Түбінде бәрі кетер, ажал жетер,
Құдайым жарық етпей ақиретін.

Апиын туралы қазақ өлең-жырларында мүлдем кездеспейтінін ескерсек, Шәңгерейдің бұл айтып отырғанын оның өмір сүрген дәуірінің бір суреті деп қабылдасақ болар ма?! Яки *шарғы*¹, *шар* – айла, амал, әдіс [47, 84 б.] болса, *ғамал*² – өкініш, уайым, қайғыны [47, 18 б.] білдіреді екен.

Нәпсінің шырмауына іліккен пенделік ғұмырдың ажал жеткенде бәрі кетіп, *ақирет*³ - соңы, арғы дүние [47, 10 б.] болатынын ескерткен. Торығу, түңілудің, таусылудың шегін ақын түбіне жеткізе жырлайды.

Тоң қатып, қара жерге қарлар жауса,
Астында неғып шыдар менің етім.
Құдайым, өлмей тұрып, аш бағымды,
Тіріге өлсем-ай аз сый-құрметім [46, 185 б].

Туынды түйінін осылай қайырған ақынның бұл өлеңінде де автобиографиялық жанрдың элементі қоса жүргендегі аңғарылады. Ақын өз өмір тіршілігінің есте қалған суреттерін туынды тініне енгізе отырып, көңіл-күйлік лириканың табиғатын байыта түскен. Балалық шаққа, жасөспірімдік, жеткіншектік кезеңге шолу жасап, өз ғұмырын қоғам тұрмысымен байланыстыра әңгімелейді. Туынды ақынның өзі айтқандай жиырма алты жасында жазылған болса да («Жиырма алты жыл болыпты ініңізге»), ой толғау, сөз саптау мәнеріне қарағанда әлдеқайда ересек көрінеді.

Шәнгерейдің өмірдің мән-мағынасын өзіне тән стильге сап жырлаған тағы бір өлеңі «Бұл дүние панилығын етеді екен» деп басталатын шығармасы. Өлең екі дүниені бір-біріне жанама етіп алып, салыстыру түрінде жазылған. Толқынның ауысуын, өлі мен тірілердің бір-біріне қонақ екенін, өлілердің рухын сыйлау - тірілерге міндет екенін уағыз етеді ақын. Бір кездегі өзі болған ерлердің о дүниелік болғандағы қадірін кетірмеуді ақын абзал борыш етіп қояды.

Бұл дүние панилығын етеді екен,
Бір дәурен өтіп, бірі жетеді екен.
Жұрт болар бір күндегі жоқ адамдар,
Ескілер бірден бірге бітеді екен,
Өзіне халық аузын қаратқан ер
Тіріге өлсе өлсе қадірі кетеді екен [46, 185 б.]

(«Бұл дүние панилығын етеді екен»)

- деп жырлайды ақын.

Ұрпақтың ауысуы - өмірдің заңдылығы. «Кезінде болған ерді сұрама» - дейді қазақ нақылы. Өлгенді қадір тұтуды, рухын құрмет қылуды үгіт еткен өлең - өсиет үлгісінде жазылған. «Өлгенді қадір етсек, ханға рауа, / Рухын құрмет қылсақ нетеді екен! / Ханға еріп адам болған туғандары / Жылында барып дұға ете ме екен?».

Автор мәселені төтесінен қояды. «Өлі риза болмай, тірі байымайтынын» құлаққағыс еткен лирикалық кейіпкердің айтпағы - ең болмаса жылына бір рет болса да дұға ету - имандылықтың белгісі, адамгершіліктің шырағы. Өмірден озғандардың рухына тәу ету - қазақ имандылығында әу бастан бар салт-дәстүрдің бірі екенін ескерсек, ақын тұжырымының қате емес екенін болжаймыз.

Өлеңнің екінші және үшінші шумақтары бастапқы тақырыппен онша үйлеспейді. Соған қарағанда бас-аяғы жоғалған болуы керек. Алайда мұнда да пәлсапалық ой басым, салыстыру астарлы мағынада беріледі. Мысалы:

Шайтанға шаршап тұрған ат бергенің -
«Тамұққа жақынымды жақ!» дегенің.
Жыланды жолда жатқан соқпай кетсең -

Тап болған ғаріпті шақ дегенің

- деп келетін жолдарда ишаралық ұғым, белгілі бір іске сілтеме беріледі. Қауіп-қатерден сақтандыру, бәле-жәледен қорғану сияқты адами тірлікте кездесетін аяқ асты оқиғалардан сақ болу, абай болу дегенді тұспалдайды. Ақын қолданысындағы тамұқ, ғаріп, рауа, т.б. кітаби лексикалар оның діни сауатының сол заманауи талаптарға сай болғанын аңғартады. Өлең түйінінде ақын кең сарайда өткен өмірі мен тар қапаста қалған ғұмыр көшінің аяғын жалғыздықпен байланыста алып тұжырымдайды.

Кең сарай сахарада өтті күнім.

Тас болат, тар қапада шықпайды үнім.

Жалғыздық жанға батса, шер тарқатқан

Қобыздай күңіренген қайран тілім!

- деп жалғыздық күйін кешкен жанның сөзін айтады. Өмірінің соңында ел ішінде, жалпы қоғамда болып жатқан дүмпілі өзгерістерге қосылмай, өз позициясын бейтарап ұстап, тек өлең жазумен, өнермен ғана айналысқан шайырдың қобыздай күңіренген шағы осы болса керек.

Шәңгерей Бөкеевтің көңіл-күй лирикасының шын шебері екенін дәлелдей түсетін бір өлеңі «Ғасанды кәлим Алла маған берсең» делінетін жыр. Туынды дәстүрлі әдебиеттен белгілі Шығыс шайырларының мақамымен жазылған. Махаббаттың буына мастанған лирикалық бейненің романтикалық арманының жағырапиялық ауқымында шек жоқ. Жиырма жастағы бозбаланың фантастикалық ой-қиялының шекарасын ақын барынша кеңейткен. Бұл тұста авторға діни кітаптардағы кейіпкерлер мен олармен ілесе жүріп бірге жасайтын қосалқы жан иелері мен жәндіктер көмекке келген. Өлең бірден су перісі атанған (кейде су патшасы да делінеді) Сүлейменге арнап тіл қатудан, оған сыйынудан басталады.

Ғасаңды кәлим Алла маған берсең,

Жүзігін Сүлейменнің қолға кисем.

Жасымда жиырмадағы қатар қойып,

«Ал таңдап» десе мұның қайсын сүйсең?

Таянып Торға шықпан таяқ алып,

Не қажет Ніл суына өткел салып?

Тіліне құрт-құмырсқа мұқтажым жоқ,

Жүзігін Сүлейменнің жұтсын балық [46, 186 б.].

(«Ғасаңды кәлим Алла маған берсең»)

Осылайша өз күшіне сенген романтикалық бейненің Сүлеймен патшаның жүзігін менсінбей пандануы, тіпті елдің бәрі баруды, көруді арман еткен Ніл өзенінің кемеріне өткел салуды ар көріп, қажетсінбеуі - әу баста оқырманды кәдімгідей абыржытып тастайды. Баһадүр патшаның жақұт балдағын (жүзігін) балыққа ұсынуы, су асты жәндіктері құрт-құмырсқа тілін уйренуден, меңгеруден бойын аулақ ұстауы қалыптасып қалған әдеби үдеріске сыймайтын оқиғалы жай. Оқиға бұнымен бітпейді. Лирикалық кейіпкер арманында, аңсарында, рухани ашқарақтығында тау жұтардай тәбет

бар. Бас-көз жоқ, он сегіз ғаламды билейтін патша болуды арман етіп, оның барша байлығын қалай иемденудің жолдарын да қарастыра бастайды. Ақынның шығармашылық қиялында шек жоқ, шабыттана жырлайды. Оқырманын елітіп басқа әлемге алып кетеді. Ылғи бір адам аяғы баспаған сиқырлы мекендерді аралатып, әлде бір тылсым дүниеге бастағандай күй кештіреді. Оқылық!

Ғаламға он сегіз мың патша болсам,
Алтыннан асқар таудай тақыт құрсам.
Көпінен Нұрлықаят¹ сулар ішіп,
Дүниеде болса өмірім неше мың сан.

(*Нұрлықаят*¹ – ертедегі аңыз бойынша тіршілік нұры, қасиетті су, оны ішкен жан мәңгілік жасайды-мыс).

Лирикалық кейіпкер арманы мұнымен аяқталмайды. Дүниедегі, әлемдегі ең жақсы, ең үздік делінетіннің баршасын қамтуға, иемденуге ұмтылады. Сол замандағы ертегі, аңыз, хикаяларда кездесетін мың бір кереметтің ортасынан табылуды арман еткен лирикалық бейненің талап-ұсынысын туынды авторы өз білім-білігінің, ізденісінің мүмкіндігіне сай өрнектеген. Яғни, ақын танысқан, тапқан, оқып-ізденген сол дәуірдегі заманауи саналатын діни кітаптардың кейіпкерлері өлең мазмұнына еніп, еркін жайғасқан, шығарма төрінен орын алған. Ақынның тақырыпты еркін игеруіне де сол аталған кейіпкерлер септігін тигізіп тұр. Ежелгі аңыздағы сенім бойынша Нұрлықаят көлінің суын ішіп, мәңгілік жасауды арман еткен кейіпкер қалауы одан сайын екпін алып, тереңдей түседі.

Жәннәттен періштелер жерге еніп,
Кәусар ап пердәуіштен¹ ішіп тұрсам,
Мәрмәрдан Бағирамға бина салып²,
Қор қызын жәннетегі құшып тұрсам.

(Өлеңде *пердәуіш*¹ – жәннет деген мағынада, *Мәрмәрдан Бағирамға бина салып*² - бау-бақша ішінде мәрмәрдан үй салып деген сөз).

Айналаның бәрі ертегілер елінің картинасына еніп, ғажайып әлемнің шуағына бөленіп тұрған кейіпкер талғамының бір таңдауы бір мезет рухани құндылыққа да ауады. Ол зор ғұлама оқымыстылардан, ишан-хазіреттерден ілім алмаққа, бата сұрамаққа бекінген. Әлемдік таңдаулы ілім басшысының, жетекшісінің ықыласына бөленіп, рухани қажетін өтеуді қиял қанатына байлаған кейіпкердің эстетикалық танымның көкжиегі кеңі түседі. Мысалы:

Шайқұлислам зор ғұлама ишандардан
Аударып хақ каләмін¹ суал сұрасам.
Перғауын, дажал, дәулер болса әлек.
Қаһармен қарсы тұрып қол ұсынсам.
(Өлеңде *каләм*¹ - құран деген мағынада).

Атым мәлім ғұламаның кітабын қотарып, терең ілім іздеп, ежелгі шығыс халықтарында кездесетін зұлымдық иелерінің (перғауын, дажал, дәулер т.б.) мысын басып, қаһарлана қарсы тұрып, қол ұсынуы – кейіпкердің

келер күннен күтетін сәулелі үміті. Автор қаһармандарының үмітіне одан әрі даңғыл жол ашып, жетелей түседі.

Қап тауға мәлеиктей² ұшып қонсам,
Мүқиятқа нән балықтай құлаш ұрсам –
(Өленде *мәлеиктей*² - періштелер).

Қап тауында (Кавказ таулары) періште боп ұшудың, мұхитта нән балық (кит) боп жүзудің кереметін кейіпкердің арман етуі - орынды, мақұлдарлық іс. Алайда о бастағы, яки жоғарыда өленде баяндалған Сүлеймен патша туралы, Ніл өзені жайындағы ойлар, он сегіз мың ғаламға патша болып, әмірлік ашу, қожалық ету т.б қилы-қилы оқиғалардың тек арман күйінде, қиял бейнесінде қалатындығы өкінішті-ақ. Сөйтсек, ұзақ-сонар арман-жырдың тобықтай түйінін айтуды ақын туындысының ең соңғы екі тармағына сақталыпты ғой. Оқылық!

Солардың бәрін тастап сені алар ем,
Бір өзің ен Нарында есен тұрсаң [46, 186 б.].

Міне, махаббаттың құдіреті! Тамаша үлгісі. Мұндай махаббат үшін үлкен ерлікке барып, сұлудың бетіндегі бір меңі үшін бір шаһарды бере салу, бүкіл патшалықты құрбандыққа шалу - Шығыс поэзиясында, әу бастан бар дәстүрлі тақырып десек те, осы дәстүрді Шәңгерей өз туындысында басқа қырынан қарастырған. Автор идеялық мақсатын екшеп алып, өзіне жақын таныс ежелгі аңыз-ертегі, тарихи-діни хикаят желісінің оқиғаларын пайдалана білген. Бұл да болса ақын жанашылдығын, шайыр ізденісін танытар табыстардың бірі, авторлық қолтаңбасы. Әлем әдебиетінде жүйелі орныққан дәстүрлі тақырыпты ақын қазақтың төл туындысындағы ұлттық сипаттарды сақтай отырып жазып шыққан.

Ақын Ш. Бөкеев лирикасының табиғаты тек қана философиялық, саяси-әлеуметтік немесе көңіл күй тақырыптарымен шектеліп қалмайды. Жоғарыда талданған махаббат күйінің жалғасындай оқылып, сүйген жардың қандай болмағын танытатын өлеңі «Жігіттің болса алған жақсы жары» деп аталады. Қазақтың жыраулар поэзиясындағы өсиетті термелердің нақышын сақтай және XIX ғасырдағы ұлы Абай бастаған классикалық әдебиет өкілдерінің, оның ішінде әнші ақындар стилінен анық байқалатын, дәстүрге әбден енген, оқырманна ой салар ұлағаты мол туындылар қатарын ақынның осы өлеңі толықтыра түсетіндей. Қазақтың жігітінің алмақ жары қандай болуы керек? Өлең сол туралы. Қазақтың қызы, болашақ қалыңдықтың бітіміне мінездемені ақын былайша беріпті.

Жігіттің болса алған жақсы жары,
Сен болсаң бір Аллаға еткен зары.
Баладай риясыз еркелеген,
Сен болсаң тағы сонда ынтызары.
Құлқына құмарланып күшқаныңда,
Шайқалып тұрса алтын сырғалары...
Камшаты барқыт төбе қырын киген
Қадалса империял һәм динары [46, 186 б.].

(«Жігіттің болса алған жақсы жары»)

Ақын сипаттауындағы жақсы жардың үлгілік қасиеті біріншіден, сыртқы пошым, кескін-келбетімен, ұлттық киім жарасымдылығымен ерекшеленеді. Екіншіден, жамалына лайық ақылы, көппен тіл табыса білетін жақсы мінездің болмағы шарт. Әзілдесе, жараса, тең-құрбыларымен ойнап-күліп, заманға лайық ғұмыр кешсең, бағы бар бозбала деген сол. Қылықты мінезімен, нұрлы дидарымен сүйгенінің назарына іліккен қызды жар етуге лайық жігіттің ынтызарлық көңілінің суымағаны абзал. Кәмшат бөркіне империал (патша ақшасы) динар таққан сұлудың ішкі жан-дүниесінің сүйкімді сипатын ақын өз талғам-таразысының өлшеміне қарай сұрыптап, саралайды.

Ақылы жамалына болса лайық,
Жігіттің сол емес пе жан дидары?
Көлдерге ат ойнайтып, құс шүйгенде,
Адамның болса әзілдес құрбылары.
Болғанда жарың сондай, құрбың мұндай,
Бозбала, деп біліңіз бағың бары.
Делбеймін көңілімді жалғыздықтан,
Бір хақ деп қашаннан да жалғыз жары.

Өлеңде ақынның эстетикалық танымы, өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ықпалына сай көзқарасы аңғарылып қалады. Ер жеткен ұл мен бойжеткен қыздың жар таңдауда білуге қажетті алғы шарттарды ақын өлең өріміне сыналай енгізіп, жөн сілтеп отырады. Туындыдағы ақын сипаттап отырған ару жай қыз емес сыңайлы көрінеді. Неде болса байдың, бардың қызы болса керек. Өйткені, кедей қызында алтын сырға, империал динар қайдан болсын? Шәңгереймен дәуірлес немесе бір буын жоғары өмір сүрген әнші-ақындар сипаттаған аруларда анау айтқандай алтын сырғалар мен империал динарлар кездеспейді. Яки хан тұқымының назары мен қиялындағы арудың жан-жары болуға лайықты негізгі қасиеттер сол заман шонжарларының материалдық байлығының мөлшерімен бағаланса керек. Әйтпесе құмарланып құшқанда шайқалып тұратын алтын сырғалар, камшаты барқыт бас киімге қадаған империал динары бар қазақ қызының сол заманда ілеуде бір кездесетінін айтпасақ та түсінікті. Сонымен бірге көлдерге ат ойнатып, құс шүйгізіп жүрген бозбалалар да бай-манаптар мен хан әулетінің өкілдері болуға лайық.

Жалпы алғанда ақынның жастық кезең мен адам өмірінің ең бір жауапты шағын (жар таңдау) тақырып еткен туындысы автордың идеялық мақсатының үддеден шыққанын айғақтайды.

Ш. Бөкеевтің жыл басы Наурызға және сол айдан басталатын көктем келбеті мен жаз қызығын суреттейтін өлеңінде («Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы») Көлбарсы елді мекеніндегі табиғат құбылысы баяндалады. Ағын сулар алабына үйірілген үйрек-қазды ілуге бет алған аңшы қолына қаршығасын қондырған, сонымен бірге зер қарғы тағынған тазыны ерткен шаңдоз жігіттер көл жаққа ат ойнатуға бет алған. Табиғаттың жаңарған осы бір кезеңін ақын әдемі суреттейді.

Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы,
Келеді наурызда елдің жазы.
Алабын Көлбарсынының сулар алса,
Сыңқылдап қонар көлдің үйрек, қазы.
Мініп атқа ойнақы, ал қаршыға,
Зер қарғы сылаңдасып ерсін тазы [46, 187 б.]
(«Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы»)

Қыстан аман шыққан елдің жазғытұрымғы тіршілігі белгілі. Тазы ертіп, құс салған жігіттердің жігерлі үнімен араласа, қабаттаса құлаққа ілген сырғасы естілген қалқаның назды қылығы да көңілді топтың ажарын келтіріп, сәнін үстегендей. Тарлан ұшырып, ойнақы ат мініп, жасқа тән жігермен жаздың көз қуанышына айналған серілерді ақын шабыттана әнге қосады.

Көлдерге ат ойнатып, тарлан ұшыр,
Жігіттің жігер туған бұл шандозы.
Жастықта жігіт адам жігер болса,
Қайт болмас қалқасына еткен назы.
Құлаққа киген сырға есітілсін,
Құс салып кешкі соққан дауылпазы.

Наурыз қызығы ұзақты күндер мен түндерге ұласады. Өйткені жастардың жүрген жері күнде той, ән мен жырға кенелген елдің сәнін келтіретін де сол бозбалалар мен бойжеткендер. Жастар жүрген жерде болуға тиісті ынтызарлық, сүйіспеншілік, сезім сырлары ақын көзінен тасада қалмаған. «Кешегі қалқам-ау» деп мойын толғап, / Ісіне қалқасының болсын разы» - деп ән шырқаған кейіпкердің даусы алыстан естіледі: «Борсыда жалғыз жатып ән саламын, / Сіздерге ұнайды ма екен әнім сазы?» - деп шырқайды сүйгеніне ынтық жан. Сүйікті жанның сұлулығын суреттеуге келгенде автордың үлгі тұтар әдісі дәстүрлі төл әдебиет туғызған теңеулі, эпитетті ажарлы сөз айшықтары. Ажары мен ақылына бас иген лирикалық бейне сүйген сұлуының бойына біткен барлық жақсы қасиеттерін айқайлай айтып, ақтарылып сала береді.

«Адамнан артық ажар, ақыл, айлаң,
Ажары ақ бетіңнен асқан айдан.
Адасқан арық қудай болдым асық,
Айдындай ақ төсіңе, асыл айнама!»

Ғашықтық ғаламатында шек жоқ. Сүйгеніне деген ыстық ықыласпен жеткізуге асық жан өзін үйірден бөлініп қалған арық құға теңейді. Қайтсе де сүйіктісінің ажар-келбетін, сұлулығын асыра суреттеуге асығады және сол арқылы шын сүйетіндігін дәлелдеуге тырысады. Жалпы алғанда Шәңгерей поэзиясында ғашықтық, махаббат тақырыбы өз табиғатына сай тұрақты мекенін тапқан.

Шәңгерей ақын шығармашылығында туған жер, өскен өлке суреттері оның табиғатымен қабыстырыла, сабақтастырыла жырланады. Туған жер атаулары, оның жекелеген қасиеттері ақынның көңіл-күй, философиялық,

жастық шақ тақырыбындағы туындыларында бірде жай ғана аталып өтсе, кейбір тұстарда жайыла жырланып отырады. Ақынның «Қайран жерім» және «Көлторғай» аталған екі өлеңінде ақын өзі туып өсіп, топырағына аунаған елді мекенін сағынышпен еске алып, аялай жырлайды.

Әр түрлі өлең өсіп көгеріңкі
Мақалпалдай төсеп салған қайран жерім.
Мақпалдай көгеріңкі төсеп салған
Жәннеттей десем мислі¹ емес жалған [46, 187 б.]
(«Қайран жерім»)

(Өлеңде *мислі*¹ - мәселен деген мағынада қолданылып тұр).

Сахара даланың сәні - ол өлең шөп. Сол өлеңді жерге төселген шөпті мақпалдай көріп, көгеріңкі тартқан даланың сәніне балаған ақынның тіпті жер жәннәтіне теңестіруі де келісті шыққан. Жердің жасыл желекке бөленіп, құлпыруымен бірге осы салтанатқа үн қосатын оның бозторғайы болмай ма? Осы жанды суретке ақын да өз шығармасынан орын берген. Мәселен, «Жап-жасыл жер жүзінің хоштығына, / Аспанда торғай шырлап еткен сайран» - деп толықтырып шолу жасайды да, табиғаттың тамаша тартуын одан әрі әспеттей жырлайды. Туған жердің саф алтындай таза ауасын, оның адам ағзасына тигізер пайдасын айтуға келгенде ақынды салауатты өмір салтын насихаттаушы маман есебінде танимыз. Таза ауада серуендеудің адам денсаулығына жамалар дәрумендік пайдасын ақын былайша ұғындырып, түсінік береді:

Бір сағат сап ауасын тартқан адам.
Табады неше түрлі дертке дәрмен,
Сәйір² етіп аруменен жүрсең мұнда,
Көкіректе қалмас еді-ау титтей арман.
(Өлеңде *сәйір*² - серуен деген мағынада қолданылып тұр).

Туған өлкенің табиғатын, оның ауасынан басталған ерен байлығын жырлауды ақын өзінің басты борышы санаған сыңайлы. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген қағиданы батыл ұстанған лирикалық кейіпкер қай бір мезеттерде оған арқа сүйеп, еркелеуді де ұмытпапты. Көңіл санасында бұлыңғыр сақталған өткен шақтың кейбір тәуекел іс-оқиғаларын еске түсіріп, сыр ақтарып өтеді.

Көлторғай адыра қалғыр - көрген жерім,
Бұлағай, ойран-әлек салған жерім.
Көк найза, қара санай³ атылса да,
Қайтармай қайтқаным жоқ аттың терін [46, 187 б.]
(«Көлторғай»)

(Өлеңде *қара санай*³ - тегі, жайдың оғын айтып отырған болу керек).

Бұлағай, алмағайып күндерде Көлторғайды паналаған кейіпкердің атыс-шабыс (көк найза, қара санай), ойран-әлек салған жеріне деген сенімі аттың терін қайтармайынша кері оралмаған батылдығымен қорытынды түйінге келген. Аталған өлеңдердің өрімінде, тін-табиғатында ақынның туған жеріне деген құрметі, сыйластығы жатқаны анық.

Шәңгерейдің насихат, өнеге сілтеу мәнінде жазылған бір өлеңінде адамдар арасындағы достастықты, сыйластықты дәріптейді. Құрбыға наз сықылды оқылатын туындының негізгі идеялық мақсаты - жастар арасындағы тұрақтылықты, байсалдылықты үлгі ету, жеңілтектіктен, көрсеқызарлықтан сақтандыру. Ғибраты мол дүниенің айтары - жақын құрбының қадірін біл, көрінгенге көз салудан аулақ бол дегенге саяды.

Қияға мен бір қыран көз жіберген,
Құрбыға айта бермен көзге ілінген.
Көз салып көрінгенмен жүре берме,
Жақын бол құрбыңменен қадір білген.

(«Қияға мен бір қыран көз жіберген»)

- деп толғайды ақын адами асыл қасиеттің бір қыры хақында. Әр нәрсенің уақыты мен шегі бар, күндердің күні болғанда бәрінің де қадірі кетеді дегенді ұқтырады өлең астары. Өлеңде жігітке, ерге тән намысшылдық, бірсөзділік сияқты қайратқа шақырар өршіл мінездің белгілері де байқалып қалады.

Кім қалар уақыт жетіп, бақыт тайса,
Қадірлі әр заманның мезгілінен.
Тағыдай таңда бұйырып су ішпесем,
Шырақ-ай, жігіттікке мұқтаж емен!

- дейді ақын кейіпкері жігерін намысқа таныған үнмен тіл қатып.

Шәңгерейдің зерттеушілер арасында пікірталас тудырып жүрген өлеңі «Қатшекей» аталады. Өлеңнің шығу тарихына байланысты екіұдай пікірлер де бар. Қатшекей деген кім өзі? Бірі оның Шәңгерейдің қыздай сүйіп алған жары десе, екіншілер Қатшекейді ақынмен жақын болған өзгенің жұбайы деген де пікір айтып қалады. Әдебиет зерттеушісі М. Тәжімұрат: «Шәңгерейдің сүйіспеншілік жырларының баршасы бір адамға - әйелі Қатшекейге арналған. Қатшекей, Кәди - Хадишаға ақынның өзі еркелетіп қойған аттар. Ал Шолпанай Аманжолова үй-ішілік мәліметтерге сүйене отырып, Қатшекей - ақынның Хадиша қайтыс болғаннан кейін көңілі құлаған ғашығы еді дейді. Жалпы соңғы пікір көкейге қонады. Мұның төрешісі - тағы да ақын өлеңдері» [44, 77 б.] деген тұжырымға келеді.

Әдебиетші ғалымдар пікірінің жаны бар. Өйткені бес-ақ шумақтан тұратын өлеңнің екінші шумағындағы:

Көрдін бе Қатшекейдің асылдығын,
Жалтақтап еткен ісін жасыруын.
Ау, жаным, сүйемісің, сүймеймісің?
Сүймесең жоқ-ты саған бас ұруым [46, 188 б.]

(«Қатшекей»)

— деген жолдар жоғарыда айтқан ғалымдар пікірінің дұрыстығын дәлелдейді. «Жалтақтап еткен ісін жасыру» - қыздай сүйіп алған жары Хадишаға айтылатын сөз емес. Екіншіден, өлеңнің бастапқы шумағындағы: «Басымда жанат бөрік жекей тері, / Қоймаған елде сұлу мен бір сері» деп келетін тіркестің екінші тармағындағы ой (қоймаған елде сұлу мен бір сері) - кейіпкеріміздің осыған дейін де басы бос болмағандығын дәлелдейтін куәлік

тармақтар. Өлең сүйгеніне ғашық болып, шынайы махаббаттың азабын арқалаған жанның жүрегін жарып шыққан шынайылығымен оқырманын баурайды.

Басымда жанат бөрік жекей тері,
Қоймаған елде сұлу мен бір сері,
Жұмақтың нақ төріндей көрінеді,
Қатшекей жолығармын деген жері

Ақынның сүйгеніне деген ақ көңілінде, пәк ниетінде шіркеу жоқ, тіпті аңсап күткен жанмен кездесу төбесін жұмаққа балайды. Өзін сал-серілердің өкілі ретінде санаған кейіпкер, оларға, яки думаншыл, серуеншіл топ өнерпаздары ғана киіп, елден ерекше көрініп жүретін жекей терісінен тіккен жанат бөркін де атап кетеді. Ал, Қатшекейдің образын бейнелеуге келгенде автордың теңеу мақтау сөздері бірінен бірі көркем, біріншісін екіншісі басып озады.

Басында қызыл шарқат, ақтан көйлек,
Әп-әпсет сенің, қалқам, басылуың,
Қарайсың көзің сүзіп, мойның бұрып,
Білмеймін не қылғанда қосылуым.

Аталған өлең туралы сан қилы көзқарас, пікірталастар болғанымен туындының сол кезең үшін классикалық мәні үстем болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Абай, Шәкәрім, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мәди, Мұхит т.б. дәстүрлі мектебін еркін игеріп және оны байытқан ақындар сапынан Шәңгерейдің табылғанына басқа да шығармаларымен қатар осы «Қатшекей» өлеңі де куә-мысал бола алары хақ. Қазақтың жігіті мен қызына ған тән көркем мінезді сипаттаудың, ұлттық эстетиканың аса жоғары талғамына лайық сөз маржанын ақын өз туындысында жарасты қолданып, шеберлік танытқан. Мысалы:

Қатшекей көп баладан асыл екен,
Алшын төс, алма мойын, асыл еркем,
Алманың қабығындай бетің қызыл,
Құбылған бәйшешектей жүзің көркем.

- деп келетін зерлі тіркестердің мазмұн байлығын ұлты қазақ ғана түсініп, тереңнен ұғынса керек. Қазақ қашанда қыз балаға қарата айтылатын сөзіне мұқият қараған ғой. Бұл әдеп, бұл дәстүр сонау ауыз әдебиетінің інжу-маржаны «Қыз Жібек» жырынан бастау алады. Жыршы қазақ көшінің көзайымына айналған қырық қыздың сұлулығын жариялап, сипаттай келе «тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған» Жібекке сосын ғана кезек бермей ме?! Төл әдебиет дәстүрінің үздік үлгілерін берік ұстанған Шәңгерейдің өлеңдерінде аталған үрдіс берік орнағанын айта кету ләзім. Сүйген жары Қатшекейге арналған махаббат толғауының түйінінде ақын басты бір шешімге келгенін, түптің түбінде, таразыға тартар күн туса, сен мендіксің деген ұйғарымын паш етеді.

Алты айда ақ жүзіңді бір көрмедім,
Шаруа қолым тимей жұмысыммен

Тартқанда таразыға сені алармын,
Алтынды не қылайын күмісімен [46, 188 б.]
- дейді сүйгені үшін белін бекем буып, алтын-күмістен бас тартып отырған лирикалық кейіпкер.

Зерттеушілердің «Қатшекей» өлеңінің тарихына қатысты пікірлерін былай қойғанда, туындыны көркемдік сапасы, жазылу мәнері, бейнелеу жүйесі, сөз саптау шеберлігі т.б. әдеби талаптарға толық жауап беретін шығарма деуге негіз бар. Шәңгерей осы өлеңі арқылы да суреткерлік биіктікті бағындырған десек те болғандай. «Қатшекей» - қазақ поэзиясындағы сүйіспеншілік, махаббат тақырыбындағы әсем туындылардың қатарына қосылары анық.

Шәңгерейдің ақындық ерекшелігін танытар тағы бір тұс - оның мысалдап сөйлеу, тұспалдап айту мәнері барлық туындысында дерлік кездесіп отырады. Арнайы мысал-өлең деп жіктемесек те аталған жанрға ақынның бейім екеніне назар аударған жөн. Мәселен, «Өмірдің өтуі», «Жалғаншы, жарық дүние», «Алла яр» т.б. туындыларында ойды мысалдап жеткізу, мәтелдеп ишаралау тәсілдерін ақын оңтайлы қолданады. Жалпы аз сөзбен көп мағына беру, мазмұнды ойларын тұспалдап жеткізу - ақынның өзіне ғана тән стилі деп қарастырған жөн. Ақынның «Ұршық» деп ат қойған өлеңі не бары бір-ақ шумақтан тұрады. Біздің ойымызша, осы «Ұршық» мысал-өлең жанрның табиғатына толығынан сыйып тұр. Өйткені ұлттық тоқыма қолөнерінің аса белсенді қызмет атқаратын құралы боп табылатын ұршықтың қадір-қасиетін таныту арқылы төрт тармаққа таудай ой-ұғым сыйдырған. Мысалдап сөйлеудің түбінде үлкен лирикалық мағына жатыр. Мысалы:

Ағаш едің құрма өскен,
Ұршық болдың шуда өскен.
Бір қалыпта тұрмақ жоқ,
Шығармалық мұны естен [46, 190 б.]
(«Ұршық»)

- дейді ақын. Айтылмақ тұспал белгілі, берілген мысал нақты. Бір кездері жайқалып өскен құрма ағаштың шуда жіпке маталып оралған ұршыққа айналарын кім біліпті? Сондықтан бірқалыпты өмірдің болмайтынын ақын мысал өлең арқылы тұспалдап, әр кез естен шығармау керектігін айтып тұр.

Шәңгерейдің гуманист-суреткерлік келбетін тереңірек танытатын туындысы көпке таныс, мұқым жұртқа мәлім «Ғылым» аталатын өлеңі. Бұл туынды да жоғарыдағы «Ұршық» сияқты бір-ақ шумақтан тұрады. Ұлы педагог Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!», ұлы ақын Абайдың «Ғылым таппай, мақтанба» сынды өлеңдерінің ізін аңдатқан бұл туындысында Шәңгерей жастарды ғылым, білім игеруге жетелеп, нұрлы насихат сәулесін себеді.

Оқысаң ғылым қорын білім асар,
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.
Мас болған біліміне кейбір жастар,

Жерлерге аяқ жетпес аяқ басар.
Апыр-ай, кімге аян бұл жиһнның,
Белгісіз ұлылығы - асқар-асқар?! [46, 190 б.]

(«Ғылым»)

Ақын ұғымында ғылым жолы - ұлылықтың өлшем-белгісі. Асқар-асқар таулардай биіктікке балайды ғылымды автор. Көңілді кіршеңдік баспау үшін де ғылым қажет. Ғылымның құдірет-күшін ақын білімге мас болған жастарға теңеп көрсетеді. Заманның ғылымға тәуелділігін үгіттеу, насихаттауға арналған осы туындысында жастарды ғылым-білімге шақырудың озық үлгісі жатыр. Өзі де жастайынан оқу-білім игеріп, оның дәмін татқан, өнерге жақын боп өскен ақынның ғылымды бәрінен жоғары қоюының жөні де бар. Ақын түрлі оқу орындарында оқып, ата дәулетінің арқасында жан-жақты білім алды. Хан әулетінің бір ұрпағы есебінде таңдаған жолымен жүрді.

Бала жастан жан-жақты білім нәрімен сусындаған Шәңгерейдің ғылым кереметін сезінген жанның жай-күйін баяндайтын өлеңі «Эдисон» деп аталады. Эдисон Томас Алва (1847-1931) – ғалым, американың атақты физигі, байланыс жүйесін зерттеп, көп жаңалық ашқан, белгілі тұлға. Ақын Эдисонды, оның ғылыми шығармашылығын үлгі ету арқылы кейінгі толқынды терең ойлануға, ғибрат алуға жетелейді.

Сөйлеткен жансыз затты өнер иесі,
Есітіп таң қалады көрген кісі.
Білмейді қалай етіп түсінерін,
Айтпаса түсіндіріп білген кісі [46, 190 б.]

(«Эдисон»)

Ақын жансыз затты сөйлеткен өнер иесі туралы естіп-білген адамның түсіндірмесін күтеді. Айтпаса, түсіндіріп бермесе, әр қиырдан оқып келген оқымыстылардың шала жауаптарын қанағат тұтпайтынын аңғартады. Ізденушіні теріс түсінік, таяз ұғымның шылауында кетуден сақтандырады.

Істерлі, Қазанда оқып, Бұхар барып,
Айтар ма ғалым болып келген кісі?
Сұрасақ бұл не іс деп сол ғалымнан,
«Шайтани, - мұны дейді, - «кәпір ісі».

Надандық, қараңғылықтың кейінгі толқынды адастырмауын қадағалайды ақын. Ғылым сапарының күрделі де баянды жол екенін ақтарыла айтып, сырласуға асыққандай болады автор. Өлеңде бұқаралық, гумандық сипат басым. Ойға алған идеясын қарапайым тілмен оқырманның қабылдап, сіңіруіне лайықты ғып баяндайды.

Тәртіпсіз жоқ-бар затты көп оқумен
Ғылымның ғасыл болмас қуат, күші.
Бұл ғылым - бір бәйтерек шектен асқан,
Шұлғанған бұтағына ғарсы-күрсі.

Осы шумақтың алғашқы екі тармағында ғылымды түсінбеушіліктен туған оны мансұқтау белгілері қылаң берсе, ал соңғы үшінші, төртінші тармақтарда автордың нағыз гуманист суреткерге тән идеялық көзқарасы,

ұстанымы айқын бола түседі. Ғылымның жасампаздық асуын автор бірте-бірте биікке көтеріп, бағасын арттыра, үстемелей жырлайды.

Бар ғалым он сегіз мың саясында,
Таусылмас бұтақ сайын бар жемісі.
Шайтани бұл өнерді қалай дейміз,
Әр өнер - сол жемістің бірдемесі

- деп ақын ғылымның көкжиегіне ғаламдық көзқараспен үңіледі. Ғылымды таусылмас жемісі мол бұтаққа балайды. Әр өнерді берері мол жемістің бірдемесіне теліген ақынның сол ғылымды жасаушы адамға деген құрметі шексіз. Ғылымды шайтани өнер деушілерге автор әрдайым қарсы шығуға дайын. Ақын идеясы оқырманын ізгілік иірімдеріне адамгершілік бастауларына шақырады. Өнердің құнын, бағасын білуге баулиды. Сөйтіп жансыз затты сөйлеткен өнер иесімен таныстырады.

Эдисон мұны істеген - ғалым адам,
Оқымас, жалқау біздей емес надан.
Пәндерден кимие-симие¹ ғылымы хикмет
Көп сырлар ашты түпсіз дариядан.
Періштеміз оң жақтағы² өсер еді,
Солардай болып өтсек дүниядан

(Өлеңде ¹кимие-симие - химияны айтып отыр, ²оң жақтағы періште – діни ұғым бойынша адамның оң жақ иығындағы періште оның өмір бойындағы істеген ізгіліктерін, ал сол жағындағы жаман істерін жазып отырады-мыс).

Әлемдік физика ғылымының атасы Томас Алва Эдисонды ақын өзі сүрген дәуірдегі Істерлі, Қазан, Бұхардағы діни оқу орындарын бітірген молдалармен қатар қойып мысалдайды. Ғылымға «шайтани іс» деп теріс қараған дүмшелердің теріс көзқарастарын сынап тастайды. Эдисон сияқты ізгілікті істер атқарып, халыққа пайда келтірсек, солардай болып өтсек дүниеден, оң жақ иығымыздағы періштеміз істеген жақсылығымызды жазып отырып, көбейтер еді деген тұжырымға келеді. Шәңгерейдің бұл туындысы оның өз заманының озық ойлы адамы болғандығын, жан-жақты ілім-білім жинап, қоғамына лайық жаңашыл өмір сүргендігін дәйектейді.

Шәңгерей шығармашылығында ерекше орын алатын өлең - «Құйрық атып құлия» деп аталатын туынды. Бұл шығарма Шәңгерейдің соңғы жазылған өлеңі делініп жүр. Ақын мұрасын зерттеушілер: Н. Манаев өлең 1920 жылы жазылған десе, М. Тәжімұратов 1916 жылы жазылған болуы керек деп топшылайды. Ақынның өткен ғасырда жарияланған алғашқы жинағына «Қорытынды» деген атпен енген өлең шын мәнінде шайырдың ғұмырнамалық баяны сияқты оқылады.

Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия
Қараңды үзіп барасың
Біздей де қайран дүние! [46, 188 б.]

(«Құйрық атып құлия»)

Осы алғашқы төрт тармақ өлеңді атақты етті. Ақын шығармашылығына қалам тартқан зерттеушілердің баршасы дерлік осы құлақ күйге, аңдатпаға назар аудармай өтпейді. Бір адамның бүкіл өмір жолын философиялық сарында метафоралық тәсілмен, аллегориялық әдіспен жырлау - ақын жаңашылдығын танытатын басты белгілердің бірі саналады. Өлеңде өткенге қайта бір оралып, салауат айтып, сағынышпен еске алып, есіркеу бар. Туынды оқырманға жайлы, жағымды ырғақпен басталады да одан әрі біртіндеп күш алып, соқпа-соқпа жолдармен қанатын кеңге жайып, бірте-бірте күрделене түседі.

Көп жылдар қудым артыңнан
Лашындай сызып жер қия
Бірде шығып шарыққа
Бірде сарықтым тұңғия.

Иә, ақын дұрыс айтады. Өмірдің мәнін, маңызын түсінген жанға бәрі ұғынықты тілде баяндалған. Қанша қусаң да жеткізбейтін тірлік, бірде батып, бірде шығып жанталасқан ғұмыр белестерін ақын өмірдің өзінен алып шабыттана жырлайды.

Күнім базар, түнім той,
Замандас жаран жиылып,
Зауық, сапа, өне бой,
Шат-шадыман күндерім.

- деп көңілді әуенмен, серпінді де шаттықты сарынмен үн қатады.

Алайда тарқамайтындай көрінетін тойлы, базарлы, шат-шадыман күндердің де соңы мен аяғы, шеті мен шегі болады екен. Ақын оқырманына осыны ескертеді, ой салады. Өмірдің бірыңғай шыли думанды сәттер мен көңілді оқиғалардан тұрмайтынын қаперлейді. Басталуы бар дүниенің ортасы мен аяқталуы бар. Шат-шадыман күндердің қызығын, думанды мезеттерін еске ала келе ақын:

Демедім бастан өтер ғой,
Дәурен өтіп, жас жетіп,
Замандас құрбы адамдар
Азайып келіп ол бітті,
Көрген түстей бәрі де
Көзімнен болды зым-зия.

- деп торыға жырға қосады. Өткен дәурен оралмайды, жас болса келіп қалды. Қатарлас замандастардың қатары сиреген. Алды о дүниелік болған. Көрген түстей, сағымдай болған қайтпас күндер. Ақын өмірдің шынайы құбылысын қоспасыз жырлайды. Көзден бұлбұл ұшқан дәуреннің қайта оралмас сәттерін ақын көз алдынан сырғытуда, сағынышпен ой елегінен өткізеді.

Шағалалы көлдер шалқыған,
Күмістей жүзі балқыған,
У-шу болып құстары,
Қаз, үйрегі қалқыған.

Ақын өскен ел, туған жердің әсем табиғатын оның тіршілік иелері - шағала, қаз-үйрегі мен олардың мекен тұрағы - өзен-көлдерімен байланыста алып жырлайды. Сонымен бірге өзен-көлдің өзге де мекен-тұрақшылары да назардан тыс қалмайды. Ақын оларды қайнаған тіршіліктің қам-қарекетімен қабыстыра өлең-жырға қосады.

Суына жылқы жабылса,
Шуақтап жатқан көп балық
Судың бетін үйіріп,
Тереңге қарай бұлқыған.
Судың бетін жел есіп,
Кесе-кесе жалданса
Иіндесіп, тіресіп,
Көбіктеніп толқыған.

Ақынның өзен-көлдің келбетін суреттеуінде үлкен шеберлік жатыр. Өлеңге жан бітіре, жандандыра, әсемдей безендіреді. Шуақтап жатқан көп балық, суға жаппай жабылған жылқы көл тіршілігінің картинасын ойдағыдай суреттеуге сеп болып тұр. Табиғаттың осындай әсем тартуын әспеттей жырлаған ақынның көңіл күйі кенеттен философиялық әуенге ауысады. Тыныш жатқан көлді, мамыражай тіршілікті жырлаған көтеріңкі көңіл күйді аяқ астынан, кенеттен бұлт басады.

Сондай бір көл суалса,
Бұлағы кеуіп құм алса,
Ақыры оның не болар?
Тарақтап айбар ту сыртын,
Аятпен қозғап жақ-ұртын,
Ауандап жүрген нән балық,
Басын соғып қайраңға,
Ит пен құсқа жем болар!

Бейнелеу тәсілін қолдануды шебер меңгерген ақын суалған көлді, кеуіп қалған бұлақты, қайрандап қалған нән балықты (кит), олардың зауал төнген шақтағы іс-әрекеттерін көрсету арқылы адам өмірінің аумалы-төкпелі кезеңін бейнелейді. Өмірдің өтуін табиғат құбылыстарымен, апат қауіптерімен байланыстыра, теңестіре, салыстыра елестетеді. Апаттың ақырын өмірдің соңымен шеңдестіріп, жарыстыра, салыстыра жырлайды.

Зауалы ауған айдын көл.
Қара жермен тең болар!
Бұтағы көпке қараған,
Жапырағы жайқалып,
Тамыры жерге тараған
Бәйтеректер қуарса,
Мұнарланып, буланып,
Әуелгідей көрінбес
Жолаушыға қиядан

- деп түйдектете жырлайды ақын. Басынан бағы тайған айдын көлдің қара жермен тең болуы, жапырағы жайқалып, тамырын тереңге жіберген бәйтеректің күндердің күні болғанда қуарып, суалап, мұнарланып, буланып, қадірлі қалпынан айырылғанын тұспалдап меңзеу - ақынның адам ғұмырымен, тағдырымен қатысы іс-әрекетін жеткізудің бір амалы десек те болғандай. «Көп жылдар қуған» дүниенің шекара сызығы да көрініп қалды. Базарлы күн мен тойлы түннің де таусылар, тарқар тұсы болады екен. Айдын көлдің саңқылдаған құстары да бұрынғыдай ән салмайды.

Қаршығасы шаңқылдап,
Лашын құсы қаңқылдап
Басынан оның ұшар ма,
Мамығын төккен ұлдан?!

Мәуелеп өскен бәйтерек ақыры шыдамады, басын иіп құлады, ғұмыры оның да таусылды.

Күні өткен бәйтерек,
Желмен құлар әлсіреп,
Іріп-шіріп жатумен
Ол да қара жер болар.
Заманы өтсе жастағы,
Сонда білер кей адам

Лауықта мандайына жазғанын [46, 189 б.].

«Құйрық етіп құлия, / Түлкідей қашқан жымия» - қарасын үзіп бара жатқан дүние (өмір) осылайша пәниден бақилыққа көшті. Адам баласының санаулы ғұмырының өту сатысын ақын осы өлеңінде қолға ұстатқандай баршаға түсінікті ұғымда тамаша бейнелей алған. Өлең классикалық үлгіде жазылған. Философиялық мәні терең, психологиялық ықпалы зор, тәрбиелік тағылымы тұрақты туынды қатарынан алары хақ. Өлең оқырманды еріксіз ойлануға мәжбүр етеді. Бұл өмірдің сабақтарынан қорытынды шығаруды дәріптейді. Автор өзінің айтпақ мәселесін, идеялық мұратын туынды бойына сыналай қағып, бірте-бірте дамыта жетілдіріп, оқырманын ойлануға жетелеп отырады. Ақын айтпақ болған тақырыбын бірден ашып жайып салмайды. Оқырманына бірте-бірте бой үйретіп, сеніміне кіріп, шошытпай, қорқытпай, ақырын ғана тәрбиесіне алып, баулып, бауырына басады. Түйіп айтқанда бұл өлең Шәңгерей шығармашылығының бәсін көтеріп тұрған мәртебесі биік туынды екенін айту ләзім.

Шәңгерейдің ақындығымен қоса және бір өнерпаздық қыры - аудармашылығы. Ақын ретінде тамаша өлең-жырлар туғызған Ш. Бөкеев аударма саласына да қалам тербеп көрген. Оның кейінге жеткен бір ғана аудармасы бар. Ол – «Қашқын» поэмасы. М.Ю. Лермонтовтың белгілі дастанын қазақ әдебиетінде алғаш аударушылардың бірі Шәңгерей аудармасының тақырыбы түпнұсқада «Горская легенда» делінсе, аудармашы оны «Тау шеркесінде болған оқиға» деп алған. Шәңгерейдің бұл аудармасына талдау жүргізген Қ. Жұмалиев [48], М. Тәжімұратов [44] т.б. зерттеулерінде шығарманың түпкі нұсқадан аса алшақтамай аударылғанына

назар аударады. Сонымен бірге көркемдік қуатында әлсіз тұстардың да кездесетіні сөз болады. Мәселен, орыс тіліндегі:

Мысли плывет,
Тих и спокоен.
А юноша-воин
На битьву идет
Ружье заряжает джигит.

- деп келетін тармақтар қазақшада:

Ай қалқып ақырын туады,-
Ер жігіт жауды қуады.
Мылтық жасар жігіттер,
Қыздар оны үгіттер.

- түрінде келеді. М.Ю. Лермонтовта:

А дева ему говорит:
Мой милый смелее
Вверяйся ты рону,
Молись востоку.
Будь верен пророку
Будь славе вернее

- боп жырланса, Ш. Бөкеевте:

Сүйіктім, менің құрбым дер,
Құбылаға жүзің бер,
Дұшпанға бол қайтпас ер!
Тайма Расул жолынан.
Берме намыс қолыңнан

- түрінде аударылған. «Қашқын» поэмасының Шәнгерей аудармасындағы үлгісі қазақ әдебетінің тәржіма тарихындағы алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде бағаланады.

1.3 Шығармаларының көркемдік қуаты, ақындық шеберлік

Ш. Бөкеев өз шығармаларында қазақтың әдеби тілін еркін, молынан қолданған. Сөз саптау тәсілі, ой жүйесі мейлінше бай және тұрақты. Сонымен бірге ақынның өмір сүрген дәуірінің ықпалына қарай кітаби лексика тілдерінің (иран, араб, парсы т.б.) ықпалы да жоқ емес. Туындыларында шарифат заңдылықтарының кейбір элементтері кездесуіне байланысты діни уағыз терминдері араласып отырады. Кей реттерде ақын өзінің айтпақ ой-идеясының үддесінен шықпақ ниетте кейіпкерлерінің іс-әрекетін даралау үшін құран тілінің, оның мазмұнының ізімен де жүріп отырады.

Ақын қолданған көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдарының жатықтығы сондай, оқырманын жалықтырмай жайымен елітіп, жетектеп отырады. Жүрекке жылы тиетін бейнелі сөздер мен тіркестердің шоғыры мол. Троптар

мен фигуралар мәтін мазмұнында үйлесімді өрнек тауып, шығарма әрін арттырып, көркемдік қуатын шыңдай түседі.

Ажарлау құралдары туынды тақырыбына қарай түрленіп, күрделеніп, еселене өң алып, әр тұста өлең-жырға мағына үстеп, жарығын төгіп, сәулесін шашып отырады.

Шәңгерей өлеңдерінде негізінен эпитет пен теңеу жиі қолданылады. Ақын қолданысындағы эпитет сөздердің басым бөлігі қазақ поэзиясында әу бастан бар тіркестерден тұрса, енді бірқатарын ақынның өзі дүниеге әкелген. Айталық, шөккен нар, жарық дүние, көк қақпа, қара жер, қалы кілем, қызыл құм, тал шыбық, жас көңіл, алмас қылыш, шыбын жан, жылы қан, ақ көңіл, майлы сүйек, ақ ниет, асқар тау, алтын сырға, жалғыз жар, ақ бет, ақ тас, жап-жасыл жер жүзі, сап ауа, титтей арман, көк найза, жанат бөрік, қызыл шарқат, ақтан көйлек, аршын төс, алма мойын, ақ жүз т.б. эпитеттер ұлттық тіл байлығының асыл қазынасы болса, ақын оларды өз шығармаларында жаңғыртып, сәтімен қолданған.

Ал, мына эпитеттерді ақынның өзі тудырған құбылту құралдарына жатқызсақ керек-ті. Олар: сусаған құлан, қазалы құлан, шая шөп, шыбын жан, бөкей тері, сексеуіл күрке, жалғаншы, жарық дүние, піл сауырлы қара жер, тас ұя, алалы сақа, саба құрсақ билер, еңіреген ерлер, бура сан, сұлу із, мойыл көз, тоқ жүз, қияқты төмпе, масақы келген шашақ, бәйшешек бет, ай белгілі ақ мешіт, жас көңіл, нән балық, ақты асық, дәулет құсы, ата дәулет, бала дәурен, жан жолдас, тар төсек, асық жар, адыра нәпсі, иман жүз, ақша бет, тас болат, тар қапа, алтын тақыт, зор ғұлама ишан, барқыт төбе, зер қарғы, арық қу, жекей тері, ғалым адам, т.б.

Ақын жоғарыда аталып, тізбеленген эпитетті сөздердің баршасын өз жанынан шығарды деуден аулақпыз, десек те әу бастан бар халық тіліндегі сәулелі сөздерді өз шығармаларында жаңаша мағына үстеп, жандандырып, қайта тірілтіп, басқаша өң беріп қолданды. Ұлттық тіл байлығын ұмыттырмай, күнделікті өмірде қолдануға лайықты етіп, жаңа бір ұғым туғызып, дамытып, жетілдіріп, жатсынбайтындай дәрежеге көтеруге еңбек қылған сөз зергерлерінің сапында Ш. Бөкеев те бар. Поэзияның көркем сөз өнерін жетілдіруші жанр екенін, рухани тәрбие құралы екендігін Шәңгерейдің кәміл ұққаны анық.

Ұлт поэзиясына айқындаудың біраз түрін, үлгісін алып келген Шәңгерейдің жырларында белсенді көрініс тапқан құбылтудың бір түрі - теңеу. Ақын құбылысты басқа затпен теңеп жеткізу амалдарын шебер меңгерген. Айталық:

Сұңқардай шалықтаған тас ұяның,
Болжаған жер қиянын, ер қиялым.
Мерт болған арыстандай айға шапшып,
Қайғылық айтып болған шер қиялым,

Осы төрт тармақта ақын теңеу сөзді, бейнелі ой-образды күшейтіп, әсерлі ету мақсатында сұңқар мен арыстанды тандаған да оған -дай жұрнағын тіркеп теңеу тудырған. Әрине, автор теңеу тудыратын сөзді әдейі

іздеп тапты деп айта алмаймыз. Ақын теңеулері оқырманға таныс, сол дәуірдің ұғымына, түсінігіне сай келетін халықтық қолданыстағы сөздер.

Жалпы алғанда ақын қолданысындағы теңеулер күнделікті мұқым жұртқа көз таныс заттар мен бұйымдармен жасалады. Мысалы: зер өрген шаибаудай, шайықтың ершатқа басатұғын мөріндей, қарындай үрген домалап, шыққан оқтай жаядан, түсі алтындай ақ сары, меруерттей ажары, қобыздай күңіренген, мақпалдай төсеп салған, мақпалдай көгерінкі, күмістей жүзі балқыған;

2) Жан-жануар, аң мен құс, жәндік-хайуандарға қатысты айтылған теңеулер: құмалақтай қорғасын, лашындай сарыққан қиядан, шытақтай жұқа құлағы, нән балықтай, сұңқардай шалықтаған, арыстандай айға шапшып, жәнәттің бұлбұлындай, тіміскі ұры иттей, тағыдай таңда бұйырып су ішпесем, түлкідей қашқан зымия, лашындай сызып жер қия;

3) Қоршаған орта мен табиғат құбылысына, адамзат баласына қатысты ұғымдардан пайда болған теңеулер: жасындай барып жалт етіп, көзіңдей сенің, қарқарадай шаншылған, құйрықты туған жұлдыздай, жолаушыдай шөл қаққан, адасқан арық қудай, баладай риясыз еркелеген, асқар таудай, айдындай ақ төсіңе, жұмақтың нақ төріндей, сопақша сұлу із салған, көрген түстей, патшалықтай бала жас.

Шәңгерей поэзиясында көркемдеуіш қызметін шінара болса да атқарып тұрған тіл құралының сапында антоним сөздерді айта кеткен жөн. Мағынасы қарама-қарсы мәнде келгенімен антонимдер де сөз өрнегін жасап қосымша реңк үстеген. Мысалы:

Кең сарай сахарада өтті күнім

Тас болат, тар қапада шықпайды үнім

Тең көрген бай-жарлыны, бала күнім

Болғанда жарың сондай, құрбың мұндай

Әуелінде бар болып

Ақырында жоқ болмақ

Күнім базар, түнім той

Ақын өлеңдерінің көркемдік қуатын танытуда ерекше қызметке ие боп тұрған фигураның бірі - қайталау. Қайталаудың бірнеше түрі бар десек, Шәңгерейде осының қай-қайсысы да кездеседі. Мәселен:

1. Жай қайталау:

Сұңқардай шалықтаған тас ұяның,

Болжаған жер қияның, ер қиялым.

Мерт болған арыстандай айға шапшып

Қайғының айтып болған шер қиялым.

Осы шумақтағы қиялым сөзі өлеңге онша салмақ салмай, бар болғаны екі жерде жай қайталанып тұр.

2. Еспе қайталау:

Бір күні едім мен бала

Бала болған сол жерлерім

Анау тұрған адыра

Адыра бір қалған Нарында

Адыра дедім Нарынды

Бұл мысалдарда нағыз еспе қайталанудың үйірлі, ұйытқылы түріне кезігеміз. Бала, адыра, Нарын зат есімдері бірде тармақтың соңында келіп, іле-шала келесі тармақтың басында келіп, еспе қайталау жасап тұр.

3. Анафора (әдепті қайталау):

Мақпалдай төсеп салған қайран жерім,

Мақпалдай көгеріңкі төсеп салған

Бұл тармақтарда логикалық ой бастапқы сөзде (мақпалдай) тұр және төсеп салған тіркесі екі рет қайталанып, еспе қайталау мен кезекті қайталаудың (анафора) элементін қоса қамтыған.

4. Эпифора (кезекті қайталау):

Кезекті қайталауда бір сөз өлең тармағының аяғында немесе логикалық ойдың соңында араға бірер жол салып қайталанып отырады. Мысалы:

Әуелі ата-анадан туған інің,

Аз уақыт олармен тұрған інің,

Бес жаста жұда болып ата-анадан,

Аш белін жетімдікке буған інің

Уайымсыз балалықтың арқасында

Болмады еш азалы оған інің.

Ат етіп тал шыбықты қайғы орнына,

Қоңызды, көбелекпен қуған інің

Алалы сақа менен ақты асыққа

Таласып бетін жасқа жуған інің

Осындағы туелдік жалғауының II жағында тұрған інің сөзі бірнеше рет сөз соңында келіп кезекті қайталаудың шоғырлы үлгісін жасап тұр.

Ш. Бөкеев поэзиясында қайталаумен бірге айшықтаудың және бір түрі – градация (дамыту) да кездеседі. Әдебиет зерттеушілері градацияны түйдектету және баяулату деп екіге бөледі. Шәңгерей туындыларында осының екеуі де ұшырасады. Түйдектетуге мысал:

Шағалалы көлдер шалқыған

Күмістей жүзі балқыған

У-шу болып құстары

Қаз, үйрегі қалқыған

Суына жылқы жабылса

Шуақтап жатқан көп балық

Судың бетіне үйіріп

Тереңге қарай бұлқыған

Судың бетін жел есіп

Кесе-кесе жалданса

*Индесіп, тіресіп,
Көбіктеріп толқыған
Баяулатуға мысал:
Шат-шадыман күндерім
Демедім бастан өтер зой,
Дәурен өтіп, жас жетіп,
Замандас құрбы адамдар
Азайып келіп ол бітті,
Көрген түстей бәрі де
Көзімнен болды зым-зия*

Немесе:

*Күні өткен бәйтерек,
Жермен құлар әлсіреп,
Іріп-шіріп жатумен
О да қара жер болар,
Заманы өтсе жастағы,
Сонда білер кей адам
Лауықта маңдайына жазғанын.*

Өлең сөзге әр беріп, құбылтып отыратын бейнелеуіш құралдарының қатарына дыбыстық қайталаулар да жатады. Бірыңғай дауыссыз дыбыстардан басталып, қайталанып келіп отыратын ажарлау түрі аллетрация делінсе, оның үлгісі Шәңгерей поэзиясында төмендегінше кездеседі екен:

Құдыққа құлан құлаған

Құлағанда құрбақа

Қауіп-қатерсіз ойнаған.

Ал аллитерацияға қарама-қарсы мәнде қолданылатын дауысты дыбыстардың қайталануында ассонанс деп аталса, оның мысалы ақында төмендегідей жүйеде өрнектелген:

Адамнан артық ажар, ақыл, айлаң,

Ажары аң бетінің асқан айдан

Адасқан арық қудай болдым асық

Адасқан ақ төсіңе, асыл айнама!

Дыбыс қайталаушылық ақын туындыларының көркемдік мәнін арттыруға үлкен көмегін тигізіп, шығарманың мазмұнын күшейтіп отырады.

Шәңгерей өлеңдерінде әдеби тіл нормасына сыймайтын бір шоғыр тілдік ерекшеліктер бар. Ол – ақынның діни кітаптардан алған араб, парсы, иран, т.б. сырт жұрттан енген кірме сөздер. Оларды ақын әдейілеп кіргізбегені анық. Өзінің өмір сүрген ортасына қарай, сол заманның тыңдаушыларының қабылдауына лайықты стильде жырлады. Туындының әсерлілігін күшейту мақсатында құран кітаптарында, шарифат туралы хиссаларда кездесетін оқиғалар кейіпкерлерін немесе сол дәуірдің ауызекі тілінде ұшырасатын сөздері мен сөз тіркестері Шәңгерей өлеңдерінде жиі қолданылған. Айталық, Ғазырайыл, шайық, Сүлеймен, Нұрлықаят, Шайқұлислам, Бағирам, т.б. жалпы және жалқы есімдер діни хиссалар

кейіпкерлері болса, ғасыл, шәйтани, хикмет, аят, ауан, лауық, зауық, құлия, тұңғия, Ніл өзені, Қап тауы, тақыт, бина, мәрмәр, перғауын, дажал, жәннәт, кәмәм, Қап тауы, мәлиек, динар, сәйір, қара санай, пәни, ғарапат, ықырам, шарғы, рауа, сәйір, ғаса, кәлим, тамұқ, заріп, қарқара, ершат, пан, зауық, ғазиз, хақ, диуан, қиямет, мақшар, мизаң, сират, т.б. сөздер діни кітаптар арқылы қазақ арасына тараған мұсылман халықтарынан келген тілдік тасымалдар.

Ш. Бөкеевтің прогресшіл көзқарасын танытатын, ұғым-түсінікті жаңашыл бағытқа бұрған сөздерге ғылым, ғалым, империял динар, пәндер, Эдисон, Бұхар, Қазан, Істерлі, өнер, химия, мәрмәр, мұхит. т.б. жатады.

Ш. Бөкеев – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орны бар классик ақындардың бірі. Өзі өмір сүрген дәуірдің талаптарына сай, орысша оқып білім алған, Еуропа дүниесінен хабары бар, сергек ойлы жан болған. Астрахань реалды училищесінде, Орынбордағы кадет корпусында оқыған деген деректер бар. Әйтсе де, оның қай қалада, қай оқу орнында білім алғандығы жөнінде әлі де толық, нақты, дәлелденген құжаттар табылмағандығынан да айта кету жөн болмақ. Шәңгерей зерттеушілері бұл мәселеде үлкен ізденістер жүргізіп, ақын өмірі мен шығармашылығынан тың, соны деректер табуға ұмтылуда.

Түйіп айтқанда, Ш. Бөкеевтің әдеби өлкеміздің тарихында өзіндік орны бар. Оны қазақ лирикасына жаңалық әкелген, ұлт поэзиясын белгілі бір деңгейде байытқан, жаңаша дәстүрді тудырған үлкен ақын-суреткер есебінде танимыз.

2. ҒҰМАР ҚАРАШ (1874-1921)

2.1 Ақынның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басы қазақ халқының тарихында ұлттық сананың оянып, қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуына, рухани құндылықтардың өркендеуіне жол ашқан кезең болғандығы белгілі. Осы тұста жарқын өмірге қол созған ұлт зиялыларының да көкsegені азаттыққа қол жеткізу, ел бірлігін сақтау, халқымызды надандықтың шырмауынан босату еді.

Ұлт мүддесі үшін адал еңбек етіп, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылық мұрасы арқылы туған халқының қараңғы қапастан құтылып, нұрлы болашаққа қадам басуына жөн сілтеген көрнекті ағартушы, ойшыл-философ, қайсар қайраткер, талантты ақын, қарымды қаламгер Ғұмар Қараш – өз дәуіріндегі ақындық өнерде өшпес мұрасы, өзіндік орны айқын, қайталанбас тұлға.

Елінің тәуелсіздігін армандап, ұлтының келешек өміріне, ұрпақ болашағына алаңдаған ғұлама жарқын өмірді білім мен ғылым жолынан іздеуге шақырады. Өз заманында «Ойға келген пікірлерім» (1910), «Қарлығаш» (1911), «Бала тұлпар» (1911), «Тумыш» (1911), «Өрнек» (1911), «Бәдел-хажы» (1913), «Аға тұлпар» (1914), «Тұрымтай» (1918) өлең-жыр,

ойтолғам жинақтарын жариялап, «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» (1910) және «Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уә ғайри мағыналы жырлар» (1911) атты батырлар жырының жинақтарын шығарды.

Ғұмар Қараш өмірі мен шығармашылық мұрасына зерттеу жүргізу 1939 жылы өткен Қазақстан жазушыларының екінші съезінің шешімімен жаңаша бағыт ала бастады. Оған дейін жазушы Ғ. Мүсірепов 1924 жылы 24 наурызда «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Қисық сынға әділ төре» [49] атты мақаласында Ғұмар Қараштың өмірі туралы қысқаша мәліметтер келтіреді. Н. Манаев 1934 жылы «Шәңгерей. Өлеңдер жинағы» [33] деген еңбегін жариялап, Шәңгерей мен Ғұмар Қараштың өлеңдеріне салыстырмалы талдаулар жүргізеді. Сол секілді С. Мұқанов та 1932 жылы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» [50] мақаласында ақынның таңдаулы еңбектеріне тың талдаулар жасайды. Ал Е. Ысмайылов 1940 жылы баспадан шыққан 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиетінің» [51] арнайы хрестоматиясының II бөлімінде ақынның бірнеше өлеңдерін жарыққа шығарады. Ғұмар ақынның өмір жолы мен шығармашылығы тұрғысында алғаш мәліметтер келтіріп, пікір білдірген ғалым да осы Е. Ысмайылов болды. Ғалым М. Ысмағұлов «Ғұмар Қарашевтің тәлім-тәрбие туралы пікірлері» [52] атты мақаласында Ғұмар ақынның педагогикалық ой-пікірлерін сарапқа салады. А. Нұрқатов «Абайдың ақындық дәстүрі» [53] деп аталатын еңбегінде ақын өлеңдерінің көркемдік қырына үңіледі. Бұған қоса, Қ. Сыдиықовтың «Тайталас тағдыр кешкен» [54], С. Өзбекұлы мен А. Ысмайыловтың «Ғұмар Қараш. Өмірі мен қызметі» [55], «Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары» [56], С. Өзбекұлының «Арыстары алаштың» [57], Б. Тайырованың «Ғ. Қараштың философиялық көзқарасы» [58], И. Кенжалиевтің «Ғ. Қараш туралы кейбір тың мәліметтер» [59] атты еңбектері, С. Ысмағұлованың «Қиын да сұлу тағдыр» [60], С. Аққұлұлының «Ғұмар Қараш» [61], Р. Жанғожин мен С. Созақбаевтың «Қайраткер Ғұмар Қарашев» [62], В. Иночкиннің «Гумар Караш: судьба поэта, культурное наследие» [63], М. Иванованың «Гумар Караш» [64], С. Созақбаевтың «Ғұмар Қарашев – ғалым-педагог» [65], Б. Шканованың «Ғұмар Қараш – ғұлама дарын» [66], М. Тәж-Мұраттың «Біз білмейтін Ғұмар Қараш» [67], Қ. Құттымұратұлының «Ғ. Қараш туралы тың деректер» [68] сынды мақалалары мен зерттеу еңбектері Ғұмар ақынның өмір жолы мен әдеби мұрасының, қоғамдық қызметінің көпшілікке беймәлім тұстарынан сыр шертеді.

Әдебиеттанушы-ғалым Қабиболла Сыдиықовтың құрастыруымен 1994 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Замана» кітабы Ғұмар Қараш мұрасы топтастырылған толымды еңбек ретінде ұсынылды.

Сондай-ақ, 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық баспасөздің негізін қалаушылардың бірі, Алаш қозғалысының қайраткері, көрнекті тұлға, өр рухты ақын Ғұмар Қараш мұрасының үш томдығы жарық көрді. Аталмыш жинақтардың алғашқы томы ақынның поэзиялық туындыларына арналса, екінші томында публицистикалық

мақалалары, ой-толғамдары жарияланған. Жинақтың үшінші томында Ғұмар Қараш хақындағы зерттеу еңбектер мен мақалалар, естеліктер жинақталып берілген.

Ұлтжанды ақын Ғұмар Қараш 1874 жылы «Қыркұдық, Борсы – көліміз, Иргелі мынау еліміз» [45, 149 б.] – деп өзі жырға қосқан бұрынғы Бөкей Ордасындағы Борсы жерінің Қыркұдық мекенінде, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданына қарасты елдімекенде дүниеге келген. Бүгінгі күнге дейін ақынның дүниеге келген жылы түрліше қарастырылып жүргендігі белгілі. Оған дәлел ретінде Қ. Сыдиықовтың «Замана» жинағында ақынның 1875 ж. дүниеге келгендігін, И. Кенжәлиевтің «Ғұмар Қараш» кітабында ақынның 1920 жылы көкек айында өз қолымен толтырған Бөкей губерниялық партия комитетіне тіркеу карточкасындағы «жасым 45-те» деген дерекке сүйеніп, 1875 жылы туған деген пікір айтқандығын келтіре аламыз. Өз кезегінде ғалым М. Тәж-Мұрат та Ғұмардың туған жылын 1875 ж. деп көрсетеді. 2018 жылдың 12 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Қ. Құттымұратұлының «Ғ. Қараш туралы тың деректер» мақаласында: «Уфа архивіндегі деректе: «Ішкі қырғыз (қазақ) ордасы Талов қисымы №1 старшындықтың ахуны Ғұмар Қарашев» өз қолымен толтырған метірке кітабында «Мешіт құзырында болған имам уа мударистердің есімі, фамилиялары һәм туған жылдары» деген бағананың тұсына араб әрпімен: «Имам хатиб уа мударрис ахун Ғұмар Қарашоф 1874 санати миладие, 1291 санати хижратие уәжуде келміш-дүр» деп жазған екен. Яғни Ғұмардың милади жыл санауы бойынша 1874 жылы, хижра бойынша 1291 жылы дүниеге келгені анық болды» [68] – деген дәлелді пікір айтылып, бұл мәселеге біржола нүкте қойылды.

Бала Ғұмар жеті жасында әкесінен жетім қалып, ағайындарының қолдауымен ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашады. Ғұмар Жазықов, Ысмағұл Қашқари сынды молдалардан, Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен білім алып, ұстазының қолынан куәлік алады. Жас кезінен оқуға ынталы, білімге құштар Ғұмар 1902-1910 жылдары Тіленшісай, Борсы мекеніндегі, Шәңгерей ауылындағы балаларды оқытып, өмір жолын жаңа бағытқа бұруға талпынады. Ақынның өзге тілдерді еркін меңгеріп, қазақ ақын-жазушыларының құнды шығармаларымен сусындап қана қоймай, орыс, шығыс әдебиеттерімен танысуы ақын бойына өлең-жырға, әдебиетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Әдебиеттанушы-ғалым Мақсат Тәж-Мұрат «Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы» атты монографиялық еңбегінде: «Ғұмардың руы – Кіші жүз құрамына кіретін Ноғайқазақ. Ноғайқазақ іштей: Қостаңбалы, Қазанқұлақ, Үйсін, Қояс дейтін төрт арысқа бөлінеді. Ғұмар соның Қоясы. Қоястан – Оразақай, Қанай, Жолай, Әжі туады. Оразақайдан – Нияз, Жылмамбет, Бозай. Нияздан – Жәңгір ханның он екі биінің бірі, ханды Исатай-Махамбет көтерілісі кезінде құтқарып қалды делінетін Шомбал туады. Бозайдан тоғыз ұл көрген. Соның үлкені Наурызәліден Қараш, Жанарыстан, Биарыстан, Қабан туған. Қараштан бес бала – Арыстанбек,

Рақила, Оспан, Ғұмар, Сыдық» [69, 4 б.] – деп ақынның ата-тегін, түп тамырын нақты көрсетіп береді.

Бұл тұста Ғұмардың ата тегінен, туған мекенінен хабардар ететін «Ноғайлы» өлеңі де:

Ноғайлы ер туысқан елім екен,
Кір жуып, кіндік кескен жерім екен.
Суы бал, оты – секер қайран Борсы,
Ордалық кең орнаған көлім екен.
Қайыспас қабырғалы қалың жұртым,
Дұшпанға қарсы тұрар белім екен.
Сыйласып сыр сақтаған азаматтар,
Ағайын арасында желім екен.
Ел іші – алтын бесік, тербеген гүл,
Жүрекке салған желі керім екен [45, 147 б.]

(«Ноғайлы»)

- ақынның Ноғайқазак руынан шыққандығына, кіндік қаны тамған туған жерінің, қалың қазақ жұртының, қайсарлық қанына біткен ұлтының қамын ойлап, шындығын жырлар рухты перзенті болғандығына айқын дәлел бола алады.

Руханиятымызды қайта жаңғырту бағытындағы маңызды шаралардың бірі – бұрын жете зерттелмеген, туындыларымен танысуға тыйым салынған, жан жақты қарастырылмаған әдебиет тарихындағы талантты тұлғалардың мұраларын зерделеу десек, Ғұмар шығармашылығының тереңіне үніліп, кеңінен талдау жүргізу дұрыс шешім болары анық. Ғұмар Қараштың өмірі, қоғамдық саяси қызметі мен шығармашылық мұрасының кең деңгейде зерттелуіне үлкен үлес қосқан тарихшы ғалым Б. Боранбаеваның: «Ғ. Қараш – өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың кінәсіз құрбаны болып жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ интеллигенциясының қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі, қоғам және саясат қайраткері, шығармашылықтың ірі өкілі» [70, 3 б.] – деген оңды пікірі Ғұмар ақынның әдебиет әлеміндегі алар орнын айқындайды.

2.2 Ұлт мүддесін, рухани құндылықтарды жырлаушы ақын

Ғұмар Қараш отаршыл жүйенің езгісіне тап болған халқымыздың хал-ахуалын, ел ішін әуре-сарсаңға салып, қысым көрсетіп отырғандардың қылықтарын, пасықтығын әшкере етіп, небір зұлмат күндерді басынан кешіп, қиындықтың сан түрін көрсе де, туған еліне, ұлтына деген сүйіспеншіліктерін жоғалтпаған Алаш жұртын азаттық пен теңдікке, рухани жаңғыруға, надандықтың құрсауынан шығуға бағыттаған өлең-жырларын, ой-толғамдарын өзінің арман-мақсатын ел тілегімен ұштастыра отырып жазады.

Ақын шығармашылығын зерттеуде өзіндік тың пікірлерімен, ой-тұжырымдарымен ерекшеленген белгілі зерттеуші-ғалым Е. Ысмайыловтың:

«Ғұмар – Абайдан кейінгі дәуірдегі, яғни ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде іргелі орын алатын ірі классик ақын, қазақтың жазба, көркем әдебиетін дамытуда, әдебиет, тілін қалыптастыруда Ғұмардың тарихи еңбегі ерекше. Ғұмар – үлкен суретші, шебер, көркем сөздің ұстасы. Ақынның қазақ поэзиясына кіргізген жаңалығы да аз емес» [71, 3 б.] – деп баға беруі де, Ғұмардың ақындық қабілетін даралап, суреткерлік шеберлігін шыңдай, жазушылық қырын дәлелдей түсері сөзсіз.

Ғұмар Қараш шығармаларының басты тақырыбы – сол кезеңнің ұлттық мәні бар саяси, әлеуметтік көкейтесті мәселелері, дәуір келбеті, қоғам шындығы, заманның қиын көріністері, рушылдықты, талапсыздықты, жалақорлықты, атаққұмарлықты, теңсіздікті сынау, адамзат қауымына адамдық қасиеттерді насихаттап, келеңсіз қылықтардан арылуға үндеу, оқу мен ғылымның, өнер мен білімнің көмегімен қараңғы қапастан құтылуға жол көрсету. Ақын шығармаларының тереңіне үңіліп, тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін атап көрсеткен әдебиетші-ғалым Өмірхан Әбдиманұлы өзінің «ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» атты еңбегінде: «Ғұмар поэзиясында реалистік шындықты жырлау басым болып келеді. Тақырыптық тұрғыдан алғанда поэзиясында патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсылық басымдау жатады. Өлеңдерінде тек жалаң күресте емес, өнер-білім арқылы жүзеге асатын саяси күресті алға қояды» [72, 282 б.] – деп тұшымды ой, орынды пікір білдіреді.

Көрнекті ақын өлең жазуда қоғамның шынайы келбетін сипаттауды, келер ұрпақты білім мен ғылым жолына бағыттауды мақсат етіп қояды. Билік өкілдері мен ауқатты, бай шонжарларды мадақтауды, басшылар мен дін иелеріне жағымпаздандуды ар санаған, мүлдем жақтамаған ақын қоғамның ащы шындығы турасында қалам тербеуге, батыл сөз айтып, ескерусіз қалған мәселелерді алға тартуға, заман ақиқатын еш өзгеріссіз дәл сол қалпында жеткізуге тырысады. Асқақ рух пен адамгершілікті, шынайылық пен мейірімділікті, адалдық пен тазалықты ту қып ұстаған және де өз халқының келешектегі тағдырына, келер ұрпақтың болашағына бейқам қарай алмаған ұлтжанды ақынның Қазан төңкерісінен соң туындаған қоғамдық-саяси өзгерістерге жат көзқараспен қарағаны, сан түрлі әлеуметтік бұрмалаушылықтарға наразы болғандығы, биліктің озбыр әрекеттеріне қарсы күрес ашқаны белгілі.

Ақынның арманы мен болашағына деген сеніміне толы «Алашқа», «Алаш азаматтарына», «Қазақ жыры», «Неден қорқам?», «Күн туды», «Өтер ме екен?», «Көреміз бе?», «Саған не болды?», «Келер ме екен?» сынды туындылары ұлтын сүйген, қазақ халқының болашағын ойлаған, тәуелсіз ел болуды армандаған, бостандықты, азаттықты көксеген перзенттік сезімнен туған тебіреністі өлеңдер екендігі айқын көрінеді. Ақын өз өлеңдерінде сол кезеңде бір ғана қазақ ұлтына емес, өзге ұлттардың бәріне дерлік кесірін тигізіп, қасіретін әкелген отарлық биліктің қиямет зобалаңын, алапат зардабын, өлшеусіз кесірін, есепсіз шығынын болжай біледі.

Ғұмар ақын өзінің «Саған не болды?» өлеңінде:

Дүние толды өсек-аяң, жер солды,
Елемесең, елім, байқап оң, солды.
Өтер жолың тайғақ кешу тар жол-ды,
Байқамастай, елім, саған не болды?
Дұспан шықты, жан-жағыңды қамады,
Жиғаныңды алды, өртеді, талады,
Қарсылассаң тамағыңнан шалады,
Мұны көрмей, жұртым, саған не болды? [73, 125 б.]
(«Саған не болды?»)

– дей келе, автор ерлік дәстүрі айқын, ұлттық болмысы, ар-намысы, қаны таза қазақ халқының бұл күндегі басына түскен қиыншылықтарға, ауыр кезеңге, әлеуметтік-саяси өзгерістерге жаны ашып, жалынды жырлары арқылы ұлтын оятуға тырысады. Бөгенбай, Наурызбай, Қобыланды сынды батырлар туған, Шыңғыс, Керей, Жәнібек, Бөкей секілді хандар билік құрған, жайлауында құлын-тайы ойнаған, шешен сөйлеп, қолына найза алып ерлікпен күресе білген батыл әрі дана халықтың «тар жол тайғақ кешуге» тап болғанын, өнер-білімнен, оқу-ғылымнан ада, шынайы өмірден қалыс қалғанын ашына жырға қосады. Ақын ұрпағыңды – құлға, аруыңды – күнге айналдырардай заманның туғанын, қолдан келсе жаншып тастауға дайын тұрған биліктің үстемдік құрғанын тілге тиек етеді. Осы тұста С. Ботпайұлының «Ғұмар Қараш және Алаш идеясы» атты мақаласындағы: «Қай істе болмасын дос пен дұшпанын айыратын Алаш перзентінің мерейі қашан да үстем, өзгелерден еңселі болуы үшін оқу-білімнің тереңдігі, береке-бірліктің жоғарылығы, ұлттық сана-сезімнің асқақтығы, саяси бағыт-бағдардың айқындығы, қоғамдық және діни имандылық ұстанымдарының нақтылығы қажет. Осындай іргелі шарттарға иек артқан, оны ұстанған ұлттың алар асуы, шығар биігі де зәулім болмақ» [74] – деген пікірі ойымызды нақтылай түседі.

Ақын ұлт мүддесін, замана күйін жырлаудағы өзіндік ой-пікірін «Қазаққа» өлеңінде одан әрі жалғай түседі. Ұлан-ғайыр атырабы, кең байтақ жері бар, дала толы кені бар, шежірелі тарихы, ержүрек ұрпағы, жалынды жыршысы, орақ ауызды, от тілді шешені бар қазақ ұлтының заман ағымына үнсіз ілесіп, жайбарақат, мамыражай күн кешіп жүргеніне таңданысын білдіреді.

Бес қарыс бетегелі жерім бар-ды,
Бұрқырап шығып жатқан кенің бар-ды...
Көк етті, көн терілі көш бастаған,
Шекелі, күшті қошқар ерің бар-ды,
Кетсе де ердің құны, нардың пұлы,
Инабат ерге біткен сенім бар-ды [45, 149 б.]
(«Қазаққа»)

– дейді туған елінің тағдырына алаңдаған, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Ғұмар ақын. Ұлтының басына түскен ауыртпалықтарға, қилы кезеңге қамыққан ақын, азаматтық, адами көзқарастарын білдіріп, жалынды

жырлары, тебіреніске толы толғаулары арқылы қалың жұртқа басу айтады. Тарихтың сұрапыл заманындағы қазақ ұлтын сынағысы келген қатерлі өткелден зардапсыз өту кезінде ұлттың бірлігімен, халықтың ауызбіршілігімен жүзеге асатын нақты іс қана мақсатқа жеткізетінін еске салады.

Келгенде жабырқама бұл кезіңе,
Құлақ сал бастап жүрген ер сөзіне...
Қорғалап, кібіртіктеп кейін қалма,
Жау болма тар заманда өзді-өзіңе.
Қамықпа, қарайлама ілгері жүр,
Батыл бас аяғыңды, бақ көзіңе,
Көзінді аш, есінді жый, жәйды байқа,
Саф алтын ауыстырма сары жезіне.

Осы бір жыр жолдары арқылы ақын бейқам жатқан жұртына қозғау салады, өткенді артта қалдырып алға қарай ұмтылуға, ел арасында бірлікті сақтап, жұмыла еңбек етуге, білім мен ғылым жолында батыл әрекет жасап, нық қадам басуға үндейді. Келер ұрпақтың болашағы, халқымыздың игілігі үшін Жер-анамызды ешбір елмен, өзге ұлтпен бөліспей, қазба байлықтарымызға өзіміз еге болып қалу жайын мақсат етіп қояды. Отанды қорғау, ұлтты сақтап қалу секілді маңызды мәселелерді қоғамдық деңгейге көтеріп, жұмыла әрекет етуге шақырады.

1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Аға тұлпар» жинағында жарияланған «Замана жайынан» өлеңінде ақын қазақ халқының сан ғасырлар бойы ауыр азаппен өткен тағдырын еске салады, талай шапқыншылыққа, түрлі сынаққа, шиеленіске толы заманға тап болса да тайсалмай төтеп беріп, ұлтын, атамекенін қорғай білген, елдігі мен бірлігін, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын сақтап қалған елін жырына арқау ете келе, бүгінде арнамысты емес, атақ, шенді алдыңғы орынға қоюды талап ететін заман келгенін жырлай келе:

Өнер менен білім жоқ,
Білімсіз қазақ күнің жоқ.
Күн көретін түрің жоқ,
Өзіңді, өзің зор көріп,
Басқаларды қор көріп,
Мен қазақ деп жүрсең де,
Білімсіз, надан болған соң
Бір тиындық пұлың жоқ [73, 173 б.]

(«Замана жайынан»)

— деп халқының өнер мен білімнен, ғылымнан кенде қалғанын, надандықтың құлдыққа әкеліп соқтыратынын ашына айтады. Басқалармен тең дәрежеде, сәнді де мәнді ғұмыр кешуге ең алдымен надандықтан арылып, адамдыққа жол салу керектігін, көрсеқызарлыққа салынбай, атақ пен даңққа құмартпай, білім алуға ұмтылу қажеттігін баса айтады.

Ғұмар ақын күш көрсету, озбырлық арқылы орнаған биліктің халық арасында теңдік пен азаттық орнатуындағы алғашқы қадамдарының қоғамдық даму заңдылығына кері әсерін тигізетіндігін және өзгені таптап, жаныштау арқылы орнатқан бостандықтың мәңгілік болмайтынын ұран етеді. Сол себептен әр ұлт өз жерінде, өз елінде мемлекет құрып, билік орнатып, сара жол қалыптастыру қажеттігін алға тартады. Дұрыс бағыттан ауытқып, жолынан адасып, дүние қуған, байлыққа мастанған топтарды сынға алады.

Ұрмақ көктен жерге енбек емес,
Мезгілсіз бірнәрсе де келмек емес:
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.
Табиғат заңы, жолы өзіне хас,
Ешкімнің жетегіне жүрмек емес:
Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы,
Көрінген о бір сағым көзіңе елес.
Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасаң,
Жындыға айтар сөз жоқ құрып кеңес [75].

(«Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы»)

Ақынның осы бір «Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы» деген азаматтық рухқа толы өлеңін қазақ ұлтына қозғау салар, ұрпаққа бағыт көрсетер нағыз ұлағатқа толы жыр деуге болады.

Ғұмар ақынның шығармашылық дүниетанымының қалыптасу жолында жыраулық дәстүрдің, Бұқар, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Мұрат, Махамбет сынды жыраулар поэзиясындағы ұлттық идеялардың әсерін тигізгендігі айқын аңғарылады. Ортағасырлық жыраулық дәстүрдің аса көрнекті өкілдерінің бірі Шалкиіз Тіленшіұлы өлең-толғауларында ерлік, батылдық, адамгершілік, Отанды сүю, ұлт мүддесін қорғау сынды тақырыптар тереңнен қозғалады. Жалынды жыраудың өлең-жырларымен сусындаған Ғұмар ақынның туындыларынан жыраулық дәстүрдің ұшқындарының көрініс табуы да белгілі жағдай. Оған дәлел ретінде Шалкиіз Тіленшіұлы «Асқар, асқар, асқар тау» толғауын:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан шырлап ұшып қона алмас,
Бүркіттен қыран құс болмас,
Баулуы жетпей бөрі алмас [76, 76 б.]

(«Асқар, асқар, асқар тау»)

– деген жыр жолдарымен бастап, қоғамдағы жаман мен жақсыны айыра сипаттап, тебірнеіске толы жыр шумақтары арқылы қалың жұртшылыққа рухани күш береді. Ғұмар ақын «Замана жайынан» өлеңін осы бір дәстүрге сүйене отырып:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқар таудан жоғары,

Асып едің, ер қазақ.
Жортуылдай жорытып,
Ор қояндай орытып,
Жер шетіне аяғың
Басып едің, ер қазақ [45, 36 б.]
(«Замана жайынан»)

– деп толғайды. Бұл толғауында да ақын қалың оқырманын сол кезгі заман жайынан, дәуір тынысынан, халық тағдырынан, биліктегілердің пасық әрекеттерінен, тірліктің сұмдық көріністерінен хабардар етеді. Өткеннің жайсаң күндерін аңсай отырып, келешегінен зор үміт күткен қазақ ақынының азаматтық сарыны анық байқалады.

Ғұмар ақынның аталмыш толғауының екінші бөліміндегі:
Аспанды бұлт құрсайды,
Құрсағанын байқасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Ғаламға барша нұр берген,
Аспандағы жарық жалғыз күн.
Нұры күңгірт тартады
Оны да байқай қарасаң,
Қараңғылық қаптап сәулесін,
Тұтылғанға ұқсайды.

– деген жыр жолдары Шалкиіз жыраудың «Би Темірге айтқан бірінші толғауындағы»:

Аспанды бұлт құрсайды -
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды -
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды [76, 78 б.]

(«Би Темірге айтқан бірінші толғауы»)

– деген өлең өрнегімен үндестікте екендігі сыртқы пішінінен де, ішкі мазмұнынан да анық байқалады. Бұл тұста екі ақын да қазақ халқының басына төнген қауіпті нұры күңгірт тартқан күннің, көк аспанды құрсауына алған бұлттың бейнесі арқылы шынайы көрсеткісі келген. Еркін қонысынан, көк орай жерінен, асқар белінен айырылғалы тұрған халқының жайын жырлаған қос ақын да мамыражай заманды, тәуелсіз күндерді аңсайтыны сөзсіз.

Халық басына түскен ауыр қасіретті, қиын күндерді, сұсты заман көріністерін қайғыра жырлаған Шортанбай Қанайұлы өзінің «Зар заман толғауында»:

Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды.
Жөн білмеген жамандар,
Ел билеген бек болды,
Көтере алмай билігін,

Ұласқан үлкен кек болды [76, 89 б.]

(«Зар заман толғауы»)

– деп, патша үкіметінің озбырлықтарын, биліктегілердің ессіз әрекеттерін, ел ішінде ауызбіршіліктің, бірліктің жоғалып бара жатқанын, қазақ халқының шаруашылық жағдайының төмендеп, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің нашарлап кеткенін, ой-санасы қараңғылықта қамалған жұрттың ащы зарын жырға қосады.

Ғұмар да «Замананың адамы» толғауында дәуірдің шынайы келбетін сипаттап, тозған заманның шырмауына шырмалған халықтың жай-күйінің нақты көріністерін суреттеп береді. Билік басына келген басшылардың бойынан адамдық қасиеттердің біреуін де көре алмаған ақынның, халқының болашағын, ұлтының келешек өмірін ойлаған жан тебіренісі, арын таптап, саудаға, ақшаға, ойынға құмартқан адамдардың тіршілігін тебірене толғаған мына бір өлеңінде:

Замана азған шағында,
Мұндай да мұндай хал болды,
Ел ағасы паң болды,
Адалдық, ақтық білмейді,
Ары, діні мал болды.
Елге намыс келтірді,
Ерді шағып өлтірді [45, 77 б.]

(«Замананың адамы»)

– деуі ақын өлеңдерінің мақсатын, ұлт перзенті ретінде аңсаған арман-тілегін толық айқындап береді.

Одан әрі Шортанбай ақын ақырзаман келгенде өмір тіршілігіне тұтастай өзгеріс әкелгенін, бай мен кедей арасында әлеуметтік теңсіздіктің орын алғандығын, адамды сиқырлап алатын ақша деген нәрсенің шыққандығын:

Заманақыр боларда,
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ
Ақша деген мал шықты

- деген жыр жолдарымен жеткізуге тырысады. Заманнан күйінген, халықтың мүшкіл халіне жаны ашыған ақынның жан толғанысы дәуірдің шынайы келбетін көз алдымызға әкеледі. Ел арасында ұрлық, озбырлық, парақорлық, қиянат көрсету, жәбірлеу секілді әрекеттердің кең таралуына қынжылған ақын өз толғауында, басты себеп ретінде танылатын нәрселерді санамалап айтып шығады.

Осы ретте Ғұмардың да өлеңінде халық арасына жік салған, бір-бірін араздастырып, талас-тартысқа түсірген, адал еңбектен гөрі жеңіл жолмен пайда табуды көздеген пайдакүнем, атаққұмар жандар көбейген заманның келбеті сипатталады.

Ел адасып азған соң,
Бағытынан тозған соң,
Ес аударған сиқыршы
Ала қағаз бұл шықты.
«Қой» деп айтсаң тыңдамас,
Одан жаман өшікті.
Артына түсіп қалмастай,
Арымастай, талмастай,
Қызық тағы су шықты

- деп тебірене жырлайды Ғұмар ақын. Өзге ұлттардың артына ерген халқына білім жолын бағыттап, көңілдерін оятып, жағдайларын жақсартуға тырысса, біздің үлкендер балаларға бас болып, дұрыс тәрбие берудің орнына ойынға салынып, ішкілікке құмартуда екенін, қазақ жұртының көзін ашуға ешбіреудің күш салмағанын қатаң сынға алады.

Халқының зарын жырлаған екі ақын да жұртының ауыр тұрмысына, отаршылдардың езгісіне қатты қынжылады, елді қанаушылардың, билеушілер мен әкімдердің озбыр әрекеттерін әшкере қылады, сатқындықтың, әділетсіздіктің өршуіне бірден-бір себепкер ретінде ақшаны сипаттайды.

Жан-жаққа тарамдалып, жанышталып жатқан туған елінің қиын тағдырын шынайы суреттей білген ақынның шығармалары ХХ ғасырдағы қазақ өмірінің айнасы, халқымыздың өмір тіршілігінің шыншыл куәгері десек қателеспейміз.

Халықтың азаттығын көкसेген өр рухты ақын Махамбет Өтемісұлының қанаушы отаршылдық жүйенің пасықтығын әшкерелеген, ұлттық болмысты танытқан, теңдік пен бостандықты, әділдікті қалаған бүкіл қазақ ерлерінің атынан жырланған «Мен – мен едім, мен едім» өлеңіндегі:

Мен - мен едім, мен едім!
Мен Нарында жүргенде
Еңіреген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім [77, 22 б.]
(«Мен – мен едім, мен едім»)

- деген жолдарды Ғұмар ақынның «Замана жайынан» толғауындағы үзік ойлармен салыстыра қарасақ, екі өлең арасында белгілі бір үндестік, үйлесімділік сарыны анық көрінеді.

Кешегі өткен хандардың:
Әбілқайыр, Нұралы,
Бөкей менен хан Жәңгір
Солардың болған шағында
Кемеріңнен асып шалқып
Тасып едің, ер қазақ.

Со күнде қатар ел едің,
Қай халықтан кем едің? [45, 79 б.].
(«Замана жайынан»)

Отаршылдық қамытын киген қазақ ұлтының ащы шындығын, қоғамның шынайы бет-бейнесін, білім мен ғылымнан қалыс қалған халқының жай-күйін жырлауда Ғұмар мен Абай ақынның туындылары да бір-бірімен үндес келеді.

Ғұмар Қараш – ұлы Абайдың салған ізін жалғастырып, реалистік дәстүрінің жолымен қалам тербеп, өзіндік тың өзгерістерімен толықтыра түскен ақын. Соған қоса Қ. Тұнғатар «Бір ғасыр бұрынғы бостандық» мақаласында: «Мәселен, Абай: «Ғылым таппай мақтанба», – десе, Ғұмар білім туралы, кітап оқу жайлы ойын былай жырлайды:

Дәріс айт. Шәкірт жина.
Ғылымыңды шаш,
Қыл пида ғылым үшін мал мен бас.
Әр заман біліктінің жолдысы артық,
Оқу біл, білім-өнер, көзінді аш.

Екеуі де бір сарында үндейді. Бірақ композициясы бөлек, құрылымы басқашалау. Сондай-ақ Шәкәрімнің «Сен ғылымға болсаң ынтық» деп басталатын өлеңінде де дәл осы сарын кездеседі. Ғұмар Қараш Қазақстанның батысында өмірге келгенмен, шығыстағы қос ғұламаның еңбектерімен етене таныс болғанына күмән келтірмейміз. Себебі, XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы батыста емес, дәл шығыстың кіндігінде, Семей қаласында өрбіген еді. Ғұмар Қараштың мұнда сан мәрте жолы түскені анық. Осындай саяси әрі қызметтік сапарында ол Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерімен таныспауы мүмкін емес» [78, 5 б.] – дей келе ақынның өлеңдерінде Абай, Шәкәрім шығармаларымен үндес тұстарын байқағанын, бірдей сарында жазылған өлеңдерінен үзінділер келтіру арқылы дәлелдей түседі.

Ғұмар да, Абай да қазақ ұлтының өнер-білімге, еңбек етуге енжар екендігін ашына, күйіне жырлап, туған халқының намысын оятуға, жалқаулықтың, ойын ойнау, ішкілікке салыну сынды арзан әдеттердің жақсылыққа апармайтынын жеткізуге тырысады.

Күн өткен сайын көркейіп, жаңарып, заман ағымымен бірге жүзген өзге елдерден үлгі алуды насихат еткен Ғұмар ақын өзінің «Қарлығашпен сөйлескенім» атты өлеңінде:

Жалқау жұрт қалған кейін қазақ халқы,
Өнер жоқ, білігі жоқ қазақ жарты.
Қолданған өнерлері осы күнгі,
Ойын ойнап, ішкі ішіп жасы қарты.
Білмейді әдеп-әркін, дінін, күнін,
Жоқ шығар хайуаннан ешбір парқы.
Ұрылық, ұятсыздық, бұзықтықта,
Ешбір ел пар келмейді, қазақ жалқы [76, 26 б.]
(«Қарлығашпен сөйлескенім»)

– деп халқының жағымсыз қылықтарын, өзгермес әдеттерін бетіне басу арқылы, елінің қараңғы қапастан шығуының жолы өнер білімде екенін ұғындырғысы келеді.

Ұлы ақын Абай да өзінің «Заман ақыр жастары» өлеңінде:

Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны.
Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер [79, 148 б.]

(«Заман ақыр жастары»)

– деп, қоғамда орын алып жатқан келеңсіздіктердің, адамдар арасындағы түсініксіз алауыздықтардың, сатқындықтардың орын алуы, ар-намыстың кейінгі орынға қалуы, иманның саудаға салынуы, пайданы маңдай термен емес, оңай жолмен табу әдісінің кең етек жаюы, жастар арасында ішкілікке салыну, әділетсіздікке ұрыну секілді мәселелердің нақты көріністерін көз алдымызға әкеледі. Бұл жерде екі ақынның да көксегені ұлт болашағы, ұрпақ тәрбиесі, ел татулығы екендігі айқын.

Ғұмар ақын қазақ қоғамына дерт болып енген отарлық езгі мен әлеуметтік теңсіздіктің кең таралуын ашына жырлап, сол заманның әділетсіз көріністеріне әділ бағасын беріп отырған.

Екі талай іс болып,
Елге қиын күн туды.
Аспанда ай тұтылып,
Жер-жиһанды қан жуды.
Көзі ашық елдер қам қылып,
Ертерек бекем бел буды,
Тіршілік керек бізге де,
Қоялық енді қалғуды,
Қара қазан қамы үшін,
Ер азамат жиналып,
Қорғалық мынау жер, суды.
Сыналатын ерлігің,
Сақталатын серлігің,
Көрінетін елдігің,
Күн туды алаш! Күн туды [45, 20 б.]

(«Күн туды»)

– деп күйіне жырлаған ақын қазақ жұртына адал еңбекке араласуды, таза жолмен іс қылуды, айналаға көз салып, өзге де өркениетті елдерден үлгі алуды, адамдықты алға қойып, елдікті ту қып ұстауды насихаттап, сонда ғана «Алаш» атты ел боларына сенім білдіреді.

Ғұмар Қараш қазақ зиялысы, қоғамның озық ойлы өкілдерінің бірі ретінде еліміздің саяси өміріне түбегейлі өзгеріс әкелген әкімшілік басқару жүйесін, оның ішінде әлеуметтік жағдайды, кәсіп, шаруашылықты, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты есепке алмастан қабылданған заңдарды қатаң сынға алады. Отар елге айналу қаупіндегі ұлтының ұсақталуын, әділетсіздік пен теңсіздіктің өршіп, адам құқығының аяқ асты болуына қынжылады. Әуел бастан патша үкіметінің көздеген мақсаты басқа екенін сезінген Ғұмар Қараш: «Патша үкіметінің ұлттар тұрмысын көріп, оларды көгертіп, көркейтумен істері болмады. Олар әрдайым да халықты көтере алмастай, өздерінің мейірімсіз тырнағында жаншумен болды һәм миллиондаған халықты, әсіресе шет ұлттарды қалай да қараңғылықта, надандықта ұстауға тырысты» [45, 211 б.] – дейді.

Отарлау саясатының ұлтымыздың рухани жандануына, мәдени-ағарту, өнер-білім жолына бағыт алуына жағдай жасамағандығы, еліміздің өркен жаюына, тіліміздің шұбарланбай, дініміздің сақталып қалуына еш үлес қоспағандығы ақиқат.

Ғұмар ақын өлең-толғауларында адам бойынан табылатын әділдік, батырлық, жомарттық, әдептілік, батылдық, жігер секілді асыл қасиеттер мен надандық, тәкаппарлық, жауыздық, арсыздық, жалқаулық, бұзықтық сынды жағымсыз қылықтарға жекелей тоқталып, шынайы мысалдармен әсерлі суреттеген.

Ақын жомарттықтың қайырлы іс екенін өз өлеңіндегі:

«Жомарттық» ашық жүзді шытпағаның,
Мұқтаждан қол қайырың қытпағаның...
Көз салып, тұтып шафғат еске алғаның,
Жетімдер жылап, жесір сықтағанын [76, 27 б.]

(«Жомарттық»)

– деген жолдары арқылы қалың жұртшылыққа ой салып, дәулет, ырыс, бақыт, байлық айналандағы қоғамға өз септігіңді тигізіп, мұқтаж жандарға жәрдемдесіп, сұраусыз жақсылық жасаған кезде ғана бақ болып қонатындығын жеткізуге тырысады.

Ғұмар ақын өзінің «Ғаділдік» өлеңінде де адамдық қасиеттер тұрғысында ой қозғайды. Сол кезгі қоғамның зәрулігі байқалатын, адам бойындағы ізгі қасиетке тоқталып, билікке де, тұрмыс-тіршілікке де әділдіктің қажет екендігін баса айтады:

«Ғаділдік» бай, жарлыны тең көруің,
Әлсіздің хақын өтеп теңгеруің.
Хакім да адам ұлы, бәрі тегіс,
Бірі артық, бірін жөнсіз кем көрудің [76, 26 б.]

(«Ғаділдік»)

– дей келе сол замандағы бай мен кедей, күшті мен әлсіз, басшы мен қарапайым халық арасындағы теңсіздікті сынға алады, адамдар арасында әділеттілік, теңдік орнатуды қалайды. Осы тұста билік басында да әділдіктің жоқтығын, паракорлықтың, жемқорлықтың ұшқындары көзге ілініп қалатындығын баса айтып, бұл әділетсіздіктен құтылу жолдарын іздестіре бастайды. Ақынның ойынша, қоғамдағы бассыздықтың, заңсыз іс-әрекеттердің орын алуы білім мен ғылымның жоқтығынан, қарапайым халықтың надандығынан туындайды.

Сонымен қатар Ғұмар өркөкіректік, екіжүзділік, мақтангөйлік сынды жағымсыз әдеттерден жирендіру мақсатында да жырлайды. «Біреуі жаман мінез тәкаппарлық, Менсінбеу басқаларды құлқы тарлық» немесе «Надандық келген жерден білінеді, Сөз айтсаң жауап таппай мүдіреді» – деп баса айтып, мансапқор, атакқұмар адамдарға және оқу, білімді тек ішіп-жеп өмір сүру үшін ғана мақсат еткен, халық пен қоғам қасіретіне айналған жандарға байыпты баға береді. Ақын әруақытта өзінен кейінгі жастарды, келер ұрпақты:

Жігіттер, жалқау болма, жігерлі бол,
Жігітке еткен жігер ашық-ты жол.
Табарсың қылсаң талап жігер тұтып,
Жауады талаптыға әр уақыт нұр [45, 28 б.]

– деп жігерлі болуға, батыл әрекет жасауға, талаптануға, адал еңбек етуге, білімге, ғылымға ұмтылуға, ұлтжанды болуға, әр уақытта халқының қамын ойлауға шақырады. Ғұмар мына бір өлеңінде:

Бар еді, қазағымда оңған заман,
Басына бақыт құсы қонған заман...
Көңілі жай, дәулеті сай ол заманда
Толықсып қазақ, қазақ болған заман [45, 132 б.]

(«Қарлығашпен сөйлескенім»)

– деп бір кездері азат ғұмыр кешіп, қазақи өмір сүріп жүрген халқының отарлық саясаттың арам пиғылы мен ессіз әрекетінен ұлттық езгінің тепкісіне ұшырағанын, ішкі шиеленістердің етек жая бастағанын:

Мал да жоқ, бейіл де жоқ бұ заманда,
Деспе ұстап сопысынып солған заман...
Кәсіп жоқ, харакет жоқ, көзін сүзіп,
Келемеж қарлығашқа болған заман...
Қор қазақ, жалқау қазақ, надан қазақ,
Адасып алды-алдына тозған заман

– деген жолдар арқылы дәлелдей түседі.

Оқу-білімді, өнер, ғылымды, ең алдымен, тәуелсіздікке, азаттыққа қол жеткізудің негізі деп түсінген Ғұмар ақын – қазақ халқын білім алуға ұмтылуға, оқуға ден қойып, ғылымның жолына түсуге үндеген ағартушы, бар әлемге ойлы көзбен қарауды ұсынған ойшыл-философ, келер ұрпаққа дұрыс тәрбие беру мақсатында қазақ тілінде «Педагогика» еңбегін және «Мұғалім» журналын шығарған педагог-ғалым.

Ғұмар Қараштың шығармашылық келбетін танытатын түрлі қырларын анықтауға тырысқан тарихшы ғалым И. Кенжалиевтің: «Ғұмар Қараш – қазақтың ұлы педагогі. Ол орыс, татар, араб, парсы, т.б. тілдерде көп оқыған, сол білігін қазақтың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстамымен ұштастыра отырып, өзінше жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған. Ол 1919 жылы қазақтың алғаш педагогикалық «Мұғалім» журналын шығаруға қатысып, жетекші болып, қазақта тұңғыш рет ғылыми педагогика мәселелерін жазған. Ғұмар ақын насихатшы ғана емес, ол нақты істің адамы. Ол алғаш қазақ мектептерін ұйымдастырып, мектеп үйлерін салдырып, оқулық, бағдарлама жазып, жабдықтаған. Ол қазақ тілі пәнінің алғаш оқытушысының бірі. Ғұмардың ауылшаруашылық артелін ұйымдастырғаны да белгілі. Ғұмар жалынды, жарқын патриот. Ол өз ұлтының мерейін көтеруге қызмет істеп, өз ұлтының болашағын ойлап, тілдің рөлін айқындап берген» [80, 130 б.] – деген пікірі өте орынды.

Ақын әр өлеңін жүрек тебіреніп тереңнен толғайды. Ғұмар Қараш туындыларынан туған халқының тағдырына алаңдаушылықты, елінің, ұлтының жарқын болашағына деген үмітті, Алаш жұртының татулықта, бірлікте өмір сүруіне деген арман-мақсатты анық байқаймыз.

Ақынның «Замана» жинағын құрастырып, алғы сөзін жазған әдебиеттанушы ғалым Қабиболла Сыдиықовтың: «Ғұмардың өмір жолы мен шығармаларын барлап, байыптап қарағанда анық көз жеткізетін бір шындық – оның өз кезеңінің сан-салалы әлеуметтік келелі мәселелерін көтере білгендігі. Ол заман сыры, өмір мәні, дін-шариғат жолы, табиғат заңдары, ғылым мен оқу-өнердің пайдасы секілді сан алуан тақырыптарда толғанған. Патша өкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін батыл әшкерелеп, халқының тілі мен мәдениеті дамыған өз билігі өзіндегі іргелі ел болуын армандаған еді» [81, 22 б.] – деген келісті пікірі Ғұмар Қараш шығармаларының құндылығын арттырып, өзектілігін одан әрі айқындайды.

Тәуелсіз ел болғалы мемлекетімізді одан әрі нығайту басты парызымыз десек, еліміздің даму жолында мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, қазба байлықтарымыздың өз жерімізде, халық игілігіне пайдаға асуы секілді маңызды мәселелерге қатысты сол кездің өзінде-ақ Ғұмар келісті ой айтып кеткен. Ақын:

Жарық жолға бастаушыға ереміз бе,
Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе?
Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты
Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Жас буынға жаңа таза білім беріп
Надандықты терең қазып, жерге көміп.
Қазақ-тағы өзі күнін өзі көріп,
Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын,
Әдемілеп айкүш – ұйкүш жол салғанын,
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе? [45, 127 б.]

(«Көреміз бе»)

– деп басшылардың нұрлы өмірге дұрыс жол сілтеріне, қилы замандарда ержүрек ерлердің қорған боларына, қазақ жұртының тәуелсіз, азат елге айналарына, келер ұрпақты жарқын болашаққа бастап, жаңа біліммен сусындатар күн туарына, кен-қазба байлықтарымыз еліміздің өркендеуіне үлес қосарына сенім білдіреді.

Қазақ рухын асқақтату, өзіндік ұлттық болмысын, ұлттық құндылықтарын сақтап қалу және білім мен ғылым жолында әлемдік елдермен тең түсуге шақырған Ғұмар Қараштың арманы, ақынның ақтық демі таусылғанша еліне, қазақ ұлтына, атамекеніне адал болып өткенін танытады.

2.3 Көркем ойдың иесі, педагог-философ, көрнекті публицист

Әдебиетші-ғалым М. Тәж-Мұрат үлкен еңбектің, толассыз ізденістің, жаппай зерттеудің нәтижесінде Ғұмар Қараш шығармашылығының тың тұстарын ашуымен ерекшеленеді. Ғалымның Қазан қаласындағы мұрағаттан Ғұмардың қаламынан туындаған әңгіменің фото көшірмесін алып келуі үлкен жаңалық болды. Ақынның өз қолымен жазған әңгімесінің соңғы бетінде сәлемдеме хаты берілген: «Фазыл Мұхтарам господин Александр Васильевич Грошкин! Хұрметіңізге ұшбұның илан бірге бір дана қазақ тілінде жазылған «Томан байдың баласы Әділ мырза, не болмаса Байғазы байдың қызы ару Шандоз» атты романы көндірек. Ғ. Мұштақ. Һәммасы елде жазылды. Жарарлық тапсаңыз, бастырарсыз. Бұдан соң қазақтың ескі жырларын, мақалдарын жиып, бір кітапша жіберсек керек. Ішкі Ордалық тауарихи хақында, саует архивасына материалдар тауып жіберуге уағда қылған едіңіз. Бек артық машахат болмаса, сол уағдаңызға опа қылмауыңызды өтінеміз. Простой хат. Һәм простой бандерол үшін адрес г. Новоузенский в село Петропавловки, Хусайну Акчуруну, пер.Ахуну Карашеву. Кәміл қызмет хұзрінде ахун Ғұмар Қарашев. 1909 жыл. 30 ноябрь» [45, 231 б.].

Алайда, баспа бетіне жариялануы тиіс бұл әңгіме шығарусыз қалады. Оған себеп, әңгіме мазмұнының, яғни қазақтың тұрмыс-тіршілігінің көріністері, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың шынайы түрде сипатталуының сол кезгі заман талаптарына сәйкес келмеуі еді.

«Томан байдың баласы Әділ мырза я болмаса, Байғазы байдың қызы ару Шандоз» деп аталатын әңгімесінде Ғұмар қазақ халқының өткен дәуірдегі мамыражай тұрмыс-тіршілігі, бет-бейнесі, «ұрын бару», «қалың мал беру», «құдаласу», «селт еткізу» сынды салт-дәстүрлерді көркем тілмен шынайы баяндайды.

Алдымен сол заманғы қалың мал берісіп, құдаласып уағдаласатын, кейіннен күйеу жігіт астыртын барып, қалыңдығын көретін, берілген уәдені бұзбай отбасын құратын ескі салт-дәстүрді толықтай сипаттап береді. Көне дәстүр болғанымен, осы күндегідей жігіт опасыз, қызы тарқақ, сыртқы сұлулықтарына қызығып, бүгін қосылып, ертең айырылысатын әдет еместігі көңіл көншітеді.

Ғұмардың бұл әңгімені жазудағы басты мақсаты – ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрді дәріптеу, жаңа заманмен бірге өзгеріске түскен қоғам ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысу, келер ұрпаққа ата дәстүрдің озық екендігін, рухани таза, адал жастардың сыпайы әрекеттерін үлгі ретінде ұсыну.

«Томан байдың Әділ есімді жалғыз баласы жігіттік жасына жеткенде қайнына барып қалыңдығын көріп қайтуды мұрат етіп, жападан жалғыз өзі Байғазы байдың ауылына қарай сапар шегеді» [45, 157 б.] – деп бастау алатын әңгіме одан әрі Әділдің жолға шығуымен, болашақ қалыңдығын ойша елестетіп, ғашықтық сезімін арттыра түсуімен жалғасады. Әділдің келерінен хабар алған қалыңдығы Шандоз да асыға тосады, ұйқысыздықтан сарғайып, өне бойын билеген белгісіз бір күштің әсерінен өзгеше күйге бөленеді. «Бар буындары босап, аяғын азар-азар басып, екі-үш дүркін тізесі бүгіле-бүгіле алдында қарауытқан бір қаралдыға жетіп келіпті. Келсе, Әділ мырза шалқасынан түсіп ашық ауада ұйықтап жатыр екен. Айдың нұрына шағылған аппақ жүзін көргенде есі ауып жығылуға жақындап, ашық жарының тігіп жатқан бір тізесіне аз уақыт басын сүйеп отырып хал жиыпты» [45, 157 б.] – деп әсерлі суреттейді автор.

Нәзік арудың сыршыл сезімі өлең арқылы өріледі, мұңды әрі әсем дауысы ұйқыдағы жігітті селт еткізеді. Осылайша, екі ғашық алғаш жүздесіп, соншалықты іңкәр, асау сезімге ие жастар жыр жолдарымен тілдеседі.

Бейуақыт жат кісінің жанына жайғасқан Шандоз сұлуды танымаған жігіттің таңданысына ару былайша жауап қатады:

Сескенбе, жігіт, сескенбе,
Мен сізге жат емеспін, жақынмын,
Сөйлесем сөзге жүйрік ақынмын...
Түн ұйқымды қалдырып,
Жүрегімді ғашық отқа жандырып,
Хабарыңды жан ием,
Көкірегіме аян беріп нандырып,
Келіп тұрған алдында

Мал бергенің мен сол Шақыммын [45, 157 б.]

- деп Шандоз ару тілге жүйріктігін, сөзге шешендігін танытады. Жорытқанда жолы болып, іздегені алдынан шыға келген Әділ:

Хош келдің Шақым, сұлу сүйген жарым,
Жасымнан болған асық, ынтызарым,
Қанды бет, қақпақ жауырын, ақсұңқарым,
Жолыңа болсын пида жалғыз жаным.

Сарғайып сағынсаңыз келдік біз де,
Құдайға қабыл болып айтқан зарың.
Түн тымық, бұлты жоқ, айы жарық,
Хош алып күтсін біздей мехмандарын [45, 158 б.]

- деп жырлай жөнеледі. Осылай бастау алған екі ғашықтың өмір көріністері тойға дайындықпен жалғасады. Автордың бұл әңгімесі оқырманның жан дүниесіне терең бойлап, ескі салт-дәстүрдің озық тұстарын аңғартуға тырысады.

«Томан байдың баласы Әділ мырза я болмаса, Байғазы байдың қызы ару Шандоз» әңгімесі реалистік шығарма талабына толықтай сай, таза әрі жалпыхалықтық тілмен әсерлі жазылған. Осыған сәйкес Ғұмар Қараштың бұл әңгімесі қара сөз өнерінің өзіндік бағытын айқын көрсетуімен құнды, көркем баяндаудың үйлесімді үлгісін ұсынуымен өміршең.

Ғұмардың жалынды өлең-жырлары ақындық қырын танытса, пәлсапалық ой-толғамдары оның көрнекті ойшыл екендігін, ал мақалалары қарымды қаламгерлік қырын дәлелдей түсері сөзсіз.

Ғұмар Қараштың 1910 жылы Орынбор қаласындағы «Уақыт» газетінің баспаханасынан жарық көрген «Ойға келген пікірлерім» атты философиялық ой-пікірлер жинағы «Отан және ұлт реформасы», «Шейх Мұхаммед Ғабдуһу Тәфсірі», «Игілік және жақсылық», «Тартыс және күштілер хақында», «Сүю. Ғылымға жігерлендіру. Халифаның бетіне түкіру», «Келешегіміз және үміт», «Ұлтымыздың дамуына байлық-игіліктің әсері қандай?», «Әр істің мезгілі мен мақсаты бар», «Өзін таныған жаратушыны да таныр» сынды түрлі ой-толғамдарын қамтыған.

Заман көрінісі мен дәуір шындығына куә Ғұмардың дүниетанымдық көзқарастары да сол кезең тынысымен сабақтасады. Жаратушы тәңірден басқасының бір күйден екінші күйге ауысып, сан түрге құбылып, қилы өзгеріске ұшырайтындығы секілді, заман көшіне қарай адамзат болмысының, дүние сипатының өзге бағытқа бет бұруы қаламгер ойларының өзегі саналады.

Ұлт мүддесін көксеген тұлға Отан, ұлт мәселесімен тек жоғары дәрежелі, лауазымды, ауқатты адамдар айналысуы тиіс делінген пікірге қарсы шығады. «Отан, ұлт мәселесі баршаға ортақ. Әркім үлкен де, кіші де бұл жайлы ойласа керек. Отанға, ұлтқа қызмет ету жоғары мансапты яки бай адамдарға ғана міндетті емес. Ниеті, ықыласы дұрыс болса, жәй, орташа адамдар да Отанға қызмет ете алады. Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар» [45, 159 б.] – дейді қаламгер.

Әр адам қолдан келгенше іс қылып, өз міндеттерін адал атқарса, таза жолмен еңбек етсе ел игілігіне асар ұлы істердің жүзеге асуына үлесін тигізері айқын. Осы тұста Ғұмар да әрбір адам қоғам мүшесі екендігін сезіне отырып, халқы үшін, Отанының өркендеуі, ұлтты жаңғырту үшін сеніммен қызмет етсе ғана үй ішіне де, ағайынына да, халқына да, ұлтына да пайдалы іс қылатынын айтып өтеді.

«Бір ұлттың адамдарында үміт, қайрат-жігер сияқты ерекшеліктер мықты болса, ол ұлт ғажайып сенімділікпен тез дамып кетер еді. Керісінше ұлт адамдарында қорқақтық, үмітсіздік қасиеттері жол алса, дамымақ былай тұрсын, өмір сүре алмау қаупіне душар болады» [45, 166 б.] – деп топшылайды қаламгер.

Ұлт болашағы үшін жігерлі ұрпақ, батыр да дана халық керек. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның өзгеге жасаған жақсылықтарына байланысты десек, игілікті іс қылу әр адамның өз қолында екендігі белгілі.

Өз кезеңінде қоғам арасында өршіп тұрған ұрлық, жалқаулық, кертартпалық, қиянат көрсету, құмар ойындарға салыну, ішімдікке берілусынды пасық әрекеттерді доғарып, иманға бет бұруға, игі істер жасауға, жақсылық қылуға шақырады. Ғұмар жақсылықты материалдық және рухани түрлерге жіктейді. «Материалдық жақсылық әркімге мәлім. Мәселен, біреудің мұқтажына қарай (мал, киім-кешек, тамақ т.б.) көмектесу материалдық жақсылық деп есептеледі. Рухани жақсылық – адамның бақытқа кенелуі (оқу ағарту, ғылым т.б.) моральдық қажеттерінің өтелуі. Адам рухани жақсылыққа жету үшін материалдық көмек керек екенін білу парыз». Тереңнен ойлап қарасақ, Ғұмардың бұл тұстағы ойлары өте орынды әрі халыққа берер тағылымы мол.

Дүниеде адамзат баласы жеке жүріп, алға қойған мақсатына жете алмасы анық. Адам өзгелермен тығыз қарым-қатынас жасап, бірлесе әрекет етіп, пікірлесіп, ой бөлісіп қана рухани жағынан дами алады. Қаншама үлкен ақылға, білімге ие болса да, басқалармен байланыссыз, жеке-дара жүріп көздеген межеге жете алмайды. «Сол себепті, адамдар бір-бірімен қатысуға, пікірлесуге, ортақтасуға қандай ұлы болса да, өзін басқалардан зор санап, қауымнан оқшау ұстамауға тиіс. Тәкаббарлық, өзін басалардан зор санау адамзат қауымдастығының қағидасына қайшы келеді. Барлық жаман әдет-ғұрып осыдан шығады» [45, 167 б.] – дей келе, Ғұмар тәкаббарлық, кісі өлтіру, шіркеу бұзу, ойнас қылу сынды жаман әдеттерге тек ұят қана шектеу қоя алатынын тілге тиек етеді. Ұрпақ тәрбиесінде жастарды тәртіпке бағындырып, қатаң ұстауға тырысқан сайын, бұзықтықтың өсіп бара жатқанын еске салады.

Дүние талас, тартыстан ғана тұрмайтындығы белгілі, өмірде әлсіздердің жеңіліс тауып, күштілердің ғана жолы бола бермейтіндігі ақиқат. «Шындығында, нағыз күштілік шындық пен әділдікте екенін ұмытпау керек, бұл да – пәлсапалық заңдылық. Егер өз ісіңіз әділ болса, онда сөзіңіздің дұрыстығына сене беріңіз» [45, 169 б.].

Жасаған әрекетіңіз әділ әрі шынайы болса ғана өз-өзіңізге әруақытта сенімді боларыңыз, сөйлеген сөзіңіздің дұрыстығына күмән келтірмесіңіз анық.

Ұрпақ тәрбиесі, ұлт болашағы кімді де болса алаңдатары айқын. Ұлттық тәлім-тәрбиеге көңіл бөліп, ұрпақ тәрбиелеуде бар ынта-жігерімен кірісіп, білім нәрін себу мақсатында мектеп ашып, балаларды жан-жақты дамыған,

рухани тұлға ретінде қалыптастыруға ат салысқан зиялылар біздің тарихымызда аз кездеспейді.

Саудагер сауда жасау ілімін, дәрігер адам емдеудің қыр-сырын, заңгер заңның түп-тамырын меңгермесе істің ілгері баспайтыны секілді, ұлттық тәлім-тәрбие берер тұлға да білім-ғылым жолына түскен, ана тілін, ұлтын, дінін сүйетін болуы қажет. Білім мен ғылымның алға басуына, ағарту саласының жандануына үлкен мән берген Ғұмар: «Қазіргі заманның байлары мен мырзалары, мешіт, медресе имамдары ғылым мен ағартуды дамыту үшін өздерінің қаражаттарын аямай жұмсайтын болсын. Әсіресе, мұғалімдер бұл іске қатты кірісіп, ғылым кітаптарын ана тілімізге аудару және кітаптар сатып алып бастыру, баспаларды көбейту, газет, журнал шығару істеріне атсалысуы керек» [45, 169 б.] – дейді қараңғылықтың шырмауындағы халықты ғылым мен білім сүюге жігерлендірген қаламгер.

Орта және жоғары медреселерді тәмамдап шыққан, болашағынан зор үміт күттіретін кейбір жігіттердің халқына, ұрпаққа қызмет етпей, әкімдікке тағайындалып, байлықтан бастары айналып, ішіп-жеп есіріп, құмар ойындарға салынып жүргендігі жанын ауыртады. «Керісінше, зиялылар неғұрлым көбейе түссе, халықтың көзі ашылып, пайдалы мектептер салынып, газет-журналдар шығарылып, дау-дамайлар азайып жалпы жұртшылық жақсы күн кешірген болар еді. Ал, қазір бұл істердің біреуі де жоқ. Күн санап сауық-сайран батпағына батып, күн сайын надандықтан шыға алмай жатыр» [45, 170 б.].

Бұл көрініс – дүние бір-ақ рет берілетіндіктен, ішіп-жеп, сауық құрып өмір сүру керек деген көзқарастың кесірі, айқын дәлелі. Осы қасіретке куә бола тұра, мұндай жағдайдың аяғы неге апарып соқтырарын біле тұра көзі ашық зиялы қауым өкілдерінің күш салмауы, халықтың сауатын ашып, білім жолына бағыттамауы заманның, адамның кер кеткендігінің айғағы бола алады.

Ғұмар адамдық қасиеттердің ең биігіне «шындықты» орналастырады. Шыншыл адам не сөйлесін, оның сөзі – ақиқат, не істесін, бар әрекеті – адал әрі таза, біреудің мінін айтсын не үгітесін, қатты сөйлесін, бар ісі – шындық. Мұндай шыншыл адамды бүкіл ел жақсы көреді, ісін құптайды, сөзін сөйлейді. Осы тұста Ғұмардың: «Шындық – дұшпандарды дос ететін күш, достардың достығын арттыратын құрал. Шындық сөзін ықыласпен тыңдата алған би («қатып»), үкімін тегіс жүргізе алған патша бақытты болмақ. Шын сөз әсерлі, шын іс табыс көзі. Дүниенің негізі – шындық. Біздің бүтін бақытымыз – ақиқат ғылымға негізделген. Жалған ғылым ешуақытта да пайда бермейді» [45, 171 б.] – деген пікірі шындықты ту қып ұстау қажеттігін айқындайды.

Ғұмар адам баласы өзін тани білсе ғана, жаратушысын да танитынын, өзіне-өзі билік жүргізе алса, өзгені де тыңдата аларын айтып өтеді. Адамның өз-өзін билемеуінен, ішкі ойына, түйсігіне құлақ аспауынан қоғамда түрлі қылмыстар, лас әрекеттер орын алады. Істеген ісінің залалына, келтірер зиянына ой жүгіртпеген адам ғана қателеседі, жеңіл ойдың ықпалымен

кателікке бой алдырады. Бұған себеп, адамның қоғамдағы өз орнын білмеуі, өзін тани алмауы, жан дүниесін сезінбеуі, ішкі даусымен тілдеспеуі деп айта аламыз.

Ғұмардың әр кезде қазақ халқын жаппай сауаттандыру ісін қолдап, өзінің өлең-жырлары, ой-тұжырымдары, мақалалары арқылы жұртына ой салуды көздегені белгілі. Туған халқын надандықтың құрсауынан арашалап алу мақсатында «Ығдиғат (Иман)», «Ізгі ғамал», «Әр ғамалдың бір рухы, бір сыры бар», «Бекерлік (Іссіздік)», «Жарысу (Мұсабика)», «Жоққа илану», «Хияли хастерліктер», «Жасырақ уақытымда», «Санағат (Өнер)» тақырыптарындағы ойлары жинақталған «Өрнек» атты кітапшасы 1911 жылы Уфа қаласындағы «Ағайынды Каримовтар мен Хұсайыновтар баспаханасынан» жарық көреді.

Ғұмар барша қазақ жұртына ислам дінін насихаттап отырады, Құранды, шарифатты, иманды әрдайым құрмет тұтады. Бұл ретте ғалым, сыншы Е. Ысмайыловтың Ғұмар жайында: «Ислам дінінің негізін бекерлемейді. Құранды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біледі» [51] – деген тұжырымды пікірі сөзімізге дәлел бола алады.

Ғұмар Қараштың ислам діні, имандылық хақындағы өзіндік көзқарас, пікірлерін пәлсапалық ой-толғамдарынан да айқын аңғаруға болады. «Адамның әрбір істеген һәм істеуге жүрген ғамалдарының баршасына түп негіз «Ығдиқат (Иман)» деген нәрсе болады. Адам әр істі әуел істерінде ойлайды, мұнан соң, өзінше бір-бір жақтан қарағанда, пайдалы деп табады да істей салады. Бұдан сол туады: дүниеде ғамалі (ісі) бұзық адамдардың ықтиқаты түзік, сол себепті жаман істерді істей береді. Ғамалы түзік адамдардың ықтиқаты түзік, сол себепті жақсы істерді істегіс келе береді» [45, 171 б.] – дейді қаламгер.

Шындығында да дұрыс ойлап, оңды іс қылған адамның иманы берік, қылығы түзу болары сөзсіз. Алайда, кей жағдайда жақсылықты немесе игі істі атақ үшін, мақтаншылық мақсатта жасайды. Ғұмар бұл ғамалды құптамайды. Жақсылықты міндетсінбей ізгі ниетпен жасасаң, қиналғанға жәрдем етсең, сұрағанға көмек көрсетсең, жаратушы шексіз сауап жазары анық.

Адамзат баласы Алланың нұсқаған жолымен жүрмесе, ғылым мен білім үйреніп, өз игіліктеріне жаратпаса, жалқаулыққа бой алдырып, өнерден, мәдениеттен, тәрбиеден құр қалса дүниеде ащы жазаға ұшырайды, яғни алға шыққан өркениетті елдерге, білімді, өнерлі ұлтқа құл болады, тәуелсіздікке, бостандыққа қол жеткізе алмайды. Ғұмар да қазақ ұлтының басынан бақарыстың, дәулеттің кетуі жалқаулық пен бекерліктің (іссіздіктің) кесірі деп санайды. Заманында бекерлікпен күн кешу іссіз, кәсіпсіз құр өмір өткізу де қазақ жастарының да бойынан табылады. Бос жүруден, жұмыссыздықтан жалыққан пенде бұзықтыққа ілігері, қателікке ұрынары анық.

Өзгемен сөз таластыру, ағайынмен араздасу, себепсіз ғайбаттау, тентектікке бой алдыру, басқаның ісіне араласу, жаман нәрсені әдет қылу да осы іссіздіктің кесірінен қалыптасады. Бұл бекерліктен білімнің, оқудың,

ғылымның көмегімен ғана арылуға болады. «Басқа халықтар оқу, өнер арқасында патшалар тіршілігін сүргенде – бұ надан хияли халықтардың нәсіл-нәсіптері олардың есігінде жалшылықта шіриді» [45, 171 б.] – Ғұмардың әр шығармасынан халыққа жаны ашыған тұлғаның перзенттік үні айқын аңғарылады.

Ұлтын өзге елдермен тең дәрежеге қоюды мақсат тұтқан қаламгер әрбір ой-пікірі, толғаныстары арқылы жұртына қозғау салады. Осыдан кейін 1913 жылы Қазан қаласында Ғұмар Қараштың пәлсапалық ойлары басылған «Бәдел-Хажы» жинағы жарық көреді. Бұл жинаққа қаламгердің «Мақсат», «Ұзын сөздің қысқасы», «Сөз аяғы», «Жалғау» сынды ғибратты ой-толғамдары кіріктірілген. Ғұмардың бұл жинақтағы пәлсапалық ойларына көз жүгіртсек, дін мәселесіне қатысты туындайтын түрлі сауалдарға, жаңсақ пікірлерге жауап табуды көздеген ұлт жанашырын көре аламыз. Алдымен «Істемеген ғамалдың сауабын кісіге беруге бола ма, жоқ па?» деген сауалға Ғұмар аят, хадистерді басшылыққа ала отырып, ғұламалардың ой-пікірлерін салыстыра қарастырып өзіндік ой түйіндейді. «Бұ турада ислам ғалымдары ығталафды. Бір парасы – бенде ізгілік, жауыздықтың ешбіреуін де кісіге бере алмайды, жақсы болсын, жаман болсын әркім өз ғамалының жазасын өзі көреді деседі. Нәжім сүресінде: «Ешбіреу екінші біреудің жүгін арөалауға жоқ. Һәм өз ғамалынан басқадан адам пайда көру де жоқ». Мінеки бұ аят карималардың мағынасынан біреу үшін біреудің ғазапты яки сауапты бөле алмауы шығады» [45, 174 б.].

Яғни бұл пікірлерден шығар түйін, біреу үшін біреу ғамал еткенмен, сауапты бөлісе алмайды, ешкімнің ырыздығын иеленуге жол жоқ.

Қаламгер өз ойын түйіндей келе, бәдел-хаждың парыз емес, сүндет те емес, пайдасыз ғамал екендігін дүниеде хажға күші жеткен пенде өзі баруы қажеттігін айтады. Егер түрлі жағдаймен бара алмай қалса бәдел жіберіп ақшаны ысырап еткенше, керек іске, яғни шәкірт тәрбиелеуге, білім беруге, халықты сауаттандыруға, мектеп ашуға не болмаса әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың бала-шағасын асырауға, аптыққа тап болған жандарға көмек ретінде жұмсау керектігін ұсынады. «Хақ шарифаттың жолы «бір кісіні тұрғызу мың кісіні тұрғызумен бара-бар» деген Құран кәрімнің бұйрығы да осы. Бұ рисаланы жазғандағы бар мақсатымыз да осыны халқымызға анық көрсету, түсіндіру. Байлар малын, моллалар уағызын, білгіштер пікірін, ділмарлар шешендігін осындай елге зарарлы нәрселерді қалдырып, татулық, тыныштық, адал кәсіп секілді пайдалы нәрселерді жаюға жұмсаса, бұл ел азбас, тозбас еді» [45, 175 б.].

Ғұмар көзі ашық, дамыған елдердің осы бағытты ұстанатындығын, сол себептен байлықтары, біліктері, өздеріне тиесілі мүліктері далаға кетпейтінін үлгі қылады.

Сөз соңында қаламгер: «Қатты ұйқыда жатқан қандас, діндес халқымызды ояту үшін масадай ызындап, шыбындай шағып қарау міндетіміз. Бұған да оянбаса «Заман» деген темір таяқтың ұшы жанды жерлеріне тиген күні қалай секіріп тұрғандықтарын өздері де білмей қалады»

[45, 178 б.] – деген ащы да жанды пікірімен бөліседі. Алайда сол оянған күні меңіреуленіп, есінен айырыла жаздап, айнала қоршаған жалынға, суға түсіп кету не болмаса бүркеулі жатқан қақпандарға ілініп жемтікке айналуынан қауіптенеді.

Ғұмардың пәлсапалық ой-толғамдарының айтар ойы шексіз, берер тағылымы мол. Жанды ойлар мен онды пікірлердің дәуір соқпақтарынан адаспай шығуға жол көрсетіп, заман қатпарларынан асып өтуге жәрдем берері сөзсіз.

Ғұмардың дін, туған тіл, заң, ар-ождан, азаттық секілді келелі мәселелерді қозғаған мақалалары сол кезеңдегі «Тәржіман», «Қазақстан», «Шора», «Қазақ», «Дұрыстық жолы», «Ана тілі», «Мұғалім» сынды басылым беттерінде жарияланып отырды.

Қаламгердің мақалалары ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, ұлттық дүниетанымын, жазушылық шеберлігін, ғылыми зерделілігін танытады. Ғұмардың мақалалары тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмағанымен, ақынның идеялық мақсаты адамзаттың санасына ой салу, қазақ ұлтының өміршеңдігіне көз жеткізу, ұлттық тіл мен дінді насихаттау, туған халқын тура жолдан адаспауға шақыру, тіршілік таласына түсіп кетуден, жүгенсіздіктен сақтандыру, білім-ғылым, өнер жолына түсуге бағыт беру, үзіліссіз, мәңгілік өмір көшінде алға қарай ұмтылуға түрткі болу екендігі айқын.

Ғұмар «Ұлт һәм туған тіл» (Патшалық һәм бостандық заманында) мақаласында патша үкіметінің өз отарындағы елдерді айуандықпен жаншып, опасыз әрекеттерімен халықты меңіреу, мылқау етіп ұстауға тырысқанын, ұлттарды араздастырып, бір-біріне өшіктіріп, араларында қанды соғыстар ашқанын баса айтады. «Һәм миллиондаған халықты, әсіресе, шет ұлттарды, қалайша қараңғылықпен аңсыз айуандықта өз пайдаларын білместей меңіреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіп ұстау қамында болып, сонымен ғана шұғылданады. Бұл ұлттардың мекенін аударып аяғынан тоздырып жібереді, ескі үкіметтің мұнан басқа да шет ұлттардың білім, өнерін сендіріп, өздеріне қас болған ғұрпы-ғадеттерін қалдырып, діндерін жойып, бүтіндей, орыстыққа айналдыру сықылды ең нашар ғамалдары да болды» [45, 221 б.] – деп қаламгер патша үкіметінің озбырлықтарын, тұрпайы қылықтарын әшкере етеді.

Патшалық тәртіпке бағындырғысы келгендердің тіпті «ұлт» ұғымын жойып, адасқан халықты қараңғы құрсауда ұстағысы келгендігін, тілін, ұлттық құндылықтарын толықтай жойып жіберуге тырысқандықтарын айғақтайды. Тілі болмаса ұлттың да жоғалары белгілі. «Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың, өнері де өршімейді» [45, 221 б.] – дей келе қаламгер залым патша үкіметінің қолындағы ойыншығына айналмай тұрып, бостандыққа қол жеткізуді, ұлттық құндылықтарымызды қайта қалпына келтіріп, ана тілімізді, әдебиетімізді

көркейтуді мақсат тұтады. Өнер-білімі жоқ ұлттың өзінен күштілердің отарына айналарын, ақыр соңында ұлттың толықтай жоғаларын тілге тиек етеді.

Осы тұрғыда қаламгердің: «Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады. Бала анасының құрсағында-ақ өз ұлтының тілімен ауызданады, бүтін денесі сонымен азықтанады. Өскеннен соң бала сол тілді жарыққа шығаруға, өршітуге борышты» [45, 222 б.] – деген пікірі тілдің құдіреттілігін айшықтап, ана тілдің бүкіл болмысын айқындап бере алады. Ұрпақ алдына қойылған ана тілін құрметтеу, өркендету сынды басты міндеттерінің орындалуына осы бастан ат салысу қажеттілігін жеткізгісі келеді. Соған сәйкес тіліміз өркен жайса ғана, халқымыз білім-ғылымға жол ашса, өнер үйренсе, кәсіпөнер дамып, шаруашылық жағы алға басатындығы сөзсіз.

Қаламгердің 1910 жылы «Шора» журналына жарияланған «Ар-ождан – сенімнің өлшемі» мақаласындағы: «Адамзат баласы бойындағы ең қажетті сезім – ар-ожданы. Ар-ожданның негізгі мақсаты ақтық пен нақақты анық айыру, бір нәрсені өтірік мақтамау, не оны жалған жамандамау» [45, 209 б.] – деген нақты пікірі арқылы адамзат баласы үшін ар-ұяты, намысы ең жоғарғы асыл қасиет ретінде бағалануы қажет екендігін, нәпсінің құлы болудан тек ар-ождан арқылы ғана сақтануға болатындығын жеткізуге тырысады. Осы бір қасиет билік басына келген әрбір адамның, әкімнің, патшаның, басшының бойынан табылса, онда әділеттілік орнап, қоғамның дұрыс жолға бағыт алары, кәсіптің алға басары айқын екендігін айтып өтеді. Құранда да ар-ождан хақында толық айтылғандығы мәлім. Әлеуметтік заңдар адам баласының ақыл-ойымен жасалатындықтан, саналы түрде сол қағидаларға бағыну әр адамның ар-ұятын айқындайды. «Құран Кәрімде әр нәрсенің анық қанығына көз жеткізіп барып, үкім айтылсын деген. Мұхаммед пайғамбарымыз да бір нәрсеге екі не үш адам куәлік етсе ғана сенуге болады деген. Демек, әрбір жағдайда да ар-ождан биік тұруы керек. Сонда ғана оның қасиеті жоғары болмақ» [45, 210 б.]. Ар-ождан – адам бойындағы ең асыл құндылық, адамдықтың, адалдықтың, әділдіктің, имандылықтың жарқын көрінісі.

Ғұмар ана тілдің құдіретін биік ұстағаны соншалық – өзге шет тілдердегі бірде бір сөзді қоспай сөйлесек қана тіліміздің жандана түсеріне сенім білдіреді. Осы тұста «Тәржіман» газетінде жарық көрген Қазанлы Ғияс әпендінің тіл хақындағы ой-пікіріне өз көзқарасын білдіре отырып «Әсер» атты мақаласын жазады. Ғияс әпендінің өзге тілдегі сөздерді араластырмай, ана тілімізде ғана сөйлеуді насихаттай отырып, сөз арасында араб, парсы тілдеріндегі сөздерді көптеп қолдануын сынға алады. Ғұмар: «Біздің ойымызша ана тіліміз алға бассын десек, ең жақсысы атақты басшы Риза, Фатих, Мұса әпенділер сияқты жазушыларымыз өз сөздеріне бір де шет ел сөзін кірістірмей сөйлеуге әдеттенсін. Шешендік сөздерді шет ел сөздерімен шұбарламасын. Өйтпейінше, халыққа біз сөзімізді жеңіл түсіндірдік деп айта алмаймыз» [45, 211 б.] – деп ой түйеді.

Қаламгер ғұмыр кешкен заманнан бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан осы бір мәселе, Ғұмар айтқандай, «ана тілім» деп еміренген әрбір ұлт перзенті өзге тілді қатыстырмай-ақ шежірелі ана тілімізде ғана сөз сөйлесе, осы тұстан-ақ шешімін тапқан болар еді.

Қаламгердің 1912 жылы «Айқап» журналына жарияланған «Тіл – әдебиет» мақаласының құндылығы ұлттың өмір сүруі үшін, елдің ел болуы, халықтың жоғалмауы үшін ана тілінің, әдебиеттің ықпалы зор екендігін айқындауында және тіл мен әдебиетті сақтап қалу мақсатында атқарылар істерді нақты көрсетуінде жатыр.

Ғұмар өмір сүрген кезеңде тіл мәселесінің өткір қойылып, әдебиет жайында сан түрлі пікір айтылғандығы ақиқат. Осы тұста ұлт зиялылары ел тағдырына алаңдап, қазақ халқының, ұлтының келешегін тілмен, әдебиетпен тығыз байланыста қарады. Ғұмар да осы мәселе турасында пікір білдіреді: «Бір кеуде – пенденің дүниеде жасауы, бар болып тұруы үшін жан – рух керек. Бір халық, бір елдің де дүниеде бір милләт, ел болып жасауы, тірлік етуі үшін тіл керек, әдебиет керек. Жансыз кеуде дүниеде жасай алмас, шіріген топыраққа айналып жоқ болар. Тілі, әдебиеті болмаған милләттің де тап сол жансыз кеудеден айырмасы болмас» [82] – дей келе, қаламгер ұлт болашағын, ел өміршеңдігін тілді құрметтеу, әдебиетті сақтау тұрғысында түсіндіреді. Алайда қоғамда өзекті мәселе саналатын кей ұлттардың ана тілдерін ұмыта бастауы, кірме тілдермен шұбарлауы, маңыздылығына мән бермеуі ұлттық болмысты, ұлттық құндылықтарды жойып жібергендігін ашық айтады.

Ғұмар отаршыл елдердің алға қойған басты мақсаттарының бірі – өзі басып алған ұлттарды ана тілінен, әдебиетінен айыру болғандығын айта келе: «Бұл заманда бір милләт өзінен күшсіз болған екінші милләттің милләттігін тіліне, оған бір кетік жасайын десе ең алдымен ол бейшара милләттің тіліне, әдебиетіне балта шабады. Өз әдебиеті олардың ана тілі орнынан таратуға әжәйд қылады. Өз ана тілін ана сүтімен бірге емген өз әдебиетінің бағасын біліп, дәмін сезген милләт балалар өз тіліне ата-анасынан артық құрмет етер. Тіл уа әдебиетін жоғалтпас үшін жанын да пида етер» [82] – деп қорытындылайды.

Ана тілін ардақтау, тіл жанашыры болу – ұлтым деп соққан жүрекке ие әрбір перзенттің борышы. Қилы кезең, сұрапыл заман орнаса да, тіліміз бен дінімізді, тарихымыз бен әдебиетімізді қаз қалпында сақтап қалуды азаматтық борыш деп білуіміз керек. Өз тілін ұмыт қылып, өзге тілді құрмет еткен елдің, ұлттың болашағы қараңғы. Ұлттық болмысынан, ұлттық сипатынан айырылған халықтың жоғалып кетуі мүмкін екені жайында ой толғаған Ғұмар, ұрпақ тәрбиесінде ана тілін құрметтеу, ұлттық әдет-ғұрыптарды ардақтау, дінін сақтау, өз тілінің қасиеттерін бойға сіңіру, ата-баба дәстүрін жалғастыру секілді келелі мәселелерді алдыңғы орынға қоюды мақсат етеді.

Заманның адамзат түгілі тіршілік иелерінің барлығын дерлік, хайуандарды, жан-жануар, аң-құстарды тартыстырып, таластырып, бір-біріне

жем қылып қойғандығына аса мән берген қаламгер «Тіршілік таласы» мақаласында өзіндік көзқарасымен бөліседі. Адамзат баласының арасындағы талас пен хайуандар арасындағы тартыстың аяусыздық, рақымсыздық, өшпенділік жағынан еш айырмасы жоқ екендігі белгілі. «Бір айырмасы сол: хайуандар тіс-тырнағын жұмсағанда, адам балалары бір-біріне көбірек ақыл қаруын жұмсайды» [45, 210 б.].

Кең байтақ жерді мекен еткен, қора-қора мал өсіріп кәсіп қылған қазақ халқына тіршілік таласының басталуы, жан-жақтағы жолдардың ашылуымен, күнбатыстан жаппай ағылып келген өзге елдердің жерімізді иелене бастауымен тұспа-тұс келеді. Жинаған мал-мүлкінен айырылып, тоз-тоз болған жұртының бұл кейпін надандықтың, қараңғы қапастың салдары деп түсінеді Ғұмар ақын. «Ғылым, өнер иесі адамдар, яки халықтар тіршілік таласында үстем болып, надан, өнерсіз қалғандар әртүрлі кемшілікте ғұмыр кешірумен жарлылық, су құйылмаған теректей болып қурап, ақырында дүние жүзінде өзі түгіл атағы да қалмайды» [45, 210 б.] – деп түйіндеген қаламгер қамсыз ұйқыда жатқан ұлтының сілкініп, ұмтылып, адам баласын өзге тіршілік иелерінен ерекшелейтін ғылым, өнер үйреніп, ілгері көштегі елдермен қатарласуға қадам жасамаса, тарих сахнасынан біржолата жоғалып кету қаупін айқындай түседі. Сол себепті жалқаулықты, кертартпалықты артқа тастап, білім қууды, ғылым мен өнер жолына түсуді, алға мақсат қойып, сол жолда талаптанып әрекет етуді насихаттайды.

Өскелең ұрпаққа үлгі боларлық биліктегі басшылар мен үлкендерге де саналы ой салуға тырысқан қаламгер: «Көзіміздің нұры ғазиз балаларымыз келешекте рахатшылықта ғұмыр сүрсін, артымызда дұғашы болсын десек, тіршілік саласында шет милләт (ұлт) балаларынан кем болмастай етіп, оларға ғылым-өнер үйрету тиіс» [45, 211 б.] – дей келе өмір тіршілігінде таласқа түспестей бағыт табуға, адаспаудың жолын нұсқап, дұрыс бағдар беруге үндейді.

Қаламы ұшқыр қаламгер өзінің «Қазақтар хақында» мақаласында сол кезеңде сан түрлі басылым беттерінде өршіп тұрған «Қазақтар құрып кете ме, жойыла ма?» деген сауал тұрғысында сөз қозғайды. Ұлтының болашағын, халқының қамын ойлайтын Ғұмардай азамат үшін бұл мәселе мағынасыз сұрақ, құр сөз ретінде ғана көрінеді. Кейбір тұлғалардың қазақтар жоғалады деген ойға келуі, ең алдымен халық арасына үрей туғызу болып саналатындығын, ұлтымыздың өміршендігіне мән бере қарамау салдарынан пайда болғандығын айтып өтеді. Ғұмардың сөзінің дұрыстығына сол дәуірде қазақтан да төмен деңгейдегі ұлттардың болғандығы дәлел бола алады. Мұндай сәтте тарих беттерінен жоғалу қаупі ең алдымен соларға туары анық. Осы секілді әлі піспеген мәселелерге қалам тербеп, құр сөзбен үлкен жаңалық ашқысы келетін жазушысымақтардың әрекеті Ғұмарды одан әрі қынжылта түседі. Сонымен қатар ол бұл мақаласында білімнің әр ұлт балаларына өз ана тілінде берілуіне аса мән беретіндігін жеткізеді, бастауыш сатысынан бастап қазақ балаларының да қазақ тілінде ғана жазылған оқулықтармен сусындауы қажет екендігін айтады.

«Дін исламның жақсылықтары жайлы Яхут пайғамбарларының көзқарастары» мақаласында: «Шариғат пен дінге байланысты көптеген еңбектерде ислам дінінің негізі Құран Кәрим мен Хадис екендігі аян. Ислам дінінің бұл негіздері ғылым ретінде мойындалған. Шындығында, ислам діні бұл дүние туралы да, ол дүние туралы да жинақтап, басын қосқан дін. Осылай деп түсінгеніміз дұрыс. Сол себептен ислам дінінің тек ахирет үшін ғана емес, бұл дүние үшін де маңызы бар. Сайып келгенде ислам діні адам баласына өздері сенетін тәңірінің жарастықты ат, атауларын және ұлы сипаттарын танытып, соған сендіру, сөйтіп құдайға жалбарыну» [45, 215 б.] – деп өзінің өмір тәжірибесінен жинақтаған ислам дінінің ерекшеліктері жайлы пікірімен бөліседі. Ислам дінінің тек адам өмірін жақсартуға ғана емес, бүкіл ұлт бірлігін сақтауда маңызды рөл атқаратындығын тілге тиек етеді. Себебі ұлттық идеологияны, ұлттық болмысты қалыптастыруда, ұлттық бірлікті берік ұстауда, ұлттық құндылықтарды ұштастыруда ислам дінінің алар орны ерекше.

Неке бұзылуына жол бермеу, отбасын сақтап қалуға тырысу, әйелдердің құқығын қорғау мәселелері жайында да ой қозғаған қаламгер «Әйелдер хақында» және «Өтініш (неке туралы)» мақалаларын жазады. Ғұмар отбасын құру мәселелерін бір жолға салу үшін неке туралы тұрақты заң қабылдап, қалың жұртшылықтың барлығын бірдей хабардар ету мақсатында басылым беттерінде жариялау қажеттігін айтып өтеді. Заңның жоқтығынан неке бұзушылықтың санының күрт арта бастағанына, ерлердің әйелдерін жәбірлеуі кең етек жайғанына, әйелдер құқығының қорғалмауы секілді өзекті мәселелердің өршіп тұрғандығына ашынған қаламгер осы мақсатта әділ шара қолдану керектігін насихаттайды.

Сонымен қатар Ғұмардың аталмыш мақалалары оның сол заманда қоғамда таралған ауқатты, бай адамдардың көп әйел алу ісіне де қарсы көзқараста екенін танытады. Оның: «Қазіргі уақытта ауқатты адамдар көп әйел алады. Егдерген шағында халі келмей, бір-бірін басқара алмайды. Сүйтіп, бала-шаға иесіз қалады. Құранда рухани һәм материалдық жағынан мүмкіндігі болғанда ғана көп әйел алуға болады дейді. Әйтпесе, бала-шаға мен әйелдердің обалына қалады. Семья ер адамға бағынуы керек. Ал, ер адам – семья басы үй ішін асырап, желдіруге, рухани, материалдық жағынан қамтамасыз етуге міндетті» [45, 214 б.] – деген пікірі бұл ойымызға дәлел болары анық.

Шындығында да, қоғамда белең алған көп әйел алушылық, ажырасу, бала-шағаның әкесіз қалуы сынды жағдаяттардың өршу себебі де неке хақында нақты заңның жоқтығынан екендігі айқын аңғарылады. Қазақ халқының ұлттық болмысына сәйкес отбасында ер адамның бір саты жоғары тұруы тұрғысында да келісті ой білдіреді.

Ғұмар Қараштың «Жүгенсіздік адамға жол ма еді?» мақаласы арқылы оқырманға ой салудағы басты мақсаты – адамзат баласы жүгенсіздіктің кесірінен талай зиянды істерге ұрынуы мүмкін екендігін, қоғамдағы қан төгу, бассыздық секілді ессіз әрекеттерге де адамдардың осы бір бетімен

кеткендіктің ықпалынан қатысатындығын айқындау. Отанның отбасынан басталатындығы секілді, әрбір жанұя мүшелері өз міндеттерін кемшіліксіз атқарса ешбір келеңсіздік орын алмас еді. Бұл тұста қаламгердің: «Бір үйлі жанның ішіндегі ағзаларының әрқайсысына түрлі-түрлі міндет артылады: әкенің жұмысы, міндеті бір түрлі. Баланың міндеті тағы бір түрлі, шешенің міндеті үшінші түрлі. Осылар өз міндеттерін кемшіліксіз жеріне келтіріп тұрса, ол ғайланың ғайла тұрмысы тәртіпті болмақ. Мұнан жоғары еткен тайфә, ру, ұлт ағзаларының да осындай-ақ бір-біріне жақындық желімін сақтау үшін, ортақ жиһаннан талас-тартыссыз пайдалану үшін неше түрлі борыш, міндет мүнәсәбәттары бар» [45, 218 б.].

Бүтін бір отбасы болсын не тұтас ел, не мемлекет болсын олардың беріктігі, тұрақтылығы, көркейіп жандануы ауызбіршілікке, бірлікке байланысты. Мемлекет басқару, жерді пайдалану, елдің саяси-экономикалық жағдайларымен айналысу секілді мәселелерде адамдардың түрлі пікірде болып, қарама-қайшы әрекет жасауы мемлекеттің құлдырауына, адамдар арасында дау-дамайдың орын алуына әкеліп соқтыратыны сөзсіз. Әр адам алдына келген міндеттерді өтеуге борышты екендігін сезінетін болса, қоғамдағы шиеленіскен оқиғалардың алдын алуға болар еді. Ғұмар Қараштың да айтқысы келген ойы осыған саяды. «Өзіндей адам қанын төгіп, малын тартып алуды дұрыс көрушілер өздеріне біреу соны қылса тәуір көрер ме еді?! Егер соны тәуір көрсе рұқсат, мейлінше таласын, өртесін, өлтірсін. Жоқ, олай болмаса, онда не айтады? Мен істесем дұрыс, бірақ маған мұны басқалардың жасауы жарамайды деуге бола ма?» [45, 218 б.].

Ғұмар мақала соңын сан түрлі сауалдар қоюмен түйіндейді. Жай сауалдар емес, жүгенсіздік белең алған кезде, кез келген жанның ойына оралуға тиісті сұрақтар екендігі баршамызға аян. Қаламгер оқырманын терең ойға қалдырады, сан түрлі сұрақтың келісті шешімін табуға үндейді.

Ғұмар Қараш 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газетіне жариялаған «Екеуі екі басқа» мақаласында заман шындығына айналған, қоғам арасында өзге бағыттарға бұрмаланып жүрген «ұлттастыру» және «талау» ұғымдарына нақты сипаттама беріп, айырмашылықтарын ашып көрсетеді. «Ақ малтасын езіп ішіп, алаңсыз отырған біздің қазақ жұртын революция тасқыны келіп, басқа еш нәрсеге әзірленбеген, қартаң тарихтың қалай аяқ салатынын болжамаған сорлы қалай етерін, қайда кетерін білмей сасқалақтап қалулы» [45, 220 б.] – дей келе қаламгер бұл тығырықтан шығу жолы ретінде қолданылып жатқан «ұлттастыру» жобасын талаумен шатастырып алмау қажеттігін баса айтады. «Ұлттастыруды» мемлекеттің жерін, суын, зауытын, байлығын, кенін, жұмыс ететін күшін, өзге де түрлі нәрселерін халықтың ортақ мүлкі ретінде тану деп түсіндірсе, талаудың мүлдем қайшы әрекет екендігін халыққа жеткізгісі келеді.

Ғалым Б. Боранбаеваның: «Жалпы қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарға белсене араласқан Ғ. Қараш ХХ ғасырдың басындағы қалыптасқан ұлттық ояну мен жаңғыру идеяларына бой ұрған, ұлт мүддесін ойлап, өзінің еңбектері арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткер

ретінде таныла білді. Ғұмардың ар-ождан, моральдық қасиеттерді санаға сіңіріп, жеке адамды қалыптастыру арқылы мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру идеяларының мазмұны мен мағынасы бүгінгі таңда да өзінің мәнін жойған емес» [70, 122 б.] – деген пікіріне сүйенсек, Ғұмар Қараш өмірін зерттеу, ақын туындыларына талдау жүргізу, ұлт жанашырының өзекті тақырыпта жазылған философиялық ойлары мен мақалаларын бүгінгі көзқараспен сараптау ешуақытта өз маңызын жоймайды.

Шынайы өмірдің түрлі көріністеріне өзіндік көзқарасын анық білдірген ақын өз жүрегінен шыққан ойлы сөздерді өлең әлеміне айналдырады. Ғұмар поэзиясымен сусындау арқылы ақын туындыларының көркемдік қуаты мен тақырыптарының сан қырлылығына, идеялық мазмұнының әр түрлілігіне тәнті боларымыз анық. Қоғамның әсерлі көріністері, портреттік сипаттамалар, тұрмыстың шынайы бет-бейнесі, адамдардың типтік түрлері, ой-толғаныстары тұтаса келіп, өмірдің ақиқат беттерін алдымызға жайып салады.

Ақынның айтқысы келген ойының мазмұнын тереңдете, әсерін күшейте түсу мақсатында көркемдегіш құралдарды да орынды қолдана білуі суреткерлік шеберлігін таныта түседі.

Тіл – көңілдің ашқышы,
Көңіл – жарық, жан – қия.
Білім – бақыттың басқышы,
Қараңғыда жол қия [45, 150 б.].

(«Тіл, ғылым туралы»)

«Тіл, ғылым туралы» деп аталатын бұл өлеңінде ақын тіл мен білімнің күдіретін арттырып, ғылым жолының даралығын көрсету үшін тілді көңілдің ашқышына, көңілді жарыққа, жанды қияға, білімді бақытқа бастағыш басқышқа балап тамаша жеткізеді.

Ақын «Алашқа», «Қазаққа», «Алаш азаматтарына» өлеңдерінде де «ақ жүрек», «ақ күміс», «қызыл алтын», «көк етті», «шекелі, күшті қошқар ел» секілді метафоралық тіркестерді көп қолданады.

Ақ жүрек азаматтар, асқар күнің,
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнің [45, 146 б.]

Ақ күміс, қызыл алтын жиғаныңды,
Құрбан қып осы жолға шашар күнің [45, 146 б.]

Көк етті, көн терілі көш бастаған,
Шекелі, күшті қошқар ерің бар-ды.
Кетсе де ердің құны, нардың пұлы,
Инабат ерге біткен сенім бар-ды [45, 149 б.].

Ғұмар ақын поэзиясында теңеу, кейіптеу сынды көркемдік құралдар да аз кездеспейді. Ақын қазақ ұлтын, халқының тұрмыс-тіршілігін суреттеуде «адасқан қойдай шулап», «ор қояндай орытып», «шабыртты шүйген лашындай», «тасқын судай шалқыған», «сарыжадай толықсып», «жас

камыстай бой тартып», «меруерттей тамылжып», «сұңқардай шалықтаған ой жүгіртіп», «азулы арыстандай тістілер», «жел шайқаған теңіздей», «толған айдай нұрланып», «құзғын жеген қояндай», «қарғылы қара төбетше», «күмістей таза сулары», «тайдай тулап секірген», «жер маралдай керілер», «тоты құстай сыланып» т.б. тіркестерді пайдаланады.

Үлкеннің кішілері сөзін тыңдап,
Бойсұнып төзім тұта тұрған заман...

Кідіріп біздің қазақ қалып соңға,

Басқалар асқан оң мен солдан заман [45, 25 б.]

– деп қазақ халқының өткені мен бүгінін карама-қарсы мәндегі сөздермен салыстыра жырлаған ақын өлеңдерінің мазмұнын «үлкен-кіші», «оң-сол», «жақсылық-жамандық», «бай-жарлы», «артық-кем», «сараң-жомарт», «надан-көзі ашық», «бұзықтық-әдептілік», «жалқаулық-еңбекқорлық», «шындық-өтірік» секілді антонимдер айшықтай түседі.

Ғұмар ақын «Замана жайынан» толғауында:

Әкімдер азса не болар?

Іздегені жем болар.

Алымсыз төре бере алмас,

Арам жемей жүре алмас.

Кім берсе пара молырақ

Соның ісі жөн болар.

Бергенге есік кең болар,

Бермесен басың кем болар.

Бергеннің аты «сіз» болып,

Бере алмасаң «сен» болар [76, 49 б.]

(«Замана жайынан»)

– деп, әр жол соңында «болар» сөзін қайта-қайта қолданып, эпифора әдісі арқылы әкім-басшылардың қисынсыз әрекеттеріне оқырманның назарын аудартқысы келеді.

Әдебиет тарихында өзіндік орны бар өнегелі туындыларымен дара жол салған, отарлауға ұшыраған жылдар қасіретін, рухани құлдыраған ұлт тағдырын бүгінгі ұрпақтың жүрегіне жеткізе білген кемел суреткер, ұлтжанды ақын Ғұмар Қараштың сыршыл поэзиясы, мағыналы толғаныстары, мәнді мақалалары бүгінде қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармалары қатарынан лайықты орын алып отыр. Шебер суреткердің қаламгерлік қуаты, шығармашылық шабыты ұлан-ғайыр жерімізді келер ұрпаққа аманат еткен ата-баба киесін, ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық мінезді бар жан-тәнімен сезіндіреді.

Қорыта айтсақ, «Ғұмар – поэзиямызға өзіндік өрнек, түр қосқан жаңашыл ақын» [69, 326 б.], қоғамдық-саяси, тарихи, философиялық ой-толғаныстары арқылы өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті ойшыл-философ, сан түрлі әлеуметтік мәселелер тұрғысында құнды пікірлер айта білген дарынды қаламгер, дін-шариғат, имандылық жолына бет бұрған, араб, парсы, татар, түрік, башқұрт тілдерін жетік меңгерген ғұлама, ұлт мүддесін

ойлап, халқын ағартушылыққа шақырған қоғам қайраткері, халық жанашыры.

3 ХАЛИМА ӨТЕҒАЛИЕВА (1889-1984)

3.1 Ақын поэзиясы: арна бастаулары, дәуір тынысы, ұрпаққа өсиет, өскен өлкеге тағзым

Қазақтың аяулы ақыны Халима Өтеғалиева 1889 жылы шілде айының ішінде қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданына қарайтын Ақоба ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Шыққан руы Ағатай - Беріш. Тайманұлы Исатай батырдың інісі Әлімбайдың баласы Нұрғалидың қызы. Халима жастайынан той-жиында өлең айтып, қайым айтысқа қатысып, «ақын келіншек» атанған. Туған ауылында 1944 жылға дейін сауыншы болып істеген. Өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде 1938 жылдан бері жарияланып тұрған. Х. Өтеғалиева республикалық ақындар айтысында бірнеше мәрте жүлде алған. 1946 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі, халық ақыны.

Ақынның жалғыз ұлы Қапан Мусин ұлт музыкасының дамуына үлес қосқан, күрделі классикалық шығармалар тудырғын, халқымыздың белгілі композиторларының бірі. Талантты сазгер өзінің ақын анасының өлеңдеріне көптеген әуен жазып қалдырған.

Ақынның әр жылдарда «Мақтанышым – өз елім» (1961) [83], «Ақындар жыры» [84], (1963), «Ана жыры» (1969) [85], «Әже әлдиі» (1974) [86], Бесік жыры (1979) [87], Мейірім (1985) [88] атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

Халық ақыны, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Өтеғалиева Халима Нұрғалиқызы – өткен ғасырдың екінші және үшінші ширегінің тұсында кеңінен танылған жүйріктер санатына жатады. Жастайынан өлең-жырдың бесігінде тербеліп, түрлі жиын-тойлардың гүліне айналып, балауса шағында «ақын қыз», есейе келе «ақын келіншек» атанған Халима Өтеғалиева өнерпаздығына тән негізгі ерекшелік – суырып салмалық өнер мен тауып айтушылық сынды импровизациялық жанрдың басын құраумен бірге жазба әдебиеттің иіріміне бет түзеген.

Халима ақындығының түпкі дәстүрлі бастауы ұлт поэзиясы тарихында Махамбет, Абай, Ғұмар, Шәңгерей салған тұмса-бұлақтан бастау алып, Жамбыл, Нартай, Нұрпейіс, Шашубай сияқты халық ақындары іргесін қалаған халықтық мектептің тінінен тарайды. Кеңестік заманда халық ақындарының өз шығармашылық мүмкіндіктерінің шырқау биігіне көтерілу күні туған болса, соның жарқын дәлелі ретінде Омар Шипин, Нұрхан Ахметбеков, Кенен Әзербәев, Құмар Жүсіпов есімдерін ауызға алсақ, сорлардың нақ ортасында Халима Өтеғалиева да бар.

Өткен ХХ ғасырдың 50-60 жылдарындағы халық әдебиеті өкілдерінің шығармашылық өрістерінің даму деңгейіне назар аударсақ, Қазақ ССР Ғылым академиясына қарасты Әдебиет және өнер институты республикадағы жүзден астам әйгілі ел ақындарын айрықша бақылауға алып,

олармен тығыз байланыс жасап отырған. Бұлардың ішінде аты жұртқа мәлім Омар Шипин, Кенен Әзірбаев, Болман Қожабаев, Қалқа Жапсарбаев, Сәттіғұл Жанғабылов, Үмбетәлі Кәрібаев, Нұрлыбек Баймұратов, Иманжан Жылқайдаров, Нұрхан Ахметбеков, Белгібай Бектұрғанов сықылды қарт ақындармен бірге Халима Өтеғалиева Нұрғалиқызының есімі де құрметпен аталады. Сол бір дәуірлерде аталған халық ақындары шығармашылық сапарларында біріне-бірі ұқсамайтын өзіндік ақындық үлгілерін танытып, өздеріне тән ақындық сара жолмен жүріп отырғандары аңғарылады. Мәселен, Кененнің ән-күйге толы лирикалы өлеңдері, Нұрлыбек пен Нұрқанның жазба әдебиетпен байланысты ақындық шеберліктері, Омар мен Үмбетәлінің колхоз, совхоз өміріне арналған өлең-жыр, толғаулары – барлығы да әр ақынның өзіндік стиль үлгілері саналады.

Сонымен бірге Халима Өтеғалиеваның суырып салмалық ақындық өнері өз кезегінде сөз өнерін зерттеушілердің көзіне түседі. Реті келсе тауып та айтатын, шамына тисе, қауып та айтатын Халима айтқыштығы мен өзіне тән ақындық шеберлігі әдебиет зерттеушілерінің назарынан сырт қалмаған. Мысалы, көркем сөздің шебері, сол кезеңде Қазақстан Жазушылар Одағының Председателі болған академик-жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов, белгілі әдебиет зерттеушілері: филология ғылымдарының докторы, профессор Е. Ысмайылов, сыншы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, академик М. Қаратаев, өзі көрнекті ақын әрі ғалым, филология ғылымдарының докторы Ә. Тәжібаев және басқалар Х. Өтеғалиеваның шығармашылық бітім-болмысына ден қойған.

Х. Өтеғалиеваның айтыскерліктен өзге басты қыры - жазба поэзияда да өзіндік мәнерімен көрінді. Халима хат танымаса да оның табан астында суырып айтқан жыр шумақтарын қасындағы хатшы қыздар жазып алған, ал кейбір ауыз екі айтылып кеткен жекелеген туындылар сақталмаған деседі зерттеушілер.

Х. Өтеғалиева поэзиясын тақырып ауқымына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншіден, ақын өмір сүрген дәуірдегі идеологиялық саясаттың ықпалымен жазылған ел басқарған «күн көсемге», «Ұлы Октябрьге», коммунистік партияның жақсылығын мадақтаған өлең-жырлар шоғыры мол. Оған: «Адам болсаң, Лениндей бол, Көктегі жарық күндей бол», «Партия – қамқор әке аялаған, Асқар тау – бауырың біз саялаған», «Бөленіп Октябрдің шұғыласына, Бейбіт ту желбіреді шың басында» немесе «Коммуниз дегенім – өмірдің кең төрі екен, Жырға қосам оны мен, өлеңіммен тербетем» деп жырлауы куә. Әрине, ақын жырларының құлақ күйі, жаңа қоғамды орнатушы «көсемдерге», партияға арналуы баршаға ортақ жайт. Кеңестік дәуірдің қасаң идеологиялық саясатынан өнер адамдарының тыс қалғаны некен саяқ. Ақын Х. Өтеғалиева да осы қоғамның саяси науқанынан өтіп, көптеген өлең-жырларын заман көшін бастаған «көсемдерге» оның серіктеріне арнады. Алайда шынайы көңілден туған, реалистік болмыстан туған жырлардың басым дені оқырманын иландырады. Ақын-ананың өзі өмір сүріп отырған қоғамға бек сенгені соншалық - оның

аталған тақырыптағы туындыларында келер күнге үлкен үмітпен қарағаны анық байқалады. Төңкеріске дейінгі қараңғы дүниенің теперішін көрген ақынның жарлы-жақыбайларға, кедей-кепшіктерге әкелген теңдігін сол заманның тұстасы, сол қоғамның бір қарапайым мүшесі ретінде қарсы алып, дәуір шаттығын шабыттана жырға қосты:

Октябрь таңы атқанда,
Жиырмадағы келіншек,
Алпыстағы кемпір боп,
Айып па бүгін көрінсек? [88, 16 б.]
(«Октябрь жырлары»)

-деп жырлаған ақын-келіншектің арада он жыл өткенде:

Құтылдым ескі өмірдің құрығынан,
Келмейді жетпіс менің жұлығымнан,
Кезімде тарлан тартқан сынға түстім,
Ілесіп ұлы топқа ұлы думан [88, 17 б.]
(«Бөленіп Октябрьдің шұғыласына»)

- деп ақын-кейуана сипатында, ақын-оптимист ана боп толғанады. Бүгінгі тәуелсіз ел заманында ақын жырлаған «гүлденген коммунизм» қоғамының бұл дуірге еш қатысы жоқ, өткен тарих боп қалғандығын айта кету ләзім. Барлық саналы ғұмырын елі мен халқынының жаңа қоғам орнатудағы қол жеткізген табысын, жеңісі мен жемісін жырлауға арнаған абзал жанның сексенге келген шағында «Қартаймас менің көңілім» атты тоғауында:

Домбыраның шегіндей,
Күллі дүние сөйлеп тұр!
Көңілімнің көгіндей,
Көрген қызық өрлеп тұр,
Халқымның ұлы мейрамы
Мені де бүгін тербеп тұр!
Сексенің түгіл, тағы да,
Тоқсанныңды басамын,
Өміріммен бірге өскен,
Ұрпағымның бақыты үшін
Алғыспен қадам басамын! [88, 89 б.]
(«Қартаймас менің көңілім»)

- деп жырлады ақын әже. Ақын өз сөзін ақтады, уәдесінде тұрды. Содан да болса керек «Тоқсанның шашуы» атты жиырма бес шумақтан тұратын ғұмырбаяндық өлең жазды. Бұл туындысында өткен өмірінің ащы-тұщы сәттерін оқырманға жеңіл тілмен баяндап, әсерлі жеткізеді.

Қуана қарсы аламын ұлы тоқсан,
Бұл тоқсан қиын емес сырын ұқсаң,
Тоқсанның топырлаған тойын шырқап,
Айып па ой көрігін қайта бассам.

Тоқсанның білмей қалдым таянғанын,

Шабыстан шаршадым ба, аяңдадым,
Кешегі бастан кешкен ескі өмірді,
Халқыма біразырақ баяндайын, [88, 91 б.]

(«Тоқсанның шашуы»)

- деп алады да ақын бір ғасырға жуық өткен жеке өмірінің бір үзік суреттерін жіпке тізгендей қылып баяндап шығады. Қиын заманда отбасындағы екі кемпір, үш жетімнің жайын ойлап, оқи алмағанына налиды. «Сол күнде жиырмадағы келін едім, / Кергіген кербездердің бірі едім. / Не пайда кербездіктен жөн-жозықсыз, / Оранған бас-аяғым кебін еді» деп өткен күннің көңілсіз суретін көз алдынан өткізеді.

Үш бала оралады етегіме,
Жүрмейді біреуі де жетегіме.
Дауысы бес жетімнің жер күңіретті,
Шулатып бес жетімді кетемін бе?

Жас жүрек жан ұшырып алып ұшты,
Ашуым арпалысып бойды қысты,
Зарына үш сәбидің шыдай алмай,
Амалсыз мінген аттан қайта түстім.

Қайырылып қайта келдім есігіме,
Асылып отыра кеттім бесігіме,
Құшақтап үш сәбиді жылап тұрдым,
Осылай бұйырған деп несібіме.

Сонымен өз-өзіме тоқтау салдым,
Сол жерде енекемнің қолын алдым,
«Оқуға барма десең, бармаймын - деп»,
Аяғына үш қайтара басым салдым.

Енем де құшақтады беттен сүйіп,
Көзінің ағып тұрған жасын тыйып:
«Мен өзім ептеп күнім көрер едім,
Кетесің үш сәбиді қалай қиып».
Үш бала «мамакем» деп құшақтады,
Ақ сүтім омыраудан кетті иіп... [88, 93 б.]

Міне, Халима ақынның ғұмыр жолының кейбір мезеттері осылайша өлең сөздің құдіретімен өрнектелген.

Ақынның туған жерге деген махаббаты мен құрметі оның лирикасының басым бөлігін құрайды. Отанды сүюді ақын өзі туып-өскен мекенді ардақ тұтудан бастайды. Оның жырларындағы туған жер тақырыбы өзге әріптестеріне қарағанда басқашалау көрінеді. Олай деуіміздің себебі – ол туған жерін, өскен өлкесін оның жер үсті, жер асты байлығымен қоса жырлайды. Еңбек адамының бейнесі, алтын дәнге толы қырман мен малға,

кенге толы дала төсінің көркем бейнесін жырлау - Халима ақындығының арқау-жібі десек те болады.

Еңбегі ұл-қызымның таңдандырған,
Арқада қар төсеніп, бұлт жамылған.
Жауынды үстеріне сауыт етіп,
Күшіне тың даланы бағындырған.

Жеңімпаз жерім, суым, күн мен айым,
Көргенде келбетіңді толғанайын.
Туған ел, көріп сұлу дидарыңды
Қалайша мен сүйсіне жырламайын!? [86, 95 б.]

(«Мақтанышым өз елім»)

- деп келетін өлең-жырлардың қатары мол көрінеді және он бұндай ырғаққа құрылған туындыларды Отанымыздың қызу бейбіт өмірін көрсететін картиналар есебінде қабылдарымыз анық.

Х. Өтеғалиеваның көпті көрген қария ретінде еліміздің өткені мен бүгінін жырлап қана қоймай, жас ұрпақ тәрбиесіне ат салысқан ақын екендігін дәлелдейтін жырлардың қарасы да аз көрінбейді. Халиманы балалар ақыны есебінде танытатын ондай өлең-жырларға «Бесік жыры», «Құлыншақ», «Менің бөбегім», «Балама», «Қорлан», «Немере» т.б. жырларды жатқызуға болады.

Мамық төсеп ұяға,
Балапан шайқап тербеттім,
Баулыдым, баптап ұшырып,
Қанатын көкке серметтім.
Көк алабын шарла деп,
Қыран құсқа мінгіздім.
Отаныңды қорға деп,
Болат қару ілгіздім,
Арқанды бұлтқа тигіздім,
Бұлттан да биік өрлеттім [86, 36 б.]

(«Бесік жыры»)

- деп келетін шумақтардан ұрпақ, ұлт қамын ойлаған шынайы патриотизмге толы ойлардың өрісіне тап боламыз. Сондай-ақ эстетикалық сезімге баулитын, адамның жан-дүниесін байытар иірімдерге, шуақты майірімге құрылған тармақтар әже мен немере арасындағы байланысты тереңдете түседі:

Саусағың рояльдың тілін басып,
Тұрады жүрегіммен сыбырласып,
Тәтті әнің оятады көңілімді,
Тұрады жанарымның нұрын ашып,

Жасарды қуанышпен кәрі анаң,
Өнердің бір мектебін еттің тәмам.

Қуанып өміріңе, жемісіңе,
Жыр төктім, құлыншағым, арнап саған [86, 35 б.]
(«Қорлан»)

Х. Өтеғалиева поэзиясынан қомақты орын алған тақырыптың бірі – ел тарихы, өлке тарихы. Өзінің туған өлкесі Оралдың, Жәнібек пен Орданың тарихына қатысты тарихи тұлғалар бейнесі ақын жырларында жиі ұшырасып отырады. Айталық, Исатай мен Махамбет, Әлия мен Мәншүк, Бисен Жәнекешов пен Хаби Халиуллин, Тайыр Жароков сынды есімдерді жиі кездестіреміз.

Сонымен бірге өзі көз көрген, дәмдес болған, аралас-құралас болған еліміздің мақтаныштары, бір туар азаматтары Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Сырбай Мәуленов, өзінің туған ұлы, белгілі композитор Қапан Мусинге арналған ода-жырлардың, арнау өлеңдердің өзегінде де белгілі уақыттың, белгілі бір кезеңнің отты табы жатыр.

Ақын Халиманың Кенен Әзірбаев, Болман Қожабаев, Шораяқ Омарұлы сияқты айтыскер ақындармен шығармашылық-байланыстық қатынастың нәтижелері әдебиет тарихында өшпестей із қалдырды. Халықтық поэзияның көрнекті өкілі Х. Өтеғалиеваның ұлтымыздың сөздік қорын терең игергеріп қана қоймай және сонымен бірге өзі де тың тіркестерді, соны әдеби-бейнелеуіш құралдарды туғызды. Мәселен, Кенен Әзербайбаевпен айтысындағы «Сен бе едің, ақын Кенен Қордайдағы, Шалдардың жуан мойын, сер бойдағы», «Кәнеки, енді жүрші маңайымнан, Қарт қыздың шошынарсың ырғайынан» немесе: «Жүйрікпін жетпісіңе желіп жеткен, Теріңді шұбыртайын самайыңнан» деген тіркестердің және тағы да сол Кененге қарата айтылған:

Мен едім Ертарғынның Тарланбозы,
Халқымның ел алдында айтар сөзі
Ерегіс екіталай болған жерде
Еңкеуден шабысымды көрсін көзің.

Мен едім Төлегеннің Көкжорғасы,
Егесте иек сүйейді ердің қасы,
Ерегіс екі талай болған жерде,
Алдымнан домалайды таудың тасы.

Мен едім Исатайдың Ақтабаны,
Халқымның қалап, қостап баптағаны,
Шаңыма Кенен қалай ере алмады,
Ғабит-ау, осы ма еді мақтағаның?! [88, 101 б.]
(«Бірде Халиманың Кененге айтқаны»)

- деген сирек бір туатын көркем оралымдарды дүниеге әкелді. Бұл шумақтарда халықтық фольклор мен жазба классикалық поэзияның аражігінің қосындысы бары байқалады. Мұнда дәстүр де бар, жаңашылдық

та бар. Автор батырлар жыры мен Махамбет мектебінің алтын кенінен хабардар болғаны айқын аңғарылады. «Қызымын Исатай мен Махамбеттің, Ерлікпен, ақындықпен аты шыққан» деуінде де үлкен мән бар.

Әдеби үдерістің ғылыми заңдылықтарына сүйеніп қарастырар болсақ, ақын қолданған көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарының біралуан шоғырына кезігеміз:

Көңіл шіркін кеншідей,
Аралап кезіп шыңдарды.
Тілім бір өткір бұрғыдай,
Тереңнен тескен тыңдарды

-деген жолдарда кейіптеудің теңеумен ұласқан түріне жолығамыз. «Күн батып түн көрпесін бүркенгенде, Ай, жұлдыз күлімдейді ел көзіне» немесе «Домбыраның шегіндей, Күллі дүние сөйлеп тұр», «Жамылып жасыл желек Алатау тұр, Өр кеуде батырлардай тәккапарсып», «Сұлудай тал шыбығы бұлғақтады, Шашбаудай сылдырлайды құрақтары» сынды көркем образ тудырушы сөз өрнектерін ақын поэтикасының өзіндік жаңалықтарын айқындайды.

Жансызға жан бітіру, оны тірі деталь формасында алып айшықтандыру – ақындық шеберліктің бір қыры десек, Халима ақында бұл мақсаттың орындалғанын аңғаруға болады. Мәселен, «Май айы», «Көш басы», «Тың дала», «Алтын дән», «Жер-ана» «Астық – арқау» аталатын туындылардың өрімінде монологтық әдістің қаратпа сөз мағынасындағы қолданылу амалын ақынның шебер игергеніне көз жеткіземіз. Мысалы:

Май айы, қонағым сен, дауысың зор,
Қуана қарсы аламын табысың мол,
«Сыйға - сый, сыраға - бал» дегендейін,
Төлер деп еңбегімді, үмітім сол.

- деп келетін ізгілікті иірімдердің қатарын:

Жер - ана, елге құтың дарып жатыр,
Адамзат қазынаңды алып жатыр,
Сонда да таусылуды білмейсің сен,
Кеңейіп кең пейілің қалып жатыр

- деген ойлы өрімдер толықтыра түседі.

Жыр жұлдызы Халима ақынның Жайық жұрты мен Орал мекеніне арналған туындыларында туған елге деген сағынышы мұңлы-күйлі болып келеді. Өз жүрегіне жақын тартқан елді мекендерді атап өтіп, реті келгенде тізбелеп отырады. Мәселен, «Ақоба», «Ордаға», «Оралым», «Жаңарған өлке», «Жырдан шашу шашайын», «Исатай», «Батыр құрбандарға», «Батыр Мәншүк» т.б. туындыларында туған еліне деген махаббатын паш етіп, шын жүректен шабыттана жырлайды.

Айналайын, туған жер,
Басам деп пе ем белінді,
Ақоба, сені көргенде,
Көзімнің жасы төгілді [88, 38 б.]

(«Ақоба»)

-деп жырласа, Оралы туралы:

Келдім мен сағынышпен, Оралым-ай,
Кетейін енді арқалап, бораныңды-ай,
Суыңды, суығыңды сауыт етіп,
Жүрейін ақ бұлтыңа оранып-ай [88, 30 б.]

(«Оралым»)

-деп толғанады. Ордаға деген сый-құрметінде:

Мен көрдім қасиетін бұл Орданың,
Өмірге құлаш жайып оралғанын
Мөп-мөлдір көз жасындай адал жандар,
Қыз-ұлдың көз жасының тазарғанын [88, 30 б.]

(«Ордаға»)

-деп ой тоғытады. Жақсыбай хақында:

Көрсен ғой келіп қазір Жақсыбайды,
Бақытқа, байлыққа да қанат жайды.
Шыңдалып білімменен өрендерім,
Алам деп қол созады күн мен айды [88, 31 б.]

(«Жаңарған өлке»)

деп жыр нөсерін төгілтеді.

Ақынның Алматысы мен Алатауына, Арқасы мен Қарағандысына арналған өлең-жырлары да бар. Кең байтақ Қазақстанның қай өлкесі туралы жырласа да Отан деген ұғымның ұлы екендігін айтудан ақын бір тынбады. Елі мен жұртының қуанышын бөлісуге қашанда даяр тұратын өнер иесінің өткен өмір жолы кім-кімге де үлкен өнеге бола алары анық. Содан да болса керек, ақын.

Жыл сайын асып жатыр көрген қызық,
Қызыққа ой келмесе кетем жүзіп,
Сәулетті ұрпағымның өмірлерін,
Айтуға сөз жетпейді жырға тізіп [88, 18 б.]

деп баршаға мейірімін төге жыр кестелейді.

«Жүрсем де астанамның ортасында, Жәнібек, Оралымды мақтан етем»
- деп туған жерін сағынышпен жырлаған ақын Х. Өтеғалиеваның шығармашылық әдеби мұрасы әр алуан белестерден тұрады.

3.2 Ел мен жер тарихы, еңбек пен бірлік, ерлік пен елдік, туған жер тақырыбы

Халық құрметіне бөленіп, ұзақ ғұмыр кешіп, артына ұлағатты рухани әдеби мұра қалдырған ақын ананың өмірбаянына назар аударған қазақтың ақын қызы Мариям Хакімжанова естелік мақаласында былай деп жазады: «Халима апайдың шыққан руы Ағатай-беріш. Атақты Исатай батырдың інісі Әлімбайдың баласы Нұрғалидың қызы, 1941 жылға дейін колхозда сауыншы болған. Адал еңбек үлгілі ісі үшін бірнеше рет мақтау қағаздарымен бағалы

сыйлықтар алған. Колхоздың ақыны атанған [89, 293 б.] – деп ақын өмірінің көпке беймәлім тұсынан сыр ағыта келе өзі көріп куә болған, өмірге жаңа туындылар келер кездегі Халима ақынның бастан кешкен толғаныс-толғатуы туралы қызықты оқиғаларды әңгімелейді.

Халима ақынның алғашқы баспасөз бетін көрген туындысы «Жайнаған күш» атты өлеңі аудандық газеттің бетінде жарық көрген (1938). 1941 жылы соғыс басталғанда Халима ана жалғыз ұлы Қапан Мусинді және төрт қайынысын соғысқа шығарып салады. Төрт ер соғыстан оралмай қалады. Ал баласы Қапан ауыр жарақатпен 1944 жылы оралады да ауылда қалған анасын Алматыға көшіріп алады. Кейіннен Қапан Мусин атақты композитор атанып, қазақтың музыка өнерінің жанрын жетілдірген сазгер болып қалыптасады.

Х. Өтеғалиева соғысқа дейін де, соғыс жылдарында да үгіт-насихат өлеңдерімен таныла бастайды. Атақты Жамбыл, Кенен бастаған дәстүрлі жыршылық мектептің ізімен жүре отырып жаңа дәуірдің ақыны болып жетіледі.

Халима ақынның көптеген өлең-жырларын Қазақстан ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Жамбылтану бөлімі жазып алған. Екі дәуірдің, ескі мен жаңа қоғамның тыныс тірлігін бастан кешкен Х. Өтеғалиева ақындығында еліміздің өркендеу даму жолдары сатыланып сипатталып отырады. Ақын шығармашылығында алдымен көзге түсер ерекшелік - еліміздің жүріп өткен тарихы, Отанға деген үлкен құрмет, жақсы өмірге жетудегі есіл ерлердің ерліктері, жаңа қоғам орнатып жатқан еңбекшілердің ерен еңбектері, жас ұрпаққа айтылар үгіт-насихат мәселелері арқау болған.

Ақын ұғымында елін, жерін қорғаған ерлерді мадақ тұту, олардың ерлік істерін келер ұрпаққа айтып жеткізуді өзінің қаламгерлік бойшы санайды. Ескі надандық басым тұрған қоғамның да бастан кешкен жайттарын баян етуді де ақын ұмыт қалдырмайды. Жаңа тұрмысқа жетудің сан сатылы баспалдақтарынан өткен ақын ол өлшемдерді өзінің ұзақ ғұмырлық мерей жасымен байланыста алып жырлайды. Мәселен:

Он жаста оянбаған ой санасы
Сәби ем көре алмаған ел панасын.
Алыстан арпалысқан қалың малға
Ата-ана аямады қыз баласын.

- деген жолдарда ескі феодалдық қоғамның суреті бейнеленсе,

Көрмедім тура қарап ел көзіне,
Жүрмедім шалқып-тасып дер кезімде.
Басымды қыл шылбырдан ала алмадым,
Жиырманьң солқылдаған кербезінде.

Білмедім келгенімді жиырма беске,
Өкініш түседі екен кейін еске.
Кім білер кімнің сырын, кімнің жырын,
Тарихтың тастары айғақ өткен іске [88, 90 б.]

(«Он жаста оянбаған ой санасы»)

- деп келетін тармақтардан ақынның өткен дәуір бейнелерімен қатар қазақ қызының тағдырының баршаға ортақ жайттары баяндалады. «Өтті ғой талай белес мына бастан, / Кездерім қара қырдан жылап асқан, / Бұл күнде қуаныш боп қайта оралды, / Өлең жыр көкірегімнен бұлақ ашқан». Өмірінің бел-белестерін қоғамның өсу сатысымен біріктіре бірге алған ақын елінің болашағынан мол үміт күтеді. Келешек жастарына, жас ұрпақ өкілдеріне бек сенеді. Соған сай сырласа жырлайды.

Жетпістің ерттеп міндім тарланына,
Өмірдің болмас маған арманы да
Айшықты ауыздықты жүгенімнің
Тізгінін ұстатайын балаларыма [88, 90 б.].

- дейді ақын.

Халима ананың елі мен жұртына арнаған өлең жырларында мейрімділік, Отанға құрметі мен сенімі ақ көңіл жанның ілтифаты боп төгіліп отырады. Мәселен «Шаттық жыры», «Май айы», «Көш басы», «Тың дала», «Алтын дән», «Игі іс», «Теңдік жыры» аталған өлеңдерінде елінің өсу, толысу бағдары, қайнаған еңбекке бет бұрған халықтың толағай табысы жырланады. Айталық «Шаттық жырында» бақыттың қанатында шалқыған жанның монолога халқымен бірге тасып төгілген қызық-қуанышы боп ақтарылады. Бақытты өмірдің қырқасында халқымен бірге қуанып, шаттануға дайын тұрған лирикалық бейне ақ жаулықты, ақ самайлы ана боп ой толғайды: «Болса да ақ жаулығым, ақ самайым / Қайтадан жас өмір боп басталайын». Ақын шаттық жырында заманаға қарата сөз арнап, жұлдызымен бірге жайнап, жердегі ұл-қызымен бірге гүлденуді қалайтынын айта келе: «Жасымнан жолын қудым көп өнердің, / Жалынан көк толқынның өлең өрдім» деп өзінің өнерпаздық қырынан да ой аңғартып өтеді. Алдағы күнге арналған әр сағатын бақытты, салтанатты шаққа теңейді. Өлең түйінінде:

Мен қайтып қайғы ойлайын жасырып сыр,
Мойныма гүл-бөбегім асылып тұр.
Күлдірген күкісімен немеремнің
Бұл өзі неткен шаттық, не деген күн! [88, 14 б.]

(«Шаттық жыры»)

- деп ұрпақ жалғастығына қуанышпен қарайды.

«Май айы» туындысында табиғаттың тамаша тартуымен сыр бөліседі. Мүлгіп жатқан табиғатқа жан кіріп, жердің жүзі бау мен баққа бөленген шақты «Айналып ашық аспан кілтін ашты, / Бәрі де қол артқандай адамзатқа» деп сипаттайды. Ақынның адамзат баласына бет түзей айтылған монологында қоғамның басты байлығы - адам, адам адамға дос, бауыр деген ежелгі қағиданы басшылыққа алады. Өмірдің көркі де, сәні де адам, адамсыз өмір тұл деген көзқарасты аңғарамыз.

Ей, Адам, сен болмасаң қайтер едім,
Сырымды кімге шешіп айтар едім?

Сенсің-ау бар өмірдің көрік-сәні,
Өмірді сенсіз қайтіп байытар едім? [88, 14 б.]
(«*Май айы*»)

- деп жырлайды.

Май айын ақын қонақ ретінде қарсы алады, қуана сөз арнайды. Табысты айға балайды. «Май айы, қонағым сен, дауысың зор, / Қуана қарсы аламын, табысың мол / «Сыйға - сый, сыраға - бал» дегендейін, / Төлер деп еңбегімді, үмітім сол» деген тілегін де қоса жолдайды. Май айының табиғатын суреттеуге келгенде ақын не бір әсем теңеулер мен иықтасып бейнелі пейзаж тудырғандай. Мысалы:

Айнала белуардан малынған шық,
Тұрғандай таң самалы нұрын құшып.
Жамылып жасыл жібек Алатау тұр,
Өр кеуде батырлардай тәкәппарсып.

Сұлудай тал шыбығы бұлғақтады,
Шашбаудай сылдырлайды құрақтары.
Көркі ғой астанамның қарт Алатау
Айнала жарқыраған шырақтары.

Автор түсінігінде көктем көркін жырламаған ақын жоқ. Көктемде жайнамайтын табиғат жоқ. Бәрі де құлаш жайып емін-еркін көтеріледі, тіпті «Қай терек көтермейді, бұйра бөркін».

Ақынның өмір сүріп отырған қоғамның көшін бастаған ерлерді мадақтаған, ардақтаған туындысы «Көш басы» аталады. Өмірге біреу келіп, біреу кетіп жатады, алайда ұлы көш ұбап-шұбап өтіп жатады. Алғашқы көшті ұрпақ жалғастырып жатады. Алғашқы көшті кейінгі ұрпақ жалғастырады. Осылайша қыбыр-қыбыр тірлік заңына бағыну - елінің әдет-ғұрып бірлік заңымен сәйкес келеді. Тұтасқан ен жайлаулы елі бар, қонысы көк балауса шүйгіні бар, осының қақ төрінде дөң жайлауда ақ ниет, асыл арман, тұнық сырын ағытып, жырын төгіп ақын отыр. Ел болашағына үлкен үміт, селкеусіз сеніммен қараған ақын: «Күмәнсіз көз алдымда тұр елестеп, / немере, шөберенің болашағы» деп толғанады. Еңбекші елдің қым-қуат тіршілігін бейнелеп, тыңға түрен салып, жайқалған егіннің иелеріне арнаған өлеңі «Тың дала» аталыпты.

Көз жіберсем далаға,
Көк торғынға бөленген.
Ырыс кені - қара жер
Адам қолы өң берген.
Еңбек сүйгіш ерлерім
Сары алтынды күреген
Күндіз-түні тынықпай
Қос басына түнеген.
Жайқалып тұр ақ бидай
Сабағына қарасам,

Кең өлкені кернеген [88, 25 б.].

(«Тың дала»)

Қарапайым диханшылардың еңбегімен гүлденіп жатқан тың даланың кескін-келбетін шынайы бере алған ақын «Жанды шаттық билеген, / Адам бар ма шіркін-ай, / Бұл өмірді сүймеген» деп ағынан ақтарылады. Шағын шумаққа еңбек ерлерінің ерен еңбегі толығымен сыйып кеткен.

Жоғарыда талданған өлеңімен сабақтас, тамырлас туындылар «Алтын дән», «Астық - арқау» және «Жер - ана» аталады. Керілген кең далаға сыймай жатқан қырмандағы үйілген қызыл бидайды ақын ұлан байтақ елге берген дәулет деп қабылдайды. Бұндай байлықты бақытты өмірдің нышанына балайды. Зулаған көп көліктің алтын астықты тиіп алып зырлауын, осы қызған еңбектің ортасында жүрген жастарды «Астық деп таң атырып, күн батырып, / Ел сеніп ұл-қызына жүгін артқан» деп жырға қосып, «Ақтайды ұл-қыздарым ел тілегін, / Сендірген сенімімен ел жүрегін» деп қорытады. Ауыл-елдің ортасында жүріп, қайнаған еңбектің бел ортасынан табылып, шыныққан ана ақынның астықты алқапты, қызыл қырымды суреттеп бейнелеуі ерекше. Оқырманын шандыра, оқиғаның басына өз қолымен жетектеп апарып таныстырғандай бейнелейді.

Жерім де мырза бүгін, сылқым бүгін,

Төсінде тербетілген толқынды егін

Көргенде көп астықты қырмандағы,

Тасыған жырға толды көкірегім [88, 26 б.].

(«Алтын дән»)

- деп толғанса, бек сенесіз. Жырымен бірге ыстық мейірімін төккен ананың әр жылт еткен жаңалықты жырға қосып, дала гүлін сыйға тартуы көңілге қуаныш ұялатады. «Жырымды, мейірімімді ала келдім мен, / Мап-майда самалындай таң алдының» деуі де туындыға ерекше мән-мағына үстеген. Ақын алтын егінді, астықты өмірлік арқауға теңейді. «Астық менің қуатым, / Астық менің арқауым» дегізген халық байлығының асып-тасқан молшылығын дәріптеп, үлгі етеді. Қамбадағы әрбір дәннің елдің құдіреттілігін танытар, қасиетті жердің даңқын көкке жаңғыртар символдық мәнде алып жырлайды. Халықтың мұнша байлығының төккен термен, ерен еңбекпен келгендігіне назар аударады.

Қызыл қырман - қызыл тау,

Түндер бойы сөнбейді от.

Маңдайдан тер төгілді

Астық тегін келген жоқ

Миллиард боп құйылды,

Мемлекетке ну егін.

Жарыла жаздап қуанды,

Менің де кәрі жүрегім [88, 27 б.].

(«Астық - арқау»)

«Жер-Ана» - астықты өлкенің ғана емес, қазба байлыққа тұнған өңірдің ас та төк жер асты байлығын дәріптеген туынды. «Жер-Ана, елге құтың дарып жатыр, / Адамзат қазынаңды алып жатыр. / Сонда да таусылуды білмейсің сен, / Кеңейіп кең пейілің қалып жатыр» - десе, ақын шындықты айтқаны. Жер-Ананың қалтасы кең, қазған сайын бұрқырап шығып жатқан байлығын бүгін алсақ та, ертеңге де сақталғандай күйде болайық деген де үгіт жоқ емес өлеңде. Қазына-байлықты сабырлылықпен, жөнімен есептеу сынды ойларын да бүгіп қала алмайды ақын. Жер асты байлығын игеруге кіріскен кеншілердің еңбек әрекетін де кейіптеу үлгісінде жандандыра бейнелейді.

Сан адам құшағына еніп жатыр,
Айнала еселеніп келіп жатыр...
Барлығы да жармасын ақ төсіңе,
Жер-Ана емшегіңді еміп жатыр [88, 28 б.].

(«Жер-Ана»)

Х. Өтеғалиева поэзиясында еңбек тақырыбы, еңбек адамының тұлғасы бастапқы орында тұрады. Қарапайым еңбеккерлердің атқарып жатқан толағай табыстарын мақтанышпен мейірлене жырлайды. Еңбек адамының портретін үстемелеп, көтеріп көрсетеді. Солай болуға тиісті деп ұлықтайды. Ақын пайымынша еңбек адамының тұлғасы бәрінен де биік, бәрінен де жоғары. «Туған жер - Қазақтан алтын ордам, / Халқына сарқылмайтын ырыс болған», Сол ырысты елдің ұл-қызының еңбектегі бейнесін әсерлей образдау арқылы оларға көрсетер құрмет те ерекше болу керек сияқты көрінеді. Отанын мызғымайтын алып қорғанға балаған ақын оның еңбекші ерлерінің, ұл-қыздарының келбетін батырларша суреттейді.

Еңбегі ұл-қызымның таңдандырған,
Арқада қар төсеніп бұлт жамылған.
Жауынды үстеріне сауыт етіп,
Күшіне тың даланың бағындырған [88, 28 б.].

Халқының тіл байлығын еркін игерген ақынның сәтті шыққан суретті сөздерінде, фигура, троптарында өзінің стильдік, авторлық меншікті тіркесті сөз өрнектері тұнып тұр десе де болғандай. Көркемдеуіш құралдарын ақын ұтымды әрі оқырманға салмақ түсірмей, сәтімен жеңіл қолданады. Ондай оңтайлы құрастырылған тегеурінді сөз өрнектері ақынның еңбек тақырыбынан өзге де өлең-жырларында молынан ұшырасып отырады. Халима ақынның рухани өрісінің кеңдігін танытатын, шабыттана жырлаған бір саласы – туған жері мен өскен еліне, жалпы Отанына арнаған өлең-жырлардан тұрады. Туған өлкесінің бай табиғаты мен әсем көрінісін бейнелеуге келгенде ақын шабыттана сөйлейді. Оқырманын да өзімен бірге елітіп, тіпті ерітіп әкетеді десе де болғандай.

Жеңімпаз жерім, суым, күн мен айым,
Көргенде келбетіңді толғанайын.
Туған ел, көріп сұлу дидарыңды,
Қалайша мен сүйсіне жырламайын [88, 28 б.].

(«Еңбегі ұл-қызымның таңдандырған»)

- толғанған ақын Отаны мен халқына адалдығын таныта түседі. Бейбіт өмір, заман тыныштығын, өсіп өнген ұрпақ бақытын көзбен көрген ана қуанышында шек жоқ, шаттана жырлайды.

Туған жер - Қазақстан алтын ордам,
Халқына сарқылмайтын ырыс болған.
Жайнатқан еңбекші елдің шамшырағын
Отаным - мызғымайтын алып қорған.

Халима ақынның қай кезеңде де шаршамастан, тынбастан жырлаған тақырыбының бірі – еңбеккерлер мен жұмысшылар өмірі. Олардың ел байлығын арттыруға қосқан үлесін, жалпы еңбек адамдарының қоғамдағы бейнесін, алар орынын өзі өмір сүріп, қызығын бірге тамашалап отырған құрылыстың берекелі жетістігімен байланыстыра жырлайды. Кенестік дәуірде Отан, қоймасына миллиардтаған астық құйған ауыл еңбеккерлері мен диқаншылардың еңбектегі ерлігін көзімен көрген ақынның қуанышында шек жоқ. Көркемдік қуаты мол әшекейлі өрнектер өлең қадірін келтіріп, ақын қолданысында туындыға әр беріп, өң ала шілтерлене түседі.

Қош келдің аңсап күткен алтын күзім,
Жайнаттың алау атып жердің жүзін.
Көтеріп миллиард туын алақанда
Ақ наннан жіберейін бір-бір үзім [88, 29.б.]

- деп келетін ойлы образға құрылған шумақтар ақындық шеберліктің үздік үлгілеріндей оқылады. «Миллиард, халық риза келгеніңе, / Береке ұлы еліме бергеніңе. / Тойына Отанымның тарту еткен / Диқаным, ризамын еңбегіңе!» - деп ақын ағынан жарыла толғанады. Отанының жетістігіне, еңбек ерлерінің маңдай терімен келген табысына шаттанған ақылман ақын ананың мадақ жырында кәрілікті жеңген кейуананың балаша мәз болған характерлік портреті қоса берілген.

Қуаныш, бәйге тойдан қаламын ба,
Үн қостым миллиардтың хабарына
Тоқсанда қарт әжені сілкіндіріп,
Нұр құйды алтын дәнім қабағыма!

Ақын Халима ананың поэзиясының төрінен орын алған және айырықша бір шабытпен жырланатын тақырып - туған жер, өскен өлке, баршаға ортақ ыстық нүкте - елді мекен, ауыл аймақ, дала, қала. Ол мекендердің табиғатымен қатар адамдарының дархан мінез-құлқы да ақын назарынан тыс қалмайды.

Мәселен кір жуып, кіндік кескен жері Ақобаға махаббатын «Ақтаймын қарызымды бойымдағы, / Сертімді өтеймін деп ойымдағы, Бүгінгі келбетінді жырға қосып, / Ақтарам алтыныңды қойныңдағы» деп тебіренсе, Орда туралы толғанысында «Мен көрдім қасиетін бұл Орданың, / Өмірге құлаш жайып оралғанын. Мөп-мөлдір көз жасындай адал жандар / Қыз-ұлдың жүрегіннің тазарғанын» - деп жырлайды. Ақын «Оралым» өлеңінде: «Келдім мен сағынышпен, Оралым-ай, Кетейін енді арқалап бораныңды-ай, / Суыңды,

суығынды сауыт етіп, / Жүрейік ақ бұлтыңа оранып-ай» - деп күш-қуат алса, жаңарған өлке Жасыбай ауылына деген құрметін бүгінгі өмірдегі жетістігімен байланыстыра келе:

Жас қайың жағасында тербеледі,
Жас талдың ішкі сырын кім біледі.
Сұлудың моншағындай сылдыраған
Сыбырлап о да менен жыр тіледі [88, 31 б.]
(«Жаңарған өлке»)

- деп кейіптеудің озық үлгісін жасайды.

Жалпы Халима өлеңдерінің жазылу мәтінінде өзіне тән бірнеше ерекшеліктер бар. Соның бірі - ақын туындылары оптимистік рухты бойына жақсы сіңірген. Оқырманын шуаққа бөлеп, жақсы шырай беріп, жетелеп, қуантып отырады. Оқырманына нұр қуаныш сыйлаған жыр шумақтарының мазмұнында туған елінің жаңа заманындағы қол жеткізген табыстарын көтере жырлау, әспеттей көрсету сияқты сол дәуір идеологиясының дәстүрлерінен де сырт қалмағанын айтып кету ләзім.

Ақын ананың «Жырдан шашу шашайын» өлеңі «туған елі - Оралының топтан озып жүлде алған» мерейлі табысына шаттанып, қуанған, құттықтаған шайырдың толғанысы түрінде жазылған. Кеңестік дәуірдегі миллиардқа өзіндік үлесін қосқан елінің ерен табысын ақын шаттана, масаттана жырға қосады.

Туған елім - Оралым,
Ой сарайын ашайын,
Топтан озып жүлде алдың,
Жырдан шашу шашайын!
Қуаныш толып кеудеме,
Жайықтай тулап тасайын.
Мерекелі тойыңда
Мен де үнімді қосайын.
Жетпістің желпіп желегін,
Жырдан маржан төгемін [88, 32 б.]
(«Жырдан шашу шашайын»)

- деп толғанады қарт кейуана ана. «Туған жерім - бесігім, үлес қостың миллиардқа» деген тармақтардан ақын өмір сүрген дәуірдегі қоғамның шаруашылық, өндірістік қуаты, сол кезеңнің тыныс тіршілігі елес береді.

Ақын үшін кең байтақ Қазақстанның қай түкпірі де ыстық, әр қаласы мен ауылы, тауы мен тасы, өзені мен көлі де қымбат. Ақын өз қуанышын сол туған жерінің көрініс-полотносын жырлап отырып бөліседі. Мәселен:

Астанам - алтын бесік, Алатауым,
Алыстан тұрған көркем, басың жауын.
Үстіне бұлт шөккендей қар жатса да,
Бауырында құлпырады бақша бауың [88, 33 б.]

- деп ел астанасы болған Алматының табиғатын жырға қосумен бірге оны қоныс етіп, мекендеген мұқым жұрттың жайын да сөз етеді.

Қойныңнан өрмелеген миллион халық

Бейбіт ел бақытың тұр нұрға малып,

Еліңнің мәдениет, салт-санасын

Тұрады ақындар да жырға жазып

- деп өзінің де сол жарыс жырынан қалыс қалмағанын айта кетеді. Ақынның сүйікті Алматысына арнаған тағы бір туындысы «Алматы - айна» деп аталады. Ару қаланың көркін айнаға балаған, теңеген ақынның туған қаласына деген махаббаты өлең тілінде әсем өрнектелген. Ақын:

Жамағат, қала көркі қайда жатыр,

Астында аяғымның айна жатыр,

Айнада жарқыраған Алматымның

Сәулесі шағылысып ойнап жатыр [88, 33 б.].

(«Алматы - айна»)

- деп өлең тізгінін ірки келе, тағы да ақындық міндет-борышын алға тосады.

Жырменен көрсетейін қала көркін,

Бақ құшқан, қазақ елі емін-еркін

Сәулетті салтанатты тұрғын үйлер

Көктерек көлеңке етер бұйра бөркін

- деп қаланың небір әсем келбетін майын тамыза мақтап, ардақтағанымен шынайылықтан ауытқымайды. Қалай жырласа да, қалай сипаттаса да ақын бейнелеуінде шындықтың көркем суреттері бар. Ақынның тіл байлығы, шешендік туындыға әр беріп, кестелі әдемі полотно пайда болған. Әйтсе де, авторлық ой-тұжырымын ақын өлең түйінінде қаперлеп жеткізіп отырады.

Көмкерген көк торғынмен көшелерін,

Нұрлы орман бау-бақшамен еселедің.

Бөлеген құла дүзді ну орманға

Жастарын жырға қосар шешелерің.

Алатаудың ел қызыққан әсем бейнесін, ақын ана көптеген өлең жырларында бірнеше рет атап өтіп, қайта айналып соғып отырады. Ақын біткеннің қарт Алатауды жырға қосып отыруы бір басқа да, Халима ақынның суреттемесі өз алдына бір әлем. Алатаудың бейнесін туыстық атауменен қабыстыра, өзіне жақын тарта сипаттайды. Алатауға қарата ақын ақ тілегін арнайды.

Қарт Алатау, күн көзін

Қадайды саған қызыға,

сқақтаған күнбезің

Ыстық қой ұл-қызыңа»

- деп алады да Алатаудың әсем бейнесінен өзіне жақын жанның суретін көргендей қуанышпен жырға қосады.

Ақ сәлделі, ақ шашты

Қарасам сенің басыңа

Тапқандаймын ұқсастық

Менің кәрі жасыма [88, 34 б.].

(«Алатау»)

Алатауды қоршаған «Жасыл ну алқапты, қызыл гүлдерді / Көремін сенің ғана қойнында» – деп емірене тебіренеді ақын және «Сыйлықтай бір өзіңе / Сырғасы күміс айдың да» - деп кішіпейілділік таныта үн қосады. Ақынның туған жерге деген құштар көңілінің түкпірінде «Сүйіндім де Алатау, / Жырға қостым көркінді» сынды ықыласы жатыр. Ұл мен қыздың, үлкен мен кішінің Алатаудың бауырында ойнақтап өскен баршаның құрметіне лайық мекенді «Ыстықсың сен сол үшін, / Сезілмес кәрі ызғарың» - деп мақтаныш етеді. Соңғы түйінді ойын:

Болсам да мен қарт ана,
Алатау, саған баламын.
Мақтанамын тұлғаңа
Қуатындай даланың!

– деп аяқтайды.

Х. Өтеғалиеваның ел мен жерге тағзымы, туған мекенді әспеттей жырлаған өлеңнің бірі «Аңсадым алыс кетіп, қайран елім, / Жас толып мұнарланады екі көзім» - деп басталатын жыры. Мұнда автор «Қойныңды аш, құшағыңа мен кірейін, / Аунайын топрағыңа, туған жерім! –деп туған еліне өзгеше үлкен тебіреніспен аңсары ауа, көңіл бөле жырлайды. Ақынның бұл өлеңі жазылу формасы жағынан өзге жырларынан өзгеше көрінеді.

Бастапқыда сағынышын баса алмай, туған жерімен ағыл-тегіл сырласып, көкірегінде тұнған бар мұң-сырын сыртқа жайып салған лирикалық кейіпкер енді бір сәт өткен өмірінің куәсіндей көрінер Желмен де диалог құрып, әңгіме-дүркен құрып, қайымдаса бастайды. Лириканың «Мен» мен «Жел» сұхбатында ауыл-елге, туған жерге көптен бері ат басын бұрмай кеткен жанның өзін мазалаған жайттан ақталып-арылуы сынды диалог-әңгіме берілген. Мысалы :

М е н:

Сен маған өкпелейсің «келмедің» деп,
Қайырылып қайта айналып көрмедің деп.

Әуелі мән-жайымды сұрап алсаң,

Құлашты қандай шынға «сермедің» деп - ақтала бастаса, оған

Ж е л:

Бармысың балғын көмей, бал таңдайым,

Қоңыр ән құбылушы ед салған сайын

Жүгіріп қыз-бозбала әнге басып,

Күңіренге жаңғыртқандай жер сарайын

– деп тіл қатады. Келесі кезекті алған «М е н» де қарап қалмайды. Өзінше ақталып, сылтау айтып, өткенің елесті күндерін, балдаурен шақтарының есте қалған суреттерін сұрай бастайды.

М е н:

Қуандым, Жел, сөзіңе күн мен айым,

Айтысып өз еліммен не қылайын.

Баяғы бұзау баққан жұртым қайда

Айтып бер, сен білесің соның жайын?

- деп термелетеді. «М е н н і н» сауал жырына «Ж е л» де іркілместен жауап береді. Өткен күндердің белгілерін факт түрінде дәл тауып еске салады.

Ж е л:

Өзіңнің бұзау баққан жерің жатыр,
Арқалап төккен сайда күлің жатыр.

Жетектеп екі қызды бұзау баққан,

Шұбырып сонау жонда ізің жатыр

- дейді.

Лирикалық «М е н» өткен күндердің ұмытылмас кездерін еске түсіреді. Балалық бал дәуреннің қызықты шақтарын еске алады. «Ж е л м е н» келісетінін байқатады. Желдің айтқан ойларын, естелігін құп алады.

Иә, Жел, ол да өткен кездер еді,

Бұл өмір қалай, қалай өзгерді

Қиялыңа сыймайтын қызықтарды,

Бұл заманда оп-оңай көз көреді.

- деп өзі өмір сүріп отырған дәуірінің қызықтарын жырға қосады. Астанасы мен ауылының арасын жақындастыратын сағынышты сезімге беріліп, үлкен толғаныспен жырлайды ақын.

Үйім бар Алатаудың бауырында,

Жығылмайтын не дүлей дауылыңа,

Тұрсам да айдай сұлу астанада,

Алыстан аңсап келдім ауылыма.

Сағынып келіп тұрмын туған жерге,

Жалаң аяқ қозыны қуған жерге,

Осынау құдіретті алып заман,

Сенің де көтеріпті тұлғанды өрге! [88, 38 б.].

Автор «Ж е л» мен «М е н» екеуінің диалогын беру арқылы өзінше жаңа бір форма таппаққа ұмтылған. Лирикалық кейіпкердің туған еліне, өскен өлкесіне деген құрметінде шек жоқ. Ақын туған өлкесінің қай пұшпағын жырласа да, сол жердің, ыстық мекенінің атын атап, түсін түстеп жырлауға шебер. Мәселен «Ақоба сені көргенде, / Көзімнің жасы төгілді. / Туғандарды құшақтап, / Ет-жүрегім езілді» десе, енді бірде «Ұмытпан белге оралған бетегесін, / Мұнартқан ұмытылмас ерте көшін, / Жәнібек, Орал, Орда, Қамыс, Самар / Кең далаң жатушы еді-ау керіп төсін, / Құбылған құбылысың еске түссе / Төгіліп көзден жасым, кетеді есім» - деп толғанса, тағы бірде «Аяулы Айман-Шолпан, Қыз Жібегім, / Ақжайық нұрға малған жас түлегін, / Солардың ұшып түскен тұяғымын / Өрттен де тайсалмайды өр жүрегім» деп сыр бөліседі. Сонымен бірге / «Ерлерім, туып өскен Еділім-ай, / Кетемін Еділді айтса егіліп-ай!» немесе «Жүрсем де астанамның ортасында / Жәнібек, Оралымды мақтан етемін - деп жырлайды ақын Халима ана ақ жүрегімен ақтарыла.

Ақын үшін кең байтақ Отанымыздың қай түкпірі де ыстық, қай мекені де қымбат. Сол себепті ақын «Атыңнан айналайын Қазақстан!, / Түбінен

жүрегімнің жаздым дастан» деп жырлады. Сол үшін ақын «Атырау, Алтайменен екі арасы, / Алатау алып арқа сар даласы, - / Дейтұғын Қазақстан ел боламыз, / Халқымның басын қосқан бар баласы» дейді.

Туған жерінің әрбір мекенінен тарихи оқиғалардың із-сілемін тауып, оны жырға қосудан шаршамайтын ақын ана «Батыр құрбандарға» өлеңінде Орда өңірінде болған төңкеріс оқиғаларының құрбандарын еске алады. Жаңа заман орнату жолында бақилық болған сексен ғұмырдың - сексен жастың ел бақыты үшін күресіп, жау қолынан қаза болған ерлердің рухын ардақ тұтады.

Аялап, аймаладым сексен ұлым,
Толар ма сол ерлерім ексем құнын.
Күзетіп сексенімді Бисенім тұр
Мәншүгім құрбан етті жас ғұмырын.

Бөлекте бөлек-бөлек сексен қабір,
Ел үшін жанын қиып көріп зәбір
Елестеп аянышты қыршын жастар.
Көзімнің жасын тиып, еттім сабыр [88, 44 б.].

(«Батыр құрбандарға»)

Сол тарихи оқиғалардың куәгері болған мекендерді: «Бұлт көшіп, күн жарқырап, ай нұрланды, / Құлпырып шешек аттты нулы орманды / Бекетай, Қандыағаш пен Жасқұс құмы, / Шетінен шексіз дала гүлге оранды» деп жаңа өмір тұрмысының шаттық жырын шертеді.

Ақынның «Исатай» өлеңі өзі тікелей ұрпағы болып табылатын Халима Өтеғалиеваның жүрегін жарып шыққан туындысы болса керек-ті. Исатай батырдың хандық дәуірдегі күресіне өз ой-танымынша баға береді. Махамбет ақын мен Исатай батырдың ел басына күн туғанда тізе біріктіріп, халық үшін, езілген тап мүддесі үшін жүргізген азаттық күресінің маңызын ұлықтайды.

Ауыр күнде айқасқан
Қамын ойлап жалпының,
Батыр туған Исатай
Қадірлі ұлы халқының [88, 43 б.].

(«Исатай»)

- деп батырдың соғыс даласындағы бейнесін «Астында аты ойнақтап, / Жол тартқан төте асудан. / Хандарға зілді кекпенен / Көк ала қару асынған» дей келе: «Өлеңмен жауға оқ атқан / Махамбет ақын қасында» - деп Исатай-Махамбет егіз ұғымының қалың бұқаралық данқ-танымын кеңейте жырлайды. Ағайын, туған елі үшін айқасқан батырдың, әділет-теңдік іздеген ердің есімін ардақтауды үгіт етеді ақын ана.

Ақын Х. Өтеғалиева поэзиясында елі үшін күрескен, ел қорғаған батырлардың есімдері тұрақты орын алады. Соның бірі - ақынның туған жері Ақоба ауылынан шыққан батыр, Отан соғысының әйгілі ері, комиссар Қаби Халиуллин - Жоғарғы кеңестің бірінші сайлауының депутаты, өз дәуірінің белгілі тұлғасы. Отан соғысында полк комиссары бола жүріп қаза тапқан Қаби Халиуллинге арнап «Өшпейді даңқын» деген туындысын жазды.

Толғау түрінде жазылған өлеңде батыр ердің соғыста хабарсыз кетуі, соңынан жерленген жерінен депутаттық значок белгісі табылып, ердің қаза болған жерін анықтауға мүмкіндік туғанын, ел жұртының қара қағаз алып қайғыруын автор шығармасында үлкен тебіреніспен баяндайды.

«Қан төгіскен майданда
Хабарсыз кетті» - деген хат
Алдық та жылап біз онда
Есепсіз қайғы арқалап,

Сан үйлі әулет күңіреніп,
Көре алмай сендей боздақты,
«Жоқ» деген сөзге үйреніп,
Сақтадық ұзақ сол хатты [86, 10 б.].
(«Өшпейді даңқың»)

Жауынды күзде, қысқы боранда, егінді қырманда, жылдың төрт мезгілінде «тағы да хабар туардай» сақталып келген ел-жұртының алаң көңілі көрінеді өлеңде. Ақын комиссар Қаби Халиуллиннің ғұмырнамалық портретін жасауға ұмтылады, жанама мінездеме беріп, өмір белесін үлгі ете жырлайды. «Соғыстан бұрын әскерде / Депутат болдың жасыңнан» десе, енді бірде: «Комиссар болып полкқа / Күнінде соғыс ашылған, / Хаттарыңды алып оқып ек / Қатыгез жауға ашынған» - деп тебіренеді. Өлең түйінінде елін қорғаған еріне ел болып, жұрт болып ескерткіш тұрғызғанын, ер есімінің мәңгі ұмытылмас белгіге айналғанын мәлім етеді.

Ақын Х. Өтеғалиева Ұлы Отан соғысы тақырыбын қозғаған және бір өлеңі «Батыр Мәншүк» аталады. «Айналайын, Мәншүгім, / Арнадым саған жырымды» деп басталған жырда «Өзіңдей ер қызымды, / Аңсайды ана жүрегі» деп аяулы аналық жүрекпен емірене, езіле тіл қатады. Мәншүктің соғыстағы ерлігін ақын «Қанды қырғын ұрыста / Қаршығадай қарағым, / Жібермедің намысты, / Батырларша алыстың. / Отан үшін өлем деп, / Қол қаруға жабыстың» - деп суреттейді. Туындыда ақын Мәншүктің ерлік бейнесін қарапайым да түсінікті тілде баяндап («Елім деп туған жасынан, / Елдің қызы сен едің. / Жауға оқты жаудырып / Жай отындай өрледің») жеткізеді. Ақын түйіні: «Сенің жарқын өмірің, / Мәңгі лаулап жанған оқ».

Халима Өтеғалиеваның Халық батыры атанған Момышұлы Бауыржанға арнаған өлеңі «Бауыржанға» аталады. Өлең өте қысқа, алайда Баукеңнің ел білетін дауылдай мінезі осы шағын туындыға сыйып-ақ кеткен.

Қымбатты інім Бауыржан,
Батыр болып, ер болып,
Ерекше тудың ауылдан,
Қайсарлығың ұстаса,
Кем соқпайсың дауылдан
Қиын қыстау күндерде
Отан үшін от кешіп
Кегіңді алдың жауыңнан.

Айналайын, батыр інім, Бауыржан! [88, 78 б.].

(«Бауыржанға»)

Өлеңде автордың батыр ұлға құрметі, сүйіспеншілігі, апалық назы әдемі көрініс тапқан. Қазақтың апалы-інілі сыйластық дәстүрі оқырман жүрегіне жылылық ұялатады.

Ақынның «Жеңіс туы», «Жайрандап келді май айым», «Лағнет айтам соғысқа», «Үніңді өшір», «Ел үшін» т.б. өлеңдерінде Отанымыздың басына сынақ боп туған күндерде болған оқиғалардың, оған төтеп берген ел ұландарының ерлігі, тылда еңбек еткен жандардың тынымсыз қарекет тірліктері мазмұндалады. Төрт жылға созылған соғыстың зардабына төзіп, оны көтере білген ел жұртының ерлігін мадақтай жырлаған ақын:

Жау кетті, жер тынықты қанға бөккен,
Ер қайтты елі үшін қанын төккен.
Кәрі-жас бойын жинап алды демін,
Құтылып, серпілгендей ауыр жүктен.
Күн-түні зар еңіреп құлыным деп,
Көзінің мөлдіретіп жасын төккен,
Құшақтап, омыраудан сүтін тосып,
Қарсы алды қариялар ұлын күткен.

- деп жырлады ақын бейбіт заманды аңсаған халықтың мұңын жеткізеді. Сол сұрапыл соғыстан ақын ананың жалғыз ұлы Қапан Мусин де жаралы оралып, ұзақ өмір сүре алмай, қысқа болды ғұмыры. Қапан Мусин - Қазақстан музыка өнеріне үлкен еңбек сіңірген, симфониялық музыка жанрын дамытқан сазгер боп өнертану тарихына енді. Ақын «Лағнет айтам соғысқа» өлеңінде:

Қу соғыстың зардабы,
Жалғызым болды жаралы
Сол жараның дертінен,
Саулығы қазір шамалы,
Соны ойласам сорғалап,
Көзім жасы тамады.

- деп қамықса, «Қапанды еске алу» аталатын ұзақ толғанысында тоғыз ай, он күн көтеріп, тапқан ұлының барлық жақсы қасиеттерін атап өтіп, қинала, қапалана толғанады. «Аз өмірдің ішінде, / Өнерің өрге самғаған / Халқың үшін қан төгіп, / Қиының бар ма бармаған?» дей келе: «Суретіңе қарасам, / Тірі ме деп қаламын, / Мүсініңді құшақтап, / Құшағыма аламын» - деп зарлай жырлайды. Ақын ананың қасында жүріп, шығармашылық кеңес беріп, бірталай өлеңдерін жазып алған ақын Мариям Хакімжанова «Ақын ана Халима» атты еңбегінде: «Апайдың ұлы Қапан Мусин майданнан оралғаннан кейін халқымыздың белгілі композиторларының бірінен саналады. Талапты жас композитор өзінің ақын анасының өлеңдеріне талай талай сазды мелодиялар жазғаны есімде. Бірақ соғыстан ауыр жараланып келген ардагер азамат Қапан өмірде көп тұрмады, 1970 жылы дүние салды. Қапандай ұлдан айырылу - анаға оңай болсын ба? Ғазиз ана көп жыл бойы мұқалып, мұңданып шөгіп қалды. Қапанмен бірге майданға аттанған төрт ағасының

төртеуі де құрбан болған. Қапанның өлімі соның бәрін жаңғыртып кетті» - деп жазады [90, 9 б.].

Қапанның соңында қалған ұрпақтары: ұл-қыздары, немерелері әке жолын жалғастырады. Ұлы Қобылан, қызы Шолпан, немересі Қорлан консерваторияны бітіріп, музыка мамандары атанды. Халима ақынның бірқатар туындылары немерелеріне арналып жазылған.

3.3 Ұлт поэзиясының, халық ақындарының ірі өкілі, көркем ой зергері

Халима Өтеғалиеваның әдеби мұрасының бір қырын оның айтыс ақыны ретіндегі таланты құрайды. Халима Өтеғалиева - қазақтың белгілі айтыскер ақындары Кенен Әзірбаев, Болман Қожабаев, Есдаулет Қанденов, Жораяқ Омарұлымен айтысқан, кейбір халық ақындарымен қайымдасып, әзіл жарастырған. Солардың бірқатары сақталып, ақын кітаптарына енген. Олар: «Халиманың Болманмен айтысы», «Кенен мен Халиманың өлеңмен қақтығысуы», «Бірде Халиманың Кененге айтқаны», «Халиманың сүйген жігіті Манапқа шағынуы», «Халимамен Жораяқ ақынның бір тойда кездескені» сынды шығармаларда ақын ананың айтыс өнерінде де өзіндік із қалдырғанын аңғаруға болады.

Халима айтысының өзіне тән көркемдік кестесі бар. Ол біріншіден, әдемі сөз саптаудың шебері. Екіншіден, пайымды, тағылымды сөйлеудің шебері. Оның қарсыласына тауып айтар сөзінде байсалды, салмақты, танымдық ой жатыр. Және бір ерекшелік - Халима Батыс өңіріне тән батырлық, қайсарлық мінезді қай-қай айтысында да бетке ұстап, батыл-батыл сөйлейді. Қарсыласының ой тұспалын тез ұғынып, шалт қимылдап, қарсы тойтарыс беруге әзір тұрады. Мәселен, Болманмен айтысында қарсыласы оған:

Ақ Халес, жорға да өзің, жүйрік те өзің,
Сыныңа келіп тұр айтқан сөзің.
Сыртыңнан дабылыңды естуші едім,
Бүгін шаршы топта көрді көзім.

-деп сөз бастайды да, одан әрі «Ақ Халес, арнай қойдым саған күйді, / Жайдарман жақсы сөзің жанға тиді» дей келе:

Майталман жан екенсің сөзге жорға,
Айтыссам сеніменен батам сорға.
Шіркін ай, отыз бесте тап келмедің.
Жетпістің үшеуінде жүрмін зорға

Кешегі жиырма бес жас қайта келсе,
Мал беріп алар едім сатып пұлға.
Еріксіз атқа өңгеріп алып кетіп,
Некенді қияр еді басып молла [88, 95 б.].

- деп бір жағынан құрметтей, бір жағынан тиісе сөйлейді. Әріптесінің әзіл-қалжың аралас өлеңіне Халима ақын сыпайы ғана: «Кәнекей, қолыңды бер,

Болманым-ай, / Жүлде алған бірнеше рет саңлағым-ай», / Бөлеке, маған арнап күй шығаршы, / Көңілді көтеретін ойдағыдай» - деп жауап қатады. Бейбіт айтыстың көрігін қыздырғысы келген Халима Болманды ақылға, сабырға шақыра сөйлейді:

Сұрасаң, арғы атам Беріш менің,
Айтыста бір ақынмен керіспедім.
Бөлеке, бақытың бар ер екенсің,
Өзіне душар болдың періштенің

Илансаң, періштемін ақ қанатты,
Басымнан асырмадым салтанатты.
Арғы атам жұрт сыйлаған ардагерлер -
Исатай-Махамбеттер парасатты.

Халиманың:

Кинода екеумізді әлем көрсін,
Бөлеке, қуанышпен қолымды ұстаң...
- деп бітімгерлік ұсынысын құп алған Болман да:
Қарағым айналайын фазылыңнан,
Алманың қызыл бетің қабағыңнан»
- деп тіл қатады.

Х. Өтеғалиеваның шешендік болымыс-бітімін, айтқыштығын танытатын бір айтысы Кененмен қақтығысуы. Бұл қайымдасу диалогы айтыс тарихына «Кенен мен Халиманың өлеңмен қақтығысуы» деген атпен енді. Қазақтың халықтық әдебиетінің көркемдік қуатын тану, сөз өнерінің құдіретін (өнер ретінде) сезіну белгілері осы екі ақынның сөз сайысында әдемі көрініс тапқан. Жарасымды әзіл, қарсыласын тыңдай білу, сыйласу дәстүрінің үлгілік, өнегелік қасиеттері айтыста әсем келісім тапқан. Асыл сөздің кені Кенен ақын:

Келінжан, шайқасуға бар ма шамаң,
Көпшілік сөз бастауды берді маған.
Әуелі есендесу елдің салты,
Халима, бала-шағаң бар ма аман?

Атыңды жүруші едім сырттан біліп,
Естуші ем өнеріңді оқып-біліп,
Шал екен деп, Халимаш, күдер үзбе,
Көп ішінде бетімнен қойшы сүйіп [88, 97 б.].

- деп сөз бастап юморлық қалыппен қайымдасуға шақырады. Кенен осыған дейін де Латипа, Мөртай, Бәтима сынды ақындармен де сынға түскенін айта отырып, осы жерде өзін тоғыз келін, қырық балдыз қоршап отырғанын әзілмен жеткізеді де, «Халқымнан айналайын қолын жайған / Өлеңге кешке дейін жалықпаймын. / Айтыста ақ сұңқардай шарықтаймын» - деп өлең өнеріндегі қыран-сұңқарлық биіктігін танытады. Әріптесінің аяқ алысын аңдаған Халима ақын алдымен сол тұста өмірден озған қазақтың ұлы

суреткері, жазушы Мұхтар Әуезовтың қазасын еске алып, көңіл айтқандай болады.

Шіркін-ай, ауыр екен өлім деген,
Бұл ажал еш пендеге көрінбеген.
Кешегі асқар таудай Мұхтар қайда,
Адам жоқ естігенде егілмеген.

- деп бастайды да, бұл фәни дүниеден кім-кімнің де өтетінін, өзінің де сол сапта екенін және де «Өлгенше көргенімді жырлап өтем» деп ой түйеді. Халима бұл сайыста да қарсыласына шыққан тегін атап өтіп, «Қызымын Исатай мен Махамбеттің / Ерлікпен, ақындықпен аты шыққан» дейді. Кененмен айтысудың өзі үшін үлкен мәртебе, ұлық өнер екенін Халима ақын сыпайылап, кішіпейілділікпен, әдептен озбай жеткізеді, иіліп сәлем береді.

Кенеке, сәлем бердім өлеңменен,
Құрбымсыз заманың бір дегенменен
Бас қосқан ақын-әнші осындайда
Қағыспай қалуымыз бола ма жөн.

Сен бе едің ақын Кенен Қордайдағы,
Құлағым Кенен десе елеңдеген.
Түсімде үш ұйықтасам бар ма менің,
Кенеке, қатарыңа келем деген.

- деп ақын Халима Кенекеңнің мәртебесін биіктете, құрметтей тіл қатады. Алайда әдепкі сөз бастарда Кенекеңнің «Халима, әріптесім бері отыршы, / Шал едім келінге көп жамбастаған» деген, сондай-ақ сөз арасында: Әйел құмар Кенен ем, / Бетіңнен, келін, өбейін» деп келетін, әзіл-шыны аралас қақтығысына орай Халима да қарсыласын өткір тілімен сойып салады:

Сен бе едің, ақын Кенен Қордайдағы,
Шалдардың жуан мойын, сер бойдағы
Кешегі теңдіксіз күн еске түссе,
Қайнайды зығырданым қай-қайдағы

Кәнеки, енді жүрші маңайымнан,
Қарт қыздың шошынарсың ырғайынан.
Жүйрікпін жетпісіңе желіп жеткен,
Теріңді шұбыртайын самайыңнан

- деп төгілтеді. Одан әрі Халима ақын қартайған шағында, праволы документтерін қолына берген жаңа үкіметке ризалығын білдіреді. «Жазылды камшы тиген жаралы етім, / Келгенде кемпір жасқа қайрат беріп, / Көтерді қолтығымнан үкіметім» дей келе:

Келсең - кел, Кенен құрбы, қолыңды бер,
Қарт қыздың көрсетейін кереметін...

- деп әзілге шаптыра түйіндейді. Келесі шумақтарында да қарсыласын өткір тілімен түйреп өтеді. Мәселен, «Әуеде бір жұлдыз бар жұптамадым, / Кененжан, уәдеңді мықтамадым. / Аузыңнан «жаным» деген бір сөз естіп, /

Төңбекшіп өткен түні ұйықтамадым» дейді. Сондай-ақ: «Кенен сал, аяғыңды ширақтау бас, / Сүйретпей байдың жалқау кербезіндей» және «Жарасқан құндыз бөркің басың қандай, / Күмістей жылтылдаған шашың қандай / Біздермен тағдыр қосып дәмдес болсаң, / Кененім, болар көңілің тасығандай» деген келісті өрілген тіркестерден Халиманың ауыз екі айтыста да шын жүйрік, тауып айтқыш шеберлігінің мықтылығы аңғарылады. Кенекеңді сөзбен қағытып, сөз делбесін бір ұзартып, бір қысқартып, түйдектете келе Халима қарсыласының мәртебесін көтере сөйлейді:

Ішінен осынша жұрт мені қалап,
Отырмын мен де сізді ерге балап,
Өркімнің өз қатары өзіне алтын,
Мен үшін жас жігітсің жаңа талап.

- дейді ақын әріптесінің көңілін аулай тіл қатып. Кенен де Халиманың достық, әріптестік шырай-ықыласын оңды қабылдайды. Үнсіз ұғынып, үштей түсіне құптап, мақұлдайды. Мейрімді жүзбен қарап, айтысты тең доғарады.

Өлеңің, Халимажан, қандай тәтті,
Қартайған жүрегімнің шамын жақты
Жүрейік қатар ұшып, қоңыр қаздай,
Болсын сол уәдеміз енді нақты [88, 100 б.].

(«Кенен мен Халиманың өлеңмен қақтығысуы»)

Жазушы-академик Ғ. Мүсірепов Халиманың айтыскер ақын ретіндегі шеберлігіне жоғары баға береді. «Мысалы, - дейді - Ғ. Мүсірепов: - Кенен мен Халиманың айтысына мән берсек, одан соң Қалқа мен Есдәулеттің айтысына мән берсек, бұлардың айтысы бұрынғы қайым айтысы сияқты. Мұнда ананы айт, мынаны айт деп күні бұрын міндет берудің қажеті жоқ, бірімен-бірі қалжындаса отырып, айтыса отырып, қоғамдық, жұртшылық өміріне, әлеумет мәселелерін әдемі жалғастырып кететін ақын адамдар, өздері өнер жүйріктері. Бұлар өздерінің өнегелі дәстүрін, ұрыссыз, жанжалсыз, әдеппен, көркем түрмен айтысудың бір түрін бізге көрсетті. Біраз ақындар өздерін осы бағытқа қарай бейімдер дейміз. Оларға қашаннан бергі үйренген, жүрегіне ұялаған айтыс түрінен басқа түрге көш деуге болмас» - деп келеді де, - «Есдәулет пен Халима екеуі де маған өкпелі кісілер. Мен бұл кісілердің қай сарында, қай жақтан ақындықтарының күшті екенін сезе бермейтін едім. Бүгін бұл кісілер өздерінің өте дарынды адам екендіктерін көрсетті. Қайымдасу саласында өнеге алуға болатын айтысқыш ақындар екен. Қалқа мен Халиманың айтыстарын, Кененнің айтыстарын кісі тындай беретін, уақыт өтсе де ескірмейтін айтыстар» [91, 127 б.] деп атап өтеді.

Сол кездегі дәстүр бойынша әр ақынның, мейлі ол халық поэзиясының өкілі болсын, мейлі жазба поэзия өкілі болсын, бәрібір, әрқайсысының әдебиеттегі өз орны, өзіндік өнер үлгісі бар болатын. Әр ақын өз жыры, өз үні, өз жанрымен жақсы көрінетін. Зерттеушілер Бекет Уақатов пен Е. Ысмайылов «Қазіргі халық ақындарының өнер жолы» аталатын мақаласында халық ақындарының ішінде хат танып, өз бетімен оқып өз өлеңін өзі ұқыпты түрде жазып отыратындарының шығармалары идеялық көркемдік жағынан

жинақы, жатық келетінін айтады. «Бұл ретте қазіргі ақын-жыршыларды үш топқа бөлуге болады» дейді.

Бірінші топ — хат танымайтын немесе шала сауатты, күнделік өмір жаңалығын, жазба әдебиет үлгісін басқаға оқытып, не ауызша, не радиодан естіп білуші ақындар. Бұлар — Кенен, Қалқа, **Халима**, Үмбетәлі, Сәттіғұл, Есдәулет, Темірғали, Ержан т. б.

Екінші топ — хат танитын, күнделік өмір шындығын өз бетімен оқып отыратын, бірақ, жазба әдебиет үлгісін әлі де болса терең меңгеріп, ұғынып болмаған ақындар — Әбдіғали, Қуаныш, Иманжан, Көшен, Белгібай т. б.

Үшінші топ — хат танитын, қазіргі өмір жаңалығын да, жазба әдебиет үлгісін де өз бетімен оқып, меңгеріп отыратын Ғабдіман, Нұрқан, Нұрлыбек, Сәт сияқты ақын-жыршылар» [92, 162 б.] - деп көрсетеді.

Халима Өтеғалиеваның ақындық өнерінің халық арасында кеңінен танылуына ықпал еткен бір тарихи бір оқиғаны айта кеткен жөн болар. Қазақ ССР Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының шақыруымен сол кездегі астана Алматыда 1961 жылдың 3-5 тамыз күндері аралығында халық ақындарының республикалық мәслихаты өтеді. Мәслихатқа отыздан астам халық ақындары, жыршы-жыраулар, әншілер мен шешен-ділмарлар, дарынды күйшілер жиналады. Мәслихат материалдары негізінде Ғылым академиясының баспасынан 1993 жылы «Ақындар жыры (Қазіргі халық поэзиясы)» деген атпен әдеби-ғылыми жинақ-кітап шығарылады.

Сол кезең идеологиясымен алғанда халық поэзиясының бүгінгі жайын баяндайтын бұл кітап негізінен – халық ақындарының жоғарыда аталған республикалық мәслихаттың материалдарынан тұрады. Жинаққа әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми зерттеу мақалалары енгізілген.

Аталған мәслихаттың басы-қасында болған әдебиет зерттеушісі Ғалым Жұмабаевтың «Дарын иелері» атты жазбасында мынадай жолдар ұшырасады: «Мәслихаттың үшінші күні болған айтыс өте қызық. Ақындардың ақсақалы Кенен Әзірбаев өзімен өкшелес келе жатқан құрбысы Халима Өтеғалиеваны әзілмен қағытып, айтысқа шақырды. Халима жеңгей де тайсалмай топқа түсіп, әзілге әзілмен жауап берді. Екі қарияның қуақы, күлдіргі, әзіл-сықақ аралас жыр бәсекесіне жұрт ду күліп, рахаттанып қалды. Ұлытаудың Болманы Оңтүстіктің Желеуімен, халық ақыны Қалқа Есдәулетпен, Нұрлыбек Белгібаймен айтысты. Он ақын екеу-екеуден бәйгеге түсіп, өз облыстарының табысы, бір-бірінің шаруашылық, мәдениет, тұрмыс саласындағы олқылық, кемшіліктерін жырға қосты» [93, 209 б.].

Байқағанымыздай Халима Өтеғалиеваның айтыс өнерін терең меңгергендігін, аяқ асты тапқырлығын, шын мәніндегі сөз жүйрігі болғандығын алдымызға жайып салады. Сондай-ақ журналист-жазушы Ш. Құмарова «Халық ақындарының мәслихаты» мақаласында Х. Өтеғалиевны - «сөз зергері» [94, 212 б.] деп атап көрсетеді.

Ақын Х. Өтеғалиеваға шығармашылығына қатысты кейбір деректерді белгілі фольклоршы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор

Алма Қыраубайқызы құрастырған «Бір қыз бен он алты ақын» атты Алматының «Жалын» баспасынан 1985 және жаңартылып 2013 жылы шыққан жинақтан ұшыратамыз. Кітап түсініктемесінде Халима Өтеғалиеваның өмір деректерінен мәлімет берілген. Аталған кітапта да Кенен мен Халиманың сөз қағысуына баса көңіл бөлінген. «Кенен мен Халиманың сөз қағысуының басқа айтыстардан ерекшелігі – дейді кітап авторы, - халқына аянбай қызмет етіп, адал еңбегімен халық құрметіне бөленген, ендігі кезде өмірге ойлы көз жіберіп, ел қамын ойлаған ақын ата мен ақын әженің салиқалы ойлары мен сыпайы да жарасымды әзіл-қалжыңына құрылған» [95, 277 б.].

Халима Өтеғалиева поэзиясының тіл көркемдігіне назар аударсақ, ақын қолданысында айшықтаулар мен құбылтулардың үздік үлгілері жасалған. Әдеби үдерістің ғылыми заңдылықтарына сүйеніп қарастырар болсақ, ақын қолданысында сәтті шыққан көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарының бір алуан шоғырына жолығамыз.

Көңіл шіркін кеншідей,

Аралап кезіп шындарды.

Тілім бір өткір бұрғыдай,

Тереңнен тескен тындарды

- деген жолдарда кейіптеудің теңеумен ұласқан түрі кездеседі. «Күн батып түн көрпесін бүркенгенде, / Ай, жұлдыз күлімдейді ел көзіне» (кейіптеу) немесе «Домбыраның шегіндей, / Күллі дүние сөйлеп тұр», «Жамылып жасыл желек Алатау тұр, / Өр кеуде батырлардай тәккапарсып», «Сұлудай тал шыбығы бұлғақтады, / Шаибаудай сылдырлайды құрақтары» (кейіптеудің теңеумен иықтаса қатар қолданылуы) сынды көркем образ тудырушы сөз өрнектерін ақын поэтикасының өзіндік жаңалықтарына жатқызамыз.

Жансызға жан бітіру, оны тірі деталь формасында алып айшықтандыру – ақындық шеберліктің бір қыры десек, Халима ақында бұл мақсаттың орындалғанын аңғаруға болады. Мәселен, «Май айы», «Көш басы», «Тың дала», «Алтын дән», «Жер - ана» «Астық – арқау» аталатын туындылардың өрімінде монологтық әдістің қаратпа сөз мағынасындағы кейіптеу құбылысын ақынның шебер игергеніне көз жеткіземіз. Мысалы:

Май айы, қонағым сен, дауысың зор,

Қуана қарсы аламын табысың мол,

«Сыйға сый, сыраға бал» дегендейін,

Төлер деп еңбегімді үмітім сол.

- деп келетін ізгілікті иірімдердің қатарын:

Жер - ана, елге құтың дарып жатыр,

Адамзат қазынаңды алып жатыр,

Сонда да таусылуды білмейсің сен,

Кеңейіп кең пейілің қалып жатыр

- деген ойлы өрімдер толықтыра түседі.

Тілдік ерекшеліктердің көркемдік қасиеті ақын қолданысында омоним, антоним, синоним сөздер де өзгеше өң алып, құлпыра түседі. Мәселен:

Қарайды көкте жұлдыз, жерде ұл-қыз

Қазыналы қасиетінің бәрі құндыз.

Күн болып жарқыраған күнбезінен

Күн сайын бойға қуат алып жүрміз

- деп келетін шумақта көк пен жер, ұл мен қыз антонимдік қатарды танытса, соңғы екі тармақта күн болып тіркесі біріншісінде планета атауын аңғартса, екіншісінде күн сайын мезгіл үстеу болып омонимдік қатар түзген.

Сонымен бірге «Тербетіп өлеңіммен ел жүрегін, / Той қылып, дүрілдетіп, думандадым» деген тармақтарда курсивпен берілген тіркестер синонимдік қызмет атқарып тұр. Осы сынды: «Баулыдым, баптап ұшырып», «Істесім, қаламдасым осы күнгі», «Гүлдейтін міне заман, өмір келді», «Семсерім, болат қылышым» т.б. синонимдер жиі ұшырасып отырады.

Х. Өтеғалиеваның «Мысал» аталатын өлеңі халықтық терменің ізімен жазылған. Ақын қазақ халқының «Жақсы деген немене, жаман деген немене?!» деп келетін философиялық мәңгілік тақырыпты өмір категориясының шеңберінде алып, заманауи талапқа бағындыра жырлайды. Мәселен:

Жақсы болса келінің,

сеппей екен егінің,

Жаман болса келінің,

ажалсыз келген өлімің.

Жақсы болса қызың,

аузыңдағы тұзың.

Жаман болса қызың,

құлақтан кетпейді ызың [88, 60 б.]

(«Мысал»)

- деп келетін сыни көзқарасқа құрылған шумақтардың жас өскін - бойжеткендерге үгіт-насихат құралы бола аларлықтай әсері мол болса, ал төменде берілетін сөз өрнектері жасөспірім - бозбалаға ой салары, ықпал-қуаты бары анық. Мысалы:

Жақсы болса ұлың,

қымбаттайды сенің құның.

Жаман болса ұлың,

кетеді бастан бұлың.

(бұлың – бұл жерде анық емес, буалдыр күйге түсті деген мағынада – З.М., Ж.М.) [46, 154 б.]

Жақсы болса балаң,

болмайсың ешбір алаң.

Жаман болса балаң,

ұстауға келмейді шамаң [88, 60 б.]

Жаман мен жақсыны қатар қойып, алмастыра жырлаған ақынның ұл мен қыздан өзге ағайын-тумаға, сондай-ақ көрші-көлемге қатысты да айтар ұлағаты аз емес екен. Айталық:

Жақсы болса ағайын,

малға толады маңайың.
Жаман болса ағайын,
етекті қалай жабайын.
Жақсы болса көршің,
ол бір сенің елшің.
Жаман бола көршің,
күнде болады керісің.
Болмайды оған келісім [88, 61 б.]
(«Мысал»)

Қазақ сөз өнерінің бай қорын өз шығармаларында одан әрі дамытқан ақынның көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарын қолданудағы амал-тәсілдері әр алуандығымен ерекшеленеді.

Х. Өтеғалиева өмірі мен шығармашылығына назар аударған зерттеушілер айтулы тұлғаның ел-жұртқа беймәлім қырын танытуға ат салысып келеді. Мәселен, белгілі өлкетанушы, тарихшы Мұстафа Ысмағұловтың Халима Өтеғалиева өміріне қатысты тың деректерді жинаушы, жариялаушы ғалым екендігін А. Хамзиннің «Текіден туған тегін болмайды немесе Халима әже хақында ой-толғам» [96], Р. Кажушеваның «Ортамызға оралған шежіре (көнеден жеткен жәдігер)» [97] атты жазбаларынан кездестіреміз.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Амантай Хамзин былай деп жазады: «Белгілі өлкетанушы, тарихшы Мұстафа Ысмағұлов Халима әженің 90 жасқа толуына байланысты бір басылымға берген мақаласында: «Халима Өтеғалиева қызғалдақтай желкілдеген қыз күнінен ақындықпен атағы шыққан тарландардың бірі саналады. Ақындық қасиетінің күшті дарындылығы арқасында талай айтысқа, өнер сайысына түскен. Халекең айтайын деген ойын шебер бейнелеп, бұлбұлдай сайрайтын асыл сөздің зергері. Әрі аз сөзбен терең мағыналы ойларды түйіндейтін жеке қара болып келе жатқан өз алдына бір көрнекті тұлға. Ал, Халекеңнің мұндай қасиетінің болуы тектен-тек емес. Ол халық батыры Исатай Таймановтың бір әке, бір анадан туған інісі Әлібайдың немере қызы» - дейді [96].

Сонымен бірге Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі ғылыми-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Рысты Кажушева: «Ұлы даламыздың ұлан-ғайыр тарихының тереңінен сыр шертетін асыл мұралардың тарихи қоймасы болып отырған облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына 90 жылдардың басында халық өнері мен мәдениетінің жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған айтулы ғалым М. Ысмағұловтың мұрасы келіп түскен болатын. Сырын ішіне бүккен осынау сарғайған құжаттардың айтары көп мол дүниелер Жәнібек топырағында дүниеге келген Қапан Мусин сынды атақты композиторды дүниеге әкелген өлкемізден шыққан ақын апамыз саңылақ ақын, халық ақыны Халима Өтеғалиева туралы бір үзік сыр айтуды жөн санап отырмын. Бұл құжат-жәдігердің зерттелуінің құндылығы сонда өлкемізде Халима есімді ақынның болғандығын және дағы ақын апамыздың Исатай батырдың тікелей тектес туысы екендігінің айтылуында.

Исатай Таймановтың бір анадан туған бауыры Әлібай болса, Әлібайдың баласы Нұрғали. Нұрғалидың туған қызы Халима. Ал Халима ақынның туған анасы Рәзия Бөкейліктегі үйсін қызы» [97] – деп ақын ананың шығу тегін әріден таратады.

Халима Өтеғалиева есімінің естен шықпауына, ұмыт қалмауына бір кісідей ат салысып, ақын мерейтойларын ұйымдастырып зыр жүгіріп жүретін өлкетанушы-журналист Нұртай Текебаев «Бір заман ұрпақтарым іздер мені...» атты мақаласында: «Бала күнімнен білім ұясында жүріп, Халима Өтеғалиева, Қапан Мусин, Хаби Халиуллин сынды асылдардың есімін мақтаныш қылатынымыз санама сіңіп қалыпты. Өзімше, жөргегінен енді тұрып жатқан қозы тұяқты өлеңдерімді арнаушы едім. Кейін ат жалын тартып мінген азамат болсам да, «Осы қымбат жандардың қадірін тани білдік пе?» деген ой өкситін көкейде. Халима анамның шығармашылығынан бір көсілейінші деп қолыма қалам алсам да, тұсаулы аттай кібіртіктей бергенім. Сөйтсе, бір шеті тартылған сабақ жіп өзегі үнсіз жатқан тағдырлардың кірігіп жатқан сырына бойлайды екен» деп толғана келе: - Ақоба ауылының қадірменді ақсақалы Мұрат Мұқамбетқалиев те біраз сырдың тиегін ағытты: «Ақобада еңбек үстінде онымен бірге болған аналарымыз бар ғой. «Құрбы әзілі» өлеңінде есімі аталатын марқұм Мұқила апам оның абысыны боп келеді. Олармен бірге араласып тұрды. Халима анамыздың жұбайы Әубәкір мен атақты Хаби Халиуллин немере ағайынды боп келеді, – деп бір сырдың ұшығын ағытты. – Мен 1968 жылы Алматыға оқуға түсуге бағымды сынау үшін бардым. Сонда Халима анамның үйіне түстім. Баласы Қапан Мусинді, студент немересі Қорланды көрдім. Сынақ тапсырғанша ақын ананың қасында жүрдім. Есімде бар. Х. Өтеғалиева мені саябаққа ертіп әкеледі. Сол кезде Ленин туралы балладаны толғап жүрсе керек. Ол кісі – құйма дарын. Сәл ойланып, суырып-суырып салады. Жыр легін жазып үлгере алмаймын. Сұрасам, кейістік танытады. Сөйтіп жүріп, бір күні Қазақстан Жазушылар Одағының үйіне апарды. Апамның қолында папкесі бар, кимешекті қалпымен өзін кербез ұстайды. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің қарсы алғаны есімде. Оған «күйеу» дейтін көрінеді. Себебі оның зайыбы Ажар, тура, мына Ақобадағы Жиёмбеттің тумасы. Сонда марғасқалармен кездестік. Екінші қабатқа көтерілгенде сұлу Сәкеннің кілемге салынған суретін көріп таң қалғаным есімде. Мейрам кезінде апамның үйіне ақын-жазушылар кеп қонақ болады екен. Өкінішім, Халиманың өлеңін ауылдың көп адамдары, олардың қатарында нағашым Олдан, Уәсила апай жатқа айтып жүрді. Ақын перрон үстінде жігіттерді майданға шығарып салғанда, бүкіл елді жылатып, жыр ағытқан ғой. Қауым жұрт аңыз қып айтып жүрді. Балалықпен соған назар аударар бермеппіз» [98] - деп ақын Халима өмірінің көпке аз мәлім тұсынан сыр ағытады.

Түйіп айтқанда Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, халықтық поэзияның көрнекті өкілі, текіден тараған тұяқ, қос жанрды тең ұстаған ақын Халима Өтеғалиева Нұрғалиқызының есімі мен оның рухани мұрасы -

қазақ әдебиетінің һәм өлке әдебиетінің тарихында өшпес тұлға қатарынан орын алары хақ.

4 АБДОЛЛА ЖҰМАҒАЛИЕВ (1915-1942)

4.1 Жастық шақ жырлары, өшпес ерлік лирикасы

Қазақтың өр рухты ақыны, Ұлы Отан соғысының құрбаны, Абдолла Жұмағалиев 1915 жылы 3 сәуірде Жымпиты ауданы (қазіргі Сырым ауданы), Жосалы шаруашылығына қарасты Былқылдақ елді мекенінде дүниеге келді. 1934-1936 жылдары Орал педагогика институтында (қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) қазақ әдебиеті мамандығы бойынша дәріс алып, 1936-1938 жылы ҚазПИ-де (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) оқуын жалғастырған. 1938-1939 жылдары Қызылорда сауда техникумында оқытушы болып қызмет атқарады. 1939-1941 жылдары Алматыда Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редактор болған. А. Жұмағалиев 1941 жылы шілде айында әскерге шақырылып, 1942 жылы 26 қазанда Москва түбіндегі ауыр шайқаста ерлікпен қаза табады.

Абдолланың қаламынан туған лирикалық туындылармен қатар поэмалары, аудармалары бар. Ақынның алғашқы өлеңі «Біздің еңбек» альманағында (Орал, 1934) жарық көрген. А. Жұмағалиевтің шығармалары 1936-1941 жылдары республикалық баспасөзде ұдайы жарияланып тұрды. Қаламгердің лирикалық туындылары мен «Шығыс қызы», «Токиодағы дауыс», «Асан туралы аңыз» атты поэмалары қазақ әдебиетінің тарихын байытқан шығармалар қатарынан орын алады.

Абдолла қысқа ғұмырында шет ел әдебиетін сүйіп оқып, Байрон, Лермонтов, Низами, Тоқтағұл шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ақынның әдеби мұралары «Тандамалы өлеңдер» (Алматы, 1945) [99], «Өшпес жалын» (Алматы, 1962) [100], «Өлмес өмір дастаны» (Алматы, 1985) [101], «Өлмес өмір дастаны» (Алматы, 2015) [102] атты жинақтарында жарияланды.

Абдолла Жұмағалиевтың Ұлы Отан соғысындағы ерлігіне арнап ақын Қасым Аманжолов «Абдолла» (кейінгі атауы «Ақын өлімі туралы аңыз») поэмасын жазды (1943) [103].

Абдолланың аталған шығармасы туралы Ғабит Мүсірепов: «Майданнан соққан жаңа леп» мақаласында «Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін, жүрегін тербей шыққан. Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты» [104] - деп жазды.

Аз ғана ғұмыр (27 жыл) кешсе де, Абдолла артына мол әдеби мұра қалдырды. Ақындық өнердің бар құпиясын терең меңгерген оның қай шығармасын оқысаңыз да шынайылықтың, көркемдіктің, өлең сөзге қатысты құбылыстың бай үлгісіне жолығасыз. Қай мәселені де ол көтеріңкі көңіл күймен, шалқар шабытпен, риясыз сенімділікпен жырлады.

Ақынның әр жылдыры мерейтойына орай арналып жазылған баспасөз беттеріндегі мақалаларында Абдолла Жұмағалиевтың ақындық тұлғасымен қатар жауынгерлік ерлігі, қайсар батырлығы және қысқа ғұмырындағы бастан кешкен тағдыры сөз болады. Әр кезеңдерде жарық көрген жазбалар мазмұнында Абдолла Жұмағалиевтың Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза табуы, адам сенбейтіндей көзсіз ерлігі алдымен ауызға алынады. Шегінуге берілген ауызша бұйрыққа сенбей «Жазбалы бұйрық болмай тұрғанда шегінуге қақым жоқ» - деп жау басқыншыларына қарсы соңғы гранатасын лақтырып, өзі де опат болған ақынның ерлігі туралы оның командирі, гвардия капитаны В. Григорьевтің «Қаһарман қаламгер» [105, 308 б.], соғыста бірге болған, бір окопта бірге түнеп, бір шылымды бөліп тартып, бір үзім нанды бөліп жеген жауынгер досы, әскери тілші Иван Нарцисовтың «От ұстаған Прометей» [106, 310 б.], Қазақстандық майдангер-жазушылар: Дмитрий Снегиннің «Арманшыл ақын» [107, 305 б.], Павел Кузнецовтың «Өлмес өмір поэмасы» [108, 301 б.] аталатын деректі естеліктерінде ақын ерлігі мен өмірінен бір үзік сәттер тамаша суреттелген. Бүгінгі зерттеушілер де жоғарыда аталған естеліктерді басшылыққа алып келеді.

Абдолла Жұмағалиевтың ақындық талантын алғаш танып, жол сілтеген ұстазы, академик Қ. Жұмалиевтің «Жалынды ақын, жау жүрек батыр» [109, 280 б.], ақынның өлеңдерін сақтап, аманатқа қиянат жасамай кейінгі ұрпаққа жеткізген М. Хакімжанованың «Ақжарқын бейне есімде» [110, 295 б.], қазақ әдебиеттануында Қ. Жұмалиевтен кейін Абдоллатану әліппесін қалаған Әбу Сәрсенбаевтың «Абдолла монологы» [111, 311 б.], Қалижан Бекхожиннің «Аяулы еді албырт ақын» [116, 290 б.] ерен еңбектерін айту ләзім.

Абдолла Жұмағалиевтың 1945 жылы бірінші шыққан «Таңдамалы өлеңдерінің» тұңғыш жинағын құрастырып дайындаған ақынның досы Қ. Бекхожин [99] болса, 1962, 1985 жылдарда жарық көрген жинақтарды құрастырып алғы сөзін жазып, түсініктемесін берген Әбу Сәрсенбаев [100], [101] есімдерін бүгінгі күні құрметпен еске аламыз. Олар өз еңбектерінде Абдолла Жұмағалиевтың ақындық келбетін тануға, оның қазақ поэзиясындағы орнын анықтауға күш салды. Абдолла Жұмағалиев лирикасының табиғатына назар аударып, зер салғандар қатарында: академик-жазушылар М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, филология ғылымдарының докторы, профессор Е. Ысмайылов, сыншы-ғалым, академик С. Қирабаев, филология ғылымдарының докторы, белгілі ақын Ә. Тәжібаев, ақын-жазушылар: Ғ. Сланов, Х. Ерғалиев, т.б. болғанын айту - парыз.

Жергілікті әдебиеттанушы-ғалым, профессор С. Шарабасов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ғалым С. Сейітов, ақындар: Қадыр Мырза Әли, А. Бақтыгереева, А. Нәріков, Ғ. Сейтақ, Ұ. Сариева және т.б. тілші-журналистер мен өлкетанушы-мұрағатшылар, кітапханашылар мен мәдениет қызметкерлері мерзімді баспасөз беттерінде Абдолла Жұмағалиевтың тұлғасын әр жылдарда әр қырынан танытуға ұмтылды, ұдайы насихаттап отырды.

Абдолла Жұмағалиевтың есімінің кең таралуына, оның жарқын бейнесінің мәңгілікке айналуына әсер еткен, әрине, баршаға белгілі Қ. Аманжоловтың «Абдолла» поэмасының дүниеге келуімен тығыз байланыстырамыз. «Қ. Аманжоловтың «Ақын туралы аңыз» поэмасы жазылмаса, Абдолла есімі мұншалықты дәрежеде ардақталар ма еді» деушілер де бар. «Абдолла» поэмасын жазу арқылы Қ. Аманжолов қазақ поэзиясындағы жаңа биіктерді бағындырса, есесіне Абдолла Жұмағалиевтың ерлігі «От ұстаған Прометей» (И. Нарцисов) боп халық жүрегіне ұялады.

«Абдолла» поэмасының көркемдік қуаты мен рухани күші кезінде кеңес әдебиетінің Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы поэзиясының алдыңғы сапында тұрды. Соғыстың дәл өтінен келіп, газетте жарияланған Қасым поэмасын Ғ. Мүсірепов «Майданнан соққан жаңа леп» деп бағалаған еді. Бұл поэманы кезінде орыстың атақты ақыны, кеңес әдебиеті ақсақалдарының бірі болған Николай Тихонов «Қазақ поэзиясының маржаны» деп атағаны да мәлім.

Қасымның есімін әйгілеген «Абдолла» атты туындысы 1943 жылы ақынның Қиыр Шығыста госпитальда жатқан кезінде жазылған. Айта кету керек, «Кезінде осы лиро-эпикалық туынды төңірегінде, әсіресе оның жанрын анықтауда, ғалымдар түрлі пікірлер білдіріп, ортақ шешімге келу - қиындыққа соқты. 1951 жылғы 9 желтоқсанда шыққан «Лениншіл жас» бетінде былай делінеді: «Соғыс жылдарында жазылған өлеңдер қамығуға, күңіренуге, жатсыруға толы. Қ. Аманжолов «Абдолла» поэмасында жауынгер ақынның ерлік бейнесін жасай алмай, кейіпкерлерінің тек өлген кезін суреттейді, поэмада жігерлі оптимизм көрінбей, ата қазаққа жар салғызып, жұртты бата оқырға жинамақ болып, авторлық зарлайтындығы белгілі» [113] деген жолдар ұшырасады.

Ал әдебиет сыншысы, ғалым С. Қирабаев дәл осы жылы «Әдебиет және искусство» журналында «Қ. Аманжолов творчествосындағы жат пікірлер» атты мақаласында: «Мақталып жүрген «Абдолла» поэмасының өзіне осы тұрғыдан қарап көп сын айтуға болады. Қасым кейіпкерінің өлімін ғана суреттейді. Абдолла жауға қарсы жалғыз күреседі. Онда оптимизм көрінбейді. Жау қолында сүйген әні «Қарғам-ауды» айтады. Сөйтіп, оның өлімі қасиетсіз өлім болып шығады», – деп шығарма мазмұнының поэмадан алшақ екенін білдіреді [113].

Алайда академик Серік Қирабаев тәуелсіздік дәуірінде жазылған Қасым Аманжолов шығармашылығына арналған «Тәуелсіздіктің ақыны» атты еңбегінде алғашқы райынан қайтып: «Әдебиетте көркем шығарманы «қайта оқу» деген ұғым бар. Заман өтіп, уақыт ауысқан сайын бұрынғы оқылған кітаптар қайта оқылады, жаңаша ұғылады. Әр ұлы шығарма оқыған сайын жаңарып естіледі, оның өзгеше мән-мағынасы ашылады. Сол арқылы ғана өткен қаламгерлердің өз кезі мен қоғам өміріндегі орны, бүгінгі заман үшін маңызы, мәңгілік әдебиетке қосар үлесі де айқындалады» - дей келе: «Қазақтың ұлы ақындарының бірі - Қасым Аманжолов шығармаларын дәл бүгінгі егемен ел мүддесі тұрғысынан қайта оқысаң, оның сол тәуелсіздікті

аңсап өткен арманын, заманынан оза шапқан қиялының биіктігі мен көрегендігін айқын көресің. Ақынның әр сөзі тәуелсіздіктің жырындай естіледі. Бұл тұстағы эпикалық поэзияда аса биік бағаланатын шығарма - Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасы. Бұл - соғыстың қызу кезінде, майдан даласында туған шығарма. Оған Қасымның ақын жолдасы Абдолла Жұмағалиевтің ерлік өлімі оқиғалары себеп болған. Қасым Абдолланың ісінен жаңа заман батырының бейнесін таба суреттейді. Оның өлімінің өзінде ерлік бар. Ол от ұстаған Прометейді елестетіп, өр тұрып құлайды. Жалын жанды, намысқой, өр сезімді Абдолла - батыр. Қасым кейіпкерінің ерлік ісін лирико-романтикалық сарында, жалынды ақындық пафоспен үлкен сезімталдықпен жырлайды деген» [114] деген түйінге келеді де бұрынғы идеологиялық ұстанымынан айниды яки жаңаша көзқараста баға береді.

Ал Әбділда Тәжібаев болса біз сөз етіп отырған шығарма жайлы:

«Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолында атам сені
Бомба бол да жарыл жүрек!»

– дейтін Қасым жазған «Абдолла» жолдарын әрбір жақсымызға жаттата, пысықтата беруге қарыздармыз. Өйткені ұрпақты ерлікке осындай жырлар әзірлейді»– дей келе, бұл туындыны оптимистік трагедия деп атайды [113].

Ал сыншы Е. Ысмайылов шығармадағы кейіпкердің іс-әрекетіне сүйсінетіндей «Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында Абдолланың айнала қоршаған жау оғынан жасқанбай, өртпен, ажалмен алысқан арыстандай алып тұлғасы бір мезет от ұстаған Прометейге ұқсайды, өмірмен қоштасар мезгіл жеткенде оның табиғи ақындық мінезіне сай, от жалындар сұлу жардай сылаңдап ойнақ салады, өлімді жеңген батырды өмірге құштар сезім де билейді. Ажалмен алысқан жанның жүрегі өмірлік махаббатқа толы» [113] – дейді.

Ақын Абдолла Жұмағалиевтың лирикасының табиғатына назар аударушы әдебиетшілер мен ақын-жазушылардың пікірлеріне сүйенсек, Абдолла Жұмағалиевты олар алдымен романтик ақын ретінде таниды. Мәселен Ә. Сәрсенбаев: «Абдолла Жұмағалиев бүкіл жаратылысымен сыршыл романтиканың ақыны» [115, 11 б.] десе, академик Қажым Жұмалиев: «Оның әлем таңғаларлықтай ерлікпен өлуіне оны жақсы білетіндер сөзсіз сенді. Өйткені ол жаратылысында романтик адам болатын. Романтиктерге тән қасиет - өзінің сенгеніне қарай құлай білуі. Ол үшін романтик жандар өмірге де, өлімге де әзір» [109, 282 б.] - деп жазды.

Абдолла Жұмағалиевтың жақын досы Қ. Бекхожин: «Біз Абдолланың ақындығын сөз қылғанда, оның өлімі үшін қайғырғанда албырт жастық өлеңдерін ұрпағымызға мұра етіп ұстаймыз. Ол романтикаға құмар еді, Абдолла Пушкин, әсіресе Байрон өнегесіне қызығатын дей келе, «Ойлана, толғана келіп ол романтикаға түсті» [112, 291 б.] - деп ой түйеді.

Зер сала, бажайлап қарасақ, Абдолла ақын туындылары әуелі қысқа, көбінесе саяси лирикадан басталады да, кейін лирикалық толғауларға, лирикалық сарыны мол романтикалық көзқарастарға ауысады. Әдебиет үдерісінің заңдылығына сай романтикалық лириканың барар жері, бас тірер айлағы - ерлік пен өрлік, батырлық пен қайсарлық сынды ұғымдар жүйесін туғызады. Осы айтылған өлшемдердің басында әрнине, ақынның азаматтық келбеті, азаматтық ажары тұрады. Ал азаматтық лирика мазмұнында қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайы, даму жағдаяты, оған ақынның көзқарасы қалыптасатыны белгілі.

Абдолла өзінің азаматтық, адами көзқарасымен өлеңдерінде анық байқатқан ақын. Оның жастық жігерге, асқан арманға толы романтикалық жырларында Отан үшін, халық үшін қандай сын сағаттарда да дайын екенін аңғаруға болады. Сол себепті:

Мен де аттандым майданға
Қалдырып жыр мен жарымды.
Сапарым ауыр болса да,
Кірлетпен ақын арымды.

Талай жонда жортармын,
Ат жалына қонып түн,
Талайында болармын,
Қатерлі, қанды жорықтың.

Жеңіспен күт, сен, мені,
Қош, достарым, құшқаным,
Жер бетінен құртқанша
Адамның арсыз дұшпанын [102, 73 б.]

(«Қош, достарым»)

- деп ерлік жырын шырқады ақын. Ерлікке үгіттеген, батырлыққа бастаған өлең тіркестері Абдоллада жиі ұшырасады. Оларды жиып-теріп топтасақ, ерлік афоризмдеріндей тағылымды оралымдар пайда болады. Оқылық:

Фашистік жалмауыздар ашты соғыс,
Отанды азаматқа қорғау борыш

Немесе:

Жанынан жайдың оты жарқылдаған,
Табанда тап берсе жау тартынбаған,
Халықпыз ақ алмасты айға жанып,
Күл қылып келген жауды талқандаған [102, 77 б.].

Абдолла жырларында патриоттық рух, елді, жерді, тұтас алғанда Отанды қорғау мәселесі батыл көтерілген. Ақын өлеңдері өз оқушысын әманда ерлікке шақырғандай оқылады. Ерлік тақырыбындағы туындыларының қай-қайсысында да жас ұрпақты ата-мекенін қорғауға дайын болуға үгіттейді:

Ел шетінен жау төнсе,

Найзаменен қағамын,
Шендесіп жау шекіссе,
Шертіп миын шағамын.

Жеңіс туы жеңгенше
Жер мен көктің алабын.
Алтын тулы ғасырдың
Барабанын қағамын [102, 67 б.].

(«Алтын таңның ұлымын»)

Лирикалық кейіпкердің атынан сөз алған ақынның бейнелеу құралдары әр қазақтың жүрегіне жақын, дәстүрлі әдебиеттің символды өрнектерінен өрілген.

Таңнан туған тарихи
Ту көтере табыстан,
Жағаласқан жау болса,
Найзасына шанышқан;
Алтын таңның ұлымын
Даңқына жер қайысқан.

- деп жырлау - ол кезең үшін өте қауіпті болатын. Алайда Абдолла ақын өзінің тәуелсіз ойлы көзқарасынан айнымады.

Дайынбыз аттан десе ел майданға,
Дайын тұр сауыт-сайман бар майданға.
Ұлымыз ер қазақтың өжет туған,
Бабасы садақ тартқан аспанда айға [102, 44 б.]

(«Жастар әні»)

- деп келетін азат тіркестердің де сол заман үшін мән-мағынаса қаншалықты зор болса, кейінгі ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі қызметі бүгінге де керек. Ақын туындыларының тұла бойында оқырманын жіпсіз алға сүйреп отыратын, көзге көрінбейтін бір желі бар. Ол байланыс - адам сезімі мен ұғымына ерекше әсер ететін рухани күш боп қоныс тепкен. Аяулы сезім мен өршіл ерлікке құрылған өлеңдер мазмұны азаматтық борыш пен адамдық ар-ұяттың алдында бас иеді. Мысалы, 1941 жылы жазылған «Талай тайғақ жерінде өткелектің» деп басталатын өлеңінде:

Талай тайғақ жерінде өткелектің,
Бірде күліп, бірде жылап жасым төктім.
Бүгін міне арымды қалқан етіп,
Халқым үшін майданға сапар шектім.

Мүмкін кері қайтпаспын, жоғалармын,
Көзім жұмып, құм көрпе оранармын.
Өлмен бірақ, бір кезде сыршыл ұлан
Болар менің мұрама оралар күн [102, 88 б.]

- деп жырлайды ақын болашағын дәл болжағандай.

Немесе:

Аттандым мен арың қорғап,
Тілегі ортақ қарындасым.
Жеңіспен күт, жебе мені
Кірпікке жас тағылмасын [102, 74 б.]

- деп төгіледі ақын. Туындыдан жеке адам тұлғасына тән табиғи мінез-құлықтың шекарасынан аттамай-ақ ердің сөзін айта білу дағдысы аңғарылады жоғарыдағы өлең шумақтарынан. Жыраулар поэзиясынан қалған төкпелі жорық жырларының күй-әуені Абдолла ақынның стильдік машығына мықты ықпал еткен. Мәселен:

Ел шетіне жау келіп,
Жауға аттанар күн туса,
«Жалаулы найза қолға алып»
Ер баптанар күн туса

- деп келетін тармақтардан Махамбет дәстүрінің игі жалғасы қылаң береді. Ылғи да ерекше екпін, қатаң тәртіп пен сертті уәдеге қаныққан жыр төркінінде күрескерлік рухтың, ерен ерліктің салтанат құрар уағызы бар. Сол себепті де ақын:

Ертең бізге жау төнсе,
Ел қорғайтын батырмыз!

- деп жырлады. Сондықтан да ол:

Жеңіс үшін, шаттық үшін
Алыңдар, достар, шарапты.
Оттай өртеп жаудың ішін
Ән қақсын алтын қанатты [102, 71 б.]

- деп шалқар шабытпен жыр төкті.

Абдолланың жыр әлеміне, оның шығармашылық болмысына үңілу барысында тосын жәйттерге тап болдым. Бәріміз жатқа оқитын:

Қүдірет күші, жер-жаһанның
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің кеудеме кеп,
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек! [103]

- деп келетін от-жалынға толы шумақтарды «Қасымның аузына Абдолла салып тұр» деген пікірлерді оқып таң қалған жайымыз бар еді. Мысалы, ақын А. Нәріков «Өртті жеңген өлеңдер» аталған мақаласында: «Бұл сөздерді ажал аранына түскен ақын аузына ақын досы салып тұр. Иә, Абдолла ақын болмаса осынау ұшқын атқан сөздер үйлесе қоймас еді» дей келе: «Қасым ақынның құлағына осынау өлең жолдарын періште сыбырлады деуге болады» [116] деп ой түйеді.

Қызық пікірге ден қойсақ, «Ақын жүрек, от жүрек» деп басталатын өлеңінде Абдолла былайша толғаныпты:

Ақын жүрек, от жүрек,
Асығып неге туладың?
Білемін ғой сырыңды
Жасық боп рас тумалдың.

«Айқас!» деп соқтың әзірге
Қалдырып жастық думанын.
Жарылсаң жауға бомба боп,
Жарадың, жүрек, туғаным!
Сонда саған азамат
Иер әділет туларын [102, 89 б.]

- деп жырлайды ақын.

Иә, ақын өз өлеңінде толғаған мақсат-міндетін адал орындады. Осы сезімді Қасым Аманжолов рухтандырып, жан бітіре, тірілте жырға қосты. Сөйтіп қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ поэма дүниеге келді. Аталған дастанның бастауында ерлік жыры, ерлік лирикасы атты ұлы ұғым тұр. Ақын айтқандай Абдолла ерлігіне, оның ерлікке тұған лирикасына адамзат бас иеді, әділет туын тігілді.

Абдолла Жұмағалиев, алдымен, классикалық ақын. Ақынның шығармашылығына назар аударушы әдебиетшілер мен әдебиеттанушылар Абдолланы философ, романтик, лирик ақын деп бағалайды. Еуропа мен шығыс ақындарының шығармаларын аудару нәтижесінде Абдолла да үлкен мектептен өтті. Ол стилін тапқан, өзіндік беті мен бағдары бар ақын боп қалыптасты. Әр туындысында жастықтың жалынды жігері бар. Ақын шығармаларының басты арқауы - адамгершілік, имандылық, достық пен жолдастық, бақыт, Отан тақырыбы боп келеді.

Абдолла Жұмағалиев өлеңдерін тақырыбы мен идеясына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Алдымен көзге ұрар бағыт ақынның азаматтық лирикасы. Азаматтық лирика дегеніміз не? Оның яки азаматтық лириканың басты ерекшелігі неде десек, ұғымның өзі үлкен міндетті атқарады екен. Мәселен, көрнекті сөз зергері Ә. Кекілбаев: «Азаматтық – ақынға, өлеңге сырттан танылатын жанама қасиет емес, жанама сипат емес. Азаматтық – өлеңнің, өнердің табиғи болмысы. Азаматтық – ақындықтың ең түп табиғаты» [117, 108 б.] – деп атап өтеді.

Яки, азаматтық лирикадан ақынның Отанға, қоғамға, өзі өмір сүрген дәуірге көзқарасы байқалса керек. Кеңестік дәуірдің, оның алғашқы он-жиырма жылдығына куә болған ақынның жырлаған тақырыбы көз көрген жайлары – әрине сол кезеңнің идеологиялық саясатымен байланысты боп келеді.

Жаңа тұрмыстың жаңалықтары, ескіден жалығу, жаңаға ұмтылу – сол кезеңнің басты тақырыбы болды десек, кеңестік көсемдерге табыну, қоғамды билеуші партияға, оның белсенділеріне жыр арнаудан Абдолла да құр алақан емес. Әйтсе де, ақын таза да шынайы лириканың табиғатын терең түсіне, ұғына білген. Қай туындысынан да автордың айтар нақты ойы, өзіндік

ұстаным-бағыты аңғарылып тұрады. Академик С. Қирабаев «Поэзиядағы азаматтық әуен ақынның азаматтық кейпінен туады» [118, 22 б.] десе, осы айтылған тұжырымның барлық элементі (нышаны) Абдолла поэзиясында да қалыпты орын тепкен.

Әр суреткер өз заманының, ол өмір сүрген дәуірдің жемісі десек, Абдолланың шығармаларында да өткен қоғамның жүріп өткен жолы жатыр, сайрап жатқан ізі қалды. Алайда, «күн көсемге» арналған Абдоллада аса көп емес. Жалпы саны екі-үш өлең. Олардың мазмұнына үңілсек кейіпкеріне табыну, жалбарыну тәрізді тармақтарды кездестірмедік, тек аталуы ғана оның сол кезеңдік тапсырыстан туғанын аңғартады. Бұндай туындыларында да ақынның ел-жұртына, туған халқына, еліне деген құрметі автордың идеясымен, көзқарасымен үндесіп жатады. Айталық, 1937 жылы жазылған «Ленин туы астында» аталған өлеңі «күн көсемге» бағытталып арналғанымен, туынды мазмұнында елдің өткен тарихы, жаңа тұрмысқа, жаңа қоғамға дейінгі жалпақ жұрттың елеулі ерлерінің есімдері аталып, баяндалады. Мәселен:

Сонау-сонау баяғы
Алыс қалған заманның,
Қайғысы өзен қаралы
Жалпақ дүние даламның,
Картинасы елестеп,
Көз алдыма келеді.
Жауыменен шабысқан,
Кейде найза шанышқан,
Кейде ұмтылып алысқан
Ер бейнесі елестеп,
Ол да алдыма келеді [102, 29 б.]

- деп жырлайды ақын. Одан әрі сақал-шашы ағарған, қарағай емен түбінде үкілі домбырасын қолға алған қарияның лирикалық бейнесін сөйлету арқылы не бір қиын заманның, дала тарихының сырынан ой бөліседі. Бармағынан бал тамған, балқыта шырқай ән салған, көкейкесті күй тартқан өнерлі жұрттың терең де сырлы күйінен хабар салғызады:

Күйінде сірә сыр бар-ау,
Сыры терең шыңырау,
Құрманғазы, Қорқыттай,
Күйшілер де келеді
Күйінен сыр төгеді.

«Қой үстіне бозторғай / Жұмыртқалар күн қайда? / Қан құмармен күресіп, Кек алатын, күн қайда?» / Деп аңсаумен өтіпті, / Міне, осындай талай жан.

Абдолла Жұмағалиевтің өзіне дейінгі С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, өзінен кейінгі жазылар Ж. Молдағалиев, Ә. Тәжібаев т.б. әйгілі эпикалық туындыларымен кей тұста үндесіп, сабақтасып кететін бұл туындының әу бастағы айтпақ идеясы да басқаша болмағы аңғарылады. Автор түйіні:

«Талай тартыс, тайғақ жол, / Төгіліпті талай қан». Аталуы басқа, мазмұны ұлттық рухқа құрылған туындының оқырманға сыйлар әсерлі қуаты мықты тұғырланған.

Міне, кетіп барамыз
Талай-талай тарихта
Дөңнен өтіп барамыз.
Сырттағы жау сұқтанса,
Найзаменен қағамыз.
Іштегі жау ұмтылса,
Тағы алқымнан аламыз
Асыл жиһаз бұйымы
Социалды қаламыз
Қызғалдағы құлпырған
Жемісті гүл даламыз [102, 30 б.],

1937 жылы жазылған өлеңнен ішкі және сыртқы жаудан «қорғану» насихаты, гүлдену дәуіріне бет бұру сияқты аста-төк ұрандату науханының суреті елес береді. Заманның даму беталысына қуану, оны жырға қосып, еңбек ерлерінің ерен істерін өзгелерге үлгі ету – ақындар қауымының басты борышы деп саналған социалистік құрылыстың басты кредосы саналса, сол жүйенің белсенді мүшесінің бірі болған Абдолланың да ол заманауи үгіттен сырт қалмасы анық. Айталық, «Бұлар кім?», «Май жыры», «Қазақстан», «Ұлы жолда», «Соқты бақыт сағаты», «Алтын өрнек», «Жаз жыры» аталатын өлеңдерінің негізгі басты тақырыбы ақынның өзі көзімен көріп, қолымен ұстаған заманның жай-күйі. Жаңадан орнап жатқан қазақтың белсенділерінің іс-әрекеті, олардың бақытты ғұмыр кешуге ұмтылып, қайтсе де көштен қалмай ел қатарлы жетісіп, бітісіп кетудің амал-қарекетін жырлау - сол дәуір ақындарының бәріне ортақ жәйт болатұғын.

Ақын жаңа өмірдің игілікті, сәулелі көрінісін шабыттана жырлайды, оны мақтан етеді. Қоғамның белді бір мүшесі ретінде өзін қоршаған дүниенің табысты жаңалықтарын жария етуді азаматтық парызы санаған. Мәселен, «Бұлар кім?» аталған алты шумақтан тұратын туындысында электрлі арғымаққа мінген ерлердің қол жеткізген табысын:

Жыл жүріп жолай жортқан жалғыз барыс,
Шөлді жер бір кездегі жолың алыс,
Ер мінген электрлі арғымаққа
Бұл күнде секілді бір жалғыз қарыс

Ессіз түн, елегізген молалы орман,
Құс ұшпас бір кездегі құба жоннан
Көрдің бе, ер пырағы ойнақ салып,
Бұл күнде жылдық жерге бір-ақ қонған, [102, 31 б.]

(«Бұлар кім?»)

- деп суреттейді. Әрине, бұндай революциялық секірісті шабыттана жырға қосу - қай дәуірде де болған. Ы. Алтынсариннің «айшылық алыс жерлерден,

жылдам хабар алғызған» жаңалығын, Абдолла ақын өз кезеңінің ыңғайына лайықтап жырлай алған. Ақын ұғымында: «Жолыңды алты айшылық бір аттаған / Өкпесі электрлі тау пырағы» немесе «Бұлар кім? Салған әнін Ақмоладан / Жеткізген Қараталға дабыл қағып». Күндік жерді бір қарғып, алты айшылық жолды бір аттап, жерді жарып, жұлдызша ағып келе жатқан электр арғымақты жаратушы, баптаушы ерлерді еңбек маршалдарына теңейді.

Бұлар ма, біздің ерлер – біздің алып,
Көңілге қуат алған күннен жарық.
Бұлар ма, бұлар - еңбек маршалдары,
Ардақты алтын тулы біздің халық!

Осындай еңбек алыптарын көргенде жаным шыдап тұра алмадым дейді ақын. «Қуанбай қалай ғана тұра аламын, / Сондықтан сол ерлерге дауыс қосып, / Ән салмай бес-алты ауыз шыдамадым» - деуінде жаңаға, жаңалыққа ұмтылған қоғам мүшелерін қолдау бар.

Ақынның азаматтық ажарын айқындайтын туындыларының шоғыры мол. Елін, жерін сүйген ақынның қай тақырыпты жырласа да өткен тарихқа бір соқпай кетпейтінін байқауға болады. Мысалы, «Ұлы жолда» (толғау) аталған жырында дүние постысын (*посты - ақынның өз сөзі – З.М., Ж.М.*) күзеткен жандардың еңбектерін атап, бағалай келе, туған елінің, Қазақстан көгін қорыған ер-сақшылардың бейнесі көрсетіліп, дәріптеледі.

Елмен бірге жүрегім,
Елмен бірге ал сөйле,
Қаусырма жақ, қызыл тіл,
Алпыс екі пернелі,
Ағыттым ой тиегім. [102, 38 б.]

- деп ағынан ақтарыла төгіледі ақын.

Өткен күннен белгі бар. Өткеннің өнегесін білу - шарт. Дала дауысын есту де - қажеттілік. Өткен тарихты дәріптеу, ұлықтау арқылы ғана бүгінді мадақтап жырға қосуға болады. Содан да болса керек:

Аруана мая күңіренген
Бауырынан өліп баласы.
Қарт көңілін қайғы жеп,
Қаңғырған Асан бабасы.
Бір кездегі жеріме,
Қарашы, бүгін қарашы!

Отанның табысын, аймақтың жетістігін, табиғи байлығын ақын қуана, құптай жырлайды. Ақын толғанысында ең бір керемет ел, ең бір бай ел – Қазақстан. Отанның бай табиғатын тамашалауға келгенде ақын теңеулерінде шек жоқ. Елін, жерін сүйген көңілдің ақтығы мен пәктігінде шек жоқ. Құмарлана, қуана, ағынан жарыла жырлайды ақын. Отанды құлай сүйген жанның туған жерінің табиғатын, пейзаждық картинасын ешбір боямасыз қалпында алдымызға жайып салады. Елді, жерді сүюдің, Отанды ардақтаудың озық үлгісі байқалады осы туындыда. Ата-бабадан қалған ұлан

байтақ жерге құрмет, оны аялау мен мәпелеудің критерийі қандай болмақ?! Ақын көзіне туған елінің, байтақ жерінің табиғаты қалай елестейді? Қазақстан халқының бақыты неде? – деген сынды сан қилы сауалдарға ақын толымды жауап беруге ұмтылады.

Күміспенен күптеген,
Көк орай шалғын көлі бар.
Алтынменнен түптеген,
Алтын аймақ жері бар.
Ойы-қыры ойысқан.
Тоғай нулы толы мал.
Ойдан қырға тоғысқан
Жоталы тау жоны бар
Күміс басын күн сүйген
Егіні бар, белі бар.
Ұлы-қызы елімнің
Қолында Марс томы бар.
Көшті бір ұлы дүниеге,
Қолында бақыт туы бар.
Міне, Қазақстаным,
Қай қалауын теріп ал! [102, 39 б.]

Қазақ елінің бастан кешіп отырған даму ахуалын ақын осылайша шабыттана, қызулана жырға қосқан. Еңбекке етене араласып, жан-жақты болуға ұмтылған ұл-қыздардың бейнесін де ақын елеусіз қалдырмайды. «Күш жігерін қайраған / Құлшына туған ері бар. / Қыпша белін қынаған, / Қыздары бар лебі бал. / Күміс толқын күлкісі / Күнмен жуған өңі бар» - деп әспеттей толғайды ақын. Ақын сонымен бірге туған халқының батырлық қасиетін, қандай қиындықта да жаужүректігінен танбас өжеттілігін суреттей жырлайды. «Жау дауысы естілсе, / Құрыстанған арқасы / Жау дауысы сөнгенше, / Жазылмаған алқасы» - деп жырлау – сол дәуірдің ең бір насихатты үні, ел қорғауға дайын болудың ең бір салтанатты уәде-серті саналса керек-ті. Елін, жерін қорғау жолында шайқастың не бір құқайын көрген қазақтың ел іргесіне жау еніп, қауіп төнсе, ешбір мазаққа төнбейтін қадірлі қасиетін былайша суреттеп көрсетеді:

Ұлы қиқу шыққанда,
Көзінен от төгілген.
Ал майданға шапқанда,
Жау жанынан түңілген.
Айқайлаған дауысы,
Сонау Хасан көлінен
Жеті қабат аспанның,
Жарып өткен көгінен
Міне, Қазақстаным,
Батыр туған ерімен.

Өлеңдегі Хасан көлі – кеңес-жапон соғысындағы жер атауы болса керек. Туындының «Ұлы жолда» аталуы да соғыс жылдарының суретін көрсетуді мақсат еткен сыңайлы. Елін қоғауға дайын болуға үндеген өлеңнің түйінінде постыда тұрған қызыл ердің аманатқа берік тұлғасын автор нықтап ұғындырып, өлең-жырын соған арнағанын айтып өтеді.

Сол бақытты ел үшін,
Сол бақытты жер үшін.
Постысында дүниенің
Тұрған қызыл ер үшін,
Жырлайын, дос жырлайын,
Шығыстың тартып сырнайын

- деп қорытады автор толғауын.

Абдолла Жұмалиевтің ғұмыры қысқа болса да, артына қалдырған әдеби мұрасының ғұмыры ұзаққа барары анық. Өйкені ол жалпы адамзатқа ортақ өзекті мәселелерді жырлап отыр. Ақын ұғымында, ақын түсінігінде адам баласы қандай қоғамда өмір сүрсе де елді, жерді сүйіп, құрметтеуі керек.

А. Жұмағалиев құрылысы енді дамыған, жетіле бастаған алып державаның бір өкілі болғандықтан оның болашағына үлкен үмітпен қарап, қуанышты леппен, дархан көңілмен жырлай бастады. Ол Отанының болашағына мықтап сенді және сол өзі өмір сүріп, нанын жеп, суын ішіп отырған қоғамға адалдық танытты. Ақынның «Алтын өрнек», «Соқты бақыт сағаты», «Шырқап әнге салып көр» аталатын өлеңдері жоғарыда айтылған пайымымыздың дәлеліне сай келеді. Мәселен, «Алтын өрнекте» Нұржамила жеңгесінің съезге арнап тіккен кестесіне назар салған ақынның көз жетпес биік шыңнан жалпақ дүние төріне нұрын төккен күнді, сол шыңға алтын отау тіккен Ұлы Отан бейнесін көреміз. Айналасын ну орман қоршаған сол Отаудың алтын, жібек жасаулы сұлу суретін ақын былайша суреттейді.

Жібек баулы сол Отаудың
Ендім ашып есігін.
Ол отауым – Ұлы Отаным,
Отан – алтын бесігім! [102, 40 б.]

Ұлы Отанның бау-бақшасын, жүзімі мол алмалы отауын, тәтті әуенге бөлеген, сайраған сандуғашын лирикалық кейіпкердің ой-толғанысы арқылы жеткізеді. «Соқты бақыт сағаты» туындысында саяси тақырыпты арқау етіп алып, Шығыстан ашылған алтын есіктен бақыт нұры шашылды, «Маршы ойналып бақыттың, соқты өмір сағаты» деген тұспалды аңғаруға болады.

Абдолла лирикасының нәзік иірімдерге толы өлеңдерінің бірқатары табиғат тақырыбына арналған. Табиғат жыры туралы толғаныстарында ақын басты негізгі тұғыр етіп екі желіні тең ұстайды. Оның біріншісі – табиғат ахуалы боп мұнарланса, осы табиғатпен жанаса, қабаттаса елдің сол кезеңдегі қоғамдық-саяси өмірінің насихаты да, үгіті де қосарланып бейнеленіп отырады. Мәселен, «Жаз жыры» - біз оқығанда тұтасымен табиғат тамашасымен таныстырғандай көрінгенімен, кейбір тұста сол әдемі де әсем екі дүниенің барлығы да айтылмай қалмайды. Лирикалық

кейіпкердің баянында жаздың нулы бақша-бауы, құлпырған жаз гүлдері, судың сұлу сылдыры, сәулесі төгілген аспандағы ай, сайраған тотықұс, т.б. жазғы маусымға тән қызықтарды жырлай келе:

Жырлы ойымның көз алдына
Елестейді екі өмір:
Біреуі – ескі, біреуі – жаңа,
Жаңасы алқа таққан гүл.

Ескісі ерте зар жылатқан,
Улы түкті сұм ажал.
Көрге күңгірт кебін жапқан,
Сол заманда төккен зар [102, 41 б.]

(«Жаз жыры»)

- деп қоғам қайғысымен, саяси жағдайымен байланыстыра жырлайды. Алайда сол дәуір ақындарының баршасына тән (айталық, Сәкен, Илияс, Бейімбет, Сәбит, Тайыр, Жұбан, Әбділда, Ғали, т.б.) стиль өзгешеліктеріне кіретін бұл әдеби үдеріс кеңестік поэзияның таптық көзқарасын айқындап беретін жазу мәнері боп әдебиет тарихына енді.

А. Жұмағалиевтің азаматтық позициясы тек қана табиғат немесе Отан, ел туралы жырлардан ғана көрініп қоймайды, сонымен бірге қарапайым мамандық иелеріне, замандас құрбыластарына арналған туындыларында да белгілі белгілі бір ойдың иесі ретінде көрініп, жанама сипаттама беріп отырады. Мәселен, «Қарындасыма» атты өлеңінде туынды кейіпкері Нұрбикенің заман рақатына кенеліп, дәуір сыйлаған қуаныштың құшағына бөленген жан есебінде сипаттайды. «Бұндай шаттық өмірді, өткендерден кім көрген?» – деп алады да осының барлығы заманның сыйы, «күн көсемінің» арқасы деген сыңайлы ойларын білдіреді. Қарындасы Нұрбикенің жайнаң қағып, күлімдеп, жолдасымен бірге төсінде ордені жарқырап, ортасының сый-құрметіне бөленген шақты гүлденген заманның жетістігі деп ұғындырады. Мұндай оңынан нұр, солынан ай төгіліп, күн күлген дәуірді қалайша жырға қоспай тұра алайын деген ілтипатын да аңғартады.

Осындай шат заманында,
Қалмай мен де мақтанбай!
Қарындасқа қосылып,
Ән шырқатпай, шаттанбай

Күн нұрымен көмкеріп,
Жыр жібегін жабайын,
Жырдан сұлу мәңгі ғып,
Алтын алқа тағайын. [102, 43 б.]

(«Қарындасыма»)

Қарындасының қуанышты күніне жырдан ою салып, «Өшпестей ғып бір белгі / Тарихқа арнап жазайын» - деуінде ақынның қыз балаға деген құрметі, ағалық қамқорлығы жатқандай.

Ал «Жастар әні», «Жылқышы әні» өлеңдерінде тағы да қай майданға дайын болудың ишарасы байқалады. Адамдық туын биікке желбіреткен жастардың бірлескен қимылымен ұласқан дабылы жер жиһанға жеті қабат жер асты мен аспанға да жетеді деген пафосты үн бар. Күні ертең бізге жау тисе, ел қорғайтын батырмыз, бұл күнде алтын тулы орақ-балғаны қолға алып, еңбек етіп жатырмыз сынды дәуірлік идеологияның бағыты мадаққа айналған. Жастарды ұлттық патриотизмге баулыр жырдың өзегінде Отанды сүюдің, батырлықты дәріптеудің озық үлгісі жатыр.

Дайынбыз аттан десе ел майданға,
Дайын тұр сауыт, сайман бар майданға.
Ұлымыз ер қазақтың өжет туған,
Бабасы садақ тартқан аспанда айға [102, 44 б.].

(«Жастар әні»)

Қазақы қалыпқа құрылған «Жылқышы әні» өлеңінде қарапайым шаруашылық иесінің бейнесін көтермелей суреттейді. Колхоздың мандат алған маманы, постыдағы жалаулы жылқышы атынан сөз алған кейіпкер «Ере алмас екпініне қыр құланы, / Болса да қанатты құс шың қыраны, / Алдымда айдағаным шаң жуытпас / Колхоздың жібек жалды арғымағы» деп ақтарылады паң көңілімен. Өлеңде жай ғана жылқышының еңбек тірлігі сипатталып қоймай, сонымен бірге жылқы малына әдемі эпитеттер мен метафоралық тіркестерін арнаған. Мәселен, құс қанатты жер пырағы, қырлы найза қос құлағы, қыр құланы, жібек жалды арғымақ, апай төс, алмас тұяқ сынды тіркестер қазақ поэзиясына тыңнан қосылған бейнелеуіш құралдарының сапынан орын алары хақ. Ақын суреттеулерінде, тұлпарға берілген мінездемеде «Екпіні гүріліндей тасқын судың, / Шабысы ағынындай ұшқан қудың» деген шұрайлы теңеулер кездеседі. Туынды көлемі шағын болғанымен, ұлттық ұғым мен қазақы нақышқа құрылған өлең түйіні екпінді, рухты ырғақпен қорытындыланған.

Қазақпын ат үстінде аударысып,
Ойнаған арғымақтың құлағында [102, 45 б.].

Жаңа құрылыстың алғашқы бес-он жылдық, жиырма жылдық даму жолын көрген ақынның азаматтық жырларының лепті, көңілді боп келуі өзі өмір сүрген дәуірдің саяси-үгітімен тығыз байланысып жатады. Мәселен, «Жүрек музыкасы», «Бақыт шыңы», «Алтын өмір өрнегі», «Әр шырқайық», «Өмір сағаты», «Ақын толғауы», «Отан үшін» т.б. туындыларында еліміздің жаңару жолындағы өткен тарихы жатыр. Өлі даму, қалыптасу жолын бастан кешіп жатқан, алға басқан жас мемлекеттің жаңа өмір орнатудағы бастамашыл талаптары, жаңаға ұмтылыс, серпінді іс-әрекеттері ақын жырларына өзек болған. Сәл нәрседен шабыт алу, қоғам мүшелерінің кішігірім табыстарын зорайта көрсету - сол дәуірдің мақтау жырларының лейтмотиві болатұғын. Осы саяси насихаттың мақсат-міндетін біртоға түсінген ақын-жазушылар қауымы десек, соның нақ ортасында А. Жұмалиевтің бары анық.

Жоғарыда аталған туындыларында заман көшбасшысының артынан ерген, өздерін бақытты санаған жас ұрпақтың «Тағы да кеттік алға, кеттік алға» - деп ұрандата ән салуы («Шаттық жыры»), күміс күмбез көкті жарып күй тартып, күміс күннен оқалап алқа таққан, құз қыстап, ай түстеніп асқарға ұшқан, тіпті «Біздің ер – көкте сонау Полюске де / Орнатқан Ұлы Отанның туын қағып» («Жүрек музыкасы»).

Мыңдаған жылдар мешеу қалып, құрсау болған ел басына, қара түнек қалың қайғы, қайран елдің көз жасына тұншығып, енді бір сәт жарық дүние сахнасына шығып, адыра қалған ертедегі ескі дүние қақырасына лағынет айтқан лирикалық геройдың толғанысы («Бақыт шыңы»), желкілдеген жалауы қолында, шың үстінен ән шырқап, бақыттың маршын ойнатып, тарихты таңдандыра таңмен бірге туып, күннің көркін күлкісімен жуып, бес түлік малын төлдетіп, ел шетіне жау келсе, жауға аттанар күн туса, «жалаулы найза қолға алып», ту көтерген табыстан, жаңа заман ерлерінің бейнесін сомдаған («Алтын өмір өрнегі») жырлардың мазмұнында уақыт табына бағыну бар. Кеңестік кезеңнің тапсырыс жырына айналған бұндай өлеңдер өрімінде автордың өзі өмір сүріп отырған қоғамның жай-күйін баян етуі арқылы идеялық мақсаты да көрініп, елес беріп отырады.

Екпінді құрылыстың көп жылдық табысын, жеткен жетістігін лирикалық толғаныспен селдете термелеген ұзақ өлеңі «Ақын толғауы» деп аталады. Толғау шағын-шағын бес бөлімнен тұрады. Әр бөлімде лирикалық бейненің ішкі сезім сыры халық өмірінің тыныс-тіршілігімен қабыса жырланады. Философиялық әуенмен әсерлі, көңілді күй шерткен туындының мазмұны жаңа замандық болғанымен, түпкі стильдік сарыны жыршы-жыраулар поэзиясының, халық ақындарының (мысалы, Жамбыл, Нұрпейіс т.б.) мақамын еске түсіреді.

Ән салмаса ашыла,
Алатаудан асыра,
Ұласпаса дауысы
Ғасырлардан ғасырға
Ақын шіркін ақын ба? [102, 58 б.].

(«Ақын толғауы»)

Осылайша толғанудың құлақкүйін келтірген ақын өзінің туған республикасының төрт бұрышын жырға қосып, географиялық ендігін түгендеп (мәселен, Алатау, Балқаш, Орал, Алтай, Арқа), келелі табысын өзіне тән стильде өткен тарихпен, дала шежіресін шерте отырып баяндайды.

Сонау-сонау алаңда,
Сонау қалған заманда
Арманменен өмірі
Талай жандар өткен жер
Сонау бір мұңды заманда
Көкірек күйін шерткен жер
Қайғысы өзен, қаралы ел
Егіліп жас төккен жер

Ата менен ананың
Шері жаншып шөккен жер

Осындай қайғылы кезеңді бастан өткерген халқының, бостандық алған елінің жаңа дәуірдегі табысына ақын қуана қол соғады, мәз бола, қуат ала жырлайды. Кешегі өткен мешеулікті бүгінгі тұрмыстың шалқыған күйімен байланыстыра, қуана жырға қосады. Тарих сахнасына туған халқының қиын-қыстау заманда бастан кешкен қайғылы оқиғалары, қара түнек қаптаған дәуірдің ұрпаққа, ата-анаға, ата-әжеге, жалпы мұқым жұртқа тигізген зардабы лирика тілінде баяндалады. Бұл туындысында ақын тіл мәселесіне зор көңіл бөледі: «Тіл-тұлпарым, шаппасаң, / Тіл гармонын қақпасаң», немесе «Қызыл тіл, саған ырза емен, / Тояттап жолда тоқтасаң!» деп жырласа, енді бірде «Тіл тиегі – көмейден / Қотарылсын толған жыр», тағы сол сияқты «Қиял құсы қызыл тіл / Құйындата шауып көр» т.б.

Екінші бір назар аударатын тұс – ақынның домбыра, музыка, дирижер, марш, доктор сияқты заманауи термин сөздерді оңтайлы, сәтімен қолданған. Заман ырғағына сай жазылған толғауда бір отбасының кейіпкерлері де мысалға алынады. Олар:

Айманқұлдай қарт ана,
Батыр туған ерімен,
Күміс жеңгей қасында,
Мал айдаған төлімен [102, 61 б].

Сонымен бірге «Су перісі» Айна қыз / Күн мен айды теліген, / Гүл төгіліп өңінен» - қосалқы персонаж ретінде «талай бикеш, талай қыздың» ішінен ерекшеленеді.

Ақынның «Отан үшін» өлеңі қазақ даласын дүрілдеткен төңкеріс пен оның ұйымдастырушыларына арналса, «Жиырма бес», «Алтын таңның ұлымын» аталған өлең-жырларында жастықтың, жасөспірім дәуреннің қайта оралмас базары сөз етіледі.

Келмейді-ау қайта оралып жиырма бес,
Жиылып қыз, бозбала құрған кеңес
Қайырылып жалынсаң да кіргізер ме,
Ойыны тарқап, қақпасы жабылған кеш [102, 66 б.]
(«Жиырма бес»)

- деп, «ойыны тарқап, қақпасы жабылған кешті» арман етеді лирикалық кейіпкер. Жоғарыда аталған екінші туындының («Алтын таңның ұлымын») тақырыбы мен идеясы сол кезеңнің дәстүрлі сарыны «алтын тулы алпыс ұлттың» сырттан жау келсе, «ел шетінен жау төнсе, найзаменнен қағу, шендесіп жау шекіссе, шертіп миын шағу» сынды бір мағыналы, бір мазмұнды таныс әуен.

Осы сынды Отанды қорғауға әрқашан дайын болу, іштегі, сырттағы жауға сыр алдырмай, күресе білу – А. Жұмағалиевтің Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі жазылған өлең-жырларының басым бөлігін құрайды. Бұл тақырыптағы өлеңдер мазмұны бір-біріне егіз қозыдай ұқсас, бір мағыналас боп келеді. Мәселен, «Тұлпарым», «Бақыт шыңы», «Алтын өрнек», «Ұлы

жолда», «Жаңа дүние данышпаны», «Май жыры» т.б. туындылардың жастарды елді қорғауға тәрбиелеуде маңызы зор десек те, ол да күні өткен келмеске кеткен социалды құрылыстың науханды, бір маусымдық жыры боп қалмақ. Бұл туындыларда жаңа құрылыстың қоғам мүшелерін елді, жерді сүйуге шақырумен қатар жеке басқа табыну қаракеттері де көзден таса қалмайды.

Жоғарыда талданып, сараптау жүргізілген өлең-жырлардың мазмұн өзегінде ақынның азаматтық борышы, азаматтық белсенділігі көрініп отырады. Саяси-әлеуметтік лириканың бастауы азаматтық ұстанымнан, азаматтық көзқарастан бастау алатынын ескерсек, ақын А. Жұмағалиевтің өзі өмір сүріп, кірпішін қаласқан қоғамның белсенді мүшесі бола алғандығына оның артына қалдырған әдеби мұрасы куә.

Азаматтық лирикасының шебер нұсқаушысы бола білген А. Жұмағалиевтің еркін беріле жырлаған тақырыбының бір алуаны – көңіл күй толғаныстары. Әрине, азаматтық толғаныста да көңіл күйдің қоса өрілетінін ескерсек, ақынның өлең-жыр тудырудағы идеялық мақсат-мұраты өзінің жаратылысына орай азаматтық ұстаным мен көңіл күй әуендері бірін-бірі жетелеп, сүйемелдеп, бірі екіншісіне орын беріп, алма-кезек орналасып, іштей қабысып жатады. Мәселен, «Қағып едің қайырылып» деп басталатын өлеңнің лирикалық кейіпкері көңіл күйдің көбесінен үзіп шыққан сезім сырын салмақты жеткізеді.

Қағып едің қайырылып,
Өмірдің, жастық есігін.
Қош айтысқан айрылып,
Сауық - сайран кешінің

Кіргізбеді, жатсынды,
Қарадың тек сыртынан.
Арқалап кеттің жат мұңды
Баяғы балғын жұртынан [102, 69 б.]

(«Қағып едің қайырылып»)

- деп сезімге ерік береді. Жастықтың тойы тарқап, кәрілікке, қарттыққа бет түзеген адамның есінде қалатыны өткен өмір суреттеріне үңілу ғана. Соны көз алдына елестету арқылы ғана оралмас сәттің дидарына барлау жасайды. Ақын пайымынша жас өмір кейін қалды, думаны да тарқады. Ендігі өрісің басқа, кәрілік жеткен асығып. Бал шырын базарың да тарқады, жүре бер енді артыңда. Алыстан ғана жарқылын болжап, қарайлап қаларсың деген ой түйеді автор. Өткен өмір, жастық шақ «Шақырмас сені ол қайтып! / Қандай із бар артыңда?» - деген сауал қояды кейіпкер өзді-өзі. Қаншалықты ұмтылсаң да: «Жапырағыңды сарғайтып, / Мойыңда, келер күзіңді!». Өлеңде үлкен философиялық ой жатыр. Лирикалық кейіпкер сауалды төтесінен қояды:

Өмірден үлес алдың ба,
Өкінбей күліп өтерлік!
Артыңда мұра қалды ма,

Келешек мақтан етерлік! [102, 69 б.]

Ақынның осы даналық ойға негізделген шумағы қай оқырманға да біраз нәрсенің сырын аңғартқандай. Ойлануға жетелейді. Қай толқынға да насихаттық ықпалы бар ой саларлық жолдар десек те болғандай. Ақын дұрыс айтады: жастық базары тарқады, бар ма белгің кейінге қалдырған?

Мәңгі жүре бермессің,
Бір күні сен де кетерсің.
Аян ғой қайтып келмесің,
Не белгі тастап өтерсің?»

Өлеңнің соңғы оныншы тармағы ақынның өзіне арналған сыңайлы:

Тартар да бір күн көш қырын,
Жан сағаты тоқталар.
Бітпей қалған от жырың,
Архивте мүмкін сақталар!

Көңіл-күйдің бір сәттік толқынысынан туған туындыда адам өмірінің табиғатына тән болуға тиісті ғұмырлық қазақы пәлсапалық идея жатыр. Адам болып туған соң, адамша ғұмыр кешу керек. Адам бұл өмірге қонақ. Келешекке не қалдырам деп өмір сүр деген сияқты ұлағатты ұстанымның ізі жатыр аталған лирикалық толғаныста. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (Абай) демекші А. Жұмағалиевтің көңіл күй лирикасында сәтті шыққан туындының бірі «Келер ұрпаққа (Абайға еліктеп)» деп аталады. Өлең Абай идеясының ізімен жазылған. Болашақ жастарына арналған сөзінде ақын:

Өлсем ұмыт болмай ма дүние деген,
Мәңгі айырылысып қалмай ма о да мүлдем.
Жанжал, шумен алысқан қайран басым,
Бір қуыста қалмай ма үңгірлеген [102,70 б.]

(«Келер ұрпаққа (Абайға еліктеп)»)

- деп сыр ағыта жырлайды. Алдағы туындымен сабақтас көңіл күй иірімдері бұл өлеңінде де қайталанады. Лирикалық кейіпкер мәңгі жұмбақ, сырын бір білдірмеген жат елде қалу қаупінен де сескенеді. Ол елдің тілін де білмейді. Әшейіндегі бірде қомсынып, бірде қампайып жүрген дүниедегі мол орының да босап қалары анық. Дастарқандағы той кесесінің де қаңырап, құр шықылдап тұрары да хақ. Ақынның келер ұрпаққа арнаған сөзі шынайы көңілден шыққандығында күмән жоқ. Ұлы Абай «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма?!» десе, Абдолла да «Мен де алыссам жеңілмен, жаны өзгеден, / Дұшпаным да кездесті оқ көздеген» деп өзінше заманға сай үнмен тіл қатады. Ақын ұғымында бұл дүниенің қызығына ешкім де тоя алмаған. Өмір деген көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Кейінгі ұрпағына айтар тілегі ақ, шын жүректен, кірбіңсіз көңілден шыққан сөз. Айтатын сөз де тек біреу-ақ дейді автор, ол – өлеңі, «түскен мөрдей бұл қағазға. «Өтті ластап, деменіз жүрген жолын, / Келер күн, келер ұрпақ заманаға!» Бұл дүние қызықтарын ақын «қызыл шырай, қыз дүние қалар артта» деп суреттейді де сол дүние-ғұмырдың соңғы сыйын «мөрін басып ақырғы мәңгі шартқа» деп

сипаттайды. Түйін белгілі: «Мен кетермін, келмеспін енді айналып, / Басымдағы сырлымды жаздым хатқа».

А. Жұмағалиевтің көңіл күйі тақырыбындағы туындыларының идеялық мақсатында айтар ойының, көтерер мәселелерінің баршасы қамтылған деуге болады. Көңіл күйін шерте отырып, ақын өзі өмір сүріп отырған қоғам мүшелерін өзінің сырласы санайды. Оларға бүкпесіз ақтарылып, сырын ашады, олармен армансыз әңгіме-дүкен құрғандай кейіпте көсіле жырлайды. Толғана отырып ішкі арман-мақсатын да жайып салады. Кей тұстарда көңілінде жүрген түйіткілді мәселелердің шет ұшығын шығарады. Мәселен, «Қош, достарым» аталатын терең толғаныстан тұратын өлең-жырында Отан алдындағы борышын өтеуге бара жатқан, ел-жұртын сыртқы жаудан қорғауға бара жатқан сарбаздың атынан сөйлейді. Бұл толғауында адам атымен байланысты айтылатын Байрон шайырдың белгілі төрт тағанының қазақи тәржімасымен қазақ қалпына құрылған үлгісінде сөз алады.

Келем, міне, аралап,
Адам ата мекенін.
Түсіне алмай барамын,
Адамның не екенін.

Адамды асыл дер едім,
Болыпты бұным балалық,
Болса да ортақ ұлы атқа,
Адамда мол алалық [102, 73 б.]

(«Қош, достарым»)

- деп толғанады Абдолла Байронға ұқсап. Ұлылық ұлт таңдамайды. Ойшылдарға философиялық көзқарас ортақ. Нәзіктікпен жырлайды. Дүниеде тек қана адамдық пен адалдықтың болғанын арман еткен ақын «Адам неге жылайды? / Адам неге күледі? / Ар деп соққан болмас па, / Адамның түгел жүрегі» деп толғайды. Жер жаһанның бәрінде даурығып, дауласып жатқан жұрт. Осының баршасы ақын миына салмақ боп түсуде. «Күлкісі ортақ, ары ортақ жан иесі қайда деп, мәңгі аймалап күлдірер таң иесі қайда екен деп» деп Байрон ақын жырласа, оның данагөй ой-толғауын іліп алып, одан әрі дамытқан Абдолланың да өз айтары бар. Әріптес әрі ұстазы ақын бауырының адамдық қайда деп мыңмен жалғыз алысқан Абай сынды зар-мұңына құлақ тосқан Абдолланың:

Деп батыстың Байроны
Сыбаныпты білегін,
Адамдықтың арына,
Ту қылып ақын жүрегін.

- деп қамыға әрі тебірене түсуінің де жөні бар. Өйткені, ақынды алда үлкен қайтпас сапар күтіп тұр. «Қош, достарым» деп ел-жұртымен емірене қоштасқан ақын енді қылыш пен қаруды қатар ұстамақ. Талай жонда жортары, талай түнде қатерлі, қанды жорықтың талайында боларын ақынның

өзі де сезгендей. Алайда адамдық арды жоғалтпайтынын ақын өзі ғана емес, өзгені де бек сендіреді.

Мен де аттандым майданға,
Қалдырып жыр мен жарымды.
Сапарым ауыр болса да,
Кірлетпен ақын арымды.

Иә, ақын берген сертін орындады, уәдесінде тұрды. Алайда, ол сұм соғыстан оралған жоқ. Опасыз, әділетсіз соғыс жас ғұмырды 27 жасында жалмады. Адамдықты ту етіп көтерген жанның ертеңге деген сенімі нық еді. Майданнан жеңіспен оралармын деген үміті ақталмаса да, Байрон бауыры арман еткен адамдық арын жойған жоқ. сертке берік болды. Арсыз дұшпанды жер бетінен құртқанша оралмайтынын да айтпай қалған жоқ.

Жеңіспен күт, сен, мені,
Қош, достарым, құшқаным,
Жер бетінен құртқанша,
Адамның арсыз дұшпанын.

А. Жұмағалиевтің лирикасының бір алуанын махаббат тақырыбында жазылған өлең-жырлары құрайды. Жастық шақ, жас даурен ақынның өзі өмір сүрген дәуірлермен бетпе бет келеді. «Жастық базарында», «Жастық шақ», «А..ға», «Жандырдың-ау жүректі», «Кейде ол жүзін бүркеп жылаушы еді», «Толқын мінез, тоты сұлу» т.б. туындыларында ақын кейіпкерлерінің ішкі сезім сырлары, жастыққа тән болуы тиісті сүйіспеншілік, махаббат мәселері жырланады. Жасқа тән шынайы өмірдің көрінісі, жасандылықтан ада, таза көңілден шыққан сезім пәктігі бүкпесіз жырланады, ақын өлеңінде. Мәселен:

Оралта мойыныңа ақ білегін,
Асылса ерке сұлу жас «бөбегін»,
Суырылып, сүйсе еркелеп, сәулем десе,
Аймалап баспас па едің жанын шөлін

Асылып жас баладай бермей тыным,
Ұсынса бал шырынды қызыл тілін.
Үзіліп бал тілінен сүймес пе едің,
Қос жұлдыз мөлдіретіп қарашығын [102, 93 б.]
(«Жастықтың базарында»)

- деп келетін сезімге малтыған жырдың мазмұнында екеудің арасында ғана болатын құбылыстардың жай-күйі баяндалады. Лирикалық кейіпкердің сүйіспеншілік әлеміне еркін еніп, бар шын ниетпен құлай беріле сүйюін өлең егесі әсерлей, әдемілеп жеткізген. Махаббат шуағына малтыған жандардың шат-шадыман бақытты шақтарын ақын шаттана жырлайды. Айға еркелеп жатқан ақ жүзінің сәулесі, сырға бөленген, балқыған жас жан, ай жүзіне шағылысқан ақ тән, бауырында еркелеген ерке «бөбек» т.т. көркемдеуіш бейнелеуіш құралдардың небір алуан түрі өлеңнің өңін келтіріп, ажарын ашып тұр. Жастық базарында шалқып тасқан екі жастың мөлдір сезімдерінің

күәсі ретінде ақын оларды қоршаған табиғат құбылыстарын параллель бейнеде алып жырлайды.

Сыр тыңдап қарағайлы қалың орман,
Су тынса сол минутта сылдырынан,
Ұялып аспандағы ай бұлт бүркеніп,
Жымыып жұлдыз тәжім етсе саған!

Жансызға жан бітіріп, кейіптеудің озық үлгісін өрнекке ілген ақынның «Желкілдеп, желге еркелеп жас қарағай, / Сәулесін сұлу күннің сүйген талай / Сырласып саясында ойнаған күн, / Жалт беріп, өтер ме екен, уа, дариға-ай» - деп өрістете, кеңейте жырлауы да ақындық шеберліктің бір белгісі болса керек. Жастық шақтың, базарлы шақтың да тарқайтын кезеңі мен сәті келетінін, күні туатынын ескерткен автордың тұжырымына құлақ түрсек:

Жастықтың шапшаң соғып сағаты өтсе,
Артынан бір күн соғып кәрілік жетсе,
Махаббат базарында ойнап-күлген,
Күндері жастық алтын түсер еске!

Әр дәуірдің басы мен аяғы болатыны сияқты адам ғұмырының да шектеулі мерзімі барын ақын философиялық тұжырыммен түйіндеген. Өлеңнің басы эмоциялық еркіндікпен, серіппелі көңіл күймен өрілсе де, аяғы ойлы, салмақты, байсалды күйінмен қорытындыланады.

Алыстап өтсе бір күн жастық шағы,
Лапылдап сөнсе бір күн жанған шамы.
Еркелеп - жас баладай аймалаған,
Біреуді ерке сұлу сүйер тағы [102, 93 б.]

Жастық шақтың жалынды ғұмыр салтын әр қырынан алып жырлаған өлеңдер қатарынан «Жастық шақ», «А...ға», «Жандырдың ау жүректі» аталған туындылар толықтыра түседі. «Жастық шақ бір жалын ғой, / Ойлама, қайта оралар, / Бейне бір жас сұлудай, / Көтерер де орамал, / Күлкісіне көмер де, / Сылқ-сылқ күліп жоғалар» - деп келетін жолдарда ақынның жасқа тән албырт сезімі, іркілісті білмейтін асау жүрек толқынысы жатырғандай. Неде болса алға ұмтылған арман-мақсаты, көлдей сезімі, телегей қуанышы бірінші орынға қойылған.

Ақынның «А...ға» деген өлеңінде сүйген сәулесіне арнаған кейіпкердің ыстық сезімі, ақ адал ниеті бүкпесіз берілген. Сүйіктісінің қолына күн білезік салып, күн жүзіне күміс маржан тағып, күміс күлкісіне мәз болып, күндей сәулесіне арнап жыр төгіп, толқынмен бірге ағып, бар ыстық ықыласын ақтарып салған лирикалық бейненің ағыл-тегіл дархан көңілінде шөкімдей кінәрат жоқ. Алайда осы ас та төк мейірімді пейілді қабылдамаған сәулесіне өкпе назын лирикалық кейіпкер былайша жеткізеді:

Ағын судың перизаты деп едім,
Сен - перизат, ол ағын су мен едім.
Елемедің, енді, сәулем, не дейін,
Сылдыраған ағын судың өлеңін [102, 94 б.]

(«А...ға»)

Ақын сонымен бірге ағын судың баршаға ортақ екенін, ол ағын суда өзгелер де уақытша мекен тауып, қызыққа кенелетінін құлаққағыс ете жырлайды. «Ағын ерке, ағар мәңгі - ағын су, / Ағын суға қонар талай қаз бен қу, / Билер билеп, үнін қосар, ән шырқар, / Ойнар сәуле, талай ерке жасыл шу». Автордың «А...ға» деген өлеңі шағын екі-үш шумақтан тұрса да, оның мазмұнына кейіпкердің сүйгеніне айтар сезім сыры, барша ойы, мұқым тілегі сыйып кеткен. Жоғарыда талданған туындымен өзектес, тақырыптас өлең «Жандырдың-ау жүректі деп аталады. Ұнатқан жанның алдында торға шырмалған құстай алабөтен асып-сасқан сүйгендер сезімін ақын ерекше күйде жырлайды.

Қарай қалдың қадала кеп,
Қара көзің мөлдіреді
Жарым дедің жаныма кеп,
Жас жүрегің елжіреді

Тұра алмадым бойды билеп,
Суырыла кеп сүйді жаным.
Білмей қаптын - балқып жүрек,
Одан әрі не болғанын. [102, 95 б.].

Ақын шығармашылығында «А...ға» арналған өлең саны бірнешеу. Олардың әрқайсысында мазмұндалатын тақырып біреу болғанымен, автордың сезім сыры, ой-арманы әр қилы боп өріліп отырады. Ғашықтық, құмарлық, сүйгеніне қол жеткізу үшін не бір қиындыққа төтеп беру, жалпы жасқа тән жалынды көңіл күйдің терең иірімдері өлеңге барып қонақтаған. Сүйгені үшін жүрегін жұлып беруге даяр кейіпкердің персонаждық тұлғасы ақынның өзі екені анық. Өйткені «Арбауыңа түстім мәңгі, / Балқып жаным елжіреп, / Ақ қағазға бірге оралды, / Сенсең сәулем, өр жүрек» деп келетін жолдар дәлел болса керек. Тағы бір тұста «Жанымды орап, хатпен бірге, / Бердім мәңгі қолыңа», сондай-ақ «Сүйіспендік дүниесінің / Тотысы деп жаздым сөз» - деп те ақындық өнерді, сөз өнерін құрмет тұтатын жан екенін аңғартып өтеді.

Ақын өлеңінде «Жастық шағын кім сағынбас, / Базарлы алтын, балшырын» деп жазыпты. Әйел затының, нәзік жандылардың көңіл ахуалын, психологиялық бітім-болымысын тереңнен таныған жырлар қатарына «Кейде ол жүзін бүркеп жылаушы еді», «Толқын мінез, тоты сұлу», «Ақ беті - айдын көлдің сағымындай», «Уа, сүйіктім», «Қоштасу», «Қарындастың альбомына», «Суретінді көргенде», «Қандай әсем жанға рахат», «Ұмытар бәрі, қаларсың сен», «Терезеден күлім қағып», «Қарақат көзді қалқам-ай», «Көмескі тартып ай жүзі», «...Күләйім күн тотысы секілденіп», «Іздеп келем жарымды» т.б. толықтыра түседі. Бұл тізбектеліп аталған өлең жырларында ақын А. Жұмағалиев жасқа тән, жастық кезеңге тән, табиғи болмысқа тән адам өмірінің қызу кезеңдерін бүкпесіз шынайылықпен, шебер әрі қызықты жырға қосады.

Ақынның жастық шақ, махаббат туралы жырларының автордың өзі өмір сүрген дәуірмен бетпе-бет келуін былай қойғанда, арада қанша уақыт өтседе бүгінгі жаңа дәуірде мән мағынасын жоймағанын айта кету ләзім. Сүйген жарға адалдық, шын ниетпен құлай сүю, сезім сырын бүкпесіз ашық айтып, жария ету сынды сүйіспеншілік негіздерінің небір шырайлы үлгілері ақын лексиконында молынан кездеседі. Мәселен, «Толқын мінез, тоты сұлу, / Неге сиқырланасың? / Орамалың көлеңкелеп, / Неге бетің жабасың?», «Сығалама сүйдір сәулем, / Кел, кел көрін көзіме / Жас лебізі - жардың тілін, / Бер, бер қайтып өзіме», «Кетпе, кетпе, кетпе алысқс, / Кетсең шалғай сағынам / Алдама құр айлалы қыз, / Жалбарынам, жалынам» - деп келетін ыстық сезімге суарылған тіркестердің мағыналық маңызы махаббат айлағына бет алғандардың сырын ұғындыра түседі. Ақын «Қарындастың альбомына» өлеңінде сұлулық бейнесін тым асыра мақтай сөйлейді. Жас арудың сұлу келбетін шығыс поэзиясындағы жұртқа мәлім әдіс-тәсілмен көмкерсе де ұлттық нақыштың ізі байқалмай қалмайды.

Күлкісі бұлақ сылдырап,
Күмістей бейне төгілген.
Дидарына ай құлап,
Мөлдір айдың көзінен.

Төңкерілген толқындай,
Қара шашы көмірден.
Омырауда көлкілдеген
Қос иығы көмілген.

Өлең сөз өнерінде бұндай портреттік көркемдеулер өте сирек ұшырасады. Төл әдебиетіміздің, ауыз әдебиетіміздің озық үлгісін одан әрі дамытқан ақынның портреттік мінедемесі бірін-бірі толықтырып, қас сұлудың бейнесін одан әрі нақтылай түседі.

Ай елжіреп сүйгендей
Қызыл алма еріннен
Құшырлана құшқандай
Қылдай нәзік белінен.

Халықтың тіл өнері байлығын ұтымды әрі сәтті пайдалана білген ақын көркемдік бейнелеуіш құралдардың мол қабатын қалыптастырған. Метафоралық тіркестер мен теңеулердің, кейіптеулер мен эпитеттердің бояуы қанық үлгілері көзге ұрады.

Абдолланың «Суретінді көргенде» аталатын өлеңі Ұлы Абай үлгісімен жазылған. Махаббат қызық мол жылдардан сыр шерткен ақын өткен өмірдің елесін іздеп толғанған лирикалық кейіпкердің атынан сөз алады. Екеуі екіге айырылса да, бұрынғы күнін ойлап, әлі де үмітін жоғалтпаған жанның үнінде сағыныштың сазы басым. Өзінің сертке беріктігін танытпақ болып әлектенеді.

Есімде әлі, ұмытқам жоқ,
Жас жар, жалын жүзінді!

Айырылысқанға болса да көп,
Демеймін - «үміт үзілді».

Күндер өтті, айлар өтті,
Алыстады көлеңке
Сөндірмедің жанған өртті,
Өкпеледің неге, еркем?

Кейіпкер ұғымында: «Айнығыш жан - дүние құлы, / Біз бе ек, сәулем, тайғанақ?» деген мауал берік орныққан. Көк шалғынды Шаған бойындағы жасыл орай, жұпар желді, жаздың сұлу кешін, атқан таңның, жар құшағындағы ұмытылмас мезеттерін еске алып, тебіренген лирикалық бейне:

Суретінді көрген сайын
Түсірем құр есіме.
Суретті құр аймалаймын,
Басып ыстық төсіме.

- деп сағынышпен толғанады. Өлең түйінінде: «Албырт күнін, балалығын / Өркім-дағы сағынар / Кәрілік жетсе жастық шағын, / Сағынбай ол не қылар?!». Махаббат дүниесіне ақын аса байыппен, асабір нәзіктік талғаммен қарайды. Жеке адам ғұмырында махаббат мәселесінің үлкен орын алатынын, оған бей-жай қарауға болмайтынын ақын өлеңдеріндегі жиі қолданылатын сөз тіркестерінен байқауға болады. Мәселен:

Алыс кетті әнекей,
Махаббатың иесі.
Алыста қол бұлғайды,
Махаббат бал дүниесі.

Неге алыстап барасың,
Уа, махаббат сүйгенім

Әулие бір махаббат
Іздеп келем жарымды

Әулие адал махаббат
Аңсаумен балдай назыңды

Жас махаббат –жар дүниесін,
Сағындырма, берші-бер

Өткен күн, от махаббат есінде ме,
Сүйіскен - сыр алысып бала кезің

Махаббат дүниесінің есігі де
Ашылды, жан тербелді бесігінде

Жалыны мол от махаббат
Күйдірді ғой өртіне

Жас махаббат жардың тілін,
Бер, бер қайтып өзіме!

Жалын жүзді жас махаббат
Жібек лебін - жан сырын

Жас махаббат, жастық шақ,
Тасалап жүзін жасырар.

Махаббат базарында ойнап күлген,
Күндерді жастық алтын түсір еске!

Ақын махаббатты көбінесе әулиеге теңеп отырады. Ал әулие сөзінің қазақта тек қана көріпкел, таза және ұлағаты мол адамдарға ғана айтылатынын ескерсек, Абдолланың махаббатқа деген көзқарасының шынайылығында, кірпияз ақтығында шек жоқтай көрінеді. Содан да болса керек: «Іздеп келем жарымды» аталатын өлеңінде:

Іздеп келем асығып,
Жүрегім сүйген жанымды
Әулие бір махаббат,
Іздеп келем жарымды.

- деп толғанады. Жинақтай айтқанда аталған өлең ақынның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбындағы өлең-жырларының қорытындысы іспетті оқылады. Батыс пен Шығыстың сұлуларының тәтті қылықтары мен сыңғырлаған күлкілерін жырға қосып, ақын тағы да әулие, адал махаббатқа бас иеді.

Іздеп келем күн жүзді
Жаны таза жарымды.
Әулие адал махаббат,
Аңсаумен адал назыңды

- деп ой түйеді ақын.

Жалпы алғанда Абдолланың жастық шақ жалынды махаббат жырларында лирикаға тән жастық иірімдер, психологиялық көңіл күй, шынайы беріле, құлай, жүрекпен иіле жырлау нақыштары толық сақталған. Ақын адамның жас кезіндегі бастан кешер (одан ешкім де қашып құтылмаса керек-ті) сүйіспеншілік, махаббат мәселесін тереңнен толғай, қозғай келе, жастық дәуренді бағалау, қадірлеу керектігіне де оқырман назар аударады.

Ұлы думан, тарқар базар,
Деңгейінен өткен соң.
Қолын сілтеп, қош айтысар
Кәрілік басқа жеткен соң

Ұзататын күндер болар,
Лапылдаған жастық шақты.
Шал болармыз бәріміз де,
Көшер керуен зырлар қатты.

Ақын туындыларында өмірге, қоғамға, жалпы өзін қоршаған ортаға, философиялық көзқарасын да аңғартып отырады. Адам өмірінің қай кезеңі де мәнді, мағыналы болуын қалайды. «Дүние - бір қыз, көз алдынан / Бойын ұрлап, тәжім қылып, / Ақырын-ақырын жылжып қана, / Ғайып болар, сылқ-сылқ күліп.» - дейді ақын. Жастық, балалық шақтың қайтып оралмайтынын әр өлең-туындысында бірнеше жерде қайталап отырады. «Жабылған кеш қайтіп ашпас / Қайта қақсаң, есігін / Ол жас өмір қайта орнатпас / Қайта әкеліп бесігін».

Ақынның жастық даурен, махаббат, сүйіспеншілік жырларының жазылу мәнерінде Ұлы Абайдан бастап Шәкәрім, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Сұлтанмахмұт сынды ақындар салған әдеби мектептің ізі жатыр. Кей тұстарда Мағжанға еліктеп, кей тұстарда Европа ақындарына ұқсас жырлардың өмірге келу тарихы бар. Мәселен, «А..ға» арналған циклдер, Зина сұлу мен Лена сәулеге қарата айтылған толғаныстар мәнерінде әдеби сабақтастық ізі жатыр. Еуропаның мықты шайырларын қазақша сөйлеткен Абдолланың кей тұстар да бүкпесіз, ашық айтып, батыстық үлгіде сөз саптап, ой-қиялға ерік бергенін айта кету ләзім.

4.2 Ақын поэмалары мен фрагменттері, көркемдік өрімі

А. Жұмағалиевтің әдеби мұрасының бір қыдыруын ақын поэмалары құрайды. Жазушы ілгерінді-кейінді жарияланған жинақтарына енген поэма-дастандарының жалпы саны - сегіз. Олар: «Шығыс қызы», «Есімде, сәулем, есімде», «Күнәһар сыры», «Арман мекені», «Жалғыз арша», «Ақбоз атты жауынгер», «Токиодағы дауыс», «Пиреней тауында». Бұлардың баршасын поэма жанрының табиғатына толық келеді деп айтуға болмайды. Мәселен, «Пиреней тауында», «Ақбоз атты жауынгер», «Арман мекені», «Есімде, сәулем, есімде» аталған шығармаларды болашақ жазылатын дастандардың бір үзік фрагменттері қатарына жатқызған дұрыс болар. Ал толыққанды жазылған поэмалар деп «Шығыс қызы», «Токиодағы дауыс» сынды дастандарды атасақ керек-ті.

«Шығыс қызы» дастаны автордың өз белгілеуімен көрсеткендей төрт тараудан тұрады. Оқиға феодалдық заманның кезінде ескілеу бір кезеңде өткен. Батыс Қазақстанның Жосалы өңірінде (Шыңғырлау жазығымен шекаралас) болған оқиғадан алынған сыңайлы. Халық арасында ауызша таралған тарихи әңгімені А. Жұмағалиев дастанға айналдырған. Дастанның бірінші тарауы кіріспе ретті қалыптасқан. Автор негізгі оқиғаны баяндамастан бұрын оған түсінік бере кетеді.

Дүние - бір жол адамзат келіп қайтар,
Шатқалы мол үрейлі жүрек шайқар.

Жұмыр жердің үстінде ескі сүрлеу,
Өткен бағзы заманның сырып айтар

Сол сүрлеумен озған жұрт көшіп, қона...
Жатыр, әне, жапанда жалғыз мола.
Бір кездегі мекені ғашықтардың
Қазір адыра қалыпты, болып оба [102, 117 б.]
(«Шығыс қызы»)

- деп автор лирикалық шегініс жасайды. Оқиға болып өткен жер тарихымен, ондағы бір замандардағы куәгер заттармен таныстырды. Мәселен, жоғарыда айтылған жапандағы жалғыз мола, бір кездегі ғашықтар мекендеген жер (қазіргі оба), үлкен жолдың бойында, ескі сүрлеуде жатқан қу қобыз, қу бас, кара тасқа қадалған ескі қанжар, бір жерде жатқан күміс жүзік сынды предметтерді атай келе:

Бала қыз ескі жұртта егіледі,
Көз жасы көкірегіне төгіледі,
Шырылдап: «Әке!» дейді, «Ана» дейді,
Ал қу бас қурап қалған не біледі?

- деп оқиғаның өрбу барысынан хабардар етеді. Жетім қыздың толғанысын ақын өте әсерлі жырлайды. Ескі обаны құшақтап жылаған қыздың зарлы үнінен, опасыз дүниеге лағынет айтқан, торыға мұңданған бейне елес береді. Жетім қыздың монологінде айтылатын «Қу тағдыр, тарттым жастай жәбірінді.. / Ата-ана, кімге тастап кеттің мені? / Құштым мен қазылмаған қабірінді» немесе: «Жылаттың, жас басымнан әкемді алдың, / Шерменде шешемді де торға салдың / Айырылып бүгін міне бәрінен де, / Тағы да жалғыз қалдым, жалғыз қалдым» деп келетін тіркестерден құралған шумақтар шығарманың көркемдік әрін қоюлата түседі. Ата-анасын жоқтап, әбден шаршаған қыздың ауыр халін автор:

Көрмеген жас кезінен ойын-қызық,
Бала қыз зарлай-зарлай демі құрып,
Құшақтап иесіз қалған ескі обаны,
Күрсініп көкірегінен жатты сұлық.

- деп трагедиялы бейнелейді де, «Манадан құлақ тосып, сұрау салған, / Ал, тыңда, шежірелі жұмбағыңды» деп бірінші тарауды аяқтайды.

Поэманың екінші тарауы жетім қыздың есімін атап таныстырудан басталады да одан әрі әкесі мен шешесінің бастан өткерген ауыр халдері және оған тап қылған үстем тап өкілдерінің жауыздық әрекеттері рет-ретімен оқиғаның өту барысына сай баяндалады.

Манағы бала қыздың аты Балым,
Өмірдің арқалаған қайғы қабын.
Жасынан ата-анадан жетім қалып,
Қуысын мекен еткен қу даланың.

Әкесі Шыныбек деп аталатын,

Бай еді дей алмаймын ата-анасын.

Өз басы кедей бола тұрса дағы,

Қалған жоқ аласарып тасада тым [102, 120 б.].

Кедей жігіт Шыныбектің бай қызы Айсұлуға ғашық болуы, екі жастың бірін-бірі ұнатып сөз байласуы, екі жасқа кедергі боп оқиға сахнасына Балтабай байдың шыға келуі - шығарманың даму барысын күрделендіріп, сюжетін ширата түседі. Ақын кейіпкерлерін олардың қимыл-әрекетіне сай суреттеп отырады. Мәселен, Айсұлудың сұлулығын:

Ақ жүзі көктің кербез айына ұқсар,

Тал бойы таудың құба талына ұқсар.

Айна жүз әйелдің шын періштесі

Ақынды ай нұрымен алып ұшар.

- деп суреттейді. Шығармада Шыныбектен гөрі Айсұлудың ғашықтық үлесі басымырақ көрінеді. «Үлбіреп шәйі көйлек үстінде» әр кеш сайын жігітін тосып, алаңдап, қырға шығып, «ғашығын күтуменен тұрды асығып», «қиылып қара қасы, толқын ұрған, тұлымы тобығында ширатылып» т.б. әдемі теңеу сөздер Айсұлудың образын байыта түседі. Шығармадағы ұнамсыз тип Балтабайды автор:

Балтабай Жосалының үлкен байы,

Қайысып сол аңғардың қыр мен сайы.

Толыпты төрт түлікке түгелімен,

Өзге емес, тек соныкі жер шұрайы

- деп таныстырады. Сол Балтабай Айсұлудың Шыныбекке қалыңсыз, некесіз тиетінін естіп, намыстанып, өзінің арам ниетін сездіреді. Оңаша ақбоз үйде сып шертісіп отырған екі жасты жазаламаққа бекініп, рұқсатсыз үйге енеді. Арыстандай атылған ол: «Болмасын бұл отауға қатынасың, / Шұнақ құл.. Балақтағы басқа өрмелеп, / Ойлашы, кімді ғана басынасың?» деп, Шыныбекті дойыр қамшысымен басынан салып өтеді. Бұндай басынуға шыдай алмаған жас жігіт иттік іске сай жауап береді.

«Сен әлі айрыларсың, бала, мыстан..»

Жағаға қол салғанда және дұшпан.

Жас жігіт қорғасындай жұдырықпен

Қондырды қаныпезерді қаракұстан.

Құлады ол, қара қаны жосылды да,

Шыр етті ханым кенет шошынды да...

Екі жас түн жамылып зыта берді,

Асығыс ат жалына отырды да...[102, 122 б.]

Дастанның үшінші тарауында ел-жұрттан қашықта, тау үңгірін паналап, балық сүзіп, аң аулап және Балым есімді қызды болып өмір сүріп жатқан жас жұбайларды көреміз. Арада талай жылдар өткен. Қар бүркеген құздар мен шындарда, «Ата-ана алданышы сәбиге арнап, / Айтылды талай әлди, талай жырлар». Ел-жұрттан безіп кеткен жандардың жарасты тірліктері

бейбіт, тыныш ғұмырды көп көрді ме, алдан не тосқанын, ханым өзі көрген жайсыз түсінен шошынып, белең алады.

Ел-жұрттан безіп кеткен қос лашын,

Соңғы кез күрсінуге отырасың.

Ойланып нәрестенің келешегін,

Соңғы бір түсінен де шошынасың...

Жас ханым көрген жайсыз түсін еріне айтуға батпайды. Түсінде жас ханым Шыныбекпен әзілдесіп, айдынның аққуындай егіз жұбай боп бір себеппен өзенге суға түсуге келеді. Жан жарын суырыла сүйіп, күмістей күн сәулесінің астында махаббат дүниесінің гүлін құшып, табиғаттың тамылжыған нұрына бөленіп, бақыттың құшағында тұрған екі жасты кенеттен тап болған қасірет шошытады. Әдемі түс көріп, тоғайда әндеткен сандуғаштар мен қаңқылдаған қоңыр қаз бен көкала үйректің де маңайды көңілді бір дуға бөлеген сәті. Осындай бір салтанатты бастан кешкен егіз жұптың бақытты думан-сауығы ұзаққа бармады.

Ал кенет сап болды да ойын-қызық,

Бұйра жал бір айдаһар судан шығып,

Ашына ысқырды да, Шыныбекті

Ханымның құшағынан кетті жұлып.

Лып етіп көз алдынан сәулесі өшіп,

Тұл қалған түнек дүние жатты көшіп,

Көз алды қарауытып, шыр етті де,

Жас ана төсегінен тұрды шошып [102, 125 б.]

Түсінде көрген сұмдық жайды «Жорытсам Шыныбекке торығар деп» жас ана «Шошынып жылай берді ол, жылай берді». Алайда, «түс түлкінің боғы» деп алып, сүйгеніне көрген түсін шошытпай, «Сақ бол, жаным!» деп жұқалап жеткізеді.

Соңғы айларда Шыныбектің де көңілі құлазып, ел-жұрттан жырақта жүргендігіне налып, бір жағынан өсіп келе жатқан кішкене қызы Балымның да жағдайын ойлап жиі күрсінетін. «Тау-тастың үңгірінде жабайы өссең, / Тағы боп кетпекпісің, Балым, жаным» деп те ұзақ уайымға салынады.

Кезекті атып алған аңын арқалап, әндетіп келе жатқан Шыныбекті ойламаған жерден, сайдан кекшіл топ күтіп алып, ту сыртынан қанжар сілтеп, омақаса құлатады. Одан әрі оқиға өлікті құшақтап жылаған жас ана мен балғын сәбидің шырылына ұласады. Қанды қол қарақшылар жетім мен жас жесірді ат сауырына бөктеріп, Балтабайдың еліне бет түзейді. Алайда Балтабайдың да өмірі ұзаққа бармайды. Өзінің қанжарымен қанды кек иесін қақ жүректен түйреген ханым қызын ертіп, тау құзын паналап қаша береді. Таң шапағы құлан иекке артқан шақта бай ауылы дүр оянып, аттан салып, қуғыншылар атқа қонады. Қолына қанжарын алып, озбырлардың қанын шашпаққа бекінген кекті жесір өзінің қарасы мол қуғыншылардан құтылмасын білген соң қызы Балыммен қоштаса бастайды.

«Қоштаспақ болсам жарық әлемменен,

Балымжан, мынау саған сәлемдеме
Алып қал сақинамды белгі етіп,
Сорлы әкең өз қолынан мәнерлеген

Мен өлсем, сен жапанда қала берме,
Табылар паналатар аға-жеңге.
Біз күткен ақ таң атып мүмкін сенің
Бұлағы бақытыңның ағар өрге..»

«Мен сорлы кімді шаптым, кімді ұрладым,
Артымнан қуып келед құнды жауым.
Туған ел, кешір мені, тума, бауыр,
Қош, менің қыз мекенім – Шыңғырлауым! [102, 129 б.] .

Осылайша ел жұртымен қоштасқан жесір: «Тапсырдым жалғызымды аманат қып, / Келер күн, келер заман мен сендерге!» деп егіледі. Арам ойлы қуғыншылардың құтқармасын білген жесір жан өзін құрбандыққа шалады. «...Әлдене саңқ етті етті де, бітті құлақ, / Бүлдіршін үлгермеді жөнін сұрап, / Жас жесір көкірегін қолмен басып, / Қиядан сорғалады суға құлап».

Қия шыңнын тасасында зарлап, жалғыз қалған Балымды қуғыншылар елемеді ме, өз жөндеріне кетеді. Көйлегі ағараңдап толқынның құшағында бара жатқан өлікке қарап егіліп тұрған сәбиді ешкім де керек қылмаған сыңайлы.

Жылай-жылай әбден діңкесі құрып, талмаусырап кеткен жетімнің түсіне о дүниелік болған ата-анасы кіріп аян бергендей болады.

Түсінде кездесті әке, анасына,
Сол мекен, тау мен тастың арасында.
«Біз кеттік, - деді олар, - енді ел тап»
Бұл жерде жапа-жалғыз қаласың ба?

Ал, тез тұр, айқайлады әне тауық,
Ала көр күн кешірмей пана тауып!»
Осыны айтты-дағы көлеңкелер
Ғайып боп, әлде қайда жөнелді ауып.

Осылайша жалғыз қалған Балымды балықшылар кездестіріп, таң қалысты: «Жалғыз қыз жапан түзде бұл не ғажап, / Қыз емес, әлде судың перісі ме?». Ақ сақалды, мейірімді балықшы қарияның құшағында есін жиған Шығыс қызының одан арғы тағдырын автор жаңа заман тынысымен байланыстыра, жетім-жесірлерге күн туды деп тұжырымдай баяндайды. Яки ескіліктің келмеске кетіп, жаңа жарық күннің туғанын мәлімдей жырлайды.

Сұм заман жетім зарын қашан ұқты,
Мүсіркер дәуір туды аш-арықты.
Ал, енді Шығыс қызы сол дәуірдің,
Қалыспай дабылымен қатар ұшты!.. [102, 131 б.]

«Шығыс қызы» дастанының тақырыбы мен идеясында, мазмұнында қазақ әдебиетінің классиктері Ш. Құдайбердіұлының, С. Мұқановтың және Шығыс халықтары әдебиетінің өрнек ізі жатқаны аңғарылады. Заман өзгерісі мен қоғамдық формацияның ауысуына байланысты туындап отыратын жалпы халықтық ортақ тақырыптар ізімен жазылған шығарманың сол дәуірлік құбылысты аңғартары анық.

Абдолланың аяқталған дастанының бірі – «Токиодағы дауыс» аталады. «Шығыс қызы» дастанына қарағанда көлемі қысқалау көрінеді. Кейіпкері - әйел затының өкілі, он бір жасар бала. Жандары жаралы ана мен баланың тағдыры ауыр. Отбасының панасы болар әке түрмеде отыр, жазықсыз қамалып. Өмірдің бұндай ауыр соққысына шыдамаған ана еріксіз егіледі. Әкесіз қалған жас бала әкесін жоқтап жылайды.

Өксіп жасын төкті-дағы,
«Папа!» - деді шыр-шыр етті.
Түсіне енген әкесі ме?...
Тағы қайта ұйықтап кетті.

Жан анасы жанында оның,
Жансыз бейне аруақтай,
Қорықты ма, кім біледі,
Қалды тілсіз кірпік қақтай [102, 161 б.]
(«Токиодағы дауыс»)

Алыстап кеткен жастық шағын күрсіне есіне алып, көз алдынан өткізген жас ананың осы сәттегі бейнесін ақын: «Әлі ояу отыр ана, / Жас жанының жарасы ауыр. / Сырт пішіні солса-дағы, / Миында оның ұйытқып дауыл» деп сипатайды. Әр саққа ойы кеткен ананың жауынан кек алмаққа бекінген жаннның соңғы күшін жинап, қандай да бір әрекетке ұмтылған әйелдің бел буған шешімі:

«Бүгін таңда жаным сүйген,
Жардың жүгі мойынымда!»
Деді де ана тұрды орнынан,
Болат пышақ қойнында

Осындай түбегейлі шешім қабылдаған ана, жаны жаралы ана жалғыз ұлын үйінде қалдырып, қаланың бір шетінде орналасқан, айналасы биік дуалдармен қоршалып, биік қорғанды, өтілмелі сымды түрме үйіне бет алады. «Ана екпінмен жақын келіп, / Қақпадағы түрмешіге: / «Рұқсат ет, - деді ақырын, - / Жарымменен тілдесуге?» Алайда түрме күзетшісі: «Кет, кет, айуан, жақындама, / Жөніңді тап амаңда» - деп ақырып, жекіріп ананы жолата қоймайды. «Ана сонда – көзін ашып, / «Ей, бауырым, жаным туған...» / Деді-дағы алдарқатып, / Шалып өтті тамағынан». Алдындағы бірінші кедергіні жойғанымен, ананы ішкі есікті торып тұрған екі солдат құтқармады: «Қылышпенен сорлы ананың, / Туралады жүзін қандап». Сөйтіп, күйеуін құтқармақ болған әйел жендеттер қолынан өлім құшып, жас баласы жетім қалады.

Сорлы ананың жалғыз ұлы
Тағы шошып ұйқысынан,
Тағы жалғыз күңіренді,
Тағы қайғы басып тұман [102, 162 б.].

Поэmanın келесі бөлімінде жарық дүниені көрмегеніне он жыл өткен кәнігі түрме тұтқынының хал-жайы баяндалады. Қараңғы темір торлы үйде жападан-жалғыз отырған кейіпкерін шығарма авторы: «Бір кездерде уылжыған, / Жігіт еді – «жаңарыпты». / Жас көңілін қайғы жепті, / Сақал, шашы ағарыпты» деп мінездейді. Он жыл бойына ешбір жанмен тілдеспей, құр аруаққа айналған тұтқынның монологын ақын реалды бейнелеп жеткізеді:

«Бір кезде жас жігіт едім,
Енді бүгін қартайыпшын,
Сақал-шашым ағарыпты,
Бүгін міне, бір ғарыпшын»

Тамырларым суалыпты,
Өзгеріпті бүгін өңім.
Бол, бол, көрден ки деп кебін,
Маған аузын ашады өлім

Тұтқын жігіттің зарлы да мұңды монологын ақын ұзақ әрі нанымды, иланымды жеткізеді. Оқырманын ойландырып, адам атаулының басында ғана кездесетін тағдыр соқпағынан құтыла алмас трагедиялық халді көңіл күйлік терең иіріммен өрнектейді. Адам психологияның әр қилы қалыптағы түйткілдеріне әсер беретін жыр жолдарына қарап, автордың жеке адам жаратылысына тән сезім, сана, қиял, ес сияқты психологиялық категорияларды терең меңгергендігін аңдауға болады. Мәселен, «Уа, опасыз дүние шіркін, / Түлкі құйрық, шашуың мұң», сол сияқты «Адам ата дүниесінен / Алшақ қалдым алыс неге?» тағы сондай «Сағат соғып, гудок ұрып, / Қайта тұрар күн бар ма екен?» т.б. тіркестерде қазақы психологиялық, философиялық тұжырым басым.

Туған елден жырақта, талай жылдар түрме төсегін тоздырған тұтқынның кетерде туған перзентін көре алмаған өкінішін, жаны сүйген жарынан айырылуын, қайғылы ғұмырын терең психологиялық аурада термелей келе кейіпкерін алдарқата, жұбата қортындылайды шығармасын:

Ей, бауырым, өксімеші,
Сақалыңды жасқа жуып.
Өш аларсың дұшпаныңнан,
Жағаласар күндер туып.

Ұлы майдан қағар дабыл,
Ту көтере ұл мен қызың
Күміс толқын күлкісімен
Бөлер әнге жердің жүзін... [102, 164 б.]

Абдолланың ертеректе жазылған «Асан қайғы» аталған поэмасы аяқталмай қалған дейді зерттеушілер. Одан өзге жоғарыда аталған «Есімде сәулем, есімде» атты фрагментінде (поэма деуге келіңкіремейді) лирикалық кейіпкер өз атынан сүйген сәулесінің өмір хикаясын баян етеді. Төңкеріске дейінгі қазақ ауылының қарапайым отбасында болған оқиғаларын бір адамның ғұмыр өткеліне салып, рет-ретімен ғұмырбаяндық хроникаға айналдырады. Туынды идеясы – ескі қоғамда өмір сүрген жанның бар жақын-жуықтарынан айырылып, ауыр тұрмыс кешкен оның жаңа заманда бақыт құшағына енген, шаттыққа кенелген бейнесін көрсетуді мақсат еткен сыңайлы.

«Күнәһар сыры» фрагмент-туындысында күйеуінің көзіне шөп салған әйелдің нақсүйерімен қоса жаза тартып, зайыбының өлім құшуымен аяқталады. Сүйген жарын өлтіріп, өкінгеннен не пайда, болар іс болып, бояуы сіңді ғой деген ой қылтияды авторлық көзқарастан. Лирикалық кейіпкер:

Ұялтады мені әрбір арайлы таң,
Мен тәрізді аз шығар күнәһар жан.
Сүйіктімді өлімге қалай қидым?
Қара жүзбен жүктеген мойынға қан! [102, 139 б.]
(«Күнәһар сыры»)

- деп бармақ тістеп өкінеді.

«Арман мекені» аталған туынды – «Есімде, сәулем, есімде» фрагментімен тақырыбы жағынан сабақтас дүние. Лирикалық кейіпкері – ана. Ана өзінің бастан кешкен таргедиялы халін баяндайды. Тас үңгірді паналаған кейуананың: «Бейбақпын мен / Ұлым мен қыз өлігін азалаған» деп сыр ағытып, жер-жаһанды кезіп жүріп тыныш өмір, жұмақ заманды аңсаған Асан қайғы сынды толғануы («Қайда жұмақ келем шарлап, / Жетем қашан, жетем қашан?»), сөйтіп жарық таң іздеп әлемнің қиырын кезген ана іздегенін тауып, бақытқа кенеледі. Аждаһа боп тас үңгірден атылған, жылан болып жолды бөгеген ескі өмір жаңа тұрмысқа, бақытты заманға орын береді. Ақын бұл шығармасында ауыз әдебиетінің символикалық бейнелерін ұтымды пайдалана білген. Не бір сұмдық аждаһаларды жеңген ана тұлғасына қарсы тұрар күштің жоқтығын автор:

Күледі ана, күледі ана,
Айбат шеккен жаңа ғана.
Айдаһардың өлімтігі
Жатыр ана табанында

Қасиетті дауыл, аса мықты,
Жарылқадың аш-арықты
Жер жұмағын сенен тауып,
Анам қайта жасарыпты... [102, 144 б.]
(«Арман мекені»)

- деп әспеттей жырлайды. Түйінсөздің тоқетері: «Азат ел бүгін еркін мекендеген, / Жерұйық салтанаттың көші өрлеген / Ананың арман еткен қонысы осы, / «Болса да жер түбінде жетем!» деген.

Абдолланың «Жалғыз арша» аталған фрагменттік туындысы жоғарыда талданған үш шығармасына қарағанда көлемділеу, ұзағырақ. Оқиға желісі мидай далада жалғыз арша түбінде жалғзынан айырылып зарлап отырған шал мен кемпірдің мұңлы қайғысын суреттеуден басталады. Жалғыз ұл - байдың жылқышысы болған. Есімі – Қазыбек. Сол жылқышы жігіт сүйгенімен кездесу үшін табынды тастап, белгілі бір мекенге барады. Екі ғашық жүздесіп, емін-еркін сырласып, бірін-бірі қатты ұнатып, өмірлік жұп болуға серттеседі. «Балауса махаббаттың балын сорып, / Құмартқан жас құшақтар жазылмады». Алайда Қазыбектің сүйген сұлуына сырттай ғашық боп, ұнатып жүрген тағы біреу бар екен. Ол – жылқысы көп бай баласы боп шықты. Қыздың: «Бойыма бай мырзасын жолатпағам, / Айлы кеш қолда, сәтті жол аш маған»... / Деді қыз Қазыбектің құшағында, / Бақыттың бұлбылындай құшақтаған» - деуінен-ақ сыртқы қауіптің бары аңғарылып қалады. «Бақытым, Қазыбегім, тек алдама, / Сені ғана сүйгенім де, сүйенерім» - деген қыздың да, «Айта көрме, / Арыма тапсыр, серттен тансам: «өл» - де. / Айлы түн куә болсын, таң да таяу, / Қош, сәулем, жарық түспей қайтам елге» деген жігіттің осы кездесулері соңғы жүздесу екенін олар сезбегендей. Әзірге ел көзіне шалынбалық деп уәде байланысқан екі ғашық екіге айырылысады.

Астындағы Айнакөктің желісіне елітіп, жұлдыздай ағып келе жатқан Қазыбекті аршалы ағаш түбінде бай ұлы қанды қол қарақшыларымен бірге тосып алады да, есіл ердің басын шабады. Оқиғаның осылай қайғылы аяқталуын автор:

Төгіл жас, төгіл жырым ақтарыла...
Жас жігіт жансыз сұлап жатқанында
Бай ұлы Қазыбектің басын шауып,
Оралды достарымен аттарына...

Сүнгиді тау қойнына азапшылар,
Қалайша бұл сұмдыққа тағат шыдар.
Жансыздың басын шауып қайда қаштың,
Қанды қол қарақшылар, қарақшылар? [102, 154 б.]
(«Жалғыз арша»)

- деп тебірене жырлап, туындының эмоциялы бояуын қанықтыра түседі. Автормен біте қайнасқан лирикалық кейіпкер жалғыз ұлынан айырылған әкеге қарата: «Ал, әке, күтпе енді, ұлыңды ізде, / Жырыммен жылаймын да көңіл айтам, / Қайтпайды, Қазыбегің қалды түзде» деп бірге қайғырып, болған іске ортақтасады.

Автор жалғыз арша түбіндегі жалғыз зираттың пайда болу тарихын ел есінде сақталған, ауызша тараған ескі әңгімеге жан бітіру арқылы кейінге жеткізуді мақсат еткен сыңайлы.

Абдолланың келесі бір туындысы «Ақбоз атты жауынгер» аталған фрагментті құрастырушы автор аяғы жоғалған деп көрсетеді. Оқиғасы шағын. Жаугершілік заманның бір сәттік көрінісін жырлайды. Кейіпкерлері Ақбоз атпен оның иесі Ержан. Соғыста жараланып қалған иесін туып-өскен қыстағына Ақбоз ат аман-есен жеткізеді.

Жүрісі баяу ғана қара желмен,
Қабағы жануардың қатып шөлден.
Ақбоз ат бір қыспаққа келіп кірді,
Арқаға жарасы ауыр жанды өңгерген [102, 155 б.]
(«Ақбоз атты жауынгер»)

Ауыр шайқастан иесін аман-есен алып шыққан Ақбоз аттың ерлігін шығарма авторы нақты дәлелдер келтіре мадақтайды. Кекілін қызыл алақанға көмген Ақбоз аттың құлын күнінен қожасына адал болғанын, иесінің оны мәпелеп, күтіп өсіргенін баян етеді. «Бұл қыстақ Ақбоз аттың туған жері, / Тартыста талай жауды қуған жері. / Ерке өскен екі далада өр киіктей, / Шаншылып көкке атылып тұрған жері».

Сонымен бірге бұл қыстақтың Ақбоз аттың өз мекені боларлық ыстық тұстары да бар: бір кезде төрт тұяғын тазалатқан, жібектен маңдайына айдар таққан, бәйгеге жас кезінен араласқан, қожасы жалын тарап еркелеткен, құнанынан суарып, сүтке үйреткен, желекті кекіліне қадаған жер, тұрманын күміспенен кестелеткен. «Алдынан үйге келсе күтіп алып, / Аймалап, сылап-сипап шаңын қағып». Осылайша Ақбоздың барлық жақсы, үлгілі қасиеттерін санамалап, жырлай келе ақын бір мезет оның иесі Ержанның жай-күйіне тоқталады. Ақбоз атының қожасына адалдығының арқасында туған үйіне, ел-жұртына аман жеткен сарбаз жігіт, қыстағы отбасы-ошағының қирап, бытшыты шыққан жайын көріп, тез есін жияды. Ат пен иесінің құлазыған көңіл күй жағдаятын автор қатар салыстыра бейнелейді.

Кісінеп, төңіректі түгел шалып,
Налыды ыстық жасы жерге тамып.
Күрсініп жаралы адам көзін ашты.
Өқ тиіп көкірегінен жатқан талып.

Көтеріп бір мезгілде ерден басын,
Жабыңқы көзбен шолып айналасын.
Үгілеп аттың жалын қайта құшты,
Көмекке шақырды да ата-анасын.

Алайда төбесі ішке құлап, есік, терезесі қирап сынған, бір кезде әкесі өз қолымен тұрғызған шым үйден жауап қатқан ешкім болмады. Маңдайшасы, табалдырығы шабылған, құлауға айналған қабырға. Бір шетте босағада әкесінің тот басқан айбалтасы көзге шалынады. Қасында шешесінің көз әйнегі, оң жақта жер ошақта күнге қаңсыған қақпақсыз жез шәйнек жылтырайды. «Апа!» деп дауыстады, бәрі жым-жырт: / «Кетті екен қайда безіп, қайда қашып?». Ешкім де естімейді. Өйткені «Халқы жоқ қайран қоныс қалған қурап».

Есеңгіреп тұрған хәлі ауыр жанның құлағына «Құлыным, а, құлыным, құлыншағым, / Келдің бе аман-есен тұлымшағым...» деген әлсіз үн естілгендей болады да алыстап кетеді бір мезет. Әйтсе де ер жігіт есеңгіремеді, тез есін жиды.

Қадалып қарай-қарай жан-жағына,
Қаңырап ессіз қалған аймағына.
Ерге тік көтерілді ат мойынына
Күш беріп өзін-өзі қайрады да

Ержанның кетті қайда кемпір-шалы,
Қаңғырып кетті ме әлде болмай наны.
Көтеріп арқасына азап қабын,
Телміріп тұр ма бығып босағаны?

Ойы әр саққа кеткен ер жігіт қатты мазасызданып, анасы мен әкесінің, ел-жұртының кегін қайтармаққа бекінді, өш алмаққа бел буды. Күнірене күрсінген ол «Шығам ба мен де дүние есбінен. / Жоқ, уа, жоқ...» / Найзасына сүйенді де / Қоштасты кіндік кескен мекенімен:

«Қош, енді асқар таулы жасыл алап,
Бір кезде ойнақ салған сені аймалап.
Қош, енді, шағалалы шалқар көлім,
Қойнында қаз қаңқылдап болған қонақ.

Кейіпкердің қоштасу жырында туған жерінің бар қадыр-қасиеті жіпке тізілгендей нақты айтылады. Мәселен, туған жер деген ұғымның берік категориялары: асқар тау , жасыл алап, шағалалы шалқар көл, қаңқылдаған қаз жоғарыдағы шумақта баяндалса, одан соңғы тармақтарда қарағайлы қалың орман, туған жер саясындағы көк шәйі көрпелі гүл, оңды-солды жортқан ор түлкісі, қыл құйрық құлан жортқан құба жон, қалың қолын ертіп батыр жортқан қырқасын т.б. сағына еске ала қоштасады Ақбоз атты жауынгер. «Қолдай гөр, ата қоныс, ата мекен, / Іздейін ел-жұртымның басқа жолын» - дейді-дағы да өзді-өзіне серт беріп, жорыққа белді бекем буады. «Қаңғырып ел ауғанда қонысынан, / Туған жер, се бол маған жол ұсынған» деп, оны бағыт беруші күш санайды. Елді жау басып, етек-жең тарылған шақта, қан төгіліп, қайран елі тарыққан шақта «Не жетсін, қалың жаумен найза үйіріп, / Өлсең де қас батырша алысқанға!» Жауынгер өзіін жау қолынан аман-сау алып шыққан Ақбоз атына тағы да сенім арта сөйлейді:

«Ақбоз ат, ал қақ күміс қанатыңды,
Қан жара, қаусырмалы қара түнді.
Аға бер, айға тарап айдарыңды
Ерлікті сынасар күн жаңа туды»

Туынды идеясы айқын: ерлікті, елдікті уағыздайды Жастарды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу мен баулуда бұл шығарманың құндылығы арта түсері кәміл анық. Поэманың аяғы жоғалған.

Абдолланың фрагмент түрінде сақталған және бір туындысы – «Пиреней тауында» аталады. Бұнда лирикалық кейіпкер Пиреней тауында ән

сап жүрген арумен сыр бөліседі. Алайда шырқалған ән көңілді емес, зарлы, мұңлы. Тыңдарманның сай-сүйегін сырқыратады. «Алыста біреу, алыста / Сызылтып әнге салады. / Сызылған әннің сазына, / Балқып жаным барады» - десе де ән қайғылы, қаралы болып шықты. Зарлы дауысты ән салған арудың қайғысымен бөлісуді ойлаған лирикалық кейіпкер «Япыр-ау, кім адам ба, / Жас жүрегі жаралы?» деп мазасыздана алаңдайды.

Пиренейдің тауында,
Қанды жазу жалауы.
Қарайлайды жан-жаққа,
Қолға түспей қалауы.

Қанды жалау қолында,
Желкілдеген қызғалдақ.
Күркелей тау маңында,
Өкси жылап әнге сап [102, 165 б.]

(«Пиреней тауында»)

Қызықты күндер, жастық шақты, желкілдеген қызғалдақ сынды жастық жарасын жаспен жуғанына налыған кейіпкер қызды жұбата сөйлейді. Өлімге ұшыраған әкесінің қабыр ағашының басында сыңси жылап тұрған қыздың тағдырына араласады: «Шыдай алмай мен-дағы, / Егілгесін аруым, - / Күркелі тау, саланың / Жасқа жудым бауырын» деп қосыла тебіреді, бірлесе күңіренеді. Сөйтеді де: «Қарындас-ау, қарындас, / Жаспен туған көзіңді, / Бір азырақ құрғатып, / Тыңда, - дедім, - сөзімді» деп ақыл-кеңесін айта бастайды. Жасынды тыйып, ұлы көшке белді буып, қолыңдағы қанды туды жерге түсірмей, қаптай боасқан еліңмен бірге бол.

Ұлы майдан туар күн жақын. Адамзаттың жауының ұшар күлі жақын тұр. Сол кезде, сәулем, гүл боп қайта туарсың, күміс толқын күніңмен күннің көзі жуарсың сынды үгіт, кеңес сөзін айта келе:

Сонда, сәулем, өзіңмен,
Шарқап әнге салармыз.
Талай тарих асуын,
Сәулем, жеңіп алармыз...

Төкпе, сәуле, жасынды,
Өлеңімнен қуат ал.
Қаң бостандық даңбылын,
Сыңғырлата інге сал!

Лирикалық мұңмен басталған шығарма соңы төңкерістік, революциялық мотивке ауысады. Алда ашынған халықты ұлы дабыл күтіп тұрғаны аңғарылады. Шығарма авторының ұстанған мұраты белгілі, езілуші тап өкілдерінің сойылын соққандығы да тағы анық. Жақсы өмірді, тыныш, бейбіт тұрмысты аңсаған халықтың ортақ тағдырының ахуалы баяндалады бұл туындыда. Революциялық майданның географиялық аймағы Пиреней тауы орналасқан мекен. Ұзаққа созылған соғыстан әбден зардап шеккен,

тауы шағылған халықтың мұңын автор сыңси ән салған қыздың жеке тағдырымен сабақтастыра беріп, бүкіл мұқым жұрттың ортақ проблемасын алдыға шығарған. Әдеби әдіс-тәсілдің қыр-сырын терең меңгерген ақынның көркемдік үдерісті жетілдірудегі амалы сәтті шыққан.

4.3 Аудармашылық өнері, тәржімадағы ізденіс

А. Жұмалиевтің суреткерлік тұлғасын терең танытаны және бір қыры - оның аудармашылығы. Ақын аударма өнеріне қатты ден қойған. Аударма – оның ең бір ұнататын, құлай сүйген ісі болған. Абдолланың аудармаларының саны аса көп емес, әйтсе де қасқа ғұмыр кешкен ақын жасына салсақ аса аз да емес. Ақын аударламалары санамалай атасақ, олар мыналар: Джордж Байроннан: «Шильон тұтқыны», «Түсірме еске», «Лора» дастанынан үзінді; Михайл Лермонтовтан: «Литва қызы», «Тында, сәулем, түсәр еске», «Өліктің махаббаты», «Жауынгердің моласы», «Измаил-бей», «Мейман»; Қырғыз ақыны Тоқтағұл Сатылғановтан: «Қош, апеке!», «Дүние»; Низами Ганжауиден: «Ләйлінің өлімі», «Ләйлінің Мәжнүнді жоқтауы», «Мәжнүннің өлімі» және авторы белгісіз боп қалған «Дәуіт жырынан» деп аталатын дастан сықылды оқиғалы шағын жырдың бір тарауы.

Қазақ поэзиясында Абдолланың өз орнын, өз жолын, өз стилін табуына әсер еткен оның аудармамен жүйелі айналысуы дейді кейбір әдебиет зерттеушілері. Әсіресе Байронды тәржімалауы, одан соң Лермонтов пен Шығыс шайырларын әдемі аударуы ақынның шығармашылығына оңды әсер еткендігі анық байқалады. Абдолла аудармашылығының биік шыңы - «Шильон тұтқыны» Ақын жинақтарын құрастырушы Әбу Сәрсенбаев былай деп жазады: «1940-41 жылдары Абдолла ешқайда шықпастан алаңсыз да, өнімді жұмыс істеді. Қашан барсақ та үйме-жүйме кітаптарға толы көнетоз стол басында көретінбіз. «Ау, ұйықтамағансың ба? Тынықсаңшы. Жүр көңіл көтерелік...» десек, Абдолла қызарыңқы көздерін уқалай түсіп, күлімсіреп күрсінер еді: «Ой-бой, уақыт қайда оларға? Мені бір сезім қамшысы осқылап, қуып келеді. Асықтырады. Берерінді беріп үлгер... Алаулар тұсың дәл қазір...». Ақын күлімсірей түсіп Байрон, Лермонтов, Низами томдарын көзімізге тосады: «Менің әдеби ұстаздарым, әдеби мектебім. Мен бұларды аудару үшін ғана емес, үйрену үшін де аударамын, үлгі тұтамын. «Шильон тұтқыны» менің «Токиодағы даусыма» жол ашты ғой, - ақын бөгеле түседі де сөзін жалғастырады: – «Шаршағандық па, ұйықтай алмағандық па, осылардың кейіпкерлері болып түсімде шатасамын. Бірде Шильон зынданында жүремін, бірде «Измаил-бейге» айналамын да, маған төнген найзаға сәулем кеуде тосады. Тағы бірде Арсений болып, сүйген аруым Литван қызы Клараның қолынан қаза табамын. Сенесіздер ме осыған? Абдолла өзі аударған дастандарының әсері жайлы осылай деуші еді» [115, 321 б].

Құрастырушының жазған түсініктеріне сүйенсек, аудармашының біраз тер төккені аңғарылады. Әсіресе, «Шильон тұтқынын» аударуда Абдолла

қатты қиналған, өкініштер де болған. Байрон поэмасының кейіпкері Франсуа Бонивардың күрескерлік бейнесін шығарма авторы қалай сомдаса, оны қазақ тіліне аударуда Абдолла да үлкен шығармашылық бетбұрыс танытты. Туындының қазақ оқырманына, ұлт ұғымына жақын жолма-жол аударылуы, сонымен бірге өте нәзік лирикалық стильде жазылуы түпнұсқа мен аударманың ара жігін білдірмей, тегістеп жібергендей.

А. Жұмағалиевтің өнімді аударған ақыны - М. Лермонтов. «Литва қызын» 1941 жылы Лермонтовтың бір томдығын дайындау кезінде аударыпты. Кейін баспа жетекшілерінің бірі аталған туындының орнына «Измайл-бейді» лайық көріпті. Бұл шығарманы қысқа мерзімде аударып үлгермеуі себепті, оның бірінші бөлімін аудару Қасым Аманжоловқа, екінші бөлімі Ғали Ормановқа, үшінші бөлімі А. Жұмағалиевке жүктелді. Лермонтовқа әбден құлаған Абдолла өзіне тапсырылған бөліммен қоса орыс ақынының «Жауынгер зираты», «Өліктің махаббаты», «Мейман» туындыларын қоса аударды. Алайда тұтқиылдан басталған соғыс зардабынан ұлы ақынның аударма кітабын шығару ісі тоқтап қалады да, арада жиырма бір жылдан кейін Абдолланың «Өшпеген жалын» (1962) кітабында тұңғыш жарық көреді. «Бақыттылыққа орай, - деп жазады Ә. Сәрсенбаев, - Абдолла аудармаларының көшірмесі Мариям ақында (*Мариям Хакімжанова - қазақтың ақын аналарының бірі - З.М., Ж.М.*) сақталған екен» [101, 322 б.].

А. Жұмағалиевтің қырғыз ақыны Тоқтағұлдан аударған «Қош, апеке», «Дүние» аталған туындыларын сәтті тәржімаланған шығармалар қатарына жатқызамыз. «Қош, апеке» Абдолланың Алматыда қызмет істеп жүрген кезінде, ауылда қалған анасын сағынып жүрген шығында аударылған болса керек-ті. Осы өлеңді аузынан тастамай айтып жүргенін өз көзімен көрген ақын М. Хакімжанова былайша еске алады: «1941 жыл. Жазғы бір демалыс күні Абдолла байырғы жарқын мінезімен көңілдене күліп біздің үйге кірді.

- Жоғары шық, қарағым, бір жақсы өлеңнің қуанышына ортақтастыра келдің-ау? - дедім. Абдолла масаттана күлді:

- Бұл жолы өлеңнен де қымбат қуанышыма ортақтастыра келдім. Қолыма ақша түсіп қалды. Апама сәлемдеме жібермек едім. Соны алысып беріңіз, апатай?». Мен қуана мақұлдадым. Базарға барып, кемпір-шалға киім-кишек алыстым. Содан кейін поштаға бардық Абдолла қырғыз классигі Тоқтағұл ақыннан өзі аударған «Апеке» деген өлеңінен:

«Айналайын, апекем,
Балапандай баққансың.
Ақ сүтіңді емізіп,
Бауырыңа қысып жатқансың»

- деген шумақтарын әндете жүріп, жәшік сыртына адресін жазды. Анда-санда маған қарап қояды: «Тамаша емес пе, апатай? Міне, сөйткен ана ғой. Биыл үйге қолым жетсе, дереу көшіріп аламын... Шіркін, ана!» [110, 275 б.]

Естелікте әңгімеленгендей қырғыз ақынын Абдолланың сүйіп оқығаны аңғарылады.

Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» хикаясы Шығыс халықтары поэзиясының інжу-маржаны десек, оның аударушы Шәкәрім бастаған қазақ ақындар қатарында Абдолла да бар. Абдолла аудармасы барлық мазмұнды толық қамтымайды. Хикаятты түгел қотаруды автор өзіне міндет етіп алмаған да сыңайлы. Өзінің қалауы бойынша «Ләйлінің өлімі» «Ләйліні Мәжнүннің жоқтауы», «Мәжнүннің өлімі» сияқты бөлімдерді ғана аударған. Низамидың аталған дастанының Абдолла аударуындағы қазақша нұсқасы оқырман қабылдауына жеңіл, ұлттық ұғым-түсінікке негізделіп тәржімаланған.

Жалпы алғанда А. Жұмағалиевтің аударма саласындағы ізденістері шығармашылық еңбекке құрылған, көркем-әдеби, рухани үдерістерден тұратын, асыл сөзді аялаудың, құрметтеудің озық үлгісін танытар еңбектер қатарынан орын алады.

Абдолланың поэма-дастандары мен аудармаларының поэтикасы, әдеби жаратылыс-табиғаты ұлт әдебиеттануында әлі күнге толық зерттеле қойған жоқ. Ақын шығармашылығына шолу барысында байқағанымыз - Абдолла көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарын қолдануда тамаша жетістіктерге қол жеткізген. Мәселен,

Көк мұнар серпе тастап шәй көрпесін,
Сүйді де ақ желекті найза өркешін,
Таң сұлу күле келіп Алатауға
Кигізді інжу, маржан сәукелесін

- деп келетін кейіптеудің әдемі түріне жолығамыз. Сол сияқты «Өмір - бесік, адам – бөбек», «Қыз тоты – өмір еркесі», «Жері - гүл, белдеуі - бау, түндігі - алтын», «Ой мұхиты - өлең», «Ақын-қиял - ағын су», «Отауым - Ұлы Отаным» сынды метафора-құбылтудың, «Секірген жас киіктей асау қаным», «Әулие адал махаббат, аңсаймын балдай назыңды», «Ақ беті - айдын көлдің сағымындай» - деп келетін теңеулердің қатарын:

Жасыл шөп Самарқанның жібегіндей,
Жиекке жауып салған кілеміндей.
Сылдырлап ағып жатыр айна бұлақ
Асығыс соққан сұлу жүрегіндей

- сынды құбылтумен, теңеумен иықтасып келген кейіптеу толықтыра түседі. Сөз жоқ, бұның баршасы - Абдолла тудырған бейнелі сөздер мен айшықты образдар. Олардың шын егесі де Абдолла ақын. Қазақ тілінің алтын қорын тиімді де ұтымды пайдалана білген ақынның өрнекті образ, кестелі сөз тудырудағы ізденісі шексіз. Халықтың ауыз әдебиетінен терең уызданған ақынның ұлы Абай мектебінен сусындап, одан әрі Шығыс, Еуропа халықтары әдебиетінен үлгі алғаны оның поэтикалық өрісінен, суреткерлік-стильдік ажыратымынан анық байқалады.

Ақын Абдолла Жұмағалиевті қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы қалған нәзік лирик, кең тынысты эпик деуге толық негіз бар. Бір кездері Қадыр Мырза Әли: «Ақын Абдолла Жұмағалиев Отан үшін майданда от болып жанып кетті. Оның алауы әлі сөнген жоқ. Сөнбек те емес. Ол – мәңгілік алау» [119] деген екен.

Түйіндей айтқанда, қазақ әдебиетінің тарихында жастық шақ, жалынды махаббат дәуренін жырлауда, көркемдік қалыбы қалың эпикалық дүниелер тудыруда Абдолла Жұмағалиевтің суреткерлік орны, ақындық өрісі бары анық.

5. ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

5.1 Талантты тұлға: ғұмыр жолы мен ақындық даралығы

Өз дәуірінде ғылым әлеміне өшпес мұра қалдырып, ұлт мүддесін қорғауға ат салысқан, көркем ой иесі Қажым Жұмалиев ақындық өнер жолына із салып, жазушылық қырынан да танылып, қазақ халқының рухани жан сарайын ашып, тарих беттерінен сыр шертіп қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық алып келді. Бұл сөзімізді көрнекті сыншы З. Қабдоловтың: «Қажым Жұмалиев көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз» [120] – деген пікірі растай алады.

Тарих беттеріне үніліп, өз заманының келбетін сипаттауда, дәуір шындығын, қоғам көріністерін суреттеуде шабыттана қалам тербеген талантты тұлғаның шығармашылық мұрасын, көркем туындыларын зерттеген әдебиетші-ғалымдардың зерттеу еңбектері, мақалалары, сыншылардың сыни ой-пікірлері өте көп. Қажым Жұмалиевтің өмір жолы мен көркем мұрасы төңірегінде Х. Ерғалиевтің «Ақын ғалым: (Қ. Жұмалиев туралы)» [121], Б. Еркебаевтың «Педагог-ғалым: (Қ. Жұмалиев туралы)» [122], Х. Есенжановтың «Кемел ғалым, шабытты ақын» [123], М. Атымұраттың «Ұстаздық қылған жалықпас» [124], «Ақын, ғалым, ұстаз» [125], З. Ахметовтың «Ақындық өнер ерекшелігі» [126], Х. Әдібаевтың «Ағадан қалған жырлар бар» [127], Ш. Әленовтің «Ақын, ұстаз, ғалым: (Қ. Жұмалиев творчествосы жайлы)» [128], Х. Ишановтың «Қырдағы күрес» (Қ. Жұмалиевтің осы жинағы туралы) [129], М. Қаратаевтың «Ученый и поэт (О Джумалиеве К.)» [130], С. Қирабаевтың «Қажым туралы сөз. (Қ. Жұмалиевтің творчествосы жайлы)» [131], Р. Зайкенованың «Қазақтың Қажымы» [132], А. Мамыровтың «Әдебиетке адалдық» [133], Т. Шәлдибекқызының «Сағыныш» (эссе) [134] зерттеу жинақтары мен мақалалары жарық көрген. Бұл еңбектерде Қажымның әдебиетшілігімен, ғалымдығымен қоса ақындық әрі жазушылық қырларының өзіне тән ерекшеліктері, шығармашылық шабыты, сөз саптау тәсілдері қарастырылады, оның газет-журнал беттерінде жарияланған поэзиялық өлеңдеріне, бірқатар әңгімелеріне талдау жасалады.

Көркем сөз шеберінің адамдық ізгі қасиеттерін сипаттап, ұстаздық дара тұлғасын саралауда замандасы Т. Жароковтың «Тұстас», шәкірт-інілері Ғ. Қайырбековтің «Ұстазға» және Б. Ысқақовтың «Ұстаз» арнау өлеңдерінің мәні зор.

Қажымның ғылыми және көркем мұраларына назар аударып, кейінгі ұрпаққа жеткізуді көздеген әдебиетші-ғалымдар М. Қаратаев, С. Сейітов,

3. Қабдолов, Х. Әдібаев 1968 жылы Алматы қаласынан «Қажым Жұмалиев» [135] атты жинақ құрастырып шығарды.

Сонымен бірге Қажым Жұмалиевтің бірқатар әдеби көркем шығармалары жеке кітап ретінде жарық көрді. Әр жылдарда Қажымның «Шабуыл» өлеңдер жинағы (1933 ж.), «Қанды асу» романы (1934 ж.), «Өмір жыры» өлеңдер жинағы (1933 ж.), «Айқас» повесі (1944 ж.), «Қырдағы күрес» өлеңдер мен поэмалар жинағы (1957 ж.), «Борьба в степи» (1959 г.), «Тарлан атты жолаушы» повесі (1963 ж.), «Ғалым, жазушы, педагог: (творчестволық биографиясы)» (1968 ж.), «Жайсаң жандар» естелік әңгімелері (1969 ж.), «Замечательные люди: Воспоминания» (1970 г.), «Егеулі найза» (2003 ж.) жинағы жарияланды.

Саналы ғұмырын ғылым мен білімді ұштастыру, әдебиетті дамыту жолында сарп еткен қадірлі тұлғаның әдеби-ғылыми мұраларының 2010 жылы «Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы» сериясымен 7 томдығы жарық көрді.

Қажым Жұмалиев есімі «зерделі ғалым», «ұлағатты ұстаз», «шабытты ақын», «көрнекті жазушы» сынды келісті тіркестерді бірден ойға оралтары даусыз. Бір сөзбен айтқанда, талантты тұлға Қажым Жұмалиев 1907 жылы, 28 желтоқсанда қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Аққозы ауылына қарасты «Жалғыз ағаш» деген жерде дүниеге келген. Қажым түрмеде өз қолымен жазған өмірбаянында: «Мен Қажығали Жұмалыұлы Жұмалиев, әдеби лақап атым Қажым 28.12.1907 ж. қазіргі Аққозы ауылы Советі Жымпиты ауданы (бұрынғы Қаратөбе) Батыс Қазақстан облысы «Жалғыз ағаш» деген жерде туыппын. Әкем – Жұмалы Қазиев. Шешем – Жауқасын Мырзагелдіқызы. Менің әке-шешем хат танымайтын жай шаруа адамдар болатын. Жұмалыдан: Ақмұқан, Балмұқан, Қайырмұқан, Қажығали атты төрт ұл мен Злиха, Қалау атты екі қыз тарады. Әке-шешем 12 жасымда 1919 ж. қайтыс болды да, мен аға-жеңгелерімнің қолында тәрбиелендім. Шешемнің сүт кенжесі болғандықтан мен жасымнан қаққы көрмей бұлалау өсем де, өлеңге әуестігім ерекше еді. Тіпті әріп білмей тұрып, ағаларымның оқыған жырларын тек тыңдау арқылы жатқа біліп, ауыл арасында айта беруші едім» [132] – деп өмір жолынан тың деректер келтіреді. Бала күнінен Қарабала атанған Қажым әуелі анасынан, кейін әкесінен айырылса да, тағдыр тауқыметіне мойымастан жігерлілік танытып, өмірдің ауыртпалығына иық тосып, өз қатарластарынан ерте есейеді.

Алғашқы сауатын өз ауылындағы мектеп қабырғасынан ашқан бала Қажым 1923 жылы Орынбор қаласына келіп, ересектер мектебіне оқуға қабылданады. 1925 жылы «Ересектер мектебін» бітіріп шыққаннан кейін Шымкент ауыл шаруашылық техникумына түсіп, 1929 жылға дейін білім алады. Сол жылы техникумдағы оқуын аяқтамастан Алматы қаласына келіп, Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетіне оқуға түскен Қажым 1932 жылы аталмыш оқу орнын тәмамдайды.

Бала кезінен өлең, толғау, дастандарды, батырлар жырын жаттап өскен Қажымның өлең жазуға деген құштарлығы ерте оянады. 1928 ж. «Лениншіл жас» газетіне «Батырақ Ғалиасқар» өлеңін жариялаған ақынның 1929 ж. «Егізбай мен Ерқожа» поэмасы «Жаңа әдебиет» журналына басылып шығады.

Қажым Жұмалиевтің өлкеміздегі әдебиеттің алға басуына ғана емес, білім мен ғылымның, мәдениеттің дамуына да қосқан үлесі зор. Ол 1932 ж. Орал қаласында ашылған республика бойынша екінші оқу орны педагогикалық институтқа оқытушылық қызметке қабылданып, қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ филологиясын қалыптастырған тұңғыш меңгеруші болды. Институт қабырғасында жүріп студенттерін ойлы дәрістерімен баураған ұстаз өңіріміздегі талантты ақын-жазушылардың да басын қосып, шығармашылық орта қалыптастырады, әдеби өмірге жаңа қадам басқан жастарды әдебиетке баулиды, өнер жолына бағыттайды. 1937 ж. Алматы қаласындағы өзі білім алған Абай атындағы педагогикалық институттың қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қызметке кіріседі. Сол жылы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып бекітіліп, өмірінің соңына дейін отыз жыл бойы меңгерушілік қызмет атқарады.

Әдебиет пен ғылымды қатар алып жүрген Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетінің тарихын, Абай поэзиясының тілін, Махамбет мұраларын зерттеуде қомақты әрі құнды еңбектер тудырады. Қажымның ғылыми, шығармашылық мұраларының жалпы саны хақында Руда Зайкенованың 2018 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақтың Қажымы» мақаласындағы: «Жұртшылыққа кеңінен таныс «Ломоносов және орыс ғалымы», «Қазақ эпосы және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», «Ахмет Жұбанов», «Стиль – өнер ерекшелігі», «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті», «Жайсаң жандар» т.б. газет, журнал және әр түрлі жинақтарда енген еңбектерін қосып есептегенде жалпы саны 200-ге жуық ғылыми зерттеулері, сондай-ақ 40-қа жуық өлеңі мен бес поэмасы, 30-ға тарта очерк, әңгімелері мен екі повесть, екі драмасы бар» [132] – деген пікірі дәлел болады. Қ. Жұмалиев мұраларының әрқайсысы табандылықтың, батылдықтың, шалқар шабыттың, үлкен ізденістің, қайтпас қайсарлықтың жемісі екендігі айқын аңғарылады.

Қажымның «Қанды асу» өлеңмен жазылған романы, «Қырдағы күрес», «Ер Жәукен», «Достық пен махаббат» поэмалары, «Айқас», «Қайсар қара, қайырымды адам», «Тарлан атты жолаушы» повестері, «Қос білек», «Жаңа орда», «Жолаушы жыры», «Жорыққа аттанғанда» сынды әңгімелері, «Қазақстан», «Түркістан-Сібір темір жолы», «Конфескенің жазы», «Алатау», «Ана», «Жазғы кеш», «Мәлік», «Балғашы», «Шымырлап еңбек қайнайды», «Май толқыны», «Бас маршты майданға», «Қызыл ер», «Шабуыл», «Көңіл», «Мектебім», «Балапан», «Махаббат мәні», «Еңбек», «Польша жұмысшыларының делегаттары келгенде», «Кім едік кеше, кім болдық»,

«Құрысын шылық сұрқия», «Комсомол сөзі», «Арнау», «Тарту», «Жылқышы мен қыс», «Жылқышы», «Таудан аққан өлең – бір таза бұлақ...», «Залым туған адамдар», «Ағадан қалған жырлар бар», «Қуаныш-қайғы ойласаң», «Қайғы – теңіз ескексіз», «Есінде сақта мәңгілік», «Уәде беріп өз сөзін...» өлеңдері қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алады. Оған қоса Қажым Жұмалиев «Біржан-Сара» классикалық операсының либреттосын (музыкасы М. Төлебаевтікі), «Арбасу» (Ә. Сәрсенбаевпен бірге) пьесасын жазды. Қажымның өзіне ғана тән жазу стилін айқындайтын естелік әңгімелері жинақталған шоқтығы биік «Жайсаң жандар» (1969 ж.) кітабында С. Меңдешев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Асфендияров, Қ. Сәтбаев, С. Камалов сынды қазақ зиялыларының шығармашылық портреттері, жарқын оқиғалары сөз етіледі.

Қажым – талантты әрі талғампаз ақын. Оның әрбір өлең-жырынан туған жеріне деген сүйіспеншілігі, атамекеніне деген ерекше құрметі, қазақ ұлтын, тілін қадір тұтуы анық сезіліп тұрады. Автордың түрлі тақырыптарды тиек еткен поэзиялық туындыларында өмір тіршілігіндегі шым-шытырық оқиғалар, еңбекші халықтың жай-күйі, басқарушы топтың билігі, бай-болыстардың ұнамсыз қылықтары мен ессіз әрекеттері еш бүкпесіз шынайы сипат алады.

Ойға келген идеяға сәйкес сөз саралап қолдану кез-келген ақыннан үлкен шеберлікті талап етері белгілі. Қажымның қаламынан туған әр туынды ақынның сезім иірімдерін, жан астарларын, ішкі толғаныстарын айқын да әсерлі жеткізеді. Ақын көркем дүниелерінің көлеміне емес, мазмұнының терең, ойы нәрлі, тілі алғыр болуына айрықша көңіл бөледі. Қажымның үш-ақ шумақтан тұратын «Қазақстан» өлеңі бүтін елдің бүкіл қадір-қасиетін, құтқа айналған қазба байлығын, көркем табиғатын алдыға жайып салады.

Ақын жаратылыс құпиясын, табиғат сұлулығын жандандыра бейнелеген «Қазақстан» өлеңінде:

Қорытылса Теміртауда болат-құрыш,
Жезқазған қазанында қайнады мыс.
Кен құты, жер тәңірі – Қазақстан,
Тасынан ақтарылған алтын, күміс.
Қанша алса сарқылмайтын тас көмірі,
Қара алтын Қарағанды бақ пен ырыс.
Қанындай күре тамыр қоңыр тартқан,
Эмбаның мұнайы асау фонтан атқан.
Ұйығы сансыз балық Арал, Каспий,
Асаудай мекіресі тулап жатқан [136, 20 б.]

(«Қазақстан»)

– деп табиғатының әсемдігімен танымал, жер қойнауының байлығымен әйгілі Қазақстанның мақтанышпен жырға қосады. Туған елінің айшықты келбетін сұлу сөзімен көмкеріп, әр аймақтың өзіне тән пайдалы қазбаларын сарқылмас байлыққа, таусылмас бақ пен ырысқа тең көреді. Ембі мұнайының күре тамыр қанындай қоңыр, атқылаған фонтандай долылығын айтса, Арал,

Каспий теңіздерінің балықтарын тулаған асауға теңеу арқылы тым ұлғайта суреттеген.

Ақын өлеңнің көркемдік жүйесіне де баса назар аударып, теңеулі, гиперболалы сөз тіркестерін қиюластыра қолдану арқылы табиғаттың сырларына араласады. Өлең тармақтарының әуезділігін күшейтіп, ақындық тілінің кестелігін, эстетикалық ой-өрісінің кеңдігін танытады.

Қажымның ақындық шеберлігін, шығармашылық шабытын айқындай түсетін 1938 жылы Алматы қаласында ескі латын графикасымен жарық көрген «Өмір жыры» атты өлеңдер жинағына «Кім едік кеше, кім болдық?», «Қызыл ер», «Дауылпаз», «Жылқышы», «Қыс пен жылқышы» өлеңдері енгізілген.

«Кім едік кеше, кім болдық?» өлеңінде толарсақтан мұз қатып, қабырғадан қан аққызып қараңғы қапаста күн кешіп, жерін патшаға, билігін ақсүйек төреге жастандырып «отар» елге айналған қазақ елінің халін күйіне жырлайды.

Темірден бұғау тағынған,
Қылдан бұрау салынған,
Туырлықтай жерің жоқ,
Көсілер аяқ төрің жоқ,
Жер сауырын патша алған,
Ақ сүйек-төре жастанған,
«Отар» деген ел едік,
Езілгеннің бірі едік [137, 16 б.]

(«Кім едік кеше, кім болдық?»)

– деп ұлт мұңын, халық қасіретін өз жүрегінен өткізе толғайды. Қазақ халқының тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін өзінің арман-мақсатымен үндестіреді. Ел тағдырын өз тағдырымен тең көрген ақын өз өлеңінде ұлт келешегі үшін жанын қиған азаматтардың асыл арманын, теңдік үшін күрескен айқас лебін анық сездіреді.

Одан әрі Қажым еркіндіктің таңы атып, мұз жарылып, жел тынып, темір құрсау бұзылып бейбіт күн орнаған заман келгенін айтып, еңбекші халықтан бүгінгі жағдайын сұрайды. Халқы үшін жаны шырылдаған ақын қазақ жұртын келешекке көз салып, түзу жолға қадам басуға, өздерін өзге елдермен тең дәрежеде ұстауға шақырады. «Құл» емес «тең» елге айналғандарын еске түсіріп, жаңа тұрмысқа көшу, дүниенің сан қырын ашуға ұмтылу қажеттігін баса айтады.

Отарлықтың қамытын шешіп, бостандыққа қол жеткізген халыққа:
Саптандық та, бостандық,
Бостандықтан, бостандық.
Отар емес, ел болдық,
Басқа елменен тең болдық

– деп ұрандатуға үндейді. Темір бұғаудан босаған жұртының жаңа тұрмысқа белсене араласып, Қарсақбайда мыс балқытып, Доссор, Мақат мұнай өндіріп, Қарағанды қара алтынды, Риддер, Емел сары алтынға кенеліп қызу еңбекке

білек түре кірісіп кеткендіктерін мақтан ете жырлайды. Отаршыл патша үкіметін талқандап, шаң басқан кең байтақ даланы социалды елге айналдырған, өзге елдермен терезені тең қылдырған октябрь, революцияның күші екендігін жеткізеді ақын.

Ақынның бұл өлеңіне тән басты өзгешелік ретінде сауал қою әдісін қолдануын және қойылған сұраққа халық атынан жауап қайтаруын айтуға болады. Өлең мазмұнында қойылған түрлі сауалдардың барлығы дерлік өлеңнің идеялық-тақырыптық негізін әсерлі бейнелеуге, сонымен қатар лирикалық қаһарман сезімін шынайы әрі ұтымды жеткізуге, лириканың жанрлық сипатына сай автордың көңіл-күйін дәл беруімен қоса, мақтан ету, ширығу, көңіл аударту, желпіну, мұңдану, қуану, шаттану секілді сан түрлі сезімдерді жеткізуге қызмет етуімен ерекшеленеді.

Ұлттық поэзиямызда жылқы малын жырлау, өзіндік ерекше қасиеттері мен жаратылысын арқау ету, тектілігін барынша дәріптеу, қазақ халқының негізгі шаруашылық кәсібін, тыныс-тіршілігін, күнделікті тұрмысын суреттеу үлгілері өте көп. Өйткені, жылқы қазақтың ұлттық сана-сезімінің, рухани болмысының, салт-сана, әдет-ғұрпының, мәдениетінің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналып кеткен. Тіптен, қазақ баласы жылқы түлігін төресіндей көріп, өзінің мінез-құлық, жан дүниесінің айқындаушысына айналдырып, «жылқы мінезді қазақ» деген атауды да иемденген. Қажымның да осы бағыттағы «Жылқышы» және «Жылқышы мен қыс» өлеңдері жылқының қадір-қасиетін сипаттап, қоғамдық қысымның қыспағына ұшырап, табиғат дүлейімен арпалысқа түскен жылқышылардың еңбектегі өмірімен таныстырады.

Ақын 1934 жылы ескі латын қарпімен жазылған «Жылқышы» өлеңінде табиғаттың тылсым күштеріне қарсы тұрған жылқышының бейнесін шебер суреттейді. Қажым бейнелеуіндегі жылқышының қайсарлығы мен шыдамдылығы, жылқының төзімділігі мен табандылығына толығымен сай келіп, әдемі поэтикалық суреттеуге ұласады.

Жылқышы талды, демікті,
Жылқыға боран әл бермей,
Жылқышыны жан көрмей,
Жеңіліп ыққа жылқы ықты.
Желе жорта шоқақтап,
Бірінің ығын бірі ықтап,
Бүрсеңдеп жылқы желеді.
Сақал мұртын мұз басып,
Денені аяз мұздатып,
Жылқышы бірге келеді [137, 30 б.]

(«Жылқышы»)

– деген жолдардағы жылқышы мен жылқының бейнесінен табиғат зобалаңын ғана емес, заманның қаншалықты қасірет әкелгенін ұғынуға болады. «Малды бағып қаға біл, мал өлмей өссе өмір гүл» деген нақылға айналған басшының сөзін, өзіне үлкен сеніммен тапсырылған жұмысын есіне алған жылқышының

ассыз-сусыз үш күн жапан далада, ақтүтек боран астында үйір жылқыны қорғауы – Отанына шын берілген ұлтжанды перзенттің жарқын көрінісі. «Арты – боран, алды – сор, арты – ажал, алды – ор» тығырыққа тап болған жылқышы жанын шүберекке түйіп, қызметін адал атқаруды, жылқыларын аман алып қалуды ғана ойлайды.

Екі күн бойы түтеген боранның саябырсуын күткен жылқышы, аяз түсін жылытып, жел басыла сала ел-жұртына қарай бет түзейді. Қособа бойымен еліне мұздай аман оралған жылқышының қайтпас ерлігін, еңбекке деген адалдығын, халық алдындағы жауапкершілігін қатарластыра өрген жырдың байламы бөлекше.

Ай сүңгіп бұлтқа, көкті есіп,
Жел үскіріп, бұлт көшіп,
Ышқынды жел, тентек жын,
Құлағын батыс қызартып,
Түтетіп отын мұнартып,
Қызара барып батты күн.
Төңкеріліп көшкен бұлт,
Әр жерден жұлдыз етіп жылт,
Сол түстікке серпіді.
Қабағын тарс түйді де,
Бетінен аяз сүйді де,
Даланы қармен желпіді

– деп басталатын поэма жайбарақат күйде тұрған табиғатқа бірден жан бітіріп, тылсым құбылыстарды түрлі кейіпке келтіреді. Біресе адамша ызаланып, біресе сақ-сақ күліп, қарды жетегіне алып шыр көбелек айналдырған жел бейнесін сипаттауда көркемдегіш құралдарды орынды пайдалана білген жазушы сөзбен әдемі сурет салады.

Ақынның «Қыс пен жылқышы» атты айтысқа құрылған туындысы қаһарлы қыстың ызғарына күйінген жылқышының өкпе-ренішімен, мұң-зарымен толыққан. Автор бейнелеуінде жылқышы қысты «кәрі қақпасқа», «алжыған шалға», «ашулы қартқа» теңейді. Ақ шашты, бурыл сақал, кәрі құда кейпіндегі қысқа жан бітіп жылқышымен сөз таластырады.

Жылқышы:

Келдің бе, кәрі қақпас, қырау кірпік?
Кәрленіп ысқырасың аяз бүркіп.
Қатырдың сақалға мұз, мұртқа мұздақ,
Денемді шымырлаттың, бетім шымшып [137, 32 б.]

(«Қыс пен жылқышы»)

– деп қыс мезгілінің тигізер зардабын, келтірер зиянын бетіне басады. Автор өлеңінде қантардың қар ерітердей өкпек желі «көк мұздан жер үстіне көрпе жабар» адам ретінде кейіптелсе, көз көрсетпес боран мен үскірік аяз «пышағын тасқа қайрап, малға қолын созар» қасапшы бейнесінде көрінеді. Адал еңбегімен күн кешкен жылқышы «тапқанды ит, арқаны бит» жеген заманда бір бүйірінен түртпектеп, ақтүтек боранымен, өкпек желімен,

қаһарлы аязымен қысым жасаған қыстың аяусыз тірлігіне күйінеді. Талай жауды талқандап, еңбектің не бір ауыр түрлерін игерген адамзаттың ақпан, тоқпанды жүгендей алмайтындығына, табиғаттың тылсым құбылыстарына күші жетпейтіндігіне таңданады.

Өлең соңында:

Баққан мал, ол көзімнің қарашығы,
Бірге өріп, бір жусайтын күні-түні,
Тай түгіл, саған берер тұяғым жоқ,
Кетсе де менде бұрын әкең қаны

– деген жылқышының нық сөзі – асқан жігерліліктің, еңбекке деген құлшыныстың айғағы.

Қазақ ақын-жазушыларымен қатар өзге ұлт өкілдерінің шығармашылық әлеміне үңілген Қажым ақын орыстың ұлы жазушысы М. Горькийдің қаламгерлік қуатын танытатын «Дауылпаз» өлеңін жарыққа шығарады. Заман ағымындағы асау боран мен тентек дауылдың соққысына қарсы тұрып, көк аспанды қара сұр бұлт басқан сәтте тұшымды ойларымен жігер сыйлаған даңқты жазушыны дауылпазға тең көреді.

Дауылдан қорқақ құстар бұқпады ма?
Тұмсығын қауырсынға тықпады ма?
Дауылдың ұраншысы дауылпазға,
Талай жау қанды қанжар сұқпады ма?
Дауылпаз дауылда өскен өр көкірек,
Сол күнде, айтыңдаршы бұқпады ма?
– Ыққан жоқ. Әупірім күш, алай, түлей,
Дауылды қарсы алуға жықпады ма? [137, 26 б.]

(«Дауылпаз»)

Төңкеріс тұсында да еңбекші елге жалынды жырлары арқылы қуат беріп, «бостандық» деп көкке өрлете ұрандатқанда қаһарлы жаудың өзі сескенгендей болады. Нар кескендей өткір тілімен жаудың сүбесін сөккен, адасқанды тура жолға салып, сабылысқан жұртқа басу айтқан жазушының даралығымен қоса даналығының да биік деңгейде екендігі байқалады.

Бәрі рас дауылпазым тайсалған жоқ,
Оқ, қанжар, өрт те бетін қайтарған жоқ.
Дауылдың өрлей ұшты ол төріне,
Дауылпаз қорқып жолдан қайта алған жоқ

– деп жазушының бірбеткейлігі мен қайсарлығын да, батылдығы мен ер мінезділігін де айтып өтеді. Ақын қырық жыл бойы қалам тербеп, шығармашылық мұрасын келер ұрпаққа аманаттап, сөз кестесін өрнектеп, тіл жауһарларын жыйған М. Горькийдің есімі де, еңбегі де ел есінде мәңгі қаларына нық сенім білдіреді.

Бұл тұста Тайыр ақынның да «Дауылпаз» аталатын өлеңінің ішкі мазмұнына үңілсек, М. Горький шығармашылығының мұқалмас беттеріне, қаламы қылыштай жарқылдап, ой құйыны үйіріліп, даусы сұңқардай саңқылдаған сұлу сөзді, өткір тілді ақынның өшпес мұрасына тәнті

боларымыз айқын. Екі ақынның да М. Горькийдің ақындық мұрасына тоқталуы, бір тақырыпта шабыт шақырып, бір атауды таңдауы тегіннен емес.

5.2 Ақындық шеберлік айшықтары, көркемдік кестесі

Қажым Жұмалиевтің қолға іліккен шығармаларының ішінде тақырыбы, идеясы, мазмұндық өрісі тұрғысынан оқшау тұратын, жанрлық табиғаты да ерекше туындысы – «Қызыл ер» өлеңі. Қазақ жұртының амандығы үшін жан берісе айқасқан, майдан даласында бар күш-жігерлерін жайып салып, жау шебін бұзып, қамалын қиратқан алғыр қырандар «қызыл ерлердің» толассыз ерлігін шарықтата жырлайды. Ұлы дүбірге бел шеше араласқан күрескер ерлердің майдан даласындағы батыл қимылдарын айрықша шабытпен екпіндете жырға қосқан автор:

Естігенді таң қылып,
Қан қылмақ жауды, қан қылып,
Құртып жаудың амалын,
Талқандап шебін, қамалын,
Жұрымын, жұла,
Кескен кім?

Сендер,
Алғыр қыраным,
Сендер,
Жіті қырағым,
Сендер,
Сендер,
Қызыл ер,
Шығарсын оны естен кім? [137, 22 б.]
(«Қызыл ер»)

– деп ержүрек ұландарға мықты рух, жалынды жігер сыйлайды.

«Ұлтарак түгілі тырнақтай жерімізді ешкімге бермейміз» деп атамекеніне, туған еліне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірген ұлтжанды азаматтар қара ниетті, қан құмар дұшпандарды талқандайды. Өз бетімен күрес ашпайтын тыныш та бейбіт елімізге сырттан келген жаудың меншік жерімізді иеленгісі келген арам ниеті қайтпас жүректі, қайсар білекті ер ұландарды бей-жай қалдырмасы анық.

Сыртқы жауды жаныштап,
Ішкі жауды жаныштап,
Шаршамастан, талмастан,
Көзіңнің шырын алмастан,
Қорғадың отан-еліңді.
Күзеттің гран шегінді

– деп асқақтата толғайды ақын. Отан алдындағы парыздарын абыроймен атқарған ерлердің жанкешті жорықтан оралу сәтінің шынайы көріністерін де шебер бейнелейді.

Қажым өлең көркемдігін күшейтіп, мазмұндық әр беруде қайталаудың жай қайталау, анафора, эпифора секілді түрлерін келістіре қолдана отырып, ашық шайқасқа түскен азаматтардың көзсіз ерлікке толы әрекеттерін әсерлі жеткізеді.

Езілген тап:

– Таң!

– Таң!

– Таң! – деп,

Езуші тап:

– Қан!

– Қан!

– Қан! – деп.

Айғайлап ұран шашарда,

Қан топан жерді басарда,

Езілген таптың туын ап:

– Алға!

– Алға!

Дескен кім?

Бұл үзіндідегі «таң», «қан», «алға» сөздерінің бірнеше рет қайталана қолданылуы, өлең сөздің әуезділігін арттырып қана қоймай, көркемдік тұтастықты айшықтап, әр жолдағы мағыналылық, бейнелілік сипатты асыра түсуге қызмет етеді.

Өлең мазмұнындағы көркемдеуіш сөздердің әрбіреуі оқырманын терең ойларға, тынысты орамдарға жетелейді, көркем туындының тақырыбы мен басты идеясын танытуға ықпал жасайды.

Майданда жаумен тістесіп,

Майданда жұмыс істесіп,

– Майдан! Майдан! Майдан! – деп,

Майданда жауым, тайған! – деп,

Он алты жас жасадың.

Анафораның өлеңді әсерлі түрде жеткізуде қолданылатынын ескерсек, Қажымның бұл өлеңіндегі «майдан» сөзінің қайталануының өзі арпалысқа толы айқас кезіндегі өмірдің тартысты сәттерін терең ұқтыруға арналған.

Поэтикалық көріктеу амалдарының бірі эпифора да өлең үндестігін жасауға қатысатын тәсіл екендігі белгілі.

«Қытайдың жерін алам!» деп,

«Таңбамды өзім салам!» деп...

«Тағы да қан төксем» деп,

«Қаусатып сүбе сөксем» деп.

Ақын өлеңінен алынған үзіндіде «деп» сөзі әр жолдың соңында қайталанып келіп эпифоралы құрылымдар жасайды. Негізінен, эпифоралы

өлең жолдары шындықты, дәлелді деректерді баяндау кезінде қолданылады. Автор ел-жұртын, туған жерін қорғауға жанын сала кіріскен ержүрек жауынгерлердің атынан жырлайды.

Өлең шумақтарына төл сөздерді кірістіру, егіз ұйқас, кезекті ұйқас, шұбыртпалы ұйқас түрлерін қиюластыра қолдану арқылы майдан көрінісін жандандырып, шынайы әлемге енгендей күй кештіруі Қажымның ақындық шеберлігін таныта түседі.

Шайқасқан жауын шайнаған, **а**
Қан майданда – қан қылып, **б**
Тап жауын жіпсіз байлаған, **а**
Естігенді таң қылып. **б**

(шалыс ұйқас)

Жау әлі бірақ біткен жоқ, **а**
Бітетін күні жеткен жоқ, **а**
Қандатып Қытай қаласын, **б**
Зарлатып сәби баласын. **б**

(егіз ұйқас)

Ұлтарак түгіл, тырнақтай, **а**
Жерді ешкімге бермейміз. **б**
Бақшасына советтің, **в**
Кім сұқса шошқа тұмсығын, **г**
Қанына орап жерлейміз. **б**

(ерікті ұйқас)

Жоғарыда келтірілген үзінділерден байқағанымыздай, Қажым өлеңдерінде көбіне шалыс, егіз, ерікті ұйқастар кездеседі. Бұл ұйқастар ақынның айтар ой-пікірін дәл жеткізуге ыңғайлы әрі ішкі логикалық үндестікке құрылғандығын аңғарамыз.

Қажымның 1933 жылы жарық көрген «Шабуыл» жинағына «Ер Жәукен», «Польша өкілдері келгенде», «Шабуыл», «Май толқыны», «Егізбай мен Ерқожа», «Кәмпеске жазы», «Шымырлап еңбек қайнайды», «Бас трактор маршқа», «Түрксіб», «Қайлашы», «Балапан», «Алатау» өлең-поэмалары жарияланған.

Алатаудың таңғажайып табиғаты талай талантты ақынның шабытын шалқытып, жан дүниесін толассыз тебіrentкені сөзсіз. Көрікті өлкенің әсем бейнесі, көз тоймас ерекше көріністері қараған жанның көзін тұндырып, көңіл көкжиегін жадырата түседі. Осы бір сұлу тауды Қажым ақын да «Алатау» өлеңіне арқау етеді. Алатаудың өзгеше болмысын кеңінен суреттеген ақын талай заман көрінісіне куә болған асқар таудың өткені мен бүгінін сарапқа салады, келешегін ойша өрнектейді.

Алатау ақбас шалым көпті көрген,
Қайғы мен белуардан жерге кірген,
Екі тап жер тіресіп жұлқысқанда,
Бауырында қанға оранып кедей өлген.
Ақбас шал көкше тасын домалатып,

Кигізіп тастан кебін талай көмген [137, 45 б.]

(«Алатау»)

– дей келе, ақын халқымен бірге жасасқан, сұрапыл күндерде қан қақырып, жүрегі қарс айырыла жаздап, ақ бұлттары жасын төгіп, кей кездері бұрқ-сарк ете гүрілдеп, кей сәт күйіп-жанып өртеніп мың сан күйге түскен ақ басты қарт Алатаудың сипатын күйіне суреттейді.

Ал бұл күнде еңбекші халықтың баурайында, қайнаған еңбектің ортасында жұмыскер жандарға жігер беріп шаттана марқайған таудың келісті келбетін бейнелейді.

Көрдің бе міне – еңбекші, әне – Алатау,

Жайнаған қызыл гүлдей жаңа Алатау.

Құлпыртып еңбекші елін нұрға бөлеп,

Өзгермек жер жүзінде сәні Алатау.

Бұл – Қажым ақынның түрлі кезенді бастан өткеріп, адамзатпен бірге қуанып, бірге күңіренген асқар Алатаудың ғажап көрінісіне қойған соңғы нүктесі.

Қажым «Қайлашы», «Польша жұмысшыларының өкілдері келгенде» өлеңдерінде қара жұмысқа төселген, ауыр еңбекпен адал нанын тауып жеген қуатты ерлердің темірді нанша илеп, көк тасты гүрсілдете соғып көмір алып, қызу жұмысқа жең түре кіріскендерін баян етеді.

Кесек-кесек бұлшық ет,

Бұлт-бұлт етіп ойнаған.

Азап көрген сұрша бет,

Бейнеттің тойын тойлаған.

Шарқ-шарқ мүйіз қол,

Темірді нандай илеген.

Қараңғыдан тауып жол,

Жарыққа елді сүйреген [137, 12 б.].

(«Полк жұмысшыларының өкілдері келгенде»)

Өлеңді әсерлі жеткізуде ақын бұрап-бұрап, көтер-көтер, кесек-кесек, бұлт-бұлт етіп, жарқ-жарқ, сарт-сұрт секілді қайталама қос сөздер мен еліктеу сөздерді көп пайдаланады. Сонымен қатар, ақын қолданысындағы «жанған өрттей шалықтап», «мінбірде құстай қалықтап», «темірді нандай илеген» деген үзінділердегі теңеулер мен «жуан балтыр», «бура сан», «бөрене пішін», «айбынды ер», «мүйіз қол», «бұлшық ет», «сұрша бет» тіркестеріндегі балтыр, сан, пішін, ет, бет, қол сөздеріне қосақталып айтылған жуан, бура, бөрене, мүйіз, бұлшық, сұрша эпитеттері көбіне еңбек етушілерге тән эпитеттер деп атауға болады. Бұл тұста Қажым ақынның да көркемдегіш құралдарды белгілі бір мақсатпен қолданғаны белгілі. Себебі өлең ішіндегі теңеу сөздер мен эпитеттер өзі суреттеген заттың не құбылыстардың өзгеше белгілерін көрсетіп, оқырманның көз алдына елестету, ой-қиялына әсер ету үшін қызмет етеді.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, ел ішінде белең алып жатқан құбылыстарға жете көз салған ақын алауыздықтың, талас-тартыстың,

шабуылдың көптігін аңғарады. Қарапайым жұртты шарасыз күйге түсіріп, еңбекшілерді зарлатқан шабуылдың сұм қимылдарына ашынады. Қазақ қоғамын іштей ыдыратуға күш салып, бай мен кедей арасында таптық теңсіздікті тудыруға тырысқан билік өкілдерінің ессіз әрекеттері ақынның «Шабуыл» өлеңіне түрткі болады.

Жер жүзінде еңбекшіл,
Құл болған байға неше жыл.
Сілте күшін қарышта,
Шабуылда қалыспа.
Көп шабылған біз жүйрік,
Үдейміз шапсақ алысқа [137, 18 б.]

(«Шабуыл»)

– деп жігерлендіре жырлаған ақын қазақтың еңбекшіл халқы жұмыла біріксе, алынбас асу жоқ екендігін алға тартады. Байлардың тасасына тығылып, есігіндегі құлына айналған жұмысшыларды тізгінді өз қолдарына алып, бай құрсауын қирата шабуылға шығуға үндейді. Қолынан іс келер, өнерлі де шебер ұландарымызды кәсіппен айналысып, өгіз үйретіп, соқамен жер жыртып, өз бетінше еңбек етуге, заман ағысымен алға қарай ұмтылуға шақырады.

Білдіңдер ме анау кім?
Еңбекшіні зарлатқан,
Ол байлардың таяғы

– деп шындықты шырқырата жырлайды ақын. Жұмыскерлердің түбіне жеткен, отына өртеп, шоғына күйдірген басшылар мен байлардың әрекетіне шектеу қоярлық саясатты, жауыздықты жазалар заңды күтеді. Ақынның «бұл ақырғы шабуыл», «бұл ақырғы зор майдан» сынды қорытынды сөздерінен басшы мен байдың билігі жойылып, қара халықтан талап алған дүние-мүлкі сарқылып, еңбекшілерге тізгін мен билік берілеріне деген үлкен сенімін байқауға болады.

Ақын өз жүрегінің үніне құлақ түріп, жалынды жырлары арқылы халқының мұң-зарын, күйініш-сүйінішін, ой-сезімін жеткізе білді. Адам жанының толғанысы, ішкі жан сезімі өлең құрылысындағы түрлі көркемдегіш құралдар арқылы беріледі десек, Қажым поэзиясында жиі қолданылған айшықтаудың түрі – қайталама.

Қажым өлеңдерінің көркемдік сипаты да, пішіндік өзгешелігі де осы бір көркемдегіш тәсілдердің әсерінен екендігін айқын аңғаруға болады.

Тұрмыста не көп?
Шабуыл.
Шабылып терге малыну,
Шабуылды күндер көп.
Шабуылда жаншылу,
Шабуылда қан шығу.
Шабуылда жан шығу,
Шабуылда төр де көп.

Олай болса,

Қызыл тіл...

– деген үзіндідегі «шабуыл» сөзінің анафоралық қайталануы өлеңнің тақырыбын айқындап, ақынның айтар ойын, көтерер идеясын жинақтап ерекше көркемдік сипат береді.

Қажымның поэзиялық шығармаларына барлау жасау барысында ақынның еңбекші халықтың, өз заманының жай-күйін, тыныс-тіршілігін баяндауынан, жаңа өмірге аяқ басуға деген ұмтылысынан Тайыр Жароковтың туындыларымен үндес келетіндігін аңғаруға болады. Қос ақынның да бір кезеңде жазылған «Май толқыны» өлеңдері халықты қан қақсатқан капиталдан құтылып, жаңа кезең социализмге бет бұрудың алғашқы әрекеттерін сипаттауға құрылады.

Май толқыны толқып, қайнап,

Қайыстырған жерінді.

Аспанға асып,

Ұран тасып,

Майыстырған,

Көгіңді!

(«Май толқыны»)

– деп жыр жолдарын тізбектеген Тайыр ақын құлдықтың бұғауынан босатып, шынжырларын үзген май толқынының еліміздің еңбек шыңына шығуына тигізген үлесін, екінші бесжылдықты жалғастыруды көздеген миллион қолдардың талмай еңбектеніп, мәңгі жасар жаңа социализм құруға деген ұмтылыстарын жеткізе жырласа, Қажым:

Өрт байрақ қызыл ту,

Май күні қызыл шоқ.

Сансыз қол еңбекші,

Тұтанған көзінде от.

Жасасын май күні,

Жауымыз капитал –

Жоқ болсын, жойылсын

Жалмауыз қан құмар [137, 20 б.]

(«Май толқыны»)

– дей келе тынбай еңбек еткен мың миллион еңбекшілердің басына төнген қара бұлттың ыдырап, жолдарына тосқауыл болған қамалдың талқан боларына үміттенеді. Ақ білек күшімен жауды күйретіп, билік шынжырынан босап, өндіріске күш салып, жаңа кәсіпке бет бұрған.

5.3 Жазушының прозалық әлемі: тарихи шындық, кейіпкерлер характері

Қажым туған халқының, қазақ ұлтының қамын ойлап, мұң-мұқтажын жоқтаған тарих сахнасындағы ірі тұлғалардың, ержүрек батырлардың, қара

жұмысты адал атқарған шымыр азаматтардың бейнелерін сомдады. Осы тұста әдебиеттанушы-ғалым Р.Нұрғалидың: «Әр заманда әр дәуір сол кезеңдегі өнерден өз келбетін, өз жүрегінің дүрсіл тынысын, қан тамырының бүлкілді ағысын көруге құштар. Өмір мен өнер орайындағы бұл сабақтастықты ешбір суреткер аттап өте алған емес. Тарихтың жабылып кеткен көне беттерін ақтарып, соларды шығармасына тиек қылған жазушының өзінің мақамынан ұқтырмақ, ұсынбақ мұратынан оның дәуірімен қаншалықты ет бауырлықта, үндестікте екенін аңғару қиынға соқпайды» [138, 256 б.] – деген пікірінен кез келген жазушының қоғам тынысынан, заман ағымынан алшақ қалам тербемесіне көз жеткізе аламыз. Қажым да жазушылық шеберлігі мен шығармашылық қарымын кеңінен пайдаланып, қазақ даласына әділдік пен адамдықты, азаттық пен теңдікті орнату үшін өктем күшпен жан берісе алысқан тұлғалардың көркем образын жасайды.

Жазушының прозалық туындыларында орын алған тарихи шындықты көркем шешіммен бейнелеудегі суреткерлік тереңдігі, қоғам шындығын өмір құбылыстарымен ұштастыра отырып жазудағы қаламгерлік шеберлігі – әдеби дәстүр жалғастығының айқын көрінісі.

Қажым Жұмалиевтің 1934 жылы латын қарпімен Қазақстан баспасында жарық көрген «Қанды асу» романы – бай мен кедей арасындағы тартыс, қара арғымақ, қара күймеге мініп, сары жез киім киініп, жүндей түтіп кедейді зар жылатқан Мұқан сынды байлар мен шашы ағарып, қартайып өлгенге дейін байлардың құлына айналып, мал бағып күн көрген кедейлердің халін жырлаған көлемді туынды.

Жазушы романның кіріспе бөлімінде табиғат пен адам арасындағы үнсіз байланысты, жазық дала мен мал баққан малшы арасындағы үнсіз тілдесуді суреттейді.

Жасыл кілем жайнаған жазық дала,
Жүрегі өрт, денесі у, жаны жара.
Ойға шомған қапалы қоңыр белдің,
Әлдилейтін қайғысын сағым ғана.
Барылдауық бетеге қалың бозды,
Жалын ұрттап, қан құсқан сай мен сала [139, 2 б.].

Осынау жазық даланы шарлай, таң атпастан малмен бірге өріске шыққан, шыбын жаны иненің жасуындай бір рахат көрмеген малшының бейнесі көрініс табады. Қайқы кірпік, қайқы ерін, балуан балтыр, төртбақтау, орта бойлы, көз жанары өткір, терең ойлы бұл жас бала он жасынан мойнына құлдық қамытын киген Жұман Сәлім еді. Әке-шешесі де Мұқанның құлдығында қаза тапқан панасыз жетімнің бүгінгі тірлігі – байдың қой-қозысын бағу, малын күзету.

Сәлімнің кескін-келбетін, сыртқы бейнесін сипаттауда жазушы ерекше сөз шоғырларын, айшықты тіркестерді, келісті теңеулерді қолдануға тырысады.

Қайыз-қайыз сыйдиган қара сирақ,
Жырым-жырым басында жаман тымақ.

Далба-дұлба үстінде шекпен күпі,
Жұмыр сақпан белінде, қолда ақ таяк.
Ақ шаңдаққа үйкелеп сауырын төсеп,
Қой шетінде анау кім жатқан сұлап [139, 4 б.].

Күн көрерлік адал малы да, тұрар баспанасы да, жанашыр ата-анасы да жоқ бала жастайынан қой соңына салып қойған өміріне налиды, ішіне жиналған шерін, мұң-зарын, жүрегін өртеген қайғы-қасіретін тау-тасқа, өзен-көлге ғана жайып салады. Дала мен табиғат та қойшы күйін сезгендей күңіренеді.

Патшадай сән-салтанат құрған Мұқан болыстың ісі қате болса да дұрысқа саналуы, жан тыныштығын ғана ойлап кедейлерді жылатуы, есігінде жүрген жалшыларының еңбегіне он екі айда бір тоқтылы қой беруі – әділетсіздіктің, теңсіздіктің жарқын көріністері.

Қайғылы удың толқынына батып, жылай-жылай көз жасы таусылған баланың кенеттен көзі ілініп кеткен сәттегі көкжалдың қойға шауып, төрт саулық пен бір тоқтыны қырып кеткені оқиғаны шиеленістіре түседі. Қойдың дүрліккенін көріп атына мінген Мұқанның інісі Әлмағамбет қаһарын төгіп, Сәлімнің жанын алмаққа аттанады.

Сұп сұр болып жауыздың қаны қашып,
Ен байлыққа елігіп жүрген тасып.
Бұзау тісті солқылдақ қолындағы,
Тұғызбай-ақ Сәлімді қалды басып.
Кісі жейтін төбеттей тісі ырсыды,

Тынатындай өлтіріп мауқын басып [139, 8 б.]

– дей келе автор одан әрі сорлы Сәлімнің шыбын жанын сақтап қалу үшін жан ұшыра айтқан жалынышты сөздерін баяндайды. Қайырымсыз жауыз Әлмағамбеттің құлағы керең, көзі соқырланып қалғандай қолындағы алты өрімді жуан қамшымен жас баланы соққыны астына алуы жан түршіктіреді. Есін білместен тәлтіректтей құлаған баланың мойнына шылбыр салып, ат құйрығына байлай қу тікенге әрі-бері сүйреуі жауыздың опасыз әрекетін танытады. Ен далаға жосадай боп төгілген жетім Сәлімнің қаны мен жанының құны бес саулықпен тең болғандығы қынжылтады. Бай қорлығына іші-бауыры өртеніп, есі кіресілі-шығасылы шала-жансар күйде жатқан Сәлім үйде қалған бауырларын ойлап аласұрады.

Байлардың күлін көкке ұшырар күнді аңсаған Сәлімнің:
Жап-жас денем болдың ба иттің асы,
Бес саулық па? Ер құны, ердің басы?
Ері өлсе жасырып көмер ме екен.
Жазық қабақ арқаның сар даласы.
Не болмаса көмусіз қаламын ба?

Моншақ-моншақ егіліп көздің жасы [139, 12 б.]

– деп егіле айтқан зары жан тебіренеді. Ен далада өліммен арпалысып үш күн жатып, бір жұтым суға зар болған кейіпкеріне жазушы табиғатты көмекке жібереді. Аз уақыт ішінде аспанды тұтастай торлаған кара бұлт,

үйлердің шаңырағын ұшырып, қора-қопсының астан-кестенін шығарған долы жел, шелектеп құйған жаңбыр әл үстінде жатқан Сәлімнің тамағын жібітіп, бойына күш береді.

Жылдар өте келе тән жарасы жазылған Сәлімнің бай-болыстарға деген ыза-кегі өрши түседі. Оған қоса патша өкіметінің 19-31 жас аралығындағы қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына шақыру туралы жарлығы ел ішінде наразылық тудырып, Сәлім сияқты батыл ерлердің көтеріліске шығуына себепші болады. Ерлікпен шайқасқа аттанған қолды бастаған Сәлімнің жауынгерлері қару-жарақтың жоқтығынан, қарсы топтың басымдығымен жеңіліс тауып, отыз солдат қараңғы үйге абақтыға қамалады. Ауыл ішінде де жалғзынан, жарынан тірілей айырылып зар жылаған ананың, қара жұмысқа шақырылып амалсыздан аттанған жігіттердің мұңын түсінер, қорған болар ержүрек ұлдардың қамауда отырғандығы ауыр тиеді. Еш уайымсыз бай мен билердің қара халық сарсаңға түскен шақта ойларына келгенін жасап, ауыл арасында ойран салып, өз орындарына малайларын жіберіп, ішкен-жегендеріне мәз болып жүрген қалыптарын автор әсерлі суреттейді.

Болыс Мұқан арандай аузын ашқан,
Кедейлердің қасықтап қанын шашқан.
Қолға түскен жасақтың талай ерін,
Жерге көміп тірілей, ағашқа асқан.
Ел уысында Мұқанның табанында,
Қан шығарар қаһарланса қара тастан [139, 14 б.].

Автор елдің нанын, кедейдің жанын жеген Мұқанды «жегі құртқа» теңейді. Кедей халықтың жеріне дейін тартып алып малын жайлатқан болыстың ессіз әрекеттері күн санап өсе береді. Бұл жауыздың жанын алуға бекінген, талай тұтқынды темір қапастан құтқарған, өзі итше күнелтіп еліне аман жеткен Сәлімнің ендігі мақсаты ата-анасының, дос-жолдасының, халықтың кегін алу еді.

«Жоқ, я өлем! Кегімді не аламын,
Жандырамын Мұқанды не жанамын.
Жолдасымның қаны бар әкем құны,
Не малғызам қанға қол не маламын.
Жұлдыз куә ант етем түн жамылып,
Күресемін шыққанша шыбын жаным» [139, 37 б.]

– деп бекінеді байдың қорлығына енді шыдамасын білген батыл ер. Өзі секілді ержүрек жолдастарын ертіп Мұқан, Әлмағамбеттерге қарсы ашық шыққан Сәлім қайтпас қайсарлықтың, бұлтартпас батылдықтың нәтижесінде халқына теңдік алып береді. Бай-болыстың халықтан күштеп алған жерлерін қайтарып, егін егіп, мал өсіріп еңбек етуге жол бастайды. Ондаған жыл тер төгудің арқасында совхоздың басшысы болған Сәлім қарапайым халықты мал, егін өсіруге жұмылдырып, ауылды техникамен қамтамасыз етіп, сүт фермасын ашып нағыз еңбекші елге айналдырады.

Жалпы алғанда, жазушының «Қанды асу» романының негізгі тақырыбы – бай-болыстар билік құрған заманда халық қамын ойлаған, ел қорғаны болған ержүрек ерлердің ерлігін дәріптеу болса, басты идеясы – жазықсыздың аяусыз қанын шашып, жанын қиған жауыздардың сұраусыз қалмайтынын, кедейлерді құлына айналдырып, қорлық көрсеткендерден ел кегін қайтарар батыл азаматтардың бар екендігін кейінгі ұрпаққа насихаттау екендігі айқын.

Жалынды күрескер, ел жанашырлары Махамбет пен Исатай, Үбі сынды қазақтың өр тұлғалы біртуар батырларының көркем образы бейнеленген «Айқас» повесі Қажым прозасының биік шыңы десек те болады. «Ұлы айқасудың алдында», «Таңба», «Тарлан атты жолаушы», «Айқас» деп аталатын төрт бөлімнен тұратын бұл повесте «қара қазан, сары бала қамы үшін» жауға қарсы аттанып, халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, ұлтына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін ісімен дәлелдей білген батырлардың ерлік қимылдары көрініс табады. Жазушының бұл туындысына «Айқас» атауының берілуі бай мен кедей, билеуші топ пен еңбекші халық арасындағы тартыстарды сипаттауынан, елі үшін, туған өлкесі үшін кескілескен ерлерінің батыл әрекеттерін насихаттау тақырыбына қалам тербеуінен екендігі анық.

«Ұлы айқасудың алдында» атты алғашқы тарауда хан салығы дегенді сылтау қылып қарапайым ауыл халқының екі еселеп малын әкеткен, қарсы шыққандарды аяусыз соққыға жыққан Балқы байдың ессіз қылықтары, «дұшпанға кеткен ары мен талауға түскен малын» қайтаруға асыққан жау жүрек Үбі батырдың ерлігі сипатталады.

Повестегі басты қаһарман Үбі батыр – жүрек жұтқан азамат, ел тыныштығын сақтауды мақсат еткен, халқы үшін жанын пидә етуге даяр нағыз ер, Исатай мен Махамбет үшін басын беруге әзір адал дос. Үбі әрбір істі бастар алдында Махамбет ақынның өлеңдерін ой иірімінен өткізеді, оның жыр жолдарын жанына сусын, өміріне басшылық деп біледі. Тіптен өзінің айтқысы келген ойын, көзқарасы мен тұжырымын одан бұрын Махамбет өлеңімен жеткізгендей әсерге бөленеді. Ақын өлеңдерін бүкіл жан жүйесімен сезіне білетін Үбі соңғы шешімді де Махамбет сөзінің тереңіне бойлай отырып қабылдайды.

«Ауыл тым көңілсіз. Адамдарының түстері қоңырқай. Тереңде жатқан ызалы кек бетке шапшып, әйел, еркегі тегіс сұрланып тұр. Жабылыңқы қабақтардың астындағы қара көздерден жалт еткен ашу отының ұшқыны көрінеді. Ауыл адамдары бір-біріне «пәлен» деп тіл қатпаса да, «әттен» деген ұлы арманның белгісі қай-қайсысының да бетінен танылғандай» [140, 210 б.].

Ауыл жұртының көңілсіз қалпының басты себебі сол – Үбі батырдың жоқтығын пайдаланып, ойға келген істерін қылған, ауыл ішіне ойран салып, малдарын тартып алған Балқы би мен оның есерсоқ адамдарының адамдықтан жұрдай ақылсыз әрекетке баруы еді. Малдан бұрын ар-намысын алдыңғы орынға қоятын Айсә, Үбі сынды халық жанашырларын

опасыздардың тал түсте ауыл ішіне ойран сала ат ойнатып, қамшы үйіргендері қынжылтады.

Үбінің қарасы көрінген сәттен бастап-ақ көңілдеріне жылу ұялай бастаған халықтың жабулы қабақтары ашылып, жадырай түсуі батырдың сөзі мен ісіне деген сенімділіктерін танытады. Айсаның да болған жағдайдың ащы тұсын жасырып, бүкпелеп жеткізуі Үбі батырдың ашумен әрекет жасауының алдын алғандығы еді. Балқының айтқаны келіп, атқаны тиіп тұрған заман екендігін, үзеңгіміз тең келетін күн туғасын ғана әрекет жасауға боларын айтқан Айсаның даналығы тағы бір мәрте байқалады. Алайда ауылды шаптырып қойып, Исатай мен Махамбеттің бетіне қарағанша, өлгеніміздің не өлтіргеніміздің артықтығын айтқан Үбінің соңғы сөзіне ешкім қарсылық танытпайды.

Исатай, Махамбетімен бірге келсе де Үбіге малды бере алмастай нық сеніммен көңілді келе жатқан Балқы бастаған он-он бес салықшы өз істеріне разы еді. Айдауға түскен малдардың аңырап, боздаған ащы дауыстары ауылда қалған иелерінің, жетім бала, жесір әйелдің, кәрі шалдың ауыр халдерінен де хабар бергендей болады. Жас ботасынан ажырап қалған сары інген ашына күңіренген кезде, Балқы секілді жауыздардың қылығына лағынет айтып, зар мен қайғының, мұң мен әлсіздіктің торына шырмалғандай күйде болады.

Зілді үнімен «таста малды» деп ақырған Үбі батырдың көкті жарып жіберердей зор дауысы Балқыны әп сәтте бездіріп жібереді. Қарсы алдынан шыққан салықшыларды кезектесе жер құштырған батыр, айдаудан босаған малдарын алдына салып, ауылына қарай жол тартады.

Осы шығармасы арқылы Қажым қазақ ұлтының қай кезеңде де жаудан қорғап, бейбітшілігін сақтауға адал қызмет еткен батырларының болғандығын айғақтайды. Балқы сияқты бас пайдасын ғана ойлайтын арамтамақтардың билігі көпке бармайтынын, қарапайым халықты қанағандар жазаға ұшырайтынын анық жеткізеді.

«Таңба» атты екінші бөлімде тәніне таңба басылса да, арына дақ түсірмес бас кейіпкер Үбі батырдың Нарын өзенінің бойында орналасқан түрменің тұтқынына айналып, қараңғы қапастағы азапты күндерді бастан кешу жайы баяндалады. Дар ағашының қақ ортасында тұрып, қыл арқан мойнына түссе де, шыбықпен жон терісін тірілей сылып жатса да, қақ маңдайына мың ине шаншылған штаппен таңба салып, жараның орнына улы дәрі сепсе де «ыңқ» еткен дыбыс шығармастан көкжал бөрідей көзін алға тігіп, дұшпанына ызалы кейіппен тістене түскен батырдың төзімділігі тандай қақтырады.

Генс, Нұралыханов, Бұж қара сынды жауыздардың аяусыз көрсеткен қорлықтарына төзе білген Үбі батыр Махамбет пен Исатай турасында қойылған сұрақтардың ешбіріне жауап қатпайды.

Үбінің: «Хан баласы, қадама тіліңді. Мен өлімнен қорықпаймын. Менің жаным сендердің жаныңдай тәтті емес. Мен өлгенмен ел өлмес, бір әйел мендей ұл табар. Қан құмар ақ сүйек, іш қанымды. Керек болса, ... пісіріп же»

[140, 231 б.] – деп өктем үнмен тіл қатуы, батырдың өн бойында қорқыныш сезімінің мүлдем жоқтығына, туған елі үшін, қазақ жұрты үшін, шынайы достық үшін жанын өлімге қиюға даяр екендігіне айқын дәлел бола алады. Шығармада суреттелген аянышты көріністер, Үбіні азапқа салған аяусыз әрекеттер, оқырманның жан-дүниесін түршіктіріп, тұла бойын шіміркендірері сөзсіз.

«Тарлан атты жолаушы» бөлімінде Бекетай құмынан шығып, Мың төбе жаққа қарай бағыт алған жолаушы Махамбет батырдың өр тұлғасы, кескін-келбеті, жауынгерлік іс-қимылы сипатталады. Жолаушының Тарлан атына деген махаббаты ішкі жан толғанысынан-ақ көрінеді. Батырлықты, тапқырлықты, шешендікті, өжеттікті, ерлікті, батылдықты, қайсарлықты, шыншылдықты бір басына жия білген Махамбет батырдың бар болмыс-бітімі осы тараудан анық көрінеді. Жолаушы кезіккен сан түрлі оқиғалар, оның балалармен сәбише әңгімелесіп, ерлікке, мергендікке баулуы оның үлкен жүрегінің нәрестедей таза, сүттей ақ, асылдай кіршіксіз, жалындай ыстықтығын байқатады.

«Айқас» атты соңғы бөлімде халықты күштеп бағындырып, елге сес көрсетіп, батырларын қолға түсіруді ойлаған Қарауыл хан мен бес жүз адамына қарсы оқша атылған Исатай, Махамбет, Тәни, Төлеген батырлардың жойқын күресі, халықты сабырлыққа, ел қорғауға шақырған рухты сөздері, соғыс даласындағы жанкешті айқасы суреттеледі. Жасақ санының дұшпандардан кем екенін білсе де, жүрегіне сенген Махамбеттің күрес барысындағы түрлі амал-айлалары, әдіс-тәсілдері, Исатай бастаған топтың жан берісе күресуі оларды жеңіс туын көкке көтеруге алып келеді. Жортқан жолбарыстай қос батыр қатар ұмтылғанда, жүрегінде түгі бар дұшпанның өзі қарсы шығуға бата алмасы анық. Махамбеттің мергендігі мен найзагерлігіне тәнті жау әскерлері онымен найзаласып кескілеспек түгілі, он кісіні жалғыз жаныштап кететіндей мықтылығын жыр ғып айтады. Қарауыл ханның өзі қалың жасағына Исатай мен Махамбетті тамыры тереңге жайылған алып терекке теңеп, түбімен қопарсандар ғана ханның алғысына бөленетіндерін ескертеді. Алайда ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен «ағатайлап» ұрандатқан Исатай мен Махамбет тобы жеңіс тұғырына тағы бір мәрте көтеріледі.

Кейіпкердің дара тұлғасын қалыптастыруда, мінез-құлқын, рухани ішкі әлемін, ой толғанысын сипаттауда, іс-әрекеттері мен қимыл-қозғалыстарын суреттеуде монолог пен диалог, портрет пен пейзаж, авторлық баяндау, психологиялық параллелизм секілді тәсілдерді ұтымды пайдаланып, шығарманың көркемдік мәнін тереңдете түседі.

Қажым шығармашылығында кейіпкер характерін айқындауда портрет маңызды рөл атқарады. Жазушының «Айқас» повесіндегі Үбінің түр-тұлғасын сипаттауынан-ақ ел іргесін жаудан қорғар, дұшпанға қаймықпай қарсы тұрар батырдың келбеті елес береді. «Жүргінші еңгезердей сары. Бетінде аздап шешек дағы бар. Дөңестеу келген қошқар тұмсығы, кең маңдайымен тұтаса біткен қалың қабағы әлденеден хабар бергендей, екі

иығына екі кісі мінгендей шалқақ кеудесін, жалпақ жауырынын, жұп-жұмыр, әлді мойнын, жуан саусақтарын көргенде, оны қарапайым адам деу қиын» [140, 209 б.].

Қажымның кейіпкерлерінің портретін беруіндегі басты өзгешелігі ол адамның бет-бейнесін, кескін-келбетін тұтас суреттемей, есте қаларлықтай көркемдік детальдар, суретті сөздер арқылы көрсетеді. Сондай-ақ кейіпкердің ішкі сезімін, сол сәттегі көңіл-күйін сыртқы кейпімен байланыстыра сипаттайды да, адамның эмоциялық күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін айқындауға тырысады. Автордың Үбі портретін жасау барысында, ең алдымен, оның қаһармандық тұлғасына, батырға тән мінезіне баса назар аударып, сыртқы бет-әлпетін, түр келбетін сәйкесті суретпен сомдағаны аңғарылады.

Махамбет ақынның портретін сомдауда жазушы ерекше шабыттанып, келісті теңеулер мен шұрайлы тіркестерін қолданғандығы байқалады. «Жолаушы кеудесі шалқақтау келген, жауырынды, қайың қаптал. Жеке тұрғанда өрескел онша ірі көрінбейді. Бұл оның бойына сай денесінің де барлығын аңғартқандай. Ат жақты, ашаң жүзіне сәл дөңестеу келген қырлы мұрынды әдейі қондырғандай. Мойылдай қара мұрт пен шоқша сақалы да өткір жүзінің бір айбары тәрізді. Қоңырлау жүзіндегі жаққан шырақтай, оты шығып тұрған қара көзі асқан қайрат, жігерді аңғартса, көздің үстіндегі қалыңдау келген жар қабақ, маңдайдағы қос қыртыс – ерлік, қайтпайтындықтан хабар бергендей» [140, 238 б.].

Бұл суреттеуден-ақ аруақты ердің сойына тән, нағыз ер-азаматтың болмысын аңғаруға болады.

Халық қамын ойлаған қаһарман, азаттық үшін алысқан есіл ер Исатайдай ұлы тұлғаның еркіндік сүйгіш ерік-жігерінің, асқақ рухының, көтерген қоғамдық жүгінің биіктігін сипаттауда да жазушы сөз әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесін оқырманына әсерлі етіп суреттейді. «Төртбақтау, жирен сақалды ақсары кісі ең алдында. Басқалары онан сәл кейінірек. Жирен сақалды, жігіт ағасы адам аяқ басысына қарағанда, мінезі ауыр, сұсты, айбарлы кісіге ұқсайды. Шалқақтау біткен қарыс жарым маңдайы, орақ мұрыны, жалпақ жауырыны әлденеден хабар бергендей. Бір қарағанда, кеуде жағы жуан, бөксе жағы жіңішкелеу көрініп, арыстанды көзге елестеткендей. Әйтсе де не терең ойда келе жатқандай қабағы қатыңқылау» [140, 247 б.].

Автор келісті сөз образдарын түрлендіре қолданып, Исатай батырдың арыстандай қайратты тұлғасын сомдап, батырға тән кескінімен қоса, сабырлы, парасатты, кемеңгер екендігін де танытқысы келеді.

Исатай – өз сөзін ісімен дәлелдей білген батыл ер, патшаның, ханның кемшіл тұстарын бетке айтып, қалың бұқараны жауыздардың шырмауынан босатуға, әділдік орнатуға бар күшін салған еңселі азамат. Қазақ өз алдына ел болғалы халық пен хан арасындағы азаймас алауыздықтың, бітімге келмес даудың әділ шешімін шығарып, мал-мүлкі мен жерін талап қана қоймай, ары мен адамгершілігіне қол сұққан хан тұқымдарына ашық наразылық білдірген

Махамбет пен Исатайдың шынайы образдарын жасаған Қажым ақын мен батырдың бар болмысын шебер суреттейді.

«Батырдың сөзі онша сырлы, шешен болмаса да салмақты, байымды және шындық. Әр сөзі өмірдің сынығы, бөлшегі тәрізді» [140, 249 б.] – десе, шешендігін көш бастап келе жатқан Исатай батыр бейнесін: «Астында ақ бөкеннің лағындай атылып ойнаған Ақтабан. Басында дулыға. Үстінде сауыт. Белінде қорамсақ. Иығында садақ. «Ағатайдан қалыпты-мыс, жыланның етіне суарылған екен, шауып жібергенде, түйені екі бөліп кетеді екен, бірақ, түйе күйісін жазбай, сол күйі қалып қояды екен», деп ел ауыз ететін наркескен атанған қайқы қылышты сол жағына асыныпты. Желбіреген туды жоғары ұстап, батыр оқ бойы алда келеді» [140, 254 б.] – деп асқақтата жырлайды.

Автордың ауыл ішін әуре-сарсаңға салып, маңдай терлерімен жинаған малдарынан айырған салықшылардың іс-қимылдарын баяндауынан сезім мен адалдықтан жүрдай, қулық пен күштеріне ғана сенген арам пиғылды жауыздарды көре аламыз. Повестің өн бойында өрілген Балқы, Көпен, Садық сынды азғындардың хан салығын сылтау қылып, ел ішінен мал айдап әкетуі – сол замандағы озбырлықтың бір көрінісі. Бала-шаға қамы үшін тынбай еңбек етіп, адал астарын тауып отырған бейкүнә халықты қорқытып, соққыға жығып, қорадағы малын әкетіп, аяусыз зорлық-зомбылық көрсеткен опасыздардың ессіз қылықтары, ақылсыз әрекеттері қиналған жұрттың ішкі жан-дүниесін азапқа салады.

Жазушының жағымсыз кейіпкерлердің түр-тұлғасын суреттеген портреті – сол адамға тән бүкіл қасиетті, ішкі ойын жария етіп, дүниеқұмар, ашкөздік қылықтарын дәлелдей түседі. Повестегі Балқы турасында айтылған мына бір үзіндіден: «Бастың алдын бұғақ, артын шүйде басып кеткендіктен тосын көрген адам «басы жоқ па?!» деп те қалғандай. Бір қарағанда ол сезім де, ұғым да жоқ, әйтсе де тісі бар, қарыны бар үлкен кесек ет тәрізді. Бірақ, кімге де болсын мысқыл күлкімен қарайтын май басқан кішкене көзі оның тіршілігін толық дәлелдегендей» [140, 219 б.].

Дүниені күшпен, таяқпен ғана жинап, әлсіздердің адал асына қол салған Балқылардың бойынан мейірімділік, адамгершілік сезімдердің мүлдем жоғалғаны, жауыздық пен арамдықтың бүкіл ой-саналарын жаулап алғандығы айқын көрінеді. Салықшылар ізіне түсіп ауыл малын қайтарып алуға жолға шыққан Үбі батырдың «таста малды» деп ызамен жаңғырған зор дауысы сөзбен күштінің қамытын киіп келе жатқан қорқақтарды сабасына түсіреді. Қарсы келгендердің бірін бөріктей ұшырып, енді бірін лақша бақыртқан Үбі олардың көз алдына қанын ішіне тартып сұрланып тұрған жолбарыстай елестейді. «Қия көр қасық қанымды» деп жалбарынған Көпенді көргенде жауына тышқан да қарсылық көрсетерін еске түсіріп, атпалдай азаматтың тышқан құрлым болмағанына таң қалады. Өлтірмек түгілі, жандарында тұруға да жиренген батыр айдаушылардан құтылғанына қуанғандай сиыр, түйелерін өз ауылына қарай бағыттап кері қайтады.

Қажым өз қаһармандарының қимыл-әрекетін жеке-дара алмай, оның сөйлеген сөзімен қоса суреттеп, авторлық көзқарасын да білдіріп, кейіпкерінің болмысын жан-жақты аша түседі. Жазушы шығарма оқиғасын баяндау барысында кейіпкерлердің жеке басына тән ерекшеліктерді, қоршаған ортамен байланысын таныстыруынан сөз саптау өзгешелігі, өзіне тән жазу машығы байқалады.

Автор ер серігіне айналған тұлпар бейнесін сипаттауды да назардан тыс қалдырмайды. «Жалаңаштап қайтарып қойған қасқа ат қараша үйге иегін асып сусып тұр. Оның сұлулығы енді ғана байқалды. Сомдап соққан дередей төрт аяғын, сіңір-сіңір боп біткен әлді серперлігін, айналып түсіп жатқан кең сауырын, омыртқалары тұтас, қайнап біткен күдістеу мұз белін, шоқтықтан арғы жағы сәл ғана ойысып, тік көтерілген ойдық желкесін, қарқарадай шаншылған қос құлағын көргенде оның тұрпатына көзің тойғандай. Қос құлақтың аралығынан төмен қарай әліпше тартылған ақ сызық имііп жатқан тұмсықтың дәл ортасынан келуі – сұлулықтың бір белгісі тәрізді» [140, 216 б.].

Исатайдың Ақтабаны, Махамбеттің Тарланы, Үбінің қасқа аты да шығарманың өңін кіргізіп, нағыз «жылқы» деген қорытындыға келтірердей сұлу тұрпатымен баурап алады.

«Батырдың тақымы мен тізгінді қалай бұруын аңдып келе жатқанда қып етсе-ақ, ыңғайына қарап, ұршықша үйіріледі. Әсіресе, оның әдемілігіне көзің тойғандай. Аңқиып жатқан кең омыраудан тік көтеріліп, бауыздау жері иіле біткен мойыны, бір қырым ет жоқ кекшіл басы қолдан құйып қойғандай. Тура алдынан қарағанда қаққан қазықтай шаншылады. Артынан қарасаң саны айналып түсіп жатқан жоталы ірі. Сыйдифан-сыйдифан төрт аяғы нақ су арғымақтың өзіне ұқсатқандай. Бір аяғының тоң соғарынан төменгі жағының ақ болуы да ерекше қасиетінің бірі тәрізді» [140, 255 б.].

Қажым Нарын орманында таң атқаннан күн батқанға дейін еріксіз жұмыс жасаған тұтқындардың көз жанарлары күңгірт тартып, өндерінен жылулық кете бастағанын айта келе, табиғатты да көркем тілмен өрнектей отырып оны тіршілік тынысымен бірлестікте алады. Автор табиғатты тіршілікпен байланыстырып, ел ішіндегі ауыр тұрмысты, әлеуметтік мәселелерді көтереді.

Жазушы қазақ ұлтының намысын көкке көтеріп, ел-жұртын қорғап, бейбітшілік пен бірлікті ту қып ұстаған Махамбет пен Исатай секілді батырлардың ерлік істерін кейінгі ұрпаққа дәріптеуді идея ғып көтерсе, Қажымның «Айқас» атты туындысы сол мақсатты толық орындап шыққандай.

«Қажым – бүкіл өзінің тумысымен, табиғатымен ақын жанды, бары болса шәкірттеріне аямай беретін, одан іркері болмайтын, әдебиетті жанындай сүйетін жан болатын» [141] – деп жазушының шынайы болмысын бағалайды С. Қирабаев.

Қазақ халқының айбынын асқақтатып, ұлттық болмысымыз бен рухани құндылықтарымызды дәріптеген, білім мен ғылым жолын тең ұстап,

даналығымен танылған Қажым Жұмалиев мұралары қай кезеңде де дараланып тұрары сөзсіз.

6. ТАЙЫР ЖАРОКОВ (1908-1965)

6.1 Әдебиет әлеміндегі соны тұлға

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиеті әлемі жаңа дәуір тынысына сәйкес өзіндік өзгерістерімен ерекшеленеді. Бұл кезеңде қазақ әдебиетінің жаңа бір биік белеске көтерілгендігі айқын. Заман ағымына сай шабыттана жырлаған, жан тебіренер сезім мен сырға толы өлең өрнектері арқылы ұлттық әдебиетімізден елеулі орын ала білген Тайыр Жароков – талантты ақын, қуатты публицист, көрнекті қоғам қайраткері, елін сүйген ұлтжанды тұлға.

Өз заманының жаршысы бола білген даңқты ақын Тайыр Жароков 1908 жылы қыркүйек айының 26 жұлдызында Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданының Жетібай ауылында дүниеге келген. Алғаш рет өз ауылындағы орысша-қазақша аралас мектептің үш сыныбын тәмамдап, кейіннен 1923-1927 жылдары Орынбордағы Қазақ Халық ағарту институтында білім алады. 1928-1931 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Қазақ педагогика институтының тіл-әдебиет факультетінде оқиды.

Ақын оқу үйрену, білім алу жолындағы алғашқы сапарын өзінің «Алғашқы адым» өлеңінде былайша суреттейді:

Басқанда алыс жолға алғашқы адым,
Тұлымым желкілдеген жап-жас шағым.
Кісімде: жетім тайлақ өркешіне
Жарбиып қаршадай боп жармасқаным.
Қалқиып өзім туған қара лашық,
Мен ұзап кеткен сайын қалды қашық.
Бір қадам мен ілгері басқан сайын
Жарқырай түсті сәуле алдымда ашық [142, 16 б.].

(«Алғашқы адым»)

Осылайша туған бесігінен, Нарын құмынан жыраққа ұзаған бала жүректің қимастық сезімі, артына жаутаңдаған, балалық шағымен қоштасқысы келмеген тентек ұлдың сағынышы айқын аңғарылады. Алайда ақынның оқуға деген құштарлығы, білімге деген ұмтылысы басымырақ көрінеді.

Тайыр алдынан жарық күн туарына, білімнен төгілген нұр өмірлік азық боларына нық сенеді. Оқу-білімін еңбек жолымен ұштастырып Қазақстан Жазушылары ұйымдастыру комитетінің хатшысы, Қазақ мемлекеттік баспасының көркем әдебиет бөлімінде редактор болып қызмет атқарады. Алған білімін өмірлік тәжірибесіне терең пайдалана білген ақын ұлы Жамбыл ақынның әдеби хатшысы болады.

Өзі өмір сүрген заманның шынайы бейнесін ерекше шабытпен жырлай білген жалынды ақынның шығармашылық мұрасын, тағылымы мол

туындыларын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері, сыншылардың сыни ой-пікірлері баршылық. 1949 жылы жарық көрген «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» [143] еңбегінде, 1958 жылы орыс тілінде басылған «Очерк историй казахской советской литературы» [144], 1967 жылы жарыққа шыққан «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» [145], 1971 жылғы «Казахская советская литература» [146] сынды ұжымдық зерттеу еңбектерінде ақын мұрасына талдау жасалынып, арнайы тараулар қарастырылған. Ақынның өмір жолы мен шығармашылығы хақында С. Сейітовтің «Ақын және уақыт» [147], Қ. Жұмалиевтің «Талант – табиғат сыйы» [148], Қ. Бекхожиннің «Сағындырған ақын: Т. Жароков» [149], С. Әбединованың «Осы жұрт Жароковты біле ме екен...» [150], Ғ. Көшеновтың «Жетібайдың Қанаттыкөгі: Ақын Тайыр Жароковтың туғанына 100 жыл» [151], С. Дәуітұлының «Халқының еркесі» [152], Қ. Жұмағалиевтің «Қайран, Тәкең!.. (Т. Жароков)» [153] және «Тайыр Жароков ескерткіші (Ақынның шығармашылығы жайында)» [154], А. Таубаеваның «Дәуір жыршысы» [155] және «Тайырдың тұңғышы: Қазақ поэзиясының тасқыны Т. Жароковтың туғанына 100 жыл толуына орай» [156] сынды мақалалары, естеліктері мен ой-пікірлері жазылған.

Тарихшы-өлкетанушылар Д. Сүлейменова мен С. Сүлейменовтің құрастыруымен 2013 жылы жарық көрген «Биікке самғайтын құс» [157] кітабына Тайыр Жароковтың бұрын жарияланбаған өлең-жырлары, төл туындылары, «Қанды таяқ» драмалық туындысы және қаламгердің ақындық, азаматтық тұлғасын айқындайтын естеліктер, ой-толғаныстар, арнау өлеңдер енгізілген. Жинақтағы Т. Молдағалиевтің «Жан еді-ау жайсаң сол ақын», Ә. Сәрсенбаевтың «Аңыз адам», О. Мацкевичтің «Поэт – трибун», С. Қирабаевтың «Тайырдың жаны баладай пәк еді», А. Брагиннің «Друг мой, Таир!», С. Сүлейменовтің «Птица высокого полета» сынды естелік мақалалары ақынның шығармашылығын тереңнен тануға ғана емес, өзгеге ұқсамайтын тылсым әлеміне бойлауға, әділдікті жақтайтын адалдығын, зұлымдықты даттар қайсарлығын танытуға септігін тигізеді.

Қазақ кеңес поэзиясының қалыптасуына елеулі үлес қосып, өркендеуіне күш салған Тайыр Жароков тағылымы мол туындыларымен қалың жұртшылықтың көңілінен орын таба білді. «Тайыр жылдардың немесе кезеңнің жыршысы емес, ол тұтас бір дәуірдің ақыны. Ол қашанда дәуір деңгейінен табылып, өз заманының мезгілдік биік мінбесінен тіл қата білді. Ол адамдар үшін адамдар туралы жазды» [147, 7 б.] – деп бағалайды ақын Сағынғали Сейітов. Шындығында да, Тайыр Жароков – қазақтың маңдайына біткен талантты ақын.

Жаңа кеңестік дәуірде ерекше шабытпен, көтеріңкі леппен жырлаған ақынның түрлі тақырыптағы өлеңдерінен қарапайымдылықтың, сезімталдықтың, кішіпейілділіктің іздерімен қатар ерліктің, батылдықтың, ержүректіліктің, соған қоса адалдық пен ақжүректіліктің белгілерін анық байқауға болады.

Талантты Тайыр ақынның әдебиет әлеміне ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында, 30-жылдарының басында келгендігі белгілі. 1927 жылы «Ақындар шашуы» атты жинақта ақынның алғашқы «Күлімдейді күміс күн де» атты өлеңі жарық көреді. Одан кейін 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының бірінші санында «Аэроплан» өлеңі жарияланады. 1932 жылдан бастап ақынның алғашқы кітаптары жарыққа шыға бастады. 1932 жылы «Жұлдыз жарығы» өлеңдер жинағы, 1933 жылы «Коммунизм таңында» поэмасы, 1933 жылы «Нефтьстан» поэмасы, 1934 жылы «Мотор жыры» өлеңдер жинағы, 1934 жылы «Өмір сөйлейді» өлеңдер жинағы, 1934 жылы «Күн тіл қатты» поэмасы, 1935 жылы «Мұз тұтқыны» поэмасы жарық көреді. Көркемдік-әдеби маңызы зор кітаптары арқылы кеңінен таныла бастаған ақын қалың оқырманның жүрегінен елеулі орын алады.

6.2 Заман жыршысы, дәуір тынысы, сезім сырлары, көсемсөз көкжиегі

Ақынның өлеңдер шоғырының өзгеше ұйқас, жаңаша тақырыпқа құрылған негізгі бөлігі, оның шығармашылығының алғашқы жылдарында туған «Еңбек дабылы», «Мотор жыры», «Бесжылдықтың балғасы», «Миллион толқын», «Жаңа жыр», «Күлімдейді күміс күн де», «Алтын дән», «Мен Октябрь ұлымын», «Қызғалдақта пионер», «Қызыл әскер», «Таймаймыз», «Сауатыңды аш», «Коммунизм таңында», «Болат балға», «Қарқын», «Ленин құрылыста», «Ембі екпіні», «Май толқыны», «Колхоз даласында», «Қызыл қырман», «Социализм үшін», «Өмір сөйлейді» өлеңдері заман ағымымен елімізге келген тың өзгерістер, өндірістегі жетістіктер, еңбекші елдің жай-күйі, еңбек еркіндігі, теңдік, бостандық тұрғысында сыр шертеді.

Мың мың қолдар, миллион милар,

Милар миллион қимылда.

Миллион толқын

Толқын миллион,

Толқындата,

Қимылда!

Мың-мың қолдар, миллион милар,

Толқындата қимылдап,

Жаңа өмірді,

Жасап нұрлы,

Өсті мәңгі,

Мың-мыңдап! [142, 146-б.].

(«Миллион толқын»)

Ерекше пішінде, өзгеше ұйқасқа жазылған бұл өлең ақынның жаңашылдығын, шеберлігін, талантын таныта түседі. Тайыр ақын осы бағыттағы жыр жолдары арқылы әлем бейнесін, Қазақстан келбетін, оның даму жолындағы атқарып жатқан келелі істерін, өнеркәсіп, зауыттағы жаңа

толқынды сипаттап, нұрлы күнге қол жеткізген халықтың білім алуға, еңбек етуге деген құштарлығын әсерлі жеткізеді. Қазақ ерлеріне жігер беріп, майдан төрінде елі үшін, Отаны үшін жанын қиюға, кескілесе қимылдап, туымызды аспандатуға күш салады.

Қоздап аққан, жауды атқан,

Біздің құрыш, қорғасын!

Аттан халық,

Талқандалық! –

Фашизмнің

Ордасын!

– деп ұрандатқан рухты ақынның азаматтық үні айқын, ұлтжандылық қасиеті мығым, ұлттық болмысы жоғары.

Ақынның кеңестік заман орнатқан өмір көріністерін мадақтап, жаңа кезең әкелген жетістіктерді дәріптеген туындыларының ішінен көпшілік қауымның жандарына жақын қабылдағандары – «Бес жылдықтың балғасы» (1931), «Миллион толқын» (1931-1936) шығармалары еді. Идеялық мазмұны ерекше, көркемдік дәрежесі биік, мақсаты айқын бұл өлеңдер сол кезең әдебиетіндегі қазақ поэзиясының елеулі жетістіктерінің қатарынан орын ала білді.

Терең мазмұнды жырларымен жұртшылыққа тұшымды ой сала білетін ақын халықтың жанына жақын мәселелерді қозғауға тырысады, ойларында жүрген сауалдарға жауап іздегісі келеді. Бар ынта-жігерін білім мен ғылым жолына сарп еткен, ұлтын надандықтың құрсауынан босатуды мақсат тұтқан ақынның халқын оятуға арнаған жалынды жырлары да баршылық. Ақын заман ағымына сай әрекет етіп, білім мен ғылымның жолына түсіп, басқалардан озық болуға үндейді.

Ғасыр бойы тұман басқан,

Мұңдыларды мұнар басқан.

Жұмысшы тап теңдік алып,

Көзін ашқан, ұрандасқан!

Білімге көп қаптап қаулап,

Аттанды жұрт сансыз саулап,

Сауатыңды аш!

Ұран сала,

Тауға самғап, өрттей лаулап! [142, 26-б.]

(«Сауатыңды аш»)

– деп ұрандата жырлаған ақын надан адамның күйін қалың тұман арасында адасып қалған жанмен теңестіреді. Сауатыңды ашу, сана-сезімді ояту, жаңа өмірге бет бұру, алға қарай қадам жасау өмір жолыңды түбегейлі өзгертіп, нұрландыра түсеріне сенеді.

Талантты ақынның 1938 жылы латын әрпімен жарық көрген «Отан дауысы» өлеңдер мен поэмалар жинағында оның «Көмір күйі», «Сталин сұңқарлары», «Ән салсам», «Жаңа жыл жыры», «Сайрады қазақ даласы», «Заң», «Мәскеу», «Шыңға атқан оқ», «Дауылда туған қыраным»,

«Жамбылға», «Таудағы үйшік», «Отан дауысы», «Шекара», «Пушкинді көргенде», «Алтын дала», «Жырла, бөбек», «Теңізге», «Қысқы ертеңгілік», «Қысқы кеш», «Жаңа орда», «Есімде», «Алдағы өмірде» сынды бірқатар туындылары енгізілген.

«Алдағы өмірде» өлеңінде 1962 жылдардағы қоғам ахуалын, заман күйін сипаттаған ақын табиғаттың уақыт өте келе адам қолына үйреніп, игеріле бастағанын, жол салынып, электр жүйесінің орнатылып жатқанын жырға қосады. Ақын ел болашағының жарқын боларына кәміл сенеді, тау төріне салынып жатқан зәулім үйлер мен курорттарды, жайқалған жасыл желектерді, тау басында қырандай самғаған аэропланды, көрсе көз тоймастай гүлденген бау-бақшаны тілге тиек етеді.

Түлеген алтын даланың,
Айдай күміс алабын, -
Тәтті жырға тербетіп,
Өлеңді өрге өрлетіп,
Толқынға ойды жүздірсем,
Қияға қанат серметіп,
Қиқулай әнге саламын.
Әнім мен ащы ұрандай,
Құздан ұшқан қырандай,
Дауылдан туған баламын! [158, 73 б.]

(«Алдағы өмірде»)

– деп туған жерімен, елінің ұлан-ғайыр даласымен, қазба байлығымен, әсем табиғатымен мақтанған ұлт перзенті атамекенді қастерлеп, жер-ананы қадір тұту керектігін кейінгі ұрпаққа жеткізгісі келеді.

Сыршыл ақын «Күн батарда», «Көктем», «Бала қайың», «Көктемгі найзағай», «Күз көріністері», «Суретші күз», «Қыс», «Таң шапағы», «Күн шықты», «Қыр бораны», «Жазғы кеш», «Алтын дала», «Есік көл», «Жасыл орман, жас терек», «Ембі екпіні», «Жаз», «Күз», «Көк арша» өлеңдері арқылы табиғаттың ғажап күйін, тылсым көріністерін шебер суреттейді. Кей тұста табиғаттың жанды бейнесін тамсана сипаттап, кейде сол арқылы өзі өмір сүріп тырған дәуірдің шынайы келбетін, заманға деген көзқарасын, көңілін танытқысы келеді.

Тайыр ақын жаратылыстың сан түрлі құбылыстарын, жаздың жайдарлы да жаймашуақ күндерін, сұр бұлт төнген, түсі суық тұманды күзін, қыстың сақылдаған сары аязы мен ақ мамық қарлы күнін, жер жүзін жасыл көрпемен қымтап, құлпыртқан көктемнің ерекше сұлулығын шабыттана жырға қосады.

Көтерілсе аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп,
Жерге інжу шашқандай
Күміс моншақ шық түсіп,
Тау басына, бусанып,
Бозғыл тұман оралып,

Тентек толқын шу салып,
Өзені мың бұралып,
Мәуе пісіп балбырап,
Маужыраған қоңыр күз [142, 608-б.]

(«Күз көрінісі»)

– деп келетін «Күз көрінісі» өлеңінде ақын күз мезгілінің көз тартарлықтай әсем табиғатын жыр жолдары арқылы әдемі өрнектейді. Ақынның келісті тіркестері бұлтты күздің самал желінің екпінімен үзіліп түсіп, жарыса аунаған сары жапырақтарды, сыбдырлай жауған ақ жауынды, жемістері нарттай қызыл мәуелі алмалы бақты, атырапты тегістей алтын өрнегімен көмкерген, бау-бақшаны мың түрлі бояуға малындырған суретші күзді көз алдына әкеледі.

Тайыр ақын өз өлеңдерінде табиғаттың сұлу көркін, айналасына шуақ шашқан Күн нұрын, арайлап атқан таң шапағын елдің тыныштығымен, халықтың еңбегімен, татулық бірлікпен байланыстырса, бұлт торлаған аспан кейпін, ызғарлы аяздың, боранды қыстың қаһарын қоғамдық өзгерістермен салыстыра қарайды.

Адам мен табиғат – күллі поэзияның нысаны әрі өзегі. Әсіресе сыршыл лирикада табиғаттың алуан түрлі құбылыстары, мезгілдің сан қыры, әрқилы тәсілмен жырланып, көркемдегіш құралдармен көмкеріліп, ерекше көркем бейнеге айналатыны сөзсіз.

Тайыр да туған жерінің сұлулығын, қазба байлығын, көз тартар көркем табиғатын, қазақ халқының қайсарлығын, ұлтымыздың ұлттық болмысын, бар қадір-қасиетімізді «Алтын аймақ» өлеңінде шебер суреттейді. Туған анасын «тау қыранына», өзін «жас қыранға» теңеген ақын бар жылуын, мейірімін арнаған, ұлының ержеткенін көре алмай көз жұмған анасының ақ сүтін ақтауды мақсат тұтады. Қорғанынан айырылған жас қыранның ендігі жерде қолдаушысы, сүйенері – туған елі, қазақ жұрты.

Баулыған мені де елді тау қыраны,
Туған ел – сүйерім де, құшарым да!
Кім айтар, мені қазір анасыз деп?
Кім айтар, туған елді панасыз деп?
Бұрынғы құлазыған қу даланы,
Кім айтар, өндіріссіз, қаласыз деп?
Кім айтар, қазір бізді көшпелі ел деп?
Кім айтар өмір бойы көшкен ел деп?
Қараса көзін ашып аймағыма,
Кім айтпас бізді бүгін өскен ел деп? [142, 425-б.]

(«Алтын аймақ»)

– дей келе автор еліміздің кенге толы жерлерін, көркіне көз жетпес Алатау шыңдарын, мұнайы атқылаған Ембіні, алтынынан ай ұялған Алтайды, мысы бұлақ боп аққан Балқашты, көмірі қайнаған Қарағандыны, құрышы көз тартатын Теміртауды, нарттай қызыл алмасы бар Алматыны, көрікті Көкшетауды жырға қосады. Өзге ұлттардан ерекшеленер, қазақ халқы ие

қасиеттерді, ән мен жырға құштарлықты, сөзге шешендікті, найза алып жауға қарсы шығар батырлықты, қонақжайлықты, бауырмалдық пен татулықты мақтана сөз етеді.

Туған елінің кең байтақ даласын, ұлан-ғайыр атырабын жырлауға құштар ақын «Костер басындағы әңгіме» өлеңінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған ел ұландарын сөйлетеді. Әр азамат өзі шыққан мекенінің сұлулығымен, байлығымен, жаңалығымен бөліседі. Біреуі Қарағандының көз тартардай жасарып, сәнді қалаға айналғанын, көмірдің ісі ілгері басқанын жеткізсе, енді бірі Жезқазған мысының атағы елге тарағанын, қаланың күннен күнге жайнай түскенін жарыса айтады. Теміртаулық ұлан темірді қайнатып, құрышты отқа қақтаған, болатты балқытқан күш-қуаты мол ерлерімен мақтанса, егіншінің баласы алтын толқындай жайқалған қызыл бидайымен, жылқышының жеткіншегі үйір-үйір жылқысымен масаттанады. Алматының ұланы асқан сұлу қаласымен, дәмі тәтті бал шырын, нарттай қызыл алмасымен, әсем ғимарттарымен, көрікті Алатауымен мақтана тіл қатады. Ақынның бұл өлеңінің басты кейіпкерлерінің әрбіреуі – өз туған жерлерінің түлегі, елінің атын шығарар, көркейтіп жандандырар ел ұландары.

Ақынның бірқатар өлеңдері махаббат тақырыбына арналған. Өлең өрнектері сезім иірімдеріне толы, әдемі өрілген. «Сүйгенім», «М...ға», «Жүрегің лүпілдеген», «Грузин қызы», «Қыздың тамшы көз жасы» секілді өлеңдерінен махаббат ұшқынының, шынайы сүйіспеншіліктің іздері анық байқалады. Тайыр ақын махаббатқа сенеді, шын ғашық болудан артық бақыт болмайтынын ұғындырғысы келеді.

Сүюге сезім оянып,
Жүректі үнсіз ұғындық.
Жалғансыз жаннан леп есіп,
Жүрек пен жүрек тілдесіп,
Шыдатпай нәзік сезімді,
Көңіл күйі келгенде
Төзе алып па ем бермеуге,
Өзіңе бүкіл өзімді [142, 245-б.]
(«Сүйгенім»)

– деп жырлаған ақын махаббатты сөз бен іске бағынбас құдіретті күшке теңейді. Нәзік сезімді, үнсіз жүректі, ұшқын атар жанарды, риясыз күлкіні сипаттау арқылы ғашықтық сезімнің көріністерін көз алдыға жайып салады. Сүйген жанымен кездесулерін, жүректері тілдескен, жанарлары үндескен сәттерін тамаша жеткізеді. Ақын жүрегіне ұялаған қыз бейнесі нағыз қазақ қызына тән сымбатымен, шынайылығымен, табиғи сұлулығымен, жағымды қылығымен ерекшеленеді.

Алайда Тайырдың қытығына тиген өзі «жанды қуыршақ» атаған қыздардың сыртқы түр-әлпетін, жүріс-тұрысын дәл сипаттап, жасандылықтың сырт көзге ерсі көрінетіндігін айтып, қаракөз қарындастарына, қазақтың сұлуларына ой салғысы келеді. Кинодан

кездейсоқ көріп қалған шашы шөмелей, көзінің айналасы көмірдей, кірпігі садақтай, бетін бес елі бояумен жапқан қыздың бейнесін жасаған ақын ойын ашық айта алмай ашынады. Жасандылықтың жараспас қылық екенін ұғындырғысы келген ақын:

Өз келбетің мың есе
Сұлу күллі бояудан.
Өз жүзіңнен немесе,
Бояу сұлу дей алман!
Сұлулықты жан ылғи
Бояп қолдан жасар ма,
Өз көркіңнен табиғи
Жалған бояу асар ма?
Сырды неге сыбадың
Ұнат, мейлің ұнатпа?
Дегім келді, - шырағым,
Дей алмадым бірақ та! [159, 28 б.]

(«Бір қыз көрдім»)

– деп түйін жасап, іштей тұншыққан шындықты өлеңі арқылы жария қылады. Табиғи сұлулық – жанның, тәннің сұлулығы екендігі ақиқат десек, өз жүзіңді бояумен көмкеріп, көркімді асырам деп ойлау қате пікір. Ақынның да айтар ойы осыған саяды.

Тайыр ақын шығармашылығының бір бөлігін оның балладалары құрайды. «Алтын дала», «Алдағы өмірде», «Қордай тауы туралы аңыз», «Жырла бөбек», «Махамбет туралы аңыз», «Алтын ұя», «Құрыш құюшы», «Қазақ қызы», «Сұр құлын» аталатын балладалар сан түрлі тақырыптарды, қилы оқиғаларды баяндайды. Ақын қаламынан шыққан балладалардың көлемі шағын болғанымен, мазмұны терең, жеткізер ойы анық екендігі байқалады.

«Қордай тауы туралы аңыз» балладасында қарт Қордай тауының әсем бейнесін, қысты күнгі көрінісін, жазғы егінін, күзгі жемісін, сүйір шың тастарын, аң-құсын шабыттана сипаттай келе, таудың сол атырапты мекен еткен, даласын жаудан қорғап, қалмаққа бұйра жалды арыстандай қарсы тұрған Қордай батырдың есімімен аталғандығы туралы аңызды айтып өтеді. Жау қызына ғашық болып, еліне алып қайтқан Қордай батыр сұлудың сиқырына арбалып, қыздың қолынан уланып қаза табады.

Ақын бұл туындысында да өзіндік тың сөз қолданыстарымен, көркемдегіш, айшықтау құралдарын кең түрде пайдалана алуымен ерекшеленеді.

Жарқырап жарып шыққан, қызыл қайнар,
Өрт түстес, қанды бұлақ қос құлашың
Секіріп, ыршып құлап таудан ақса,
Еліктей орғып ойнап тастан атса,
Бұйра алтын, өрттей заулап салқын толқын,
Сәлеммен алма ағаштың қойнын ашса [159, 154-б.].

(«Қордай тауы туралы аңыз»)

Осы секілді біріне-бірі ілесе жарысқан өлең жолдары тылсым табиғатқа жан біткендей әсер қалдырады. Одан әрі ақын қос қайнарды «егіз қозыға», Тарбағатай тауын «өркеші шөккен нарға», қарлы шыңын «сауыт киген батырға» теңесе, Қордай батырды «бұйра жалды арыстан», «басқан ізі ордай көкжал» бейнесінде суреттейді.

Отыз жыл кейінгі өмірді болжаған «Алдағы өмірде» балладасы ақынның шексіз қиялына, болашақтан зор үміт күткен, жақсылықты ғана көксеген жанның сеніміне толы. Заманның түбегейлі өзгергенін, техниканың дамып, табиғаттың гүлденгенін, зәулім үйлер, әдемі курорттар қаз-қатар тізілгенін елестетеді ақын. Ескі өмірді артта қалдырып, осы күнге жаңа көзқараспен қараған ақын-кейіпкер бейнесін жасайды.

Тайырдың «Алтын дала» балладасы Қазақстан елінің ұлан-ғайыр атырабын, шет қиыры шексіз даласын, айдай күміс алабын, асқар шыңдарын, телегей теңіз, мөлдір көлдерін өлең ғып өреді. «Құздан ұшқан қырандай, Дауылдан туған баламын» деп жігері жалындаған ақын қаламына қанат қаққызып, ақ қағазға халық тілегін сайратады. Алтын далаға алыстан көз тастаған ол өткен өмірді ойға түсіреді, жиырма жыл бұрынғы хан, патшаға құл болған, ескі заманның мұңды күндерін еске алады. Бүгінде жаңа күннің нұрына жылынған халықтың бақытқа бөленуі қазақ даласының гүлденуі, қазыналы жеріміздің қара алтыны, тасқындаған мұнайы, толқыны ұрған қарт Каспийі құлазыған жанын тыныштандырады.

Халқымның бүгін бақытты

Анасы мен баласы.

Көктің алтын айындай

Гүлденген қазақ даласы.

Көлдей күміс көлкіген –

Ақ мақтаның аясы.

Сұлу өзен. Гүлді орман,

Төрт түліктің саясы [159, 158-б.]

(«Алтын дала»)

Ақын көркемдік бояуларды бұл тұста да шебер қолдана біледі. Қазақ даласын көктің алтын айына теңеуі, ақ мақтасын көлкіген күміс көліне, мәуелеген миуаны сұлудың аппақ жүзі ретінде тануы да ақын тапқан поэтикалық бояулар. Автор «алтын дала», «алтын ай», «алтын сәуле», «тәтті өмір», «тәтті жыр», «сұлу өзен», «гүлді орман», «еркін ел» сынды тіркестерді де ұтымды пайдаланады.

Асқақ рухымен, жалынды жырымен, ел теңдігін, халық азаттығын көксеген жерлес ақын Махамбет Өтемісұлы тұлғасын тереңнен толғаған ақын «Махамбет туралы аңыз» балладасын жарыққа шығарады. Жәңгір хан өктемдігін асырып, еңсесі түскен қарапайым халық ашынған заманда, Нарын құмында, ел игілігі үшін туған ер Махамбеттің өр рухы жырдан айқын көрінеді.

«Тас тескен оғы да оқ, сөзі де оқ, Жауына болды атылған өзі де оқ» Махамбет ақынның батыл тұлғасы, өткір сөздері, азаматтық бейнесі жырда анық көрініс табады. Халқына еркіндік алу үшін Исатайды серік етіп, қалың жасақ құрып хан ордасына қарсы шыққан батыр елін сүйсіндіреді. Жауына еш тапжылмастан оқша атылған аңғал ер ханның жалған сөзін қабыл көріп, қарулы жаудың астында қалады. Аз нөкерімен Жайыққа өткен Махамбет батыр жүрегінде ханға деген кегі сол күйі қала береді. Баймағанбет сұлтанның кесірінен оққа ұшқан Исатай ағасынан айырылған ақынның жаны жараланады. Ақыры қудалауға ұшыраған батыл ер хан-патшаның қолынан қаза табады.

Махамбет өлді. Күндей батып кетті.

Ішінде кегі тастай қатып кетті!

Ер өлді. Бірақ, оқтан өткір сөзі –

Өлтіріп хан, патшаны атып кетті! [159, 186-б.]

(«Махамбет туралы аңыз»)

Бұл – Тайыр ақынның ер жүректі Махамбеттің мағыналы ғұмырына жасаған ақырғы түйіні, соңғы нүктесі. Махамбет сынды «халқым» деп еңіреген ерлердің өзі өлсе де, еліне жасаған жақсы істері, мәнді сөздері мәңгі есте қалатынын жеткізгісі келеді ақын. Автор асыл ердің азаматтық тұлғасын анық көрсетуде келісті теңеулер қолданады. Махамбет ерді «халқының күйған құрыш көк қалқанына» теңесе, «найзасы найзағайдай жарқ-жүрк ойнап», «қабағын қара бұлттай ашу керіп», «үстінен жатты қардай оқ та борап» теңеулері батырдың нағыз батыл қасиеттерін айшықтайды.

Ақынның «Қазақ қызы» балладасы – ер серігіне айналған, қылықты әрі ибалы, сұлу да сымбатты қазақ қыздарының болмыс-бітімінің дәлелі.

Жалтарғансып жалтақтамас,

Жұрт алдында жыртақтамас,

Көрінгенге көзін сүзбес,

Көз көргеннен күдер үзбес,

Ару қыздар сыр сақтағыш,

Сынық мінез сын тақпағыш [159, 175-б.]

(«Қазақ қызы»)

– деп қазақ қызын қастерлеген ақын, махаббат символдарына айналған ару қыздарды жырға қосады. Махаббатқа теңдік іздеп, тау-тас кезіп, ғашығымен бірге көз жұмған Еңліктің сезім отына өртенген, сертіне берік, махаббатына адал Баян сұлудың, батырына күш беріп, жауға қарсы жұмылдырған Қобыландының асыл жары Құртқаның, ұл мен қызын әлдилеп, салтты санасына сіңіре білген ел анасы Қараүлектің әйелге тән нәзіктігімен қоса, ер-азаматына қолдау білдірер батылдыққа ие болуы нағыз қазақ қыздарына тән қасиет екендігін аңғартады. Одан әрі Тайырдың да осы көшке ілескен, майдан жылдары айқын ерлігімен, қайтпас қайсар мінезімен тарихқа өшпес із қалдырған қаһарман қыз Мәншүк Мәметова образын шебер суреттейді. Жерлес қарындасының суретін сөзбен жеткізе білгендігі соншалық Мәншүк портреті көз алдына ап-анық келе қалады.

Қара қасы – қара сүлік,
Мөлдір жұлдыз – көз қарасы,
Қара жібек толқын шашы,
Жауырынын жаба құлап,
Бейне аққандай таудан бұлақ.
Қос бұрымы ширатылған,
Мықын қаға шұбатылған,
Жұқа ерні – гүлше ашылған
Күлсе – аузынан нұр шашылған,
Көп күлкіге емес алаң,
Мінезі ұяң, сөзге сараң.

Мәншүктің майдан даласына баруына түрткі болған батыл жүрегі, қаймықпас қайсарлығы ғана емес, елін сүйген, халқына қорған болғысы келген адал ниеті, соғыс шебінде, қарша бораған оқ астында жүрген жауынгерінен алған хаты еді.

Асыл азаматының хатымен танысқан қыздың бетіне қан жүгіріп, майдан ішінде дұшпандарына қарсы оқ жаудырып, кегін қайтарғандай күйге бөленіп, көптен бері жанын жегідей жеген ойының түйінін жасайды. Тізбектеле өтіп жатқан мыңдаған отарбаларды күткен, көк қаруды құрсаңған сұр шинелді солдаттардың арасынан қара торы сұлу Мәншүк те көрінеді. Алға қойған мақсатынан айнымаған қазақ қызы жауға қарсы аттанады. Қоштасар сәттегі анасы Әминаның:

Қылышындай соққан кектің,
Ер Исатай – Махамбеттің
Кіндік кесіп, кірін жуған,
Жерінен сен едің туған...
Қан майданға дабыл қақтыр,
Дұшпаныңа өрен қаптыр!
Қалқаныңды қаға алмасын,
Атып жауға, ақ алмасым!
Жүректі еді қазақ біздің,
Білсін неміс қазақ қызын.
Қош бол енді, қош, Мәншүгім!
Сені ұмытпан еш, Мәншүгім!

– деген жүрегінен шыққан ақ тілегін ақын әсерлі өрнектейді.

Бізге белгілі Тайырдың «Қазақ поэзиясындағы азаматтық лирика туралы», «Ақын даңқы», «Бұдан отыз жыл бұрын», «Пленумнан кейінгі ойлар», «Ұлы ақын», «Қазақстан Жазушылар Одағының IV съезінде сөйлеген сөзі», «1952 жылғы қазақ совет поэзиясы», «Қазақ совет поэзиясының өркендеу жолдары», «Жамбыл жайында есте қалғандарым», «Кавказға саяхат» сынды мақалалары өрісі кең тақырыптар мен өрелі мәселелерді камтуға тырысады.

«Қазақ совет поэзиясының өркендеу жолдары» мақаласында кеңес тұсындағы қазақ поэзиясының даму жолдарына терең үңіліп, халық ауыз

әдебиетінің, жазба әдебиетінің тамырынан нәр алған Махамбет, Абай, Жамбыл секілді ақындардың патриоттық сезімдері сіңген, қынаптан суырылған қылыштай жарқылдаған жырларының құдіретті күшін таныта түседі. Қазақ поэзиясының көркем шыңы ретінде Абай туындыларын ала отырып, ақынның тіл шеберлігі мен нақышты сөз көркемдігін, ой оралымдарын үлгі тұтатындығын жеткізеді.

Қазақ поэзиясын өркендетуде ақындарымыздың орыс халқының классиктерінің, сыншы, жазушылардың өмір шындығын шебер сипаттаған асқан халықшыл шығармаларын үйренуден бастау алғандығы белгілі. «Ал енді екі ғасырдың өмір әлпетін толығынан көріп өткен қазақ поэзиясындағы саяси поэзияның бас уәкілі, жалынды халық ақыны Жамбылдың революциядан бұрынғы жырларына келсек, мұның сол бұрынғы кездегі жырларының өзі Сұлтанмахмұттың да, С. Дөнентаевтың да өлеңдерінен айрықша, ойы айқын, сөзі батыл, жолы ашық, патша өкіметінің қысымына да, хан мен байдың озбырлығына да ашықтан ашық қарсы шыққан» [19, б-б.] – деп жалынды Жамбыл ақынның өзіне ғана тән ерекшеліктерін, өлеңдерінің ұрпақ үшін маңызын атап көрсетеді.

Қаламгер одан әрі Кеңес үкіметінің жырын жырлап, мұңын мұңдаған, байларды мұқата, кедейді жақтаған, халыққа бақыт нұрын шашып, еркіндікке, теңдікке қол жеткізуге ат салысқан С. Мұқановтың қазақ поэзиясының жандануына қосқан үлесін айтып өтеді. Кеңес үкіметінің орнығуын, кедейлерге теңдік бұйырғанын, қараңғы өмірден жарыққа ұмтылып ұлтымыздың білімге қарай жол салғанын, әйел теңдігін, жер бөлісі мәселелерін жеткізе жырлаған Ә. Тәжібаев, Қ. Жұмалиев, Ғ. Орманов, С. Бегалин, Ә. Сәрсенбаев, Ж. Саин, Қ. Аманжолов, А. Тоқмағамбетов, Қ. Әбдіқадыров туындыларының оның ішінде саяси лирикаға толы жырларын, поэмалары мен өлеңмен жазылған романдары мазмұн жағынан да, түр жағынан да көркемдіктің нақты үлгілері қалыптаса бастағандығына айғақ бола алады. Тайыр өз ойын қорыта келе: «Қазақ Совет поэзиясы Октябрь революциясының орнаған алғашқы кезіндегі жаңа қанат қаға туған кезінен адам айтқысыз биікке құлаш ұра өсіп, идеялық жағынан, көркемдік жағынан, өмір шындығын суреттеу жағынан көп жетістіктерге жетті. Қазақ совет поэзиясы, ұлы орыс әдебиетінің ғажайып жақсы үлгілерінен үйрене отырып, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Шевченко, Горький, Маяковскийдің шығармаларынан үлгі ала отырып, үлкен совет әдебиетінің саласында, Советтер Одағындағы көп ұлтты туыс, қандас елдердің әдебиетімен бірге ұрандаса, қанаттаса өсті» [160, 7 б.] – деп түйіндейді. Тайыр ұлт жанашырларын қазақ поэзиясын гүлдендіруге жұмылдырып, халықтың тілегіне сай, жүрегіне жақын жырларды жарыққа шығаруға шақырады. Заманға сай, өмір шындығын, дәуір келбетін шынайы сипаттайтын сапалы шығармалар тудыру – ақынның басты талабы.

«Қазақ поэзиясындағы азаматтық лирика туралы» мақаласы Тайырдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ақындарының туындыларына деген көзқарасын анық көрсетеді. Сұрапыл соғыстың сұсты күндеріне қарамастан,

ақындардың жеңіс мүддесіне, Отан тілегіне елеулі үн қосуы, халқымызға демеу болып, майдан ортасындағы ержүрек ерлерімізге күш берерлік өлеңдерді арнауы қаламгер Тайырдың аталмыш мақаласының нысанына айналады. Патриоттық идеяны ту қып, өткір қаламды нық ұстаған ақындардың өлең жолдарынан үзінділер келтіріп, өзіндік талдау жүргізеді. Аударма өнерінің де қыр-сырына үңілген Тайыр поэзияны бір тілден екінші бір тілге аудару қиынға соғатынын, мазмұнын сақтай отырып, еркін аударма жасау қажеттігін ескертеді. Аударма жасаудағы басты міндет сапалық тұсына, көркемдік қырына, түп нұсқаға дәлдеп келтіру жағына бағытталуы керектігін де айтып өтеді. Ең бастысы, шығарманың көркемдік қасиетін қамтып, ақындық шеберлік пен сөз образдарын сақтап, логикасын анық көрсетуге тырысу қажет екендігін баса айтады.

Сол секілді қаламгер 1938 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Кавказға саяхат» очеркінде жыр алыбы Жамбыл ақынмен кездесу сәтінен сыр шертеді. «Жамбылдың Жамбыл аты ақындық жағынан ақ жамбыдай жарқырап жерді жара шықса да, ол кезде оның алдынан кес-кестеп қолын қысқарта берген кедейлік болды. Ол кедей болғандықтан оны бай, би, манаптар қорлап елемей, шетке қағып келді. Алайда Жамбыл сияқты жалындаған ақынның алтын сөзін халық қадірледі. Атақты Жамбыл ақынмен бір ұзақ сапарға шығып оның өлеңін естуге мен өте құмар едім. Соның сәті қашан түседі деп күттім де жүрдім» [160, 8 б.] – дей келе Кавказға сапар шеккен саяхаттарын, пойыз ішіндегі әсерлі әңгімелерін, жол үстінде туған жалынды жырларын, қозғаған өзекті мәселелерін ашық айтады. Ақынға ерекше шабыт сыйлаған, көңіліне жылу ұялатып, өмірді сүре түсуге түрткі болған естеліктерімен бөліседі.

Тайыр ақын екі ғасыр келбетін көзбен көрген Жамбыл Жабаев хақындағы ой-толғанысын 1955 жылы жазылған «Ұлы ақын» мақаласында жалғастырады. Тайырдың сол кезеңдегі қазақ әдебиетін, ұлт жанашырларын, еңбек жеңісін, өрлеу жолындағы жетістіктерімізді сипаттайтын түрлі бағыттағы ой-пікір, мақалалары тіршілік тынысын, заман мүддесін анық жеткізе білді.

6.3 Поэмалары: тақырыбы мен-идеясы, көркемдік ізденіс

Тайыр ақын қазақ әдебиетіндегі өзіндік қолтаңбасымен, жаңашылдығымен ерекшелене отырып, поэма жанрының өркендей түсуіне де септігін тигізеді. Ол өзінің «Айқасу», «Күн тіл қатты», «Мұзды мұхит аңызы», «Тасқын», «Шекарада», «Нарын», «Мұз тұтқыны», «Нефьтстан», «Қара мұртты Қаплан», «Астық», «Зоя туралы жыр», «Қаскелең түліктері», «Жапанды орман жаңғыртты», «Құмдағы дауыл», «Тасқынға тосқын», «Қырда туған құрыш» поэмалары арқылы қалың оқырманның жылы ықыласына бөленіп, қаламының ұшқырлығын, ойының жүйріктігін таныта түседі.

Ақын поэмаларының ішінде «рухани жеңіс» ретінде бағаланған, мазмұны да, идеясы да, тақырыбы да тың әрі ерекше туынды – «Күн тіл қатты» поэмасы. Тайыр шығармашылығын зерттеуге өз үлесін қосқан Қ. Жұмалиев: «Ақынның «Күн тіл қатты» поэмасы – қай жағынан болсын, ақынның тұрғысын түгел бейнелейтін шығарма. Поэмада ақынның Ұлы Отанына деген зор махаббаты да, коммунизм қоғамының негізіне жас өмірлерін кірпіш етіп қалаған адам ерліктері де, айтуға тіл жетпес заманымыздың романтикалық қуаты да, бүгінгі ғана емес, келешектегі совет адамдарының жер, көкті бағындырып, өз ырқына көндіреттік құдіреттей күші де таңдандықандай болжампаздық, шексіз сенім, асқақ ерлікпен жырланды» [148] – деп топшылайды. Поэмада елін сүйген жас қыран азаматтардың аспан әлеміне жасаған жорығы, Васенко, Федосенко, Усыскин сынды батыл ұшқыштарымыздың тарихи ерлігі баяндалады. Жиырма екі мың метр қашықтыққа көтерілген қырандардың нұрлы күнмен тілдесуі, жердегі адамзат баласының жеткен жетістіктерімен бөлісуі, болашаққа деген сенімі нық, бағыты айқын болуы сипатталады.

Заман ағысымен келген күшті лептің әсерінен халықтың алтын көмбе тауларды аударып кенді бағындыруы, электрден жарық жаққызып, темір жолдар салып, шыңыраудағы мұнайды өндіріп, қара тас, көмір, қалайыны балқытып еңбекке араласуы поэмада мақтаныш сезімімен жеткізіледі.

Кең көлемде эпикалық сипатта жазылған бұл поэмада суреттелген қарулы, жалынды жастардың өр бейнесі, болмыс-бітімі, қайратты сөздері сол кезеңнің оқырмандарын ғана емес, әлі күнге дейін елін сүйсіндіріп, жастарға қуат беріп, шабытты сезім сыйлайды.

Поэманың мазмұндық, көркемдік ерекшеліктеріне зер сала қарасақ, ақынның жаңашылдығы, ерекше стилі анық байқалады.

Қиқу салып құзға ұшқан,
Құздан суық мұзға ұшқан,
Мұздан биік бұлтқа ұшқан,
Бұлттан биік көкке ұшқан,
Қарулы қыран кім еді? [161, 57 б.]

(«Күн тіл қатты»)

– деп айрықша екпінмен басталатын өлең тармақтары градацияға толы, бірінен соң бір оқиғаны дамыта, бір ойдан екінші ойды асыра жырлаған ақын поэманың шешіміне дейін ерекше қалыпты сақтап қалады. Кейіптеуді де шебер пайдалана білген автор нұрлы Күнге жан бітіріп ұшқыштармен сөйлестіреді:

- Аспан аспан болғалы,
Толғатып күн туғалы
Маңыма ешкім келмеген,
Бұл кім бүгін өрлеген? –
Деді, алтын күн қыранға.

Бұл тілдесу әрі қарай жас қырандай азаматтардың монологымен жалғасады. Ұшқыштардың әңгімесі жер бетіндегі тың өзгерістер мен

жетістіктерді бір-бірінен асыра, дамыта бейнелеуге құрылады. Осы тұста ақынның шексіз шеберлігін, шалқар шабытын айқындайтын сөзді суреттеулер, әдемі теңеулер көзге түседі. «Желектей желпіп желінді», «Желқомдай жыртым жерінді», «Түбіттей түтіп бұлтыңды», «Таспадай тілдім толқынды», «бұлқынған бұлттай буларың», «бұлтқа жүзген балықтай» жолдарындағы желектей, желқомдай, түбіттей, таспадай, бұлттай, балықтай теңеулері автор қолданысындағы тың теңеулердің қатарына жатады әрі оңтайлы өрнектеледі.

Табиғаттың күш алып, көк аспанның алай-дүлей күйге еніп, ышқына жел ескенін, сендей соғылған бұлттарды, бұрқанған боранды суреттей келе:

Бірде бұлтқа тығылып,
Бірде қыран шығынып,
Бірде допша домалап,
Бірде бұршақ сабалап

– деп қайталауды қолданып, шұбыртпалы ұйқаспен шалықтатып өлеңнің берер әсерін күшейтіп, көз алдына астан-кестен болған көк аспанды әкеледі. Жаңаша серпіліске таң қалған күннің өзі ұшқыштардың ерлігіне бас иеді, ұырандардың жеңімпаз болғандығын мойындайды. Ақынның бұл поэмасы адамның ой-санасы қолдан келмес әрекетке де жол тауып, көз жетпес шыңдарды да бағындыра алатындығына дәлел бола алады.

Тайырдың 1934 жылы жазылған «Айқасу» поэмасы байларды кәмпескелеу кезінде өршіген таптық күрес пен ауыр еңбекке төселген қарапайым халықтың күнделікті тұрмысынан хабардар етеді. Жалаң аяқ, жалаң бас байдың есігіндегі малайы болып жүрген Балабастың кәмпескелеуден кейінгі өмірі көрініс табады. Төрт түлігі үшін арнайы салынған, іші жап-жарық тас қорасында малдарын жайлап жүрген Балабас пен Кенжеғаным бұған дейінгі байларға күң, құл болып, үсіп-шашырап жүрген қиын күндерін ұмытпақ емес. Ендігі өмірлерін егін егіп, мал бағуға, маңдай терлерін төгіп, өздері үшін ғана еңбек етуге арнағандарына қуанады. Бұл да сол кезеңде байдың күші кетіп, кедей мен еңбекші қарапайым халықтың күні туғанының айғағы бола алады.

Автор одан әрі боранды күні орын алған оқиғаны баяндайды. Кезінде дәулеттері тасып тұрған шақта билігін жүргізген, әмір етіп құл ұстаған екі адамның қудалауға ұшырап, кәмпескелегеннен кейінгі жағдайы сипатталады. Олардың ойында бір кездері құл болған Балабастың бүгінгі хал жағдайы екендігі айқын. Колхоздың өскенін көре алмай жаны қиналған Күзембай Балабастың кер атын қолды қылып, арам ойын іске асырмақшы ниетпен әрекет етеді. Алайда оқыс дыбысты есітіп қораға келген Балабас олардың үстінен түсіп, жан бере айқасады. Балабас жеңіске кенеліп, ауылдық кеңестің шешімімен қос бөлтірік қалаға айдалады.

Бұл тартысу, күресу
Емес құр күш байқасу.
Бұл бай өшу, ел өсу,
Бұл да таптық айқасу.

Жарғақ құлақ жастыққа
Тимеу керек күн сайын.
Таптық күрес күшейсін
Сағат, минут, күн сайын [161, 52 б.]

(«Айқасу»)

– деп ұрандатқан ақын Балабастың басынан өткен оқиғаны суреттей отырып, сол дәуірдегі қоғам сипатын, байлардың құлдырап, еңбек адамдарының, қарапайым жұрттың жаңа күнге аяқ басқандығын жария етеді.

Тайыр ақын бұл поэманың да көркемдік бояуын қанық ету мақсатында теңеулерді мейлінше кең пайдаланады. Поэманың өн бойында «ақ мұхиттай», «Талғардың шоқысындай», «арыстандай», «ақ аюдай» сынды теңеулер кездесіп отырады. Автор Балабастың кер атын сипаттау кезінде шабытқа ерік беріп:

Қос садақтай шаншылған
Тас төбеде құлағы,
Құйған болат секілді
Дөп-дөңгелек тұяғы.
Шодырайып түйілген
Тау жырындай қабағы,
Аңғалақтай көзінің
Шоқтай жанған жанары

– деп келісті теңеулерді өлең мазмұнына сай әсем қиыстырады. Сюжеттің басталуынан соңғы шешіміне дейін кезектес ұйқасқа құрылған поэмадағы оқиғалар да қатарласа, тізбектеле сипатталады.

Тайырдың 1941 жылы жарыққа шыққан «Қара мұртты Қаптан» поэмасы – Ұлы Отан соғысы кезінде ашынған халықтың ащы зарынан, ызакегінен туған туынды. Қаптан есімді қырықтың бесеуін еңсерген өр тұлғалы азаматтың майданда жүрген ұлы Қайраттан келген хаты оның қанаттанып, дұшпанға қарсы шығуға жігерленуіне себепкер болады. Қан майданның арасында тайсалмастан жаумен алысқан азаматтың хатынан жауынгерлердің жеңіске деген үміті, дұшпанға деген кегі, еркіндікке деген құлшынысы сезіліп тұрады.

Құйылған құрыштайын қызыл жасақ,
Жеңімпаз, жаудан қайтпас біздің жасақ:
Айқаста, тек мен емес, жауынгерлер,
Фашисті қиратуда, ойран жасап!
Түсірмей жеңіс туын күн-күн қолдап,
Еңбекте ер болыңдар атақ алған!
Жауды жеңіп, ұлы тойда жолығармыз, -
Хат жазған Қайрат балаң қан майданнан [161, 157 б.]

(«Қара мұртты Қаптан»)

– деп тебіреніп хат жолдайды жас жауынгер. Ұлының сөздерінен күш алған әке тілегі де айбынды әскер өнерін үйреніп, соғыс даласына аттанып, жаудың туын жығу еді. Әскелерше сыптай киініп, қару-жарағын қолына алып,

жалынды халық жасағының қатарына қосылған жүректі Қапланның батылдығы әрбір қазақтың қанында бар қасиет екендігі сөзсіз. Халық ішінде атамекенін жаудан қорғау үшін майдан өнерін үйреніп, халық кегін қайтару үшін қанды соғысқа аттануға бел буған Қапсан ғана емес еді.

Қапсан емес бір ғана,
Мінді халық қаһарға.
Көрмеген жауға бас ұрып,
Дұшпанға кегі ашынып,
Сүйікті Отан, елі үшін,
Туып өскен жері үшін!
Атой салып аттанып,
Ажал оғын жауларға
Тұтандыра толғады.

Халқын сүйген, ұлтының болашағын ойлаған, келешек ұрпағының қамын жеген нағыз қазақ азаматтарының болмысы осы тұстан нақ көрінеді. Автор әр қазақтың ойын, көксеген мүддесін түсіне білді, өзінің тілегін халықтың мақсатымен ұштастыра отырып, тағылымды жырлары арқылы жеткізуге тырысты.

Туған еліне адал, халқына жанашыр Тайыр ақынның қаламынан шыққан әр туынды қазақ ұлтының бар болмысының, ой тереңіндегі арман-мақсатының, жүрек түкпіріндегі қалауының айғағы іспеттес. Солардың бірі – «Шекарада» поэмасы. Сырттан жау өтпесін деп миз бақпастан шекараны күзеткен, қас қақпастан Жер-анасын қорғаған сақшылардың мақтан етерліктей батыл істері аталмыш поэмада баян етіледі. Бас кейіпкер қарауыл Каррас пен Барыс иті әр сыбырды, қимылды бақылап, қиырға көз жібере құлақ тігіп, жортуылдап жүрген кезінде кездейсоқ бір оқиғаға тап болады. өзін қарапайым жұмысшының қызымын деп таныстырған қыз шет капиталдан жәбір көріп, лагерден қашып шыққанын, паналамақ мақсатпен совет еліне бет алғанын айтып жеткізеді. Аяғына жығылып, артынан ерген қуғыншылардан арашалап алып, шекарадан өткізіп жіберуін сұраған қыз Каррасты терең ойға батырады. Ақылымен барлап барып қана шешім қабылдайтын батыл сақшы бір сәт бақытты Отанын есіне алады. Қуғыншылардың зәрлі сөзіне, қыздың жан аярлық түріне мән берместен қазағының ғана қауіпсіздігін ойлаған Каррас атысуға да, алысуға да, қару жұмсап қағысуға да дайын.

Жалғыз ер түсі сұсты жаудан саспай,
Айбаты жасырғандай жауды жасқай.
Мылтығын кезеп жауға қарсы қарап,
Кәрленіп тұрды Каррас қатып тастай [161, 158 б.].

(«Шекарада»)

Жау қоршауына түскенін сезген Каррас өзге де шекарашыларға белгі тастап үлгереді. Осылайша ел тыныштығын күзеткен ержүрек ерлер шеттен келген арам ниетті адамдарды қолға түсіріп, штабқа әкеліп жан-жақты тексеріс жүргізеді. Қашқын қыз да, қуғыншылар да фашистің агенттері,

қанды қол дұшпандардың қаны қас адамдары болып шығады. Халқымыздың «Жау жоқ деме жар астында» деген нақылы өмір шындығынан көрініс табады. Отанның қыран ұлдарының, шекараның шыңын сүйген, ел-жұртының амандығын ойлаған айбынды азаматтарының жауға қарсы жұдырықтай жұмылған жойқын істерін дәріптеуде ақынның «Шекарада» поэмасы елеулі орын алады.

1941 жылы Мәскеу қаласындағы орта мектепті бітіре салысымен, жалындаған жас қыздың өз еркімен соғыс даласына аттануы – үлкен ерліктің дәлелі. Партизан қыз Зоя Космодемьянскаяның өмір жолындағы ғажайып ерлігі тек орыс халқы үшін ғана емес, бүкіл кеңес елінің жұртына үлгі бола білді. Зоя қыздың ерлігін насихаттауда Т. Жароковтың «Зоя туралы жыр» поэмасының алар орны айрықша. Сұлу жүзді, терең ойлы, сабырлы әрі батыл қыздың радиодан естіген «соғыс» деген суық хабар тұла бойын түршіктіреді. Ұлы Отанға деген махаббат қарулы ерлердің ешбірін бей-жай қалдырмасы анық. Жас жүрегі аласұрып, мың ойланып, сан толғанған Зояның да келер шешімі жауға қарсы аттану болды. Анасының рұқсатын алуға келген зояның жауды жеңіп, елге жеңіспен оралуға деген талпынысын, артқа қарай кері шегінбес қайтпас мінезін оның сөзінен-ақ ұғуға болады.

Жаздай жарқыраған жайдары табиғат суреті күздей сұрланып күңгірт кейіпке енеді. Автор халықты әуре-сарсаңға салған, күлкіден, ұйқыдан айырған соғыс сергелдеңін жырлайды.

Фашистермен белдескенде,
Оқпен біздер тілдескенде,
Самолеттер көкте айқасып,
Танкі жерде тайталасып
Көк шатынап, жер қайысып,
Жаумен ерлер жатты алысып [161, 163 б.].

(«Зоя туралы жыр»)

Ен даланы жайлаған соғыс өрті тыншымастан үдей түседі. Суық күзгі қараша айының он сегізі командирдің бұйрығымен партизандар тобына Зоя келіп қосылады. Қат қабаттап қаруланып түн ішінде жолға шыққан жауынгерлердің мақсаты ортақ – елге қауіп төндірген дұшпаннан кек алу, жауды жайпай қыру. Жоспарлы қадам басып, байыппен іс қылған майдангерлер түрлі тәсілдерді қолданып, жау маңындағы көпір, жолды бұзып, құдықтарға у салып, телефонның сымын қиып, жау жолына мина салып, үйлеріне от қойып өртеп батыл әрекет етеді. Бөлімшеге қайта оралған майдандастардан бөлініп, жанына екі серігін ертіп, немістерден кек алуға беттеген Зояның ерлігі таңқалдырады. Жанындағы екі жігіттен айырылса да, жалғыздыққа мойырылмастан, ұйқы көрместен тоғайды кезген қыз түн ауа неміс жатқан Петришевоға жетіп сырттай барлау жүргізіп, жан-жақты бақылайды.

Мектепті қоныс еткен немістерді көрген Зояның қаны басына шауып, совет елінің мектебін, жерін, тасын басқан жауды жоюға бекініп, гранатты ату арқылы өртеп те үлгереді. Талай немісті жер құштырған, жаумен жалғыз

кескілесе соғысқан батыр қыз ақырында қолға түседі. Жалғыз көзді подполковник Рудерердің тергеу кезіндегі сауалдарына қиналмастан, шындықты жасырмастан ащы зілмен жауап қайтарған Зояны жауыздар дүре соғып, төсін тіліп, оттан шоқ басып, қарға көміп азаптайды. Осынша азап пен мазаққа да еш сыр бермеген партизан қыздың батылдығына тәнті болған қанды қолдар дарға асып жанын алмақшы болады. Сол бір жан түршігер сәтте де қара көзі ұшқын ата:

Жас төкпейді менің көзім,
Жастай өскен өр мінезім.
Дұшпанға өмір мойын ұсынбас
Мен болатпын, ұрса сынбас,
Мені өлтіру – жеңу емес,
Бұл тірлігім, - өлу емес!
Аласұрған, қара сұмдар!
Ал, асындар, таласындар!
Қанды қолды фашист пасық,
Қуан, мені дарыңа асып

– деп шімірікпестен жиһанға жар салады Зоя қыз.

Өмірден ұлт тағдырын биік қойған, дұшпанға намысын жықпаған Зояның мәңгі өмір сүретіндігін, оның батырлығы, ерлік бейнесі келер ұрпаққа үлгі, өнеге болатындығын баса айтқан автор рухтана жырлайды. Ақынның бұл поэмасы турасында өзіндік пікір білдірген А. Тоқсамбаева: «Батыр қыздың қасақы жаумен ерлік шайқасы эпикалық бағытта суреттелген. Автор шындық шеңберінен шықпайды. Күші басым дұшпанмен теңсіз айқаста Зояның қапияда тұтқынға түсіп, жаудың оны айуандықпен азаптауын ақын ашына жырлаған. Бұл тұста автор егіліп, еңіремейді. Қайта сол шексіз жауыздықпен бетпе-бет келгендегі Зояның ерлігін, өжеттігін, қайтпас қайсарлығын толық бейнелеуді көркемдік нысана етеді» [162] – деп түйін жасайды.

Поэmanın идеялық арқауы да – ерлікті дәріптеу, ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Ақын Отанға, ұлтқа, халыққа деген шынайы сүйіспеншіліктің ұлы күші ерлік істерге апарарына сенеді.

Тайыр ақын қызыл қырман далаға, алтын алаңға, еңбек адамдарына көз жіберіп, ел қимылына тәнті болып «Астық» поэмасын жазады. 1946 жылы жарыққа шыққан бұл поэма өмірдің мәні де сәні алтын дәнді құрметтеуді идея ғып көтеріп, жеңісті күндерді қуана жырлай отырып, өткенді еске түсіріп, бір үзім нанға зар қылған уақыттарды да көз алдыңнан өткізеді. Бала кезінен таныс Әбіш есімді жігітті сөйлеткен ақын соғыстың сұсты күндерінен де хабардар етеді. Бүгінде колхоздағы партком хатшысы болған Әбіш қырман басында бидай бастырған халықтың еңбегін қадағалап жүріп ойға шомады. Автор осы тұста соғыс қаһары мен нанның қадірін қатар ұғындыруға тырысады. Қанды қырғынның ауыр күндері маза бермеген Әбіш суды аңсап шөлдеген, азық боларлық жалғыз түйір нан таба алмай аласұрған сәттерін еске алады.

Бір осындай майданда өтті ауыр күн,
Ұйқы көрмей атты көзден талай таң.
Нанның сонда білген олар қадірін,
Алтыннан да артық болар түйір нан [161, 177-б.].

(«Астық»)

Қазына байлықтан, алтын-күмістен де бағалы қара нанның қадірін түсінген Әбіш жұртына демеу беріп, майдан өртінің артта қалғанын, Ұлы Жеңістің таңы атқанын, ендігі уақытта адал әрі таза еңбекпен соғыс зардабының орнын толтыру керектігін айтады. Әбіштің сөзін қолдаған жұрт ерекше бір серпіліспен, үлкен құлшыныспен еңбекке бір ауыздан кірісіп, қырман даласын әп сәтте жандандырып жібереді.

Нан – арқауы колхоздағы еңбектің,
Астық кімде көп болса, шын, сол күшті.
Жеңімпаздық туы бізде жер-көктің,
Сол туды ұстап алғамыз біз жеңісті

– деп ұрандатқан еңбекші халықтың еңбек етуге деген ниеті адал, күштарлығы басым. Далада оттай қызған еңбекті жырға қосқан ақын күн ызғарына қарамастан іс қылған, бидай жинап, қырман басында тынбастан тірлік еткен жұртқа қуанышпен қарайды. Бітік егінді орып жинап алған елдің маз-мейрам салған думанына, көңілді жүздеріне көз жібереді.

Поэма нақтылы бір тақырыпқа арналып тұрса да, Тайыр ақын тақырыптың тар шеңберден кең ауқымға ауысып, соғыс кезеңін, майдан зардабын қоса суреттейді. Өлең жолдарын мейлінше шебер қиюластыра білген ақынның жаңаша сөз қолданыстары, теңеу, метонимия, эпитеттерді оңтайлы пайдалана алуы оның ізденушілік қасиетінің нәтижесін көрсетеді.

Мына бір өлең шумағындағы:
Кең даланың самал лебі шырындай,
Егін-теңіз, қыр етегін көмкере.
Бидай басы – тәжім еткен сұлудай.
Тұрған жазда көзді тартып көркейе

– әдемі тіркесті теңеулер өлең сұлулығын ғана емес, табиғат көрінісінің де ажарын арттыра түседі. Сол секілді «ышық түскен, күміс моншақ шашқандай», «ақ түскендей таудың самай шашына», «қырмандағы нардай шөккен бидайды», «қорғасындай ауыр бидай түйірі», «далада еңбек оттай шалқып қызғанын» тармақтарындағы теңеу сөздер өлең көркемдігі асырып, ақын жаңашылдығын айқындайды.

Ел күніне риза боп бас иіп,
Алатаудың төніп үстен асқары,
Күн қабағы бір жабылып, ашылып,
Күз бұлты да өркештене бастады

– деген шумақта ақын күзді күнгі Алатаудың бейнесін жанды кейіпке айналдырып, келісті кейіптеу жасайды. Асқар шыңның жердегі еңбекші елге ризалығын білдіріп басын иіп, күн қабағын бірде ашып, бірде қатуланып жабуы, күз бұлтының түрлі кейіпке енуі – жанды бейнелер іспеттес.

Сөз мәнін өңдендіре түсу, оқиғаны ажарландыра жеткізу, құбылысты құбылта сипаттау – ақын шеберлігінің нақты көрінер тұсы.

Батыр қала Ленинград сол күнде,
Оқ астында, білген нанның қадірін.

немесе

Жинап азық-түліктерін қоймаға,
Құйып жатыр ел дайындап қыстығын
Егінді алған қанаттыға шалдырмай,
Ел күшіне маң дала тұр таңғала.

Колхозды ауыл қуанышты көрінді,
Миығынан күліп қырға қараған.

Бұл үзінділерде қолданылған көркемдегіш құралдардың ерекшелігі сол – ақын бір ғана емес, бірнеше құбылту түрлерін тұтастай пайдалана білген. Автор «Батыр қала Ленинград» сол қаланы мекен еткен халықтың жиынтық бейнесін жасау кезінде алмастырыла қолданылса, қыстықтарын дайындап жатқан бүкіл жұртты жалпылай «ел» деген ұғыммен сипаттаса, ел еңбегіне маң даланы да таң қалғызып, ауыл тұрғындарын «колхозды ауыл» тіркесімен суреттеп, тіптен, миығынан күлдіріп, қуанышқа кенелтіп қояды.

1921 жылы Алматы мен Есік көлдерінде болған су тасқыны Тайыр ақынның 1937 жылы «Тасқын» поэмасын, одан кейін 1965 жылы «Тасқынға тосқын» поэмаларын жазуына себепкер болады.

«Жароков, әсіресе, саяси-әлеуметтік лириканың шебері. Ақын поэзиясына өмір жаңалықтарын дер кезінде көре біліп, оны публицистикалық леппен, романтикалық сезіммен шабыттана жырлау тән. «Тасқын» поэмасында 1921 жылы Алматыда болған су тасқынын суреттей отырып, Қайсар мен Жамал секілді қарапайым жастардың бейнесін типтік дәрежеде жасай білді» [163] – деп бағаланған ақынның «Тасқын» поэмасы тақырыбының сонылығымен, мазмұнының ерекшелігімен дараланады.

Қазақ поэзиясының елеулі табысы ретінде бағаланған бұл поэма табиғаттың тосын апатымен алысқан адамдарды, жетім қалған Қайсар мен Жамал сынды қарапайым жастардың азапты бала кезі мен аяқтарынан нық тұра бастаған жеткіншек шақтарын, қоғамдағы ескілік мен жаңаның арасындағы талас-тартысты баяндайды. Көлемді эпикалық туынды «Тасқын» поэмасы жоғары, орта оқу орындарына арналған оқулықтарға енгізіліп, хрестоматияларға басылып, қалың жұртшылыққа танылған. Қарға бойлы қара баланың мұңға толы көздерінен-ақ сағыныштың, күйінудің сызаттарын байқауға болады. Майдан даласында өршіген азамат соғысында жаумен кескілесе ұрысқан әкесінің қара қанға малшынып жан тапсырған сәтін көзімен көрген бала жүрегі қақ айырылардай еді. Оқ тиіп тұла бойы жараланған, қара көзіне жас тола сүйретіле үйіне кірген азаматтың бет әлпетіндегі құбылыс майданнан оралған ер екенін айқындайды. Маңдайынан бір сүйіп, ұлымен қоштасып үлгерген әкенің шыбын жаны үзілсе де тілегі орындалғаны сөзсіз. Осы бір жан қиналар сәттен бері көңіліне мұң ұялаған

Қайсардың алдағы өмірінде де күтпеген жағдайлар, ауыр сынақтар тосып тұрғанын автор табиғат құбылыстары арқылы аша түседі.

Поэмада жүректері шерге толы, жан дүниесі арпалысқа түскен жесір әйел мен жетім бала күйіне табиғаттың тылсым күші, тосын апаты жауап қайтарғандай түрге енеді. Ышқынған желдің, бұлқынған судың, гүрілдеп көктен жауған жаңбырдың, зеңбірекше атқылаған бұршақтың екпіні қорқынышты бір апатты сездіреді.

Тонды ма, мәңгі мұздан жеркенген бе?
Долданды, бүйтпеуші еді, шіркін күнде.
Қақ жарып, қара тасты атты тасқын,
Қағам деп қарлы мұзын сілкінгенде! [161, 180-б.].
(«Тасқынға тосқын»)

Осылайша көз ілестірместен жер сілкініп лақылдай жөнелген топан су көпірлерді, жолдарды жайпай бұзып, жан ұшыра тығылған халықтың иманын үйіреді. Үйлерді допша лақтырып, дуалдардың быт-шытын шығара дүлеген тілсіз жаудың екпініне мал да, жан да қарсы тұра алмайды. Әп сәтте бой көтеріп тұрған қаланы теңізге айналдырған тасқыннан қашып құтылуды ойлаған жас Қайсар анасынан ажырап қалады.

Тайыр ақын сұм ажалдың аранына түскен ананың халін, қара тасқынның шырмауына түсіп аласұрған ананың зарын жан дүниенді шымырлата баяндайды.

Ананың балбыратты бала өзегін,
Жұлынып, шымырлатты жан өзегін.
Сұрланып, жүзі солып, кемсең қағып,
Толтырды қанды жасқа қара көзін...
Емшегі ақырғы рет балаға иіп,
Ақ сүті тік атылды толқын тіліп.
Қайдасың, балапаным? Келші, жаным! –
Дегендей, қайғырады әлі құрып...

Тынысы тарыла топан судың тұңғиығына батқан, жүрегі ауызына тығылып, миы тасқа соғылып, тілі байланса да ананың көңілі, бар ойы Қайсар ұлында еді. Жалғызының амандығын ғана тілеген Айғаным ананың Қайсары су тасқыны басылған соң, қорғансыз балалардың бірі ретінде біреуге суын әкеліп, отынын жарып күн көреді. Жылдар өте әке-анасынан айырылған өзімен тағдырлас Жамал атты қызға кезігіп, сыр бөлісердей жанына жақын дос табады. Екеуі балалар үйіне бірге орналасып, жетім жандарына бір-бірінен желеу тапқан, көздің ағы мен қарасындай қимас достарға айналған оларды үкімет қамқорлықтарына алып, жатар орындарын дайындап, оқу оқытады. Оқуын жалғастыру үшін Мәскеуге сапар шеккен Қайсардың бауыр басқан жас серігімен қоштасу сәті жан тебіренге суреттеледі.

Араға біраз жыл салып үй салушы инженер мамандығын бітірген Қайсар Мәскеуден Алматыға қарай асыға жолға шығады. Автор осы тұста жігіттің сан саққа жүгірген ойларын сауалдар арқылы жеткізіп, өз атынан

жауап та беріп отырады. Аз жыл ішінде іргесі өсіп, жасыл бақты әсем қалаға айналған, зәулім үйлер бой көтерген, табиғаты ғажап Алматы бас кейіпкерді таң қалдырады. Келісімен Калинин көшесінде бой көтеріп жатқан зәулім үйдің сызбасымен танысқан ол, инженер Ордабаевтың ісінен шикілік тауып, жаңа жоспар бойынша жұмыс жасауды ұсынады. Өз жоспарымен жұмысқа кірісіп кеткен Қайсар басшылықтың, оған қоса халықтың қолдауына ие болады. Қабырғасын қыштан қалап, мың құбылта безендірілген, жас инженердің қалауымен бой тұрғызған әдемі үйді көруге келген мамандардың арасында Жамал да көрінеді.

Ол кездерде Жамал Ленинград институтында білім алып, телеграф байланысы мамандығын тәмамдап қызметке орналасып үлгерген еді. Бір-бірімен көп жылдан соң алғаш қауышқан жастардың қуаныштары қойынына, жүректері денесіне сыймастай алабұртып, жүздері бал-бұл жайнайды. Кешкісін құлпырған Алматының көшесінде, гүлге оранған бақшасында серуен құрған жастар бақыттың құшағында тербеліп жүргенде, кенеттен жарқ еткен қанжар Жамалдың жүрек тұсынан өте шығады. Қанды қол Ордабаевтың негізгі мақсаты ісіне зиян келтірген Қайсардың көзін құрту болатын.

Жамалдың денесінен қан құйылып,
Аққан қан тамшысынан жер жуылып,
Қайсардың құшағында талықсиды,
Ашылып, қара көзі бір жұмылып...

– әлі құрып, тынысы кеміген қыздың тілі күрмеліп, еріндері емеріліп, көзі қарайса да, жанарын қадап Қайсармен тілдескендей болады.

Әкесінің өлімін көзімен көрген, анасынан бір сәттік дүлей ішінде қапыда көз жазып қалған бас кейіпкер Қайсар жанына серік, көңіліне медеу болған Жамалынан айырылып қалуға дайын еместігі айқын. Бұл тұста ақын поэма шешімін беймәлім күйінде қалдырады. Поэма соңында Алматының көз жетпес көркі, баға жетпес сұлулығы тағы бір мәрте сипатталады. Поэма сол кезеңдегі қарапайым жастардың өмір сергелдеңіне берілмей, адал еңбекпен алға қарай ұмтылып, болашаққа нық қадам жасауға деген құлшыныстарын идея ғып көтереді. Ақынның бұл поэманы жазудағы мақсаты да соқпағы көп өмір жолында кездесетін не түрлі қиындыққа мойымай төзімділік таныту керектігін жастарға үлгі қылады.

Бас кейіпкер Қайсар мен Жамалдың кескін-келбетін суреттеу кезінде, портретін сомдауда ақын сөзбен сурет салады. Әсерлі әрі шынайы сипатталған кейіпкерлердің түр-әлпетінен олардың мінез-құлықтарын, өзіндік қасиеттерін оңай аңғаруға болады. Поэма басында қаршадай қарға бойлы қара баланың:

Қыр мұрын, бүйрек бетті, өткір көзді,
Жас бала, көп жасаған жан мінезді.
Жаны оның жаз жылуын көрмегендей,
Көңілсіз алып қарсы қоңыр күзді

– деген жолдардан-ақ өзге балалардай асық ойнап, сайран салмайтын, өмірге ойлы көзбен қарайтын, жанарында мұң бар, нұрлы жүзі күңгірт тартқан қарапайым тұлғасы елестейді.

Поэманың орта тұсында қара бала Қайсар өзге қырымен, есейген жігіт қалпында танылады. Мәскеуден Алматыға жол жүріп келе жатқан пойыз ішіндегі жігіттің:

Отызға келіп қалған оның жасы,
Салмақты, әрі ойлы көз қарасы.
Ат жақты, жазық маңдай, орақ мұрын,
Қайрылып тұр жібектей қара шашы

– деп суреттелген портреті көзі ашық, көкірегі ояу, ой тоқтатқан сабырлы жігіт ағасын көз алдына әкеледі. Қасы қиылған, қара шашы төгілген, сұлу да сымбатты, ұяң, сөзге сараң, ойға тұйық Жамалдың да портреті поэманың ажарын асыра түседі.

Тасқын атқылап, жер бетін топан су басқан сәттегі табиғат құбылыстарын шынайы жеткізуде автор ерекше теңеулер мен кейіптеулерді қолданады.

Тау тоңып асқар ала ауру жандай,
Арқасы, я безгегі ұстағандай.
Құрсанып қара тасы шатынады,
Толықсып өзін-өзі ұстай алмай.
Көктегі мазақ қылып жауын-шашын,
Қысқасын мұз дулыға қарлы басын,
Бұрқанып, ашуланып, булықты ма,
Көкке атып лақтыруға жақпар тасын.

Бұл – тасқын алдында болған табиғаттың тылсым құбылыстарының көрінісі. Безгегі ұстаған ауру жандай дірілдеген таудың жан біткендей шатынап өз ырқынан босап кетуін, мазақ қылғандай кейіп танытқан жауынға ашуланып, булыққан тастардың жан жаққа атқылауын автор жанды қимылға келтіреді. Арыны асау тасқынды «аттана шапқан жойқын қалың қолға», Қайсарға қарсы аранын ашқан топан суды «түлкіні талаған қыранға», жан жағынан саулай атқылаған тастарды «атылған оққа» теңеуі өлеңнің өрісін кеңейтіп, әсерлілігін асырады.

Алматы сұлулығын баяндау кезінде де «жұлдыздай электрлі шамдар», «ұршықтай үйірілген таксилер», «көк мұздай жылтыраған асфальт», «туған айдай жайнаған электр шамдары», «Алатаудай заңғар үйлер», «суда құндыз жүзгендей сылаңдаған, желқайықтай жылжыған машина» сынды теңеулер ескілікті артқа қалдырып, жаңа өмірге аяқ басқан қаланың бүгінгі келбетін айшықтайды.

Ақынның 1949 жылы жарық көрген «Жапанды орман жаңғыртты» поэмасы атамекенді жасыл желекке айналдырып, орманды даланы кеңейтіп, шаруашылықты өркендеткен кеңестік кезең адамдарының ерлік істеріне, толассыз еңбектеріне арналады.

Көрдің бе Орал қырларын?

Жері қандай жап-жазық!
Бір жағында құм Нарын,
Бір жағында Ақ Жайық [142, 463-б.]

(«Жапанды орман жаңғыртты»)

– деп бастау алатын поэма сауырын күн қақтаған, жеріне жаңбыр тимей шөліккеген, өкпеден өтердей суық желді, шөп те, егін де, қар да тұрақтамайтын Сары-Адыр аталатын жердің көзбен көрген тарихын баяндайды. Осынау шөл даладағы тар лашықты мекен еткен шал мен қыздың арманы жайқала өскен жасыл теректерді, иісі жұпар аңқыған құлпырған гүлдерді көру болатын.

Көп жылдардан соң кіндік қаны тамған Оралына оралған ақын туған жерінің өзгерген келбетіне қарап таңданады. Сары-Адырдағы ну орман көзіне оттай басылған ақын сол кезгі шал мен қыздың бүгінгі жағдайын білуге асығады. Қара лашықтың орнына орнаған жаңа сарайды, жайнаған ал қызыл гүлдерді, айнала жайқалған жасыл желекті, колхоздың орталығына айналған Сары-Адырдағы жаңа өмірді көріп еңсесі көтеріледі. Сонау кезгі қара қыз орман маманы болып, қаба сақал шал тоғай күзетшісі атанған. Сауырын күн күйдіріп, көктен жауын тілеп, өкпеден өтердей аңызак желдің өтіне күйген Сары-Адырдың өткен күнгі сұрықсыз кейпін жаңа кеңестік заман орнаған тұстағы бейнесімен салыстыра жырлайды. Осы тұрғыда өз пікірін білдірген А.О. Тоқсамбаева: «Бұл параллель арқылы ақын оқушысына бір кезде тұрмыстың ащы, ауыр жағдайы еңсесін басып келген халықтың жарқын ойлары мен арман-тілегінің тек социалистік қоғам жағдайында ғана іске асқандығын сездіреді. Бой көрсете алмай, жарып шығуға мүмкіндік таппай келген күштің тиегін социалистік қоғам құрылысы ағытты, сөйтіп халық совет заманында жасампаз зор күшке, шешуші факторға айналды дегенді аңғартады» [162] – деп қазақ кеңес поэзиясында лайықты орын алып, құнды туынды ретінде бағаланғандығын жеткізеді.

Поэманың кезектес ұйқасқа құрылуы да салыстырыла сипатталған оқиғалардың мәнін кеңірек аша түседі. Пейзаждық суреттеулер кезіндегі «ақ құйындай», «бөрінің күшігіндей», «көсенің иегіндей», «сапқа тұрған қыздардай», «орманның кенже қызындай», «қос етекте көйлектей», «орманның генералындай», «шарқ ұра ұшқан құстай» сияқты тың теңеулер ақынның сөз қолданысының жаңашылдығын айқындап, жыр жолдарының ажарын келтіреді.

Ақын поэмасындағы тіл көркемдігі, суреттеу шеберлігі орын алған әрбір көріністе анық бой көтеріп, жаңарып, дамып отырады. Өлеңмен өрілген ойларының көркемдігіне зер салсақ, ақын құбылту арқылы шынайы бейнелер жасап, құбылыстар мен оқиғаларды тура суреттемей, басқа нәрсеге теліп, жансызға жан бітіріп, айтар ойын бүкпелей баяндап тартымды тұспалмен түсіндіреді.

Жапырақ бізді сипайды,
Жасыл алақанымен.

Қақ төрінде тоғайдың,
Қарсы жауып қабағын,
Қожасы сол маңайдың
Секілді сұсты жауар күн.

Бағынған адам қолына,
Бас иіп тентек жел-дағы,
Судан жұлдыз жағыла,
Тәжім етті жер-дағы!

– деген үзінділерде жанды қимылға ендіріп, жандандыра суреттеу арқылы ақынның табиғаттың жұмбақ сырларын жеткізуді мақсат еткенін анық көруге болады. Сары-Адыр даласының орманын қолаң шаштарындай әлпештеп күтім жасаған сұлулардың еңбек жолындағы ұлы өнерін балеринаның өнерімен салыстыра суреттеу Тайырдың поэзия жанрына алып келген тың бейнелеуі екендігі белгілі. Табиғаттың ғажап келбетін келістіре суреттеген ақын еңбек жылуына бөленген халықтың қуанышты көңіл-күйіне пейзаждық көріністерді де сай сипаттайды.

Тайыр ақынның «Жапанды орман жаңғыртты» поэмасын жазудағы мақсаты арайлап атқан коммунизм таңының заман ауыртпалықтарын бір сәтте төңкеріп нұрлы күн тудырғанын, ұл-қыздың адал еңбегімен туған жаңа өмір белестерін жеткізу еді. Аталмыш поэма ақынның авторлық мақсатын толығымен орындап шыққандай.

Ақын «Тасқын» поэмасында қозғаған тақырыбына қайта оралып, 1965 жылы «Тасқынға тосқын» поэмасын жазып шығады. Бұл қос поэманың арасында тақырыптық ұқсастық, идеялық бірлік, көркемдік байланыс, шығармашылық жалғастық бар екендігі анық. Алайда ақын «Тасқынға тосқын» поэмасында алғашқы туындыда қозғалған мәселелерді қайталамайды, тың сюжет, өзгеше көркемдік шешім жасайды.

«Тасқын» поэмасындағы бас қаһарман Қайсар – бұл поэмада егде жасқа келген, ойы толысқан тұлғалы азамат.

Ақын сомдаған кейіпкерлерінің басынан өткен сан түрлі оқиғаларды шынайы сипаттап, оқырман жанына жақын тартарлықтай қызықты әрі тартымды етіп баяндайды.

Көз тоймастай мөлдіреген Есік көлдің ғажап көркін айрықша леппен суреттей келе автор бір сәтте бар сұлулықты зеңбірекше атқылаған тасқынның құрсауында қалдырады.

У да шу, ыза-қиқы, азан-қазан,
Аспаннан айтылғандай ажалға азан.
Айқай сап көлдегілер есі кетіп,
Жағаға жан таласқан тек жалма-жан! [142, 566 б.].

(«Тасқынға тосқын»)

Жан жақтан жарқылдай құлаған тастар, бастан асардай лапылдай атқылаған су, таудан домалап қан жоса болған құлжалар мен таутекелер – табиғаттың дүлей тасқынының мейірімсіз әрекетінің жемісі.

Жүрегіне жақын тиген әрбір құбылысқа, көңіліне қуаныш сыйлаған әрбір оқиғаға Тайыр ақын сырлы да сұлу, жалынды да рухты сөздерін арнады. Өмір жолында түрлі қиындықтарға кезігіп, сан қилы соқпақтарға жолықса да тайсалмастан ішкі мұңын жырымен өрнектеген суреткердің ақындық таланты қай тұстан да анық байқалады. Ақынның өмір ағыны, заман шындығы, қоғам бейнесі, халық тағдыры хақындағы сан алуан ойлары, толғаныстары мен ішкі тебіреністері, өзіне тән стилі мен бағыт-бағдары поэзиясынан айқын көрініс табады.

Ақын поэзиясын зерттеуге сүбелі үлес қосқан Сағынғали Сейітов: «Тайыр Жароков – туған халқының рухани, мәдени, әдеби тарихынан өзіне лайық берік орын алған соқталы тұлға. Ол поэзияның алқара көк аспанында үнемі жарқырап көрінетін шолпан жұлдызы тәрізді, өз халқымен, қазақтың өмірімен мәңгі бірге жасайды» [147] – деп тұжырымдайды.

Қазақ поэзиясына өзіндік өрнек, жаңаша түр алып келген жаңашыл ақынның шығармашылық мұрасы қай кезеңде де талданып, жете зерттеліп, сараланып, зерттеу нысанына айналып отырады сөзсіз.

7. ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ (1908-1975)

7.1 Жазушы өмірі мен шығармашылық мұрасының зерттелуі

«Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, болашақты болжау қиын» - дейді ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби. Ақ Жайық өңірінің терең сараланып бітпеген тарихының қатпарлы беттеріне барлау жасап, өзіндік ерекшелігімен, жазушылық талантымен, қаламгерлік қарымымен сараланған Хамза Есенжанов – шебер суреткер, аса көрнекті жазушы, кемел ой иесі. Елеулі туындылары арқылы Қазақстанның батыс өлкесіне Кеңес өкіметінің орнау тарихын, азамат соғысының отты күндерін, соғыс аяқталғаннан кейінгі еңбекші халықтың кәсібін қалпына келтіру жұмыстарын, еңбекші таптың жарқын өмірі үшін жан бере күрескен коммунистер ерлігін, бірінші бесжылдық жоспардың қабылдануына сәйкес орнаған жаңа тұрмыс, Оралды мекен еткен қарапайым адамдар тіршілігін шынайы әрі нанымды жеткізе білген.

Қазақ халқының рухани жаңғыруына қажетті тың дүниелерді өмірге әкеліп, келер ұрпақты тарихтың ақтаңдақ тұстарымен, өзекті оқиғаларымен сусындатқан талантты жазушы Хамза Ихсанұлы Есенжанов 1908 жылы желтоқсанның 25-жұлдызында Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Ақжайық ауданында, Шалқар көлінің жағасында дүниеге келген. Хамзаның балалық шағының революция кезеңімен тұспа-тұс келуі оның 1927-29 жылдары жеті жылдық мектепте білім алуына, одан кейін Алматы дәрігерлік техникумында үш жыл бойы оқуына жағдай жасайды. Алайда алған білімімен шектелмей, көркемөнер саласына бет бұрып, поэзия мен прозаны жаны сүйген жас талант Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының тіл-әдебиет факультетіне оқуға түседі.

Оқып жүрген жылдары асқақ арманымен, ерекше талантымен танылған Хамза 1932-33 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының жауапты хатшысы қызметін атқарады. Білімін одан әрі жетілдіруге құлаш сермеп, арманының биігіне қанат қаққан жас прозаик 1936 жылы Ленинград қаласындағы мемлекеттік өнер білім институтының аспирантурасына қабылданады. Сол жылдары КСРО ҒА-ның қазақ филиалында әдебиет пен фольклор секторының меңгерушісі болып қызмет етеді. 1937 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясының, кейіннен Қазақ опера және балет театрының директоры болады. Ұстаздық қызметтен де қалыс қалмай, жаны сүйген ісіне беріле кіріскен Хамза Қазақ педагогикалық институтында орыс әдебиеті тарихы пәнінен сабақ береді.

Күрделі де азапты, саналы да өнегелі ғұмыр кешіп, қай кезеңде де ұлтын қадір тұтып, халқының сөзін сөйлей білген ұлы жазушының өмір жолы мен шығармашылық мұрасын, ойшылдық көзқарастарын жете зерттеуде көптеген әдебиетші-ғалымдар мен сыншылардың, зерттеушілердің еңбектері, мақалалары мен ой-пікірлері бар. М. Базарбаевтың «Писатель большого таланта» [164], М. Қаратаевтың «Арман асуы. Көргенім мен көңілдегім» [165], Қ. Сейдановтың «Қазақ әдебиеті және Хамза» [166], З. Қабдоловтың «Тойлар тұсындағы ойлар» [167], Н. Щербановтың «Уральск литературный (О Есенжанове)» [168], Ә. Сәрсенбаевтың «Хамза жайлы бірер сөз» [169], Г. Бельгердің «Гибратты ғұмыр» [170], С. Сүлейменовтің «Жазушы және оның кейіпкері: Хамза Есенжанов туралы» [171], Д. Сүлейменованың «Жазушы тағылымы: Х. Есенжанов туралы» [172], С. Шарабасовтың «Жазушы тағдыры» [173] мақалаларында қалың тарихтың қойнауына қарымы жеткенше құлаш сермеп, ескі заманның сұсты келбетін шынайы сипаттап, әлеуметтік тартысқа толы тұрмысты, жаңа өмірге қадам басқан елдің тіршілігін, әділет үшін күресіп, бейбіт күнге қол созған кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесінің тынысын сездіре білген жазушы Хамза Есенжановтың жазушылық шеберлігі, сұңғыла суреткерлігі, қаламгерлік қуаты айқын танылады.

Оған қоса жазушының өмір жолы мен шығармашылық мұрасы хақындағы тың мәліметтер Батыс Қазақстан облыстық энциклопедиясында, «Қазақстан жазушылары XX ғасыр анықтамалығында», «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында, Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» оқу құралында, М. Базарбаевтың «Көрікті ойдан – көркем сөз» зерттеулер мен мақалалар жинағында келтірілген.

Көрнекті көркемсөз шеберінің таңдай қақтырар талантына, қамал бұзардай қайсарлығына тәнті болған С. Шарабасов: «Тағдырдың қасірет қой тастарының арасынан қайсар әдебиет талшыбығы – Хамза Есенжанов жарып шықты да, тамырлы жапырақты алып бәйтерекке айналды» [173, 6 б.] – деп шынайы баға береді.

Хамза Есенжанов – тарихты терең меңгерген зерделі жазушы әрі көзбен көріп, көңілге түйгенін нанымды жеткізе білген шебер суреткер. «Адамзаттың нағыз шын тарихын тарихшы емес, суреткер жазады» – дейді

ұлы ойшыл М. Горький. Тарихи ақиқатты шығармаларына арқау етіп, кейінгі ұрпақтың жан-дүниесіне, сана-сезіміне жеткізе білуді мақсат тұтқан жазушы ұлт тарихының қилы кезеңдерін, ел басына туған зұлмат күндерді, заман сергелдегіне ұшыраған қоғам бейнесін шынайы сомдауымен дараланады.

7.2 Повесть-әңгімелерінің идеялық-мазмұндық ерекшеліктері

1930 жылдары Хамза Есенжанов жазушылық өнерге бет бұрып, қаламды жанына серік етіп, өзінің алғашқы өлең, әңгімелерін жаза бастайды. Оның «Өлеңтінің жағасында», «Күшке күш», «Қызыл құмақ» атты әңгімелері түрлі басылымдарда жарық көреді. Жазушының 1960 жылдардан кейін өмірінің соңғы кезеңінде жазылған «Қарт қазақ», «Жар», «Ажалы жоқ», «Жайын ілерде», «Данасың ғой, Плутарх!» әңгімелері азамат соғысы жылдарындағы әуре-сарсаңға түскен халық күйін қаз-қалпында баяндап, талан-таражға салынып, бүліншілікке ұшыраған ел тағдырын, бой тасалаған бөрідей тыныш жатқан жұртқа бас салған ақ бандылардың қаскүнемдік әрекеттерін сипаттайды.

Оның 1930 жылы «Жаңа әдебиет» журналында жарық көрген «Өлеңтінің жағасында» әңгімесі қазақ әдебиеті әлемінен өзіндік орын тауып, жазушылық өнер майданына жаңа талант келгендігін танытты. Жазушы бұл туындысы арқылы Жайық өлкесін шауып алуды көздеген Кеңес өкіметіне қаны қас атты казактардың зұлымдығын әшкерелеуді, дұшпанның жолын бөгеп, өздерінен он есе басым жаумен кескілесе жан беріскен асыл азаматтардың батыл ерліктерін дәріптеуді мақсат етеді.

Жымпиты уезінің тыныштығын бұзған талаушыларды тосқауылдап, кездескен жерден соққы беруге жұмыла кіріскен Хамит, Мүти, Зейнедден, Қожанияз секілді қарулы қайраткерлер жаудан қорғанудың түрлі әдістерін ортаға салады. Автор Алмаз тауының күн шығыс жағында бой тасалаған ақ бандылардың тіршілігіне де көз тастайды. Қаланың күлін көкке ұшырмақ ниеттегі бандылар жан аяқ баспас қуыста сауық-сайран құрады. Сотқарлықты көксеген жас жігіттер қорадағы малға шауып, сектерді найзамен шаншып алып, қойшылардың есін аударып, қолдарын артқа байлап, көздерін таңып білгендерін жасайды.

«Атқа өңгеріп әкелген қойын қазан, шелектеріне тоғытады. Көптің арасындағы қолы сұғанақ жебірлері жолда ат шалдырып азан-қазан етіп кеткен ауылдардан іліп шыққан «табыстарын» қалталарынан суырып, кілем-қоржындарына тоғытты, кемпірлерді күрсіндіріп «жұлып-жұлқып» тартып әкеткен күміс теңге мен сақина-сырғаларды да сонда түйіншіктейді. Не керек тау-қырқаның оңаша қойнауын сайранды саяхатқа айналдырып жатты» [174, 194 б.].

Ойларына келгенді іске асырған бұл баскесерлер екі жыл бұрын Жайық өзенінің арғы бетін шапқыншылардан тазартқан кезде бекеттерді паналап аман қалған казактардың сотқарлары еді.

Содан бергі жылдары дымдарын іштеріне жасырып, тасада қару-жарақтарын дайындап, ыңғайлы сәт келгенде уезд орталықтарын талқандауға асыққан үш жүзден астам аттылы казактар болатын. Одан әрі әңгімеде адамшылық борышты ту етіп, халық амандығын алдыңғы орынға қойған асыл азаматтардың дұшпаннан көрген азаптары, жан түршігерлік көріністері сипатталады.

Саны он есе басым жаудың шеңгеліне тап болып, аузын арандай ашқан өлімнің уысына түспей, жан ұшырған ерлердің әрекетін жазушы ерекше леппен, терең сезімталдықпен жеткізуге тырысады. Артында қалған елін, ата-анасын, бауырларын, сүйген жарын, айырылмас достарын әр кейіпкердің ойына оралтады. Ең ақырғы шақта да табанды ойлы жігіт Халиттің атынан ерлік үкім шығарады.

Тағдырдың жазуына көніп, Зейнеденді жалғыз қалдырса, астындағы атының аман жеткізеріне сенген Халиттің өлімге бас тігіп, жолдасын жаудан арашалауы қазақтың қанына сіңген асыл қасиетті тағы бір мәрте дәлелдей түседі. Қолындағы қылышын жалаңдата сермеп, жемтігіне асыққан аш бөрідей көсіле шауып келе жатқан бандының Қожанияздың жанын қияр сәттегі күйін анық әрі шынайы баян етеді. «Ол бұл жан ұшырып бара жатқан пендені адам деп, ол адамның қиналар жаны мен аяулы тәні бар деп, артында жанашыры жылар деп ойына да алмады білем, тек қана қиюға, қинап айызы қануға ұмтылғандай пішін көрсетті. Нақ сол сәтте бұл қанқұмар қаскүнемнің жүзінде шаттық шырай лапылдап көздері жайнай түсті» [174, 200 б.].

Адамдықтан жұрдай жауыздар Қожаниязбен ғана шектелмей, қас пен көздің арасындай уақыт ішінде алдына тап болған бірнеше жастың өміріне балта шауып үлгереді.

Баскесерлердің қаһарына ұшыраған Халит Мұхамбетов те зіл басқан денесін әрең қозғалтып, есін жинаса да, дәрмені құрып екі қолымен жер тірей отыра қалады. Желкесі екі жағынан шабылған, қолтығының астынан оқ жырып өткен, алтын сақинасы бар саусағы салбырап қалған Халиттің халі жан түршіктіреді. Өне бойы қалтырап, жылынарға пана іздеп ащы азапқа түскен жас жігіт бұлдырап көрінген ауылға қарай зор үмітпен асығады. Ауыл жанында қоралы қойын баққан бала қойшының мейіріміне бөленіп, қарнын тойдырып, жылу тапқан Халит жанының жай тапқанын сезеді.

Әңгіме Өлеңті өзенінің жағасындағы алаңға жиылған жүздері сынық, көңілдері жабырқаулы халықтың күрсінісімен, жақынынан айырылып тұншыға жылаған ел үнімен шешім табады. Елі үшін қапыда көз жұмған асыл ерлердің дұшпанға бас имес асқан ерліктері, өзі өлім аузында қалып, жолдасын хабар жеткізуге жөнелткен Халит Мұхамбетовтің көзсіз батылдығы халық алдында мақтанышпен айтылады. Жаумен жан берісе алысқан жетпіс коммунисттің ерлігіне қойылған ескерткіш әңгіменің идеялық мақсатын айқындай келе әдемі нүктесін қояды.

Күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастырудың азап шеккен халық көшін жаңа заманға қарай бұру, малды да, жанды да, асты да, мүлікті де ортақтастыру, жұмыла күш біріктіріп, жоғарыдан қаражат пен құрал алып,

артель құрып, жұртты еңбекке жұмылдыру істері жазушының «Қызыл құмақ» әңгімесінде көрініс табады.

Әңгіменің бас кейіпкері Темір – атына мінезі, сыртқы тұлғасы, ерік-жігері сай жан. Көз аштырмас бораннан да, бет қаритын ақшұнақ аяздан да қаймықпайтын, алға қойған мақсатына берік, сөзіне мығым, халық қамын ойлаған адал әрі батыл жігіт. Жазушының өз туындысын «Қызыл құмақ» деп атауы себілген тұқымның бірі қалмай жайқала өсетін шұрайлы жер құмсақ қоңыр жонды ел-жұрттың құмақ деуінен, Темір құрған жаңа артельдің де «Қызыл құмақ» деп бекітілуімен сәйкес келеді. Артель жұрты асыға күткен ғажайып шақта туып, қар еріп, нағыз еңбектің мезгілі жетеді.

Осы сәтте Темір қолдағы бар құралмен, құмақты ойдағыдай жыртып, тұқымды жақсылап сеуіп, бар күшті сала тырмалап, шыққан астықты уақытында жинап алу қажеттігін алға тартады. Егіс күні де тыным таппастан, өзі бас болып алдыңғы соқаның жанынан қалыспастан Қызыл құмақтың қопармалы май сауырын жыртуға кіріскен Темірдің жаңа өмірге деген ұмтылысы айқын көрінеді. «Не қызық – жаңа қоныс қызық. Жаңа жайлауға жаңадан ірге тебу ала-бөле шат-ты. Ал көптен бері ұмтылған жаңа жер, жаңа егіс, жаңа сабанның бастапқы желі кішкене артельді тұтасымен аяғынан тік тұрғызды – бірінші күні тайлы-таяғы қалмай бәрі қырға шыққан-ды. Ат басын кезек жетектеп, сабан құйрығын таласып ұстап, кешке дейін Қособаның бауырынан кетпеген еді. Бұл қарқын, бұл қимыл бәсеңдеместен әлденеше күнге созылды» [174, 217 б.].

Барша жұртты шаттыққа бөлеген, ынта-жігерді үдете түскен еңбек күші құнарлы жерді қызғанған Құбаш ишан, Тентек қажы, Сартай атқамінер сынды опасыздардың құтын қашырады. Темір бастаған еңбекші топқа қаражатты, құрал-сайманды, жерді, суды, билікті, ұсына салған өкіметке ызаланған арам ойлылар күннен-күнге өрістеп жатқан еңбекті тоқтатуға күш салады.

Кешегі мен бүгінгіні ой елегінен өткізіп, құрылған жаңа артельдің үбір-шүбір жиынын, Темір мен Асанның әлденеге ұмтылған ерекше қимылдарын елестеткен Құбаш ишанның баукеспе Нұрсұлтанға жеткізген сәлемі әңгіме мазмұнын шиеленістіре түседі. Елдің тегіс жатқанын аңдып, артель сыртынан аңдыған Нұрсұлтан бастаған атқосшылар Темірдің Қарагерін, Бекейдің Торышолағын тағы да бірен-саран аттарды қолды қылады. Қарақшылардың барар жері мен басар тауына дейін, бой тасалайтын ой-шұқырына дейін шамалайтын Темір жанына он шақты жігіт ертіп баукеспелердің ізіне түседі.

Бір шоқ жусанның түбіне жасырынып, шұңқыр ішіндегі екі ұрыны қолға түсірер сәтті күткен Темірдің ойы сан-саққа жүгіреді. «Екеуі шұңқырдың жылан қырқа жақ жиегінен басын қылтитып бір қарап алды да тура Темірге қарай жүгірді. Бұл нақ босағада тұрып тап беретін тарғыл мысықша жиырыла қалды, нағанының аузын туралады» [174, 226 б.].

Бұл – өлім аузын арандай ашып тұрса да, бір емес, еңгезердей қос азаматқа қарсы айбат шеккен намысты ердің кейпі, кері шегінбестен айқасқа түсіп, қарақшыларды қолға түсірген батыл азаматтың тұлғасы.

Нұрсұлтанның қалтасынан табылған: «Бұл діннен безгендерге не істесең де күнә емес» - деген Құбаш ишанның сәлемдемесі сол кезеңде жаңа заманды «ақырзаман» санап, ескіліктен қол үзгісі келмеген кертартпа жандардың болғандығын танытады.

Жары София Жақияқызының адалдығы мен даналығына тәнті болған Хамза Есенжанов ер-азаматтың рухын көтеріп, еңсесін биіктететін де, жігерін жасытатын да, аяққа тік тұрғызатын да асыл жары екендігіне сенеді. Басына қара бұлт үйіріліп жазушылық таланты «халық жауына» айналдырғанда, шабытын шындап өнімді еңбек етер тұста Сібір түрмесіне қамалған сәтте қайсар жанға күш берген аяулы жары София Жақияқызы екендігі белгілі. Батыл әрекетке барып, жолдың ұзақтығы мен қиындығына қарамастан азаматының жанына жетіп рухын асқақтатқан да асыл жары еді. Қаламын қайта қолына алдырып, елеулі туындыларды өмірге әкелуіне де өлшеусіз үлес қосқан да София еді.

Жазушы өнерді серік еткен әрбір тұлғаның артында сезімін бағалайтын, шығармашылығы мен мұңын түсінетін, рухы мықты әйел тұратыны айқын десек, Хамзаның әйелдер қауымының жанын түсініп, ерекше құрмет көрсеткеніне, асыл жарын өмір бойы сыйлап өткеніне «Жар» әңгімесі дәлел бола алады. Өзінен-өзі үріккен заманда алдымен ұстаздық қызметтің көзге шалынатынын, бірінші нысанаға алынатынын айта келе, жазушы өз басына туған сол бір ауыр күндерді еске алады. Қармақ салудан өзге кәсібі қалмаған Хамза дәрігер жолдасының сабырлылығына разы болады. Ауыр дертке шалдыққан инженер досы Михаил Ивановичтің әйелі алыс жолдан келген сәтте шаңырағына құттықтау айтып барған Хамза мен София ұзақ жылдар бойы еріксіз екі айырылып, жоғалтқан бақыттарын қайта тапқан жұбайлардың тәтті қылықтарына, бір-біріне деген жанашырлығына сүйсіне қарайды. Асыл азаматтың ардақты жарының жанында бір апта да бола алмай ауруханаға ауыр халде түсуі Татьяна Михайловнаны қайғыландырып, жазушы мен жарын мұңға батырады. Инженердің қазасы асыл жарын бейне бір құлпытас қалпына түсіреді, бар жанға үлкен қасірет әкеледі. Орны толмас осы бір оқиғадан кейін әйел үшін ерінің қаншалықты қымбат екенін аңғарған жазушы: «Әкеге бала, ағаға іні қымбат. Әйелге жар қымбат. Бұл бәрінен де қымбат. Жары үшін әйел оққа да қарсы тұрады – аяқ жетпес алысқа да барады. Бірақ қара жерге амалы жоқ. Өмірде – жар қасіретті, әсіресе асыл жар» [175, 233 б.] – деп түйіндейді.

Өмір мен үміт алға қарай жетелесе де, асыл азаматынан айырылу – адал жары үшін ауыр қайғы, орны толмас қасірет.

«Қозы» және «Ажалы жоқ» атты қос хикаядан тұратын жазушының «Қарт қазақ» әңгімесінде алыстағы Қобда елінен Сібірге айдалып келген, жас ғұмырын ағаш кесумен, сал ағызумен, қой бағумен өткізген Жұмағали Бекниязұлын ащы қасіреттің құрсауынан алып шыққан еңбек құдіреті сөз

етіледі. «Жасы алпыстан асқан және оның үстіне ауыр бейнет арқалап келе жатқан жанда тоқ келбет бола ма, ашаң, тіпті арық өңді, бірақ жүзінде ақылдың, сабырлы, өте салмақты мінездің ізі арылмаған кәдімгі «иман жүзді» жан-ды. Оның үстіне Әлім елінің келісті сиқы бар адамы-ды: ұзынша жақ, жап-жазық кіршіксіз маңдай, орташа түзең мұрынды, жұқа ерінді, кәрілігіне қарамастан әлі тіп-тік және жас жігіттің мүсініндей орта бойлы сұлу дене» [175, 237 б.].

Жазушы сомдаған қарт қазақтың келісті портреті кейіпкердің сыртқы кескін-келбетімен қоса, ішкі жан-дүниесін, қазақылықты бойына сіңірген нағыз қайсар ердің қайтпас мінезін аша түседі.

Бас кейіпкер өмір ағысында арқаны аязға сорғызбайтын да, адамгершілік қасиетті аяқ асты еткізбейтін де, бір тілім нанға қайыршылық қолды создырмайтын да, намысты таптатпайтын да еңбектің құдіреті екенін ұғынады. Адам түгілі малдың тілін түсініп, қамқорлығын аямайтын бағымдағы қойдың жайылғанына дейін қызыға қарап, әрбір жануардың ішкі дүниесіне үңілетін Жүмекеңнің жүзінен имандылық нұры төгіліп тұрады. Әңгімеде орын алған әр оқиғадан қарт қазақтың аз сөйлеп көп тыңдайтындығы, мағыналы сөз, байсалды пікір айтатындығы, өмірлік тәжірибесі де мол, адал жан екендігі айқын аңғарылады.

Хамза Есенжановтың сан қырлы келелі мәселелер мен өзекті тақырыптарды қамтыған публицистикалық мақалалары мен өзіндік ой-пікірлері сол кезеңдегі басылым беттерінде, қолжазбаларда жарияланған. Қаламгердің 1970 жылы «Қазақстан коммунисті» журналында жарық көрген «Адамзатқа қараңғыда жол салып» мақаласы қараңғы қапастан жол тауып, жаңа өмірге қадам бастырған еңбекші халықтың басшысы ұлы көсем Лениннің атқарған ісі мен даңқы турасында сөз қозғайды. Ескі әлемді ығыстырған жаңа қоғамның пайда болуын, оның дамып гүлденуін, өркендеуін, ғылым мен техниканың ғажайып табыстарға қол жеткізуін, өндіріс өнімдерінің артып, қоғам байлығының молаюын Ленин қалыптастырған социалистік қоғамның жеңімпаз сипаты деп есептейді. Қалың орман арасында күннің шұғылалы сәулесі түспеген, көзге көрінбейтін аласа бұта тәрізді қазақ елінің бүгінде сүбелі елге айналып, көш басына шыққанына шүкірлік етеді. «Қазақстан одақтасқан 15 мемлекеттің алдындағы сапында. Сүбелілігі: көмірлі, мұнайлы, алтынды, темірлі, газды, астықты, малды, мақталы, күрішті ел. Көркем қалалы, тас жолды, салтанатты сарайлы ел! Академиялы, университетті, театрлы, көркемөнерлі ел! Үлкен әдебиетті, баспалы, білімді бақытты халық» [175, 10 б.] – дей келе жазушы теңдік пен еркін еңбекке қол жеткізіп, қазына байлығы мен рухани көркемдігін ұштастыра білген ұлтымыздың рухы көтеріліп мәдениеті де биіктегенін айтып өтеді.

Атом қуаты мен аспан әлемін бағындыруға айналған халықтардың ішінде өз тілінде білім алып, жазуға қауқары жетпей жатқандардың баршылық екенін де жасырмайды. Әлі күнге дейін өз әліпшесі жоқ, өз баспасы жоқ елдер де қаншама! Ал біздің республикамызда жылына

баспадан 12 миллионнан астам газет пен журнал, 22 миллион дана кітап басылып шығады. Мұның барлығы дерлік қазақ тілінде және ана тілімізді, мәдениетімізді насихаттайды. Жазушы бұл игі істерді лениндік ұлт саясатының жемісіне еркін қолы жеткен қазақ халқы үшін аса мақтанышты жайлар деп біледі.

Автор өз ойын қорыта келе жаңа ұғым, жаңа қоғам, жаңа салт, жаңа дүние жасау іліміне қол жеткізген ұлы кемеңгердің бейнесі мен ісі көркемсөз құдыретіне айналуы, ескі өмірді біржола құлатып, жаңа қоғамның іргесін қалауға атсалысқан қаһармандарды бейнелеу, олардың ерлік істерін дәріштеу әдебиеттің ең басты кредосы болуы керектігін баса айтады. Хамзаның 1974 жылы СССР жазушыларының I съезіне 40 жыл толуына орай оздырылған салтанатты шараға байланысты жазылған «Мерекелі мәжілістен кейін» мақаласы әдебиетіміздің жан-жақты толысып, өркендеуіне үлес қосқан қазақ прозасы мен поэзиясына арналды. Ақын-жазушылардың елеулі туындыларына қысқаша шолу жасаған жазушы әдебиетіміздің жанрлардың қай түрінде болмасын алға басып көркейе түскеніне сенім білдіреді. Оған қоса мерекелі мәжілістен кейінгі атқарылуы тиіс міндеттерге тоқталады.

«Басты мақсат: өмірді қайта құрып, бұрын көріп-білмеген жаңа қоғам жасап жатқан қаһармандардың қажырлы бейнесін әдебиет айнасына түсіру ұлы заманның еңбек батырын өзгеге үлгі ету, соның бейнесін сомдау. Бұл өмірдің өзі ұсынған қаһармандық істің бейнесі» [175, 50 б.] – деп сол дәуірдің талабына қарай сөз саптап, ой түйеді.

Заман көшіне ілесіп, осынша байлықтың көзін тапқан, халық игілігі үшін жан аямай қызмет еткен еңбек адамдарын да «бүгінгі қаһармандарға» теңейді. Бүгінгі мен болашақтың жігерлі, еңбексүйгіш, білімді, қуатты, өнерлі, адамгершілігі жоғары, әділ жандары кезекті әдебиет кейіпкерлеріне айналары сөзсіз.

Өмірлік табиғи құбылыс ретінде қалыптасқан ұлттар достығы, өз әдебиетімізден-ақ көрінетін қазақ ақын-жазушылары мен ойшылдарының өзге ұлт өкілдерімен рухани байланыс орнатуы қаламгердің «туысқандыққа айналған достық» мақаласында сөз етіледі. Ұлы мақтанышымыз сөз зергері Ф.М. Достоевскиймен достығы орыс халқымен бірге рухани бірлікке, ынтымақтастыққа ұмтылысымыздың айқын мысалы бола алады. Сол секілді Абай да Пушкин мен Лермонтовты қаны бір туысындай жақсы көре білді, олардың өлмек шығармаларын қазақ тіліне аударды жаны сүйді. Жазушы мақаласына арқау болған ұлттар достастығы-татулықты нығайтуға, ұлт бірлігін сақтауға үлесін тигізіп отырғаны айқын.

Хамзаның «Жазушыға құрмет» мақаласы даңқты жазушы М.О. Әуезовтың «Шығармашыл тұлға» екендігін тереңнен қозғап, өзге де қырларын ашып көрсетеді. Автор: М. Әуезовті құтты тамырдан, ұлттық терең негізден бүкіл ұлт болып алға, жарқын болашаққа ұмтылған халықтың арман мен тілек қауызынан өсіп-өнеді [175, 78 б.] – деп есептейді.

Оның «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Айман мен Шолпан» сынды құнды пьесаларын жазу барысында нағыз халықтың тұрмыс-тіршілігіне, заман

келбетіне үңіліп, өткір мәселелерді тақырып пен сюжеттің өзегіне алып келгендігін айтып өтеді. Мұхтар Омарханұлының ұлылығын әлемдік деңгейде мойындауының басты себебі-оның баға жетпес көркем туындыларына тең келер дүниені табудың қияндығында. Ұлы суреткер шоқтығы биік «Абай жолы» роман-эпопеясын жарыққа шығарғаннан кейін әлемдік ақыл-ой алыптарының қатарынан орын алғанын да жеткізеді. Жарқын өмір жасампаздарына айналған, халықтың жүрегінде мәңгілік өмір сүретін жазушылардың бар екендігін атап өтеді. «Шағын әңгімеді жарқын бейнелер» мақаласынан жазушының қаламгерлік шеберлігімен қоса, сыншылық өнерінің де басымдылығы байқалады. Ө. Нұрғалиев, Ж. Нәжімеденов, О. Сүлейменов, Қ. Ысқақов, М. Сүндетов, С. Мұратбековтей жас буынның талапты өкілдерінің өлең-жырларымен, әңгімелері мен танысқан жазушы көркем сөз дүниесіне аяқ басқан суреткерлердің олқы тұстары мен жетістіктерін екшелейді. «Өйткені өмірге жаңадан аяқ басқан жанның бәрі көзді көбірек тігуді керексітеді, мәпелеуді көксейді». Көлденең көзден ши қоршауды қалқа ететін жас боташа, әдебиет секілді шетін өнердің нәзік суреткерлері әрдайым әділ бағамен ағалық ақылға сүйене өрлейді» [175, 80 б.] – деп толғанады жазушы.

Таланттардың ой шеберлігі мен тіл шеберлігін, аз сөзбен көп мағына бере білу қасиеттерін тізбегінен Хамза сыни ойлау өрісі кең, сөз байлығы толысқан кемел тұлға ретінде танылады. Бұған қоса қарымды қаламгердің «Республика сипаты», «Төрлетіңіз ағайын», «Даңқ тұғырында», «Жүрек алысы», «Көркемдік кепілі», «Лайықсыз нәрсе», «Игі бастама», «Аналарға арнап», «Қазақ әдебиеті тарихының очеркі», «Бір аударма ақуалы», «Ой тереңдігі», «Армандастар» секілді бірнеше мақалалары газет-журналдар беттерінде жарық көреді.

7.3 «Ақ Жайық» роман-трилогиясының көркемдік құрылымы

Саңлақ суреткер Х. Есенжановтың есімін дүйім жұртқа танытқан шынайылық пен даралықты, көркемдік пен әсемдікті, тарихилық пен нақтылықты шебер үйлестірген шежіре мен сырға, ой мен философияға, сезім мен образға толы «Ақ Жайық» трилогиясы қазақ әдебиеті тарихын биік кесек туындылардың нақты үлгісі бірі әрі бірегейі.

Академик М. Қаратаев: «Хамза романдары қазақ прозасының әлеуметтік роман-эпопея жанрын жаңа өрісте дамыта түскен келелі туынды» [176] – деп жазушы прозасының айрықша ерекшеліктерін атап өтсе, кемеңгер жазушы М.О. Әуезов: «Европа үлгісімен жазылған біздегі бірінші роман» [177] – деп «Ақ Жайық» трилогиясына тұшымды баға береді.

Үлкен ізденіс пен өнімді еңбектің нәтижесінде өмірге келген «Төңкеріс үстінде», «Шындалу», «Тар кезең» атты үш кітаптан тұратын «Ақ Жайық» роман-трилогиясының жазылу тарихы турасында Хамза Есенжанов «Жазушы лабораториясы «Ақ Жайықтың тарихы «роман қалай жазылды?» деген сұрақтың тууы», «Жыр мен аңызға құмартудың басы», «Тебірену»,

«Үлкен тақырыпқа бірінші әңгіме», «Өмірдің өзі – шығарма» тақырыптарындағы ой-толғаныстары арқылы түсінікті тілмен шынайы жеткізеді. Бала кезде есіткен әңгімелер, көзбен көрген оқиғалар, бойға дарыған көркемсөз құдіреті әдебиетші болуға жол салатыны секілді Хамзаның да алғашқы қалам тебіренісі кеңес мектебінде білім алып жүрген кезінде пайда болады.

Азамат соғысы өршіп тұрған шақтарда ауыл үлкендерінен, ағасы Ғалымжаннан не түрлі шытырман оқиғалар, қызыл әскерлердің құлық әдіс-айлалары, сұсты заманның сұмдық көріністері жөнінде әңгімелер тындап өседі. «Міне, сол кездің миға қонып қалған қызық әңгімелері, балалық шақтың балғын сезіміне бөлеген оқыс жайлары, буалдыр, бұлдыр суреттері, өзгеше ерлік пен қайсарлығы, жандасқан өжет тартыстардың бөлшектері – басқаға хикая етуге – айлар, жылдар өткен сайын жылжып аққан бұлақтай ой қоймасына жиналып, іріктеліп, формаланып, келе-келе қағазға да көше бастады» [178, 331 б.] – деп баяндайды жазушы.

Азамат соғысы тақырыбына жазылған «Өлеңтінің жағасында» көлемді әңгімесі «Ақ Жайық» трилогиясының алғашқы баспалдағы іспеттес. Бұл әңгімені одан әрі күрделендіріп, таңдалған тақырып пен идеяны кеңірек аша түсуді ойлаған жазушы үлкен ізденіске кіріседі. Сондай-ақ жаңа дәуірде революциялық–тарихи романдардың дамуына жол ашқан С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мен С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау» туындыларының жарыққа шығуы жазушыға ерекше әсер етіп, шабытын шарықтатады. Бірнеше жазушы бір тақырыпта қалам тербесе де, олардың көтерген проблемалары, идеясы, суреттелген оқиғалар, кейіпкерлер әлемі бір-бірінен айнымастай ұқсастықта болуы мүмкін емес. Жазушы Х. Есенжановтың суреткерлік қыры, өз қаһармандарын, сипатталған құбылыстарды жете түсінуі, ішкі дүниесіне енуі оны өзгелерден ерекшелей түседі.

Жазушылық шеберліктің жарқын үлгісін жасаған «Ақ Жайық» роман-трилогиясы ғылыми таным мен шығармашылық қиялдың, кемел ой мен қайсар мінездің көркем туындысы десек те болады.

Роман-трилогияның негізгі өзегі – қазақ халқының ауыр да азапты тағдыр езгісіне тапталмай, сұрапыл кезеңге қасқая қарсы тұрған өр мінезін, қаһармандық рухын таныту. Жалынды жастар Хакім мен Мұқараманың нәзік сезімін, назды көзқарасын суреттеуден бастау алған роман жаңа өмірдің іргесін қалауға ұмтылған халықтың басынан кешкен шиеленіске толы оқиғаларына ұласады.

Роман-трилогияға өзіндік көзқарасын білдірген Р. Нұрғали: «Ызғырық табы тарамаған көктемнің көңілсіз бір түні, 1918 жылдың 29 наурызы, ақ қазақтар мен арандатушылардың Оралдағы контрреволюциялық бүлігі жаңа орнаған Совет үкіметін құлатып, революция жастарын, большевиктерді қанға бояйтын қаралы оқиғадан бастап, біз кітап бетінен еркіндік жорығындағы ерлердің елімен, жерімен, тағдырымен сабақтас біртұтас күресін көреміз. Белгілі революционерлер Әбдірахман Әйтиев, Дмитриев, Мендігерей

Ипмағамбетов т.б. күрес туы қара қауымның көзін ашқан астыртын әрекеттер халықтық характерлер күдіретімен үзеңгілес бейнеленіп трилогияда күні өтіп бара жатқан өмір мен жаңа дүниенің айшықты суреті берілген» [138, 385 б.] – деп жазады.

Облыстық совдептің ішінде орын алған Яковлев, Червяков, Әйтиев, Қаратаев, Дмитриевтердің сөз талас, дау-дамайына басты себеп – жер мәселесі, әлеуметтік теңсіздік еді.

Жазушы «Ақ Жайық» роман-трилогиясындағы кейіпкерлер мен оларды қоршаған әлеуметтік орта бейнесін тарихи оқиғалар аясында суреттейді. Тосыннан келген өктемдіктің ықпалынан күйзеліске ұшыраған халық тағдыры шынайы баяндалады. Роман-трилогияның идеялық-композициялық желісіндегі қаһармандардың көркем шындықпен сомдалуында жазушы адам бойындағы қасиеттердің заман тынысына қарай өзгертіндігін психологиялық талдаулар арқылы көрсетеді.

Романның бас кейіпкерлері көркемдік жинақтаудың озық үлгілері десек те болады. Жазушы «Романның бас қаһармандары» атты жеке зертханалық-тәжірибелік баяндамасында: «Ақ Жайықтың» бас қаһармандары қандай десек: Оралда 1918 жылы бірінші облыстық Совдеп құрған жандар. Олардың басшысы Петр Дмитриев – Орал гимназиясының оқытушысы. Петроград пролетариатының өкілі. Бірнеше жыл каторгада болып, айдалып келген большевик. 1861 ж. құлдықтан құрылған Ресей қарашекпенінің баласы. Екіншісі – юрист Бақытжан Қаратаев. Үшінші – Доссордың жұмысшы мектебінде істейтін учитель Павел Червяков. Жұмысшы Петр Парамонов, Меңдігерей Есмағамбетов, Әбдірахман Әйтиев, солдат Иван Белан...» [178, 373 б.].

Атыс пен айтыстың бір жағында ағайынды Жүнісовтер – қажының ұрпақтары Хакім, Әлібек, Әділбек және Мәмбет, Нұрым, Бақытжан Қаратаев, Мұкарама, Быков, Қален Көптілеуов, Шолпан, Белан, Дмитрев, Кәрімғали, Меңдікерей. Қарсы топ, қарсы бетте Халел, Жанша Досмұхамбетовтер және төтенше әскери соттың төрағасы Емуганов, сұлтан Арон Қаратаев, ақ генерал Михаев, аяу білмес Абылаев, жазалау отрядының бастығы Акутин. Осылардың бәрі де көркемдік жүк көтерген, Хамза Есенжанов талантымен сомдалған сом бітімді бейнелер.

Зерттеуші ғалым М. Атымов: «Алты бөлім, 50 тарау, 182 эпизодтан тұратын үш кітапқа 1918 жылдың 29 мартынан 1919 жылдың февралына дейінгі он бір айлық оқиға бөліп-бөліп орналастырылған. Ал, оған дейінгі өткен күндер оқиғалары мен характерлер тағдыры лирикалық шегініс арқылы беріліп отырған» [178] – деп көрсеткеніндей, ХХ ғасыр басындағы Ақ Жайық елін мекен еткен қазақ халқының басына туған тарихи-революциялық қозғалыстар, азаматтық соғыстың өршуі, кеңес өкіметінің орнауы, ұжымдастыру роман-трилогияның сюжетіне арқау болады. Шығарма мазмұнында азамат соғысының ел ішіне салған ылаңы, Лениннің шешімімен шет аудандарға Петр Дмитриев секілді революционерлердің ат басын бұруы, олардың жергілікті жұртты тыныштандырып, коммунистер мен

жұмысшыларды ақтардың атамандарына, байлар мен бекзадаларға қарсы шығуға ұйымдастырған игі істері баяндалады.

Айтылған әрбір сөздің астарына үңіле білетін Дмитриев жұмысшылар үстемдік орнатып алғанша ешбір жаңсақ сөзге ермеу, жұмсақ сөзге алданбау керектігін, қарсы келген дұшпанға тойтарыс беру үшін халықтың қолына мылтықпен бірге сана қаруын да ұстатып, көздеген мақсатқа жету үшін кімнің жау екенін, мылтықты кімге кезену керектігін түсіндіреді. Жаудың әрекетіне алдын ала барлау жасап, нәтижеге қарай қимыл жасауды да дұрыс деп санайды.

Жауды ойсырата жеңудің басты құралы – сана-сезімнің оянуы екендігін идея ғып көтерген Дмитриевтің мәжілісте сөйлеген сөзінің өзі: «- Жолдастар, жау жыртқыштық сүдінін көрсетіп бас салуға дайын тұр. Бірақ революцияны қорғауға тамшы қанымыз қалғанша, соңғы дем біткенше күш саламыз. Бұл үшін қайраттылық, табандылық, тапқырлық пен қажырлылық керек, әдіс керек, ақыл керек. Жасымау керек – қолда қазір күшіміз аз» [178, 89 б.] – сол жерге жиналған коммунистердің рухын көтеріп, жұмыла іс қылуға күш берерліктей еді. Зауыттар мен диірмен жұмысшыларын, темір жол қызметкерлерін де тегістей жасақтап, қолдарына қару ұстатып дұшпанға қарсы қойса, ақ казактарға оңай олжа болмайтындарын да жеткізеді.

Халық өз болашағы үшін, келер ұрпағының бақытты ғұмыр кешуі үшін күресетінін сезіне білсе, ешбір жау аяқ баса алмасы айқын. Ақ казактардың совдептің көзін жоюға, қанды өктемдік орнатуға, жұмысшы табына бас көтертпестей әлек салуға деген қара ниеті орындалмас үшін, Ресейдің жұмысшылары мен шаруалары құлдық қамытын кимес үшін революция ісіне шын берілген азаматтардың ерлігі қажеттігі ашық көрінеді. Ең алдымен, жан сауғалайтын емес, саяси әдебиеттерді аман сақтап қалатын қауіпсіз орын іздеуі тарихты, әдеби құнды мұраларды қастерлейтінін білдіреді. Жұрт қамы үшін ойын-күлкіден, ұйқыдан безіп халық адамына айналған Әбдірахманның азаматтық, адамдық қасиеттері оның әрбір ойлана басқан қадамынан, іс-әрекетінен көрініп отырады.

Ақ генералдар мен казак атамандарының үстемдік орнатып, басып-жаныштауына тосқауыл болар амалды іздеп аласұрған Әбдірахман кеңес ұйымдастырып, халықты бастап жүрген Парамотов, Колостов, Елмағанбетов пен Морозовтардың тыныш жатқанына, ет комбинаты мен темір жол, тері заводтарының ұн өндірісіндегі жұмысшылардың, қолөнершілер мен оқушылардың қолдау көрсетпей бейқам жүргендігіне қынжылады. Құтырған казактарға қанды көбік жұтқыза шайқасар күнді аңсайды. Қызыл әскерлерді жан-жақтан қоршауға алып, елдімекендеріне шоғырлана бастаған ақ казактар да жоспарлы әрекет етеді.

Жиналған көше адамдарын қойша иіріп, қамшылап айдап қапасақа қамаған казактардың озбырлығына қарсы бой көтерген топтың наразылығын жазушы шынайы жеткізуге тырысады. «Бұлт арасынан шыққан әлсіз нұрлы күннің шұғыласына ақшыл қызыл ту жарқырай түсіп сәтте қайтадан күңгірт тартады. Ызғарлы жерден бұйығып бой тасалағандай, сырғыған қоңыр

бұлттардың тасасынан күн көпке шейін шықпай қояды. Желкем ауа. Жағымсыз салқын. Белін қысқан ықшам киім. Формалары фуражка. Уылжыған беттер. Шымыр адым. Талдырмаш дене. Жігерлі қимыл. Дік-дік басқан сап» [178, 49 б.].

Тұла бойларына тұнған ыза-кекті ашынған жігерлі үндерімен, екпіндете жырлаған революция гимні арқылы шығарған жалынды жастардың дүбірлі аяқтарының дүмпуі, жаңғырыға жеткен қою дауысы қарулы казактардың жынын қоздырып, ашуға міндіреді.

Өздері «кітап мүжуші бұзылғандар» деп атайтын студенттерден құралған қайсар топты қарулы күшпен кері қайырған казактар ереуілді бастаушылар мен отызға тарта жастарды қамауға алады. «Сөйтіп, қапылыста соғып кеткен қара құйындай, атамандар ойраны ыстық жүректің жетегімен жүрген жасты да, соқпағы мол ұзақ өмірдің әділсіздігінен қажып шындықты қармалаған өлмелі кәрияны да, заңға сүйенген ақ пейіл адвокатты да, халық үшін күрескен революционерлерді де, оларға тілектес жас түлектерді де топтап апарып ғасырлар бойы озбырлыққа баспана болып келген тар қапасқа тықты. Бұл ойран ері үшін есі шығып аласұрған әйелді аңыратып көшеде қалдырды, сан сәбиді жетім етті, көп жұбайды жесір қалдырды» [178, 151 б.].

Қара ниетті казактардың жауыздықтары мен бейбастақ әрекеттері мұнымен тоқтап қалмайды. Аттылардың көшеден көрінген жанды еш айыпсыз абақтыға айдауы – адамшылыққа жат озбырлықтың, заңға сыймайтын, жан түршіктірер тағылықтың көрінісі. Бір сәтте ғана дүниенің астан-кестенін шығарып, кәрі-жасына қарамастан сең соққан балықтай есеңгіретіп, достан, бауырдан, баладан, жардан, үйден айырып қорғансыз күйге түсірген жауыздардың одан ақырғы әрекеті шығарма сюжетін күрделендіріп, оқырманын терең ойдың түбіне батырады.

Қараңғы қапасқа қамалып, жазықсыз жазаға ұшыраған Дмитриев, Червяков, Нуждин, Половинкин сынды облыстық совдеп құрған ел қалаулыларының, юрист Елеулі Бұйратов, халық жақтаушылары Хакім, Әмір секілді жастар, оқушылар, жұмысшылар, шаруалар, интеллигент адамдардың ешбірі кез болған қиындыққа қайғырып, өмірден баз кешпейді. Хамза сомдаған әр кейіпкердің батылдығы мен жігерлілігі, намысқойлығы жан сүйсіндіреді. Алдарында не түрлі жойқын жазалардың жақын тұрғанын сезсе де ессіздердің ешбір сөзіне мән берместен күңгірт камераларды бұзып жарардай күшті дауыспен:

Басындар, жолдастар, аяққа,

Туғанда төңкеріс таңы.

Жайындар құлашты жан-жаққа,

Жойылсын залымдар заңы [178, 160 б.]

– деп ұрандатуы ұшқыннан лап берген өрттей түрме ішін тұтас ертіп әкетеді. Теңдікті аңсаған, бостандықты көксеген азаматтардың жан тебіренерлік сезімдерін, ішкі үнін жеткізуге асыққан жыр тас түрменің төбесін жұлып кетердей екпінді әрі жалынды еді. Ашына әндеткен көп халықты тәртіпке келтіруге күш салған надзирательдер айқайлаудан, жекіруден әбден

жалығып, тіптен гимназистердің кекесінді, өткір сөздерінен сағы сынып, ақыр соңында тұтқындардың дабырына көнуден басқа амалдары қалмайды. Автор бейнелеуіндегі қала көрінісі ел ішін дүрліктірген әскери адамдарға үрейлене қараған, есік-терезелерден сығалап, сұсты назарлардан жасырынған жұртты елестетеді.

«Қала ауру жандай сұлқ жатыр. Көшелерде жан жоқ, жұрт тегіс үйде. Мекемелер, сауда-саттық орындары түгел жабық: қос-қостан салынған құлыптар мен белдеу темірлер есік терезелерді айқара құшақтап алыпты. Қыбырлаған жан иесі түгіл өлі мүліктер де суық қолдан бой тасалағандай. Жайбарақат кезде қақпа астынан жүгіре шығып жүргіншіге безендеп қалатын беймаза иттер де әлдебір жаққа сенімсіз жалтандайды, құйрықтарын жымқыра қысып алған» [178, 169 б.].

Қызылдардың шоғырланған қауіпті жерін жоқ етіп, басшылар тобын әлеумет ортасынан шеттетуден басталған істерін өзара мадақтап, одан әрі большевиктер мен оларға тілектес адамдарды, профсоюз басшыларын, оған қоса әдеби мұралар сақталған баспаханаларын табуды көздейді.

Һарон Қаратаев бастаған ақтардың қираған монархияның бөлшегін қармап, қызыл гвардияны жаулап алу жолындағы әрекеттері роман-трилогияның басты идеясын тануға септігін тигізеді. Басқыншылардың ақылға сыйымсыз қылықтары мен қарапайым халықты хабардар етуден қаймықпаған ержүрек ерлердің кеудеге сыймай тулаған мықты жүрегі шындықты жария етуге тайынбай кіріскен батыл қимылдары ел үшін туған ерлер барын аңғартады.

Сонау тар заманда азаматтық борышын адал атқаруға ұмтылған Әбдірахман Әйтиевтің халық ішіне таратқан хатында: «Түрмедегі кіріптар жолдастарға! Құтырған ақ генералдар мен атамандар ақтық рет тірсектен алып жатыр. Царизмнің бұралқы сақшысы обер полицейский Һарон Қаратаев ит қорадан шығарып бар сыщиктерін қалаға жауып жіберді. Қаланы әзірге бір топ салпаң құлақ төбеттерге тастап кетіп жатырмыз. Орынборға, Самарға, Сарытауға хабар жеткізіп күш сұрауға адамдар аттанды. Біз жеңімпаз Қызыл гвардия келіп жеткенше анау қалың деревнялар мен селолардың шаруаларын, жұмыскерлерін, басқа да саналы азаматтарын, кең сахарасында теңдіксіз тұншыққан қазақ елінің еркіндік іздеген ер жігіттерін, жарлы-жақыбайларын қолына құрал беріп, атқа мінгізбекпіз. Біз көппіз. Жау аз. Қажымандар! Күтіңдер! Келеміз! Куйте из цепей мечи!.. Әйтиев, Колостов, Паромонов тағы басқалар. 2 апрель, 1918 жыл» [178, 182 б.].

Адам – табиғаттың ажырамас бір бөлігі десек, Хамза шығармашылығына тән басты қырлардың бірі ретінде кейіпкер ой-толғанысының, ішкі жан сезімінің табиғат бейнесімен астасып жататындығын айта аламыз. Автор қолдануындағы пейзаж оқиға орны мен уақытын сипаттап қана қоймайды, адамдардың характерлерін, болмыс-бітімін ашып көрсетуге қызмет етеді.

Жазушы алда болар оқиғаны табиғат суреті арқылы мегзеп, оқырманын кезекті жағдайларға алдын ала дайындап, хабардар етіп отырады. «Ап-ашық

күндерде де сахарада аяқ астынан қара құйын шыға келеді. Шанды, шөпшеленді бұрқырата үйіріп, бойына жинап алып, найзадай шаншылып құйын жүйткіп ауылға төнеді. Қарасынға жақындаған сайын өршеленіп көң-қоқырды асты-үстіне шығара қопарып, жолында кездескен жеңіл-желпі үйлерді жығып кетеді; дүниені шашып, аяқ-табақты қиратып, айран-сүттің бетін қоқымға толтырады; адамның беті-жүзін топырақ шаңмен қап-қара қылады; ойда жоқ жерден мағынасыз әлекке түсіреді, кейде мая-мая шөптерді төңкеріп тастап, шашып боратып, әлдеқайда ұшырып әкетеді... Аңсызда бас салған ақ казактардың әлегі үлкен бір апатты қара құйындай болды. Қаланың асты-үстіне шығып, қанды бүліншілікке ұрынды...» [178, 189 б.].

Мына бір суреттеуден жазушының тыныш жатқан жұртты дүрсілкіндірген, дүниенің астан-кестенін шығарардай алып күштің келгендігін табиғаттың қара құйынына теңеуінен көре аламыз.

Роман-трилогияда сол кезеңдегі оқу-ағарту, дін мәселелері ел қамын жеген Жүніс қажы мен ұлы Хакім бейнесі арқылы көрініс табады. Жасынан зерек, алғыр Хакімді Оралға білім алуға жіберген қажының ісі жанама ағайындарына ғана емес, бүкіл ел-жұртқа үлгі болып, балаларын оқыту мақсатында Текеге жіберуге қызығушылық танытқандар қатары көбейеді. Хакімнің оқудан оралған сәтіндегі әке көзқарасы мүлдем бөлек. «Ол баласының киімін, өн-бойын, оған қоса ой-өрісін шамалап өлшеп аларлық қараспен төменнен жоғары қарай сүзе келіп, көздерін қара бөріктің астына сыймай тұрған толқындаған қою қара шашына қадады. Туған үйді, әкешешені, туысқандарды көргенде елжірей қобалжып кеткен Хакім жас балаша қипаңдап, әрі еркелей күлімсіреп көрісуге дөптеген қолдарын әкесіне соза түсті, бірақ ол өзінен гөрі шашына ауған найза назарды көріп, қымсына бастады. Әр жағына өтерлік, бұрғылай қадалған әкесінің бұл белгілі қарасы шашын шарпып жібергендей болды» [178, 287 б.].

Ең білімді деген оқымыстылардың ешбірінде жоқ бұл шаш өсіру әдетінің ұлына тап келгенін, жұрттан бөлек есерленген Хакімнің қылығын ойлаған әке суық қабақ танытады. Алайда баланың келешекте қандай адам болары парасаты мен бағына байланысты деп ұққан әке ұлдарының заманына қарай лайықты білім алуына жағдай жасауда, қажетті тәлім-тәрбие беруді мақсат тұтады. Ел тізгінін ұстауға жарап қалған ұлы Хакімді ишандарға, қажыларға, игі жақсы тұлғаларға көрсетіп, әрдайым жанында ертіп жүреді. Бірнеше жыл бойы қалада орысша білім алып, қала тәртібіне дағдыланып кеткен Хакімнің діни әлемнен, мешіттен, медреседен, салт-дәстүрден алшақтап кетуінен қауіптенген ұлын мешітке жұма намазына қатыстырып, ата-бабаларының зираттарына дұға қылдырып, аят оқытқан әкенің тынысы кеңіп, көңілі жайланады.

Хакімнің көзі ашық, көкірегі ояу ұстаз Әбдірахман Әйтиевпен кездесу кезінде жазушы тағылымы мол құнды мәліметтер мен сөз үлгілерінен құрылған диалог өрбітеді. «Өзің білесің, анау ұзын Ақ Жайық толықсып ағып, Атырау теңізіне құйылып жатыр. Жайықтың бойын мекендеген сан ел,

сан жұрт, қала мен қыстақ бар, оның бойында сансыз алқап, нулы орман, тоғайлар бар. Оқыған шығарсың кәдімгі «Қыз Жібектегі» ел жайлаған «Ақ Жайық, жағалай біткен бидайық...» сол елге, малға, орманға, тоғайға сусын болып, нәр беріп жатқан сол Жайық. Жайық болмаса бұл маң да құты қашқан қу дала болар еді, өмір ажарсыз, кәсіп құнарсыз болар еді. Тап осы Жайық сияқты қазақтың шөліркеген еліне нәр беретін түпсіз бұлақ – Абайдың мына кітабы: бұл қазақтың Ақ Жайығы, бізге бұл көзімізді жарқ еткізерлік сусын...» [178, 310 б.].

Оқуын бітіргеннен кейін қандай лауазымды таңдап, не қызметке орналасарын шеше алмай жүрген тәжірибесі аз Хакімге Әбдірахман қазақтың ұлы ақыны Абайдың кітабын оқуды насихаттап, асыл қазынаны түпсіз бұлақ Жайыққа теңестіріп ақылын айтады.

«Ақ Жайық» роман-трилогиясының тақырыптық-идеялық жалғасы «Көп жыл өткен соң» және «Жүнісовтер трагедиясы» туындыларында да азамат соғысының аяқталар тұсындағы Орал өлкесінің тыныс-тіршілігі бейнеленіп, халықтың шаруашылық ахуалын қалпына келтіру жұмыстары сипатталып, Батыс Қазақстан өңіріндегі ұжымдастыру жылдарының көркем шежіресі жасақталған. Автор бұл романдарында да қаһармандарын қалың оқиғалар ортасында суреттеп, олардың ішкі жан дүниесін, сезім иірімдерін оқырманның көз алдына алып келеді.

Замана қасіретін, дәуір зардабын басынан кешкен, қазақ ұлтының хал-ахуалына күйініп, ел өмірін өз тағдырындай қабылдаған көркем ой, биік ар-ождан иесі, заманының заңғар жазушысы Хамза Есенжанов есімі әдебиет тарихынан өшпек емес.

8 ЖӘРДЕМ ТІЛЕКОВ (1911-1980)

8.1 Көрнекті жазушы, шығармашылық ғұмырбаян

Қасиетті қаламның қуаты арқылы қарасөздің қайталанбас үлгісін танытқан, ұлттық характер, кесекті образ сомдау арқылы прозаның алтын тұғырына мінген, поэзияға да батыл үнмен өзіндік өрнегін салған Жәрдем Тілеков мұралары әдебиет әлемінен елеулі орын алады. Көркем ой, кестелі сөз иесі Жәрдем Тілеков 1911 жылы Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданының Аралтөбе ауылында дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар Жәрдем Орал қаласындағы педагогика институтына аса құлшыныспен оқуға түседі. Білім алып жүрген кезінде 1932-33 жылдары Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің редакциясында мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Атқарып жүрген кәсібі шығармашылық жолының бастау алуына үлес қосып, түрлі тақырыптағы өлең-жырлары арқылы жұртшылыққа жас ақын ретінде таныла бастайды. 1933 жылы Қызыл Армия қатарына шақырту алған Жәрдем 1935 жылға дейін Оралдағы Приволжье әскери округінің 11-дивизиясының құрамына енетін атты әскер полкінің кіші командирі болып қызмет атқарады. Жазушының бұдан кейінгі еңбек жолымен етене таныс С. Сейітов: «Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының

саяси қызметкерлерін даярлайтын мектептің курсанты, Қиыр Шығыс майданы қолбасшысының адъютанты, пулемет-миномет училищесінің курсанты, Қиыр Шығыс майданының «Дабыл» атты қызыл әскер газетінің ұйымдастырушы-тілшісі (1941 ж. декабрьден 1945 ж. октябрьге дейін) Тілековтің соғыс жылдарындағы жұмыстары осылайша алмасып, жалғаса түседі» [179, 6 б.] – деп баяндайды.

Кеңес Әскері қатарынан қайта оралған Жәрдем Тілеков Қазақстан Жазушылар одағының Семей облыстық бөлімшесінің секретары (1949-1952), «Жазушы» баспасының проза бөлімінің меңгерушісі (1952-1965), «Жазушы» журналы бас редакторының орынбасары (1965-1973) міндеттерін атқарады.

Әдебиетке алғаш рет поэзиялық туындыларымен келген Жәрдем Тілеков 1939 ж. «Каспий толқыны» (кейіннен «Атырау толқыны»), 1946 ж. «Сырым батыр», 1948 ж. «Ақсұр ат» атты көлемді поэмаларды жарыққа шығарады. Соғыс жылдарынан кейінгі күрделі кезеңде шыққан «Сырым батыр» тарихи поэмасы Кіші жүз қазақтары көтерілісінің көрнекті басшысы, батыр әрі шешен, Жайық өлкесінің біртуар батыл азаматы Сырым Датұлының көркем образын жасап, ерлігі мен даналығын дәріптейді. Сырым батырдың өр тұлғасы поэманың өн бойында өріліп отырады.

Түлеп ұшқан қыранмын,
Тұғырыңа қона аламын.
Талайлар тайған тағынан
Атаң Әбілхайыр хан –
Екі жүзді зайыр хан.
Хандық құрған шағында
Жаумен ауыз жаласқан,
Жоңғар қалмақ ханына
Қызын беріп, жарасқан
Үш арыстың баласын
Бағындырып алам деп,
Шеңгелімді салам деп
Мансап үшін таласқан
Ойқан–Жойқан арасын [180, 11 б.]

– деген ызадан туған ащы жыр Сырым Датұлының шынайы келбетін айқындап, қаймана қара қазағын хан, патшаның қаһарынан, бай-болыстың қысымынан қорғауға жан ұшыра ат салысады. Оның көтерілісті бастауына да түрткі болған қисынсыз патша саясаты мен Жайық казактарының жүгенсіздігі, олардың қазақ халқын қанауы еді.

Оған қоса, автор бұл поэмасында:
Кебеже құрсақ, кең маңдай,
Танадан шыққан Малай бар.
Малай жүрген жерінде,
Қалтыраған талайлар.
Жай отындай сөз айтқан,
Тәңірі шешен жаратқан [180, 12 б.]

– деп Сырым батырмен сөз жарыстырып, асқан ғұламалығын көрсетіп, ақ батасын берген тілге шешен, сөзге жүйрік Малайсары бидің бейнесіне де тоқталып өтеді. Батылдықы пен шешендікті ұштастыра білген Сырымның ашық күрес кезіндегі теңдессіз ерлігі мен көзсіз батырлығы, халықты бірлікке бастаған рухты сөздерімен, хан-патшаға жеткізген кесекті ойларымен қатар жүріп отырады. Шешендік пен ерліктің өшпес үлгісін таныта білген Сырым Датұлының өнегелі өмірі, тағылымды еңбегі қай кезеңде де бет бұрар бағыт, күш берер тұлға болары сөзсіз.

Жәрдем Тілековтің аталмыш поэмалары хақында С. Сейітов: «Каспий толқыны» да, «Сырым батыр» да өлеңдік өрнегі жағынан оқырман құлағын елең еткізерліктей елеулі дүниелер еді. «Каспий толқынындағы»:

«Күркілдеп көкше мұзды күрт-күрт шайнап,

Бүркеді бейне ұсатып мұсатырға» –

«Сырым батырдағы»:

«Нажағайын аспанның,

Қағып ап, қайта атқандай»

–деп келетін кестелі, өркешті сөз бедерлері жастайымыздан санамызға сіңіп, зердемізге мықтап орнаған [179, 6 б.] – деп ақынның тіл көркемдігіне, өрнекті сөз бедерлеріне өзіндік көзқарасын білдіреді.

1952-1953 жылдардан бастап прозалық бағытта қалам тербеуге көшкен қажырлы қаламгер «Жоңғар даласында», «От кешу» романдарын, «Қайнар», «Шалғай шепте», «Хинган асуынан асқанда», «Жорық жолында», «Сақа солдат», «Жауынгер журналист», «Соғыс кемесінде» повестерін, «Жаңа жүк», «Қалам мен қару», «Әлмәмбетовтер әулеті» әңгімелерін, «Алыптың асулары» [181], «Әшім айтқан сыр» [182], «Қорғасынның қожасы» [183] сынды очерктерді дүниеге әкеледі. Жазушының өзі өмір сүріп отырған заманның шынайы келбетін жайып салатын прозалық туындылары дәуір ақиқатын, соғыс қасіретін, өмір тартысын шебер бейнелейді.

Бір-біріне мүлдем ұқсамайтын кейіпкер характерлерін жасаған жазушы адам жанының тазалығына, сезімінің мөлдірлігіне, ісі мен сөзінің туралығына ерекше мән береді. Кейіпкерлеріне кестелі сөздері арқылы жан бітірген қаламгер ішкі жан толғанысын, замана тынысын олардың қатысқан оқиғалары, істеген іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, өмір сүру дағдысы арқылы жария еткісі келеді.

Соғыстың сұрапыл шындығын өз шығармаларына арқау еткен батыл жазушы от пен оқтың арасында жан берісе айқасқан майдангерлердің қаһармандығы мен ерлік күресін суреттеп, қазақ әдебиетіндегі әскери прозаның дами түсуіне, тереңнен қозғалмаған тың тақырыптардың көтерілуіне үлес қосады. Жазушының ерлік пен батырлықты насихаттап, келер ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеген әскери-патриоттық тақырыптағы сүбелі шығармалары жауынгер-қаламгерлік қасиетін одан әрі айшықтай түседі.

8.2 «От кешу» романы, композициялық құрылымы, кейіпкерлер әлемі

Жазушының 1969 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрген «От кешу» романы қазақ әдебиетінен елеулі орын алған, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы сұрапыл оқиғаларды шынайы сипаттаған, қазақ ерлерінің қаһармандық әрекеттерін әсерлі жеткізе білген көркем туындылардың бірі. Ұлы Отан соғысы тақырыбына қалам тербеген жазушылардың салған ізіне барлау жасай отырып, өзіндік дара жолын бастауға, тың ізденістерге, жаңа көркемдік құбылыстарға бет бұрған Жәрдемнің толассыз еңбегі, адал ниеті анық көрінеді.

Романның бас қаһарманы – Белоруссия майданында жүрек жұтқан қолбасшы ретінде танылған, шешуші шайқастарда асқан батылдығымен көзге түскен Кеңес Одағының батыры, батыл командир, рухы биік азамат Темір Масин. Шығарма сюжетінде Тасболат Марқабаев ретінде көрінетін бас кейіпкердің өмір жолы, майдан даласындағы жауынгерлік оқиғалары көркемдік шындық шеңберінен аспай, соғыс сұрапылының шынайы қалпын суреттеп отырады.

Жазушы Жәрдем Тілековтің «От кешу» романына өзіндік көзқарасын білдірген академик Рымғали Нұрғали: «Автор бұрын партия қызметкері мұғалім болып жұмыс істеген, Ұлы Отан соғысы басталысымен қолына қару алып, фашистермен аяусыз кескілескен Совет Армиясының офицері, Совет Одағының Батыры Тасболат Марқабаевтың өмір жолы арқылы майдан мен тылдың шыншыл суретін салып шығарды. Анығында, адам анадан жол бастайтын батыр, ел бастайтын шешен болып туа бермейді. Ел намысы, Отан мүддесі ердің жігерін қайнатып, күшін тасытады. Бейбіт күнгі тыныш тіршілік адамдары соғыстың өрт-жалыны ішінде жүріп шынығады. Кіші политрук Тасболат Марқабаев жолы осының айғағындай. Ол ауыр жараланып, госпитальда жатқанда да қан-жанына сіңіп, бүкіл болмысын билеп алған соғысты, жауды жайрату тілегін ұмыта алмайды. Оның денесі дәрменсіз, төсек тұтқыны болып жатса да, сана-сезімі арпалыс үстінде жүргендей» [138, 256 б.] – деп баға береді.

Жантүршігерлік арпалысқа толы соғыс қазанында қайнап, қан майданның қақ ортасында орын алған жанкешті ұрыстарда ерлік күшімен, батыл қимылымен дараланып, майдангерлер мен жауынгерлерге, өз қатарластарына ерліктің, шыдамдылықтың, қайсарлықтың үлгісін көрсете біледі.

Романда өмір мен өлімнің, өрт пен оқтың, өшпенділік пен ұлтжандылықтың арасында шындалып, бүкіл күш-жігерін жауды жеңу жолында сарп еткен Тасболаттың тайсалмас ер мінезі шебер суреттеледі. Бастан-аяқ жаңа техникамен қаруланған неміс-фашист әскерлерінің шабуылына, «Барбаросса» жоспарымен астыртын әрекет етуді көздеген қауырт қимылдарына қарсы тойтарыс беруге ұмтылған кеңес әскерлерінің батылдығы өлшеусіз ерлікпен пара-пар.

Рота политругі Тасболат Марқабаев барлау барысында жау қолына түсіп, аяусыз соққының әсерінен есінен танып, қолы бұғауланып, көзі таңылып жатса да еш қаймықпайды. Туған елін, ұлтын сүйген адал жүрегі өзін қақпанға түсірген 1928 жылы аты шулы байлармен конфискеленген Қошпанбек байдың баласы, ауылдасы әрі құрдасы Байшора Алдазаров екенін білгенде шымыр ете түседі. «Еменнің майысқаны сынғаны, жігіттің қайысқаны өлгені» деп іштей бекінген Тасболат тағдырының қандай талқыға түсеріне көзі жетпесе де, Отаны үшін бәріне даяр еді.

«Тізерлеп жүріп күнелткеннен, тік тұрып өлген артық» деген батыл ер өлімге бас байлайды. Отанын сатып кеткен, қаны бір қазақ бауырын адам құрлы көрмей азаптаған Байшораның опасыздығын бетіне басып, тойдыра ас берген жерден айналшықтап кетпейтін бұралқы итке теңейді. Намысы оянып қаһарына мінген Байшораның камшысының уытына, таяғының соққысына да шыдап бағады. «Алғашқы бірнеше соққыдан арқасы көк ала тартып, соның үстіне осқылап ұра берген соң қан жосыла бастағанын байқап отырған Тасболат «Хас батырдың ұрпағы жауырыннан өтін алса да, жамандарға жалынбас» [184, 32 б.] – деп бекіне түсті.

Байшора сабау таяғын тағы зуқылдата соққылап, қолы талды ма, оны тілі суырылған жыландай сылқ еткізіп тастай салды. Енді беліндегі парабеллумын кабурасынан суырып алып, сол қарудың оқпанын Тасболаттың маңдайына тірей тұрып, жаңағы сұрағын тағы қайталады. «Ер жігітке өлім бар да, қорлық жоқ» деп бекіне түскен Марқабаев: «– Бүгін мені өлтіріп, ертең өзің өлеріңді білмейтін неткен ақымақсың, а? – деп қарсыласты» [184, 36 б.].

Ажалдың оғынан да, жеңдеттердің таяғынан да қаймықпаған қас батыр бейнесі романның көркемділігін күшейтіп, оқырманын баурай түседі. Өзінің өткен шағына оралып, ірі байларды конфискелеу комиссиясында мүше болғанын, бір ауылда тіршілік еткен Қошпанбек бай мен ұлы Байшораның соңына түсіп, жекпе-жек шайқас барысында қолға түсіргенін баяндайды. Сол жылдары конфискеленіп, жер аударылып кеткен бай баласының соғыс кезінде гестапо құйыршығы болуы да табиғи нәрсе деп түйіндейді.

Жазушы Жәрдем Тілековтің отты жылдардың сұсты көріністерін сипаттаудағы басты ерекшелігі – майдан мен тылды қатар алып суреттеуі. Соғыс арпалысында аянбай күресіп, дұшпанды ойсыратуға бар күшін салып жүрген Тасболат Марқабаевтың ерлігін баяндап қана қоймай, аяулы жарына деген сағынышы мен қайғысы қабырғасын қайыстырса да, сары уайымға езілмей, тылда еңбек етіп, балаларын жеткізуді ойлаған асыл ана, адал жар Ғалия Марқабаеваның да бейнесін шебер сомдайды.

Қайсар мінезді Ғалияның тыл жұмыстарына сіңірген еңбегі, сұқтана қараған өзге көздерден сақтанып, жарына адал қалпында қалуды көздеген мақсаты оның әрбір іс-қимылынан, жүріс-тұрысынан байқалады. Ғалияға жас күнінен ғашық қорамсақ Буриннің Тасболат соғысқа аттанған күннен бастап алға қойған мақсаты бар күшін салып, оны қолына қондыру еді. Күйеуінің салт жүрісін сезген Биғайшаның ашу үстіндегі «мынаны абжыландай арбап

жүрген салдақы жүзі – қара сен екенсің ғой» - деген жаласы еш кінәсі жоқ келіншектің тұла бойындағы бар жылылықты жинап алып, денесін мұз қылып қатырып қойған тәрізденді. Алайда, Ғалияның Бурин мен Биғайшаға қарата нық айтылған сөзі бұл оқиғаға нүкте қойғандай әсер қалдырады. « - Өзіңнің де, байыңның да маған қара бақырдай да қажеті жоқ, - деді Ғалия, томағадай қара көзінен ұшқын атылып, жұдырығын түйіп тұр. – Менің жаным арымның садақасы, маңайыма жолағанның тұмсығына қан жалатамын. Мерт болмас бұрын тайып тұрындар екеуің де» [184, 64 б.].

Ашынған Ғалия тарапынан айтылған ащы сөз шаң көтере ұйтқыған қыр құйынына нөсер жауғандай әп сәтте басып, Қорамсақ пен Биғайшаны үнсіз қалдырады.

Мұз болып қатқан ана көңілі балаларын құшырлана иіскеп, мауқын басқан кезде жылынып қоя береді. Үлкен ұлы Бағланның көпшігінің астында жатқан майдан газетінде басылған «Ер жігіт» атты очерк, бет ортасындағы политрук Тасболаттың шайқас кезіндегі қимылы, жаудың жаяу әскеріне жасаған соққысы суреттей келе, «ер жүрек те тәсілқой политрук бір мылтықтың аузына жүз дұшпанды сыйғызды» деп түйіндейді. Очеркті қайта-қайта оқыған Ғалия ұлдарына ғана емес, бүкіл қазақ еліне мақтана жар салғандай.

Романның екінші бөлімінде жазушы астыртын соғыстар майданында қан кешіп жоғары лауазымға ие болып, әсәс полковнигі атанған Ганс Галлер мен өзінің диверсанттар дайындау жөніндегі көмекшілерінің бірі обер-лейтенант Адольф Готт жөнінде мәлімдейді. Басқыншылардың ендігі көздегені – Қазақстанның батыс өңірі, Орал, Гурьев облыстары, Жайық өзені бойы еді. Сол аудандарға аттанғалы отырған диверсанттар тобын шпиондық, барлаушылық, жазагерлік әрекеттердің бәріне де жаттыққан, фюрерге берілген түркістаншыл, қанішерлік қабілеті асқан, тұтқындарды, күдікті қарапайым кісілерді де, поляк, орыс, француз, тіпті немістерді де өлтіруден жасқанбаған Байшора Алдазаровты таңдауы да тегін емес. Екі жыл бойы соғыс арпалысында жүріп окоп пен госпитальға кезектесе жатып, өмір мен өлім арасында күн кешкен Тасболаттың бес күндік демалыс алып, ауылына оралу сәті де түрлі тосын жайттармен толығады. Сүйінші хабарды естігеннен кейін жүрегі өрекіп, азаматына жайлы жағдай жасауға бірден кіріскен Ғалия Тасболаты келер уақытынан кешігіп сарғая күтеді.

Түтеген дүлей боранмен алыса жол үстінде келе жатқан Тасболаттың алыпсатар, саудагер Мәденмен әңгіме барысында күдікті мәліметтер естиді. Еділ бойынан шаршап-шалдығып жеткен майдангер әрі мүгедек бейтаныс қазақтың үйіне түнегенін, майдандағы көптеген жолдастарына хат жазып, соларды станция поштасына салып жіберуді өтінгенін жеткізген Ғалия құдайы қонағының ең алдымен аудан ахуалын сұрағанын, майдан туралы әңгімелер, немістерді жеңіске жетеді деп болжағанын да бірін қалдырмай айтып өтеді. Бұл тұста Байшора Алдазаров өз мақсатын іске асыру барысымен жан-жақты жұмыстанып жатыр еді. «Оны күзғын ұясынан ұшырған қожаларының тапсырмасы: «Жергілікті жағдайды шифрмен

хабарлау, советтік құрылысты жамандау, герман империясын дәріптеу, жергілікті адамдарды аздыру, азғындардан баскесерлік топ дайындау» болатын. Ал, сонау қырдан құмдаққа келгенше де, келгесін де байқап бақса, бұл жақтағы жағдай, ол жақтағы қожаларының болжауынан мүлде басқаша. Бұл өңірдегілер жалған «қара қағазға» да, ол жақтағы исламшіл тақуалардың араб әрпімен жазған құрхани листовкаларына да сенетін емес. Тіпті, шопанға дейін заң мекемесінің қызметкері сияқты өңшең қазымыр, міншіл қырағы жұрт» [184, 84 б.].

Құмдаққа келген кезінде де жолдағы малшыдан сыр тартып көрмек болған Байшора ата-тегі, үрім-бұтағына дейін қазбалай тексергеніне таңғалып, жалған құжаттары мен Даңқ орденін көрсетіп әрең дегенде қашып құтылады. Келген ізімен тез арада қайтып кету керектігін түсінген оның бұл ойы іске аспастан майор Ивановтың қолына түседі.

Ғұсманғали Мұхамбетовтің атын жамылған Байшора тұтқынды іздеп келген Тасболаттың көзіне оттай басылады. Байшора Алдазаровтың неміс-фашистердің ғана емес, соларға қолшоқпар болып жүрген «Түркістан легионының да» жендеті екенін анықтап, қауіпті жау диверсанын қолға түсіруде де Тасболаттың қырағылығы тағы бір мәрте көрініс табады. Майдандық курсты тәмамдап атқыштар ротасының командирлігіне тағайындалған уақытта әскери атағы да жоғарылап строй офицері болған Тасболаттың Отанын қорғауға, жауды жер жастандыруға деген құлшынысы еселене түседі.

Өздерінен әлдеқайда басым күшпен де кескілесе соғысып жеңіске жеткен капитан Тасболат Марқабаев «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен, ротасындағы жауынгерлер Даңқ орденімен наградталады. Батылдықты, батырлықты, табандылықты, қайсарлықты, өжеттікті бойына жия білген Тасболат өлімнің қаупі кез келген сәтте төнерін білсе де, еш мойымастан рухын жоғары ұстайды. «Ерлік қауіп-қатерді батылдықпен жеңуден емес, оны қаймықпай қарсы алудан тұрады» [185] – деген нақыл сөз Тасболатқа арнайы айтылғандай. Оған себеп, өр мінезді, батыл жүректі азамат қиян-кескі ұрысқа да тұтқиылдан шапқан жауға да, сұрапыл шабуылға да, астыртын соғысқа да, ашық шайқасқа да дайын. Командир Марқабаев пен ротасының теңдессіз ерлігі эсэс әскерлерімен болған шайқастағы жеңісінен, рота командирі Адольф Готт пен полк командирі Ганс Галлерді қолға түсіруінен де айқын аңғарылады. « – Диверсанттарыңды менің еліме неге түсірдің деймін? – Марқабаевтың көзінен от ұшқындап түрегелді. Рота командиріне бағып, взвод командирлері мен сержанттар да түрегелісті. Өре түрегелген жауынгерлер жабыла кетердей-ақ Ганс Галлердің шүңірек көк көзі шарасынан шыға жаздады. Көптеген бейкүнә жандардың қанын қазір ғана ішіп келгендей біресе ықылық атып, біресе лоқсыды. Көптеген қала мен деревняны қазір ғана өз қолынан өртеп келгендей түтігіп тұр» [184, 138 б.].

Кеңес халқына көрсеткен зорлық-зомбылығы, опасыздықтары бір сәтте көз алдынан өткен жауыз Галлер ефрейтор Гитлердің қол шоқпары емес, капитан Марқабаевтың қолындағы тұтқыны екенін түсінеді.

Романның соңғы бөлімі неміс әскерлерінің кеңес жауынгерлерінің жойқын шабуылдарына тойтарыс бере алмай талқандалып, кеңес халқының өз мекенін, қасиетті жерін дұшпандардан тазартып, бостандық алып келген жарқын сәттерімен толығады. Бұл жөнінде Рымғали Нұрғали: «Кеңес Армиясы мен совет халқының достық, туысқандық көмегіне сүйене отырып, бірсыпыра елдер демократиялық мемлекет орнатты, социалистік даму жолына түсті. Жәрдем Тілеков жаңа романының үшінші бөлімі Кеңес Армиясының осы бір аса ізгі миссиясын көркем сипаттауға арналған. Жауынгерлерінің жүрегіне жол тауып, оларды үлкен жеңістерге бастай білген ақылды, соғыс өнеріне жетік, батыр офицер Тасболат Марқабаяев – енді азат етілген Польшаның бір ауданындағы совет елінің өкілі, комендант-дипломат ретінде көрінеді» [138, 257 б.] – деген пікір білдіреді.

Расында да, шыншыл жазушы Жәрдем Тілеков романының оқиғалары тартысты әрі шынайы құрылған, кейіпкерлері өткір әрі нық сөйлейді, ұтымды әрі тез әрекет етеді. Әсерлі көріністер мен тартымды эпизодтарға толы, шынайылық пен нақтылыққа құрылған роман қалың оқырманның жүрегіне жол тауып, ұлтын сүйген нағыз ерлердің қаһармандық ерлігін насихаттау арқылы отанға деген сүйіспеншілікті арттыра түсері сөзсіз.

8.3 Суреткерлік шеберлік, образ жасау тәсілдері

Өткір ойлы жазушы «Шалғай шепте» повесін алғаш рет 1962 жылы «Жұлдыз» журналына жариялайды. Кейіннен Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жеке кітап ретінде басып шығарады. «Шалғай шепте» повесінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Шығыс Қазақстан облысының, «Социализм» колхозының жай-күйі, еңбек адамдарының тынымсыз тіршілігі, колхоз бен майданның тығыз байланысы баяндалады. Отаны үшін жанын берер азаматтар мен ер мінезді батыр қыздардың майдан ордасындағы көзсіз ерлігімен қоса, ұраны бір, жаны бір ауыл адамдарының да бір ауыздан бірігіп, күннің ызғарына, жұмыстың ауырлығына қарамастан, ер, әйел деп бөлінбестен тылда еңбек етіп, майданға қол ұшын беруі үлкен ерлікпен суреттеледі.

Жазушы шығармада совет адамдарының түрлі образын кескіндейді. Повесть сюжетінен ұлтжанды, еңбекқор, қарапайым, сабырлы, шыншыл, адал, қырағы қасиеттерге ие кейіпкерлермен бірге дүниеқоңыз, тәкаппар, жауыз, менмен, сараң, айлакерлер де аңғарылады. Автор шығармадағы бас кейіпкер ретінде колхоз председателінің бірінші орынбасары Есенәлі бейнесін сомдайды.

Есенәлі – ақылгөй дана, сөзге шешен, тілі өткір, ойға берік, ісіне мығым, ұстамды, пейілі кең, ел қамын ойлайтын, елуді еңсерген еңселі азамат. Соғыс кезеңінде екі есе артылған жүк, ауыл адамдарының жағдайы, тыл жұмыстарының жүзеге асу барысы Есенәлінің ашуға беріліп, ойланбай әрекет етуіне, аяусыздық танытып, кінәлілерге жаза қолдануына, сабырсыздыққа салынып, жиі кикілжің тудыруына әсер етеді. Кей кездері

Есенәлінің бойынан тәкаппарлық, өзімшілдік, менсінбеушілік сынды олқылықтар да байқалады.

Революциядан бұрын бай-бағландардың есігінде қызмет етіп күн көрген Есенәлі Кеңес өкіметі орнап, тұрмыс-тіршілігі жайлана бастаған уақыттарда мал өсірумен айналысады. Мал соңында жүріп сауат ашудан махрұм қалған жылқышы колхоз басшысы болған кезде де хат тануға, газет-журнал оқып жаңалықтармен танысуға, шама-шарқынша білімін жетілдіруге құштар болады. Білімі болмаса да көргені көп, өмірлік тәжірибесі мол Есенәлі кез болған қиындықтарға мойымастан дұрыс шешім қабылдап, мал басын өсіру, егін шығымдылығын арттыру, колхоз тұрмысын жақсарту, майдангерлерді азықпен қамтамасыздандыру, ат-құрал жіберу секілді әрекеттерді уақытылы жүзеге асыруға күш салады. Отан алдындағы айнымас борышы мен қазақ халқының алдындағы жауапкершілік сезімі бас кейіпкерді тап болған үлкен тығырықтардан аман шығарып, әрдайым жәрдем беріп отырады.

Орын алған әрбір оқиға барысында, шиеленіске түскен мәселелер кезінде Есенәлі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні арқылы шешім шығаруға тырысады. Шығармада кездесетін «Бірінші байлық - денсаулық», «Желке ас болмас, жиен ел болмас», «Қызыңды жеріне бер, жер ыңғайы келмесе еріне бер, теңін тапсаң тегін бер», ««Сіз» деген әдеп, «біз» деген көмек», «Жері байдың елі бай», «Алты жасар бала алыстан келсе, алпыс жасар кәрі алдынан шығады», «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал», «Ата - бәйтерек, бала – жапырақ», «Апама жездем сай», «Ерден сауға, мергеннен сыралқы», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Жеңілмейтін жау жоқ, шешілмейтін дау жоқ», «Жаман келін керілдесіп өлтірер, Жақсы келін ата көріп жетілер», «Орайы келсе орақ ор, кезі келсе кетпен шап», «Өлшеп пішкен тон келте болмас», «Сүрінбейтін тұлпар жоқ», «Қатынның дүние салғаны – қамшы сабы сынғаны», «Бәйге алмаған жүйріктен белі жуан бесті артық, топ жармаған шешеннен үндемеген есті артық», «Ата көрген оқ жонар», «Ынтымақ – оқ өтпес сауыт», «Достық түбі – игілік, тірлік түбі – бірлік», «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз», «Татулық тар жолда танылар», «Ауру астан, дау қарындастан», «Әрекет болмай, берекет болмайды», «Уайым түбі - теңіз», «Сабыр түбі – сары алтын», «Әлін білмеген әлек», «Жасықтан жаман жоқ», «Жасы үлкен кәріден, ойы үлкен жас озар» мақалдарының барлығы дерлік Есенәлі тарапынан айтылады. Жасында ауыл ішінде қара өлеңмен айтысып, ұйқасты өлең құрап жүрген ол есейе келе ескі мақалдардың орайын келтіріп не болмаса мазмұнын өзгертіп, тіпті өз ойынан жаңа мақалдар шығаруға шебер еді. «Еңбек адамына арақ жау», «Арпалыстың екен, атан да болса жық», «Еңбек те ептілікті тілейді, ерлік те ептілікті тілейді» секілді мақалдарды қажет жеріне қиыннан қиыстырып әдемі қолдана біледі.

Қай кезде де қырағылығымен көзге түсетін, сөйлеген сөзінен-ақ ішіндегісін түсіне қоятын Есенәлінің арам пиғылды құлардан алданып, аңқаулыққа берілген тұстары аз емес. Оған дәлел – Шығыс Қазақстанның

Қатонқарағай жерінен нағашысын іздеп келген, жалған оқиғаларды суша сапырып, Есенәлінің іш-бауырына еніп, үйіне тұрып, қазанынан асын жеп, тауып берген жұмысына орналасып, ақыр соңында ту сыртынан пышақ ұрған Жарқанат. «Сөзуар да ақ көңіл нағашы алыстан қамқорлық аңсап, мейірімге сусап келген жиенге көлдей шалқар, көк теректей саялы көрінді. Жиен де бауырмал екен, әкесінің көзі тірісінде көшіп келіп, осы колхозға мүше болмағанына өкіне сөйлеп ақтарыла берді, Есенәліні айналасы айшылық айдыңға теңеп, соған қиыр асқардан аққан бұлақ болып құйылды» [186, 8 б.].

Осылайша жеңіл сөзімен арбап, өзінің жиен екеніне Есенәліні сендіріп, астыртын әрекет жасамақ ниеттегі Жарқанат алар қамалының беріктігіне қынжылады. Алғаш келген күні ауыл адамдарының аңқаулығын, ақкөңілділігін байқаған оған олжа оңай қолға түсетіндей көрінеді. Алайда, соғыс хабарын естіген жұрттың етек-жеңдерін жиып, қабақтарын шарт түйіп, қаһарға мінгендігі оның көз алдындағы бейбіт өмірдің салтанатты көрінісін әп сәтте өзгертіп жібереді.

Жарқанат деген ат жамылып, колхоз маңын тіміскілеп, жата-жастана жүргізетін әрекеттерін жоспарлап келген тыңшы Азамат соғысы кезінде ақтарға қосылып, шекарадан әрі өтіп кеткен Шонжарбай ұлы Қараман еді. Алдымен полиция қызметкері болып, одан соң әскер қатарына шақырылған Қараман унтер-офицері шенін алады. Азамат соғысы тұсында гоминдан партиясына қабылданып офицерлік шен таққан оны Сыртқы Істер министрлігінің үш айлық арнаулы курсына тәмамдағаннан кейін Семейге жібереді. Бұл жерде ойына да келмеген жаңа міндет жүктеледі. Гоминдан үкіметінің консулы Қараманның атын Жарқанат қойып, шығыс шекараға жақын Қайнар аулындағы Есенәлі Нарманбетовтің жиені етіп жібереді. Берген тапсырмасы – советтік шекаралық әскердің тылына барлау жүргізу, сол өңір адамдарының моральдық бейнесін өзгерту үшін түрлі әрекеттер жасау болып шықты. Соған қосымша «Бұл өңірдің байырғы ірі қарасынан он есе артық асыл тұқым өсіру үшін, сол ауылға зоотехник Таутан Тайбағаров келіп, ғылыми жұмыс жүргізе бастаған көрінеді, - деп ескертті консул. Мұның өзі советтік шығыстың тұңғыш жаңалығы. Тайбағаровтың сол жоспарын қолыңа түсіріп ал» [186, 9 б.] – деген тапсырманы орындау жолында барлау жүргізіп, зоотехниктің асты-үстіне түсіп, жан-жақтан тінтіп көрсе де көздеген мақсатына жете алмайды. Алайда жоспарға сәйкес Таутан мен Есенәлінің көзін құртып Қайнардан біржола кетуге бекінген Жарқанат Сүттігендіге қарай жол тартқан сұрапыл боранды күнді өз ісін тындыруға ыңғайлы деп шешеді.

Автор қаралы оқиғаның боларын сездіргендей кәрі қыстың қаһарын төге түседі. Көзін шел басқан Жарқанат арам ойының соңынан жүріп, әуелі зоотехник Таутан Тайбағаровты жауырынынан көздеп атып, ат жалын құштыра сұлатып түсіреді. Есенәліге атылған екінші оғы төбесінен өте шыққан Жарқанат үшінші рет атып үлгергенше артында келе жатқан Ұлжан құрықпен ұрып пистолетін ұшырып түсіреді. Есенәлі қайта бұрылып келгенше Жарқанат та көзден ғайып болады. Қашқынның ізімен қуалай

жөнелген Есенәлі көп ұзамай-ақ қуып жетіп, тас төбесінен дойырды жарк еткізіп, аттан қалпақтай ұшырады.

Заң алдына келгенде өзінің бар қылмысын Есенәліге жапқан Жарқанаттың зұлымдығына ызаланған ол ашықауыздық танытқанына жаны күйеді, ар-ұжданының алдында, ел-жұрттың, партияның алдында өзін кінәлі санайды. Абыройына нұқсан келгеніне қапаланған Есенәлі Жарқанаттың жау диверсанта екені толық әшкереленген кезде өзінің бейқамдығына, аңқаулығына қатты қамығады.

Есенәлінің қайғысына да, қуанышына да ортақтасып, ағалық ақылын, достық кеңесін беретін аға досы Дмитрий Андреевич еді. Социализм колхозының бригадирі Дмитрий Андреевич Колосов екеуі – бір-бірімен кеңеспей іс қылмайтын, бір дастархан тағамын бөліп жемесе көңілдері көншімейтін достар. Олардың терең тамырлы достығына сонау 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ауыр күндер себеп болған еді. Қарашоң атты қазақ байының жалшылығында жүрген кезінде бай баласының орнына тізімге тіркелген Есенәлі құрбандық болғысы келмей орыс ауылына қашып барады. Сол жерде Дмитрий Андреевич үйінің бір бөлмесін паналатып, таныстықтары ұлы достыққа ұласып, Қайнар қонысына көшіп келіп еңбек адамдарына айналады. Содан бері әр мәселені кеңесіп шешетін екі азаматтың достығының беріктігіне барша жұрт куә болатын. Екі отбасы да бір үйдің адамдарындай араласып, өмірдің ащы-тұщысын бірге көргенімен Дмитрий мен Есенәлінің мінездері екі түрлі: «Бірі – әр нәрсеге әуес, өзіне керегі болсын, болмасын, әйтеуір «бәрін де білсем екен» дейді. Біліп алғаннан кейін «білемін-жетілдім» демейді, ұстамды да пейілі кең, түбі қайыр екеніне көзі жетсе сәтсіздікке де қабақ шытпайды. Ал біреуге қатты көңілі қалса, мың градусқа міз бақпайтын, болаттай берік, жылдап өтінсең де жібімейді. Бірі – өзіне керегі жоққа әуес емес, тосыннан тапқан жаңалығын жеті өлшеп, бір кеседі. Солай бола тұрып көңіліне ұнамаған сәл нәрсеге күйіп-пісіп қалатынын қайтерсің. Екі қарттың мұндай, бір-біріне қарама-қарсы ерекшеліктері екеуінің достығына ширек ғасыр бойы нұқсан келтірген емес...» [186, 35 б.].

Өмір қалтарыстарынан шығар жол тауып, өз қамдарын ғана емес, ел игілігі үшін қызмет етуге ат салысқан екі достың сабырлы мінездері мен салмақты қалпы, заман төңкерісінен қаймықпай алға қарай ұмтыла әрекет етуі шығарманың шынайылығын арттыра түседі.

Есенәлінің ұлы Ғалімнің Дмитрийдің бой жеткен қызы Марияға деген махаббаты ауыл арасына жария болса да, орыс қызының үй шаруасын айналдырып әкелеріне күдіктенген әке қарсылық танытады. Ол кенже ұлына темірден түйін түйетін Әділ ұстаның қызы Ұлжанды тең көреді.

Ұлжан – байсалды парасаттың, үлкен жүректің қызы. Майданға сыйлық эшалонын басқарған делегация құрамындағы Ұлжанға жері қозғалып, аспаны күркіреп, ауасы қан сасып, шаңы көтеріліп, айнала қопарылып жатқан соғыс өрті қорқынышты көрінеді. Туған анасының қатулы

қабағынан жасқанатын ұяң қыз нағыз майдан төріне келіп қатайып, өмірді енді көргендей күй кешеді.

Колхозға қайта оралған Ұлжан клубқа жиналған ауылдың барша жұрты Ұлы Отан соғысындағы өмір мен өлім арпалысын әңгімелеуге еңсесі көтеріліп, ерекше шабытпен кіріседі. Соғыс туралы әңгіменің талай жылдардың жыры, талай қалың кітаптың тақырыбы боларын тілге тиек еткен Ұлжан анталаған жұртқа ең алдымен, Сегізінші гвардия атқыштар дивизиясының Москва түбіндегі бір айға созылған шайқаста жаудың екі жаяу әскер дивизиясын, бір моторлы, екі танкілі дивизиясын талқандағанын, мақтанышпен жеткізеді. Есенәлінің кенже ұлы Ғалімнің кіші лейтенант, взвод командирі болғанын, «Даңқ», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен наградталғанын, ерен еңбегі еленіп жатқанын жеткізіп көңілін марқайтады да, үлкен ұлы Ержанның қазасын естіртерде, сағыныштан сарғайған әке мен ананың көңіліне кірбің түсіруден қаймығады. Жауынгер өлімін ата-анасына естіртерде Абдолла Жұмағалиевтің ерлік өлімін әңгімелеп, Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» дастанынан үзінді оқу арқылы «Ержан да нақ сондай ердің ерені» - деп сөзін аяқтауы отырғандардың бауыр етін елжіретеді.

Әкенің балаға деген махаббаты Есенәлінің ішкі дүниесін өртеп жатса да көзінен жас шығармайды, зар еңіреген зайыбы мен келініне «жаны тәтті жаманның қатыны болғаннан, қаһарманның жесірі болған артық» деп нық айтылған сөзі колхозшыларды қайран қалдырады. «Туған ұлының өлімін естігенде көзіне жас алмағасын, басқа кімге жүрегі жібімек?», «Япыр-ай, неткен қара бауыр десеңші?», «Жоқ, қара бауыр емес, қандай ауыр жүк артсаң да мыңқ етпейтін қара нар», «Нар да ботасы өлсе боздайды ғой?», «Жоқ, нар емес, қандай сұрапыл соқса да міз бақпас құзтас!», «Ия, Есенәлі адамның құзтасы!» [186, 93 б.].

Сан түрлі пікір болса да, ақиқат – біреу, заман қатандықты қалайды, өмір қатал болуды үйретеді. Есенәліні де тастай берік еткен – заман лебі, өмір шындығы. Адамның төбе шашы тік тұрардай алпауыт күш, ғаламат соғыс дауылын шебер сипаттаған жазушының суреткерлік қыры, шынайы болмысы, әрбір сюжеттен, орын алған әрбір оқиғадан ап-анық көрініп тұрады. «Аспан астын өрт қаптап, жер сілкініп жатқан сияқты. Көкте самолет, жерде зеңбірек күркірі қосылып құлақты жарып барады. Дауылды қара нөсер алдында аспанды тіліп түскен найзағайдай бір құдіретті қару пәрменмен үсті-үстіне атылып, жау шебіне от селін төгіп өртеп жатқан тәрізді» [186, 88 б.].

Осынау арпалыстың арасында «Еліміздің еркіндігі үшін, алға!» - деп ұрандатқан ұландарымыз ұлты үшін шайқасып бағады. Ер Абдолла Жұмағалиевтің елім деп соққан жүрегі, дұшпанға деген ыза-кегі барша жауынгердің кеудесінде өлең боп өрілді.

Қасиет – күші ұлы Отанның
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,

Жүрегін бер жолбарыстың,
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп,
Жау жолында атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек! [186, 87 б.].

Жүк ауырын көтерер нардай, қайнауда шыныққан болаттай майдан даласындағы әскерлердің қай-қайсысының да ұраны – осы. Өлім мен өмір арпалысына түскен майдангерлердің кеудесіндегі жанынан Отанына деген махаббаты, ұлтына деген, жұртына деген сүйіспеншілігі басым.

Повестің өн бойында өрілген Мақтым бейнесі ақылдылықтың, ұстамдылықтың, қайсарлықтың жинақы образы ретінде суреттеледі. Мақтым – қайсар әйел, адал жар, ибалы келін, әр істің орайын келтіріп, мәселені ақылмен шешетін әділ басшы. Ұнамды кейіпкер Мақтым Есенова – майданға аттанғанға дейін партия ұйымының секретары болған Ербөлек Есеновтың жары. Өзі де Қайнар ауылдық кеңесінің председателі болып сайланады. Есенәлінің қызбалыққа салынып колхоз жұмысына кешіккен балалы екі әйелдің үстіне еңбеккүн айыппұлын жаздыруы, өзін «қайнаға» атап, алдында иба сақтап келген Мақтымның ашуын тудырады. Оларды майдандағы жауынгерлердің қалдырған аманаты секілді қабылдайтын Мақтымға басшының сөгісін алған екі әйелдің көз жасы, колхоздағы барша балалы әйелдердің, барлық жауынгер отбасыларының атынан айтылған арыз болып көрінеді.

Осы тұста бар батылдығын бойына жинаған қайсар әйелдің Есенәлінің кінәсін байыппен, астарлы түрде жеткізгені әйелдер қауымының көкейінде тұрған өксігі, тұншығып жатқан шері еді. Арыстандай айбатына мініп, қаһарын төгіп отырған басшыдан қаймықтастан балалар үйі ашылмай тұрып, балалы әйелдерді колхоз жұмысына жұмсай алмайтындығын, кешіккен әрбір әйелге еңбеккүн айыппұлын салуы, колхоздан шығарам деп қорқытуы қате іс екенін қан майданда жаумен айқасып жатқан жауынгердің баласына да, баланың анасына да қамқорлық ауадай қажеттігін баса айтады.

Мария мен Ұлжанның арасында күндестік пайда болып, Ғалімнің хатына байланысты дау туған сәтте де Мақтым жастықтың буымен сезімге арбалған екі қызды жарастыру тәсілін іздеп қиналады. Бейбіт өмір кезінде бойжеткендік ғұмырын өткізген Мақтым бұлбұл боп сайраған кездерін еске алып өтеді. «Қазір ше? Қыздар мен жігіттеріміздің күң мен құл болмауы үшін кескілескен арпалыс дәуірін бастан кешіп отырмыз. Осы майданның алдыңғы шебіндегі ұл да, қиыр шебіндегі қыз да қасиетті Отанымызға төнген апат қатеріне қарсы шайқасып жатқан жоқ па? Ал сен екеуің осындай сұрапыл кезеңнің жаны тәтті жасығы, ләззат құмар масылы болмақсындар ма? Мен де анамын, менің де ұлым бар, менің де жүрегім, сағынышым бар. Мен сияқты аналар, зады әйел атаулы ет жүрегі елжіреп, күйрей түсуі керек пе? Екеуің де сіндімсің, бұларың ұят...» [186, 88 б.] – деген шын ниеттен туған бір ауыз сөзі саналы қыздарды ақылға келтіріп қол алыстырады.

Азаматы Ербөлектің майдан даласында жоғалып кеткендігі туралы жалған хатпен танысқан Мақтымның жүрегі қарс айырылса да, маңындағыларға еш білдіртпейді. Мақтымнан дәмесі бар аудандық ауыл шаруашылық басқарушысы Қалдыбаймен бір үйге түнегендегі тосыннан жасаған әрекетіне де қарсылық танытуы, нәпсіге берілмей, майдандағы азаматын еске алып ақылға жеңдіруі, қайсар әйелдің жарына деген адалдығын тағы бір мәрте дәлелдей түседі. Еріне деген махаббатына дақ түсірмей, осы бір сынақтан аман құтылғанына риза болып жүрген кезінде майдан даласындағы Ербөлегінен келген хат Мақтымның қуанышын еселей түседі. Жарының амандығына көзі жеткен келіншегінің көзі бақыттан бал-бұл жайнайды. Автор Ж. Тілеков бұл туындысындағы Мақтым образы арқылы сұрапыл соғыстың сұсты күндерінде де қайсарлық танытып, азаматын майдан ордасына аттандырып, балаларын жалғыз тәрбиелеп, колхоз жұмыстарына да белсене араласып отырған әйелдер бейнесін көрсеткісі келеді. Осы тұста жазушының алға қойған мақсатын Мақтым образы толық орындап шыққандай.

Повестің өн бойында Қалдыбай, Жарқанат, Сарқыт, Зұлқарнай, Сағира сынды ұнамсыз кейіпкерлердің де бейнесі сомдалады. Олардың астыртын әрекеттерін, жағымсыз қылықтарын, сатқындық, жауыздықтарын баяндау арқылы автор дәуір келбетінен, заман тынысынан хабар беріп отырады. Жазушы әрбір ұнамды кейіпкердің іс-әрекетін оқиға соңында әшкерелеп, арам пиғылдың жақсылыққа апармайтынын ескертеді. Жылы сөйлеп Есенәлінің сеніміне кірген жау тыңшысы Жарқанаттың алаяқтығы ақыр соңында ашылып тынады. Жас ғашықтар Ғалім мен Мария ортасына от салып, жалған хатпен сезімді өшірмек болған Сарқыттың да көздеген мақсаты орындалмайды. Қалдыбайдың қызметінде де, сезімінде де еш өзгеріс орнамайды, түрлі айла-шарғы жасаса да Мақтым құшағын аша қоймайды, қанша талпынса да Есенәлі басшылығынан қол үзбейді. Осылайша алтын уақытын мәнсіз ойға сыймас әрекеттерді жүзеге асыру жолында құртқан Қалдыбай жеңгесі Сағирамен шатысып, ағасы Жарлыбайдан көк ала қойдай болып таяқ та жейді. Сағы сынып, тауы шағылған Қалдыбай Құлмұқанов бұрынғыша көкірегін керместен мойнынан жалы, бойынан әлі кеткенін мойындайды. МТС пен «Социализм» колхозының арасында жасалған келісім-шартты бұзуға Қалдыбайдың тікелей қатысы бары да белгілі болады. Аудандық жер бөлімінің басшысы қызметінен босатылып, нұсқаушылық қызметіне қалдырылады. Қалдыбай жағдайдың осылай аяқталғанына шүкірлік етеді, себебі өзі жасаған былық-шылықтары, қылмыстары түгелдей әшкереленсе түрмеден бір-ақ шығарын жақсы түсінеді.

Соғыс кезеңінде шаруашылықтың қай түрін болса да жолға қою, еселей дамыту мақсаты әрбір колхоз мүшесінің алдына қойылды. Колхоз шаруашылығын жауынгер кезеңнің мақсатына қарай бейімдеп қайта құру, оны майданның сарқылмас қайнар бұлағына айналдыру, еңбек адамдарын бір мақсатқа жұмылдыру басқару ісіне тәуелді десек, «Социализм» колхозының, оның ішінде Есенәлі Нарымбетовке 50 мың снаряд жөнелту, оған қоса ірі

қараларды асылдандыру істері тапсырылады. Таутан мен Қалдыбай секілді зоотехниктер сиыр малын асылдандыру, будандастыру, әрбір будан асылын іріктеу, талғау, таңдау, шынықтыру жұмыстарын жүргізеді. Одан кейінгі атқарылар іс – сүт өнімінің рекорды үшін күрес, бұрынғыдан да құнарлы, өнімді сүт алу.

Сұсты соғыс қаһарына қарсы күш біріктірген еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігін тақырып ретінде алған жазушы Жәрдем Тілековтің бұл туындысының негізгі идеясы – Совет әскерінің қуатын арттырып, халқымыздың өмірін аранын ашқан сұрапыл соғыс ажалынан аман алып қалу жолындағы күрес, майдан тылын күшейту, еңбекші халықтың шаруашылықты дамытуға деген талпынысы еді. Шығарма соңында автор суреттеген әсем пейзаж соғыс дауылының тыншығанынан, бейбіт күн орнай бастағанынан хабардар етеді. «Көк пен жердің арасын шұғыласына шомылдыра шыққан алтын күн көтерілген сайын көлеңкені қысқарта берді. Шығыстан шапақ шашылғанда өсімдік басында мөлдіреген шық, масаты кілемге меруерт төккен сияқты еді. Қазір соны күн қайтадан жиып алып, орнына аспаннан алтын төгіп тұрған тәрізді. Бұдан екі ай бұрын-ақ сенсең тонын айқара жамылып жатқан жердің ызғарын сыпырып лақтырып тастап, орнына көк бүліс жайып, құлпыртқан да көктем түнінің құдіреті ғой! Кеше түстен кейін батысқа қарап басын жарған қызғалдақ, сағынышты жарын қарсы алған арудың қызыл ерніндей күнге қарап қадала қалған» [186, 172 б.].

Көктемнің ғаламат күнінің шұғыласына бөленген колхоз адамдары еңбек майданының талай алаңынан көтеріліп, көкпен таласа желбіреген жеңіс туына мақтанышпен көз тастап, бір-біріне марқая қарасады. «Есенәлі өз бойындағы ескілікті кештеу болса да кемел оянған жаңалыққа жеңгізіп, барлық іс-әрекетін, мақсат-мүддесін отаншылдық, патриоттық сезіміне билетті. Осы бетбұрыс оны партия қатарына еруге жетеледі. Повестің аяғында біз Коммунистік партияның мүшесі болған Есенәліні көреміз...» [187] – дейді белгілі, сыншы, әдебиетші Баламер Сахариев.

Жазушы өз бойындағы осалдықтардың бәрін де жеңе білді. Асыл жары Нұрғайша жұмыста жүрген кезінде үйде отырып, бір самауыр шай қайнатып іше алмаған Есенәлі сол замандағы балалы-шағалы әйелге жүтеліп отырған міндеттердің соншалықты ауыр екендігін де іштей мойындайды. Туындының композициялық құрылымына әр берген сан түрлі шағын эпизодтар Есенәлінің ғана емес, әрбір кейіпкердің шынайы образын айқындап, характер тұтастығын сақтауға септігін тигізіп отыруы жазушының суреткерлік бітімі мен образ жасау шеберлігін аңғартады.

Жазушының «Әлмәмбетовтер әулеті» әңгімесі алғаш рет 1976 ж. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Мәңгі есте» жинағына енгізілген. Әңгіме сюжеті облыс орталығынан ауданға жол тартқан екі тілшінің жылқы фермасының менгерушісі Қамбар Әлмәмбетовпен кездесу сәтінен бастау алады.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі майдан мен тыл тұтастығы жайында материалдар жинастырып «Озат тәжірибе – көпке ортақ» тақырыбында

малшылардың мал өсіру тәжірибесінен очерк жазуды көздеген екі тілшінің басты назарға алғаны да осы – Әлмәмбетовтер әулеті. Автор қаһарлы жылдар жалынынан қаймықпай, бар күш-қуаттарын бейбіт өмір жолында сарп еткен Әлмәмбетов әулетінің басынан кешкен оқиғаларын баяндау арқылы нағыз қазақ отбасының үлгісін жасайды.

Соғыс басталғанға дейін колхоз шаруашылығының түрлі саласында еңбек еткен Әлмәмбетовтер әулетінің мүшелері елге қызмет етеді. «Мысалы, Қамбардың өзі жылқы фермасының меңгерушісі, Рабиға – сол фермада бие сауыншысы, Қамбардың туған інісі Айтқазы – колхозда егіс бригадирі, үлкен баласы Өмірбек – тракторшы, ортаншы ұлы Оразбек – жылқышы болыпты да, кіші баласы Кенжебек колхоздағы орталау мектепте оқып жүрген. Ал соғыс басталысымен осы әулеттің алты адамы екі майданға тең бөлінгендей-ақ, үш жігіт соғыс майданына аттанып кетіп, сол жылы құлынын қоса есептегенде 500 жылқылы ферма Қамбардың әйелі мен кіші баласы үшеуінің қолында қалыпты» [188, 299 б.].

Жылқылы ферманың бар жауапкершілігін мойындарына алған Қамбар қарт пен әйелі Рабиға сол жылғы қыстың қаттылығынан туған түрлі қиындықтармен күреседі. Ақтүтек боран соғып, ізінше мұзбұршаққа айналып мұхит мұзын көкке шашқан алапат дүлей қаупі жылқы фермасына орасан зор қатер төндіреді. «Қылышы сүйретіп қыс келсе, азуын қайран арлан келеді» деген нақылдың растығы да осы тұста байқалады. Жыртқыштардың ең азулысы қасқырдың ұлыған үні жан-жақтан естіле бастаған сәтте, жылқылардың ық жағынан аңдып келіп, бір сәтте жаппай шабуыл жасауы мүмкін екендігін еске түсірген Қамбар Әлмәмбетов жүрегіне қорқыныш сезімі ұялайды. Алайда Қамбар қарттың: «Сонда, біздің әулеттің үшеуі қан майданда қаскөй жаумен шайқасып ел қорғаса, елде қалған үшеуіміз халқымыздың қазына-дәулетін қасқырға талатып, апатқа ұшыратпақпыз ба? «Жоқ, баққан малымды табиғаттың опатына ұшыратып, аңдыған аңға алдырар болсам, Қамбар атым құрысын» деп өзіме серт еттім» [188, 301 б.] – деген берік серті жыртқыш аңмен соңына дейін күресуге күш береді.

Сол секілді үш қасқырмен бетпе-бет келген Рабиғаның: «Екі ұлым бірдей майданда жаумен жағаласып жатқанда, олардың туған анасы қыр тағысынан қашып кім болғаны» [188, 302 б.] – деп асқан батылдық танытуы сұсты кезеңде қарсы келген ажалдан қаймықпай, колхоз жұмысына шын берілген, ел игілігі үшін қызмет ететін еңбек адамдарын сипаттайды.

Сан түрлі қиындықтарға тойтарыс беріп, арпалыспен өсірген жылқыларының екі жүз жүйрігін майданға жөнелткен Қамбар қарт атты әскерлердің алған асуларын, жеткен жетістіктерін тізбелеп береді. Генерал Беловтың атты корпусының алған гвардия атағы, Беловтың өзіне берілген Совет Одағының батыры атағы, атты корпус командирі генерал Доватор алған Совет Одағының батыры атағы, генерал Плиевтің атты корпусының жапон соғысқұмарларына қарсы шайқастағы жеңістердің барлығына дерлік аз да болса өз үлесі қосылғанына марқаяды.

Ұлы Оразбектің майданнан келген хатындағы: «Генерал-полковник Плиев қолбасшылық еткен Совет Монғол атты әскерлері бірігіп, Забайкал майданының оң қанатында жауынгерлік жорық майданының оң қанатында жауынгерлік жорық шегіп келеміз. Біздің жылқыдан алынған аттарға мінген бір эскадрон туралы Батыс майданнан жазып едім ғой. Сол эскадрон қазір атты әскеріміздің алдыңғы қатарында жортып келеді. Сол баяғы өзіңіз өсірген жылқыңыз» [188, 304 б.] – дегені әке қуанышын еселеп, соғыстағы атты әскерлердің жауынгерлік қимылынан хабар береді.

Қамбар Әлмәмбетовтен жеткілікті ақпарат алған екі журналист майданнан оралған Айтқазы, Өмірбек Әлмәмбетовтермен кездесіп Ұлы Отан соғысындағы майдангерлік қимылдары жайында әңгімелеседі. Өмір мен өлім арасындағы өткелдерін шынайы эпизодтармен, тартысты оқиғалармен әңгімелеген майдангерлер бастан кешкен ауыр күндер мен аса қауіпті тапсырмалармен бөліседі.

Атқыштар дивизиясының батальонының Висла өзенінің арғы бетіне өтуін қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алған Айтқазы қатерлі тапсырманы орындау барысынан сыр шертеді. Арғы жағалауға бекінген дұшпаннан жауынгерлерді аман алып қалу жолында бар күшін салған Айтқазы жау тарапынан миномет пен зеңбіректен атқылаған снарядтар Висланың астанкестенін шығарғанын, өздері мініп келе жатқан паромды бір дүлей күш ұшырып түсіріп быт-шытын шығара қиратқанын, бір взводтай жауынгерлерді апатқа ұшыратқанын еске алады. Құрамы жарты ротадай ғана солдаттар аман қалса да, қарсы алдындағы төрт есе басым күштің бекінісін басып алу мақсатында шабуылдауға бұйрық берген Айтқазы артқа кері шегіну жайлы тіптен ойламағанын айтады. Айтқазы мен әскерлерінің одан кейінгі жағдайын суреттеуде жазушы тілінің шеберлігі айқын көрінеді. «Арпалысқандар бірін-бірі гүрс-гүрс құлатып, бірін-бірі найзалап, жүректерден қан сорғалатып, ажалдың араны ашыла тіршілікті жалмап, қанды судай сіміріп жатқандай қырғын ұрыстың отыз минуті өткенде таң атады. Басы айналып, көзі түк көрмей қарауытып, тәлтіректеп тұрған Айтқазыны санинструктор көре салып, дереу көмектеседі. Оң қабағының үстінен қатты соққы тиген бе, әлде граната жарықшағы дарыған ба, бетін қан жуып, көзі жұмылып ісіп кеткен. Сол жақ қолына білезіктен оқ тиген, қары салбырап қаны сорғалап тұрыпты» [188, 306 б.].

Тәні жараланғанмен, өзі басқарған жауынгерлердің жағалаудағы жауды қырғынға ұшыратқанын есітіп жаны тынышталады. Жауынгерлік тапсырманы асқан құлшыныспен асыра орындаған Айтқазы бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталады.

Майдангерлік міндетін абыроймен атқарған тракторшы Өмірбек Әлмәмбетов те бейбіт еңбек майданында егіс жерін жыртудан да алдына жан салмайды. Соғыс даласында майдангер-танкист міндетін атқарған Өмірбек танкистердің жауынгерлік өмірі өзгешелеу болатынын баян етеді. Бір-бірімен шайқасқа түсетін танкілердің арпалыс тағдырында ең алдымен, танк тұрқының икемділігі, құрышының қалыңдығы мен қаттылығы, двигатель

мүмкіндігінің молшылығы, танкистің тәсілқойлығы басты рөл атқаратынын баса айтады. Өмірбек жүргізуші болған танк экипажы жаудың үш танкісін саптан шығарып, тоғыз танкісін тұтқындағаны – қазақ азаматының бойындағы батырлықтың, ептіліктің бір айғағы. Қорыта келгенде, «Әлмәмбетовтер әулеті – Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы жылқышы да атты әскер жауынгері, егіс бригадирі де рота командирі, тракторшы да танкист – бәрі де жеңімпаз» [188, 310 б.].

Соғыс дауылына тосқауыл болып, майдан өртін жалындаған ерік-жігерімен таптап, жұртымен қауышқан батыр азаматтардың колхоз жұмыстарына белсене араласып, бейбіт өмір үшін, келер ұрпақ үшін қызмет етуі – үлкен ерлік, тағылымы мол үлгілі іс.

Алғашында «Қалам мен қару» деген атаумен әңгіме түріндегі нұсқада жарық көрген бұл повесть 1980 жылдары толықтырылып «Жауынгер журналист» деп өзгертіледі. Әдебиет баспасында редакторлық қызмет атқарып, өлең жазушылық қабілетімен танылып жүрген, шығармадағы бас кейіпкер Ермұқан Қаленов Ұлы Отан соғысы бастау алған сәтте әскер қатарына шақырту алып, Қиыр Шығыс майданына жөнелтіледі. Соғысқа дейін «лейтенант» әскери атағын иеленіп, Алматы қаласындағы Коммунистік журналистика институтын үздік тәмамдаған тілшіні майдандық газет редакциясына жібереді.

Жауынгер тілшіліктің ауыр міндетін жүктеген Ермұқан үшін әскери газет материалдарын жинақтау, жүйелеп-саралау, екшелген тың ақпараттарды, әңгіме-очерктерді газет беттеріне жариялау оңайға соқпайды. Майдан өмірін көзбен көрместен, жауынгерлік қимылды тереңнен түсінбестен жазылған туындының мазмұндық өрісі шындыққа жанаспайтын, сюжеті жұтаң, оқиғалары тартымсыз болатынын ескерген тілші ерлікті баяндау үшін кескілескен арпалыстың ішінде жүруі керек екенін түсінеді. Тынық мұхиты мен Байқал көлі арасындағы кең байтақ шығысты тұтас қамтыған, Хасан мен Халкин-Гол қаһармандарының даңқты майданы Ермұқан Қаленовтің әскери тілшілік қызметіндегі алғашқы жетістіктерге жетуіне септігін тигізеді.

Жер бетін төңкере жаздаған алапат соғыстың кейбір эпизодтары бұл повесте де көрініс табады. Советтік Шығысты жаулап алмақ болған Гитлершіл қарақшыларды совет әскері күйрете соққылап, жерімізден қуып шығарып, көршілес елдерді құлдықтан құтқарып, Рейхстагқа жеңіс туын желбірете тігуі секілді қаһармандық әрекеттер сипатталады.

Шабуылшылардың қолына түскен самурайлардың жау қолынан өлмес үшін өздерінің құрсақтарын өздері пышақпен жарып, ішек-қарындарын ақтарып жан тапсыруы сұмдық көрініс еді. Харакири аталатын самурайлардың осы бір жан түршіктірер әрекеті Ермұқанның «Ит өлімнің бір түрі» деген проза жанрындағы тұңғыш сықақ әңгімесіне арқау болады. Жергілікті халықтың қанына бөккен жапондықтардың «Кіші Хинган қамалы» аталатын бекінісі тілші түгіл, командирлердің, даңқты жауынгерлердің төбе шаштарын тік тұрғызып толғандырады. «Өйткені, бірнеше километр

ұзыннан-ұзақ шұбатыла тірескен керуендей кіші Хинган шоқыларының бас-басында бір-бір дот. Соның бәрі айнала көздеп атысқа арнап салынған. Бекініс атаулының бер жағы жаратылыстың өзі жасаған «барса келмес» сияқты. Әскери техниканы ілгері де, кейін де қозғалтпас ұйма батпақ. Одан әрі терең қарасу» [188, 269 б.].

Осыншама сақтықпен жасалған, көктен қорғасын нөсері төгіліп тұрғандай оқ жаудырған бекіністі бұзу міндеті саперлерге тапсырылады.

Хинган қамалына дейінгі шабуыл жорығын көзбен көрген тілші майдандық газетке арнап көркем очерк жазады. «Кіші Хинган бекініс ауданы» аталатын өте берік қамалды саперлер ротасының тас-талқанын шығара қиратып, Қызыл Армия туын тігуі, бұл жеңіс жолында қара түнді қақ жарып, тізеден саз кешіп, кеудеден су кешіп, бекіністің етегіне екі тоннадан астам мина көміп үлгерген батырлардың ерлігі шынайы суреттеледі. Маңына жолағанды талмай жұтып жатқан өте берік әскери каземат Суйбинь қамалы да қауіпті бөгет қатарына жатады.

Жауынгерлерге қатерлі қамалды бұзуға бұйрық берілген сәттен бері Ермұқанның сол уақытты асыға күтуіне басты себеп – ең құнды материалдарды жинақтау еді. Әскери қырағы журналист атанған Ермұқан Қаленов батыстан шығысқа келіп, екі майданда да жауды жайратқан жеңімпаз Еркін Исатаев секілді қазақ ерлері туралы көркем туынды жазуды көздейді. Майдан даласындағы самурайлармен арпалыс күші, төңкеріс жалыны тілшінің жүрегіне қорқыныш ұялатып, «самурай семсері кеудемді кесіп түсіп, басымды доптай домалатпасына кім кепіл» деген ой санасын жаулайды. Алайда, ержүрек жауынгерлердің ерлігін, қоян жүректің қорқақтығын көзбен көріп көңіліңе түймесең, газетіңе жазатындарыңның бәрі өтірік ақпарат боларын бас кейіпкер жақсы біледі.

Рота командирі, аға лейтенант Василий Константиновтың «Ермұқанның ерлігі» атты хатында тілші Суйбинь қамалының бұзылу оқиғасы Қаленовтің жауға қарсы оқ жаудырып, соғысқа белсене қатынасқаны, самурайлармен жекпе-жек арпалысқа түскені бүге-шігесіне дейін баяндалады. Батыс өңірінен бастау алып, Қиыр Шығысқа дейін созылған соғыста жеңіс туын көтеруге аз да болса үлес қосқан Ермұқанның ерлік пен әскери тілшілік өнерін тең ұстап «Қамал бұзған қаһарман» атты очерк жазып шығуы – үлгі боларлық іс.

Алғаш рет 1970 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Сақа солдат» повесі өңделіп, 1975 жылы «Жазушы» баспасынан жеке кітап ретінде басылып шығады. Автор өзінің бұл туындысы жөнінде: «Сақа солдат» қазақ жұмысшысы Әшім Меңдібаевтың соғыс кезінде бастан кешкендерін сипаттаған шығарма. Шегіністер арқылы оның өмірбаяны, өмір сүрген ортасы, атқарылған жұмыстары көрсетіліп кетіп отырады. Әшім – қатардағы солдаттың әр түрлі мамандықтарын меңгеріп (автоматшы, барлаушы, санинструктор) соның қайсысы болып та соғысып жүріп, 5 рет жараланып, 5 рет сапқа қайта тұрып, Еділден Эльбаға дейін жорық шегеді. Барлауда дұшпанның офицерінде ұстап әкелді, санинструктор болып жүріп,

жаралы жауынгерді ажалдан да арашалап алды, танкті де қиратты. Днепрден өткенде резинка қайық жарылып, жаралы командирді арқалай жүзіп те өтті, жау қақпасын да қақыратты. Ол – әзілқой, еңбекшіл, домбырада, сыбызғыда ойнайды, әнші де, әр әннің текстін жағдайға сәйкес өзгертіп ала қоятын өлеңші. Соғыста жүріп, осындай өнерлерінің бәрін көрсетіп, көпшіліктің ең сүйкімді солдаты болады» [179, 9 б.].

Бұл – жазушының өмірде болған батырдың ерлігіне берген бағасы, нағыз ердің жауынгерлік қимылының еректігін жария қылған сипаттамасы. Соғысқа дейін Волга-Дон каналының құрылысшысы қызметінде болған Әшімнің бала күнінен көрген қиындығы, маңдай тері төгіліп, табаны тілініп, қой соңында азап шеккен жылдары, одан кейінгі жылқышы болған кездері жайлы кейіпкер өткенге қайта орала отырып өз аузынан баяндайды.

«Соғыста атақ алған ер де емеспін,

Атақты ерлеріңнен кем де емеспін» – деп Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жорық жолдарын, майданның сан қилы тәсілін үйреніп, мыңдармен бірге дұшпанға қарсы күрес ашқан батыл ер қаһармандық істерін шабыттана әңгімелейді.

Бас кейіпкердің сөзімен айтқанда, «соғыстың өзі адамдарды талғамай, талмамай жалмап жұта берген немесе асықтай атқылап, тағдырларды тасқаяқтай қағыстырған көптеген оқиғаның жинағы» [189, 201 б.].

Ленинград облысының теріскейіне орналасқан дивизияның автоматшылар ротасының атқышы болған Әшім екі айлық жауынгерлік жаттығудың озаты ретінде дараланып, алдыңғы қатарлы сақа солдат атанады. Барлаушылар взводуна қабылданған Әшім жаудың жасырын сырын әшкерелеудің түрлі айла-тәсілдерін меңгереді.

Өмір мен өлім арасы бір-ақ қадам десек, бұрыс жасалған әрекет, ағат қимыл жауынгердің ғана емес, бүкіл взвод құрамының жойылып кетуіне әкелуі мүмкін. Бірі – ажалға, екіншісі – олжаға апарар екі беймәлім жолдың қай бағытына түскенін білместен жол жүру, діттеген мақсатқа жету үшін өлімге бас байлау да – осы Әшімнің батыл әрекеті. Оның лауазымының жоғарылап «сақа» атануына жауынгерлік жаттығу сынынан сүрінбей өтуі, мылтықты көздеу, граната лақтыру, ордан, дуалдан қарғу өнерлері, жауынгерлік устав шарттарын жатқа білуі секілді мақтан етерлік істері себеп болады.

Бас кейіпкердің қаймықпас өжет мінезі, қайтпас қайсарлығы, шыныққан шыдамдылығы да айқын аңғарылады. Талай рет есінен танып, ажалмен бетпе-бет келген Әшім қос балдақпен қозғалатын халге де түсіп, көрер таңды көзден атырар ауыр күндерді де өткереді. Жауынгер атаулыға ортақ мақсат, ортақ парыз – біріге отырып жауды жеңу десек, автор ерлікке де ептілік қажеттігін басты назарға алады. Соғыстың алғашқы күндеріндегі ажал кейпін қамыс арасынан сығалай қарап, оңтайлы сәтте атылып торына түсірер жолбарысқа теңесе, кейіннен адамның өлімге де еті үйреніп кететінін, «өзекті жанға бір өлім» боларын еске салады.

Әлемді дүбірлеткен Сталинград шайқасының екі жүз күні мен түнін өткенге шегініс жасау арқылы әсерлі сипаттаған Әшім дұшпанды күйіндірген түрлі оқиғаларын жинақы жеткізеді. «Қаңтарда қара көжедей сапырылып, шарадай шайқалып, қанды көбік шашқан Еділдің сарқыраған ащы зары күні бүгінге дейін құлағымда. Ғасырлар бойы батырлар мекені болған, мыңдаған түлекті тұғырында түлетіп, шар тарапқа самғатқан ғимараттардың гүрс-гүрс құлағаны, өртенгелі көз алдымда. Теріскейден соққан үскірік өкпек өңменіңнен өтіп, көктен қар боранымен оқ бораны араласа тепкілеп, жердегі өрт «үйітіп жеймін» дегендей, қызыл тілін жалақтатып жатқанда сол өртке шұлғау кептіріп, керзі етікті қайта киіп алып сол өртке котелокта қар араласа қатып қалған азық концентратын жылытып-жібітіп, қарпып жан шақырған мезеттен естен кетер ме?» [189, 232 б.] – деп тебіренеді қаһарман.

Жаудың түп тамырына балта шауып, алтын ордасын аңырата иесіз қалдырып, қасиетті Отанын басқыншылардан азат етіп, жеңіс туын желбірете көкке көтерген даңқты әрекеттерін де баян етеді.

Жазушы бір мың тоғыз жүз тәулік бойы өлім мен өмір арпалысына түскен жауынгерлер үшін «жеңіс» деген сөздің қаншалықты күшті әрі құдіретті екенін бір ғана Әшімнің жай-күйі арқылы жеткізе біледі. Бұл жеңіс – ақтық демдері қалғанша Отан үшін, халық үшін ашық айқасқа түскен, қаһарманға тән қайсар мінез танытып, ерліктің нақты үлгісін жасай білген батыр азаматтардың күшімен келген ұлы мереке. Повесть соңында азаттық жолында үлкен іс тындырып, сүбелі үлес қосқан сақа солдат Әшім Меңдібаевтың отбасы, аяулы жары және балалары жайлы деректер келтіріледі. Шындығында жазушы бір ғана Әшімнің майдангерлік өмірінің жарқын сәттерін жария қылу арқылы қазақ ерлерінің қаһармандық ерліктерін, дұшпанның туын жығып, өмірлерінен намысты биік қоя білген ұлтжанды, жігерлі, нағыз азаматқа тән қасиеттерін паш етеді.

1979 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған өткір сюжетті «Жорық жолында» повесінің де негізгі тақырыбы Ұлы Отан соғысының отты жылдарын қамтиды. «Асығыс аттаныс», «Тұйыққа тірелу», «Партизан парасаты», «Торға түскен тосқауыл», «Батыл шешім», «Аңдығанды арбаған», «Жер астында жекпе-жек», «Мың асқанға бір тосқан» атты бөлімдерден тұратын повесть 1945 жылғы соғыс сұрапылының соңғы күндерін, атты әскерлер құрамасын басқарып келе жатқан кіші лейтенант Ерболат Ерәлиевтің барлау жұмыстарын жүргізудегі аса қырағылығын, ерліктегі ептілігін сөз етеді.

Ерболаттың бастауымен Нитра өзеніне дейінгі отыз километрден аса арақашықтықтағы жорық жолы бойында диверсиялық аңдудың жоқ екендігін барлау мақсатында аттандырылған бұл топ аса сақтықпен қозғалады. Өмір мен өлім арасындағы қылкөпірде оқыс қимыл жасау, соқыр тәуелділікке барудың жаңсақ әрекет екенін жақсы білетін Ерболат әр ісіне байыппен қарайды. Қай бағытта қалай әрекет етерін, не аласапыраннан оңтайлы жол тауып көксеген мақсатына жетерін, не болмаса күлін көкке ұшырардай апатқа ұшырарын білмей ойы сан-саққа кеткен батыл ерге «уайым түбі теңіз,

батасың да кетесің, тәуекел түбі кеме, мінесің де өтесің» деген қазақ мақалы қанат бітіреді.

Жауынгерлер күшін бір мақсатқа жұмылдыра білген кіші лейтенанттың ұйымдастырушылық өнері, жауынгерлік шеберлігімен қатар, адамдық қасиеті зор, ер мінезді, өр тұлғалы азамат екендігі байқалады. Автор бас кейіпкердің жан-дүниесіндегі сендей соғылысқан түрлі сұрақтарды, ой түкпірінде аласұрған сауалдарды жеткізуде ішкі монологты қолданады. Ерболат өз-өзімен тілдесу арқылы туындаған жағдайлардың байыбына барып, шешімін ойша барлап, түйінін шешіп отырады. Барлаушылар тобын бастаушылар Мирослав пен Ерболатты өзара әңгімелестіру барысында жазушы азаматтарға бір ғана мақалмен тоқтам жасап, ақылға келтіруі сөз құдіретін айшықтай түседі. Оған дәлел, «Батыр ажал жетсе бір-ақ өледі, қорқақ ажал жеткенше жүз рет өледі» деп ескерте тіл қатқан Мирославқа кіші лейтенант Ерболат: «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында», «Ерлікке де ептілік керек» деп тіл қатады.

Шығармадағы кезекті оқиғаны суреттеу барысында автор тылсым табиғат көріністері арқылы болар жәйтпен алдын-ала хабардар етуді ұмыт қалдырмайды. «Көк жүзін қаптаған қара бұлт орман ағаштарының басына бауырын төсеп жатып алған тәрізді, әрі-беріден соң тағы да ақтарыла төгілетіндей. Соның нышаны сияқты – тамшылай бастады. Әрбір терек бұлдырай сұстанып елестейді, әрбірінің тасасында аңдып жатқан жалмауыз, аналардың үшеуін де, дыбыстарын шығармай үн-түнсіз жалмап алып, «ендігі кезек сендердікі» десетіндей» [190, 211 б.].

Бұл ретте автор оқырманын табиғаттан сескендіру мақсатында емес, дүние жүзін жауыздықпен тізе бүктіртуді ойлаған дұшпанның Қызыл Армия шабуылы басталмас бұрын өткелді ашып тастағанына таң қалып, қандай да бір қауіп-қатерді табиғаттың өзі ескертіп тұрғандай күй кешеді.

Күдігі расқа шығып жар басында пулемет ұясы бар екендігін естіген Ерболат кесімді мерзім ішінде діттеген мақсатына жету кезінде батыл шешім қабылдай біледі. Ерболаттың шешімін ісімен де, ой-пікірлерімен де қолдап отыратын Бернолак, Новак сынды жағымды кейіпкерлер жазушы шығармашылығындағы интернационалдық сипаттың басымдығын көрсетеді. Адамзат баласы қай нәсілге жатпасын, қандай діни нанымды ұстанбасын, өмір жолындағы түпкілікті мақсаты, өмірлік ұстанымы, тіршіліктегі арман-мұраттары бір сарындас болып келетіндігі айқын нәрсе. Сол секілді суреткер де бір ұлттың шаңырағында туылып, сол ұлттың тағдырына алаңдаулы болса да, қазақ халқының өмір жолын, тарихи оқиғаларын ғана баяндап қоймай, арманы бір, тілегі бір өзге ұлт өкілдерімен арадағы достастықты, сенімді, сезімді сипаттайды.

Бас қаһарман қыршынынан қиылған әрбір жауынгерінің өліміне қапаланады, алайда қайғыра қажудың, әр сәтсіздік үшін абдыраудың өрескел қателік екенін де жақсы түсінеді. Соғыс бар жерде қазаның да болатыны, уайым жетегіне ерген командирдің ұрысты басқара алмасы да анық. Өздерінен он есе басым жаумен жер астында ашық айқасқа түскен Ерболат,

Бернолак, Мирославтардың ерлігі оқырманын еліктіріп әкеліп, оқиға соңының немен аяқталарын тағатсыздана күттіреді. Оғы таусылып неміспен жекпе-жекке шыққан Ерболат қапсағай денелі еңгезердей зор жігітпен қаймықпай күреседі. «Ерболат қазақша күрестің іштен шалу әдісін қолданып, солдатты шалқасынан гүрс құлата жығып-ақ салып еді. Анау әп сәтте мұны үстінен аударып түсіріп, өз астына алды да, қабырғасын қайыстыра езгілей бастады. Кіші лейтенантқа санаулы минуттер ішінде тіршіліктен айырылу қатері төнді. Жан алқымға тығылғанда адамға алмағайып күш те біте қала ма, әлде бойдың бар күші ақтық рет жиылып жан сақтауға жұмыла ма, әйтеуір кемеңгі ғарық қылған китше бұлқынып, ананы үстінен аударып түсіреді. Жалма-жан оның үстіне атша мініп алып алқымын қыса қырылдатты» [190, 225 б.].

Жекпе-жекте жеңіспен аяқтаған батыр жігіт еңсесін көтеріп, туған інісіндей Мирославты мейірлене құшақтап разылығын білдіреді. Алайда үңгір ішінде қаза тапқан Евстигнеев пен Бернолақтың өлімі тірі қалған екеуінің көтерілген көңілдерін сап тыяды. Қаннен-қаперсіз келе жатқан дұшпан полкын талқандаған, жер астылық қамалды жеңіп алған Ерәлиевтің бір рухы, өшпес ерлігі повесть мазмұнын тереңдетіп, көркемдік қуатын арттыра түседі.

Талантты жазушының Қиыр Шығыс майданында қолбасшы адъютанты, «Дабыл» атты қызыл әскер газетінің ұйымдастырушысы әрі тілшісі болып атқарған қызметтері оның сол өлкеде орын алған сан түрлі оқиғалардың куәсі болуына, сол елдің тарихын тереңнен зерттеп, халқының болмысымен жете танысуына септігін тигізеді. Қиыр Шығыс майданындағы жазушының өмірлік тәжірибесі 1971 жылы «Хинган асуынан асқанда» атты туындыны дүниеге әкеледі. Тартысты оқиғалар мен есте қаларлықтай көріністерге құрылған повесть жапон соғысқұмарларының баскесерлік, жауыз әрекеттерін, билеушілердің қарапайым халыққа көрсеткен озбырлықтарын, өктемдіктерін, кеңес әскерлерінің жапондықтарды талқандап, Маньчжуриялық халықты басқыншылардың құлдық азабынан құтқаруын сипаттайды.

Қарапайым маньчжур отбасында 1931 жылы орын алған оқиға, Лао Ханьның айдалып кетуі, артында қалған әйелі Ма мен ұлы – Сань, қызы – Мэйдің тартқан азабы, басқыншылар тарапынан көрген қорлығы, «жапонға жат адамның семьясы» атанып қоғамнан оқшау күн кешуі, ішерге ас, киерге киім таппай мүсәпірлік күйге түсуі жан түршіктіреді. Қайғыдан құсаға шалдыққан ана ержеткен ұлын ата жауына құлдыққа беруден бас тартып, бойынан балалығы кетпеген қызы Мэйді аштықтың ащы азабынан аман сақтап қалу үшін дұшпанының есігінде қызмет етіп, күніне айналады. «Бір күні кешке дейін қара судан басқа дәм бұйырмаған он жасар Мэй жанында жатып түнімен мамасының тандыр кеудесін тінткілеп еміп шықты. Ашыққанның түсіне ас енеді емес пе? Енді не істеу керек? Қайғы-қасірет қажытқан кіріптар әйелдің қолынан келері не? Бар сенгені жалғыз ұлы Сань еді, ол өз тамағын таба алмай борбайы борша, арқасы арша болып жүр.

Төңірекке бақса жарылқар жан жоқ, бәрі мүсәпір. Сандалмамен күн кешкен жұрт. Жаны алқымға таянғандар жапырақ жеп, тышқан аулап жүр. Еркіндік аңсап қит еткеннің алды жар, арты құз немесе барса келмес сор кешу» [191, 232 б.].

Осынша азапты басынан кешсе де, балапандарын жауыздардың тырнағынан жан сала қорғаған намысқой ана жапон офицерлерінің кірін жуып, үйін тазалап, тамақтарын дайындап, бар ісін атқарып жүріп, ақырында дүниеден озады.

Ананың мейірімінсіз, қолдап-қорғауынсыз қалғанынан бөлек, ішерге ас таба алмай, әр үйдің есігіне телміріп, көрінгенге қол созып қаңғып жүрген он екі жасар Мэйдің алдағы өмірінің қай бағытқа бұрылары да беймәлім еді. Анасының тірі кезінде Мэйдің орысша сауатын ашып, хат танытып үйреткені, оның орыс тіліндегі газет-журналдарды еш қиындықсыз оқуына септігін тигізеді. Почтаның хат тасушы жұмысына қабылданған Мэй хат, газет, журналдарды Харбин қаласының шет-шетіне жеткізудің ауырлығына мойымай, керісінше майдан өмірінен хабар беретін мақала, очерк, жаңалықтармен танысуға құмар болады.

Қоғамның басты дертіне айналған жұмыссыздық өршіп тұрған сәтте өз бастарының қамымен әуре болып жүрген жандардың үсті-басы кір-қожалақ, бейшара қызға жұмыс ұсынып, тапқан нәпақаларын бөліп бермесі анық жағдай. Алайда, телефон станциясының жұмысына қабылданған Мэйдің қуанышы да ұзаққа бармайды, қаладағы мекемелерді жапонға жат элементтерден тазалау жұмыстары жүргізілгенде оның «нارانхунға» қарсы шыққан партизан Лао Ханьның қызы екендігі анықталып жұмысынан қуылады. Мэй бұл оқиғадан кейін әкесін айдауға ұшыратқан, анасын азаптап өлтірген, ағасын қаңғыртып әркімге тілентіп қойған, өзіне қорлықтың түр-түрін көрсеткен аяусыз өмірді алдарына әкелген пәленің түп тамыры қайда екенін аңғарады.

Ішкі жан-дүниесі арпалысып, өзегі өртенген кейіпкердің Харбиннен батысқа қарай жаяу қашып, сары ала сағымға еріп жолға шығуы өткен өмір азабынан құтылуды аңсап, жаңа өмірге үлкен үмітпен қадам басқандай көрінеді. Аранын ашқан ажалмен арпалысып көруді, не тірлік қылса да адамшылықтан аттап кетпеуді мақсат етіп қояды. Маньчжоу-го астанасы Чаньчунь қаласына келіп жеткен Мэй көшедегі ерсілі-қарсылы ағылып жүрген халықтан қайыр күткендей телміре қарайды. Өз бастарының қамымен қайғы болып, адал еңбекпен болсын, ұрлықпен не алдаумен болсын отбасын асырауға, күнделікті нандарын тауып жеуге жанталасқан жұрттың бейшара қызға көңіл бөлмеуі, тіптен назар аудармауы өмір заңдылығы, заман күйі десек те болады.

Бір кездері Маньчжоу-го императорының сарайына хат танитын яхэн (қызметші) қыздың керектігін естіп барған Мэй бақ сынасқан он тоғыз қыздың алды болып қызметке кіріседі. Пу ханымның жүктеген жұмыстарын бұлжытпай орындайтын Мэйдің қатаң талаптарға да, соққан шапалағына да, жүрегіне найзадай қадалар отты сөздеріне де төзуден басқа амалы да

болмады. Жауыздық тепкісінен жаны жараланған, ар-намысы жанышталып, көрер таңды көзден атырған бейшара қыздың жүрегінде сөнбей қалған бір үміт шырағы жапон әскерін тізе бүктіріп, басқыншылардың құлдығынан құтқарар советтік қарулы күшке деген сенім болатын. Гитлер әскері Совет Одағына қарсы соғыс ашқан күннен бастап Пу ханымның қызметшісі Мэйге тапсырған жаңа жүктемесі радионы уақытылы тыңдап, шабуылға қатысты хабарларды баяндап беруі еді. Бұл тұста да Пу ханымның жағымды жаңалыққа қуанып, совет әскерінің Москва түбіндегі жеңісі секілді хабарды естігенде Мэйді балағаттап соққыға жығуы, билік пен байлықтың буына мастанған бикештің ессіз қылықтарынан хабардар етеді. Сталинград түбіндегі шайқастың нәтижесін асыға күткен Пу ханым Мэйге шайқас хабарын жеткізуді мұқият тапсырады. «Жапон әскерлерінің советтік шекараға шабуылы Сталинградтағы арпалысқа байланысты болғандықтан, Мэй өзінің өлеусіреген үміт шырағының жануы мен сөнуін де соған тәуелдеді. Радиоқабылдағышты Москваның ауа толқынына қойып, күні-түні құлақ тосты. Бұл қалада сол хабарды қадағалап отырған жалғыз Мэй болмас-ау, бірақ соны түн ортасы ауғанда тұңғыш естіген өзі сияқты. Советтік информбюро Москвадан саңқылдап Қызыл Армияның Сталинградтағы жеңісін жер жүзіне мәлімдеп жар салды. Мэйдің жүрегі жарылып кете жаздады, қуаныш толқыны көзінен жас шығарып, қос моншақ кірпігіне ілініп мөлдірей қалды» [191, 252 б.].

Торға түскен торғайдай шырмаудың ішінде отырса да, Қызыл Армия шабуылы мен жеңістерін, майданның жағымды хабарларын, жапон әскерлері оған дейінгі басып алған аудандарынан айырылып жатқанын естіген Мэйдің жүрегі алып ұшып, көңіл құсы көкке самғайды, еркін өмір сүретін күнге жақын арада қол жеткізетініне кәміл сенеді.

Шығармада шынайылығымен әрі батылдығымен ерекше көзге түсетін кейіпкер – майдан газеті редакциясының қызметкері Жарқын Телегеев. Он бес жыл оқу оқып, бір жылдай әдебиет газетінің редакциясында қызмет еткен жас ақын тұңғыш сәбиінің дүниеге келгенін де, тұңғыш өлеңдер жинағының баспадан шыққанын да көре алмай, әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығысқа аттанады. Шыншылдық пен батылдықты, ерлік пен батырлықты ұштастыра білген азамат алынбас деген қамалдарды бұзып-жарып, қалың жауды ойсыратуға нық қадам жасай біледі. «Қаһарман бұзбас қамал жоқ» атты очерк дайындауда Жарқын жау бекінісінің мықтылығын, Амур алапатын, командир мен жауынгерлердің толғаныстарын, ішкі жан күйзелістерін сипаттайды.

Аға лейтенант Жарқын Телегеевтің жергілікті халықтың өкілі, сонау жылдары айдалып келген Лао Ханьмен әңгімесі заман күйінен хабар береді. Жапон соғысқұмарларының Маньчжурия еліне баса көктеп кіріп, «Маньчжоу-го» атауын беріп, билікті Пу И деген ақымақ императордың қолына ұстата салғандығын мәлімдеген Лао Хань: «Көлдiң балығын жалмап алып, бақаны патша қойған жалмауыздай жапон империясының елімізді елдіктен айырғанын ескертіп, елсіз адамда есім де жоқ дегелі отырмын да.

Айдарлымыз – құл, тұлымдымыз – тұл. Қырғынға ұшыратты. Бірқатары ауыр азаптан ауруға шалдығып, қаза тапты. Бірқатары аштан өлді. Көпшілігін топ-тобымен көгендеп, мойындарына тас байлап суға батырды. Тәжірибе жүргізілетін хайуанат есебінде қаза тапқаны қаншама десеңізші...» [191, 266 б.].

Осы кезге дейін тартқан азабын, көрген қорлығын бүге-шігесіне дейін баяндаған Лао Хань жапон әскерлерінің жәй-жапсарларын әңгімелеп, өткені мен бүгінін, жер жағдайын, химиялық, бактериологиялық қаруларды сынақтан өткізу әдістерін де айтып өтеді. Бұл әңгімелесуден кейін өз мақсатына қол жеткізуге одан әрі бекіне түскен Жарқын Телегеев езілген елді құлдықтан құтқаруға бар күшін салады. Сань мен Мәйді жауыздар қолынан құтқарған Жарқын Телегеев бастаған топ әкесі Лао Ханьмен табыстырады. Мэй бикештің басынан өткерген оқиғалары панасыз жетім қалған сәтінен бастап, бой жеткен кезіндегі еңсерген өткелдері өз аузынан әңгімеленіп, Жарқын Телегеев шығармасына арқау болады. Повесть шешімі Мэй мен Жарқынның кездесуімен, өткенге ой жүгіртіп, өмір қалтарыстарына шынайы көзқарастарын жеткізулерімен түйінделеді.

Өткір ойлы жазушы отты жылдардың тарихи шежіресін жасаған көркем туындылары арқылы соғыс сұрапылына қарсы шыққан патриоттық сезімі басым, батыл да өр рухты образдар жүйесін жасай білді. Нақтылы кейіпкерлердің жинақталған бейнесі арқылы заман көрінісін, дәуір келбетін, бүкіл халықтың ерлік бітімін, қаһармандық рухын көрсете алды. Жәрдем Тілеков шығармашылығын толықтай қарастыра келе, Ұлы Отан соғысының жанкешті тарихын, майдан алаңының шынайы көріністерін, қиян-кескі ұрыстарда шайқасқа түскен жауынгерлердің ішкі күйзелістері мен жан дүниесін, арам ниетті жауыздарды тізе бүктіруді мақсат етіп, жеңіске апарар сара жолды айқын көрсеткен командирлер шеберлігін көз алдымызға әкеліп, санамызға сіңіріп, көкейімізге түйеріміз сөзсіз. Осы тұрғыда шыншыл әрі батыл жазушы Жәрдем Тілеков келер ұрпаққа тарихтың ақтаңдақ беттерін аңғарту міндетін толық орындап шыққандығы айқын.

9 САҒЫНҒАЛИ СЕЙІТОВ (1917-2007)

9.1 Ақын лирикасындағы соғыс тақырыбы

Қазақтың өлең сөз өнері мен әдебиеттану ғылымына біраз еңбек сіңірген лирик ақын, шынайы ғалым Сағынғали Сейітов 1917 жылы 20 қарашада Орал облысы, Ақжайық ауданы, «Өлеңті» кеңшарында туған. 1937 жылы Орал су транспорты рабфагын, 1941 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін тамамдаған.

1941–1947 жж. Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметте болды. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан. Соғыстан кейін Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы, Қазақстан

Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының директоры, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болып істеген. Филология ғылымдарының кандидаты.

Тырнақалды өлеңі 1936 жылы Оралдың облыстық газетінде жарияланған. Тұңғыш жинағы – «Большевиктер» 1951 [192] жылы жарық көрген. Содан бергі уақыттарда қазақ, орыс тілдерінде қырықтан астам кітабы басылып шыққан. Оның ішінде «Өлеңдер жинағы» (1953) [193], «Бетпе-бет» (1959) [194], «Өрден өрге» (1963) [195], «Жаңғырық» (таңдамалы, 1967) [196], «Жолдас уақыт» (таңдамалы, 1977) [197], «Сәулет» (1988) [198], «Серпер» (1994) [199], «Сеңгір» (1997) [200], «Самғау» (2001) [201] т.б. жыр жинақтары әр кезеңнің тыныс-тіршілігін, үнін танытады.

С. Сейітов бірқатар оқулықтар мен «Қырық жылда» (1957), «Әдебиеттер достығы» (1965), «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» (1966), «Тоғысқан толқындар» (1974), «Туысқандық туғызған» (1979), «Өлең өлкесінде» (1984), «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» (1985) атты ғылыми монографиялар мен әдеби зерттеулердің авторы.

Сағынғали Сейітовтың поэзиясы әр алуан тақырыпты қамтиды. Соның ішінде ерекше көзге түсетіні соғыс жылдарының ызғарын танытатын өлең-жырлар. Өзі де Ұлы Отан соғысының алапатын көріп, бастан аяқ от кешуді бастан кешкен ақынның жырларында айтулы кезеңнің оқиғалары шынайы суреттеледі.

Ақынның «Жалын жұтып, от кештік шайқастарда» деп жырлауының да үлкен мәні бар. Төрт жылдық соғысты бастан кешкен жаның айтары да нақты, фактілері де шанымды болып келеді. Айталық, соғысқа қатысып, елге аман-есен оралып, от кешу тақырыбын өзек еткен Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, Қ. Бекқожин, Ә. Сәрсенбаев, Ж. Сайн т.б. ақындар туындылары өз оқырманын тапса, С. Сейітовтың да өз айтары бар.

Ақынның соғыс тақырыбындағы өлең жырлары «Майдангер көзімен» атты [202] жинаққа топтастырылған. Кітаптың алғашқы туындысы «Түсімде де, өнімде де» деп аталып, бұнда соғыстың алдындағы елге төнген қауіп белгілері лирикалық кейіпкердің түсінде көрген елестермен беріледі. Маусым айының мамыражай күнінде емтиханнан қалжырап кеп ұйықтап жатқан студенттің түсіне:

Мезгіл ме? Тәңсәрінің шамасында,
Түнгі дәл төрт пен бестің арасында,
Жат елдің қалың қолы шоғырланды.
Батыс жақ шекараның саласында

Алыпты қарауылға бәрі мені
Дап-дайын ататын оқ дәрілері
Сапта тұр жалдаптары жан алғыштай,
Шептегі берідегі, әрідегі [202, 4 б.]
(«Түсімде де, өнімде де»)

Сұм соғысқа күн ілгері дайындалған фашист басқыншыларының қару-жарақ арсеналын майдангер ақын «Көп қару бір бірінен озатындай, / Өрекіп өштіктері қозатындай. / Зіркілдеп зеңбіріктер зауықтанған, / Өңешін маған ғана созатындай» деп суреттейді. Соғыс өмірін жақсы білетін автордың «Пулемет аузын маған бұрып-ақ тұр», «Миномет мені ғана көздейтіндей», «Қанатын «Юнкерстер» қомданады, / Бомбалар - сыбағама жолдамағы. / Ұшқышы үңіледі жемсауына / «Дегбірсіз, әлденеге долданады» - деп келетін тіркестер қатарын «Миллион оқ, миллион мина, снарядтар / Зулады маған қарай аңдағайлап» - деп келетін тармақтар туынды мазмұнын одан әрі күрделендіре, соғыс өртінің елес-бедерін тереңдете түседі.

Алайда кейіпкер бұның бәрі түс екенін, әйтсе де осының баршасы өңге айналар күн туса, елін қорғауға дайын екендігін де (Сұм соғыс секунд санап таянғандай, / Жалмандап жалмауыздай жаланғандай, / Ауызда ән: «Егер ертең соғыс болса...»), / Жан ба едік ел қорғаудан аянғандай») атап айтып өтеді. Неден болса да тайынбайтын бозбаланың сертті сөзі бекем.

Көзімді ашсам, бәрі өңім екен,
Түсімнің сондықтан да жөні бөтен.
Саспадым, сескенбедім сұрқиядан,
Көрсем де көресіні көңіл бекем!

Ақын С. Сейітовтың соғыс жылдарының бір белесін Жеңіс күніне, Ұлы Жеңіске арнап шығарған туындылары кұрайды. Тар жол, тайғақ кешуді бастан өткерген майдангердің «Ұлы жеңіс!», «Одан биік мұнара жоқ ғаламда», «Шегінейік шерулі шақтарыма», «Алыппыз, азаткерміз» аталатын өлеңдерінде Жеңісті шақтың қуаныш-шаттығы әсерлі берілген.

Ұлы жеңіс!
Ең Тұлғалым! Еңселім!
Әм солдатың
Әм жыршың ем, мен Сенің!
Жаралғанмын
Бір тірегің болуға,
Тұрған кезде
Дүние тегіс теңселіп

Өрт ішінде
Жалыныңа жанғанмын.
Өр қайратпен
Өлімге де барғанмын
Айтыңдаршы,
Теңдесі жоқ жаһанда
Зілзалада
Қалай аман қалғанмын?! [202, 5 б.]

- деп толғанады ақын бірінші жақтан, өз атынан үн қатып.

Солдаттар сапында майдан даласын кезіп өткен С. Сейітовтың өз шығармашылығында соғыс тақырыбын жете меңгергенін айту ләзім.

Ақынның өзі жырлағандай «Ешкімнен де ештеңем жоқ жасырын, / Бір күшім бар алшы тұрған асығым: / Ол әйгілі майса Мамыр тоғызы, / Адамзаттың арманындай ғашығы» - Жеңіс күні. Ақын пайымында, майдангер ұғымында:

Жиырмасыншы ғасыр дейтін заманда,
Одан биік мұнара жоқ ғаламда
Елу емес, мың-мың жылдар жасайды,
Шұғыласын шашып күллі жаһанға [202, 5 б.].

(«Одан биік мұнара жоқ ғаламда»)

Ақынның аталы жасқа жетіп, өткен өмір жолдарына үңіліп, шерулі шақтарына шолу жасаған өлеңінде: сұрапыл жылдар картинасы («Исі аңқыған жырдан түтін, дәрінің») боямасыз қалпында беріледі. Жауды қуған жаяу әскер, сақылдап сөйлеп кеткен зеңбіректер, көктің бетін бүркеп жатқан «Илюшиндердің» (*кеңестік соғыс ұшағы- З.М., Ж.М.*) аспан астындағы айқаста «Мессерлерді» (*фашистік соғыс ұшағы- З.М., Ж.М.*) алқымдап жатуы өз алдына бір әлем – соғыс қимылын көрсетеді. Қарағаштай қаптаған лек-лек танкілердің, тұлпарларын баптап жатқан эскадрон әскерлерінің соғыс жағдайындағы суретін сипаттай келе автор бір мезет қазақтың батыр ұлы Момышұлы Бауыржанның, «Шығыстың қос шынарының» бірі - Мәншүк Мәметова сынды батыр қыздың бейнелерін отты нүктенің ортасында таныстырады, Ленинград қорғаушыларын Жамбыл жырымен қуаттандырады («Көлденеңнен көшелерге жапсырып», / Ленинград Жамбыл жырын жаттасын»).

Шайқастардың шартын менен сұрама,
Сипаттауға шамамам жетпесс сірә да.
Бауыржан жүр белден кешіп от селін,
Ол басқарған тоғызыншы құрама.

Жөңкіген қол жосылғанда жұптасып,
Алдиярлап ауыл, қала құптасып.
Мәншүгіміз кесте тігу орнына
Баса берсін пулеметтің тұтқасын. [203, 18 б.].
(«Шерулі шайқастарға шегініс»)

Туындыда соғыс жағдайындағы әскери мамандардың қарбалас іс-әрекеті («Әскерлердің көрген кезде нөпірін, / Сапер орнатпас па көпірін»; «Дзоттардың тығындаған көмейін, / «Батырлардың дәйім биік мерейі»; / «Жаралының жанашыры, майдангер / Мейірбике, сені ер демей, не дейін?!») шынайы һәм шанымды берілген. Бүкіл соғыс қияметін бір туындыға сыйдыра білген ақын қаһарлы, қасіретті кезеңнің бас кейіпкеріне бас ие құрмет көрсетеді.

Дәуір кештік қаһарлы да дабылды,
Қан жұтқызған қасіретті дауылды.
Сенсің, Солдат, жұмыскері Жеңістің,
Арқалаған адам төзбес ауырды!

Соғыс туралы өлеңдердің бәрінде автордың лирикалық кейіпкерлері өздерінің бастан кешкен оқиғаларын бірінші жақтан баяндап, оқырманымен сырласып отырады. Ал баз бір тұстарда ақын өзінің сұрапыл соғыстарда жүріп өткен соқпақ жолынан мәлімет беріп, хабардар етеді. Айталық, «Бетпелет», «Харков нақыштары», «Қалақша», «Тіл», «Есімде Сарна қаласы» аталған өлең-жырларында автор тікелей өз басынан кешірген жайттерді баян етеді. Мысалы: «Жатқан шығар сайрап әлі ізім де, / Қырық бірдің жазында да, күзінде. / Сұр шинельді сұсты солдат шағымда / Траншея қаздым Харков маңында» десе, енді бір уақ: «Қансоқтаның ізі боп, / Жатыр қазір Вольково. / Орны бар да, өзі жоқ, / Жұтып соғыс толқыны» дейді.

Ақын туындыларында соғыс өрті шарпыған аймақтың географиясы бірте-бірте кеңейе түседі. «Есімде Сарны, / Есімде ерен елесі»; «Біз мінген состав / Сарныға тұмсық тіреді»; «Кавказды да қорғадық, / Алатаудай асқарды»; / «Талай бел, талай елдерден өтіп, / Жеттік біз Берлинге дүбірлетіп / Суына Шпреенің түсті сонда / Автомат көлеңкесі көлбең етіп», «Ап келдік, Европаның аңсағанын, / Бұғаудан босаттық та барща жанын, / Лебізі қуаныштың жел боп есті / Үстінде София мен Варшаваның».

Ақын С. Сейітовтің соғыс тақырыбындағы өлең жырларында сол қанды жорықтың батырлары да назардан сырт қалмайды. Олардың Отан соғысындағы ерлік істерін ақын кейінгі ұрпаққа үлгі ете жырға қосады. Ақынның «Тұлғана тозаң жолатпан (Бауыржан Момышұлына)», «Сөнбейді жалын лаулаған (Абдолла Жұмағалиевке)»; «Ақ таяқты капитан (Кеңес Одағының батыры Темір Масинге мадақ жыр)», «Ер есімі - мәңгілік (Кеңес Одағының батыры Сүндетқали Есқалиевті еске алу)», «Запастағы капитан», «Маршал Рокоссовский», «Көзді ашып-жұмғанша (Әли Сәрсенов туралы баллада)»; «Оқыс оқиға (Майдангер ұшқыш Хиуаз Досанованың ауызынан)» атты туындыларында елімізге белгілі Отан соғысының батырларының ерлік істері жырланып, олардың отты жылдарда бастан кешкен оқиғалары көркемдік шындыққа айналып, баяндалған. Отан қорғауда жанқиярлықпен көрсеткен ерлердің, сұрапыл соғыс құрбандарының есімдерін мәңгілік есте қалдыруды мақсат етуден туындаған жырлардың ғұмыры ұзақ болары кәміл анық.

Ақын С. Сейітовтің жорық жырларының бірқатар кейіпкерлері қатардағы жауынгерлер мен олар жүріп өткен мекен жайлармен де қатысты болып келеді. Ондай өлеңдер қатарынан «Окоптағы әңгіме», «Отан мені шақырады», «Шегінбеді», «Еділдегі ерқала», «Поляк баласы», «Барлаушы», «Минскіні босатқанда», «Танк», «Днепр суы», «Березина», «Автоматшының әңгімесі», «Саспады сержант», «Каска», «Снарядтар сөйлегенде», «Старшина», «Катюша», «Майдан газеті», «Маршал мен мерген», «Старая Русса», «Пола», «Валдай», «Рядчино», «Аттаныс», «Генерал», «Ойпаңнан оқтар атылды»; «Ерлік туы - еншісі» аталған өлеңдерінде ақын өз көзімен көріп, құлағымен естіген отты жылдар оқиғаларының көрінісін баяндайды.

Жоғарыда аталған ұзақ оқиғалы туындылары жанрлық жағынан поэма-дастанға жақындау келеді. Мәселен, Бауыржан Момышұлына арналған

туындысын ақын шағын үш бөлімге бөліп нөмірлейді де, біріншісінде қаратпа мағынада алып жырлайды.

Беренсің, Бауке,
Беріксің бекем болаттан.
Еренсің, Бауке,
Заманың жүкті мол артқан.
Тереңсің, Бауке,
Тұлғана тозақ жолатпан [200, 45 б.].

(«Тұлғана тозақ жолатпан (Бауыржан Момышұлына)»

- деп арнай жырлайды да, одан әрі келесі бөлімде Баукеңнің ұшқан ұясы – Жуалы туралы, батырдың офицерлік өмірінен үзіктер, Панфилов басшылығындағы батальон командирінің ерлік үлгісі сөз болады. Отыз төрт жасында полковник шенін алған қолбасшының жау қоршауын бұзып шығуын «асырды жаудан айланы» деп жырланады. Соңғы үшінші бөлімінде автор шілденің бір кешінде Холмның іргесінде Баукеңді алғаш көргенін есіне алады. Батырдың тұлғасын автор «Абайлап қара, нендей, / Тал бойы біткен сұнғақ. / Қапсағай нар емендей, / Қайысып қалай сынбақ?» - деп суреттей келе:

Мұз бекіп қабағында,
Мізбақпай қарысқандай.
От шашқан жанарында
Найзағай жарысқандай.

Көзінің қарасы да,
Аралас аласы да
Қазір-ақ жармасқандай,
Жауының жағасына.

Ержүрек солдаттарға жарлығы мен алғысын айтып, мыңның жүрегін жаулай білген батырдың толыққанды портретін осы туындысында автор жан-жақты бере білген. «Халыққа тартқан хас батыр, Халыққа тартқан данасың» деп ой түйеді. Шығарма көлемі шағын болса да өлеңде Баукеңнің батырлық үлгісі, майданда жүріп өткен жолы, әскери өмір деректері туынды мазмұнын байытып-ақ тұр.

Отан соғысының құрбаны, ақын Абдолла Жұмағалиевке арналған туындыда нәзік лиризм басым, кейіпкерге деген сағынышты сезім өлең тілінде әдемі өрнектелген. Ақынның ақынды аялауы, құрметтеуі, өзді-өзі іштей сырласуы сынды оқылады бұл өлең.

Ол - ақын, табиғаттың бөбегіндей,
Өзінің өзек жарды өлеңіндей.
Өзінің мінезіндей, майда, жұмсақ,
Даңғайыр дара дарын бедеріндей [199, 75 б.].

(«Сөнбейді жалын лаулаған (Абдолла Жұмағалиевке)»

Абдолланың ақын боп туылған жайдары мінезін, жастық жыршысы боп қалыптасқанын «Ол - ақын, жастық шақты жырлай туған, / Әуезін

махаббаттың тыңдай туған» деп айқындап көрсетеді. Өлең десе елеңдеп, он жасында-ақ басқа өнерге бет бұрмай, поэзия жолына түскен ақынның қысқа ғұмырын, өлеңдегі орнын автор хабарлай, өткен шақпен жырлайды. Абдолланың «Жастық шақ бір жалын ғой» деп басталатын өлең шумағын нысанаға ала отырып, оның жиырма бестің белесінде, махаббаттың кемесіне отырып, өмір сүргенін, сол кезеңдерде таңбаланған тармақтардың осы күнге дейін ел есінде сақталып келе жатқанын автор өзі көрген сәттерді көз алдына елестете жырлайды.

Абдолланың домбырашылық өнері; жанынан екі айырылмайтын достары Қалижан, Әбу, Қасым сынды ақындармен бірге алынып баяндалады. Өлеңде ақынның Қажым Жұмалиев сынды профессор ғалыммен шәкірттік аралас-байланысы, Каз ПИ-дің студенттер жатағына бас сұғып, өлең оқитын мезеттері, өзіне тән пәлсапалық көзқарасы барлығы да айтылмай қалмайды. Сонымен бірге ақынға:

Романтик еді-ау ол бір өршіл, өрен,
Сүйсінген сөз бағында көрші-көлем.
Сонда да кекеткен-ді кейбіреулер,
«Байроншыл... еліктеуі ерсі...» деген.

- деп айып тағушылардың бәріне де оның өз өлеңімен, ақындық өнерімен қарсы тұрып, қазақ поэзиясының тарихында аты қалғанын қлағаттайды. Оқиғалы өлеңде автор өзінің Абдолла ақынмен шығармашылық байланыста болғанын («Кел, інім! Кел!» деп маған ымдай тұғын, / Оқысам жырларымды тыңдайтығын / Қоятын кей жолымның астын сызып, / Сеземін бұнымен де тынбайтынын»), майданға аттанарда «Вагонның есігінен кірерімде, / Бетімнен сүйіп тұрып тақпақтады, / Тақпағы - төрт жол өлең жүрегімде:

«Ардақты, ақын досым, Сағынғали,
Жауға аттан, ер сауытын жалыннан ки.
Жорықта жолың болсын, жеңіспен қайт,
Тартылар сен келгенде сағынған күй!

- деп сұрапыл соғысқа шығарып салғанын сағынышпен еске алады. Бұдан әрі Абдолланың соғыстағы ерлігі суреттеліп, қан майданда көрсеткен ерлігі, автоматымен жауына қарсы оқ жаудырып, өле-өлгенше беріспеген батырлық тұлғасын бірнеше шумаққа сыйғыза баян етеді, кейіпкерінің көзсіз ерлігі шынайлықтан, шындықтан ауытқымай сипатталады.

Ер еді ол еңіреген, елім! - деген,
Достары шегін десе, шегінбеген.
Қағазда қатталмаған жарлық қой деп,
Көнбеген... Бөтен ойға берілмеген!

Абдоллаға көмек қолын бере алмай, егер де қасында болсам «Сазайын сол сұмдардың берер ем ғой!» - деп өкінеді бір сәт өлең авторы. Ақын солдат Отан үшін мерт болса да оның туған топырағы - Жосалы, оқыған ошақтары: Орал мен Алматы, қызмет атқарған мекемесі - Жазушылар Одағы, қысқасы, Абдолланың аяғы тиген жердің баршасы оның есімін ұмытпайды, елі, халқы, қандастары бар да ақын атын естен шығармайтыны анық дейді туынды егесі.

Тұрасың замандастың назарында,
Тұрасың қаламдастың жанарында.
Жеңістің жемістерін күзетісіп,
Тұрасың қас қақпастан қарауылда!

Қаһармандар қатарында қаласың, сенің есімің, мектеп пен көшеге айналып, алдыңнан шығады, ескерткіштер мен мүсіндер - сенің ерлігіңнің куәсі, халық жадында қалдың мәңгілікке деген түйінмен қортындыланады шығарма.

С. Сейітовтің Отан соғысының ерлігін мадақтап жырлаған және бір туындысы жоғарыда аталған Темір Масинге арналған өлеңі - «Ақ таяқты капитан». Төрт жылға созылған қырғын соғыстан аман есен елге оралып, бейбіт өмірде отқа оранып өртенген Т. Масиннің майдан даласындағы ерлігін ақын:

Қанды қырғын
Минскінің маңайы,
Жан тапсырды
боздақтардың талайы.
... Темір аға!
Аманбысың? Армысың?

Саптамысың?
Тірімісің? Бармысың?

Ақ таяқты
капитан ең атақты,

Дұшпандарға
салған сансыз «шатақты». [201, 313 б.].

Өлеңде капитан Т. Масиннің оқтан қайтпаған батырлығы, қысылшаң кезде «шегінем» деп айтпаған, қысылса да «жеңілем» деп айтпаған қайсарлығы, фашист басқыншыларымен соғыста ақыл-айласымен қоршаудан жол тауып шығып кететін мықты тапқырлығы жан жақты көрсетіліп, кейіпкердің образы кеңінен ашыла түседі. Темір Масиннің қолбасшылық өнегесі оның блиндажда сүйеулі тұратын ақ таяғымен символдық бірлікте алынып, қарастырылады. Темірдің соғыс ұрыстарындағы үлкен шабуылға шығардағы мінез-кұлқын осы ақ таяқ арқылы тануға болады. Бұл ақ таяқ біреуді қорқытуға арналмаған. Жайшылықта капитан оны қолына ап, ұстай бермейді, маңына бармайды. «Бірақ, бірақ солдаттарың сақ сенің, / (Оларға сен әке едің, жақсы едің) / Соққан шақта дауылды жел іргеден, / Сезер еді басталарын дүрбелең». Командирдің екі беті түтіккендей жалындап, таяқ жаққа қарай бет бұрып, адымдаған сәтте «Солдаттарың бір-біріне сыбырлап: «Бір шабуыл басталары хақ! – дейтін, / «Қару сайла, керек оған бап!» дейтін. Командирдің кереметін көру үшін солдаттар соңынан еретін, генералдан рұқсат алған капитан өз ротасын бастап шабуылға көтеріледі.

Рұқсат сұрап
генералға жолықты
Қайтпен керек,

Сондай ыстық көзіме,
Жанға жақын Еділ ол.
Ана жылы жауменен,
Жағаласқан жерім ол.

Қорғап қамал-қаланы,
Қаным тамған тасына,
Тізе бүгіп фон Паулюс,
Қол көтерген осында. [204, 91 б.].

(«Запастағы капитан»)

Сол Еділде алып құрылыс басталғанын естігенде «Жалындаған бір сезім, / Пайда болды денемде», «Сол алыпты қолыммен / Орантысып қайтайын / Деген менде бір ой бар, / Сөз түйінін айтайын» - деген тоқтамға келеді запастағы капитан. Түнгі он бір шамасында «Күйге бөлеп өмірді / Жатты Орал қаласы» - үйіне келген майдангердің сертіне, сөзіне беріктігін автор:

Достарымен қоштасып,
Келер күннің кешіне
Жүріп кетті прораб
Сталинград ГЭС-іне.

- деп қортындылайды.

«Көзді ашып –жұмғанша (Әли Сәрсенов туралы баллада)» өлеңінде Семей өңірінің қазағы Әлидің соғыс даласындағы ерен тапқырлығын сөз етеді. Бетпе-бет келген екі жақтың қолма-қол шайқасында Әли сарбаз атар оғы таусылып, дағдарысқа тап болады. Бірақ жаудың өзіне қарай сермеген гранатасын қағып алып, қарсыласының өзіне қайта лақтырып, Әли адам сенбес ерлік көрсетеді. «Қайсар қазақ жанға жан / Алатындай сақ тұрды. / Қағып алып жалма жан / Қайта өзіне лақтырды» - деп суреттейді ер ерлігін автор. Бір емес, бірнеше гранатаны қағып алып, дұшпанының көзін жойған Әли батырлығын:

Бәрін кері лақтырды
Қас қаққанша қазып ап
Көбін өрем қаптырды
Дұшпан шебін жарғылап

Жау лақтырған гранат
Жау ішінде жарылды
Ұрыс бір сәт тына қап,
Шеп шеңбері тарылды. [204, 195 б.].

- деп бейнелеп, оқиғаның шанымдылығына «Отан үшін» газетінде жарияланған материалды куә, айғақ етеді автор. Соғыс тақырыбын ақындық сапарында желкен еткен С. Сейтовтің бұл саладағы туындылары көбінесе болған оқиға, бастан кешкен жайт, тарихи немесе публистикалық деректерге

құрылады. Ақын өз көзімен көріп куә болған немесе белгілі бір кейіпкерлердің тағдыры туралы жазбаларды негізге ала ой тербейді.

Аталған соғыс тақырыбын шығармашылық арнасына айналдырған ақынның «Сөз сұрайды солдаттар» [205] және «Майдангер көзімен» [202] атты кітаптарындағы өлең жырлар. Ұлы Отан соғысы бастан аяқ кешірген автордың көңіл толқыныстарын, өзіндік көзқарасын байқатады.

Ақын өлеңдері бірде қысқа енді бірде ұзақтау жазылғанымен, туынды өрімі мен мазмұнына лирикалық кейіпкерге сипаттама беріліп, белгілі оқиғаның өту барысы баяндалады. Әр өлеңінде белгілі бір мәселенің тоқ етер түйіні шешіліп, әңгімеленіп отырады.

Ақын өз өлең-жырының аталуына да мән беріп, болашақ оқылатын туындының тақырыбын қоюда да шеберлік танытады. Ақын үшін кейіпкер қарапайым солдат боп басталады да, одан әрі сержант, старшина, капитан, майор, полковник, генерал, маршалл боп сатылана жоғарылап, көркем образға айналып шыға келеді. Ақын кейіпкеріне қызмет етеді, кейіпкер авторға дем, қуат беріп, жетелеп, алға қарай бастап отырады. Мәселен, «Қалақша» деген өлеңінде ақын жорық жолында кездескен Волково деп жазылғын қалақшаға қарап, терең ойға кетеді. Өйткені тұтас елді мекеннен ештеңесі қалмаған жалаңаш селоның аянышты тағдырын ақын тақырып еткен. Бұрында әйгілі кеңшар болған мекенді жау талқандап, өртеп, жойып жіберген. «Жұртта тірі қалмаған./ Ең арғысы тышқанда» :

Қалақшаға қарасаң,
Түршігеді денеміз
Мұзға қоса қар асап,
Тұнжырасып келеміз. [205, 9 б.].

Ақын көзге елеусіздеу көрінетін, соғыс жағдайындағы болатын іс-әрекеттердегі ауыз екі әңгімеден көркем поэзияға айналдыруға шебер. «Окоптағы әңгіме» өлеңі екі тармақты шумақтардан тұратын диалогке құрылған. Екі солдат кездесіп, сұрақ – жауап түрінде қайымдасады. Соғыстың созылуына кімдер кінәлі, ауылды, бауырды, ананы сағыну, үй ішінің халі нешік сынды сұрақтармен қатар...- Берлин енді жақын ба? / Аламыз ба ақырда? / – Сол тоқтамға келейін... / Кәне, шылым шегейік! - деп тоқтасады окоптағы солдаттар.

С. Сейітов жорық жылдарындағы болған оқиғаларға, өз қаһармандарына ұдайы құрметпен, сүйіспеншілікпен қарайды. Көзімен көрген жайттарды ұмытуға қақым жоқ деп есептейді. «Көз алдымда көп суреттер... Шайқастар мен жорықтар, адамдар мен оқиғалар. Есімде ел ерлерінің кескін-келбеттері. Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен қаһармандық қимылдары мен асқан адамгершілік қасиеттері. Олар бірін-бірі біле бермейтін, бірақ мұраттас, тағдырлас кейіпкерлер. Олар - сонау сұрапыл соғыс жылдарының батырлары болған, адам баласы дүниеде бейбіт өмір сүру үшін шыбындай жанын да, қасықтай қанын да аямаған ардақты, аяулы ағаларымыз, құрбыларымыз, інілеріміз... Ешкім де ұмытылмайды. Ешнәрсе де естен шығарылмайды» [205, 3 б.]. – деп ой түйеді ақын.

9.2. Пәлсапалық толғаныс, көңіл күй иірімдері, туған жер әуендері

«Сен мені іздейсің бе, оқырманым?!» - деп әр уақыт оқушысымен сырласуға дайын тұратын ақын С. Сейітовтың ақындық тұлғасын кеңінен танытар тұс өлшемдері қашанда мол. Ақындық кредосының барометрін өмірден үйренгендері мен оқығандарына, зердеге түйгендері мен тоқығандарына бағыттаған С. Сейітов:

Көңілің кей сөзіме
Толмағанда,
Ішіңе кірмегенде,
Қонбағанда,
Сен мені сөкпейсің бе,
Әділ қазым,
Қалмасын беймәлім мәлім боп,
Ол маған да.... [199, 7 б.].

(«Сен мені іздейсің бе, оқырманым?»)

- деп өз іздеушісімен ашыла сырласады. Өлең сөзге адалдық танытып, оқырманының ой елегінен өткізіп, мұқым жұртпен кеңесіп отыруды ақын өзіне басты мұрат санайды. Өз оқырманын сарапшы ретінде қабылдай отырып, өз жолымен, өз соқпағымен жүруді қалайтын, ешкімді қайталаудан аулақ ойлы, біреудің сыңары боп қалуды өлең өлкесінде қош көрмеген ақын:

Талпынам мен де өзімше
Толғайын деп;
Ертерек егінімді
Ормайын деп;
Қанаттас Диханның да
Сырбайдың да,
Жырдағы бір сыңары
Болмайын деп.

- деп өлеңдегі өз жел қайығының желкенін желбірете түседі. Оқырманына «Өзіңсің дегдар досым, / Сергек сыншым, / Дәл сенің ықыласыңның / Жөні бөлек» деп еміренген, құрмет-қошеметін көлдей көңілмен білдіреді ақын. Ақындық өнер - шабытқа құл. Өнерден өз орныңды тауып алу – өмірдегі өз орнын табу сынды сынақпен пара-пар құбылыс. Оқырманына өзімсіне, бүкпесіз, кінәратсыз жақындаудың жолын ақын философиялық толғанысқа бұқтырылған сезім сыры арқылы танытуға тырысады. Әйтсе де сертіне берік, көңілі пәк жанның ақ адал ниетінде кіршік жоқ.

Өзіңді мен де іздеймін,
Оқырманым,
Елеңдеп, елегізіп
Отырғаным...
Тұрғанда өз кеудемде
Шоғым маздап,
Келмейді өзгелерден

От ұрлағым.

Лирика қашанда адалдықты сүюмен қатар көңіл-күйдің монометріне де тәуелді. Сезімге селкеу түскен шақта мұнды мелодияға ауысқан көңіл пернесі қуанышты сәтті бастан кешкен кезде ешбір бөгетке бас имейді. Сондықтан да ол - лирика. Сонысымен де ол сөздің патшасы.

С. Сейтовтің көңіл күй лирикасының өзіне тән стиль-машығы бар. Ол ұдайы оқырманымен сырласып, ой бөлісіп отыруға асық. Ақынның лирикалық кейіпкерлері ішкі әлемінен сыр ақтаруға құмар, қоршаған ортаға бей жай қарай алмайды. Жақсыға да, жаманға да тура қарап, өз пайым-пікірін, көзқарасын аңғартып, болған іске баға беруге әзір тұрады. Мәселен,

Қуаныш пен қайғыны егіз дейді,
Сол қисынды кім немен негіздейді?
Егіз болса екеуі, осынау жұрт
Қуанышты әуелі неге іздейді?

Абай айтқан дана сөз ұнайды елге:

«Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме»

Қасарыса қарсылас қаймықпастан,

Жекпе жекте жығылсаң жылай көрме.

(«Қуаныш пен қайғыны егіз дейді»)

Кейіпкері оқырманына күш, демеу тілеп, қайраттана тіл қатады. Қайғы мен қуаныштың қосақтаса жүруін жаратылыстың табиғи қалыбына балаған лирикалық бейненің пәлсапалық түсінік ұғымында екі затты, екі болымысты қатар алып салыстыру принципі жолға қойылған. Түпкі мәніне үңілу арқылы болымыстың шығу тегін білмекке үңілу, табиғатын анықтап алуға ұмтылыс басым көрінеді. Болмыстың себеп-салдарын айқындап, ой қорытып алып, өзіндік ұйғарымын лирикалық кейіпкер байсалдылықпен ортаға салады.

Қуаныштан бойыңа әл бітеді

Бой оңалса, ойыңа нәр бітеді!

Қайғы менен қуаныш қосақталса,

Екеуінің бірме екен арғы тегі?

- деп келетін тексеріс амалдарының тегінде қазақы қызығушылық, ой сананың қоршаған ортаға алаң болуы сынды ізденіс сарындары байқалады. Ақын өлең сөзде лирикалық кейіпкердің атынан сөз алып, ішкі сезімін, сырын ағытып, ой жетегінде отырып, өз ұстанымын танытып, оқырманына иек артып, кең көсіліп шер-мұңын ақтаруы - лирика табиғатына қарсы келмейтін құбылыс.

Лирикалық бейне қашанда ақын ойының жоқтаушысы ретінде көрінеді. Ақынның айтарын оқырманға жеткізіп, бірінші жақтан үн қатып, көңіл күй пернесін дөп басып, тауып айтатын кейіпкердің артында әрине автор тұрады. Лирикалық бейне дәнекер қызметін атқарушы персонаж ретінде өлеңде үлкен міндетті мойнына алады. «Мен» болып бірінші жақтан баяндап, хабарлап, автордың айтпақ мәселесін ерінбей, жалықпай баян етеді. Персонажға өлең мазмұнындағы барлық іс әрекет басыбайлы тәуелді.

Өйткені ащы мен тұщыны, жақсы мен жаманды бастан өткеріп, желдің өтінде мүжіліп, күннің астында қақталып, ақынның намысын қорып, бірде ақ, бірде қара болып көрініп, екі түрлі мағнаның астарында шырмалатын да лирикалық персонаж. Жеңсе де, жеңілсе де, озса да, шабан қалса да лирикалық кейіпкер ақыннан екі елі ажырамай бірге жасасып келеді. Ақынның батыл ойларын оқырманға тасып, жеткізетін де лирикалық кейіпкер. Мәселен:

Дауласуға да жоқпын,
Жауласуға да жоқпын.
Ойым да аулақ жанжалыңнан,
Кімнің жолын кес-кестеймін?
Ешкіммен де өштеспеймін.
Бас байламан ерегіске,
Бейбітшіл жан мен емес пе?

(«Дауласуға да жоқпын»)

- деп жырласа ақын, ал оның ішкі жан-дүниесін сыртқа жария етіп, хабарлап отырған лирикалық кейіпкер. Бейбітшіл мінез танытып тыныштықты қалағандай көрінгенімен, ешкімге басы артық есесін жібермейтін характер кейіпкердің бойында бар-ақ екен. «Өйткені бей-жай жата алмаймын, / «Жалпақ шешей» атанбаймын, / Оңды оң деп бағалаймын, / Солды сол деп саралаймын, / Керісіңді керіс деймін, / Терісіңді теріс деймін. / Келіспеске келіспеймін / Беріспеске, беріспеймін» - деген тіркестерден автор мінезін, оның көңіл күй ырғағын лирикалық кейіпкер аузына естігендей күй кешеміз.

Ақынның пәлсәпалық қиял құсы ылғи да деректі ұғымдармен қатар дерексіз, көзге көрінбейтін, әйтсе де қолмен ұстамағанмен, санада сығалатып елестете алатын есім сөздермен серіктесіп ой құрайды. Мәселен, «Мазасыз мейман» аталатын өлеңде туынды кейіпкері ақынға тыным бермей, мазасын алып, күйін қашырады.

Кім ол,
мазамды ылғи алатын?
Әлде қабырғадағы
қоңыраулы сағатым?
Әлде көршім бе,
есігімді қағатын?
Әлде балалар ма
дәліздегі жүгірген?
Радио ма, кейде
торабы бүлінген?
Телевизор ма
Қақалып-шашалған?
Қандай мейман
Мазамды алған қашаннан?
(«Мазасыз мейман»)

Осылайша кім де болса, көңіл күйдің құтын қашырып жүрген мейманды іздеп сарсылған бейне «Жоқ олардың бірі де емес, / Емес әшейін бір елес. / Мазасыз мейман - ойым менің кәдімгі, / Күндізде де, түнде де тербетеді жанымды» - деп кәдімгідей салмақ сала, назар аударар қарайды. Кейіпкердің мазасын қашырған «қонақ» бүгін де, кеше де, көшеде келе жатса да қанын тулатып, қайда да, қашан да, тіпті қиялға берілсе де, ұйқыда жатса да бір елі қасынан қалмайтын бір мазасыз жан егелері - ой мен ойлар. Жеке тұрып бір ғана мәселеге жауап берсе - ой да, көп қырлы, сан түрлі сауалдарға жауап іздеп сарсылса - ойлар болғаны да. Сондықтан өзін үнемі мазалап, ұйықтатпайтын, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырған ойға арнап өлең тудырған ақынның пәлсапалық көзқарасының көкжиегі қандайлығын аңғарғандай боламыз.

Ойсыз адам жоқ, ойсыз өлең тумады, белгілі жағдай. Сол себепті шығар кейіпкер «Тынышымды үнемі алады ойлар. / Шамым болып жанады ойлар. / Көршім болып / Есігімді қағады ойлар / Таңым болып атады ойлар / Қаламымды қимылдатады ойлар» - деп логикалық екпінді ойға бағындырып жырлайды. Өлеңде асқақ сезім тазалығы, рухани жаңғыру саналылығы ақын қиялын аспандатқан да, жыр болып төгілген.

Ойлар!

Ойлар!

Ең қадірлі қонағым!

Сендерсіз

сөнбеймін бе?

Сендерсіз

сембеймін бе?

Сендерсіз мен

Кім боламын!

Ақын қиялының жемісі оның жырларында мазасыз ойларымен қабысып, бірінен соң бірі кезектесіп, бірін-бірі жетелеп, алдыңғысы соңғысын ертіп, тақырып тауып, өлең болып қонақтап жатады. Көңіл күйдің күн шуақты жарығымен қатар көлеңкелі, тұманды тұстары да ақынға маза таптырмай, лирикалық кейіпкер атынан сөз алып, ой қотаруға асық.

Өлең шіркіннің өсекші халін бастан кешкен кейіпкердің тағы бір сырын ақтаруға асыққан туынды «Бар жоғымды шамалаймын, барлаймын» деп аталған. Өзін-өзі рухани жағынан қажап, өзіне-өзі күш жігер, рух беріп, қоңырқай тірліктің жайын, жағдайын айтып ой бөлісіп, сырласады еркін ойлы, шешен тілді кейіпкер.

Бар-жоғымды шамалаймын, барлаймын,

Барымды артық бағалауға бармаймын.

Ешкімнен де жасырмаймын жоғымды,

Бір сырыққа қанша құрық жалғаймын.

Жолым айқын, бетім түзу, танбаймын,

Тауқыметте талмаусырап талмаймын.

Үй күшік боп көрген емес қиялым,
Жердің шарын жеті ойлап шарлаймын.

(«Бар-жоғымды шамалаймын, барлаймын»)

Иә, ақын дұрыс айтады, «қиял құсы құйқылжыр шар тарапқа» (Абай). Қиялдың, арманның, ұшқыр ойлардың үйкүшікке айналмағаны керек. Мөлдір, шынайы сезімдерді тұсаулап қою да мүмкін емес. Қиял мен арман екеуі өзара үйлесе, үндесе, бас қоса жер-әлемді аралап кетуі - әбден болуға тиісті құбылыс. Қазақтың мұндайда «көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» дейтіні де бар, ал оның астарында ой-мұхитына сүңгіп, пәлсәпалық қиялына ерік берген кейіпкердің әрекетін түсінген дұрыс, ойын мақұлдаған абзал болмақ. Оның «Біреу мені нәнсің десе, нанбаймын, / Өзімді ме - сонда кімді алдаймын? / Өп-өтірік марапаттау не керек, / Ыңғайымен жылыстаған жағдайдың» - деп шындыққа тура, тайсалмай қарайтынын-ақ ақиқатты тануға лайық құштар көңілді аңғарамыз. Өз жайын өзі сезетін кейіпкердің маңдайы қашанда ашық, айналасына тіке қарайды. Таңдайы тақылдаған шешендердің талайын мінберлерден көрген, сөздерін естіп, тыңдаған жанның алдағы мақсаты айқын, нақты.

Жүріп келем... Қатарымнан қалмаймын,
Елім деймін - еңбегімді арнаймын
Өлең-жырда соның қорғап намысын,
Дем біткешесоның арын арлаймын!

Өлең жыр алаңында адалдық, арлылық аса қажетті өлшем десек, ақынның сол сындарлы, салиқалы ұстанымы өзге әріптестеріне үлгі боларлықтай. Ақынның өлеңі – оның өмірі. Өмірде көрген-білгенін, ойға түйгенін ақын өлеңіне түсіреді. Өлеңі арқылы, кейіпкері арқылы жиған-тергенін, рухани дүниесін жан жаққа таратқан, үлестірген ақын құшағына бар қуанышты да, мұң-шерді де сыйғызуға әруақыт дайын. Өзін қоршаған ортадан бөлек ұстай алмайтын ақын кейіпкеріне жан-жүрегі мазалаған жәйттерді айтқызады. Кейіпкер үніне құлақ түрсек, ақын қоғамның бір мүшесі ретінде ел-жұртымен еркін сырласудан қашпайды. Болып жатқан оқиғалардың бел ортасынан табылады, қуанышты бөлісуге, қайғы-мұңды жеңілдетіп, арылтуға қашанда әзір боп көрінеді.

Діліме де,
Дініме де бекеммін.
Болымысымнан
Бауырмал жан екенмін
Алаламай,
Арты, қара, сарыны.
Ортақтасам
Қайғысына бөтеннің [199, 30 б.].

(«Ділім де...»)

Ақынның жылағанды жұбатуға, жебеуге де, құлағанды қолтығынан демеп тұрғызуға дайын дәйім. Алда-жалда кінәсіздің басына бұлт оралса, оған қарсы тұрып, көлденен тұрып, көлденен тұрып, келер жолын бөгеуге де

әзір. Есесізді еміреніп елеуге дайын жан оның қай ұлыстан, қай нәсілден тарағанына да мән бермейді. «Жат біткенді, / Жат көрмеймін жатырқап, / Іңкәрлік пен / Ілтипатқа бөлеймін» - деуі де сондықтан. Тіпті «Ұсынамын, / Дімкәстарға қол ұшын, / Деймін: бұл да / Азаматтық борышым. / Егер зәру / Болса дәрі-дәрмекке, / Іздесемін / Дәріхана қонысын» деген кейіпкер мүгедектің мұңына құлақ тосып, оның ымын айтқызбай-ақ ұғып, көмек қолын созуға дайын. Соқыр көрсе, қолынан ұстап жетелеуге, дауыл соқса, ығына алуға әзір тұратын мейірімді жан қарапайымдылығымен, қайырымдылығымен ерекше көзге түседі.

Ақынның философиялық көзқарасы көңіл-күй иірімдеріне шомылып барып, сыртқа шығады. Іштей қайнап, әбден пісіп-жетіле келе, ойға түйген мәселенің түбіне, түп-төркініне үңіліп, салыстырмалы пайымдауға ақын сосын көшеді. Данышпан данагөйлердің болжам- жорамалдарының астарына шолу жүргізіп барып, өз тұжырымын, түйінін, түйгенін айтады. Сайын даланың сәуегей ділмар шешендік өнерінен тараған пәлсапалық-болжамдық көзқарастарының тініне ақын асықпай үңіледі.

Қуаныш пен қайғыны егіз дейді,
Сол қисынды кім немен негіздейді?
Егіз болса екеуі, осынау жұрт
Қуанышты әуелі неге іздейді?

Абай айтқан дана сөз ұнайды елге:
«Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме»,
Қасарыса қарсылас қаймықпастан,
Жекпе-жекте жығылсаң жылай көрме.

Қуаныштан бойыңа әл бітеді,
Бой оңалса, ойыңа нәр бітеді.
Қайғы менен қуаныштан қосақталса,
Екеуінің бір ме екен арғы тегі? [199, 31 б.].
(«Қуаныш пен қайғыны егіз дейді»)

Ақынның осы сынды тылсым сырына үңілген туындыларының қай-қайсысында да автор ұдайы өз көзқарасын, өз байламын батыл айтып оқырманымен сырласуға бейім тұрады, суреткердің халықтан бүгіп қалар сыры жоқ.

Өмірде болып жататын әр қилы құбылыстарға белсене араласып, бірде тоқтау, бірде басу айтып, адамзат баласын бірлікке үндеуден, тыныштыққа шақырудан шаршамайтын ақынның «Керегі не?», «Тұрғыласқа тіл қату» аталған өлеңдері көңілге кірбің ұялатар жәйттерден аулақ жүруді уағыздайды. Ақын көз алдында өтіп жатқан жүрекке салмақ салар әділетсіз оқиғаларға шыдай алмайды, қарсы тұрады. Оның пайымынша, егесу мен қақтығысу жақсылыққа апармайды. Өмірдің ондай ұсақ-түйегінен адамгершілікті ақын бәрінен жоғары қояды. Ақынның айтары: «Сен жалғанның жалғыз ұлы емессің, / Керегі не көрінгенмен егестің? / Керегі не

қысастыққа барудың, / Адалдарды аяғынан шалудың?». Әділдік пен адалдық – ақынның жан жолдасы. «Керегі не ашуды ерттеп мінудің? / Жанжал аңсап білегінді түрудің?» - деп ұстамдылықты ту етіп, сабырлы болуға шақырады айналасын.

Керегі не дау жоғында дау іздеп?

Керегі не жау жоғында жау іздеп?

Тыныш жүрмей тірлігінде кемді күн,

Ойладың ба, бұл қай қылық екендігін? [199, 33 б.].

(«Керегі не?»)

Ақынның келесі өлеңі де қоғамдағы болып жатқан кереғар құбылыстарды түзетпекке ұмтылған ниеттен туған. Әділет пе, / Күстәналау тарихты? / Әділет пе, / Күстәналау халықты? / Күннің бетін / Көлегейлеп бүркемей, / Жан-тәніңмен / Жақтау керек жарықты! - дейді көңілі жан-жақ бөлінген жан. Әрдайым әділет үшін күресуші кейіпкердің үнінде шындықты жақтаушылық, қоғамның өзекті мәселесіне шынайылықпен қарау қажеттілігінің ізгілікті иірімдері жатыр. Кейіпкер сараптауынша көпшілікке топырақ шашуға болмайды. Тарихтың өткеніне, халықтың бастан кешкеніне аса сақтықпен қарап, шығып келе жатқан күннің көзін, жарықты көлегейлеуге болмайды. Жақсылықты жақтауға ақын қашанда дайын, ол - әділетті күзетуші кейіпкер.

Әділет пе

Өткеніңнен безіну?

Өзің кешкен

Өткеліңнен безіну?

Әділет пе

Бәр-бәрінен безіну?

Болымысыңның

Әр-нәрінен безіну? [199, 34 б.].

Ақын философиясы - тұрақты, тұрлаулы бағытты нұсқайды. Өткен мен бүгінді жалғаушы, ізгілікті идея жанашыры. Өмірдің жұмбағы көп түйткілдеріне лирикалық кейіпкер бей-жай қарай алмайды, әрдайым, әр уақыт өз пікірін білдіріп, пайымын танытып отырады. Көңілі кір шалғанда не істеуге болады?! Осы сұраққа жауап іздеген бейне, өзін мазасыздандырған мәселені ортаға салады. Оқырманна сұрақ-сауал жолдағандай боп көрінгенімен, өнердегі мұқым жұртқа мәлім жәйтті қозғай отырып, барша қауымға қатысты, ортақ, таныс әңгімені өрбіткендей болады. Ақын айтпағы жеке адам бойындағы мінез-құлықтың көлеңкелі тұстарына шектеу қою. Адам мінезін түзетпекке ұмтылыс. Риторикалық сұрау тәсілін тиімді, ұтымды қолданады ақын.

Күншілдер бақытыңды күндемей ме?

Міншілдер мін тағысып тілдемей ме?

Шашырап шамшылдықтың шалшықтары,

Көңілдің көк көйлегі кірлемей ме?

Шертпей ме шенеуніктер маңдайыңнан?

Тартпай ма кей төрелер шалғайыңнан?

Торыған төңіректі аш бөрідей,

Қорқасың құқайлардың қандайынан? [199, 35 б.].

Өлеңдегі ахуал хал-жағдай сұрастырғандай көрінгенімен, негізгі идеялық мақсат - адам бойындағы жаман мінезден жирендіру, сақтандыру. Қоршаған ортаның жағымды - жағымсыз, ұнамды – ұнамсыз әрекеттерінен абай болуды қаперге салады. Күйкі тірліктің жетегінде кетпей, арман-мұрат жолында бекем, берік болуды да естен шығармайды. «Шығам деп талпындың ба асқарыңа? / Жоқ әлде шырмалдың ба бас қамына? / Арманың алабұртқан адастырып, / Апарып айдалаға тастады ма?». Жеке бастың, күнделікті тірліктің күйбеңімен кетіп, арман -биігіңнен бас тартпа деген идея сығалайды осы өлеңнен.

Ақынның әр алуан мінез құбылысына байланысты туған өлеңдерінің ішінде көңіл күй ауанын аулаған, қуаныш пен қайғыға кезіккен шақта адамның өзін-өзі ұстай білуге баулыған туындылары ерекше көзге түседі. Басыңа іс түсіп қиналған шақта немесе әрқилы жағдаятқа тап болып қысылған тұста шарасыздық танытуға болмайды екен. Бұл өлеңі жұбаныш өлеңі десек те болғандай, өйткені ақын болымыстың бұйырғанына бас иіп келісе кетпей, одан арылудың төте жолын қарастырған. Тыңдалық!

Жабырқасаң – жасыма,

Таңырқасаң – тасыма.

Мұңайғанда бейуақыт,

Шақыр досты қасыңа!

Бейнет бейбақ басыңа,

Иығыңа асыла,

Бүлт айналса басыңа

Абыржыма асыға [199, 145 б.].

Яки ешқандай абыржып сасудың қажеті жоқ, өмірдің ауыр соқпақтарынан сүрінбей шығудың да амал - жолдары бар екен. Ұстамдылық пен төзімділік, шыдамдылық бірінші қарсы қояр бөгетің сол болмақ. Ақындық тілек – өзіне сену, өз жүрегіңмен ақылдасу сияқты ізгілік амалдарына баулиды.

Қайғы төнсе қамықпа,

Жарғыласпай жабықпа.

Өзіңе сен, жүретін

Жолыңды өзің анықта

Көңіл күй иірімдерінен, пәлсәпалық толғаныстан туындаған жыр өткелі бірте-бірте туған жер тарихы мен оның табиғатына барып бас тіреді. Туған жері Ақ Жайықтан басталған жыр керуені сонау Алатау мен Арқаны, Атырау мен Алтайды қоса қамтып, ақын құшағына Атамекеннің барлық түкпірі сыйып, шабыт оты тұтана келе өлеңге айналып, құйылып жатады. Ол аз десеңіз, Қазақ елімен аралас-құраласы бар, ақынның өз көзімен көріп,

тамашалаған, ақындық өнеріне шабыт сыйлаған туыс-бауыр елдер де (Орта Азия, Еуропа) еніп, өлең боп селдетіп жатады. Ақын «Ақ Жайықтың ағыны» өлеңінде ежелгі өлкенің тарихынан сыр суыртпақтайды.

Ақ Жайықтың ағыны –
Ақ Жайықтың арыны.

Ақ Жайықтың ағыны –
Даламыздың дабылы.

Ақ Жайықтың ағыны –
Сан заманның сарыны - [203, 65 б.]
(«Ақ Жайықтың ағыны»)

Сан заманның сабыры боп, солқылдаған тамыры боп келе жатқан Ақ Жайықты қайырымы мол, қарымы құтты мекенге теңейді. «Тынбайтұғын гүрсілі - / Жүрегiнiң дүрсілі» - деп ұлы мекенге тағзым ете бас иеді.

9.3 Тәуелсіздік жырлары: азаматтық әуен, ел-жұрт, тіл мәселесі

Ақын-лирик С. Сейітов поэзиясының соңғы алуан бөлігін тәуелсіздік жылдары жазылған жырлары құрайды. Кеңестік дәуірдің ыстық-суығын бірдей көрген, оның игі жақсылықтары мен қоғамдық жүйесінің даму ғұмырын тақырып етіп жырлаған ақын еліміз тәуелсіздік алып жаңа дамуға бет бұрған тұста да өз желісінен жаңылмай, халқымен бірге қуанып, ел тәуелсіздігін шаттана жырға қосты. Соғыс алапатын бастан кешкен ақын: «Төрт жыл жүрдім бел шешпей, / Лаулаған өрттің өрінде. / Зұлым жаумен алысып, / Қорғадым қазақ жерін де» - деп еліне, жеріне деген перзенттік махаббатына адалдығын Отаны дербес, азат ел атанған кезде де сол сертінен айнымай ғұмыр бойы жырға қосып, өлең нөсерін селдетіп өтті.

Елім барда
Егемен,
Ешкімнен де
Кем емен.
Ырыстымын
Не деген! [203, 102 б.]
(«Елім барда егемен»)

- деп жырлаған ақынның егемен ел атын әлемге танытуға асыққан көк дөнен жүйрік көңілі қашанда көтеріңкі. «Ескі жолға ешқашан бұрылмаймыз, / Көре-тұра кесірге ұрынбаймыз. / Тәуелсіздік тізгіні қолымызда, / Алған беттен бұлтарып, құбылмаймыз» - деп жырлауының да мәні бар. Ата-баба аңсаған тәуелсіздікті бағалай білу, егемен елдің ертеңгі нұрлы болашағына үлкен сеніммен қарау деген мәселені ақын басты мұрат деп ұғынады, өзгелерге де ұғындырады. Отан атты мекенді бәрінен биік қояды. Отанды ұлы анаға теңейді. Әр адам Отанымен көрікті деген еңселі ой жатыр төмендегі өлеңде.

Қазақтан!

Отанымсың, ұлы ана!
Сүйсінемін,
Қарап заңғар тұлғаңа

Егеменсің,
Ерен елсің еңселі.
Жасарасың,
Жаңарасың,
Жаңарасың нұрлана.

Асқақтайсың,
Аспандайсың бұлт тіреп,
Сенен биік
Ғарыш қана, Күн ғана [203, 121 б.]
(«Отаным»)

Қазақ елінің даңқын әлем халқының алдында қалай танытуға болады деген ой-идеяны аңғартқан өлең - «Қазақ даңқы» деп аталады. Әлем қазақ жұртын танып, тең әріптеске, тең серіктеске санап жатса, ақын қалай шаттанбасын, ел есімін ардақтай жырлап, қуанышпен қол соғады. Өзі куәсі боп отырған жаңа қоғамдағы өзгерістерді белсене жырға қосады. Тәуелсіз елдің әрбір тың ісі, әрбір бастамасы ақын жанын жадыратады. Егемендікке қол жеткізген ел ертеңіне үмітпен қараған абыз ақын:

Жаһанға қазақ даңқы,
Тарап жатыр,
Бізді әлем әріптеске
Балап жатыр
Аспандап асқақтаған,
Көк байраққа
Тамсанып дүйім дүние,
Қарап жатыр

Өң-түстей өмір - шіркін,
Өтіп жатыр,
Қанатымыз қатайып,
Бекіп жатыр.
Қазақтың ақындары
Елші болып,
Шетінен шет жұрттарға
Кетіп жатыр [203, 78 б.]
(«Қазақ даңқы»)

- деп үлкен толқыныс үстінде жырлайды. Қазақтың Тәуелсіз ел болып, жаңа ғана есін жиып, қанатын қатайтып, әлем жұртымен тең болмаққа ұмтылысын ақынның қырағы көзі назардан тыс қалдырмаған. Заманның бұл күйін жақсылыққа жорып, «Түйемін тұрпатынан / Талай түйін» - деп бір толғанса,

екіншіден, «Көремін қияннан да / Қиналмай-ақ, / Лондоннан қандас ашқан / Абай үйін» - деп мәз бола жырласа, үшіншіден, «Парижде еселене / Естіледі / Дауысы дауылпаздай Әміренің» деп, тәуелсіздіктің беріп жатқан жемісін сөз етеді. Өз тізгінін өз қолына алған елдің егемендігінің бір көрінісі ретінде өз отбасынан үлгі-мысал да келтіре кетеді: «Тұңғышы тұңғышымның - Бір немерем, / Оқып жүр осы күні / Анкарада».

Дүйім жұрттың жаһандық қауымдастығынан ойып алар өз орны бар Қазақ елінің алдағы күні жарқын боларына ақын нық сенімді. Өйткені тәуелсіздікке қол жеткізген елдің бүгінгі аяқ алысы, қарбалас тіршілігі өлең авторының күдігін сейілтп, көңіліне қуаныш сенімін ұялатады. Әлем халқы көз тіккен Қазақстанның болашағы жарқын, келешегі кемел болуын тілеген жанның жырында Отанға деген құрметі сыр боп ақтарылған.

Ғаламшар қазақ десе
Елеңдейді
Келетін кемеліне
Кенен дейді
Таралып тамырымыз
Шартарапқа,
Толықсып, тұлғалана
Тереңдейді [203, 79 б.]

Тәуелсіздікті ту етіп көтере, шабыттана жырлаған ақынның сөз өнерін, өлең өнерін ерекше бағалауы, өнерде шекара жоқ екендігіне кепіл бола алар туындысы «Төл сөздің тең түсердей төлемі не?» деп аталады. Әлемге әйгілі жаһандық мәртебеге ие шайыр-абыздардың есімдерін атап, өзіне ұстаз тұтқан ақын «Шөлдесем, / Емін-еркін сусындаймын / Әлемдік / Ақыл-ойдың шалқарынан» - деп жырлай келе:

Жырдағы
Жампоздардың жерлесімін
Ешкімге
Іні емеспін, теңдесімін
Атаймын
Абай атын ең алдымен
Әйгілі
Қазақ деген елге есімім [203, 71 б.]

(«Төл сөздің тең түсердей төлемі не?»)

Абай атын ұлылықтың символы етіп, данагөй ақынның аруағына сыйынған автор келесі кезекте өзіне таныс жыр өкілдерінің есімдерін құрметпен еске алып, рухани дүниедегі жақын тұтар бауырлас ағайынға балайды. Әлем әдебиетінің өңкей мықты, озық туған белгілі жүйріктері ақынға қашанда шабыт беріп, жетелеп отырмақ. Содан да болса керек, ақын:

Байронмен
Бала кезден бауырласпын
Низами,
Науаимен ауылдаспын.

Пушкинді
Жаттап өстім жастайымнан
Лермонтов,
Лоркалармен қауымдаспын

- деп жырлайды. Төл сөздің тең түсердей төлемін іздеген ақынның әу бастағы түпкі мақсаты – «Арманым / Болмас еді бір сөз қоссам / Қазақтың / Мына деген өлеңіне!» боп түйінделген.

Ақын С. Сейітіовтың тәуелсіздік жылдарынан кейін жарық көрген, жазылған өлеңдерінің бірінде алып империяның қол астында жүріп өткенімізді ұмыта жаздаған, ата-баба аманатына сызат түсіруге шақ қалған мезеттердің де болғанын ақын ашына жырлайды, өкіне мәлімдеп, еске алады, көп атынан кешірім сұрап, арыла толғанады. Мәселен:

Болған кеше
Ханнан безген кезіміз,
Ақ-қараны
Айырмаған өзіміз.

Санамыздан
Аласталды Абылай,
Кінәмізді
Кешіре гөр, а, құдай!

Болған кеше
Биден безген кезіміз,
Ақ-қараны
Айырмаған өзіміз [203, 76 б.]
(«Болған кеше»)

- деп келетін шумақтардан бодандықта болған елдің тарихында бұрмалаушылықтардың да кездескендігіне назар аудартады. Алайда ештен де кеш болса да, ел тізгіні өз қолына тиген елдің тарихында кеткен қателіктер, бұрмалаушылықтар жөнделіп, қалыпқа түсті, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз де жанды. Қазақтың үш биінің ұмыт бола жаздаған бейнесін «Төле, Қазыбек, / Әйтекені ұмыттық! / Сонда, сонда / кімге тиді ұлықтық?» - деп қынжылыс білдіреді де, іле-шала: «Әділ тарих / Өзін-өзі ақтады, / Өңкей асыл / Қап түбінде жатпады» деп үн қатады. Өлең аяғы көңілді нотамен түйінделіп, тәуелсіз ел ұрпақтарының шырқар ән-жырының пафосы нұсқалып, белгіленеді.

Данагөйлер
Басын қосты қайтадан
Ұрпақтары
Ұрандата айтады ән.

Ақынның ұдайы көз қырынан қалыс қалмайтын, оның жүрегіне жақын тақырыптың бірі - ауылдың әңгімесі. Ауыл жұрты не халде? Берекелі мекеннің, құтты орданың даму жайына ерекше мән берген ақынның қайбір

кездерде мұңға батып, «Ауылым-ау!» - деп қиналып қалатын да сәттері бар екен. «Ауылым-ау...» - ақынның жүрегін жарып шыққан, ауыл қазағының қай-қайсысына да жылы ұшырайтын, тебіреніп, толқытып жіберетін өлең. Туындыда қаймана қазақтың төр-жұмағы – ауылдың халін ойлап қамыққан лирикалық кейіпкердің жанашыр үні келеді құлаққа.

Ауыл азса –
Берекенің азғаны,
Тойың тарқап,
Мерекеңнің азғаны,
Даландағы
Дәулетіңнің азғаны,
Сахарада
Сәулетіңнің азғаны [203, 77 б.]
(«Ауылым-ау...»)

«Ауыл азбасын!» деп ұран көтерген кейіпкердің жан даусы сайын сахарада туып-өскен, туған елінің қадірін түсінетін қай жан үшін де ұғынықты, түсінікті тақырып. Ауылдың азғанын, тозғанын көруден қатты азап жоқ екені ауылда туғандардың бәріне ортақ жайт десек, аталған туындының бірдің ғана емес, жүздің, мыңның айтар аманатын арқалап тұрғандығы кәміл анық. Ауыл - ол бар қазақтың тамыры, тегі, жанды жері. Ақын осыны терең ұғынған. Ауылды аздыруға жол жоқ екенін, елдік те, бірлік те ауылдан басталатынын, тәуелсіздіктің тұғыры - ауылдан бастау алатынын исі қазақтың білгені дұрыс деген идея басым осы өлеңде. Кімде-кім ауылға пайдасын тигізсе, ауылға алаң көңілде бөгет болмауы керек. Ақынның азамат үшін аңдатқан өлең үлкенге де, кішіге де, жалпы қазаққа арналған десек те болғандай. Әр қазақ ауылын қорғауға, ауылына қызмет етуге даяр болу керек деген тәлім ақына идеясының негізгі ұстанымына айналған.

Ауылым-ау,
Аужайыңа алаңмын,
Кәдесіне
Жарасамшы жаранның.
Тарыққанда
Тимес болса бір пайдам,
Мен несіне
Балаң болып жаралдым?

Ақынның «Біздің қазақ даласы», «Болжау», «Қазақ», «Тәуелсіздік», «Қазақ атын жазып қойдық көкке де» аталған туындылары - еліміз өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін жазылған жырлар қатарына кіреді. Қазақтың кең-байтақ даласына ештеңені тең көрмейтін ақын: «Дала жоқ біздің қазақ даласындай, / Мейірбан анасындай, панасындай / Ол құдды байтақ жаһан жеке біткен / Жұртының жанға жайлы саясындай» - деп толғанады.

Ал қазақ елінің, қазақ жұртының болашағы қандай болмақ деген мәселеге келгенде ақын қиялы биікке самғай жөнеледі. Туынды авторы

батыл-батыл сөйлеп, болашақтың болжамына терең бойлайды. Қазақ жұртын, қазақ ұлтын келешекте, алдағы күндерде қандай дәрежеде көруге болатынына былайша болжап пайымдайды:

Мен қазақпын, Сен қазақсың, Ол қазақ.
Тәуелсізбіз, сол ғанибет, сол ғажап!
Қиялдашы, болашаққа үңіл де,
Қазақ елі бай болады түбінде [203, 215 б.]
(«Болжау»)

Қазақ деген халықтың еркіндікті аңсаған арман-қиялының сезім-сырының түпкі мәнін ақын «Қазақ» атты өлеңіне сыйғызыпты. Бірдің емес, мыңның айтар тілегін арқалаған ақын аманаты оқырман ойымен мұраттас, ақиқат - ортақ. Елді, Отанды, қадірлеп, құрметтеудің, туған ұлтының сөзін сөйлеп, ұранын ту ете көтерудің бастауы да - халықты ұлағаттаудан басталса керек-ті. Ақын өз ұлтының патриоты, шынайы жанашыры. «Қазақ ылғи / Алға қарай беттеген / Қазақ ылғи / Таңға қарай беттеген» - деп ұлт жанашыры ретінде толғана ой тоғытады. Қарағаштай самсаған қалың қазақтың қарқарадай қияларға құлшынуын, бодандықтан бостандыққа ұмтылуын, азаттықты, әуелден-ақ аңсағанын туынды авторы тұщымды баяндайды. Ақын пайымында қазақ деген:

Қазақ деген
Ер халық қой туасы,
Тарлан тарих -
Тұрғыласы, куәсі.

Армандаған
Ел болуды ерікті,
Армандаған
Ел болуды көрікті [203, 207 б.]
(«Қазақ»)

Осы «Қазақпен» төркіндес, сабақтас «Нағыз қазақ» өлеңінде ақын ұлтын сүйер ұлтжанды қазақтың бейнесін бедерлейді. Нағыз қазақ атану - кім-кімге де мерейлі міндет. Ата-баба дәстүріне адалдық, халықтың салты мен ғұрпын сүю және оны қастерлеу, дамыту сияқты ізгілікті істердің баршасы - нағыз қазақтың бойында ғана сақталмақ. Елім, жұртым, халқым - дейтіндер ғана, оған шынайы қызмет қылатындар ғана нағыз қазақ ұғымына сыйып, ел құрметіне бөленбек.

Нағыз қазақ ұлтжанды ұлтын сүйген,
Ежелден атамекен жұртын сүйген!
Қастерлеп қасиетін бабалардың,
Салт-сана, әдеті мен ғұрпын сүйген! [203, 291 б.]
(«Нағыз қазақ»)

Қазағым деп байыз таппай жыр тасқынын тоғытқан С. Сейітовтің туған тілінің, ана тілінің жағдаятын айтып, толғанған туындылары өз алдына бір цикл. Мемлекеттік тіл үшін күресте ақынға қарсы тұрар күш жоқтай. Қазақ

тілінің күрескері болуға шақырған, ана тілінің азаттығы жолында өзі де дамыл таппай, өзгені де бейтарап қалдырмай, үгіт-насихат жұмысының көрігін қыздырған тіл жанашырының бұл тақырыптағы өлеңдері ешкімді бей-жай қалдырмайды. «Туған тілді ардақтайық! / Туған тілді мадақтайық!» дейді ақын жалпы қауымға қарата үн қатып. Ақын ана тілінің қасиетін мемлекеттік тіл дәрежесінде көргісі келеді.

Мемлекеттік тілім ол

Қызметінде мәңгілік..

Халықпен бірге жасайды

Құлпыра жайнап, жаңғырып [203, 290 б.]

Ана тілді білу, үйрену, қажеттілігін кейінгі ұрпаққа да, өз замандас-дәуірлестеріне де айтудан жалықпайды ақын. Оқырманының намысын қайрап, ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелейді. Ақынның бұл тұжырым-пайымы, үміт-үні қашан да, қай кезде де ұлағатын жоймайтын мәңгілік тақырып екені анық. Оқылық та, ойға түйелік!

Ана тілін білмегенің -

Еліңді де білмегенің,

Жеріңді де білмегенің,

Ұлтжанды да білмегенің! [203, 290 б.]

- дейді ел ертеңін, ұлт болашағын ойлаған ақын.

Ақынның шығармашылық әлемін зерттеуі әдебиеттанушы ғалым Гүлзира Серғалиева: «Қазақстан руханиятына сіңірген, кішіпейіл жаратылысының сыртында, аққан жылдардың тасасында қалған қыруар еңбегі Сағынғали Сейітовтің шын мәнінде ақындық, адамдық тұлғасын көз алдымызда аспандатады» [203, 7 б.] десе, ақынның әдеби мұрасының бүгінгі рухани жаңғыру аясында да өз құндылығын одан бетер арттыра түсері кәміл анық.

10 ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ (1920-1988)

10.1 Ақындық мінез, рух құндылығы

Қазақ әдебиетінің талантты өкілі, ірі эпик, рухты ақын КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы, Жұбан Молдағалиев 1920 жылы 5 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Өлеңті-Сайқұдық елді мекеніндегі Жыланды деген жерде дүниеге келді. Жеті жылдық мектепте, Орал ауыл шаруашылығы техникумында, әскери-саяси курстарда білім алды. 1940-47 жылдары әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты.

Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жеңіс жырлары» атауымен жарық көрді. Соғыстан кейін баспасөзде, Қазақстан Жазушылар Одағында басшылық қызметтер атқарды. КСРО Министрлер Кеңесінің Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі коллегиясының мүшесі болды.

Ж. Молдағалиев екі рет Еңбек Қызыл Ту және 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Алғаш 1939 жылы газет бетіне басылған өлеңінен бергі жылдар ішінде алпыстан астам кітабы жарық көрді. «Кісен ашқан», «Қыран дала», «Сел», «Мен – қазақпын» поэмалары үшін ең жоғары Мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды, КСРО қорғаныс министірлігі сыйлығының лауреаты атанды және А. Фадеев атындағы алтын медальды иеленді.

Шығармалары ағылшын, неміс, француз, поляк, испан, венгр, араб, монгол тілдеріне аударылған.

Ақын қазақ халқының тарихы туралы «Мен – қазақпын» атты толғауында халқының атынан мінбеге шығып сөйлей отырып, тарихи шындықты, халықтың эпикалық өмірін кестеледі. Сан түрлі тақырыптағы лирикалық шығармаларында туған жер, Отан, өз ұлтына деген сүйіспеншілік, қазақ тілі, оның тағдыры, ана, әйел, махаббат, соғыс және бейбітшілік, замандастар бейнесін арқау етті.

1986 жылы Жазушылар одағында өткен жиналыста басын қатерге тіге отырып, жастар қозғалысын қолдады.

Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиев поэзиясы ұлт әдебиетінің алтын қорынан орын алатын руханият жауһарларының бірінен саналады. Ұлт поэзиясына үлкен жаңалық әкелген ақынның шығармашылық әлемі аса бай әрі жан-жанқтылығымен назар аудартады. «Мен қазақпын» деп әлемге жар салған Жұбанның лирикалық және эпикалық туындылары қазақ асыл сөзінің қайнар бұлағына айналып, өлең сүйер, өнер сыйлар әр оқырманның жүрегін жаулар дүниеге айналып үлгерді.

Ж. Молдағалиев өз өмірін өзі жазып қалдырған ақынның бірі. Көзі тірісінде 60-қа жуық кітабы жарық көрсе, соның басым деніне еніп келе жатқан «Анкетама қосымша» толғауы мемуарлық толғаныс түріндегі кестеге салынып өрнектелген. Бес бөлім, қырық төрт шумақтан тұратын өзін таныстыру толғау-лирикасы 1969 жылы жазылған. Туындыда ақын өзінің шыққан тек-әулетін, кіндік қаны тамған туған ұясымен, мекен еткен жер-суымен, ата-анасы, сүйген жары, ұл-қызымен таныстырып, өлке тарихынан сыр шертеді. Өлеңде ақын өзін қазақ елінің бір баласы ретінде алып тебіренеді. Туған жері туралы айта отырып, қазақ елінің кішкене бөлшегі - ата жұрт тарихымен байланыстыра ой тоғытады. Әп дегенде ақынның кіндік қаны тамған Жыландыдағы ұлан асыр той көркінің картинасы оқырманын қызықтырып әкетеді. Айталық ұлан асыр тойға сойылған байтал, құнан, әр қазанда ақсиып жатқан қойдың басы, саба-саба бал қымыз, асқа тойған жарлылар, тойға ағылған ақындар мен әншілер, бәйгеге қызып, белдескен балуандар, құмардан шыққан туыс-қарындастар, көп жігітті орға жығып, жорға мініп құйқылжыған қыздар, той қызығына елтіп сырқатынан айыққан ауру-дімкәс жандар т.б. кереметтің бәрі - ақынның ойдан, арманынан туған қиялының көрсеткіші.

Десек те қазақ тарихында, ұлы сайын далада болған оқиғалардың, бірінде болмаса екіншісінде кездесетін дүниеге сәбидің - ұлдың келу

қуанышының тамаша суреті екендігі анық. Өзінің жарық дүние есігін ашу қуанышына арналған салтанат-құрметті әзілмен бастаған автор, зар жылап, жұбанышқа зарыққан Құлдың (ру аты), «құдайдан бір перзентті ұрлап» алған» дей келе:

Жә, жетер, жайла, Жұбан, ұял енді,
Мұндай той кейін туған қия еді,
Сен емес бір ханзада жарық көрсе,
Шындыққа бұл да, бәлки, сияр еді.

Сенен де, достым, сұранамын:
Ақынның кешіре гөр бір амалын.
Сирақтан тартып жатсаң «жерге түс» деп,
Салбырап көкте қалай тұра аламын? [206, 8 б.].

(«Анкетама қосымша»)

- деп кішірейе тіл қатады. Құлдар ауылынан әрі аты аспаған әкесі Молдағали карапайым шаруа адамы болса, анасы Зеріпті ақын «Әйелдің алдияры, ақсұңқары / Аптапқа, аязға да берік еді» деп мінездейді. Аштық жылы (1920) дүние есігін ашқан Жұбанның сол зауалдан тірі қалуын да автор өзі сәттілікке санайды. Өйткені «Бас қайғы, байтал түгіл» дегендей-ақ, / Туыппын аты шулы аш жылы мен» немесе «Шырылдап жатыппын мен құтсыз бөбек, / Обадан қырылғанда ондаған үй» деп жырлауында да үлкен мән болса керек. Өлеңмен жазылған анкета қосымшасында автор отбасында төрт баланың кенжесі болғанын, сонымен бірге бұл күнде өзінің де төрт перзенті (үш ұл, бір қыз) барын, Софьядай жарына жер бетінде ешкімнің тең келмейтінін төмендегіше жырға қосады.

Жар да жоқ Софьямдай жер бетінде,
Жел болып бір тимеген ел бетіне.
Қуаныш, Қуандығым, Азаматым
Ананың сусындатқан шербетіне

Гүлмирам - алтын қызым, бота көзім,
Танытар дала кейпің, ата көзін.
«Папа» деп мен айтқам жоқ, айтады олар,
Қызыққа, қызғанышқа батам өзім.

Төрт перзентін - үш жас бүркіт, және бір елікке теңеген ақын «Бір кезде біз де осындай төртеу едік» дейді де, алайда бұл төртеуге ол төртеудің тағдырын бермесін деген тілекке тоқталады. Ел-жұртын, Отанын сүйген ақын тілегі біреу-ақ, ол ризашылық сезімі. Іңкәр көңіл ешкімді жатырқамайды, жатсынбайды, бөлінуді білмейді.

Білмеймін бөлінуді ру заңын,
Білемін бір жатақта тұру заңын
Ұлына Отан-ана болса риза,
Мен оған өле-өлгенше ризамын

- деп толғана, ашыла ақтарылады. Кең құшағына, мейірім көңіліне бар қандастарын сыйғызуға әзір ақын өмірбаянының бел-белестерінен сыр ақтара келе, анау бір жылдарда аштық кезінде туған құрдас, замандастарының бұл дәуірде жетілгенін де естен шығармайды. Туған мекені Жыландыны нысанға ала отырып, мұқым ел жұртының жайын баяндайды, көптің атынан сөз ала сыр шертеді.

Жоқ еді жер-су дауы, барымтасы,
Еңбек, жыр, ұрпақ қамы - бар ынтасы.
Той да көп, тоят та көп - қайтып жатыр
Аш жылы туғандардың қарымтасы.

Сонымен білмек болса Жұбанды кім,
Өлеңде, өмірде де Жұбан бүгін, -
Құлы да қожайыны ұлы елдің,
Тұрақты өкілі әрі Жыландының [206, 13 б.].

- деп түйіндейді.

Жұбанның он-он бес өлеңі Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған. Отты өткелдің ортасында жүріп, өз көзімен көрген жайларды ой елегінен өткізген ақынның бұл уақыттарда туылған өлеңдерінде елге, туған жерге деген сағынышы лирикалық кейіпкердің атынан баяндалады. Отанын қорғауға аттанған сарбазға автор рухани тұрғыдан күш жігер беріп, алға ұмтылдырып отырады. Мәселен «Туған елге» өлеңінде «Қазақстан! / Сүйікті / Туған үй, туған елімсің, / Асық атып, доп қуып / «Асыр салған жерімсің» - деп толғанады ақын. Туған Отанының шуағынан қуат алған жауынгердің алдында бір ғана мақсат айқын. Ол - туған елін жаудан қорғап, жеңіске жету жолы.

Сен есіме түскенде,
Құшағын анам ашқандай.
Жауыма қарсы өшпенде,
Шабамын оқтан жасқанбай. [206, 12 б.].
(«Туған елге»)

Майдан шебінде, соғыс төрінде жүрген солдатқа дем беретін күш - Отан атты ұлы ұғым. Дұшпанды құртып, жеңіспен оралатын күнді аңсаған жанның болашағы бұлдыр күннен күтер үміті мол, «Туады сол күн біздерге, / Дұшпанды жеңіп келеміз, / Күлімдеп қарап жүзіңе, / Бауырына еркін енеміз» - деп армандайды лирикалық бейне.

Осы сынды 1942 жылы жазылған туындысың бірі «Бір бассаң да алға бас!» деп аталыпты. Ақынның бұл өлеңі жас қазақ солдатын жауға қарсы күресуде ерлікке шақырған, жігерін жанып, Отан үшін қандай қиындыққа да төтеп беруге, дайын болуға үгіттеген жыр қалпында қабылданады. Автор «Өжет елдің жігіті / Өшін алмай шыдар ма? / Кескілескен дұшпанын / Кесіп түспей тынар ма? - деп дем береді, жас жауынгерге оқ пен оттан тайынбауға шақырады, өйткені елдің тағдыры сенің қолыңда, «Халықтың ыза-кегінен сауыт киіп сан қабат» алға бас дейді. Бейбітшіл елге тұтқиылдан тап берген

әділетсіз соғыста «Өздері қазған орына, / Өздері мерт боп жығылсын!» деп жырлайды ақын. Оның айтпағы: «Тайынба , жолдас жауынгер, / Ел тағдыры қолыңда!». Қазақ солдатына ғана емес, барша сарбазға керекті нұрлы агитация: «Өмірдің нұрлы таңы үшін! / Бір бассаң да алға бас, / Миллиондардың бағы үшін!».

Ж. Молдағалиевтің 1943 жылы майдан даласында жүріп жазылған «Қазақ» атты өлеңі ұлттық нақыштың бояуын бойына сіңірген көлемді, жанрлық тұрғыдан толғауға, балладаға жуықтау туынды. Бұл өлеңді болашақта жазылар «Мен - қазақпын!» поэмасының фрагменттері деуге мүмкіндіктер бар. Өйткені бір ғана қазақ жауынгерімен жүргізілген диалог-сұхбатқа құрылған шығарманың біраз қатпарларында тұтас ұлттың тарихи өсу, шындалу жолы жатыр. Оқиға желісіне құрылған өлең мазмұнына үнілсек, автор майдан шебінде жүріп, «сотқар» солдатқа жолығады. Қара сұр, қатал пішінді, жазық жауырын, сом денелі, омырауында қос ордені жарқыраған, көзге тартымды жігітке көңілі ауып, сұрақтың астына ала бастайды. Екеу ара диалог құра бастайды.

Автор:

Таныдым:

Қазақ -

Сар дала

Сөйлесу болды құмарым.

- Кімсің? - деп бірақ сонда да,

Орысша сөйлеп сұрадым.

Солдат:

Оқтай өткір көзімен

Қадала маған қарады.

- Қазақ! –деді бір кесіп,

Сол болды барша жауабы.

Автор:

Қайдағы,- дедім, қазақсың?

(Қай жерден келдің дегенім.)

Естілді сұрақ мазакша,

Ұқпады жігіт не мені.

Солдат:

Кескініңе қарасам,

Жөн білгендей адамсың.

Қазақты әлі білмейтін

Қайдан шыққан надансың?

Автор:

Деді солдат ызғарлы,

Шытынай сөйлеп өктемдей.

Сөзі де отты көзіндей

Өңменді тесіп өткендей

«Қазақ» - деп сонша шіреніп,
Менменсіп неге сыздайсың
Баста алға, бірге жүрелік,
Жөніңді айт, жігіт, қызбай шын.

Солдат:

- «Қайдағы қазақ» дегенге,
Бізамын, қайран қаламын.
Білмейтін бар ма ел-елде,
Ер халқын байтақ даланың [206, 14 б.].

(«Қазақ»)

Осылайша өрбіген екеу ара әңгіме арқылы лирикалық кейіпкерін басты геройға айналдырған ақын қазақ солдатының монологын беру арқылы қазақ деген халықтың бітім-болымысын рухтандырып, мақтанышпен таныстырып жырлайды. Талай жаугершілік заманды баста кешкен қазақтың алдында ажал тұрса да қаймықпаған батырлығын, әр сөзіне анттай берік, ешқашан екі айтпаған, «Өмірін құрбан етсе де намысын жауға сатпаған, / Атаның ерлік дәстүрін, арындай биік сақтаған, / Анасының ақ сүтін, кіршіксіз адал ақтаған, / Кім еді, сен білемісің?» - деп келеді де: «Ол - қазақтың баласы» деп бір түйеді. Ақынның кейіпкері қазақтың туа біткен сапалы қасиеттерін бірінен соң бірін атап, қазақты ардақтай таныстыра сөйлейді.

Ел шетіне жау тисе,
Қасқая қарсы шығатын,
Көш құлаш көк сүңгісін
Көкіректен сұғатын,
Қаусатып дұшпан ордасын,
Қадалған жерден қан алған,
Қанын сығып жан алған.
Кім еді, сен білемісің
Ол –қазақтың баласы.

Қазақтың дара да берік қасиеттерін, атап айтқанда батырлық, жауынгерлік, һәм сарбаздық пошым болмысын таратып, ашып көрсетеді. Ақын ұлттық ұғымға лайықты, мақтан етуге тұрарлық қас батырдың есімдерін атап, қазақтың мәртебесін биіктете түседі. Ұлт ұрпағын патриоттық санада тәрбиелеуде бұл өлең жолдарының рухани пайдасы ұшан теңіз екендігінде сөз жоқ. Оқылық!

Күн күзетіп, түн қатып,
Азаттық үшін алысқан,
Дауылда туын шулатып,
Ер қасына шанышқан,
Исатай, Махамбеттердей.
Ұл туған халық кім еді?
Білмесең, бауырым, біл енді.
Ол - қазақ, менің ер халқым.

Автор ер ұлдардың батырлығына ғана тоқталмай, сонымен бірге «Ботадай көзі мөлдіреген, / Жандыра жанды қараған, / Үлбіреп өңі, өндірдей, / Он өріп шашын тараған» қыздардың да ерлікке тән асыл қасиеттері бар екендігін шынайы қалыпта алып жырлайды.

Қиын-қыстау заманда

Ел қорғауға жараған

Қыз өсірген кім еді?

Ол - қазақ, менің ер халқым!

- деп түйіндейді. Батырлардың ел қорғаудағы ерен еңбектерін көрсетуге келгенде ақын ауыз әдебиетінің классикалық дәстүріне жүгінеді. Халыққа кеңінен таныс батырлар жырының мақамына салып, төкпелетіп, сермелете, түйдектете жырлайды. Ақын осы тәсілді оңтайлы пайдаланып, қазақ деген ұлттың жаугершілік замандағы бейнесін көркемдеп, әдеби тіл орамында көркемдеуіш құралдың (гипербола) аясында әдемілеп, әсерлеп жеткізеді.

Қиқулап қырдан шапқанда

Құлдырап, құстан озатын,

Шапқан сайын ақпандап,

Тізгінін керіп созатын,

Атойлап ұран салғанда

Делбесі-ақ қозатын

Арғымақ етіп ат мінген.

Батырды көрген кім еді?

Ол - қазақтың ер елі...

Қазақты танытудың фольклорлық үлгісіндегі иірімдерін терең меңгерген ақын енді бірте-бірте соғыс жағдайындағы өмірдің батыр тұлғаларын таныстыра бастайды. «Өткенді, достым, білмесең, / Білерсің, бәлки, жаңаны» деген «сотқар ұл», қос орденді қара сұр қазақ:

Қазақты жақсы таниды

Жаудың да енді адамы,

Қазақтың да қиқуы

Советтік ерлер сапында

Жаңғырықтырды даланы,

Жаудан ол кегін алады,

Берлинге де барады.

Қазақтың қандайлығын туынды авторы өзі бел ортасында жүрген қанды шайқаста, ойы бөтен, ниеті бұзық жаудың сесін қайтаратын батыр ұлдары: Момышұлы Бауыржан, Ғабдуллин Мәлік, Әбдібеков Төлеу сынды қырандардың ерліктерін дәріптей жырлайды. Әр батырға қысқаша мінездеме бере отырып, ұлт абыройын асқақтата, биіктете рухты рәуіште батыл-батыл сөйлейді. Мәселен, Бауыржан Момышұлы ақылы биік шыңдардан, айрал әрі айбарлы, талай айқаста, жауынгерлік жорықта ысылып, пісіп сыналған атақты қызыл офицер. Ол - сан шайқаста қол бастап, жаудың талқанын шығарған өжет ері Отанның. Түйін:

Қаһарлы, қайсар, қаһарман

Момышұлы Бауыржан

Ол да - қазақ баласы.

Мәлік Ғабдуллинге мінездеме: қан сасыған ұрыста қаймықпаған, саспаған, отта құрыштай шындалып, талай сыннан өткен ер. Түйін:

Ерлерді алға бастаған

Батыр Мәлік Ғабдуллин,

Ол да - қазақ баласы.

Төлеу Әбдібековке мінездеме: жауына қырғандай тиіп, күні-түні дамыл бермеген, аранын ашқан ажалдан, айылын жиып көрмеген, екі жүз алпыс фашисті жоқ қылып, «көрсіз» жерлеген батыр. Түйін:

Атақты мерген, ер кеуде

Әбдібеков Төлеу де -

Бел баласы қазақтың.

Ел басына күн туғанда жарқ етіп шығып, өзінің абзал борышын Отанды қорғау деп түсінетін қазақтың мұндай ерлері, әрине көптеп саналады. Соны автор: «Бізде мұндай өрендер, / Біреу емес, мыңдаған, / Сыймайды олар өлеңге, / Болар ең қанша тындаған» деп аңдатады да:

Ұлы Отан соғысы

Жеңіспен тынған кезінде,

Шежіре, дастан тоғысып,

Оқырсың бәрін өзің де

- деп қорытындылайды. Әрбір оғын жауының жүрегіне қадалтқан, қара темір танкіні де қиратқан жүректі ерді, бір өзі жүзбен шайқасқан батырды білу - болашақтың жарқын парызы дегенді ұғындырған автор лирикалық бейненің рухын көтеріп, тұлғалы, толымды қып жаратқан, яки әдеби қаһарман бейнесіне көтере сомдаған. Өз ұлтын сүюдің, беріле құлай жақсы көрудің үздік үлгісін осы аталған туындыдан, айқара ашылған кейіпкер сөзінің ұстанымының нақты белгісінен байқаймыз. Қай халықпен де тең тұрар, өзін өзгелерден кем көрмейтін, көкірегі кең, досқа адал, жауға қатал, ашық та жайдары, дархан көңілі бар қазақтың батыр ұлы адал, шынайы сөйлейді.

Қазақтың мен де бірімін,

Сүйемін туған халқымды!

Досқа - құл,

Жауға ірімін,

Білемін, иә, парқымды.

Ұлтымды мақтан етемін.

Дұрыс па, мұным, бұрыс па?

Бөгелдім, ойбай, кетейін,

Кіремін тағы ұрысқа.

Сыпайылық танытқан кейіпкер өзінің сұхбаттасушы серігіне қарап:

Ал, өзің кімсің, ағайын, - деп, тіл қата сұраулы жүзбен қарап, жауап тосады.

Деп тынды жігіт, декпірлім.

- Мен де сендей
Қазақтың
Баласымын, - деп күлдім.

Сол сәтте майдангер, алғы шептің солдатты:

- Түсіндім, - деді сырынды:
Сыр тартып ептеп, сыналап,
Сен, журналист жырыңды,
Болғансың мені сынамақ

Автор болса:

- Сендейден халық
Үмітті
Ұлы бол елдің, қазақтың, -
Деп құшақтап жігітті
Ұрысқа қайта ұзаттым.

«Қазақтан қазақ туады, - / Деп кетті жүре тіл қатып, / Ойы отты, аузы дуалы / Жан екен жырға бұл қатық» - нағыз ұлттық философияға негізделген тіркес. Қазақтан қазақ тумаса, елді, жерді, Отанды кім қорғамақ? Туындының ұзақ сонар мазмұн байлығы да, автордың айтпақ идеясы да, алға қойған мақсат-мұраты да осы өлеңде толығымен ашылған. Автор кейіпкерін қайрай сайратып, оның намысына түрткі болар (« Қайдағы қазақсың?», «Қазақ деп сонша шіреніп» т.б.) тірек сөздерді тауып қолданып, әдеби шығармаға өң, түр берген яки туындыға жан бітіріп, образдылық тудырған. Бас қаһарманын алдыңғы планға шығару арқылы әдеби үдерістің қызметін күшейте еңбектенген ақын өзі тапқан әдістің шеңберіне сай соңғы шешімді сөзін өзі айтпаққа бекінген.

Болды ау деп уақыт аз-ақ тым,
Өкініп кейін аттандым.
Менде бірі қазақтың
Болғаныма мақтандым [206, 17 б.].

Ж. Молдағалиевтің «Қазақ» өлеңі оның шығармашылық орбитасында ең үздік туындылар қатарынан орын алар рухы мықты туынды ретінде, ұлттық колоритке негізделе шығарылған рухани дүние боп қалары хақ.

Соғыстың сұрапыл күндерінде тілші-журналист болып жүріп, өлеңді жанына серік еткен ақынның «Отан», «Ана батасы», «Шығыста туған елім бар», «Туған елді жырлаймын», «Менің халқым» аталған шығармаларында елді, жерді ардақтаудың, Отанға адалдық, оны қастерлеудің шуақты үгіті сыпайы, жағымды һәм ұтымды қалыпта берілген. Отанды сиынар ұранға айналдыру, оны күндіз-түні естен шығармау, түнде түнекті серпіп, таңда алтын нұрын шашып, сәулесін төгетін де - ұлы мекен деп қабылдау - «Отан» өлеңінің негізгі идеясына айналған. Отанға жанды құбылыс ретінде қарап сырласу, оны өзінің тағдырлас серігі, досы кейпінде санау, кей тұста ана ретінде қабылдап, еркін һәм еркелей тіл қату, махаббат бесігіне бөленердей сезімде жақын тарту - аталған өлеңнің нұрлы мазмұны. Қиял құсы шыңнан аса биік қанат қағып шырқаса да, ол бәрібір Отаннан аса алмайды, одан биік

емес. «Сенен аспай, асса да одан, қыр асып шырқаса да бір өзінді бағады» боп - Отанға бас тіреуі, оқырманның ел-жұртқа, туған жерге деген сезімін қанағаттандырып, ұлт рухын оятып, рухани тәрбиелей түседі. Ақын ұғымында Отан туралы түсініктің тұнығы тереңде жатыр. Отан кеудесінде өз жүрегі соққандай боп жүреді. «Өрендерің сен дегенде, / Өлімге де жүреді» - деп сыр ағыту - шын құрметтің жарқыраған алмастай, тот баспайтын көңілдің ашықтығы болса керек.

Сенің досың - менің досым,
Саған қастар - маған қас.
Үйде болсын, түзде болсын,
Мен өзіңмен тағдырлас [206, 18 б.].

(«Отан»)

Отанға ана ретінде қарап, еркелеудің, еркін тіл қатудың, «Сен қуансаң, мен қуанам, / Бірге өткізем күзінді, / Өз жүзіңнен ұлы анам, / Көремін мен өз жүзімді, / Көрген сайын білемін мен / Қадірің де артады, / Махаббаты жүрегімнің / Таразысын тартады» - деп ағынан ақтарылу - өлеңнің өзектілігін айқындай түседі.

Әрине Отансыз қай уақытта, қашанда да кім-кімге де тірлік жоқ. Адам баласына Отансыз өмір сүру де мүмкін емес. Отанға деген махаббаттың күдірет -күші, қуаты қашанда себеп-салдар таңдамайды. Сол себептен мұқым жұрттың ой таразысын терең түсіне құп алған ақын тебірене, кей тұста мейірлене жырлайды.

Тіршілік жоқ сенсіз маған -
Тынысымсың, жанымсың
Басқа кімге сенсін балаң,
Басқа кімге жалынсын?!

Осылайша Отанымен бірге егіздесе біріккен, кіріккен ұғымға айналған кейіпкердің ел басына күн туған кезде де жалпы жұрттың жүрегін жайлаған ұранға айналуы - қажеттілік. Уағыз сөздің ұраны мен тірегіне айналған Отанның жауынгердің жүрегін жайлай тұрақтап, жауға қарсы атар рухани қаруы боларлық қауқары мол және ол ұзақ ғұмырлық, мәңгі бақилық үдеріс болмысы. Соғыс даласында жүрген сарбаздың, от кешу сүргінді сапарындағы жанына демеу боларлық бірінші ет жақыны – Отан - Ана.

«Отанды сүю - отбасынан басталады» демекші, сын сағатта да сол Отаныңды еске алып, басыңды сүйейсің, күш-қуат жинап, Отаныңа қол созасың, демеу, күш тосасың. Өзіңнің амандығыңды күзетіп, тілеуін тілеп, әділетсіз соғысқа қарсы жорыққа аттанған ұл-қыздарына Отан да аналық мейірімін төгіп, жадырайды, шуағын шашады. Ал жауынгердің Отан – Анадан алқалай сұрар өтініші біреу-ақ, табынары да сенері де сол - Отан.

Шабарда да жаудың шебін,
Түспейсің сен ауыздан.
Қандырасың жанның шөлін,
Кек әперіп жауыздан

Сенсің, Отан майдандарда
Сыйынарым, ұраным.
Күні-түні әрқайда да
Сені көріп тұрамын [206, 18 б.].

«Отан» - нағыз елін сүйер ердің ішкі ісезім сырын, туған жеріне бағытталған көл - көсір көңіл күйін бедерлеген туынды.

Қоғамның, мемлекеттің алтын қазынасы ол – адам десек, сол құндылықты дүниеге әкелетін асыл жан - Ана. Анасыз перзент жоқ, адамсыз Отан тұл. Өйткені қоғамның басты байлығы адам деген түсініктің пәлсапалық астарына үңілсек, сол адамзаттың шашыраған болымысын жасаушы да - Ана. Жұбанның «Ана батасы» деген өлеңінде ұлт талғамайтын алтын көпір аналардың бала үшін бәйек көңілінің әсерлі көрінісі, әдемі суреті бейнеленген. Жау басқыншыларынан азат етілген ел - белорусь қаласының бірінде жас қазақтың азаткер ретіндегі жорығына, яки ерлігіне риза болған кейуана - әже оның бетінен сүйіп, батасын береді. Бауырлас елдің қаласына енген қазақ жауынгерінің өз анасын көргендей сезім күйін автор былай береді:

Жетті аман жас қазақ
Өз үйіне жеткендей
Жанарында жас ғажап,
Жаны балқып кеткендей

- Ұлым, - деді бір кемпір,
Керіп ашып құшағын, -
Кел, бетінді бір келтір,
Құшырлана құшайын... [206, 19 б.].

(« Ана бақыты »)

Өлең кейіпкері екеу, екеуі де өзге ұлттың өкілдері. Бірі қазақ, екіншісі белорусь. Алайда - олар ана мен бала. Оларды табыстырып, біріне бірі қорған болсын деп жолықтырған тағдыр. Соғыс лаңы ана мен баланың бейбіт өмірді аңсаған жандардың бар мақсат тоғысында жолығысуды нәсіп етіпті. Анаға қай баланың да бөтендігі, жаттығы жоқ. Өйткені жаудың қол астында жаншылған халық өкілі бейбітшілік сыйлаушы, азаткерлік миссиясын адал орындаған қазақ сарбазына аса үлкен құрметпен қарайды. «Өз баласын көргендей: - Неге, - дейді, - кешіктің?», Бастан өткен ауыр күндерін айтып шағынған ана: «Ақ шашым да жұлынды, / Тұсасын жауды әр талы. / Қабырғам да сылынды, / Жер қойнына тартады» - деп мұң шағады қазақ ұлына. Әйтсе де, «Жоқ, жазылам дертімнен, / Өзің бердің бір емін» - деп жадырай тіл қатқан ана болашақ күндеріне үмітпен сене қарайды. Риза болған ананың батасы: «Өз шешендей бертінде / Тілекшің боп жүремін» деп ақ адал алғысын білдіре мейірлене толқиды. Ананың ақ батасын арқалаған сарбаздың талай асулардан аман өтуіне тілекші анамен қатар туынды авторы да шығарма мазмұнын жарқын өмірге, ашық жолға қарай бағыттайды.

Жолың болсын әрқайда,

Ақ батам, бұл - ала бар.
Сені күтіп сағайған
Алда талай ана бар...

«Құп!» - деп құшып жас қазақ
Қош айтысып жөнелді.
Тарт Берлинге, бас, қазақ,
Жар болсын тек жол енді!

Өлең мазмұнының орам-қиылысында қазақтың «Баталы құл арымас» сынды мақалының идеялық тұспалы жатқандығы аңғарылады. Халықтар арасындағы достық қарым-қатынастың, таулықтың символдық бірлігі ана мен баланың сыйластығы арқылы берілген бұл өлеңде.

Жұбанның «Шығыста туған елім бар» өлеңі де жоры жылдары (1945) жазылған. Бұнда лирикалық кейіпкердің туған жеріне деген сағынышы оның ой арманының арнасында берілген. Шығысқа, туған өлкесінің бағдарбеталысына қарау арқылы көз құмарын қандыру, тіпті «Ешбір желді сүймеймін / Өз өлкемнің желіндей. / Сол ғана маған қадірлі / Елімнің ыстық деміндей» деп қана қоймай, «Құс ұшса да сол жақтан / Келуін күтем тұсыма, / Қуанам сол құс ұқсаса / Өз елімнің құсына» деп келетін тармақтарда туған жерге деген сағыныш отының ыстық табы жатыр. Туған жерді сағынған жанның «Ол жаққа тағы қараймын / Қолға алам да картаны» деуінде де шынайы сезімнің лебі еседі. Кіршіксіз пәк көңілден шыққан үн «Шығыста туған елім бар, / Жүрегім соған тартады» десе, кәміл иланасыз. Өйткені «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» қағидасы өлеңде берік орныққан.

Жоғарыдағы туындымен туыстас, идеялас өлең - «Туған елді жырлаймын» аталады. Қолына қалам алып, қағаз жайып отырған ақын ойына ең бірінші оралатын нәрсе –туған жер.

Жүргенде сағыныштан балаң арып,
Жаныма жыр жалынын бересің сен [206, 20 б.].

Ақынның мақсаты айқын, ол біреу ғана:

Қанатын менен тіпті тіле құстың
Жалықпан сені мәңгі толғасам да
Туған ел, өз бауырыңда түлеп ұштым,
Жырлаймын атақты ақын болмасам да.

Жұбан шығармаларындағы туған жер, Отан, өскен өлке тақырыбы санаулы туындылармен шектелмейді. Қазақстан, оның әрбір түкпірі, елді мекені ақынға ыстық көрінеді. «Туған елді жырлаймын» деп өзіне серт берген ақынның бұл тақырыпта сәтті шыққан өлең жырларының қатарын «Менің халқым», «Ауыл түтіні», «Қазақстан көктемі», «Ғажапсың, Қазақстаным», «Ғашық көзбен», «Көкшетау», «Аралап көр Алматыны», «Тайпақ деген жер бар», «Торы ат басы», «Саржайлау», «Туған жерде тағы да» өлеңдері мен «Дала суреттерінен» атты цикл туындылары толықтыра түседі. Бұл өлең-жырлардың тақырыбы бір болғанымен туу, жазылу тарихы

әртүрлі. Ақын әр өлеңде идеялық мақсатын екшеп айтып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның белді мүшесі ретінде айнала қоршаған ортамен емен жарқын араласып, авторлық, ақындық көзқарасын танытып отырады. Әр туындысында ел жұртының, Отанының жетістікті, жемісті кезеңдерін екшеп айтып, мақтанышпен мадақтауға дайын тұрады. Кең байтақ еліміздің әр дәуірдегі әр қилы оқиғаларының куәсі болған ақынның лирикалық кейіпкерлері қайнаған еңбектің ортасынан табылып жатса, автор олардың бейбіт өмірдегі бейнесін әдеби өмірге көшіріп, туған елінің үлгілі өкілдері етіп көрсетуге асық.

Ақын ел-жұртының ауылы мен қаласының әсем де сұлу табиғатын біртұтас бірлікте алып жырлайды. Мәселен, «Менің халқым» өлеңінде елін бақ жұлдызы жанған мекенге теңесе, жерін жарық нұрдан жаралған жұмаққа балайды. Өлеңнің 1945 жылы жазылғанын ескерсек, ақынның:

Ел болдың, еріктісің, күшің өктем,
Күзің – жаз гүл - жазира, қысың - көктем.
«Қазақтың ұлымын»деп Европада
Менің сені көкірегіме қысып өткем
(«Менің халқым»)

- деп үн қатуын, жар салуын батылдыққа санар едік.

Ақынның «Қазақстан көктемі» өлеңі аталған жыл мезгілінің адамдарға сыйлар қуанышы мен қызығына шаттанған өңірдің ерекшеліктеріне басым бағыт бере, назар аударта жырланады. Көктем шуағы бала-шағамен қоса, үлкендерді қуанышқа кенелткендей. «Күтеді қыз бен жігіттер / Гүл бағын жазғы қаланың» немесе «Көктем! - деп шығып қария, / Тосады жонын шуаққа» түрінде құбылса, енді бір өңірлерде жағдай басқаша сипат алған.

Тастаса сілкіп мұздағын
Жамбылдың алма бақтары.
Жойған жоқ аяз ызғарын
Алтайдың мамық ақ қары

Жайықтың жалтыр айдыны
Қата ма, әлде ери ме, -
Кілегей беті қай күні,
Қай күні ұқсас темірге. [206, 27 б.].
(«Қазақстан көктемі»)

Ал астаналық аймақта көктемнің лебі өзінше оң алып, құлпырып, жайнай түскен. Қазақстанның кең байтақ мекенінде сағыздай созылып бірінен соң, бірін аралап, кезектесе қонақ болып жүрген көктемнің Алматыдағы құбылысын ақын былайша өрнектепті:

Алматы қыздай жасанып,
Шығарды жазғы киімін.
Бүлкілдеп ағып Басарық,
Жанына келді үйімнің.

Өлеңде Арқадағы көктемнің де пейзаждық көрінісі тіптен басқаша көрініске енеді.

Болса да әлі қар қалың,
Жатса да қатып өзені,
Миллиардер жомарт Арқаның,
Басталды ыстық кезеңі.

Қазақстан көктемінің кең байтақ өлкенің әр қиырына әрқалай жетіп, адамзат құшағына енген қалпын ақын әр түрлі құбылысына қарай сипаттап, оны зерделеп, бақылауға алып, түрлі-түсті суретте безендіріп берген. Өлеңде ақын кейіптеу тәсілін оңтайлы қолданып, көктемнің қазақ даласындағы келу, жету дағдыларын шеберлікпен бере алған. Теңеулер мен эпитеттер де өлеңде өз орнын тауып, туындыға ерекше әр беріп тұр. Мәселен, көк мақпал кеш, гүл бақ, әуезді ән, мамық ақ қар, жалтыр айдын, жазғы киім, жомарт Арқа, кербез тың дала, нұрлы өлке сынды эпитеттер өлең жігінде қыздай жасанып, теңіздей толқып деп келетін теңеулермен иықтаса қонған.

Ішінара балаға бейне дария, Алтыншаш сұлу - Ақ бидай тіркесті метафоралар да өлең өрімінен бас қылтитады. Қазақстан көктемінің келу барысына барлау жүргізген ақын туынды түйінін былайша жинақтапты:

Бір жерде кеш, бір жерде ерте,
Өзінше көктем айнала.
Кең байтақ біздің нұрлы өлке,
Өзінше көркем қайда да.

Туған жердің керемет портретін өлеңге полотнолы жүк етіп артқан ақынның «Ғажапсың, Қазақстаным» өлеңінде ол өмір дәуірдің еш боямасыз, қоспасыз қалыптағы сол заман идеологиясының шеңберінде жырланады. Өткен түнек замандағы қазақ елі мен бүгінгі дәуірдегі Отанның көркею, даму, өсу тіпті самғау десек те болар (әрине сол кезең көзқарасымен) салыстыра, сабақтастыра әңгімелейді. Публистикалық үні басым туындыда ескі мен жаңаның оқиғасын бастан кешкен өлкенің жаңалығы, жақсылығы, оған жету жолындағы еңбекші елдің жүріп өткен соқпағы сараланып, баяндалады. Ескі дәуір, қара түнек заманда гүл терген арадай «ұрығын сеуіп жас баудың, ұл мүлкін, қыздың жасауын тырнақтап жиған анадай» жағдайды бастан кешкен елдің бүгінгі көркіне автор салауат айтып мақтанады.

Ал бүгін көркің мүлде өзге,
Ғажапсың, Қазақстаным!
Кім айтар сені бір кезде
Көрді деп өмір қыспағын. [206, 32 б.].

(«Ғажапсың Қазақстаным!»)

Жұбан ақын туған жердің, өскен елдің, жалпы мұқым жұрттың яки Отанның әсем көріністерін құр баяндап қоймайды, ондағы еңбек адамдарының ерен қимылдарын қоса жырлайды.

Екінші бір ерекшелік, туған жердің табиғатын оның иелерімен, табиғат аясында тіршілік етіп жатқан адамдар өмірімен байланыстырып ой толғайды.

Бір өлеңде бірнеше тақырыпты тұтас ұғымға сыйғыза отырып жырлау - Жұбан ақындығына тән ежәне рекшелік десе де болады. Мысалы, «Аралап көр Алматыны» өлеңінде мәскеулік қонақ-ақынға құрмет көрсетіп, әсем қаланың көрікті келбетімен таныстырады да, қаладағы өнер мен ғылым мекемелерінің (опера театры, ғылым сарайы), өндіріс орындары (завод, алма бағы) да тыныс-тіршілігін жайып салады. Өлеңдегі «Жан –жақта зәулім теректер, / Секілді жасыл коридор», «Алдымыз ақбас Алатау, / Биікке өрлеп барамыз», «Опера тындап бір күні, / Жібектей қыздың біл сырын», «Көресің ғылым сарайын, / Жастардың жарқын жүздерін», «Оятса сені ертерек, / Гудогы алып заводтың», «Көресің шие бұтасын, / Апорттың гүлдеп жатқанын» деп келетін тармақтарда ұлттық бояу-нақыш басым көрінеді. Ал нағыз ұлтжандылыққа тән оралымдар төменгі шумақта қоныс тапқан.

Ұғасың әр тіл, әркімді,
Сақтайсың есте сөздерін,
Сақтайсың есте әр күнді,
Қазақтың қара көздерін [206, 30 б.].

Жалпы алғанда Жұбан жырларына тән стильдік ерекшеліктердің бірі - ақын қай тақырыпты қозғаса да ұлттық менталитетке көңіл бөлуді ұмытпайды. Ұлттық нақыш, ұлттық фон – ақын жырларының түпкі өзегі, идеялық мақсаты боп көш түзеген. Ақын туған халқының қандай да бір өзіндік қолтаңбасына көңіл аударып, өлең-жырларының өн бойына сыналап енгізіп, қағып отырады.

10.2 Дала тынысы - ақын поэзиясында

Ақынның «Туған жерде тағы да» өлеңінің кіндік қаны тамған өңірге арналғанмен, туындыда қазақы ұғымға негізделген идеялық тұтастық жатыр. Туған еліне кішірейіп, бала боп барған кейіпкердің перзенттік парызын өтемекке ұмтылысы, үлкен Отанның кішкене бөлшегі саналатын өскен өлкесіне құрметі аңғарылады.

Балдырғанын аға боп құшамын,
Шалдың бәрін бала боп құшамын.
Құрбыларға жүрегімді жаямын,
Қарлығаш боп аспанында ұшамын.

Жайығыңда жапырақ боп жүземін,
Жайлауыңда алысамын күзімін [206, 37 б.].

(«Туған жерде тағы да»)

- деп толғанған ақынның ғана айтары емес, күллі жанның, туған жердің қадірін түсінетін әрбір адамның жүрегінен шығатын, ақтарыла төгілетін жыр алғысы екені кәміл анық. Туған жердің қадір-қасиетін терең ұғатын әр жанның аузынан шығар тілек бұл.

Өлең авторына қосыла «Өрмегінің бір тіні боп өрілем, / Жер көгінің бір түрі боп көрінем, / Дастанның бір жолы боп қосылам, / Достарымнан бақыт табам төрінен» деуге әрбір Отаншыл адамның құқы бар.

Ал ұлтшыл ырғақтың нәзік иірімдерін танытар төмендегі шумақтың сырына үңілу үшін, әрине қазақ боп тууың керек.

Қонақсыман астаналық ақын боп,
Бұл өңірде бас ұстауға қақым жоқ.
Құлақ берсе бопты «біздің бала» деп,
Артық сіңген еңбегім жоқ, «ақым жоқ».

Ардақтаса, асыл тұтса кімді кім,
Бір деуші еді, шыбын жаным, кіндігім.
Кіндігім бір туған жермен менің де,
Анасын әлпештеген күн бүгін!

Өлең мазмұнында ақынның туып-өскен, балалық шағын өткізген Өлеңті, Сайқұдық елді мекендерінің өзіндік табиғатының ерекшеліктері де аталып өтеді. Қармақ тартқыш Өлеңті, сарымсаққа бай Сайқұдық болса да, «Жатқа білем барша түкпір-түкпірін, / Көкте құсын жеріндегі тек түрін» деп батыл үн қатады автор туған жерінің әр мекенін жатқа білетіндігін, адаспай табатындығына бек сенген бейне. Жүрекке жақын, жылу сыйлар, көкіректі кернеп сағыныш тудырар күдірет - туған жердің махаббатына тең келер дүниеде ештеңе жоқ дегенді ақын бұл жыр-толғанысында бекем дәлелдеуге бет бұрғаны сезіліп-ақ тұр. Кіндік қаны тамған туған жерден еш айырылғысы жоқ лирикалық кейіпкердің оған кіндігі байланғанын төмендегі тармақтар дәлелдей, қуаттай түседі.

Туған ауыл, туған жер-ай, далам-ай,
Балаша мез, байсалдысың данадай.
Сенше түлеп, сенше өзгерсем арман не!
Тек өзіңнен мені бөлек санама!

Ақынның туған жер тақырыбындағы туындыларын сөз еткенде оның өскен өңір жағырапиясын танытар үш өлеңі бар. Олар: «Жағаңда тұрмын, Жайығым», «Тайпақ деген жер бар» және «Жымпитының жігіттері-ай» аталатын туындылары. Бұларды «заказной» өлеңдерге жатқыза алмайсыз, өйткені аталған туындылар ақынның өскен өңірінің тарихын, өсіп-өркендеу жолын бейнелейтін, ондағы қарапайым қоғам мүшелерінің тіршілік-тынысын хабардар ететін шығармалардың қатарына еніп, оқырман жүрегінен орын тауып, орнығып алғаны да анық.

«Жағаңда тұрмын, Жайығым» - лирикалық сезімге бөккен туынды. Автордың туған жеріне деген адал ниеті, жүрек түкпіріне жиналып қалған сағынышы өлең өріміне тарап кеткен. Туған жердің қадір-қасиетін уақыт өткен сайын, есейіп, одан алыстаған сайын бұрынғыдан да терең сезіне түсетінін ақын жасырмай мұңлы қалыпта жырлады.

Жағаңда өстім, Жайығым,
Анау бір қайың жас талша,

Кешерсің көздің айыбын,
Еріксіз бірер жас тамса.

Мөлдіреп түскен сол шықта
Қаншама нала, сағыныш!
Мөлт еткен осы моншақта
Қанша жол, қанша сабылыс! [206, 74 б.]
(«Жазаңда тұрмын, Жайығым»)

- деп сезім толқынысына берілген ақын Жайыққа бас тіреу арқылы бүкіл өмірінің елеулі, атаулы шақтарын еске ала тебіренеді. Өзі көз көрген аймақтың уақыт еншісінің құрсағында қалып, бұл күнде өзгергеніне қуанып, таңданумен бірге қайта келмес өткен шақтың әдемі елестерін көз алдынан біртіндеп өткізе бастайды.

Анау ғой, сірә, Хан тоғай,
Жаңа атын, кешір, білмеймін
Өтті ғой менсіз таң талай,
Жас талға жатпен бірдеймін.

Ол түгіл жастық досы да,
Танымай өтті, бір қарап.
Тұратын күтіп осында
Шарқатын оттай бұлғалап.

Өткен уақыттың еншісінде кеткен, сырғып өткен күндердің көшімен жоғалған жастық шақтың қимас суреттерін еске ала отырып, қай кезде де ұдайы келіп бас тірейтін, мұң шағып сырласатын биік мінбер, ол - туған жер екенін туынды авторы естен шығармақ емес. «Десең де: ақын қартайған.../ Сен емей кімге шағынам?! / Өзен де бар ғой ортайған.../ Сонда да оны сағынам» - деп соққан жүрек перзенттік бала көңілмен еркелей тіл қатады. Сезіну мен күрсінуді, ұғыну мен жымиюға алмастырған көркем бейне:

Екі аяқ айрық жолымдай,
Кездесу мен айырылу.
Екі көз, екі қолымдай
Қуану мен қайғыру

- деп өзін жұбатуға бел буады, Жайығына ынтыға сыр ақтарады: «Сезесің, неге күрсіндім, / Сезесің неге жымидым. / Ұғасың жүрек дүрсілін, / Келгенін қандай жылудың». Отанының бір бөлшегі туған елі Жайығымен емін-еркін ашыла сұхбаттасқан ақынның ел-жұртына арналған жыр махаббатының өлшемінде шек жоқтай. Үлкейген сайын сағынышты сәттердің арта түсетінін, өңі түгіл түсінде де туған жердің сағым құс боп самғайтынын, толқын боп шайқайтынын жырға қосқан ақын Жайығы алдында бас иіп тағзым етеді.

Жұбаным, деші, Жайығым,
Жасықсың деме, жас тамса
Туған жер қайдан жай ұғым,
Отан да содан басталса?!

-деп ой түйеді.

Жұбанның «Тайпақ деген жер бар» өлеңі де жоғарыда талданған өлеңмен өзектес, бауырлас туынды. Облыс орталығы Оралдан түстік жерде қоныс тепкен мекеннің ақынға тым ыстық, тым жақын екендігін аңғарамыз, оның тіпті өзен-көлі өз алдына гүлі мен шөбін де (атауларын) жақсы білетіндігі аңғарылады. Тайпақты жырлауға келгенде ақын еркін көсіледі, сол елдің тумасы, қожасындай батыл-батыл сөйлеп, шабыттана, марқая, жосыла жөнеледі. Туынды мазмұнында аталған мекеннің барлық қыр-сырын білетін адамдай ашықтық мінезі көрінеді.

Түстік жол ғана Оралдан
Тайпақкөл деген жер де бар
Бел беу боп Жайық оралған
Ол жерде сел де, жел де бар

Еркек шөп, еркек гүл де бар,
Атайды солай, қызық-ай!
Ер болсаң, озып жүлде ал,
Қылыққа, назға қызы бай [206, 37 б.].

(«Тайпақ деген жер бар»)

Тайпақты жаппай қоныстанған ел адамдарының мінез-құлық, болмыс-бітімін ақын әдеби портретке айналдырып, жанама сипаттама беріп, таныстырып отырады. Авторлық баяндауға жүгінсек, бұндай жеке адамдарға берілген мінездемелер тек қана белгілі бір аймаққа емес, тұтас қазаққа берілген портреттік айқындаулар, яки ұлт реңін танытатын сипаттамалар деп қабылдаған жөн болар.

Зор қимыл, ірі мінезге
Замандай жомарт адамы-ай!
Шарықтап кеткен лезде
Дарынды дархан далам-ай

Күлкісін көрсең балқисың,
Қаһарын көрсең ығасың!
Ән-жырға басса шалқисың,
Жаныңды содан ұғасың.

Қазаққа біткен мінездің ішкі тініне бойлаған ақынның ел адамдарының дархан даладай қалыптасқан табиғи жаратылыс қалпын дәл һәм дөп басқаны көңілге қуаныш ұялатады. Ұлтқа тән, ұлт болымысына, оның менталитетіне тән бояуды автор онды ұғынған. Сол себепті де оның туындыларында аталған құбылыс әр уақытта да өң алып, серпін алып оқырманын алға сүйреп, жетелеп отырады. Сонымен бірге өлең өзегіндегі жылы юмор да оқушысын бірде жымита, кейде күлдіре шуақты күйге бөлейді, жанды жадырата, нұрлы ойдың сәулесіне бөлейді, қуанышқа орайды. Ұлт жанына жақын, ұғымына лайық тіркестердің астарында қазақы пошымға сиятын пәлсапалық, халықтық педагогиканың тәлімі қылаң беріп, күлімсірей сығалайды.

Тайпағым, туған Тайпағым!
Жерлестер қандай дер еді
Дырдуға бар ау сайтаның,
Алқабың нендей жыр еді!

Тайпағым, менің Тайпағым!
Көліңнің кештім жайпағын,
Жеріңнің кездім байтағын,
Еліңнің көрдім май таңын.

Тайпақ ауданы кең-байтақ, оны құрап тұрған өзге де саялы, жайлы мекендер, ауыл-аймақ, өзен-көл бар болса, оның ақын үшін бөтендігі жоқ. Баршасын құшағына сыйдырған ақынның арнау жырында «Жаңа өзен, кәрі Шеген бар, / «Сүйгенің сұлу» деген бар, / Жайықты және шайқадым. / Сұлусың сен де байқадым» - деуінің астарында жомарт көңілдің шынайы ықыласынан туындап жатары анық. Туған жер өнер адамына қашанда шабыт беріп, қуатына күш – қайрат, ойына ой, шығармашылығына шырай сыйлап отыратын алтын аймақ, саялы бақ. Ақын да сол өңірлі өкілінің бірі ретінде туған жұртынан әл-қуат жиып, шаттанары қақ. Туған елін өмірге әкелген екінші анасына балаған ақынның балалық махаббаты Отан үшін мәңгілік серт қашанда.

Саған мен дәйім баламын,
Анам деп сені айтамын.
Жыр мініп сенен қайтамын
Жаяулап қалса қаламым.

Ж. Молдағалиевтің өскен өлке, туған жер тарихынан, оны қоныс еткен қоғам өкілдерінің өмір тіршілігінен сыр сабақтаған туындылары аз емес. Сол тақырыпты желкен етіп бірталай туындыларды жарыққа әкелді де. Ел өмірін, ауыл аймақ ахуалын сөз еткен өлеңдерінде сол нысанға алған мекеннің жағырапиялық картасына үңіліп, жергілікті ерекшеліктерін атап өтіп, оны кең байтақ Отанымыздың өзге де өңірлерімен салыстырып, сабақтастырып жырға қосуда Жұбан ақын әрдайым шеберлік танытып отырады.

Ақынның «Жымпитының жігіттері-ай» өлеңі атауынан аңғарылғандай тек қана ер-азаматтарға арналған жыр екен десеңіз, қате түсінесіз. Мұнда жігіттің туып-өскен мекені Тамдыға майданнан қайтқан сүйгеніне ере келген арудың аңғалдығы жырланады. Қарапайым ғана, алып бара жатқан әсемдігі жоқ, жазық далада пайда болған Жымпитыны өлең авторы жігіттерінің еңбектегі ерен қимылдарына қарап бағалайды. Дала төсінде, еңбек майданында пішен шауып, іскірт үйіп, қыстың қамын жазда ойлап жатқан еңбеккерлердің шалт қимыл, ерек істері ақын назарынан тыс қалмаған. Өу баста Жымпитыға сипаттама бере жырлаған ақын аталған өлкенің жұпыны табиғатын көңілсіз жырлағандай көрінгенімен кейіннен оның тұрақты, тұрғылықты жер иелеріне келгенде шабытына мініп, мадақ жырдың жалауын желбіретеді.

Жымпиты - жалпақ жазық аудан ғана,

Бір шалғын, бірде сұрғылт қаудан дала
Сыңсыған, сыңғырлаған орманы жоқ,
Қыземшек, айыр өркеш таудан да ада

Жоқ және Ақ Жайығы, Сыр, Ертісі,
Жаңбырсыз жазда жердің жүдер түсі
Қураған суыртпақтай үзіледі
Өленті, Қалдығайты, Шідертісі [206, 121 б.].
(«Жымпитының жігіттері-ай»)

Аталған мекеннің табиғатының жаратылыс - игерілісінің пошымынан сыр суыртпақтап және оны әсем біткен өзге жер жұмақтарымен теңестіре алмай қиналған ақын Тамды атты жер атына келгенде ел арасында тарап, халық аузында шырқалып, жиын-тойдың хитіне айналған (әрине сол дәуір үшін) әннің бір шумағын еске салады:

«Апайтөс айдын да бар Тамды деген,
Толқынында атқызады таңды кемем.
Сен аққу, мен қаршыға боп жүземіз,
Қолымды қайық қылсам, талды демен»

Қазақта есімдес, ныспылас елді мекен, ауыл-қыстақ, өзен-көлшік көп боп келеді. Жоғарыдағы кеме жүзетіндей, қайықта отырып ескек есіп, қол талатындай айдын көл бұл Жымпитыда жоқ, әрине. Ақынның айтпағы:

Солай деп бір жігіті ұзақ жерден,
Майданнан оралғанда қыз ап келген.
Келе сап «Тамды қайда?» демей ме ару
Жарына Тамды атымен тұзақ керген.

Осылайша қазақы әзілдің тууына себепші болған Тамдыны жырға қосқан ақын оқырманын одан әрі күлкіге кенелтіп, жылы юмор сыйлайды. Ұлттық ұғымға ғана сиятын әзіл тіркестер әлсіз шумақтарға күш беріп, туындының көркемдік әрін байыта түседі.

Жыра екен жатқан Тамды далада аулақ,
Өтетін тауық аттап, бала бойлап.
Өркімнің өз астауы - өзіне өзен,
«Тамдым!» деп талған жүрек салады ойнақ.

Әйтсе де өзен-көлдің әңгімесінде «Кермектеу, әттең, суы жер теріндей, / Немесе жер суарған ер теріндей» болғанымен Жымпитының жігіттері туралы толғанғанда ақын ризашылық сезімін танытады: «Бәрін айт, бірін айт та, жігіттерді айт, / Ерлік те, елдігі де ертегідей» дейді теңеулі сөздің сүйменін сыналай қағып. Жымпитының жігіттерінің мәртебесін көтере «Болса да қалшылдаған қысы қандай, / Отынан жүректердің ысығандай. / Болса да жалындаған жазы қандай, / Халықтың басады екен мысы қардай» деп жырлай келе, олардың еңбек етудегі, ел қазынасын игерудегі, ел байлығын арттырудағы қарбалас қимылдарын атап өтеді.

Тербелген тары, бидайды теңізге ұқсатқан ақын дихандар маңдай терін, дала төсін еңбекке бөлеген пішенші, шөпшілер қауымының қарбалас

шақтағы, науқандық жұмыстардағы зейнетті тірліктерін үлгі ретінде көрсетіп, ұсынады. Бау-бақшасы аз болғанымен, бақыты көп, жауқазыны жетерлік, қызғалдағы мол қыр өлкесінің де өзіндік қуаныш-шаттығы болатынын алға тартады. Дархан көңіл, дастарханы бай ауыл адамдарының ақ көңіл мінез-құлықтарына қызыға қарай туынды авторы:

Естисің тың дүбірді, тың жер үнін,
Естисің тәтті, шатты тілдер үнін.
Арудай жүздерін-ай күндерінің
Күндізіндей көздерін-ай түндерінің

Той болса, кез келгені - төр ағасы,
Бүркіттей сыпырылған томағасы
Даласы - дархан байлық дастарханы.
Көк шатыр - Бұланының ктөп ағашы.

Еңбек бар жерде береке бар, дән түгіл бал да егілер, дән де егілер деп ой тоғытқан автор «Алыстан түскен келін жатырқамас, / Тамдының бойына да тал егілер» деген тоқтамға келеді.

Туған жер мен оның табиғатын қатар алып жырлау – Жұбан поэзиясының, ақындығының бір белесі. Алып Отанының қай бөлшегін алып жырласа да ақын табиғаттың жергілікті ерекшеліктерін көз қырынан таса қалдырмай, оны көзге түскен қалпында бейнелеп көрсетеді. Мәселен, «Торғай таңы» өлеңінде Сарыарқаның төсінде көсіле, жайыла орналасқан Торғай өлкесінің таңғы ғажайыптарын ешбір боямасыз, табиғатының жаратылыс құбылысына сызат түсірмей көз көрген кейпінде өлеңге айналдырған. Туындыға әр беріп тұрған әдеби құрал - кейіптеу. Әр шумағы кейіптеумен көмкерілген өлең көз алдымызға Торғай таңының керемет полотносын жайып салады.

Таң десе, таң қандай!
Есіңнен танғандай.
Күн жарып қауызын
Нұр болып тамғандай!

Кең дала тұрағы,
Көгінде қыраны.
Таң Торғай айнасын
Күнге ұстап тұрады. [207, 126 б.].
(«Торғай таңы»)

Өлең өрімінде бірінен-бірі өткір, бірінен-бірі көркем жанды тармақтар жансыздықтан айырылып, тіріліп келгендей қимыл қозғалысты күйге көшкен. «Бақасы шырылдап, / Су беті шымырлап, / Шерткендей сыр назын / Самалға сыбырлап» немесе жортқан шабақ, шоршыған шортан, әр таңды қарсы алып, хош дескен қаз, үйрек, шапақпен шағысып, сағыммен шабысып, мұрттарын шиырып, шапшып тұрған жақұт дән, алтын астық т.б. тіркестер

бейнелеуіш, көркемдеуіш қызметтерін атқарып, туындының мазмұнын байыта түскен.

Торғай даласының даңқты тарихын да автор ұмыт қалдырмаған. «Сарбаздар елі бұл, / Жангелдин жері бұл» - деп жаңа заманның төңкеріс ерлерін мақтан еткен ақын бейбіт өмірдің еңбекші халықтың да қоғамдағы сіңірген еңбектерін атап өтеді.

Азаттық туын да,
Қазақтың тыңын да,
Көтерген солар ғой
Күрестер сынында.

Ерлігі ұран ғой,
Елдігі жыр-ән ғой,
Торғай тек аты ғой
Затында қыран ғой.

- деп көтере дәріптейді. Батырлар мен ақындарды дүниеге әкелген өңірді ақын: «Торқадай топырағы шүйгін жер осы екен» деген қорытынды ойға келеді.

Тамырын тереңге жайған Торғайдың дүбірлі тарихқа толы даласының әсем табиғатын жырға қосқан ақынның сұлулық символы атанған сұлу Көкшетауға да мойын бұрмауы мүмкін еместей. «Көкшетау» атанған өлеңнің алғашқы шумағын ақын бірден ол жердің иесін анықтаудан бастайды. «Әкемнің көкшесі, / Бабамның Көкшесі, / Сәкеннің Көкшесі, / Баламның Көкшесі» деп қаратпа сөзді: «Пай, пай, пай, Көкшетау!» қолданады да:

Дүниенің жұмағы!
Бейне кіл көк Отау,
Тымақтай Оқжетпес,
Ұйқылы батыры.

Көлінде - қол жетпес

Көк аспан шатыры [207, 40 б.].

- деп сұлу да нулы жердің әдемі табиғатын атап-атап, не бір көркемдеуіш құралдарды қолданып, туындыға жан бітіріп, көркем суретті галереяға айналдырып жібереді. Осы жерде ақынның қазақ лексиконында бар әдемі тіркестер мен жекелеген сөздердің мол қорына кезігеміз. Келісті кейіптеулермен қатар төрт аяғын тең басқан теңеулер шоғыры, мәтінге мән үстеген, бояуы қанық метафоралар, осылармен иықтасып, қатар қонған, күй таңдамас эпитеттер туындының мазмұнын байытып, қол ұстаса сап түзеген.

Олар – теңеулер: Тымақтай Оқжетпес, сұлудың көзіндей, кірпіктің өзіндей, су ішкен Бурадай; «Бурабай жәннәттай, / Кеңейген тыныстай, / Жазылған қанаттай, / Арылмас ырыстай», Жыландай бұрымдар;

Олар - метафоралар: Көкшетау - дүниенің жұмағы, бейне кіл көк отау, бейне жыр тымағы, секілді су қызы, «Адамның Көкшесі, / Алыптар Көкшесі; / Заманның Көкшесі, / Халықтар Көкшесі! Қарагер Жұмбақтас;

Олар - эпитеттер: Күміс көл Бурабай, шипалы ну, құзы, мас қылар шырын бал, саф ауа шарабы;

Олар жансызға жан бітірген келісті кейіптеулер: «Сұлудың көзіндей / Кірпіктің өзіндей / Мөлдірер көк аспан, / Кірпіктің өзіндей / Қара орман қоршаған», «Айнаны қайтесің / Айнакөл барында! / Жуады ай төсін / Қонақтап жарында», «Секілді су қызы / Жүзеді арулар / Жыландай бұрымдар / Иреңдеп барады / Мас қылар шырын бал / Саф ауа шарабы / Сіміріп жүр содан / Жасы бар, кәрі бар». Мұндай көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдар Жұбанның қай туындысында да молынан ұшырасады.

Жұбан Молдағалиевтің туған жер туралы жырларында өзі назар аударып отырған нысанға қатысты жергілікті тарихпен байланысты немесе ел арасында тараған ауызша әңгімелер, хикаяларымен қатысы бар мәліметтер кездесіп отырады. Ақын белгілі бір кеңістік туралы айта отырып, сол аймақтың, сол өңірдің өзіндік ерекшеліктерінен сыздықтата сыр суырып, өткен, болған оқиғалардың жай-жапсарын оқырманына таныстырып оырады. Мысалы, «Торыат басы» аталған өлеңде, бірін-бірі ұнатып, серт байласпаққа бекінген екі ғашықтың махаббатын күзеткендей көрінетін ердің тұлпар-серігі кер торының жауыздық ниетті жамандардың қолынан қасақана өлтірілуі сөз болады. Кедей жігіттің жан серігі торы аты – сенгені де, сүйенгені де, ара тұрар жалғыз тұлпарының қаскүнемдер қолымен мерт болуын ақын аңыз негізіне сүйене трагедиялы жырлаған. «Ұмытып жауыздықты, таршылықты, / Жатса олар шыңғырған бір зар шығыпты, / Кісі емес, бұл ышқынған торы ат екен, / Тебіренткен тыныштықты, тал-шілікті». Торыат басы аталған жердің, елді мекен-ауылдың, тасты тауының туу тарихын туынды авторы аңыз ізімен баяндайды, халық аузында қалған әңгімені қайта жаңғыртады.

Апыр-ай, болмағай деп масқара түн;
Еске алып, таң күзетіп тосқан атын,
Жас жігіт жан ұшырып жетіп барса,
Дұшпандар қиып кеткен дос қанатын.

Торы емес, тенкиген бір көнек жатыр,
Жанында кесілген бас бөлек жатыр.
Жас толы жанарына жануардың,
Махаббат үшін ол құнын төлеп жатыр [207, 63 б.].

(«Торыат басы»)

Екі жастың махаббатын, болашағын күзеткен, иесіне адал хайуанның аянышты халін көріп, естен тана қайғырған жігітті өлі бастың өзі жұбатып алады. Аңыз солай дейді.

Тіл бітіп сол мезетте бас қиналып,
«Босама, достым, енді босқа налып,
Қатып қал, жау алдында қара тастай»
- Дөпті де, кетіпті өзі тасқа айналып.

Осы аңызбен байланысты халық арасында кең тараған ән шумағын ақын өз шығармасына эпиграф етіп алыпты: «Көрінген сонадайдан Торыат

басы, / Жаманды жаратқанша, жаратпашы / Айқасып қалқатаймен жатқан түнде, / Жұртыңды жау шапса да оятпашы». Ел аузынан алынған ұлағатты басшылыққа алған автор: «Сол аңыз мынау тұрған Торыат басы, / Секілді сыр сандығы, қорап тасы. / Осында жазылған сөз, айтылар серт: Жаманды жаратқанша, жаратпашы» деп ой түйеді де, кейінгі жастарға игі тілегін жолдайды, махаббат жолында құрбан болғандарды ұмытпай жүруді құлақ қағыс етеді.

Таныса жастар бұдан үміт тасын,
Жылытсын жалынымен, суытпасын.
Жас ұрпақ, жалын ұрпақ, бақытты ұрпақ
Махаббат құрбандарын ұмытпасын.

Қалың халықтың ортасынан шыққан белгілі тұлғаларға, аты мұқым жұртқа мәшһүр өнер адамдарына, олардың өмір деректерін басшылыққа ала жырлау да - ақын Жұбанның шығармашылық қайнарының бір көзі. «Махамбет қабірі басында» аталған өлеңде «- Осы Қараой, осы жер- / Батырдың қанын төккен жер; / «Буыршын мұзға тайған» жер»; / «Бура атанға шөккен» жер; / Арыстан ақын Махамбет / «Бармағын шайнап өткен» жер; / Қанжығаға басы байланып, / Барымта болып кеткен жер» - деп жел атынан сөз алып, жыраулар мақамының үлгісіне салып термелете келе:

Жоқ, біз емес Қараойға назалы адам,
Елге естілді егестің азаны одан
Жерге тиме, жел-еке, - жазығы жоқ,
Жүз жыл бойы ақынын азалаған,
Құлақ тосқын, достым жел,
Осы Қараой, осы жер -
Махамбетті көрген жер;
Маржандай жырды терген жер;
Ер соңынан ерген жер;

(«Махамбет қабірі басында»)

- деп тағы да төкпе жанр үрдісіне салып, сол өткен дәуірдің ізімен Махамбетше: « - Осы Қараой, осы жер, - / Арулап ұлын жуған жер; / Ата жауын қуған жер; / Хан ордасын ойрандап, / Өлгені қайта туған жер...» - деп, төгілте, егілте жырлап, оқырманын өзіне баурап алады. Түйін сөз: Жырдың басын алатын күш жоқтығын / Көзбен көріп көгерген Қараой жатыр».

Ақынның «Қарауыл басындағы той» аталған өлеңі ұлы Абай мен заңғар Мұхтардың есімдерімен байланыстырып өрілген, өнегесі өркенді ұрпақ тәрбиесіне тамызық болар тәлімдік маңызы зор туынды боп шыққан. Ел-жұрттың, халықтың Әуезовінің мерейтойына жиналған қауымның Шығыстау етегіндегі «Қарауыл басындағы той» көркін, оған жиналған тойшылардың салтанатты қуанышын сол той иелерінің көңіл күйлік дәстүріне сай суреттеп берген.

- Қош келдің Абай,
Мұхтар бесігіне!-
Деп әр үй

Шақырады несібіне.
Жатыр ел,
Қонақтарын хан көтеріп,
Төрі не Қарауылдың
Есігі не? [207, 154 б.]

(«Қарауыл басындағы той»)

«Осында туды Әуезов – дала алыбы. / Алыпты заман тапты / Дәл анығы» деп ой түлеткен ақын: «Тойға өзек - оның сексен жасы емес тек, / Дарын мен дәуірдің қос даналығы» деп ой түйеді. Өлеңде кейіптеудің озық үлгісі («Қарт Шыңғыс шешіп / Жерге қойғандай – ақ / Басынан бар ақша қар малақайын») және сол кейіптеумен құйрық тістескен метафора («Жер-ана жырттық кеуде / Жарып шыққан / Әрі ұқсас сыңар емшек омырауға»), бір шумақты құлаштап қармаған теңеулердің тізбегі («Бөктері бүгін / Халықтың қайнарындай, / Күзі де гүл-гүл, / Көктем айларындай. / Ал қызыл жалау / Шыңда желбіреді / Алыстан жанып / Әтештің айдарындай») - өлеңге әр беріп, көркемдік қуатын арттыра түскен.

Өнердің өміршеңдік өркенді қасиетін дәріптеген бір шығарма - «Мұхит зираты басында» аталады. Жазы ыстық, қысы қатты, жазда құмы, қыста бораны ойнақ салатын Сарыалжынның, алайда көк шалғын көрікті жері бар, көк Ақбақайдың топырағынан өніп, өсіп, шыққан Мұхит Мерәліұлының рухын ұлықтауға ниет еткен ақын бұл өлеңде:

«Салмасам «Айнамақозге», ән болмайды,
Кимесем екі шапан, сән болмайды,
Ойнасаң, өзің теңдес жаспен ойна,
Ол дағы алғаныңнан кем болмайды».

- деп әндеткен сал-серінің қабіріне тәу еткен ақын Мұхит өмір кешкен заманның көңілден өшкен суреттерін көз алдыға әкеледі. Сайын даланы әнімен тербеткен өнер иесінің халықтың қалаулысына айналып, бар қазақты сусындатқан рухани мұрасының тәрбиелік құндылығына автор назар аударады. «Басталған, Ақбақайды сусымақтан, Ол - бұлақ / Бар қазақты сусындатқан. / Бөлейді-ау рахатқа / Өр әндері, / Самаладай / Паң көйлекті сусылдатқан» серінің «Құлаған құлпы тасын / Тік тұрғызып, / Қайтадан / Там соғыпты қайырымды ұрпақ» деп ел жұртының қайырлы тіршілігіне ризашылық сезімін білдіреді. «Үш жүзден ән оздырған» қайран Мұхит / Жатыр бір төмпешік боп, ұра болып» деп тебіреніспен толған ақынның бұл туындысын Мұхит Мерәліұлының басына орнатқан ескерткіш жыры деп ұғынсақ болар-ды.

Жұбанның туған жер, дала, табиғат тақырыбындағы өлең-жырлары мол десек те, оның «Дала суреттерінен» аталатын циклды топтамасына енген үш өлеңіне ерекше көңіл бөлген жөн. Циклдің бірінші туындысы «Көкжиек пен космос» аталады. Ақын қазақ даласының «қу дала», «құла дала», «құба дала», аталған заманнан арылып, бүгінгі космос Отанына айналған елдің өткенін:

Көнеріп көз алдымда дала жатты,

Дауымен, дауылымен дара жатты.
Атаммен ала таңнан бірге оянып
Қой жайып көк жиекке бара жатты.

Әйтеуір бара жатты, бара жатты,
Арқалап бар тіршілік, бар азапты.
Күрсінді, күңіренді, армандады,
Шер қатып көкірегінде, жара жатты. [207, 68 б.]
(«Көкжиек пен космос»)

- деп сипаттайды. Бұл енді жаңа құрылыс орнамағанға дейінгі даланың күйі. Бұйығы жатқан даланың, оның төсін мекендеген мұқым жұрттың заман көші өте келе, езілген еңсесін бір көтеріп, жаңа дәуірдің көшін бастаған елге айналғанын көтеріңкі көңіл күймен жырлайды.

Бүгін де көз алдымда дала жатыр
Атағы жер-дүниені алып жатыр.
Көкжиек көсілуге тар боп қалып,
Космосқа бой жазып ол бара жатыр [207, 69 б.].

Топтамаға енген екінші өлең «Қонақ». Бұнда автор қазекеннің мекен еткен даласының қонақжайлылық дара қасиетін сол қонаққа көрсетілер құрметпен байланыстыра әңгімелейді. Танымайтын жолаушыны «Құдай қонақ» дейтін даланың өзіне ғана тән ұлттық басымдықтарын ақын атап-атап белгілейді. «Қонақтікі төр төбесі / Түстенсе де, қонса да / Биік оның мәртебесі / Қайдан, қандай болса да», «Жандығын да, жалғыз демей, / Дала соған соятын, / Ол жақ болса, байғұс кедей / Қара суын қоятын», тіпті жарты құшақ шөбі қалса да, жалғыз шелек суы қалса да соның бәрі қонақтікі, қонақ тұрғанда оған иелік етуге болмайды. Қызмет қылмай тұрып дала тұрғынының жөн сұрасуға қақы жоқ. Қонақтың шаруасын бітіріп барып жөн сұрасады дала дәстүрінде. Ал қонақ болса артына қонақкәде әні мен әңгімесін қалдырып кетеді. «Сол сақталар Дала есінде, / Секімді әсем жаңғырық».

Дала дәмін - жол ғой Дала -
Тегін татып жатты адам
Дала біздің жоғында да
Сатылмаған, сатпаған. [207, 69 б.]
(«Қонақ»)

- деп ағынан жарыла һәм ой сала жырлайды ақын. Дала қашанда - дүние несібі, Дала - бекітусіз есік. Даланың қазақ ұғымындағы бейнесін көркем әдебиетте, соның ішінде поэзияда қазақ ұлтымен тұтастықта алып жырлаған ақынның бірі - Жұбан Молдағалиев. Бұл дәстүр кейіннен Қадыр Мырз Әли, Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереева поэзиясында да әдемі жалғасын тапты. Ақынның:

Дала - қазақ бесігі,
Дала - қазақ есімі

- деп қорытуының мәні де мәңгілік ел платформасының тұғырлылығын, шектеусіздігін аңғарса керек.

Аталған циклді аяқтап тұрған өлең - «Қалтарысы да жоқ оның» Автор даланың тығылатын жөні жоқ, қалтарысы да жоқ дегенді тура қазақы ұғымда алып мәлім еткен. Шынында да солай емес пе? Атынан аңғарылғандай сайын дала, жалпақ дала. Дала –кеңшіліктің белгісі. Далада кедергі болар бөгет жоқ, ол - шексіздік. Дала сонысымен қымбат. Далада тығылып қалатындай қалтарыс болмайтынын ақын философиялық ой толғамға салып баяндайды, көк дөнен көңілдің жүйріктігіне бағындырып жырлайды.

Көрініп тұр Даланың
Көкжиектен бергісі.
Көңіліндей баланың
Бұл бір бөлек белгісі.

Көлеңкесі жоқ оның
Көз алдында міні де
Кең өлкесі, жол-жоны
Өз алдында түні де [207, 70 б.]

(«Қалтарысы да жоқ оның»)

Сайын дала сахараға жоғарыдан үңілген ақынның теңеулі тіркестері өлең көркемдігін биік сатыға көтере түскен. Мұндай әсем оралымдар қазақ көркемдеуіш құралдарының үздік үлгілерін байыта түсері анық. «Боталардың көзіндей, / Көлдері де бетінде, / От аралдың өзіндей / Шөлдері де бетінде / сынды сұлу тармақтар қатарынан / Шырайындай арудың / Қызылы да бетінде / Райындай нар ұлдың / Қызуы да бетінде» Ақын даланың жасаған келбетін нақты мысалдармен дәлелдеп, оған жан бітіре кейіптеудің келісті шыққан түрлері мен адами портрет сыза, теңеулерді алға салып айдағандай күй кештіре әдемі сурет тудырады.

Тұяқтардың ізіндей,
Жартығы да бетінде.
Тулақтардың жүзіндей,
Тыртығы да бетінде.

Бойы биік заманның,
Қызығы да бетінде.
Ойы биік қаламның,
Сызығы да бетінде.

Еш қалтарысы жоқ Даланың барша қасиеті бетінде екендігін ақын санамалап, термелей жөнеледі. «Бергенің де бетінде, / Алғаның да бетінде./ Тергенің де бетінде, / Арманың да бетінде». Түйіндей қайырғанда: «Қалтарысы жоқ оның - / Нұр-жарықтан тұрғандай. / Жалтарысы жоқ оның - / Туралықтан туғандай». Дархан даланың бар жақсы қасиетін ашып, таратып берген ақынның елі мен жұртына деген құрмет сезімінде шек жоқ. Даланың

ұлы болып туғанын мақтаныш етеді ақын. Даланы қазақтың бойтұмарындай коритын қымбат қазынасы екендігін ақын «Дала суреттерінен» циклінде оқушысына терең ұғындарған. Ой түйін біреу-ақ:

Сүйем осы Даланы
Сыйлы атындай халқымның
Бауырында - бал әні,
Аспанында - алтын күн!

Жұбанның ақындығына тән және бір ерекшелік – ол ұлттық реңкті идеяны тақырыпқа айналдырып, ұлттық құндылықтарды ұдайы өлең тілінде жеткізіп отыруға шебер. Жеке адам тәрбиесінде, оның ішінде жас өскінді, келер ұрпақтың тәрбиесінде ерекше құралға ие рухани азықтық қызметін атқаратын туындылардың ақын Жұбанда қарасы өте мол көрінеді. Мысалы, «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Жер мен әйел», «Қазақ тілі», «Тұз дәмі», «Ар-ұят туралы», «Біз, қазақтар, қызықпыз», «Адамдар, бақытты болындар», «Дастархан жыры» т. б. туындылардың мазмұнында адам баласына қажетті адамгершілік қағидалары, имани-рухани құндылықтар әр қилы мазмұн-пішінде автордың жеткізу шеберлігіне, таңдаған әдісіне қарай оқырманын ойландыруға мәжбүрлейді. Ақындық көзқарастың астарында көптің, мыңның айтар ойымен үндескен, айта жақ қапталында тұрған қоғамдық, әлеуметтік мәселелер батыл көтеріледі. Бұл туындылардың мазмұн байлығы, оның жанрлық стилі баяндалуы жағынан публицистикалық пошымда тұрса да, оқырманына қажетті тақырыпты көтеру құндылығымен ерекшеленеді. Мәселен, «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» өлеңінде анау бір парықсыз заманда туған «Қатынның шашы ұзын, ақылы қысқа» мақалсымақ тіркесіне түбегейлі қарсы шығып, жайнаған, жалындаған, жайраңдаған әйел тұлғасын басы артық пайым-пікірлерден арашалап алады. Өлеңде қазақ әйелінің арулық, аналық, әжелік жаратылыс-болымысы нақты тарихи дәлдікке жүгінген мысал-деректер арқылы жан-жақты ашылып, суреттеледі. «Жер мен әйел» өлеңі жоғарыда сарапталған туындының заңды жалғасындай оқылады. Жер мен ана ғана бір-біріне пара-пар, олардан басқаның бәрі төмен, жер де ана сияқты әйел жаратылысымен сабақтас, екеуі ғана теңеулес деген идеяның өрісі бұл туындыда кеңейе түседі. Жерді де ана сияқты аялау керек, әйел сықылды сүю керек!

Жер - құдірет, жер - алдияр, жер - дана,
Теңеу болса, әйелге тең - жер ғана.
Жер де - әйел, тіршіліктің құрсағы,
Өлерде де дейміз оны жер-ана [207, 54 б.]

(«Жер мен әйел»)

Ақынның «Қазақ тілі» өлеңінде не бір қиыншылықты бастан кешкен қазақтың «Бір тілден / Он тіл туғандай» күй кеше жүріп, бүгінге жеткен қымбат байлығымыз, «Кезі жоқ оның сарқылған, / Кем еді көзі бірақ та» - деген түйіткіл тұста да қор алып сансыз бұлақтан нәрленгендігін айтумен бірге «Ұқпасам өз тіл – анамды / Ұлыңмын деуім – әңгілік» деген ой

тастайды. Халықтың асыл қазынасы тілді сақтаудың, аялаудың, құрметтеудің үгітшісі болған ақын сөз соңында:

Білмесін – білсін түсімнен,
Ұқпасын, ұқсын түрімнен,
Танысын дүние ісімнен,
Танысын туған тілімнен [207, 92 б.]

(«Қазақ тілі»)

- деп баршаның тіл үшін күресте шегіну болмау керектігін ескерткендей болады.

«Дастарқанда - даламыздай береке, / Жүректерде - сансыз тілек, сан талап», - «Дастархан жыры» аталатын өлеңнің лейтмотиві. Жақсылыққа жол болуы, мұраттардың зор болуы үшін - дастархан жыры дұрыс болғаны жөн деген ұсыныс бар өлеңде.

Мұқым қазақтың көңіліне жаққан, үлкен мен кішісінің сүйіп оқитын өлеңі - «Ар-ұят туралы» деп аталады. Ар-ұяттың мағынасын, мәнін, қазақ үшін ар-ұяттың қаншалықты қымбат та бағалы, айтарға тіл жетпейтіндей адами асыл қасиет екенін өлең авторы үлкенге де, кішіге де, баршаға да түсінікті, ұғынықты тілмен баяндап береді. Бұл туындыны өлеңнен гөрі ар-ұят-туралы қағидаттарға құралған поэзия тілімен қаруланған дәріс баян десек те болады. Жай ғана дәріс деп доғарсақ, теориялық тұрғыдан тежеп қаламыз-ау, бұл өлеңде практикалық дәлелдемелер де сарапқа түседі ғой. Туындының алғашқы диалогті төрт шумағы жас жігіт пен қарт қазақтың сөз таластырып таласқандай болғанымен, бұның бәрі болашақ баянның аңдатпасы ғана екен. Себеп-салдарға жүгінген ақын өлеңнің құлақ күйін келтіруге де шеберлік танытқан. Үлкен мен кішінің әңгімесіне құлақ түрген автордың естігені:

- Ол ұят, - деді сол қазақ қарт -
Өлсең де ожданнан безінбе!..
Жас жігіт күлді оны мазақтап:
- Ұятың нан болса, езіп же.

- Жеп келем, жеп келем туғалы!
Адам боп жүргенім сондықтан, -
Деп қария тепсініп тулады
Әттең тек жігіт жоқ оны ұққан [207, 81 б.]

(«Ар-ұят туралы»)

Сөз ұқпаған, ой мәнін түсінбеген жігіт те беріспей бағуда. «- Мен емес ұят деп өлетін, - / Деді сол, айтысты тұжырып. / Қарт та жоқ оп-оңай көнетін, / Жыққандай сөз оны жүз ұрып». Туындының түпкі мақсатын, айтпақ ойын автор бірден ашып, жайып салмайды. Оған әуелі ілгек болар деталь іздейді. Барлық себеп-салдардың сұлбасын сызып, оқиғаға тамызық болар, тірек болар жағдаяттарды дайындап алғаннан кейін ақын сол барлауға алынған тақырыпқа қатысты ой -тұжырымдарын сатылап, жөн-жөнімен, рет-ретімен баяндай бастайды. Ашуға булыққан қарттың: « - Сен де бір өліксің ендеше, / Тірі боп жүрсең де санақта, / Адам ол өледі мен десе / Ұяттан айырылған

сағатта» деп жанайқайға басуын суреттеу арқылы ақын туынды мұратының бағытын межелеп алады. Мектеп бағдарламасына енген аталмыш туындының кіші мен қатар үлкенге берер рухани тағлымы өте зор. Ауыздан түспес, әр жүрекке жатталар өлеңді әр қазақ отбасы ұл-қызына, әр ата-әже немере-шөбересіне даналық, тазалық символының шырақ белгісіндей уағыздап отыруға әбден лайық туынды деуге негіз бар.

«Дүниедегі ең тәтті тағам - тұз» (халық даналығынан). Жұбан ақын «Тұз дәмі» аталатын өлеңіне эпиграфты осылай етіп алыпты. Қашанда көзге елеусіз затты ұғымдардың тек-түріне үңіліп, одан үлкен пәлсапа жаңалықтар іздеп, оны өмірдің өзінен алынған фактілермен қабыстырып, оқырманын ойландыру өз алдына, таң қалдырып жүретін ақынның бұл өлеңі де шынайы поэзияның озық үлгісіне енсе керек-ті.

Рас-ау, тұзсыз тағамның,
Болмайды дәмі, татымы.
Арқауы бұл да адамның
Тірліктің нағыз қатығы

Піспесе тұзға бөбегің,
Маймақ боп, бейбақ боп өседі.
Қанғанда соған көнегі,
Шөлейтті түйе кешеді [207, 64 б.].

Өлеңде қарапайым дәм түрі ас тұзының объектіге алынуының өзі осы шығарманың дәмін келтіріп, тұздығы келіскен жыр боп шыққан. Өлең мазмұнына үңіле түссек, автордың оқушысын тәрбиелер, бірнеше мақал-мәтелге айналуға дайын тұрған сөз тіркестеріне ұшырасамыз. Мәселен «Жаңа бар жерде көне бар, / Ащы бар жерде тұщы бар», «Ащысыз - тұщы тұл дейсің», «Тәттіні қалай ұғарсың, / Ащының дәмін татпасаң?», «Келмейді сый да сынақсыз, / Арзанның тұзы аз болмақ», «Жер –ана Тақсыр өзі де, / Ащыдан тұщы нәр алған», «Су татып дүние тұрмасын, / Тұз, бірақ, тұздық болмасын» - деп келетін мағынасы зор тармақтар ұлт құндылығын танытатын даналық сөздерге айналып шыға келген. Өлеңге қосымша дәмдеуіш, ажарлауыш мағына үстеп тұрған антоним сөздердің де (ащы-тұщы, суық-ыссы, жаңа-көне, тәтті-ащы, соғыс-тыныштық, айырылу-қайырылу, табысу-қоштасу, қызыл шұнақ қыс-жазира жарқын жаз) қызметі адал-ақ. Тұздың сапалық қасиетін әбден зерделеп, зерттеген ақын:

Тұз сеуіп қазақ ертеде
Жараны және емдеді.
«Қызғансаң, ішің өртені -
Тұз жала дереу, сен» деді.

- деп әрқилы, көп қырлы мағынаға ие тұздың қазақ ұғымында, ұлт түсінігі мен қабылдауында үлкен реңкті мәнге ұласатындығына назар аударып, көңіл бөлген.

Жұбан Молдағалиев поэзиясының тақырыптық-идеялық және көркемдік өрімінде ұлттық құндылықтар әр уақыт басты орынға шығып,

жырланып отырады. Ақынның шеберлік үдерісін терең меңгеріп, ұлт ойының жоқшысы боп, ұдайы ел-жұртымен жыры арқылы терең байланыс орнатып, ақын-оқырман боп екі арада алтын көпір орнатқанына - оның ұдайы үлкен сұранысқа ие кітаптары деген көзқарастан аңғаруға болады. Лайық талғамы зор оқушының талап-тілектеріне сай келетін лайықты жыр кітаптарының көп тиражбен әр жылдарда үзіліссіз басылуы Жұбан ақын мұрасының мәңгілікті мұрат еткен өшпес, өлмес, тозбас қасиетінен болса керек.

10.3 Ақын поэмалары: қоғамдық даму белестері

Жұбан Молдағалиев шығармашылығының алтын арқауы тек оның лирикасын ғана белгілемейді, сондай-ақ ақынның кең тынысты, мол пішілген, ұлттық рухты эпик екендігін алдымызға жайып салатын шығармалары - поэмалары.

Жұбан ақын бас аяғын қосқанда жиырмаға жуық поэма-дастан жазған. Олардың бір қатары әр жылдарды өңделіп, толықтырылған, ал кейбірі фрагмент түрінде, баллада-толғау формасында жарық көрген. Ақынның өзі жанрын анықтап, поэма деп тапқан шығармалары оннан асады. Ақын поэмаларының ішінде халықтық шығармаға айналып кеткен, республиканың әдеби-мәдени өмірінде үлкен толқу, жаңалық әкелген поэмасы - «Мен-қазақпын». Бұл дастан кеңестік дәуір әдебиетінің де үлкен жетістігі қатарына енді. Қазақ деген ұлттың рухын ұштап, мәртебесін биіктеткен, кеңес халқының басын біріктірген Одақ кезінде ұлт тұлғасын аспандатқан шығарма боп әдебиет тарихына енді. Поэма туралы, оның жанры мен тақырыптық-идеялық бағыты, мазмұндық құрылысы туралы сөз өнерін зерттеуші мамандар, мәдениет, өнер қайраткерлері мақалалар жазып, әр тұсынан, әр қырынан алып қарастырды. «Мен - қазақпын» поэмасын тексерушілер шығарманы публицистикалық дастанға жатқызғанымен, оның тарихи-деректік оқиғаларға қатысты тірек-фактілері қазақ елінің өткені мен бүгінін тығыз байланыстыратын, мұқым жұрттың жүрегін жаулап алған тағылымды тарихымен қызықтыра түседі. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың бірнеше ғасырлық тарихына шолу жүргізуді мақсат еткен поэма құрылымы он бөлімнен тұрады. Әр бөлім қазақ қоғамының даму, өсу баспалдағын көрсететін тарихи фактілерге сүйенген. Поэманың алғашқы шуақтарының өзінде қазақтың мәрт мінезі, қайсарлығы, өрлігі, өзін ешкімнен кем көрмейтін батылдығы мен батырлығы һәм сонымен бірге дархан даладай кеңдігі, көңіл ашықтығы туынды тінінде атой салып мен мұндалап тұратындығы аңғарылады. Оқушысының көңіл төрінен орын алып, көкірегіне ұялап, бүкіл жан-тәнді баураған отты, қызулы жырдың алғашқы шумақтарынан-ақ ес пен зейінді тұтқындап, бірден атой-ырғақ салып, жаттатуға икемделіп, үнілушісін үйіріп ала жөнеледі.

Мен - қазақпын мың өліп, мың тірілген
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген..

Мен - қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен!
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен [207, 161 б.].

«Мен - қазақпын» деп басталған мақтанышпен марқайған жыр ырғағы әр басталар жаңа абзацты шумақтың, алдыңғы тармағында «Мен - жігітпін», «Мен - қаракөз сұлумын» сынды ұлтты таныстыру, оның заманын таныстыру, кімнен тудым, тегім кім, руым қандай, мүмкін «гуннен тудым», «ән жырым бар бабалар хаттарындай, әжімім бар бейнеттің таптарындай» - осылайша ұлттық құндылықтардың барша тізбегінен құралған жыр мазмұнының әр шумағында қазақ қоғамының даму сатылары бейнеленген.

Поэмада қазақ даласының қатпар-қатпар тарихы оны мекендеуші ұлттың мінез-құлқымен байланысты беріледі. Әлемнің маңдай алды ұлыларының да есімдері (Архимед, Сократ, Коперник, Бруно) оларды ғылым мен мәдениеттің озық өкілдері есебінде ұлықталса, сол кезең идеологиясының, кеңестік дәуірдің салқын саясатына сай Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Жошы хан бейнелері ұнамсыз тип қатарына қосылған. Поэманың көркемдік әрін, ұнамдылық, көркемдік дәрежесін көтеріп тұрған, көзге көп байқалмас желі бар, жіңішке бір тін бар. Ол - ұлт есімінің үздіксіз дәріптелуі, ұмыттырмас оқиғаларды еске сала отырып, оқырман жігерін жанып, намысын қайраттандырып, әр тұста бас көтеріп, еске салып отырады. Мәселен:

Ұлы аманат етейін еркіндікті,
Ел құлдықты білмесін, жер күңдікті.
Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең
«Қазақ болу - зор бақыт» дер күн тіпті...

- деп өткен ғасырдың 1964 жылы жырлау – саяси көзқарас тұрғысынан өте қауіпті болатын. Алайда ұлт тәуелсіздігін аңсаған ақын өз шығармаларында егемен елдің, азат елдің болуын кейінгі ұрпаққа аманат еткендей, армандаған ақын өлең-жырларының өн бойына сыналата енгізіп, елеусіздеу пішінде ұлт ұрпағына насихаттап отырады. Поэмада «Азан-қазан, «Ақтабан шұбырынды», / Ала топан Жоңғардың жорықтарынан» бастап, одан берідегі заман көшінде ішкі және сыртқы жаудан елді сақтап қалудың қамын қарастырған ата-баба амал-әрекеттері де айтылмай қалмайды.

Дос та іздедім жау тисе болысатын,
Қыс қыстасып, жаз бірге қонысатын
Еділ, Жайық, Ертісті сағаладым,
Үміт көрдім қаһарлы орыс атын.

Бұл жерде қазақ елінің Ресейге «өз еркімен қосылуының» тарихы айтылып тұр. «Ол да қолын ұсынды тосқан таңдай, / Тар кезеңде табысқан достар қандай! / Жайып салдым алдына жанымды мен, / Аппағынан жайылған дастарқандай» - дейтіні де сол кезең оқиғалары. Дастанның

тақырыпқа сай жазылуында ұлт болымысының барлық болымыс-бітімі, қазақ деген халықтың, мінез-кұлқы, жеке ұлт ретіндегі өзіндік ерекшеліктері философиялық, психологиялық, эстетикалық таным тұрғысынан кең масштабта жырланады. Мысалы:

Жайып салдым, сырымды дос алдына,
От басында, өрісте, қос алдында.
- Жан-жүрегі көзінен көрінетін
Қазақ, - дедім, - отырған осы алдында...

Екінші мысал:

Қашан қазақ атандым мен азанда?
- Әлі күнге білмейсің, ей, адамзат.
Есіміне береді бала жасын
Құлпы тасты шұқыған кей азамат.

Осы мысалдардағы қазақ атының шығу төркінін іздестіру, ұлттық тарихын түгендеуге ұмтылыс, оның жаратылыс-тұлғасына мінездеме беру, қазақ ұлтының мерейін көтеретін фактілерді қоғам дамуының өзінен алып, (мәселен, Асан қайғы, Исатай мен Махамбет, Құрмағазы, Біржан сал; Қозы мен Баян аңыздары, Шоқан, Абай, Әліби Жангелдин, Сәкен, Жамбыл, Күләш, Мәншүк, Әлия, Төлеген Тоқтаров, Рахымжан Қошқарбаев) жырлаумен қатар көрші ел, тату дос орыс халқының да мәдениет, ғылым ұрығын себуші өкілдерімен бірге қайраткер, күрескерлері (Ленин, Пугачев, Разин, Попов, Ломоносов, Полужнов, Менделеев, Степанов, Энштейн, Кьюри, Циолковский, Гагарин), қазақпен бірге туған қырғыздың ер Манасы, украинның жыр-Тарасы да шығарма мазмұнын қоюлата түссе, халықтар достығының тұмарына айналған Мария Жагорқызы, Пушкиннің Абай аудармасында қазақ сұлуына айналған Татьяна Баян боп бейнеленеді.

Орыс патшасының солақай саясатының астында қалып, сандаған жылдар бойы қазақ атауын толық иемдене алмай, қара қырғыз аталып келген тарихи трагедияны көркем әдебиетте алғаш жырлап, оны өзгелерге өлең тілінде түсіндіріп, араша болғандар сапында Жұбан да бар. Ресей қол астында болған қазақты Алдиярға (поэмада ол патша есімі) таныстыру тәсілі шанымды шыққан.

Мен - қазақпын, Россия адамымын.
Ала бардым Неваға дала мұңын.
Мен де естідім шынжыры шылдырлаған
Петропавл түрмесі - қамалы үнін.

- деп келетін шумақтардағы және Алдиярдың қазақты мойындағысы келмей «- Тоқтат! - деді патшамыз,- қазағы кім? / Қазақ деген жоқ болса, азалы кім? / - Қара қырғыз, Алдияр, онысы бір,- / Деп нөкері көбейтті мазақ үнін». Сол кездегі қазақ үні: «- Мен - қазақпын, қырғыз ол - туысқаным, / Бірге тартқан тарланның құйысқанын / Анамыз да қара көз бір қыз бәлки, / Бөліп берген егізге уыс нанын» - деп түйіледі. Патшаға қарсы тұрып қазақты танытпаққа бел буған лирикалық кейіпкер «Пушкин білді қазақты, сен білмесең, /

Даланы да түрмеге айналдырдың» - деп нанымды, шанымды мысалдармен қарсы тұрады.

Поэманың әр бөлімі белгілі бір кезеңнің, дәуірдің тынысын танытып, сол заманның белгілі-белгілі деген тарихи оқиғаларынан сыр шертеді. Төңкеріске дейінгі және одан кейінгі республика дамуының суреттерін алдымызға тартады. Бірнеше бес жылдықтарға бөлінген кеңестік үкіметтің жоспарларын орындауға бел буған еңбеккерлер мен жұмысшылардың ерен ерліктері, Қазақстан жерінде, қазақ даласында пайда болған белгілі-белгілі өндіріс ошақтары (Нілді, Қарағанды, Жезқазған, Кентау, Теміртау, сайын дала Сарыарқа төсінде пайда болған нысандар, космостың отанасы Байқоңыр) поэмада тірек ойларға айналып, шығарманың жанрлық жүгін ауырлатқан, салмағын арттырған. Жұбанның бұл поэмасы қазақ әдебиетінің тарихына өз маңызын қай қоғамда да, қай дәуірде де жоймайтын кесекті, іргелі шығарма боп енді. Түйіп айтқанда «Мен - қазақпын!» - Жұбанның бас кітабы десек те болғандай.

Ж. Молдағалиевке 1978 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Одақтың ең үлкен сыйлығын иеленген ақын шығармасы екеу-ді. Олар: «Қыран дала» және «Сел» поэмалары. «Қыран дала» - «Сөз басы» және «Сөз соңы» аталатын пролог пен эпилогты қоса алғанда «Ой-қой, дала», «Кездесу», «Түлектің түлеуі», «Сәлем, тың жер, туған жер» аталатын бөлімдерден тұрады. Эпикалық жанр табиғатын терең түсінген автор поэманың көркемдік қуатын өзіне таныс, бейімді стиль - публистикалық мәнермен көмкеріп, жалынды толғаныспен ой толғайды. Басты идея - қазақ елінің тарихында кезеңдік орны бар тың және тыңайған жерді игерушілердің еңбектегі ерлігін насихаттау. Негізгі тақырып – халықтар достығының беріктігін айта отырып, елге, халыққа төнген қиын сынақтардан бірлесе, қолтықтаса өткен жандардың бауырластығын мадақ етуді алғы шарт етіп алған. Поэманың кеңестік кезеңнің идеологиясын басшылыққа ала жазылғаны аңғарылады. Әйтсе де алдымен көзге түсетіні адамгершілік, адами құндылықтарды ардақтау сынды ізгілікті істермен қатар, шығарманың атауына сай даланың қыран тектес биікке самғауын оның төсін кернеген еңбек майданының қайнаған ортасынан табылған кейіпкерлердің қоғамдық құрылысты көркейтуге бел буа кіріскен іс-әрекетінен танып-білеміз. Туындының «Сөз басы» прологында ақынның жыр бастауындағы бастан кешер қиындығы, оның ішкі толғанысы сыр боп ақтарылады, сыртқа шығарылады.

«Әуелі бұл шіркінді бастау қиын,
Екінші, көптің сөзін тастау қиын».
Тер қысып, өлең буған қайран жыршы
Көңілдің күңіреніп ашты-ау күйін.

Е, жырдың ең бірінші жолы қиын,
Бастапқы бораздадай жоны құйын.
Алғашқы сапардың да ауырлығын,

Әрине, татқан білер жорық уын [207, 219 б.]

(«Қыран дала»)

- деп оқырманына ой тастап, андатпа сөзін арнайды. Даланы қыранға теңеген ақын «Дала аңыз, дала думан, дала дастан» екенін, тұнған тарихтан тұратын даланың қаз тұрып, қарыштағанын қанаты талмас сұңқарға балайды. Ақын көз алдына қыран даланың бейнесін аллегориялық тәсілмен көркемдеп, елестетіп әкеледі.

Шарықтар қыран ба тек өте биік?
Барады байтақ дала көтеріліп,
Міңгізіп халықтарды қанатына,
Тауларды топшысымен кетеді іліп.

Ақынның дала хақындағы асыл ойлары поэманың «Ой-қой, дала» бөлімінде автор монологы боп жалғасын табады. Қазақ даласының бойы мен төсіне (кейіптеу үлгісімен берілген) біткен барлық дара қасиеті осы бөлімде айқара ашылып, жан-жақты сипатталып, көркем бояуы қалындай түседі. Даланың бағзы замандардан бергі бастан кешкен қайғы-қасіреті, жүріп өткен жолы пернелеу тәсілінде тұспалданып, ақын өзіне ыңғайлы әдеби әріптестердің ыңғайына жығылып, оқырманына салмақ салмай, біртіндеп, елітіп, ақырындап ертіп отырады. Әншейінде мән бермейтін, назар салып көңіл аудармайтын мәселелер (әрине дала хақында) ақын танымында өзгеше өң алып, құлпыра түседі. Дала тұрпатына жанды заттай қарап, көл-көсір ықыласпен зер сала мінездеме бере бастайды. Даланы бейне бір сәбидей көріп, еркелете, мәпелей қараған ақын:

Ой-қой-қой, дала, ой дала,
Шойқара дала, шой дала,
Барсың-ау биік бойға да,
Байсың ау тұнық ойға да!

Немесе келесі бір кезекте:

Пай-пай-пай, дала, пай дала,
Тарланбоз дала, тай дала,
Масайра, дала, май дала,
Аруана дала, ай дала!

- деп келетін ерке шумақтардағы *тұнық ой*, *биік бой*, *шойқара*, *тарланбоз*, *тай*, *май*, *майсайра*, *аруана*, *ай* сөздері *дала* сөзіне сәулесін түсіріп, әдемі тіркестер тудырған және өнімді, көрікті түс беретін эпитетке айналып, ажарлау құралының міндетін адал атқарып тұр.

Дала туралы автор монологы ұзақ сонар шумақтардан тұрса да, бірінен-бірі өткен көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдар дала төсін, сайын даланы құлпыртып жібергендей. Ақын дала мінезін тура қазақтың ұғымына жақын алып сипаттайды. «Кәрісің жасын ұмытқан, / Жігітсің жаңа жасанған / Шапақсың шыққан ымырттан, / Мекенсің молдан жасалған» дейді ақын екі ұдай ойды қосақтап. Даланың, жер-ананың төзімділігі мен шыдамдылығын «Тас сауыт сенде кигендей, / Найзалар сынды тіреліп, / Жыланға тиді инедей / Түрпідей түгің түнеріп» - деп айрықша қалыпта айқындайды. Автордың

монологында қазақ даласының барша табиғи қалпы оның иесінің мінезімен ойластыра суреттеледі. Кейіптеу мен бейнелеудің өзге де ажарлаған саймандарын шебер қолданған ақынның бұл таңдау әдісі оның қаламгерлік шеберлігін ғана танытып қоймайды, сонымен бірге жаңашылдық белгілерінен де хабар береді.

Поэманың келесі бөлімі - «Кездесу (музейде естіген монолог) – тағы бір оқиғалы бөлімге басар баспалдақ тәрізді көрінеді. «Шаруаның шалқак орағын, / Орақ пен Балға одағын?! / Айналас елден болар ма» - деп кеңестік қоғамның құрылу жолынан, тарихынан біраз толғаған ақын танктей талай от кешкен трактордың ескерткіш боп тұғырға орнауын және қарапайым палаткалы «Шатырда тудай оқ тескен / Музейде тұрса тұрақты?!» - деп оқиғаның қайда бет бұрғанын аңдатады да, кім болса да сірә адамға сенетін, орта жасты, кең денелі, жауырынды, бет пішіні орысқа да ұқсайтын, көз бітімі қазаққа да келетін кейіркерімен жүздестіреді. Москваның елге мәшһүр музей залындағы Шыңғыс ханның шатырындай оқ тескен, небір жалын-түтінге ысталған қос (палатка) жанында тұрған Тыңбай-Целинникпен танстырады. Ақын поэмасының қаһарманы Тыңбай мінезі аңқылдаған даладай, жымиғаны жарқыраған баладай, аузын ашса, көмейі көрінетін ақшарқын адам болып шығады.

Тың игерудің даңқты еңбек ері Тыңбайдың өмір хикаялары келесі «Түлектің түлеуі» атты бөлімінде толық баяндалады. Кейіпкерін қонақ үйге ерте келген автор оның соғыс жылдарында балалық шақта бастан кешкен мұңлы тағдырын, аянышты халін қағаз бетіне түсіре бастайды. Оқиға кейіпкері өзі баяндайды, ара гідік үшінші жақтан автор ой қосады. «Қанымда - дала қаны, қазақ қаны, / Жанымда талайлардың үлесі бар» деп әңгіме тигін ағытқан Тыңбай сол сұрапыл соғыстың зардаптарын баяндай отырып, «Аялап әкем қазақ, шешем орыс» деп шығу тегін де жасырып қалмайды. Батыс шекарадағы ел-жұртының соғыс өртіне бірінші кезігуі - тарихи шындық.

Біздің үй бірер жылдан Бресте еді,
Командир әкем шепте, күресте өлді.
Мерт болды анам жаудың бомбасынан,
Дүре деп осыны айтам бір естегі.

Фашистер кәріні атты, баланы атты
Мені бір белорусь шал паналатты.
Жаныма зор үлесі бар деп білем,
Осынау қамқор болған дана қартты [207, 233 б.].
(«Қыран дала»)

Осылайша белорусь Пимен қарттың панасына іліккен, қамқорлығын көрген Тыңбай өсіп-жетіледі. «Мен сені жұртқа айтамын жиенім деп» - сырт көзден жасырын ұстаған қарт бала құлағына: Ұмытпа, әкең атын, шешен атын, / Ұмытпа ұлтыңды іштей, жүр «елім» деп» айтуды да естен шығармайды. Сонау Николай патша заманында басына күн туып, қазақ даласына

жер аударылып барған Пимень қария түз иелерінің салт-дәстүрлерінен хабардар болумен бірге тілін де жақсы білетін болып шықты. Қазақ халқы туралы Пимень қарт:

Қалтқысыз қазақ деген жомарт халық,
Біраз жыл бірге жүргем жол атқарып.
Дос үшін қан мен терін қиюға бар,
Қолына орақ та алып, жарақ та алып.

- деп аузын ашса, жан-жүрегі көрінетін халықтың біраз жақсы мінезін жария етіп, «жиеніне» сен де ертең өз еліңе ораласың, мен сені сақтауға борыштымын деген ой айтады. Кешікпей соғыс та бітеді. Он класты бітірген жасөспірім қарттың ұсынысы бойынша тракторшы-комбайыншы кәсібін игереді. Арада жылдар өтіп атасының аманатын арқалап Тынбай туған елі Қазақстанға келеді. « - Сонымен, - деді, - данқты Елу төртте / - Қарсы алды ақ борандар ұйтқып лаң...».

Поэманың соңғы эпилог алдындағы «Сәлем, тың жер, туған жер» бөлімін шығарманың кульминациясы десек те болар. Идеялық мақсат осы бөлімде толыққанды шешімін табады. Қазақстан даласын дүбірлеткен тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны сол кезеңнің ұлы тарихи саясаты боп қоғамның дамуында өз орнын алды. «...Майдангер ғана біледі / Шабуыл деген не екенін / Майданмен бейне бір еді / «Тың» атты айқас мекені» - деп жырлайды автор сол науқан суретін дөп басып.

Атойға тартқан солдаттай,
Аттанып жатты вокзалдан.
Шықпашы пәлен сағатта
Қызылжар, Қараой, Ақжалдан.

Батпаққа батқан танктей
Омылды қарға ДТ-лар
Адамдар жаурап талықты,
Дүлейден қалай құтылар? [207, 240 б.].

Тыңның игерілу қалпын көрсетуде ақын желге тіл бітіріп, оны сөйлетудің амалын қарастырып, адамдарға қарсы тұрар қосымша күш есебінде қолданады. «Теке жел тентек мүйіздеп, / Тәніңді тінгіп өтеді / Шатырды жерге тигізбей, / Қаңбақтай қуып кетеді». Боранды да өзінің перзенті санаған желдің тың игерушілерге көрсеткен құқайын бейнелеу арқылы да поэма авторы оқиға барысын күрделендіре түседі. Желден тараған ұрпақтар есебінде боран да, қара дауыл да, аңызак та, қысқасы тыңшылардың сайын даладағы ерен еңбегінің оңай болмағанын көрсету жолында ақын түрлі-түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, шығарманың көркемдік қуатын арттырған. Оқиға соңы Бименде мен Пимен атты қос ұлы бар, соғыс жылдары көп баламен бірге келіп, қазақ даласынан пана тапқан Ленинградтық жары бар Тынбай – Целинниктің бақыт құшағына кенелген суретімен аяқталады. Екі ұлы да әке жолын қуып комбайыншы атанған.

Олар да - дән теңізі штурманы;

Қолында - комбайынның штурвалы.
Қош алды өткен жазда әр күні таң
Бір үйден қатар шыққан үш тұлғаны.

«Сөз соңында» аталған қорытынды бөлімде ақын Тыңбай сынды қазақ даласын астықты өлкеге айналдыру жолында ерен еңбек үлгісін танытқан ардагерлерді ардақтау керектігіне назар аударады. «Бас иіп тұрды алдында Тыңбайлардың / Басшысы партияның, ел ағасы» деген тармақтардан тың игеру оқиғасының қаншалықты саяси мәнге ие болғандығын аңғарып-байқауға болады. «Көтерген жерді, жерден көтерілген / Мың алғыс целинниктер - космонавтар!» немесе «Мың алғыс, асау қиял, ақ армандар, / Самайы Целинада ағарғандар» - деп келетін жыр өрімінде Қазақстан үшін тарихи маңызы бар дәуірдің үлкен оқиғасының ерлерін ұмытпау, оларды құрметтеудің ізгі ықыласы жатыр.

Түйіп айтқанда «Қыран дала» - Жұбанның эпикалық жанрда қалам тербеудің үздік шебері екендігін танытатын тұщымды дүние қатарына жатады.

Мемлекеттік маңызы бар мәселеде қоғам дамуының үзіліссіз белесінде не бір қиындықты жеңуге болатынын, ол үшін халықты ұйымдастыра білетін кемел басшы болу керек дейтін ойды аңғартатын поэма - «Сел» деп аталады. Поэма 1975 жазылған, ал оқыс оқиға апаты 1973 жылы елді аяғынан тік тұрғызған. Сол күннен басталған поэманың бірінші шумағы елдің зәресін алған апатты оқиғаны хабарлаудан бастап өрбиді.

Мың тоғыз жүз жетпіс үш,
Он бесінші июль,
Жексенбі...

Оқыстан болған апатқа әдейі назар аударғысы келген автор жоғарыдағы үш тармақты екі рет қайталайды. Бұл да болса туындының аса маңызды тақырыпты қозғамаққа бет алғанын аңғартып, ескерте кетсе керекті.

Сол жылы
Сол ай,
Сол күні,
Қуаныш,
Шұғыла мол күні
Жер-дүние дерсің теңселді
Кім көрген мұндай жойқынды?!
Кім бөгер топан толқынды?! [207, 254 б.]
(«Сел»)

- деп қаратпа мәнде басталған поэма бірімен-бірі сабақтасқан сегіз бөлімнен құралған. Көлемі - тым ұзақтау. Ұзақ болу себебін де түсінуге болады. Өйткені Алматыдай үлкен әсем қаланың басына төнген бұлтты серпу үшін күрескен жандардың образын суреттеумен бірге республика Басшысының тұлғалық портреті де сомдалған. Одан (*Басшыдан - З.М., Ж.М.*) жоғары тұрған тағы бір мәртебелі орын бар. Ол – Мәскеу.

Поэмада сел қауіпінен сақтанған алматылықтардың тіршілігі бейнеленеді. Ақын қаланың белді-белді әсем құрылыстарын бірте-бірте түгендеп, олардың бүлінуіне жол беруге болмайтынын лирикалық кейіпкердің атынан баяндап, алдын ала істеліп жатқан іс-шараларды публицистика тілінде сөйлетеді. Шығарманың тақырыбын ойдағыдай ашу үшін ақын қауіптің төнген нүктесі Алатаудың Медеу шатқалынан басталатын күре жолдардың оң, сол қатпарларындағы Мыңжылқы, Кіші Алматы өзені, Есік көлі, «Горельник» турбазасы, Тұйықсу, Шымбұлақ, Қыздаркеткен, Күнбел, Басарық т.б. әлеуметтік маңызы бар өзекті нысандармен байланыстыра жырлайды. Поэмадағы бас қаланың басына төнген қауіпті ыдыратуға ат салысып жүргендерді ұйымдастырып, бір қолдан жең, бір қолдан бас шығаруға ұйытқы болып отырған бір жан бар. Ол - Басшы. Оның бейнесін ақын «Тау бет жақ терезе тұсында, / Сұсы ұқсап қыран құс сұсына, / Оң қолда телефон - трубка, / Басшы адам сөйлеп тұрыпты», «- Сел! - деді сөйтіп Мәскеуге, - / Келеді су мен тас кеулеп / Жолында Медеу бөгеті» - деп іске араластырады. Поэмадағы Басшы прототипі - Қазақ ССР Компартиясының бірінші секретары, қазақтың аяулы тұлғасы - Дінмухаммед Ахметұлы Қонаев. Басшы шығармада шешуші тұлға ретінде көрінеді. Барлық жауапкершілікті мойнына алған Басшы бейнесін туынды авторы шынайы бере білген.

Сарапқа сап тұр Басшы сыр, ақылын,

Оймен көріп тасқынның сұрапылын.

«Медеу медет болмаса осы апатқа,

Мен ғана, о халқым, сұра құнын!...»

Автор шығарманың әр бөлімінде Басшының халық алдындағы жауапкершілікті жоғары сезінгенін дөп басып көрсетуге тырысқан. «Селк етіп, сұм түс көріп оянғандай, / Секундта терге Басшы боянғандай, / Қуанды бұл қиялы екеніне, / Серпіліп, сенім билеп, ноян жандай» деп мінездейді. Поэмада селге тосқауыл қойып, бөгет тұрғызған қарапайым еңбек адамдарының, жоғары білімді инженер-техниктердің, әскерилердің, жалпы алғанда Медеу шатқалында берік қорған тұрғызып, әсем қала Алматыны апаттан алып қалған жандардың бейбіт күндегі ерліктері арқау етілген.

Қазақ әдебиетінде Жұбанға дейін Т. Жароковтың «Тасқын» поэмасы аталған тақырыпты алғаш жырлаған көркем дүние екенін (1962 жылғы сел апаты туралы) айта кету жөн болмақ. Ол туралы Жұбан да: «Тасқынмен айқаста бастапқы / Ескерткіш секілді тас тақты, / Өттең-ай, алып-ақ тастапты! / «Тас» деуден ой әрі аспапты» - дей келе:

Толғаған

Тайырдай дүр ақын,

Дастандай

Еске сап тұратын

Сонау бір күн атын, жыл атын.

Ел рухы, қуатын мұратын....

- деп ой түйеді.

«Сел» - табиғат апатын бұғақтай білген елдің құрметіне қойылған ескерткіш-дастан десек те болғандай. Ж. Молдағалиевтің «Қыран дала», «Сел» поэмалары 1978 жылы КСРО мемлекеттік сыйлығын иеленеді.

Ал ақынның 1970 жылы Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығына ие болған поэмасы - «Кісен ашқан». Поэма Құрмағазы Сағырбаевтың күйімен аталып, жазылуының да үлкен сыры бар. Ғасырлар бойы алмағайып замандарда не бір зұлматтарды бастан кешкен халықтың тағдырының сурет-белгілерін ұмыттырмаққа бел буған сынды көрінеді бұл дастан. Жазылған жылы - 1969.

«Кісен ашқан» - күйдің аты,
Күй иесі - Құрмағазы
«Кісен ашқан» - сыйдың аты,
Сый иесі - Құрмағазы

Дыбыстайды ұлы оркестр
Бабасының дыбысымен
Тыныстайды ұлы оркестр
Данасының тынысымен [207, 207 б.]

(«Кісен ашқан»)

Поэма осылай басталады да автор ұлы күйші туындыларын орындаушылардың өнерімен таныстыра бастайды. Күйші мен күй орындаушыларының, яки оркестрдің арасындағы шабыт тұтастығын ашуда автор бірыңғай анафоралық қайталауларды қолданып өлеңге эмоциялық түр үстеген.

Құрекеңнің екпінімен,
Құрмағазы дауылымен
Құрекеңнің кек тілімен,
Құрмағазы дәуірімен

Құрекеңнің жалынымен
Құрмағазы мұратымен

- деген тармақтардан поэма егесінің «Бұл күй - қазақ шежіресі, / Бұл - халықтың көкей көзі. / Бұл күй - қиял терезесі, / Бұл - Құрманның дөкей кезі» - яки аталған күй мен оркестрдің халық басынан өткен жайды баяндаушы, байланыстырушы күш-құрал, көркемдік кілт есебінде қарастырған. Шығарма тінінде қазақ халқының бастан кешкен тіршілігін елестетіп екі бейне отыр. Оның бірі - қария шал, екіншісі - жас келіншек. Автор туындының даму қозғалысын осы екеудің образына жинақтаған. Шығарманың басынан аяғына дейін өткен заман мен бүгінгі шаттық дәуірді салыстыра саралап шығуды мақсат еткен ақын тың көркемдік тәсілді таңдаған. «...Қатар отыр екі заман - / Жас келіншек, қария шал». Осы екеуге мінездеме беріп, оларды сипаттай келе ақын шығармасының идеологиялық мақсаты айқындалып, тақырыбы толықтай ашылған. Алайда қарт пен келіншек залда отырған көрермен түрінде қалады, аты да, заты да белгісіз жандар. Ол туралы ақын: «Келіншек пен қария да / Арқауы емес дастанымның / Аты да жоқ жарияға / Бұл

бейтаныс достарымның» - деп айырып көрсетеді де «Рұқсатсыз өздерінен / Күй тыңдадым құлағыммен» - деп түйсік сырын аңғартады. Көркемдік әдіс тәсілдерді шебер меңгерген ақын шығарманың композициялық құрылысын таңдауда дәстүрлі формада ауытқып, еркін лирикалық формаға жүтінген.

«Кісен ашқан» - әдебиет пен саз өнерінің әр текті бола тұра, философиялық, психологиялық тұрғыдан синкретті байланысқа түсе алатынын айғақтайтын дастан-поэма.

Ж. Молдағалиевтің 1969 жылы жазылған «Айттым сәлем» поэмасы лирикалық толғаныстан тұрады. Бірінші жақтан баяндалған әңгіме өзегі өткенді еске түсіру, сол дәуірдің хал-күйі, жастардың жастық шақты өткізу хикаяты сынды басталғанымен түп негізі баянсыз махаббат иелері Сарман-Шолпан тағдырына кеп тіреледі. Лирикалық кейіпкер аузымен автор «Жаям саған жанымды, о перизат, / Жиырмасыншы ғасырдан жүз жыл кіші», «Оқисың ғой сен өмірбаянымды / Бар болғаны бір ғасыр алыс тұрып», «О, жиырма бірінші ғасыр қызы, / Сен не дер ең, осылай айырылса арман?» - деген тіркесті сөйлемдерді айтқызады. Поэманың ХХІ ғасырдан тура отыз бір жыл бұрын жазылғанын ескерсек, бұл туындыны автордың келер ғасыр жастарына қалдырған аманат-шығармасы деп қабылдармыз анық. Лирикалық бейненің жасқа арнаған үнінде: «Қалқам, қабыл құй алғын, құй алмағын, / Сол үшін де мен сені қиялдадым. / Төмпешікпін бұл хатты оқырда сен, / Қос ғасырға - ғұмыр аз - сыя алмадым» деген де жолдар кездеседі.

Өткен ғасырдың 30 жылдарында АқЖайықтың жағасы, Хан орманында бас қосқан жастардың арасында үш кейіпкер ерекше көзге түседі. Олар - оқиғаны баяндаушы ақын немесе басқаша айтқанда әдеби кейіпкер және бір-біріне ессіз ғашық Сарман мен Шолпан. Өзі сұлу, әдемі һәм ақылды қызға сөз айтып, хат жолдаушылар аз емес, алайда «кристалдың кіршіксіз шақпағындай, аппақ ару» өзгелерден түк ерекшелігі жоқ «ұзын тұра, дудар бас, қара бала» Сарманға ғана жүрегінен жол ашты. Арман қуып, студенттік шақтың қызығына тоймай жүрген қыз-жігіттердің шырқын соғыс бұзады. Ел қорғауға сұранып Сарман аттанды бірінші, соңын ала Шолпан да шинел киіп сарбаздар қатарына тұрады. Екі жас бір бөлімде табысады.

Жолдарымыз майданда қатар жүрді
Бір бөлімде өткіздік қатер жылды
Ол жыл – қырық үшінші алапат жыл
Жауқазынның жанымның қатал жұлды.

Қатал жұлды қопарып жүрегімнен
Ең бақытты жанмын деп жүр едім мен.
Сонда, сонау Днепр жағасында
Қош айтыстым жас көңіл күндеріммен [207, 202 б.]
(«Айттым сәлем»)

Арада көп жылдар өтіп кездескенде өз тағдырын лирикалық бейнеге баяндаған Шолпан басынан кешкен жайттарды мұңлы күйде шертеді. «Сол арада төмпе боп Сарман қалды, / Жарқын күлкі, жалын жыр, арман қалды. /

Мен мылтыққа сүйеніп, тәлтіректеп, / Әрі кеттім, тіріше қарманғалы» деп сыр шерткен Шолпан соғыс біткеннен кейін елге оралмай, сүйгені Сарманның сүйегі жатқан селоға барып дәрігер боп орналасқан. Туысқан украин халқы ердің басына ескерткіш орнатып берген. Шығармада екі халық арасындағы достық, туысқандық қатынастар бекем көрінеді.

Айнала дос, ағайын әлпештеген,
Жиырма жылда бірі жоқ шәлкес келген.
Сарманға олар ескерткіш орнатысты
Сонда өткізем әр таңды, әр кешті мен

Қарсы бетте Днепр жағасында
Ұқсап біздің Сарманның ағысына
Тұр биікте ақын Тарас
Жырын басып жанымның жарасына

Сүйгені үшін өзінің жастық шағын құрбан еткен жанды автор «Құрбан қылып қызығын әйелдіктің, / Табиғаттан талақ боп жол таңдаған» деп сипаттаса, ал Шолпанның махаббатқа беріктігі:

Қалды сөйтіп жастық шақ, сауық деген
Бекер екен нәпсіні қауіп деген.
Жар болудың ләззатын татпасам да,
Жесірі боп жұбаныш тауып келем

- деген монологтан көрінеді.

Автордың анау ғасырларда өткен Ләйлі-Мәжнүн, Қозы мен Баяндардай адал махаббат иелері қатарынан Сарман мен Шолпанды да қосуы – құптарлық жайт. «Бұдан артық білмеймін махаббатты / Бұдан артық қайтемін бақ дәметіп», «Отқа күйді жығылды, орға да олар, / Махаббатты, өмірді қорғады олар» - деп жырлайды ақын.

Оқиға Сарман жерленген жердің топырағын алып, Ақ Жайық жағасындағы Хан орманына келген Шолпанмен ойда жоқта кездесіп қалған лирикалық бейненің толғанысымен басталып, «О, жиырма бірінші ғасыр қызы, / Сен не дер ең, осылай айырылса арман?» деген сауалмен толықтырылып, сөз соңы «Сәлемімді жігітше бастасам да / Тамамдайын баяғы бабаң болып» деп аяқталады.

Ұлы Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің бірінші шумағын эпиграф етіп алып жазылған поэманың маңыздылығы абырт жастары бар қоғамда мәңгі жойылмақ емес.

Ж. Молдағалиевтің оқырмандар жылы қабылдаған және бірнеше шетел тіліне аударылған поэмасы - «Жыр туралы жыр» деп аталады. Шығарма 1956 жылы жазылған. Майдангер ақын Жұбанға Ұлы Отан соғысының батыры, сол сұрапылда жау қолынан қаза тапқан татардың даңқты шайыры Мұса Жәлел туралы жазу қажеттілігі маза бермеген тәрізді. Жау тұтқынында, Маообат түрмесінде отырып, жауына берілмей, камерада тұншықтырылған ақынның өмірінің соңғы сәттерін бейнелеген шығармасы оқырманын шынайылығымен баурайды. Лирикалық толғаныс сегіз бөліктен тұрады.

Әдеби шегініс тәсілін қолданған автор шығарманың кіріспе прологын залға жыр тыңдауға жиналған халықтан бастайды.

Жайласып жатыр ақырын
Зал толы - жырдың достары
Тыңдамақ абзал ақынын
Ардақты Отандастары

Ақын ше? Ақын келмеді,
Бос күтті төрде бір орын...
Күмбірлеп залды кернеді,
Сөз алып сонда жыры оның:

(«Жыр туралы жыр»)

«- Іздесе мені кімде-кім, / Шырағдан етсін жырымды / Жырымның жайса өрмегін, / Табар да, ұғар сырымды». Күтерін біліп жұртының, осылай деген ақынның монологы шығарма тінінде үзбей көрініп, оқырманына сырын ақтарып отырады. Үшінші жақтан автор кейіпкерінің жан толқынысын қуаттап, оған демеу болып, Мұса трагедиясының қатпарларын ақтарып, қаһармандық бейне түзеді. Жырлану тәсілі шығарманың көркемдік әрін қоюлатып, туынды идеясы мен тақырыбының ашылуына сеп болған. Кейіпкерімен ойша еркін араласып, оның мұңын жоқтауға белсене кіріскен автор көркем бейненің мақсатқа сай сомдалуына жағдай туғызған.

Автордың Мұса Жәлел ғұмырын терең зерттеп барып, шығарманы жазуға сосын кіріскені аңғарылады. Поэма мазмұнында шумақтар қатарын толықтырған Мұса өлеңдерінен алынған үзінділер шығарма салмағын арттыра түскен. Мұсаның монологын туынды авторы сәтті қиюластырған. «Кіргенше жаңа айқасқа / Бір өлең жазып қалайын / Ұйқыны, Мұса, қой таста, / Тұрайын. Қайда қаламым?» - деген оралымдарға қоса «- Жаным жоқ менің бұл жерде, / Халқымда қалды ол менің, / Өлмейді халық өмірде, / Ендеше мен де өлмейтін!» - деген тіркестердің біріншісінде қолына қалам алып жазбаса тұра алмайтын ақын табиғаты суреттелсе, екінші мысалда «Өлмегің келсе, жалбарын / Жаныңды суырып аламын» - деп шүйілген жандарм офицеріне қарсы тұрған Мұсаның батырлық тұлғасы бейнеленген.

Поэманың «Жыр туралы жыр» деп аталуының да үлкен мәні бар, яки Жыр - Мұса». Жұбан Мұса бейнесін Жыр деп алып атайды. Бұны есімінің өзі жырға айналған ақынды оқырманға таныстыруда, ерлігін паш етуде шығарма авторының өзіндік жаңалығы, тәсілі деп қабылдаған жөн. Жыр бейнесінің ақындық табиғат-талаптарына сай қимыл-әрекеті яки шабыт қысқан сөз шайырының басына өлім қауіпі төніп тұрса да «Буынын жинап Жыр қазір / Іздейді тың түр, тың ырғақ!», «Жуса да тәнін қызыл қан, / Жатар ма ақын құр қарап: / «Бермей-ақ қойсын үзім нан, / Берсеші қағаз бір парақ! - деп келетін жолдардан жазбай тұра алмайтын, жазбаса жаны ләззат таппайтын Мұса - Жырдың, нағыз ақынның толыққанды қаһармандық деңгейге дейін көтерілген бейнесін көреміз.

Мұса Жәлелдің түрмеде көрген азабын ақын оның айналасындағы өзге де ұлт өкілдерінің достық қарым-қатынасынан алынған материалдар негізіне сүйене жырлаған. Өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда автор оқиға ізінен ауытқымай, туынды детальдарын нақты мысалдар айналасына жинақтаған.

Мұсаның жырын сақтаған

Бельгиялық парттизан:

Жоқ, - дейді, - ондай жақсы адам,

Көргем жоқ одан артық жан [206, 200 б.]

(«Жыр туралы жыр»)

Ажал камерасының отын жағып, өлім аузына алып келген тұтқынның соңғы сәттегі суреті шығарманың шарықтау шегіне жеткендігін айғақтайды. «Есікті ашып қалды да, / Жендеттер оқыс тоқтатады. / Тұтқын жан емес алдында / Тұрғандай мылтық оқтаулы». Өлімге бас имеген Мұса Жәлелдің соңғы суреті ерлік атты ұғымның мәнін ұлықтай түсетін шумақтар қатарын толықтырары анық.

Қарсы алып ажал үкімін,

Адамдай мүлде бейтарап,

Таянып екі мықынын,

Қасқая тұтқын тұр қарап.

Сыз түрме сорған жүзінде,

Қараңғы жеген көзінде

Толы от, ерлік, сұлулық

Осы бір шақтың өзінде...

Жұбанның бұл поэмасы соғыстың салған лаңының құрбандары қазақта Абдолла Жұмағалиев, татарда Мұса Жәлел сияқты ақындар ерлігін паш еткен көркем әдебиеттегі рухани жаңғырудың жарқын мысалына лайық, сөз өнерінің асыл қазына қорына қосылған ғұмырлық дүниелер боп сақталары анық. Көрнекті ақын Есенбай Дүйсенбайұлы: «Кезінде бүкіл Кеңестер Одағына кең танылған кемел ақын Жұбан Молдағалиев Ұлы Отан соғысы деп аталатын алапатта «оқ пен оттың астынан» әдебиетке келген майдангер ұрпақтың өкілі еді. Сондықтан оның шығармаларында бұл тақырып негізгі орын алуы заңды» [208, 6 б.] –деп атап көрсетеді.

Түйіп айтқанда Жұбан Молдағалиев - қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында артына мол мұра қалдырған кең құлашты эпик, нәзік дирик, қарымды қаламгер. Оның шығармалары ұлт құндылықтарын әріден қозғаған өзіндік ерекшеліктерімен маңызды сипатқа ие дүниелер.

Жұбан қаламгерлігі – оның ақындық, жазушылық қырларымен қоса қайраткерлік тұлғасымен біте жымдасып, қоғамдық өмірдің рухани қозғаушы күшіне айналып, ел-жұртымен бірге жасасып келеді.

11 БЕРҚАЙЫР АМАНШИН (1924-1985)

11.1 Поэзия көкжиегі, тақырып төркіні

Қазақ әдебиетінің барлық жанрында дерлік қалам тербеген қаламгер Б. Аманшин 1924 жылы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Батпақтыкөл ауылында 11 қарашада дүниеге келген. Отбасылық жағдайымен әр қилы жерде көшіп-қонып жүріп білім алған Берқайыр өз өмірінің кей тұстарынан былайша сыр шертеді: «Мен ертеректің өзінде орысша-қазақша мектеп бітірген қызметкер әкенің арқасында жоқшылық көрмей, зиялы, мәдениетті семьяда тәрбиелендім. Алғаш Астрахань облысында татар мектебіне бардым, одан алтыншы класқа дейін қазақша оқып, соғыстың алдыңғы жылдары Орынборда орыс мектебінде оқуға тура келді. Менің бақытыма белгілі революционер Николай Бауманмен гимназияда бірге оқыған Иван Рудольфович Матицкий деген тәжірбиелі мұғалімнің класына тап болып, орысша үйрендім, сол кісінің көп пайдасы тиді. Бұл оқуларды кейін Алматыда Каз ПИ-дің тіл-әдебиет факультетінде оқып жалғастырдым» [209, 6 б.].

1953 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын бітірген Б. Аманшин Қазақстан КП Орталық комитетінде, Алматы облысында жауапты қызметтер атқарған. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында, мәдениет министрлігінде, «Мәдениет және тұрмыс» журналында, Қазақстан жазушылар Одағында әр түрлі қызметтер атқарады. 1959-1965 жылдары Жазушылар Одағының Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінде қызмет жасады.

Берқайыр Аманшиннің алғашқы өлеңдер жинағы «Өлеңдер» (1954) атпен басылып шықты. Ал тұңғыш баспа бетін көрген өлеңі «Биылғы май» 1942 жылы Гурьев облыстық газетінде жарияланыпты. Аталған туындылардың аталуы, шығу тарихы туралы автор «Өлеңім-Өмірім» [210, 5 б.] атты еңбегінде кеңінен баяндайды.

Жан-жақты дарын, қарымды қаламгердің артында қалдырған мол әдеби, рухани, ғылыми мұралары төмендегідей тізімді құрайды: «Өлеңдер» (1954), «Жылқылы ауылда» (1954), «Жетісу Жайық» (1961), «Бұтақтағы бұлбұлдар» (1958), «Маңғыстауым менің» (1972), «Жайық желі» (1978), «Көкжар» (1971), «Жар мұңы» (1968), «Исатайдың семсері» (1968), «Жақия» (1968), «Ақ жүректер» (1975), «Гүл көтерген» (1982), «Құтты мекен» (1984), «Исатайдың семсері» (1990), «Махамбеттің тағдыры» (1991), «Бекқайыр» (2002), «Жыр семсер» (2004), «Қос өзен» (2004). Әр жанрды қамтыған бұл кітаптардың бірқатары екінші басылым көрген (толықтырылып, өңделіп) дүниелер.

Сонымен бірге Берқайыр Аманшин әдебиет зерттеушісі де. Оның Махамбеттанудағы еңбегі ересен.

Шығармашылық жолын өлеңнен бастаған Б. Аманшин қазақ поэзиясына, оның бай қазынасын толықтыруға өзіндік үлесін ала келді, өз үнімен келді. Қазақтың кең даласында туып-өсіп, бар ұлттық салт-дәстүрлерді көзімен көріп, бастан кешкен ақынның елін, туған халқын жақсы

көруі, құрметтеуі - оның поэзиясының басты арқауы болып желі тартқан. Мәселен, «Жүрегім - далам», «Құттыхана», «Құлдығыңа мен дайын», «Сүйем сені», «Дала жыры» туындылары авторлық, ақындық, ұстаным бағытын айқындай түседі. Елін, жұртын, Отанын құттыханаға теңеген ақын шағын туындысында тарихи деректі көркем шындыққа айналдырады.

Қайран халқым, елім! - деп
Талай дүлдүл сөз алған...
Өз атымды өзім көп
Айта алмайтын кез болған.

Бұратана атандық
Ата-мекен төрінде
Жау тиіссе аттандық
Басты байлап өлімге [211, 14.6].
(«Құттыхана»)

Өлеңде халықтың өткен тарихы, жүріп өткен жолдарының іздері сақталған. Сол жаугершілік заманда қалған обалардың көптігін айтумен бірге «Оба бола білдік те, / Қала салмау - білместік» екенін де сынға ала жырлайды ақын. Ақын ойы халық тұжырымымен орайласып, сабақтасып отырады. Өйткені даламыз кең, даламыз бай болса да бай бола алмауымыз, кең даланың аядай тарылғанын, сорлау, сол сықылды кейде екі анамыз бола тұра, мал табуға олақ болуымыз - баршасы қазақтың ұлттық бітім-болымысын, жаратылысын танытатын өлшем бірліктері болса керек. Ұлттық мінездің көп қырлы сырын, әлді һәм әлсіз тұстарын түгендеген ақынның нысанаға алған тірек мысалдары да қазақ тарихынан алынған. Мәселен: «Қараңғы едік, / Сонда да / Надандыққа баспадық, / Қарсы сөйлеп ордада, / Хан тұқымын жасқадық» деуі де шындыққа саяды. Ал «Жерде ханнан қазаққа / Көкке құдай жақын-ды. Құдай дедік мадақтап / Батыр менен ақынды» - бұл енді атадан балаға мирас боп қалған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қанға біткен мінез. Батыры мен ақынын құлай сүю, оған ештеңені тең көрмеу - тек қана қазаққа ғана тән данышпандық ұғым-түсінік десек, қателесеміз. Соны ақын Б. Аманшин сыпайы ғана дәлелдемекке ұмтылған.

Доспыз, кейде қырбаймыз
Бір шаңырақ астында,-
Махамбетті туған біз
Тудық Ықыласты да

Құрманғазы тіріде
Керең болдық, қап әттең!
Абайды да күнінде
Сабай жаздап қалмап па ең?!

Бір-екі мысалмен қазақ ұлтының, қазақ халқының психологиялық – философиялық, био-саналық портретін ажарлаған ақын елін, жұртын сүюдің, таңсы көрудің озық үлгісін де танытады. Өлең түйінінде сен кім болсаң да,

қандай болсаң да, халқыңнан үлкен емессің, халық ол - құттыхана, құтты мекен деген түлегіш ой жатыр. Ақынның сыни көзқарасы басында күшті болғанымен бірте-бірте бәсеңсіп, елін елжірей сүйген кейіпкердің дана ой-тұжырымына бас иеміз.

Халқым!
Кімсің сен сонда?
Елсің - құттыханасың,
Бірде дана болсаң да
Бірде құдды баласың

Қартсың,
Әрі жассың да, -
Қаз қалпында мәңгілік
Ақ аспанның астында
Атың жүрсін жаңғырып!

Б. Аманшин ақындық алымын кең жүрегінен сүзіліп, кеудесін жарып шыққан өлеңі - «Жүрегім - далам» деп аталатын шығармасы жарқырата, тарата түсті. Мұнда автор өзінің ыстық сезімін, іңкәр көңілін әріге бүкпей ағынан жарыла жырлайды. Ана тілінің байлығы, көркемдеуіш, әрлеуіш құралдарға айналып, өлеңге ерекше реңк-мән үстеп, оқырманын еріксіз жетелей жөнеледі. Бірінен-бірі өткен әдемі тіркестер тізіліп, сап құрап, өзара сайысқа түскендей әсер қалдырады. Оқушысын жалықтырмай сатылай орналасқан шумақтардың әрқайсысында қазақ даласының әсем пейзажы орын тепкен. Оқылық:

Құйтақандай жүрегім!
Құдіретісің-ау ғаламның,
Бір өзіңе сыйыпты
бар болымысы даламның -
сұлулығы, кеңдігі
жарты әлемді ап жатқан;
Сарқылмайтын байлығы
сары алтынды жолға атқан;
айдың салқын тамшысы,
күннің қызыл сәулесі,
қырдың пүліш көрпесі,
таудың жібек сәлдесі,
көк бүршіктің терлеуі,
көбелектің гүл түсі,
таңғы желдің ызыңы,
тауда бұлақ күлкісі...
Тар кеудеме тұныпты
тіл жетпейтін ғажаптар -
қысқы аппақ түтектер,
жадыраған жаз шақтар! [212, 9 б.].

(«Жүрегім - далам»)

Ақынның туған даласына деген махаббатында шек жоқтай. Құлай сүйе жырлайды. Осы бір ғана шумақта әдеби тілдің бар байлығы туынды төріне қонақтаған. Әрлеуіш құбылыстар (эпитет, метафора, кейіптеу, арнау, синоним, антоним т.б.) бір-бірімен жарыса сөйлейді. Әр құрал өз қызметін сәтті атқарып тұр. Басы артық құбылыс (сөз не тіркес) жоқ, баршасы өз орнын тауып орналасқан. Өлеңнің келесі шумақтарында ақын өзінің өлең сапарындағы бағдаршамын кең даласының құшағына сыйғыза ұлы шайырдың есімімен және қазақ ауылының құдірет қуатымен байланыстыра сабақтайды.

Жазғы дала, кең дала -
құтты қоныс қала, ауыл -
Қаратөбе өз ауылым,
Абай ауылы Қарауыл ...
Екі арасын жол қылдым,
жырды жырға жалғадым.
Жеткізбеді жыр-сапар,
жеткізбеді арманым.
Жетпесем де қалғам жоқ,
қарбаластан қатардан.
Алға жолға сүйреді
күнде аппақ атар таң.

Өлеңде тек ауыл-аймақтың ғана емес, қала-шаһарлардың да суреті бейнеленген. Мәселен: «Қалаларым тізілген қатар-қатар томдардай, / Әйнектері алтынмен ақын жазған жолдардай» деп сипатталса, ауылдың келбетін қазақы ұғымға жақын, баршаға түсінікті қалпында суреттейді: «Адамдарым жаюлы / Дастархандай ас қойған - / Жүзім қойған, нан қойған, ал қазақта бас қойған». Қала мен ауыл арасының байланыс тіршілігін: «Қалаларым арасы күміс өзен, жасыл бақ / Ауыл-ауыл арасы – / Айқыш ұйқыш жол шумақ...» - деп қарбалас тіршілік аясында алып жырлайды. Кең байтақ даланың ауылы мен қаласын байланыстыратын, әрине, жолдар. Жолдың өзінде тағдырлы тарих бар. «Жолдар! Жолдар бетінде менің дағы ізім бар / Сол іздерім үстінде сары желдер ызындар. / Қайда жолдар апарар, қай тұйықта тоқталар? / Өмір - карта бетінде қандай белгі боп қалар?». Лирикалық әуенге, терең философиялық мәнерге ауысқан ақынның бір мезет адамзат арман еткен өшпейтін, өлмейтін утопиялық қиялды көзқарасы да оқырманға әсер етері анық. Өмір-карта бетіне өз жүрек қалауымен үңілген ақынның қиял сезімі қол жетпес арман болса-дағы, көптеген жүректерде үміт сәулесін жағары, елестетері анық.

Туған жерім!
Жотаңда
титтей төмпе жүк пе осы -
бір өмірдің ақырғы
қайырмасы, нүктесі?

Ол да бір күн жоғалар,
желдер мүжіп, су қашап...

Қайта сосын тусаңшы,
қайта туған ай құсап!

Өмір-карта ақ бетін,
Қайта, шіркін, жол қылсақ!

«Жүрегім - далам» - ақынның туған жеріне құрметі мен сағынышын танытатын және өзінің ішкі сезім, ой мұратын айқындайтын толыққанды туынды.

Халқын, Отанын құлай сүйген ақынның іші-бауырын елжіретіп дүниеге келген өлеңі - «Құлдығыңа мен дайын» деп аталыпты. Қашанда халқына елімен жұртына қызмет етуге дайын ақын:

Халқым!
Мені жұмсап бақ,
Маңдай терім моншақтап,
Мен барымды салайын [211, 18 б.]
(«Құлдығыңа мен дайын»)

– деп жырлайды.

Елінің сүйеніші, таянышы болуға әрқашан әзір екенін ашық мәлімдеген лирикалық кейіпкердің монологында Отанын шын сүйген шынайы патриоттық үні басым. «Сүрінгенде сүйейін, / Таянышың болайын, / Ыстығыңа күйейін, / Суығыңа тоңайын» - деген ыстық ықыласын білдірген персонаждық ойына иланасыз да, риза боласыз. Халқымен жүрегі бір, тірегі бір жанның қарапайымдылығы, өз мүддесінен гөрі елдің мүддесін жоғары қоюы – оқырманына түрлі ой салады. Ел-жұртты қадірлеудің, Отанды аялаудың, халықты құрметтеудің озық үлгісін көргендей боламыз.

Қалай көрсең сен сонда,
Құлдығыңа мен дайын:
Жаман балаң болсам да
Бөтен балаң болмайын

- деп ой түйеді ақын.

Ақынның поэзияға келуі, ондағы өзіндік қолтаңбасы халқына Б. Аманшиннің қаламдас ағасы былайша ой бөліседі: «Ақынның тақырыптық жағына көңіл аударып көріп ем, бұл өзі адам мен адамның ара қатынасын, сол қатынастың тазалығын, достық пен сүйіспеншілікті, кісілікті, яғни мәңгілік тақырып деп аталатын жағдайларға үңілген екен. Осы төкіректен оның шыншылдығы шығады» [212, 6 б.] - дейді Х. Ерғалиев.

Өзі де белгілі ақын, өлең сөздің қуатын жақсы білетін Х. Ерғалиевтің жоғарыдағы пікіріне дәлел болар шығармалар шоғыры Б. Аманшинде мол саналады. Б. Аманшин өлеңдері оқырманын шынайылығымен баурайды. Қай тақырыпта толғанса да ағынан ақтарылады, бүкпесіз беріле жырлайды. «Межеде», «Бақыт», «Жұлдызым», «Арман жүйрік», «Ой кешу», «Жолаушымын», «Тоқтаман», «Кеш келдім», «Бейуақытта», «Елестер», «Ауруханада» аталған өлеңдерінде ақын өз атынан сөз ала отырып,

лирикалық кейіпкер үнін де жеткізді. Көңіл күй толқынысын өмір ырғағымен байланыстырған бұл туындыларда ақынның өзін қоршаған ортаға көзқарасы таным-білігі аңғарылып отырады. «Меже» өлеңінде елу деген биікке көтерілген ақынның өмір толғанысы сыр боп ақтарылған. Талай жігітке аға атанған, қызылды-жасылды қызықтың көбін көрген кейіпкердің әлі тыныш өмір сүру үшін қауіпті жайттардың бар екенін мегзейді. Ол қауіп - соғыс лаңы. «Жетерімді білдім бе / Елу деген биікке? / Мен ағамын / Бұл күнде / Мендей талай жігітке» деген автор іле-шала: «Қайтем бірақ аға боп / Көңілім жап-жас қалпында? / Балалығым қалған жоқ / Базынам жүрер халқыма» - деп ой-пайымын одан әрі тарқата түседі. Желкені жалтыл қаққан көңілдің желқайығына отырып, өмірдің көлін кешіп, туған өлкесін армансыз кезген кейіпкер есеп-жырында шабыттана көсіледі.

Жарық аспан астында,
Жердің тердім жылуын.
Жақын жүрдім жақсыға,
Жанның толғап сұлуын.

Сұлулық көп ғаламда,
Сүйдік соны тірлікте.
Ел тыныш, бас аманда
Еркін ойнап-күлдік те [211, 19 б.].

(«Меже»)

Солай десе де, әлі де жарық дүниеде қауіп бар екенін ақын кейіпкері еске сап, ескертіп өтеді. «Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында» демекші «өкінгендей ғапыл қап» жүрмейікші дегенді қаперге салады.

Сонда-дағы адамның
Жаулары аз ба жолында?-
Сыршыл кейде қаламым
Селт етеді қолымда

Пытырлайды терезем,
Столымда оқ шрршып,
Бар адамзат сол мезет
Оянғандай дүр шошып...

Осындай қауіптің болып қалу мүмкіндігін алға тартқан кейіпкердің ендігі арман-тілегі тек қана амандық, елдің тыныштығы. Бейбітшілікті уағыздайды. Сұмдық тажалдан ел-жұртым, халқым аман болса екен - деп тілейді.

Тоқта, соғыс дабылы!
Жоғал сұмдық елесі!
Тыныш қарсы ал, ауылым,
Атап таңды келесі.

Халқына мамыражай тыныштық тілей келе, ақындар қауымының еңбек зейнетінің, қалам бейнетінің рақатын көру, сезіну стихиясын әзілдей, астарлай ой қорытады.

Дамылдасын халық жай
Ай жарқырап әйнектен
Тек ақындар қалғымай
Таңды атырсын бейнетпен

«Бақыт» - атынан аңғарылғандай әркімнің тағдырына бұйырған сәтті мезетті айқындайтын туынды. Ол күннен, айдан, жылдардан тұрады немесе бір ғана сәттік, минуттық өлшемдерден тұруы ықтимал. Осылай аталған оптимизмде автор бақыттың қадір-қасиетін әркімнің әрқалай түсінетінін, қабылдайтынын көпке мағлұм критерийлерді нұсқап жырлайды.

Бақыт!
Ол не?
Қонғаны ма мансап, бақ?
Көп қырғында қалу ма аман жан сақтап?
Байлық па әлде, машина мен дача ма?
Жақсы жар ма жұрт мақтаған жан жақтан?

(«Бақыт»)

Ақын пайымына сүйенсек, «Бақыт деуге микроннан ол аз тым» әрі оны күнде тауып, күнде қайта жоғалтасың, сондай-ақ «Тәңірімбісің - атың бар да өзің жоқ? / Тағдырымбысың - өзің бар, да атың жоқ? Шығармадағы тоқ етер түйін: «Әнші құстай ақ көңілім жырлатып, / Әлденеге мәзбін, шатпын кей уақыт». Ең қызығы: «Аңсап соны, бір сүрініп, бір тұрып, / Жетпесем де қуа берсем - сол бақыт!».

«Жұлдызым» өлеңінде ақын аспандағы өзі ен тағып, белгілеп алған аспан денесімен сырласады. Жұлдызына арнап ой толғытады. Жаны қысылып сасқанда, соған жүгінеді. Жұлдызына ешкімге айтпаған жан сырын ақтарып, жылылық сәулесін төгуді, одан көз жазып қалмауды аманат етеді.

Жүзеді титтей
жұлдызым менің аспанда.
Қараймын соны,
күйзеліп жаным сасқанда,
Еріксіз келген
жалығып жалған бақыттан,
Еркіммен кірген
түрмемнен аулақ қашқанда [211, 30 б.].

(«Жұлдызым»)

Жұлдызбенен тілдесіп, оған мұңын шаққан автордың моногты жыр-сыры бұл пішінде сәтті шыққан. Өмір мен өнер жарысында өз орнын тауып, белгілеудің мәнін айқындап, аңғартпаққа негізделген өлеңнің бастапқы тармағы «Арман жүйрік» деп басталады. Бұл туынды мазмұнында көрсетілген мәселелер қай оқырманға да ой салары анық. Өйткені ат шығаруды, атақ шығаруды автор мұқұм жұрт ойлап жүргеннен басқаша

формада түсіндіреді. Бұл жерде «Атың шықпаса, жер өрте» мақалсымақтың маңызы жойылған. «Арман жүйрік, / Адам өзі шабандоз» деген ұйғарымға келген ақын «Мұны - адамзатты жамандау деме», өйткені «Өмір – бір көш», / Ілесе алмай қалдың деп, / Кейінгілер айтпағай тек саған дау» дейді де өмір көшінің басы, бел ортасы және соңы болатынын баяндайды. Сол сатыдан өз орнында сұрап алма, танып ал дейді. Ақын философиясы шындықтан алыстамайды. «Өмір - жарыс, бірі қалған, бірі озған / Өмір – күрес / Кейде ұрысқа ұласқан». Алайда автордың байламы біреу ғана

Мен бұл көштен

Қалман,

Қалсам - адаспан.

Мен жарыстың

бәйгесіне таласпан.

Мен күресте

Жығылмай да, жықпай да,

Атақсыз-ақ

атым елге шыққай да!

Ақын ешбір атақ-дәрежесіз, өзі айтқан ұстаным-биігінде қалды. Ол қарапайымдықты ту етіп көтерді.

Ой бірлігі мазмұндас, тамырлас екі өлең «Ой кешу» және «Жолаушымын» деп аталыпты. Мазасыздана ойға берілген кейіпкердің айтпағы өмірде қай нәрсенің де мерейлі қуанышпен қатар бейнетті, ылайлы тұстары болатынын аңғарту. «Ой кешем шексіз, мазасыз, / Мүсіркеп мейлің ұрсындар / Көңілімнің мөлдір тазасын / Ылайлап кетті бір сұмдар» - деп басталған туынды тәлімі балалық шақтағы кезең мен ересек дәуір-дәуреннің ара жігін салыстыра суреттеуден тұрады. Бал даурен балалық шақтағы гүл-байтақ қызыл-жасыл боп құлпырып тұрған өмірді жанаттай көріп, жалықпай кезіп жүрген бейненің айдынды даңғыл жолы «ауырлай берді бертінде».

Бар екен алда көп өткел,

Бар екен гүлде тікендер.

Ұға алмайды екен бөбектер,

Құтылмайды екен үлкендер [211, 34 б.].

(«Ой кешу»)

Мазасыз ой кешкен кейіпкердің «Жолаушымын» деп жар салуының тегінде айналасына шуақ шашқан, тек қана жақсылық тілеген мейірбан жанның қамқор көңілі жатыр, сондай-ақ сыни ойлары қылаң беріп қалады. Жолда көп кідіруді қаламайтын жолаушының бастаған істері де көп, бітірмегені де көп. «Қуанғанды келеді құттықтағым, / Қам көңілді келеді бүтіндегім» деп ақ ниетпен ақтарыла: «Мен адамға тіледім жақсылық тек, / Олжалаттым барымды шашылып көп» деп торығуына себер болған жәйт: Мен сенуші ем: өмірде қаралық аз, / Ақтық пенен адалдық баршылық, деп». Автор қорытынды ойын, тоқ етер сөзін соңғы шумақтарға қамапты.

Кей кейде бар осыман алданғаным,

Әдірә қалып ақ ниет армандарым...

Жақсылыққа мен кейде қуанбадым,
Жамандыққа мен кейде таңданбадым.

(«Жолаушымын»)

Ал «Тоқтаман» өлеңінде ақын жоғарыда талданған екі туындыдағы ойды одан әрі жетілдіріп, дамыта түседі. Лирикалық бейненің сезіміне оқырман тасадан көз салып, ешкімге айтпай сырына қаныға түседі. Өйткені ақын баяндап отырған өмірдің кейбір күйбің, күрделі тіршіліктері кім-кімге де таныс, әркімнің басынан өткен, өтпесе, өтетін құбылыстар. Селдей лепірген көңіл, тоқсан өрім боп байланған ой «Жақсы болам деп жүріп, / Жаза басқан жерім көп» сынды оқиғаларға жеткізсе, кей тұстарда: «Бірде ғашық көзіммен / Бәз біреуге құмартып, / Өзге түгіл өзімнен / Оны көрдім тым артық» сияқты жәйттерді де жасыра алмайды. Ал кей сәттерде жек көрген жанның жақсыға айналғанын да еске салады.

Бірде - бәлки орнымен -
Бәз біреуді жек көрдім.
Және кейін оның мен
Жақсылығын көп көрдім.

Жақсы көрдім, жек көрдім,
Білмей басқа айласын,
Тек бейтарап кетпедім,
Бастың ойлап пайдасын. [209, 149 б.]

(«Тоқтаман»)

Өмірдің ауыр соқпағынан өтіп, талай құлап сорласа да, алқымнан алған тұрмыстың тезіне де төтеп берген кейіпкердің байламы біреу ғана: «Өзгере алмай қойғаным, / Осынау бір қалпымна» Ғұмыр сапарының бел ортасынан ауған шақта енді тоқтатудың болмайтынын түсінген кейіпкер белді бекем буыған сыңайлы көрінеді.

Мақтар, даттар оны кім -
Келіп-кетер жоқ маған.
Көбін өттім жолымның,
Қалғанына тоқтаман.

Ақынның кейіпкерінің келбетін ашып көрсетер өлеңдерге «Кеш келдім», «Бейуақта», «Елестер» аталған өлең-жырлар жатады. Мұнда негізінен толқыныстан туған бір сәттік сезім көріністері, лирикалық бейненің ішкі дүлей сыры, арман мен қиялға бөккен көңіл толқыныстары сыр боп ақтарылады. Ішке жиналған, баяғыдан шемең боп қатқан сырын ақтарған лирикалық бейненің толқынысын ақын табиғаттың тосын мінез танытар құбылыстарымен бірге параллель алып жырлайды.

Сезімнің селдетті де ақ жаңбыры
Бейуақта көл бұрқанып, тау жаңғырды.
Ақ топан, асау сарын өршіп-тасып,
Әсем күй, асқақ әнге кетті ұласып
Білмедім, ұйқыда ма ем, ояу ма едім? [209, 150 б.]

(«Бейуақта»)

Көңіл сырын ірікпей, таусып айтып, қызылды-жасылды дүниенің барша кереметін тізіп айтып, өзіне әсер берген құбылыстың иіріміне батып-жүзген кейіпкер тынши алмай толғана тіл қатады. «Ән бітті, енді жарқ-жұрық бояу көрдім. / Ақ, қызыл, жасыл, көкшіл, сары, сырлы, / От түстес, гүл түстесі тағы түрлі / Құлпырды бал-бұл жанып көз алдымда, / Бұл әлде сұлулықтың базары ма?.../ Не іздедім, қайда асықтым, кімді аңсадым? / Әйтеуір әуре етті бір сылаң сағым». Одан әрі де кейіпкер қиялының жанды оқиға тудырған елес-арманы бірде көк теңізде жүзген ақша бұлт болып, бірде көк теңізде қалқыған тұман болып, бір уақыт сары белге көшіп қонған мұнар болып қалқиды. Риторикалық сұрақты жаудырған бейне-тұлға сауал-сұрақ қойған боп көрінгенмен, осы сан сауалдың астарында өзінің ішкі дүние қоймасынан, жан сарайынан сыр шашып отырғанын аңдамағандай.

Шалқыған ай астында салқын көл ме?
Аққудың сұңқылы ма кеште жүзген?
Ән бе әлде ұмыт қалып еске түскен?
Самал ма жай желпінген қарсы алдымнан?
Иісі ме нәрестенің мен сағынған?
Жоғалтқан тұңғыш махаббатым ба екен?
Күбірлеп күнде айтатын атым ба екен?
Білмедім, ұйқыда ма ем, ояу ма едім?
Ән бе едің, әлде әдемі бояу ма едің?

Сан түрлі, сан қилы сұрақтармен-ақ көңіл көкжиегін аршып, тазалап алған лирикалық бейне өзін толғандырған сезім мәселелерінің түйткілді тұстарын атап көрсетіп, саналмай келе төмендегіше тоқтамға бас тіреді. Әрине, бұнда да толықтай шешілген ештеңе жоқ, сол баяғы қусаң жеткізбейтін елес-арман, көңіл тыншытар алданыш қана.

Әйтеуір әуре еттің бір сылаң сағым,
Білмедім, қайда асықтым, кімді аңсадым?...
Сен мейлің, сандырақ деп сенбе мейлің,
Өтеді өстіп түнім кейде менің.
Өтеді жақсы армандай, жақын келмей...
Мен жүрмін түсін көріп, атын білмей

«Елестер» - «Бейуақтың» ой-идеясын басшылыққа алып жазылған, тақырыбы орайлас өлең. Көңіл күйдің кірбінінен тазаруды алғашқы туындыда («Бейуақ») автор сауал-сұрақ формасында берсе, бұл өлеңінде бір-ақ жерде сұрақ қойылады да, қалған өрім хабарлы сөйлем нұсқасында қанат жайған. Мәселен, «Ажарлы күндер өтті», / Мазалы түндер өтті, / Бір бақыт күнде келді, / Бір бақыт күнде кетті... / Бақыт па, бейнетім бе, / Серігім кейде түнде? -. Елес болып көрінсе де, «Қызарып ақшам болып, / Қытықтап жақсы ән болып, / Қалтылдап ақ нұр болып, / Сатырлап жаңбыр болып, / Я, күткен досым болып, / Қуантады тосын келіп» - түрінде мереке сыйлағандай болғанымен, соңғы жағы, аяқ тұсы шынында да кәдімгі елестің өзі дегізгендей.

Ару боп қулық сақтап,
Ажал боп күліп сақ-сақ,
Я тосын шошытады...
Зым-зия тосын тағы -
Таң атса тайып көзден,
Ғаріппін ғайып кезген.

(«Елестер»)

Ақын Б. Аманшин поэзиясының толымды тұсын оның еңбек адамдарына, атап айтқанда жұмысшылар мен қарапайым еңбеккерлерге және еңбек ұясының - қазба кен орындары мен өндіріс ошақтарына арналған өлең-жырлар құрайды. Қоғам құрылысшыларының жаңа өмір орнатудағы ерен еңбектерін ақын шабыттана жырға қосты. Ен даланың қай түкпіріне барса да, қайнаған қызу еңбек майданына тап болған қаламгердің өзі көзімен көрген бейбіт өмір тынысын танытатын өлең-жырларының қай-қайсында да өзі өмір сүріп отырған заманның, өзі мүшесі боп табылатын қоғамның ізі мен табы бар. Әсіресе Маңғыстау, Атырау мұнайшыларының маңдай терімен табылған табыстарын жырлауға келгенде ақын шабыт пырағына мінеді. «Маңғыстаудың моншақтары», «Мұнара орман», «Шетпе», «Барлаушы», «Қараой», «Дөкей Құлсары», «Қарт мұнайшы», «Құмдағы мұнай» т.б. туындыларында еңбек адамының бейнесін бір саты жоғары көтерген. Туынды кейіпкерлері жеке дара аталмаса да жалпылама (қарт мұнайшы, жирен мұртты бұрғышы, т.т.) тұрғыда олардың еңбек іс-әрекеттері сипаттала шолу түрінде баяндалады. Айталық, «Қарт мұнайшы» өлеңінде кейіпкерінің мықтылығын «Қартың күшті, күшті-ақ тым,- / Үсті-басы қара тер, / Басып қалса рычагті, / Би билейді қара жер» - деп портреттік мінездеуді кейіптеумен кірістіреді де, одан әрі:

Бұл кісі берік болаттай, -
Майысса да сынбаған
Ойға алғанын орнатпай,
Өр жүрегі тынбаған.

Қарттарды көрсен кейде осы -
Құдайың алда тұр мейлі -
Еңкейгенмен еңсесі,
Ешкімге бас имейді. [211, 154 б.].

(«Қарт мұнайшы»)

- деп теңеулі сөзбен көтере түседі. Мұнай барлаушысының еңбек әркетін екі достың хат алмасып, хал скрасқан екеу ара диалогы түрінде жеткізеді. Тағдыр тәлкегімен әркім өмірден өз орынын тауып, шалғайда жүрген достардың пейіл-ниеттерін, әсіресе мұнайшы-барлаушыға деген жүрек жарды лебізін ақын тебірене баяндайды.

Маңғыстау - алыс түбектен
Мәз қылған жетті бір хатың.
Жан емес едің күнелткен

Жаныңның ойлап рахатын [211, 150 б.].

Жас жағынан, бала кезінен ешбір уайым, шағым айтпай, мойнына көп жүк алуды ерте үйренген досының бұл күнде ел баласына, халық қамқоршысына айналғанын мақтаныш еткен кейіпкер досының жайын ойлап күйзеледі. «Кәзір де құба түздерде, / Үйің жоқ, бәлкім күйің жоқ, / Жапанды жалғыз кезгенде / Жүргенде шығар қиын боп» - деп сары уайыға салынса да, барлаушы досының хат жолдарына үңіле келе көңілі саябыр табады.

«Адымым қысқа болса да,
Қолым-ақ ұзын екен» деп,
Жұмысың жайын әр сала,
Жазыпсың хатта көркемдеп –

Ұзын қол - болат бұрғымен
Тереңін қаздың даланың.
«Барлаушы болып келіп ем,
Мұнайшы болып қаламын» -

Соңғы тіркес, соңғы сөзге ерекше мән берген автор «Бәрі тұр осы сөзде тек - / Еңбегің, өзің, бақытың. / Мақтап бір теңеу іздесем - / Сен үшін арзан ақы тым» - деп ой қорытады. Досты достың көргісі келетіні анық, сондықтан: «Ал, кәне қолың дайында, / Жаныңның аппақ белгісі - / Қолыңның қара майында!». Ақын мұнайшының көркем бейнесін шағын шумақтарға толығымен сыйғыза білген. Мұнай кені орналасқан өндірістің галереясын сипаттаған өлеңдер қатарына «Маңғыстаудың моншақтары», «Мұнара орман», «Қарой», «Шетпе», «Дөкей Құлсары», «Құмдағы мұнай» сынды туындылар кіреді. Ақын өндіріс ошақтарын бейне бір салтанаты келіскен құтты мекендей оларға жан бітіре, тіл бітіре суреттейді. «Мұнаралар, мұнаралар - / Маңғыстауда маң далада, / Түнде тынбай шулайды олар, / Шоқ лақтырып айналаға». «Зәулім түнде қара аспанды айғыздап жатқан от қамшылар, оның сәулесінде қараңдап ұшқан көне бейіттің байғыздары, күндізгі ала-кеуімдегі түтінге көк шымылдық боп керілген мұнаралардың күнде алға жылжып, көшіп-қонып отыруын туынды авторы иланымды, әсерлі берген. Өлеңнің қуаттылығы сонда - ақын темір-терсекке жан бітіріп, оларға көркемдік әр кіргізіп, әдеби өң сыйлап, сөйлете білген.

Күптей құрыш балтырлары
Жер тепкілеп, алмай тыным,
Жер бетіне атқылайды
Жер астының қара алтынын

Екпіндейді мұнай толқын
Болат тұрба мың арнамен ...
Сарнайды жер, тынбай жойқын
Салады егіс мұнарамен [211, 149 б.]
(«Мұнара орман»)

Осы сынды кенішті өлкенің қазба байлығын арттырған мекендердің бейнелі, әдеби-көркем суреттері полотно бетіне жазылуына автор көп еңбек сіңірген. Мәселен, ойнақтаған бозғыл шаңды айқыш-ұйқыш тілгілеген от, сұлық жатқан барша маңды сілкілеген айбын күш, қат-қат жер астындағы кара алтынның көкке атқызған көрінісін әдемі бере білген. Тәкәппар мұнаралардың, от қарпыған мұнаралардың батыр қолға ұруын ақын әспеттей, дәріптей келе:

Бүгін түбек маң даласы

Бейнесі осы әр шақтағы:

Қазақстан қарқарасы -

Маңғыстаудың моншақтары [211, 148 б.].

- деп түйіндейді.

«Қарой», «Шетпе», «Дөкей Құлсары», «Сайөтесте» өлеңдерінде жұмысшылар қауымының елді мекендердегі өмір тіршілігі жергілікті топономикалық атаулармен байланысты алынып, ел ішіндегі ауызекі әңгімелер арқау болған. Аталған өлеңдерде Өзен, Жетібай, Құлсары, Өтес, Қарой сияқты топонимдер, оларды тұрақ етіп, бақытын еңбектен тапқан жандардың жер байлығын арттырып, кен ошағын игерудегі табыстары жырланады.

Далада туып, далада өскен қазақтың бір өкілі өзі боп табылатын Б. Аманшиннің туған жер, өскен ел хақындағы туындылары оқушысын Отанын сүйуге, құрметтеуге баулиды. Ақынның «Дала жыры», «Армысың кең дала», «Өң мен түс», «Жайықта», «Ақ күмбездер», «Тыңнан хат», «Көктемгі ауыл», «Тойда», «Сол домбыра бұраулы» аталған өлең-жырларында ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі, сол ауылда еңбек етіп жатқан адамдардың қарекеті арқылы беріледі. Татулығы жарасқан ауыл адамдарының жайдары келбеті, қуанышты жүзі, әзілдері үйлескен замандастар бейнесін ақын боямасыз өз қалпында береді. Күлімдеген күн мен ашық аспан астында еңбек етіп, қызған қырманның, астықты алқаптың, күрішті таулардың басы-қасында жүрген, тың даланы игеруші жастар - ақын өлеңдерінің басты қаһармандары. Мысалы, «Дала жырында»:

Дала бай, дала жомарт десін мейлі,

Ол өзінен осалды менсінбейді.

Қол созған қазынама батыр болса,

Майданға күш сынасар келсін, дейді.

- деп дала байлығын игеруші батырдың қандай болмағына шарт қойса, «Армысың, кең далада»:

Армысың, кең дала -

Ақ селеу, қоңыр бел?!

Сені аңсап келгенде

Қабыл ал, қолың бер!

- деп дала жұртына иіліп тәу етеді. Ақын кейіпкері: «Оталғыш жүрегімді мотор қылып, / Қопарғыш қос қолымды күрек қылып» - деп, тағы бірде: «Далада бірге түнеп достарыммен, / Билет қып өлеңімді қосқа кірем» немесе:

«Айнала егінжай», / Ақ толқын жарысты» / , Тың дала төсінде, / «Тағдырлар табысты» - деп дала төсіндегі қызу еңбекке араласа кетеді. Ал «Өң мен түсте»:

Айналам аппақ,

Ақ бидай

Жапырлай басын ырғады.

Топылған тентек толқындай -

Толықсып соның тұрғаны [210, 104 б.].

- деп түсінде көрген өмірді өңінде көргеніне риза қалып танытқан кейіпкер үніне құлақ түрсек, «Жайықта» аталған туындыда жайлы бір жаздың шағында Жайықты өрлеп жоғары ұшқан үйрек-қаз, айналасын ну қоршаған көгілдір көлдер, көк көлдерді о бір заманда батырлар атын суарған, жарқырап жатқан өткелдерді, яки сұлу да әсем табиғат тамашасын суреттей келе:

Өткелден аулақ қыр бетте

Қайтерсің, пай пай егінді?!

Егін бе сырлы сурет пе

Сиқырлап алған көңілімді [210, 107 б.].

- деп тағы да егін-жайдың, еңбек даласының, құт болған алтын алқаптың бейнелі суретін өлең тілімен өнектейді.

«Ақ күмбездер» өлеңіне күрішшілердің ақ алтыннан тау күмбез тұрғызған ересен еңбектері арқау болған. «Көз жетпейді шетіне - / Аспан асты толғандай, / Ақ күрішім мол қандай!» - деп күнді кештеу батырып, таңды ерте атырып жүрген тынымсыз еңбек иелерінің портретін береді. Көздің жауын алған бұл суретті ақын «Күріш таулар күмбезі, / Сырдың сұлу бұл кезі» деп бейнелейді.

Ақын Б. Аманшиннің өзіне тән қолтаңбасын айқындар тұс - ол не жазса да, әуелі оқиғаны баяндамас бұрын оған барар жолды белгілеп алады. Айталық, «Тыңнан хат» өлеңінде тың игерушілердің басынан кешкен тіршілікті айтпас бұрын сол кезеңнің мекен-мезгілін, табиғатын баяндап барып, негізгі тақырыпқа түседі. Мәселен, «Ала қар дейді, ала қар... / Қарсыз жері қандай аз! / Қаңтарменен барабар / Қылшылдайды түнде аяз» деп өлең сөздің құлақ күйін келтірсе, «Көктемгі ауыл» өлеңінде ауыл адамдарының науқандық жұмысын баяндамас бұрын / Тағы да көктем келді, көктем келді, / Көктемім - күткен айым көптен бергі, / Ақкүміс аяқ асты жарқыраған / Көл-көлмек, шашып салдың көп теңгенді» - деп аталған жыл мезгілінің көрінісін кейіптеп барып, негізгі оқиғаға оралады. Бұндай тәсіл ақынның өзге тақырыптағы туындыларында жиі қолданылып, оқырманын бірте-бірте, ақырын-ақырын, жәйімен ғана баурап алып, сонынан ертіп, алып кетеді. Аталған соңғы туындыда сюжеттік оқиға бар. Көктемнің кереметіне еліккен жандардың іс-әрекетін баян еткенде ақын бір уақыт әзілге де орын береді. Өлеңде жылы юмор, зілсіз әзіл бар.

Топ бала кетті соған ұзап ойнап,

Келеді көлден кемпір бұзау айдап.

Көшемен көк «Москвич» тайпалтқанда,
Қараған шеткі ауладан қыз-ау бойлап.

Шуақта қыстан қалған шөп үстінде,
Шақшасын сүйеп қойып кебісіне
Шал отыр оқып «Мөлдір махаббатты» -
Асықсын қай малына, егісіне! [211, 162 б.].

Ауыл кеңсесінің маңы ағылған машина. Ертеңнен басталған дабыр-дабыр көп әңгіме. Қызып жатқан кеңес. Мәселе: «Ал, қайтеміз, / Тамбаса былтырғыдай тағы жаңбыр?...». «Көк түтін секретарьдың кабинеті, / Бұл да емес ала жаздың бар бейнеті. / «Қой қырку», «Шөп», «Мектеп» деп қыңқылдайды. / Столда календардың әрбір беті». Осылай қарбалас шаруанын жайын айта келіп, ақын бір мезет тағы да табиғаттың, көктемнің, оның саф ауасының, бұлт шалмаған көкпеңбек кешкі көрінісін суреттей: «Кеуденде күмбірлейді көңілді күй, / Бәрі ұмыт боп бейнеттің өткен-кеткен» - деп барлық шаруаны ұмыттырар күштің көктем екендігіне баса назар аударады. Көктемнің құдіретін, оның адам сезімін билегіш қасиетін танытуды ақын соңғы шумаққа сақтапты. Оған дәлел - туынды басында таныстырылған көк «Москвич» пен шеткі ауладан мойнын созған бойжеткен болып шықты.

Жаңа үміт, жақсы үміттер билеп алып,
Тұрасың үнсіз со бір күйге бағып.
... Қоймайды көк «Москвич»

Қыз ақыры

Бешпетін киіп шықты үйге барып.

Ақынның «Тойда» өлеңінде колхоздағы қойшы ауылдың тойына тап болғандағы көрген-түйгені баяндалады. Жаздың аптап ыстығында, қыстың боранды түндерінде, көп бейнетке белшеден батып жүрген еңбек тарландарының бір мезет уақыт тауып, той тойлап жатқан қуаныштарын бөлісіп, құттықтауын жеткізеді. Қолхоздың бәйге бермес саңылақтарының құрметіне үй тігіліп, саба-саба қымыз сапырылып, ән айтылып, күй шертіліп жатқан көңілді кешіне мейірлене қарап, толғанысқа түседі. Қаратауды жағалай қонған елді ауылдың айқара ашылған ақ көңілдеріне, ақ жарма пейілдеріне ризашылықпен қарап, олардың бейнеті мен зейнеті қатар жүретін еңбектеріне бағасын берді.

Сол әнге қосқым келді мен де үнімді,
Мадақтап, малшы ағайын, ерлігіңді.
Дәм татып өз қолыңнан мынау інің,
Қадырын еңбегіінің енді білді.

Жаз аптап майданға алып дала күнін,
Тыңдаушы ең қысқы түнде боран үнін.
Белшеден көп бейнетті кешіп едің,
Көрші енді бір қызығын соларыңның! [211, 164 б.].

«Сол домбыра бұраулы» - қай қазаққа да ортақ домбыралы үйдің, еліңнің қай аймағына барсаң да алдыңнан шығатын суретін салған шығарма. Алыстан талып жеткен жолаушыны өлең кейіпкері Молдекең қойшы құшақ жая қарсы алып, қонақ етеді. Желдіқара тауында жолыққан жайсаң көңілді қарт адам көпшілікті (ел-жұртты) ауылына шақырып, тәмәм сырын ақтарып, әңгімесін шертеді. Өлең авторы баяндалған оқиғаға арқау болған суреттің мұқым қазаққа ортақ көрініс екендігіне таңданыспен қарап, риза көңілмен тоқталып өтеді.

Үстінде аппақ шатырлы үй,
Сыңғырлаған кең бөлме,
Бәрі таныс зат ылғи,
Біздің үй көшіп келген бе?

Сол дастархан алдымда,
Сол кітаптар жинаулы,
Сұңқылдайды қолында
Домбырасы бұраулы [211, 165 б.].

Ақын Б. Аманшиннің туған жерге деген махаббаты – Қазақстанның қай жерін де (ауыл, қала, елді мекен, өзен-көл т.б.) құлай сүйіп, көкіректен жарып шыққан сөзін, тілегін арнаған өлең-жырларынан айқын көрінеді. Туған мекен туралы өлеңдер шоғыры ақында өте мол, әрі әрқилы, жан-жақты. Өзінің кіндік қаны тамған Қаратөбеден, өскен елі Жайықтан бастау алған туындылар Қазақ жерінің бар түкпірін қамтиды десек те болар. Ал жол сапарлардан туған жырларында Түркменстан, Украина, Қырым түбегіндегі елдер т.б. қамтып, жағырапиялық аймағы кеңі түседі.

11.2 Ақын поэмалары, тарихи деректілік негіздері

Әдебиеттің әр жанрында жемісті еңбек етіп, соңына біраз рухани мұра қалдырған қаламгер Б. Аманшиннің қаламынан туған төрт поэмасы бар. Олар: «Елші», «Даладағы дауыл», «Соңғы сөз», және «Мүслима» аталады. Бұл поэмалардың барлығын әдеби жанрдың табиғатына толық сай келеді деп айту қиындау. Алайда «Елші» мен «Даладағы дауылдың» әдеби-тарихи маңызы зор. Еліміздің даму тарихынан сыр шерткен шығармаларда өмірдегі шындық көріністерінің көркем бейнелеуіне куә боламыз.

Әу бастан, жастайынан зерттеу ісіне ерте араласқан Б. Аманшиннің Махамбет, Салауат Юлаев, «Игорь полкы туралы жыр» сынды әлем туындыларының өңкей бір мықты өкілдеріне назар салып ізденуі, оның эпикалық дүние жазуға тәжірибе жинақтап, үлкен дайындықпен келгенін аңғартса керек.

Берқайырдың «Елші» поэмасы атынан аңғарылғандай екі ел арасындағы тарихи оқиғалардың желісімен жазылған деректі дастан дәрежесін көтеріп тұр. Қазақстан - Ресей байланысын көрсететін шығармада тарихшылар мен саясаткерлердің тілімен айтсақ, «Қазақстанның Россияға өз

еркімен қосылуына» мұрындық болған Әбілқайыр ханның бейнесі көркемделген. Шығарма бай дерек көздеріне негізделген. Поэма желісі екі кейіпкердің басына шоғырланған іс-әрекеттер арқылы дамып отырады. Олардың бірі - Әбілқайыр хан да, екіншісі Ресей елшісі естек нәсілінің өкілі Тәуекелдің Мәмбеті. Шығарма «Кіріспе» аталған бөлімнен өзге тағы да бес бөлікке (I. «Ырғызда», II. «Елші», III. «Егес», IV. «Барақ», V. «Ант») бөлініп, әр бөлімі өз аталуына қарай тарихи оқиғалардан хабар беріп, жазушының алға қойған мұрат-мақсатын танытып, өткен ғасырлардың қатпарында қалған деректерді тірілтеді. Жазушы поэмасының көркемдік қуатын көтеріп, тарихи шындықты жалаулатып, әдеби арнаға құйып тұрған қосымша сала - дерек көздерінің молдығы. Бұның баршасы поэманың салмақ-жүгін арттыра түспесе, кемітпейді.

«Кіріспеде» заман қанша алмасса да аталы ел болып бұл күнге аман-есен жеткендігімізді тәуба қылып, шығу тегімізді түгендеп, ел болудан артық бақыт жоқ екендігі жырланады.

Құралған сан тармақтан
Белгілі арғы түбіміз:
Батыс, Шығыс - әр жақтан,
Құбыладан біріміз
Шартараптан тоғысып,
Бір сүрлеуге түсіп біз
Боз даланы қоныс қып.
Бір құдықтан ішіппіз [210, 135 б.].

(«Елші»)

Қәсібі — мал бағу боп, киіз қалпақ киген қазақтың аң аулап, ит жүгірткен, құс атып, сулы, шулы жерлерде «көтеріңкі еңсеміз, – еңдей көшіп, кең жайлап, Еділ, Ертіс тең қонған, ала шұбар ту байлап, астаналы ел болған» халықтың «қанша мың жыл жасаппыз – кім бар оны санаған?» деп жыр тиегі ағытылады. Арды қолдан бермеген, аламандыққа көнбеген халықтың қысқаша әрі тура мінез-құлқын ақын екі-ақ ауыз сөзбен жеткізеді.

Ат үстінде теңселіп,
Алыс-алыс жер көріп,
Керегені кең құрдық,
Құрықты ұзын салып біз,
Кейінгіге қам қылып,
Кеңнен қоныс алыпмыз

Қазақтың маңдайына біткен келесі байлықты автор «Тағы бір заман өткенде (заман сайын бір машық)» деп алады да: «Құрық емес - кетпегенге / Қазақ ойда жармасып, / Егін егіп, жер жыртып, / Қырманда өгіз айналтты, / Бау-бақшасын сыңсытып, / Бал-шарабын қайнатты». Прозалық үлгідегі тәсілді шебер меңгерген ақын қазақ тарихының түркі тілдес замандағы ортақ дәстүр-тіршілігін «Жерде бейне құс жолы - / Еділ, Жайық сулары, / Көлдеріне құс толды, / Суда балық тулады. / Мұнаралы мазары, / Жыңылдаған базары / Қырда қала қаптады, / Қос-қос темір қақпалы» – деп

жырлап, Адақ пенен Отырар, Шаш, Сығанақ, Сарайшық сынды мәдениет ошақтары бой көтерген ұлы далаға Шыңғыс, Жошы т.б. көз алартқанын баян етеді. Хиуа, Бұқар, Тұранды құзырына қаратып, «Батыр қыпшақ бабамның / Құрытыпты амалын, / Отқа сүйреп тастапты / Отырардың қамалын» деп өткен тарихтан сыр ақтарады. Еуропа мен Азияның енді өлкесін билеген Шыңғыс хан, Сарай хан, Берке хан, одан соңғы Батыстағы Алтын Орда, қырдағы Ақ Орда, Сырдағы Көк орда, Өзбек хан мен Сибан хан «және олардан берірек / Түз қазақты жинаған / Керей менен Жәнібек» – өзіне жете таныс материалдар негізіне сүйенген автор бір мезет ақын-тарихшыға айналып жүре береді.

Көшіпті он мың үйменен
Түркістаннан Еділге
Жәнібектен бергісі
Қасым менен Есім де...
Әз-Тәукенің жарғысы
Және де елдің есінде,

– деп бір қайырады да «Сол Тәукеден тараған» / Жәдік пенен Өсек-ті, / Туса да бір анадан, / Тумағанға есеп-ті» - деп екі рулы елдей боп өштесіп өткен, бірі-бірін көрмеуге бел буған Жәдіктің Аралға, Өсектің Торғайға көшуін әңгімелеу арқылы сол бір өткен замандардағы тарихи оқиғаларды тірілтеді ақын-жылнамашы. Поэма кіріспесіндегі ұзақ-сонар баяндаулардан хандық дәуірдегі ел-жұрттың, тұрмыс-тірішілігі, дала заңының өзіндік табиғи ерекшеліктері саралана жырланады.

Поэманың «Ырғыз» аталған бірінші бөлімі үш бөлімшеден құралған. Ақын әр бөлімшенің оқиғасын әр бөлек алып қарастырады. 1- бөлімшеде Өске ханнан ерген ұрпақтың ең белгілі, жүзі игі қайырымдысы Әбілқайырдың бейнесін сомдау арқылы болған, өтіп жатқан іс-әрекетті соның айналасына жинайды. Ырғыз даласындағы беті ашық жақтан Ресей қанауынан қашқан қара шекпенділердің көріне бастауы, орыс халқына мінездеме беріліп, олардың күнкөріс қалпы да сол кезеңнің түсінік-ұғымына сай беріледі. «Орыс! Орыс! / Орманда / Топырақтан көп дейді, / Ақ пиғылмен барғанға / Арамдығы жоқ дейді, / Қысы-жазы бір жұртта, / Көшпейді; түз шықпайды. / Тамақтары кіл ботқа, / Дастарханы тақтайлы. / Малға кедей, Соқамен / Жер тырналап, нан жейді. / Сойылы жоқ болғанымен / Зеңбірегі нән дейді».

Ал оңтүстік-шығыстағы жоңғарлардың салған лаңын ақын «Жалпақ басып жалғанды, / Жылда шауып қазақты, итжыртпағаға салған-ды. / Ұлы жүздің ел-жұртын, / Басына сап ноқтасын, / Жанына сап салғыртын / Мыңғыртып көп мал айдап, / Мың-мың құл мен күң айдап / Ел серкесін бауыздап, / Ел тұнығын лайлап, / Дүрледі ойрат, торғауыт / Доба-Шона қоңтәжі. / Қанды саят қым-қуыт, / Қазақ - қоян, ол - тазы... / Арты қуғын, алды азап, / Арқаланар жүгі - өлім, / Жұттан бетер... бар қазақ / Ұстап қалды жүгенін» – деп ащы да болса тарихи шындықты тірілтеді поэма авторы.

Сол дәуірдегі қазақтың басына төнген нәубетті «Құр ойпат боп көп қалды / Қу мола боп жер қалды, – / Көзге қамшы тигендей / Қазекен шыр айналды» – деп боямасыз қалпында шешен сөйлеп безбендейді. «Әдіре қалды кара орман, / Жайрап Ұлы жүз қалды, / Табандардан ағарған / Шұбырынды із қалды», – сол ақтабан шұбырынды боп тарихқа енген кезенді «Қаратаудың басынан - / Бос тайлағы жетекте», «Етектен де ел таппай, / Елге тұтқа ел таппай / Күнбатысқа шұбады / Күн астында жер жоқтай» боп созылған көштің суретін сыздықтатудың түпкі нәтижесі – «Ол - жоңғар да, бұл - қазақ, / Жанап кетсе сызықты. / Екеуіне жалғыз-ақ / Ара халық орыс-ты» - тұспалдаудан туған ой шығарманың идеялық мақсатының қайда жатқанын аңғартса керек-ті.

Ырғыз жақта болып жатқан оқиғалардың қайда бет алғанын 1-ші бөлімнің 2-ші және 3-ші бөлімшесінде автор қысқа қайырады. Ойы Аңырақайдағы жеңісте болып мешін жылғы қырғыннан есін әрең жиған қазақтың қазіргі «Қан-қаперсіз жатқаны - тамағының тоқтығы / Көтере алмай тоқтықты / Бір-біріне соқтығып, / Шандатып жүр ой-қырды» жайына алаң болған Әбілқайырдың кіші жүзде хан болып, қасында Бопай ханшасы, қос қанаты - екі інісі Нияз бенен Сарыайғыр бар. «Төрт баласы ер жетіп, / Төрт отауды бір тіккен, / Төрт құбыласы тең кезі». Әйтсе де «Тыныш сосын өлсе-ші, / Көлденеңнен мерт қылмай...» деген алаңдаушылық та бар, алаң көңілде. Хан ойының сан-саққа бөлінуінің екінші бір себебі – Аңырақайдағы шайқаста ерлік көрсеткен, «Қоңтәжіні шапқанның / Қолда бүгін жоқ бірі», сонымен бірге қырық-пышақ боп алған елдің «Құдайға да сенбейді / Ханды да хан демейді, / Қарсы сөйлеп ордада, / Қызыл тілін безейді, / Қамшы тастап ортаға» - қылығы ұнамайды-ақ.

Сол заматтағы қазақтың көрген күні мен оны қоршаған қауіп мол жұрттың қандайлығын танытуды кеңірек сипаттау үшін автор 104 жастағы Елек-ажы абызды сөйлетеді. Самдағы Елек ажы-абыз Әбілқайырға бір кездерде батасын берген және ұлттың басына төнген қауіпті болжай білген көреген ретінде танылады. Қыл ішек қобызын сарната Елек -ажы абыз жауда кеткен жалғыз ұлын жоқтап, күңірене отырып: «- Сен де жассың, жалқысың, / Дейтұғын ол қазаққа, - / Аңдаған жау әр тұсың, / Аржағың да, бер жақ та. / Араб та емес, парсы да / Шың да емессің сен, қарак; / Келгелі осы жасыңа, / Көтергелі шаңырақ, / Үш-ақ өмір өтті тек. (*өмір - бұл жерде гасыр мағынасында берілген, ертеде қазақтар гасыр орнына өмір сөзін қолданған - З.М., Ж.М.*) / Сен санатқа кіргелі. / Орыстай да көк түтек / Ел емессің іргелі. / Кең де қоныс, қотаның, - бір қолда емес, әр қолда. / Құбылада Қоқаның, / Күн бетінде жоңғар да, / Одан да арғы ғажап па / Көзін сұқса шүршітің? / Боз далада қаңбақша / Байыз таппай жүр жұрттың» - деп қазақтың сол дәуірдегі хал-ахуалын айна-қатесіз боямасыз қалпында жырлап береді.

Автор жырауға «Дау-дамайға барсыңдар, / Күнде басың талқыда. / Қиямет күні қайсың бар / Көсем болар халқыңа?» дегенді де айтқызады. Бөлім соңында дөң басында терең ойға батып отырған Әбілқайыр ханың үш жүзді ішкі және сыртқы жаудан қалай аман алып қалуға болады деген алаң

көңілі жанға тыныштық бермегендей. Жараса достыққа сол орыс жарар деген болжамның салмағы да ауырлай түскендей. Қаратауда өткен жиында Барак биден басқасы:

- Билік бердік өзіңе,
- Басшы ендігі - сен, - деген.
- Бір ұжымда болайық, -
деп, - жаулассақ жат елмен, -
құдай жолы қой айтып,
Күлтөбеде ант берген [210, 149 б.].

Шығарманың екінші «Елші» бөлімі - нағыз тақырыпты шешуші аймақ. Оның өзі үш бөлімшеге жіктелген. Елдің ішін дүр еткізіп Петромпордан (Петербург) келіп жатқан ақ патшаның елшісі Тәуекелдің Мәмбетінің қанадай адам екендігі, оған берілген жанама мінез-суреттеме бірінші бөлімшенің мазмұнын түгел алып тұр «Естек дейді нәсілі / Кірес сүйеп шоқынған, / Оқумен көз ашулы / Пәлен тілде оқыған». «Анық көрген көп оны: / Шапаны зер, әдіпті, / Алтын дейді пагоны».

- Жанап кеткен жандарға
жүзі жылы, қолы әзір.
патша бізге - хан-дағы,
бізше, сірә, бұл – уәзір...

- Қазақшаға судай, - деп,
таңғалысты қатыңдар, -
көк арбасы қандай көп
сандық-сандық алтын бар!
Тиеп кепті матаны,
қант-шай да көп десе-ді,
Ақ шатырда жатады,
ағаш дейді төсегі...

Елшінің сән-салтанатын күзететін «Қасындағы ғаскері / (Орысы да, башқұрты) - / Айыбы тек басқа өңі, / Басқа тілі, басқа ұлты. / Бөркі сеңсең құрайыш, / Қара шекпен үстінде, / - Мәмбет айтса тіл алғыш, / Мәмбет сонша күшті ме? / Деп гулесті көргендер». Тағы бір елші туралы мәлімет : « - Паһ! - десті көрмегендер. / Шалқақтады елшіден / Шапан киіп келгендер. / Шапан ба әлде кәрлен бе / Шай ма, бас-бас қант па әлде,- / Ақ шатырды көргендер / Құр қайтпады қайткенде».

Аталған бөлімнің екінші бөлімшесінде Әбілқайырдың елші шатырына жасырын келіп әңгімелесуі, осыған дейін де ауызша да, хатпен де Сейітқұлды Петромпорға Анна қатын-патшаға жібергені, қазақ-орыс арасындағы байланыстардан дамып келе жатқаны т.б. саяси-әлеуметтік мәселелер, қазақты қоршап қауіп төндіріп тұрған Хиуа хандығының Сырдағы Әлім мен Шөменге тізе батыруы орыс елшісі Мәмбет мырзаға баяндалады.

Шығарма авторы сол дәуірдің тынысын танытатын тарихи-деректі материалдарды өз туындысына мол пайдаланған. Әбілқайырға дейін оның

бабасы Өз-Тәукенің Мәскеуге елшілер жіберіп, алайда қастық ойлаған жаулары бұл істі аяғына жеткізуге мүмкіндік бермегенін елші атынан айтқызады, жіберген елшілердің ұшты-күйлі жоқ болып кеткені баяндалады.

Үшінші бөлімшеде хан мен елшінің ұйғарымына келіспеген, яки Қазақ елінің Ресейге қосылуын жақтамаған халық өкілдерінің кішігірім қарсылығына тап боламыз.

Соның бірі – Сырлыбай -
Байбақтының батыры.
Елге тиіп қырғидай,
Елге симай ақыры,
Келген ауып жүз үймен
Үш Аңқаты жерінен,
Жан шошырлық жүзінен,
Жан жүрмейді шенінен

Жігіттері зіңгіттей,
Жау іздеген жанкешті,
Күн демей де, түн күтпей,
Торып жүрген бұл көшті... [210, 160 б.].

Олардың ойынша: «Бізді орысқа хан кәміл / Сыртымыздан сатып жүр. / Мына жүрген - делдал бұл, / Елші деген аты құр». Естек елшіге сенбеген Сырлыбай тобының артында Қарақалпаққа хан болған Қайып пен Өсекеден тараған және бір ұрпақ - Жәдік тұр. Өзара билікке таласқан, байлыққа құмартқанның бірі Барақ та Сырлыбайға сөзі өтетінін біледі. Әбілқайырдың екі оттың ортасында қалып, қиналғанын автор:

Қайыптар көп,
Жауы көп
Әбілқайыр ханыңның,
Бұнымен һәм дауы көп
Байұлы мен Әлімнің.

Байұлы мен Әлімі -
Қарасы мен төресі...
Тілін табу бәрінің -
Қиналатын жері - осы

- деп баяндайды. Өсекені кемсіткен Жәдік тұқымы «Заузатында хандық жоқ / Кіші атаның баласы, / Орысқа қол арттым деп, / Өтті-ау әбден ызасы!» - деп күшіне мініп, арбасы толы алтынды хан өзі иеленбек, олжадан қағылатын Жәдіктер ме сонда деген оймен «Қандай хайла қылсаң да / Бар да байлап алып кел / Елшісін бе, ханын ба. / Әйтпесе алтын жоқ саған - / Деп Барақ хан ауылына / Сырлыбайды жұмсаған».

Поэманың «Егес» аталған үшінші бөлімі елші мырзаның ең сенімді серігі Таймасты ұйықтап жатқан жерінен ұрлап кетуімен басталады. Автор бұл бөлімде дәстүрлі үш бөлімшеден жинақталған оқиғаның беталысына

сілтеме жасап, бағдарлап отырады. «Таймас-ты елші мырзаның / Ең сенімді серігі, / Мойнында еді бір соның / Бүкіл көші-көлігі, / Алпыс арба обозы, / Обозшының баршасы» - деп бейнеленген ол да шапшаң, шарт та-шұртта мәрт болса ше? Әбілқайырға сүйеу болар батырлардың бейнесі осы бөлімде ерекше орын алады. Автор олардың образын ел басына күн туғанда қылған ісімен байланыстыра бейнелейді. Олар: Кіші жүзде Байұлы, Әлім, Жетірудан тараған Нәрікұлы Шора, батыр һәм балуан Бөкенбай, Есет, Сейітқұл, Байбек досы т.б. осы бөлімде сахна төріне шыққан. Ханды қолдаушылардың бірі ретінде кіші жүзде Байұлы сұлтанның алаша ұрпақтары «Батыр Сары, ер Маймақ - / Елінің қос арысы / Найзасына ту байлап, / Билейді алыс-алысты» - және:

Алты мың үй Алаша
Бұлдыртыда сол бар-ды,
Ханды біреу қолдаса,
Еншала, сол қолдар-ды

- делінеді.

Екінші бөлімшеде Бопай-ханшамен ақыл-кеңес құрған Әбілқайырдың «Ақ патшаға қол берді, / Алдап сырттан сатты» деп, / Бақастарым елдегі» - деп сақтанған ханның өзін қолдайтын ақ ниетті азамат-достарға сауын айтып, елші алдында беделін арттырмақ ниетін және ханшайымның жайсыз түсін жорытып, бәтуға келіседі. «Жүз үй тіктірі. / Өркештеніп қалайын / Елші алдында сөйтіп бір» деген ұсынысын Бопай ханша мақұлдайды да өз тұжырымын айтады: «Ұсақтама, Әбеке, / Тышқан-көкпар дауды қой, / Ұзарды ғой көлеңке -/ Жас ортасы ауды ғой» дей келе:

Қанша қалды алдында, -
Еліңде елдік орнықтыр,
Аяқ асты қалдырма,
Қазақ атын қор ғып құр.

Қор болмассың дұрысы,
Орыстарға қол артсаң,
Басталған бұл жұмысты
Бап қылуға жарасаң [210, 171 б.]

- деп бітімшілікті, тыныштықты аңсайтынын жеткізеді.

Үшінші бөлікте Хан ордадан шығып шартарапқа жөнелген шабарларды көреміз. Шақырылған кімдер? Олар: Жетірудың Табыны Бөкенбай мен Есет, Әлімнің ең қалыңы Қаракесек Қабақ, Кетедегі Малай мен Майлыбай, қайынжұрты Маңғыстау мен Самдағы Адай, Байұлында - Алаша, Байбақтыда Асқар, Кіші ананың баласы - Қызылқұрт пен Масқар, қырдағы Келдібай таз бен қосым Шеркеш, Арал менен Сырдағы Қожа мен Тама, Арқадағы Арғын, Керей мен Қыпшақ, қысқасы, үш жақтағы Үш жүз «Шет Ырғыздың бойында, / Өлкейектің қағында / Ақыраптың барында, / Елші-мырза алдында / Жиын болмақ осында».

IV бөлім - «Барақ», бұл да үш бөліктен тұрады. Мұнда Сегізсайда Барақтың қолында тұтқын боп жатқан «алтын погон» елшінің оң қолы Таймасты жауапқа тартқан ашулы топтың картинасы берілген. «Айтсын соны: / Мырзасы (иттің ғана баласы!) / Не деп ханмен сырласты, / Не деп ауыз жаласты?», «Қазақты хан қаншаға / Сатқалы жүр құлдыққа? / Обоздағы ақша ма? / Әлде қылыш, мылтық па? / Айт, шыныңды!» - деп ақырып көк дойырын үйіріп отырған Барақты көреміз.

Таймас та ердің берігі екен, «Үсті қан-қан ол қасқа / Керегеге керулі, / Қасарысты тіл қатпай, / Пәре-пәре жон еті. / Мұнша жанын қинатпай / Өлгені де жөн еді» Тек кірпігі қимылдап, басын шақ көтеріп тұрса да, «Бұл тірі сатпақ емес мырзасын. / Бұған мәлім мырзаның / Бар мақсаты күш салған - / Қазақтардың мал-жанын / Қорғатпақшы дұшпаннан». Орманнан көп орыстың жайда тату болып «Соғыста мылтығыңмен болыс», - деп, / Ақ патшаға хат жазса, / Әбілқайыр хан кеше, / Көбі соны қоштаса, / Азға не жоқ ендеше?» - деп елшісінің сөзін дәлелдемекке ұмтылған тұтқын Таймасқа қарсы елдің ішке бүккен тағы бір сыры бар екен. Ол - жұрттың ішіндегі ең шақары - Шөмекей Баба-бидің кіші інісі, атқыш сұрмерген Байғараны елші обозын торып жүрген жерінен осы естектердің бір солдатты атып өлтірген екен. Сол кекті есте сақтаған шөмекейлер: «Дөйт, дөйт!» - деп ұран салып, ат қойып жүріп мерт болған ердің құнын қайтарғысы келеді. «Естек дейді сол содат / (танымал көк құлақшын). / - Баба би кек болса алмақ, / Мына естекті бұ да атсын! / - Қанға - қан! - деп, түнімен / Барақ ауылы жатпады, / Бесті қымыз буымен / Бақ-бақ етті қарттары».

Екінші бөлімшеде «Өлді екен деп біреуді, / Өзің білмей әлінді, / Құныкер боп не пайда / Құр қоқаңдап құрықпен? / Жең ұшынан одан да / Жалғасса ше ұлықпен?» -деп, Таймасты қайтарып, ақысына бір дорба алтын-күміс алса ше? - деп өз ойын, арам пиғылын елден де, Баба биден де жасырғысы бар Барақтың іс-әрекетіне кезігеміз. Осыған келіссе Таймасты тірі қайтаратынын айтып, Барақ обоздағы елші мырзаға бір жансызын аттандырады. «Құр желпілдеп танауы, / Баба билер тек қалды».

Үшінші бөлікте әкесі - түзде жылқышы, шешесі - есіктегі күң, сол ауылдың бір қызы Гүлбадаммен танысамыз. Тал шыбықтай бұралған қыз түнде ертемен көлге су алуға барғанда тұтқын отырған қостың қасынан өтіп жүреді. Сол кезде қыздың есіне мешін жылында жоңғар шапқыншылығында жауға тұтқын боп кеткен ағасы Бисен түседі: «Еміс-еміс есінде, / Онда тіпті жас, әттең! / Өлсе-ше сол Бисен де / Ол да осындай азаппен?!». Тұтқынға аяушылықпен қараудың соңы Гүлбадамның тұтқын естек Таймасты құтқаруына ұласып, ол Барақтың таң асулы тұрған көк атына мініп, жер қаптырып кетуімен тынады. Аттандап шапқан қуғыншылар жүйрік көк сандалға жете алмай «Қайтып келді бір сайдан / Қара кездік тапқандар». «Сол кездікпен жанулы / Қиып аппақ тамағын, / Өз қолымен Бануды / Бауыздады Барағын».

V. «Ант» - поэманың шешуші бөлімі де әдеттегідей үш бөлімшеден тұрады. Жылдағыдай емес бұл жолы Күлтөбенің басына жиналған халықта

есеп жоқ. «Онда елдің билері / Келіде су түйеді, / Сайрағанда тілдері / Сары інгендей иеді» деп суреттейді ақын шешендердің шеберлігін. «Бүгінгідей жиынды / Бұрын қазақ көрмеген, / Ел ыңғайы биылғы / Бүйітпеске ырық бермеген» - себебі белгілі. Оймауыттағы Әбілқайыр ордасына Күнбатыс пен Арқадан салт аттылар сардаланы шайқап құйылуда. Тіпті, «Кеткендей ме қосылып, / Елші мен хан ауылы, / Ырым қылып осыны, / Қуанулы хан ұлы». Хан ауылының үлкен дайындық үстінде болғанын ақын «Түтіндеді ошақтар / Таңнан саба гүмпілдеп, / Бітеу қазы, бұрулі ет / Тай-қазанда былқыды. / Кім келсе де / Алдына тартылып хан табағы, / Жалғыз атты жарлы да / Жадыраулы қабағы» - деп сипаттайды. Елшімен сәлемдесіп шыққан ханның тершіген маңдайын сүрткілеп «Алла - деп, - / Ата-баба жолынан / Адастырмай қолда» деп бата етуін, ішкі монологын («Толқулы да, қорқулы... / Жоқ! / Жоғал, кет, қорқыныш! / Орыстың көк мылтығы - / Енді бұған қорғаныш») сәтті бере білген.

Поэманың соңғы шешімін шығарма авторы Ақ ордадан жасыл туын көтеріп, Әбілқайыр Баһадүрдің нөкерімен келе жатқанымен және жарқырап зер поғоны, қасында үш-төрт серігі бар елші мырзаның көрінуімен, ортаға қойылған үстін көкпен жапқан столға жайғасып, бітімге келуімен аяқтайды.

Шығарма түйінінде қазақ елінің Ресейге қосылуының пайдалы тұсын түсіндіріп сөз сөйлеген Әбілқайыр ханның монологымен қорытындылайды. Құбылада Қаразым (Хорезм), күл бетінде Жоңғар тұр, яки: «Бір басыңа қайраулы / Екі қылыш тұр төніп. / Білсең, қазақ, пайданды, / Біз асылы, сөйтелік, - / дей-дей келіп, / Сейітқұлды елшілікке салғанын, / Мәмбет мырза арқылы / Патшадан хат алғанын, / Айтты бәрін түп-түгел: / - Мына тұрған сол кісі / Мәмбет пенен Тәуекел - / Ақ патшаның елшісі» екенін айтқызады. «Мен қазақты биледім сол қазақтың қамы үшін» деп бір тоқталады.

Поэманың соңғы бөлімінің, соңғы бөлімшесінде Әбілқайырды жақтаған, қолдаған Үш Алшынның батырлары мен билері де, Табын Бөкенбайдың («сөйлер сөзі туырлық, сауалы да айшықты») жоңғар соғысында төрт ағасының өлгенін айтуы, «Ақ табан болып Алқа көп, / Аралға елдің ауғанын / Құбылады Қаразым, күн астында көп жоңғар / Қазақтың кең даласын / Қоршай жақын қонғандар / Құртатындай жылма-жыл / Қантөгіске құмарын; / Қазақ жайы дәл қазір / Қыл үстінде тұрғанын» - шығарма авторы дерек-дәлел келтіріп, кейіпкерлердің диалогы мен монологы арқылы қиыстырып, шығарманың алдына қойған мақсатын орындап шыққан. Хан құран ұстап ант етсе, елші де өз құзіретін орындайды. Осы кульминациялық шешім туындыда былайша суреттеледі.

Елші жайды столға
Тулақтай ант қағазын.
Әбілқайыр шықты алға-
Өзі бастау лазым

Құран сүйіп
Қол қойды

Ант қағаздың астына.
Орныққандай енді өсіп,
Ісі айналып жақсыға...

Орыс, қазақ ұғыстық.
Білек қосып бір іс қып,
Қазақияда орнады
Ұзақ жылдар тыныштық.

Поэма тақырыбы мен идеясы туралы талас тудыратын ойлар да әрқалай болуы мүмкін. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы туралы тарихшылардың да пікірлері екі ұдай боп қалып жатады. Көрнекті қаламгер Б. Аманшиннің «Елші» поэмасы автордың өз ізденісінен туған, деректі материалдардың негізіне сүйене жазылған көркем әдеби шығарма екендігін есте ұстаған абзал. Өмір шындығын көркем шындыққа айналдырған, ұлттың бастан кешкен тарихын эпика жанрында түлетіп жазып шыққан, көркем-рухани дүниеге айналдырған ақынның шеберлігін айғақтайтын туындының ғұмыры ұзақ болары сөзсіз. Б. Аманшиннің бұл шығарманы жазу бар барысында ақ өлең үлгісін, жыраулар дәстүрін және прозалық лириканың жекелеген элементтерін, сонымен бірге өлең сөздің күрделі ойларды білдіретін әдіс-тәсілдерін сәтті де шебер пайдаланғанын айту ләзім.

Б. Аманшиннің тарих толқынының ізімен жазған поэмасының бірі - «Даладағы дауыл» аталады. Автор бұл туындысын көтеріліс туындысы деп айшықтаған. Махамбет Өтемісұлы өмірінің тарихи кезеңін деректілік дәлдігін сақтай отырып, көркем дүниеге айналдыруды идеялық мақсат етіп алған шығарма бірнеше бөлімдерден және іштей жарыса қабысқан бөлімшелерден тұрады.

Бірінші бөлім - «Князьдағы қараңғы үй». Мұнда Махамбеттің Жайықта Князь қаласында қапас түрмеде отырған сәті бейнеленген. Қасында Қалдыбай серігі бар, екеуі өзеннен өтерде қолға түсіп, патша солдаттарымен жағаласып қалады. «Қырық тұрбалы қараңғы үй, / Қызыл тас биік ауласы, / Қақпалары ала ылғи», «Аядай әрі аласа / Абақты дымқыл, қараңғы» қапаста Нарынға ойша алаңдап отырған Махамбетті көреміз.

«Кездесу» бөлімінде түрмеден қашып шыққан батырдың досы Қалдыбаймен кездесуі, ел-жұртымен қауышып, олардың мұң-мұқтажын тыңдауы баяндалады. Қарауыл мен Балқының Жәңгірдің билігін пайдаланып Нарындағы кедей халықты қанауы - осы бөлімде анық көрінеді. Өскенбай баласы Үбінің кедей-кепшік атынанан хат жазып, қаналған, ашыққан елдің халін жеткізбекке Жәңгір ханға барып, шағым айтуға жиналғаны көрінеді.

Поэmanın «Махамбет пен Қарауыл» аталатын бөлімінде аталған екеудің үстем тап пен езілуші таптың белді өкілдері ретіндегі қақтығысына куә боламыз. Жарылғас, Өскенбай сынды өткен жаугершілік заман батырларының қартая келе хал-қауһарынан айырылып, Жәңгірдің Қарауыл қожадай әкімінің қорлығына тап болған жайын автор жетімсіреген ерлердің жай-жапсарымен байланыстыра бере білген. Қасында сегіз жасағы бар

Қарауылдың кедей ауылды шауып, малын айдап кеткелі жатқан кезінде Махамбет пен Үбі кез келіп, ауыл-елді құтқарып қалады. Махамбет пен Қарауыл екеуінің диалогінде сөзден ұтылып, ел алдында масқарасы шыққан Жәңгір хан тобының қаша жөнелген сәтін автор күлкілі бейнелейді.

«Балқының үйін өртеу» - поэманың төртінші бөлімі. Мұнда кедей ауылдың малын, қап-қап тарысын, қырық киізін тартып алып, тонап кеткен Балқы биден кек алған Махамбет пен оның жақын серігі Үбі батырдың елдің малын, мүлкін қайтарып берген ерлігі суреттеледі.

Дастанның «Ордаға! Ордаға!» аталған бесінші бөлімінде Исатай батырдың соңына ерген жасақтың құрамында Махамбет бастаған Үбі Өсеұлы, Байбақтының Жүнісі бар қалың қол хан ордасына жақындап келеді. Хан жарлығы қатайып, Қарауыл қожа, Балқы сияқты зорлықшы топтың тізесі батып, әбден діңкесі құрыған қарабайыр халықтың кегін қуып шыққан әскердің жай-күйі шығармада шанымды, шынайы бейнеленген. Алайда хан уәдесіне алданған Исатай батыр тағы бір кеңес құрмақ болып, ентіге жетіп келген әскерді ойда жоқта тоқтатады. Осы бір мүмкіндіктен айырылған Исатай-Махамбет әскерінің басындағы халді ақын:

Қыр астынан қылтиып

Мұнарасы мешіттің,

Хан ордасы тұр тиіп...

Шаппасаң бүгін - кешіктің! [210, 208 б.]

- деп бейнеленеді.

Поэманың соңғы алтыншы бөлімі «Абақтыда» Махамбеттің монологы түрінде берілген. «Әдіре қалғыр қу тақтайда» жатып, өткен күнін аңсап, жауға алданып аһ ұрған батырды монологы - жан айқайы боп өрілген. «Айтып та, айтпай не керек / Алдыртып жауға еркімді / Басыма нөқта кигесін / Аш өзегім күйгесін / Сөйлеп те Махаң да не десін?!» - деп торығады батыр-ақын. Хан тұқымынан зәбір көрген елдің жоғын жоқтап, мұңын мұндап тебіренген ақынның күйзелісін Б. Аманшин өте сәтті бейнелеп, әдеби туынды тудырудың табиғи мүмкіндіктерін сарқа пайдаланған. «Бөрісімін аржақтың / Бәйге бермес саңлақпын / Бәйтерек еді - Исатай / Мен - содан қылған жаңғақпын» - деп төгіле жырлаған Махамбеттің ақындық, батырлық бейнесін поэма авторы бірінші жақтан кейіпкеріне баяндата отырып, оның әдеби тұлғасын әдемі сомдап шыққан. Туынды шумақтарын Махамбет мақамына салып, өрнегін Махаңның стиліне, оның өлең құрылысының із-жолына сәйкестендіріп жырлаған ақынына бұл таңдау-әдісі өз жемісін берген.

Қорыта айтқанда Б. Аманшиннің «Даладағы дауыл» поэмасы қазақтың елі үшін туған батыр ақыны Махамбет Өтемісұлының өмірінен алынған деректерден құрылған көркем әдеби туынды. Б. Аманшин бір кездері өзі зерттеп, зерделеген тарихи деректерді шығармасында ұтымды пайдалана білген.

Қаламгердің кезекті поэмасы «Соңғы сөз» деп аталады. Бұл енді өте қысқа шығарма. Автор 4-5 беттен тұратын туындысын бөлімдерге бөліпті.

Тақырыптан кейін «1922 жылы ақ бандылар қолынан қаза тапқан большевиктің жазып кеткені» деп көрсетіпті автор. Поэма пафосы ақ пен қызылдың алма-кезек атысқан, шабысқан заманында Батыс Қазақстанда өткен оқиғаның ізімен баяндалған. Ақ бандалардың қолынан қаза тапқан комиссар Кривоносты атаман Серовтың қуып жүріп өлтіруі, сол сықылды жергілікті халыққа көрсеткен қысымшылығы, жаңа өкімет қуру жолында күрескен Петр сияқты азаматтардың ерлігі мадақталады. Тар қапасақ қамалған жаңа тұрмыс күрескерлерінің рухын сындыратын күш жоқ, өйткені олардың ісі - ақ деген идея шығарманың басты қаруы.

Б. Аманшиннің төртінші поэмасы – «Мүслима». Шығарма екі адамның диалогынан (мен және ол) құралған. Кейіпкері - Мүслима мен оның сүйіп қосылған жары Асылбектің опасыздығы туралы ақын екеуінің арасында әңгімеде өрбиді. Ақын-кейіпкер ұзақ жол үстінде поездда Мүслимамен танысып, оны сөзге тартады. Мүслима Алматыда Жен ПИ-де оқып жүріп студент шағында Асылбекке ғашық боп, бас қосқанын, алайда сұлу да нәзік жанды өзінің жеке бас қызметінде қуыршақ ретінде пайдаланған қуыс кеуде, арам пиғылды пенде сатып кетеді.

Поэмада Асылбек бейнесі ұнамсыз жағынан көрінеді, Ақын оны нақты мысалдар мен дәлелдер арқылы жек көрінішті етіп шығарады. Мансапқұмар, атақ-дәреже жолында сүйген жарын құрбандыққа шалуға дайын тұратын жандардың бұл өмірде кездесетінін айтпақ-ты ниет еткен сыңайлы. Алаяққа алданып, тауы шағылған Мүслима студенттік өміріне қайта оралып, тастап кеткен оқуын жалғастырады. Одан әрі еңбек бақытын кәсіби мамандыққа айырбастаған ол туған өлкесі Жаңаөзенге барып, мұнайлы елдің автобазасында темір жонушы токарь боп жаңа кәсіп иесі атанады. Мүслима өзін бақытты сезінеді. Ақын-кейіпкермен алғаш поездда танысып, бастан кешкен қасіретін жайып салған Мүслима Марданова көп жылдар бойы жанашыр ағасымен хат жазысып, ақыл-кеңесіне құлақ асады. Ал Асылбек Әлімқұлов болса, қызметтегі басшысы Қасекеңе жалбақтап, табанын жалай жаздап жүріп, шала доктор атанады әрі «Әй, арам-ай! / Бұл күнде баста бөркі дағарадай - / Үйленген Қасекеңнің жиеніне».

Б. Аманшиннің «Мүслима» поэмасына арқау болған оқиғалар өмірдің өзінен алынған, тіпті прототипі бардай көрінеді. Адам бойында кездесетін жағымсыз мінез-құлықтан сақтандыруда шығарманың оқырманға ой салары анық.

11.3 Прозадағы із-таңба, кейіпкерлер әлемі

Әдебиеттің алтын ғасыры саналатын ХХ ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдары ұлттық әдебиетіміздің өркендеп қанат жаюына өзіндік үлес қосқан талантты тұлға, қарымды қаламгер, сыршыл ақын, көрнекті жазушы Берқайыр Аманшин шығармашылық бағыттың сан түрлі саласын бір арнада ұштастырып, тағылымы мол мұра қалдырды. Шыншыл ақын ретінде өз заманының шынайы келбетін, қарапайым халықтың тыныс-тіршілігін,

ержүрек, батыр ерлердің қаһармандық ерлігін, қоғам бейнесін өлең-жырларына арқау еткен Берқайыр Аманшин прозалық туындыларының өзегі ретінде өзі өмір сүріп отырған дәуірдің өзекті құбылыстары мен келелі мәселелерін ала білді.

Жазушының түсінікті тілмен жазылған, қарапайым әрі тартысты оқиғаларға құрылған әңгімелері, повесть-хикаялары мен романы тың тақырыпты қозғауымен, тұғырлы идеяны ұстануымен, құрылымдық даралығымен ерекшеленеді. Берқайырдың әдеби мұрасындағы «Махамбеттің тағдыры» атты романы, «Көкжар», «Жар мұңы» повестері, «Жолдағы жылау», «Адасқан хат», «Жалған жезде», «Отыншы», «Қол», «Кім кінәлі» деген хикаялардан тұратын «Ақтайдың хикаялары» топтамасы, «Ел ішінде», «Базар басы», «Айналайын», «Алтын сақина», «Шамшыл», «Базарлық» әңгімелері жазушының суреткерлік шеберлігін, көркемдік танымы мен шығармашылық талғамын айқындай түседі.

Махамбет тұлғасын, оның өмірі мен шығармашылығын зерттеуде өлшеусіз үлес қосқан Берқайыр Аманшин ұзақ жылдар бойы толассыз ізденіс пен тынымсыз еңбек нәтижесінде «Махамбеттің тағдыры» романын дүниеге әкеледі. Жазушының романды жазу үдерісімен таныс Ғафу Қайырбеков бұл жайында: «Ол тек қана осы романды – өз творчествосының өркеші, биігі болады деп санады да, соған сандаған жылды сарп етті. Әуелі ол сонау-сонау жастық шағынан жаттап өскен Махамбет өлеңдерінің әрқайсысының айтылған, шығарылған мерзімі мен мекенін анықтаудан бастады. Ол туралы бір сала мақалалар циклін жариялады. Одан сол өлеңдердің текстология, этимология, сөздік материалдарды түсіндіру, анықтау, дәлелдеу мен дәлдеуге көшті. Бұлардың үстіне сол көтерілістің жеке басшылары жайында қысқа новелла, әңгімелер жазды. Мысалы, Исатай баласы Жақия жайындағы әңгімелері секілді. Сөйтіп, өмірінің соңғы 4-5 жылында Махамбет туралы романның даңғыл жолына келіп түскен еді» [213, 5 б.] – дей келе Махамбеттің өр тұлғасын, өлшеусіз ерлігін, жауынгерлік рухын нық әрі шынайы жеткізуді мақсат тұтқан Берқайырдың тарихи роман жазудың қиын да күрделі жолынан өткендігін баян етеді.

«Махамбеттің тағдыры» романы – Махамбеттің көркем тұлғасын сомдаумен қатар, 1836-1838 жж. халқымыздың басынан өткен азаттық күрес жайын, Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісін сипаттаған, ел ішіндегі әлеуметтік тартыстарды көтере білген кең көлемді туынды. Романның басты тақырыбы – 1833-1835 жылдары Бөкей Ордасындағы қауымдық жерлерді хан туыстарының, орыс помещиктерінің иемденіп алуына және Жәңгір хан билігінің халық мүддесіне қайшы келуіне, салық көлемінің ауырлығына, озбыр саясатқа қарсылық танытқан қара халық тағдыры болса, негізгі идеясы – хан озбырлығына шек қою, ел-жұрттың, шаруалардың жағдайын жақсартуға күш салу, патша үкіметінің отаршылдық саясатын талқандау мақсатында атқа мінген, әділдіктің ақ жолында аянбай күрескен Исатай мен Махамбет секілді ержүрек ұлдардың қайсарлығын, ұлтжанды, азаматтық қасиеттерін насихаттау, дүниеқоңыздыққа салынып

қара халықты аяусыз халге түсірген Жәңгір хан, Қарауылқожа сынды ел билеушілердің опасыздықтарын, қатыгездіктерін ашық көрсетіп, кейінгі ұрпақты тарихтың ақтаңдақ беттерімен таныстыру, тарихи шындықпен сусындату еді.

Ұса ақсақал мен баласы Үбі, Шегір мен Нұрғали бастаған Тайсойғаннан Жайыққа бет алған көшті сипаттаудан бастау алатын роман одан әрі туған қонысын аңсап келе жатқан елдің Нарын құмына, Толыбайға деген сағынышымен толығады. Толыбайдың алтын елегендей ақ шағылын, қоғалы жалбыр жусанын, бетегесі мен ақ селеуін көз алдарына елестетіп, көлді айнала қоршаған жасыл құрағын, сампылдай ұшқан үйрек-қазын, айдында жүзген аққуын аңсаған жұрттың атамекендеріне жетуге асыққандығы олардың әрбір күрсінісінен, мұңға толы көз жанарларынан анық байқалады.

Жазушы роман мазмұнына өзек болар оқиғалардың бас қаһармандарын суреттеуде, ең алдымен портреттерін баяндап, сөзбен сурет салады. Автор бұл тұста оқырмандарының кейіпкер бейнесін ойша елестете отырып, оқиғалардың тереңіне бойлап, ішкі жан-дүниесіне ене алуын қамтамасыз етеді. «Көзі жіпсиген, мұрыны пістедей, еріні қаймақтай, жұқалтақ сары екен. Қасы тықыр, көзі томпақтау, қоңырқай мысық мұрт, шоқша сақалы бар. Әншейінде жұрт «хан, хан» дегенге, ертегідегі Тоқтамыс хан, Ақша хандардай қыруар жауды жалғыз жайрататын дәуірім шығар десе, - кәдімгідей жай пенде» [214, 23 б.].

Бұл – Жасқұстағы ордасынан үш ақ боз жеккен қоңыраулы қара күймемен Нарындағы Айғырқұмға тойға келген Жәңгір ханның бейнесі. Бойында жақсылығы мен жамандығы жарыса өрілген Жәңгір ханның жүргізген саясаты, ел билеу ісіндегі асыра сілтеу әрекеттері, салықты көбейтуі мен жайылымдық жерді тарылтуы шаруалардың жаппай көтерілуіне, Исатай мен Махамбет сынды ерлердің көтеріліске шығуына әкеліп соқтырады.

Толыбайға жетіп қалған Ұса ауылының көшіне қарсы кезіккен Қарауылқожа мен Шыңғалидың озбырлықтары, жердің Жәңгір ханның иелігі екенін айтып, кері қайтуды бұйыруы, қарсы келген Нұрғали, Үбілерді соққының астына алуы, ел-жұртты әуре-сарсаңға салып дүрліктіріп жібереді. Осылайша жәбір-жапа шеккендердің, қорлық көргендердің, қысымға ұшырағандардың шағымын тыңдап, дұрыс шешімін айтар жан – Исатай еді. «Исатай – кесек бітімді, бойшаң ақ сұр кісі. Маңдайы жазық, мұрнының түбі жуандау, мұрыны имек. Шарасы үлкен, жанары жұмсақ қоңыр екі көзі сәл қиыс, қасының ұшы шолақтау. Ақ қылау шалған сақал-мұрттын дөңгелектеп қойған. Үстінде жасыл-қара мәндәлә бешпент-шалбар, аяғында әміркән мәсі. Қара елтірі кереге бөркін басына қойып, оның астынан тартқан қоңыр бедерлі ақ орамалымен отыр. Қимылдары жеңіл, ұсынақты, бірақ шапшаң емес» [214, 53 б.].

Елі үшін атқа мінген, халық қамын ойлаған, әділдік жолында қасық қаны қалғанша күрескен асыл ер Исатайдың Жәңгір ханмен жауласуына

басты себеп – Исатай қарамағындағы шөбі шүйгін, суы мол жерді зорлықшыл, озбыр Қарауылқожа Бабажановтың билігіне беріп, ел-жұртын суы да аз, шөбі де құнарсыз, шаруашылыққа қолайсыз Мыңтөбеге аударуы болатын.

Жәңгірдің қаһарынан сескенбей опасыз әрекеттерін бетіне басып, Байтуған ауылын қыстауынан қуып шыққанын, Жаналы ауылын бар малынан айырғанын, зекет бермегендерді соққыға жықтыртып, бар малын айдап кеткендіктерін жайып салады. Жер бердім деп шалқымауын, ұлан ғайыр атырап төренің емес, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ата-бабаларымыздың әперген жері екенін еске салады. Ашынған ер Махамбет те Жәңгір ханның сөзіне шыдап тұра алмайды. «Тек тұрған теректі теппе. Мен қайыра серіпсем, қалай боларын кім білер» деп ызаға булыққан Махамбет ханның қаһарына пысқырмайтынын, қойша айдауына көнетін қазақ енді жоқ екенін баса айтады. Ел ішінің Жәңгір ханға деген наразылығы әбден насырға шауып, талай жылдардан бері сыздап келе жатқан дерт ушыққан сәттегі Махамбеттің «Ханның да, Қарауылдың да кара ниеті қашаннан мәлім. Тіздеген кара қоспақтай алдында тізе бүктірмек, құр қол елді құрыққа тұрғызбақ. Арыздасып болдық, араздасып шықтық. Енді тұяқ серіппесек, елдігіміз, ерлігіміз қайсы? Ат сайлап мініп, аламан құрып, ашық айқасқа шықпақ қалды енді. Маған қалса өз шыбын жынымды шүберекке түйген қазақпын. Өтемістен туған он болсам, онымыз да соңынан еруге барамыз, Исеке! Шығар ана шұбар туыңды қырқаға! Баста еліңді ашық майданға» [214, 161 б.] – деген жан айқайы хан-төренің қорлығына көнбес ердің ыза-кегіне ұласа шықты.

Махамбеттің сөзін құп алған Исатайдың келісіміне жүздері көңілденіп, жақсылыққа үміт артқан ел-жұрттың қуанышы айқын сезіледі. Махамбет пен Исатай бастаған, Қабыланбай, Ерше, Қойыс, Ұлбала, Қожахметтердің қатысуымен ашық айқасқа шыққан топ қарсы жақтың алдауына түсіп қалың қолдың қоршауында қалады.

Елі үшін жанын пида етер батыл ерлер бұл тұста да қаймықпай патша әскеріне қарсы атылады. Көкке ұшқан қылыш, құлаған ат, жерге тапталған адам, топыраққа суша ағылған қызыл қан айқас өңін қыздыра түскендей. Кескілескен шайқас барысында асыл азамат Көпеннен, қайсар қыз Ұлбаладан, біртуар аға Исатайдан айырылған Махамбеттердің жүрегі қан жылайды, хан-төреге деген ыза-кегі өрши түседі. Тарихи деректер мен жазушы қиялының бірлігінен туған Махамбеттің көркем образын сомдаған «Махамбеттің тағдыры» романы қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік туындылардың қатарынан орын ала білді.

Берқайыр Аманшиннің «Көкжар» повесінің сюжеті өз заманында атағы алыс елдерге жеткен Батыс Қазақстан өлкесіндегі ірі Көкжар жәрмеңкесін, сауданың ғана емес өнер ордасына айналған орталықтың жай-күйін қамтиды. Бұл туындыда ірі тарихи тұлғалардың бірі, алғашқы қазақ заңгері, қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаевтың өмір жолының елеулі сәттері баяндалады. Жымпиты, Қаратөбе, Тайпак, Маңғыстау, Үш Аңқаты мен Ойыл, Қиылды

мекен еткен елдерден жәрменкеге қарай ағылған халық тиімді сауданың буына елігіп, үлкен олжадан дәметіп келеді. Тыншыған қаланың орталық алаңына жан кіргізіп, шаң-шұң, салдыр-гүлдір дауысқа салу, дүкендерін ашып, аядай орындарға таласу – жәрменкеге келген саудагерлердің жылдағы әрекеті.

Көкжар жәрменкесіне ат басын тірегендердің бірі – Бақытжан Қаратаев. Қаратай ханның тұқымы бола тұра, қара халықтың сөзін сөйлеп, ісін жақтайтын Бақытжан Қаратаев бүкіл қазақ жұртының атынан Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланады. Елдің ықыласына бөленген Бақытжан: «Қыр қазағының, қай-қайдағы кедей-кепшік пен қаріп-қасірдің сөзін сөйлегіш, жоғын жоқтағыш. Ел жақсылары жиналған не бір үлкен жиын, алқа топта сол жамандарды жақтап сөйлеп, ауылдың старшын, болыстары былай тұрсын, уезд бастықтарының бетін шиедей қылады. Өз аулында әлденеден жәбір көрген қазақ Қаратаевқа салып жетіп барады» [215, 25 б.] – әрдайым заңға жүгініп, әр даудың әділ шешімін шығарып отырады. Қорасына мал жинамақ түгіл, қара басына еркіндік ала алмай жүрген қазақтың аянышты халіне күйінеді, өз басына азат ел атанатын күннің алыс еместігіне сенеді.

Бақытжан әр кезде де қазақтың «білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады» деген мақалын тіліне тиек етіп, оқуға бет бұру қажеттігін айтып отырады. Жыл сайынғы жәрменкені шатақпен, төбелеспен аяқтайтын адайларға күшке сенгеннің алысқа бармасын да жеткізеді. Оқыған адамның күнбе-күн өзгеріп жатқан заң, ережелерден хабары болып, жаңалықтарға құмар, әділдікке ұмтылғыш келетінін, ауыл ішіндегі надан болыстардың заңсыз әрекеттерін уақытылы аңғарып, зорлыққа тойтарыс беріп, айдағанына көнбей қарсылық танытарын да айтып өтеді. Қазақтың қара тілімен сөйлеп, дәлелді әрі орынды ойын білдіретін Бақытжан Қаратаев көзі ашық, сөзге шешендігімен, ойға жүйрік, тілге жетіктігімен, заңға берік, іске әділдігімен таңдай қақтырады.

Шығармада талай жылдар бойы ел аузында айтылып келе жатқан «Қайып пен Ақбөбек» аңызының ұшқындары кездесіп қалады. Автор Бақытжанмен бас қосқан үлкен қонақасында елден ерек әншілігімен, Ақбөбекке деген махаббат пен сағынышқа толы әндерімен көзге түскен адай жігіті, етікші Қайыптың бейнесіне ерекше тоқталады. «Ырғағы толып, нақышы кербез тартқан қоңыр ән үй-ішін жайлап алды. Бақытжанды таңғалдырған ән де, домбыра да емес. Қайыптың қазақы, қарапайым өлеңі де емес. Етікшінің осы мезеттегі өңі ерекше. Көңілінде тұнғаны шымырлап шыға келді, бетіне уәйім сызы орнады. Әннің ырғағымен бірге мойынын оңды-солды баяу қозғап, қой көздерін отырған жұрттың басынан асыра қиыс қадағанда жіңішке қасының қайқы етегі діріл қағады, көзінің нұры сонымен бірге құбылады. Арманның тәтті азабын тартқан, әлсіз үміт жетегінде жансебіл болған, сонда да тауы шағылмаған тағдырға қасарысқан адамның қалпы» [215, 47 б.]. Ғашығына деген ынтық сезімін, жүрек түкпіріндегі сағынышын әнімен жеткізе жырлаған Қайыптың бақытсыздығы

Бақытжанның ғана емес, бүкіл жиналған топтың жанына батады. «Қайғысыз ғазиз жүрек зарламайды» дегендей ғашықтық дерті меңдеген жігіттің ғана осылай тебірене ән салары анық.

Бақытжан Қаратаевты жайылып жүрген мал секілді жаппай надан, жатыпшыер жалқау киргиздардың арасынан жарып шыққан ерекше құбылыс, цивилизация биігінде тұрған халықтарда да кездесе бермейтін ірі тұлға санайтын вице-губернатор Мордвинов Көкжар жәрмеңкесіне келер алдында губерниялық жандарм басқармасының бастығы Жеребятьевпен кездесіп, Бақытжанды бақылауға тыңшылық тапсырма алады. Бақытжанды жіті қадағалауға кіріскен Мордвинов губерниялық жандарм басқармасына жолдаған құпия хатында оның аптека ұстаушы орынборлық Шахворостовтың әйелімен құпия жолыққандығын, бір киргиздан қоңыр мануфактураға оралған кішігірім затты қабылдап алып, оны өзінің киім сақтайтын саквояжына салып басының астына жастанып жатқанын, бұл құпия заттың Ташкент социал-демократтарының астыртын ұйымының Көкжардағы жұмысшылар мен мектеп мұғалімдері арасына таратуға арнайы жіберілген саяси қарсы мазмұндағы листовкалар болуы мүмкін екендігін жеткізеді.

Патшаға қарсы сөз сөйлеп, адайлардың ортасында үкіметті балағаттап, құпия қағаз таратады деген секілді қылмыстар мойнына ілінген Бақытжан қамаудан да, жазадан да қаймықпайды, ол заман ағымына, қоғам сықпытына күмәнмен қарайды. Туған еліне бостандық әкелетін, тендік алып беретін, қазақты бір жерге жұмылдырып, ел қатарына қосатын тек большевиктер екеніне сенеді. Қазақ халқын азаттық пен тәуелсіздік жолында күресуге, қасық қандары қалғанша айқасуға шақырады, надандықтың құрсауынан босанып білім бет бұруға үгіттеді. Оның өткір сынға толы шыншыл мақалалары ел-жұртын бостандық пен тәуелсіздікке баулумен қатар, қазақ ұлтының рухани тұрғыда да дамып, шындалуына үлкен үлес қосты. Ол азаматтардың құқығын қорғау, жер, су мәселелерін де назарынан тыс қалдырмады.

Жазушының бұл туындысына арқау болған бас қаһарман Бақытжан Қаратаев – ұлттық тәуелсіздік пен ел бостандығы үшін, ұрпақ келешегі үшін аянбай күрескен отанының елеулі перзенті, дарынды ұлы.

Берқайыр Аманшин өз туындылары арқылы жақсы мен жаманның, адалдық пен арамдықтың, опасыздық пен мейірімділіктің ара жігін ажырата біледі, кейде ішкі жан күйзелісіне беріліп ой тұңғиығына сүңгиді, кейде өмірдің тосын сыйларына разылығын білдіріп, шүкірлік етеді. Сүйген жүрек үшін махаббаттың азабынан ауыр азап жоқ, ғашықтық дертінен асқан дерт жоқ. Жазушының «Жар мұны» повесіндегі Меңдеш пен Үміт арасындағы өшпес сезім, тағдыр тәлкегімен күресуге күш берген адал махаббат бұл сөзімізге дәлел болары сөзсіз.

Повестегі оқиғалар әр кейіпкердің атынан баяндалып отырады. Бала кезінен бірге тетелес өскен Меңдеш пен Шәңгерей Алматыға бір мезгілде оқуға түсіп, заманның тыныш, дүниенің молшылық кезеңінде ауылдарына

бірі – инженер, бірі – журналист болып оралады. Жазушы Меңдештің мұнай техникумында, оқып жүрген Үмітке сырттай ғашық болғандығын, олардың танысу одан кейінгі табысу сәттерін Шәңгерейдің сөзімен баян етеді. «Бір кез байқасам: түү, пәлекет! Неткен жарасты сұлулық еді?! Меңдеш пен әлгі қыздың екеуінің билеп жүргендегі түрін айтам. Екеуі де жас, екеуі де әдемі, екеуінің де өңі қара торы және шебер суретшінің қыл қаламы кезек сылап өткендей, бір-бірінен айнымайтын, өзге ешкімнен табылмайтын бір дара сүйкімділік бар екеуінің жүзінде. Би ырғағымен бір-біріне жабыса бірыңғай қозғалуы екеуінің осы ұқсастығы мен тұтастығын, үйлесімі мен жарасымын одан сайын бадырайта, күшейте түскендей» [216, 130 б.]. Сол күннен бастау алған достық ұлы махаббатқа ұласып, екі жыл ішінде жұптары мәңгі жазылмастай тату отбасыға айналады.

Өзі қиялдаған аруы Шекермен табысқан Шәңгерей мен арманындағы сұлуын асыл жары етіп алған Меңдештің қуаныштарында шек болмады. Жер бетіндегі ғашық жандар Меңдеш пен Үміттей болсын деуге тұрарлық бақытты отбасы бір сәт ішінде қайғының қара шекпенін жамыла қалады. Уыздай жас, үріп ауызға салғандай әдемі келіншек зертханадағы жұмысы кезінде қателікке бой алдырып, екі көзі су қараңғы кәріпке айналады. Бұл жағдайдың жиырмаға толмаған өрімдей жас қыз үшін қандай ауыр азап, орны толмас өкініш, қатал үкім екендігі белгілі.

Алақанына салып аялап отырған жарының бақытсыздығы Меңдештің жанын жаралап, өзегін өртейді. Бейне бір түс көріп жатқандай өз-өзіне сене алмай жүрген Меңдеш уайымға беріліп, еш нәрсеге зауқы жоқ мең-зең қалыпқа түседі. Үмітін жетелеп емханаларды тоздырған Меңдеш Астрахань, Саратов, Москва, Одессадағы клиникалық орталықтарға барып дертіне шипа іздейді. Алайда қап-қараңғы түнектен құтыла алмаған екі жас, өмірдің қатал сынағына көніп бірлесе күн кешеді. Талай уақыт өтсе де жігіттің жарына деген ғашықтық сезімі еш өзгермейді, суымайды да. Үмітінің үй тірлігіне бірге араласып, тамақ пісіру, үй жинау, киім жуу істеріне әрдайым жәрдемдесіп отырады. Бұл да бір – үлкен махаббаттың, ұлы сезімнің жарқын айғағы.

Әділетсіз тағдырдың басына салғанына көнген Меңдеш қалған өмірін осылай өткізуге де риза еді, тек аяулы жары жанынан табылса болғаны. Көз жанарының қайта қалпына келуінен мүлдем үмітін үзген екеуі, бұл тақырыпта сөз қозғамауға, ауыр халдерін еске алмауға тырысады. Алты жыл бойы жанынан табылған, қиын сәттерде жалғыз қалдырмай демеу болған күйеуінің болашағына алаңдаған Үміттің бір шешімге келуі де оңайға соқпайды. Меңдешсіз өмір сүре алмасын білсе де, жас әрі сымбатты, білімді де саналы азаматының өміріне балта шауып, жастығын еш қызық көрмей өзін бағумен өткізгенін қаламады.

Үміт бұл бақытсыздықтың өзінен гөрі күйеуінің қабырғасына қатты батқанын, басын тауға да, тасқа да соғып, қолынан келгеннің бәрін де істегенін сезеді. Оның: «Жалғыз тұтам жарық сәуле бұйырмаған, қолым бұғаулы, аяғым тұсаулы мен бір отырған ғаріп. Дені сау адам жарты өмірінде

ғана жарық сәуле көреді екен. Мен болсам – бар өмірім түнек, күндіз де – түн, түн де – түн және бір күн емес, бір жыл емес, өмір-бақи осы енді менің сыбағам. Қайтейін, амалсыз көнген адаммын, ажал келмегесін өле алмадым. Ал сен ше? Бір жыл емес, екі жыл емес, өмір-бақи сен неге бірге шегуің керек осы азапты? Кәріппен бірге кәріп боп отыра бермекпісің ошақ басында?» [216, 140 б.] – деген мұң мен ызаға толы сөздері, жалынышты үні, дәрменсіздігінен туған пікірі Меңдештің жүрегіне барып қалады, өзегін өртейді.

Үмітке бола қайнаған бүкіл өмірінен қол үзгендігін, жұмысынан, мамандығынан айырылғанын, бойындағы барын қараңғы түнекке бірге апарып көме салғанын, ізіне сәби ергізіп, нәресте де сүйгізе алмағанын айтып, өзін тастап жаңа бақытты өмірге аяқ басуын өтінеді. Аспан жерге түсіп, айналадағы бар дүние өртеніп жатқандай күй кешкен Меңдештің уайымнан құр сұлдері ғана қалады. Осы бір әңгімеден кейін араларына түскен жарықшақ ұлғайып кетпес үшін жарының көңілін аулап, ойын өзгертуге тырысса да, жылы шырай бермей, өзінен қашқақтай берген Үміт мүлдем тіл қатпастай тас мылқауға айналады.

Жаздың бір күнінде Меңдештің Маңғыстаудағы жаңа ашылған мұнайлы қалаларға жұмысшылар әкелу мақсатында Башқұртстанға кеткен сапары Үміттің Алматыдағы мүгедектер үйіне жолдама алып сол жаққа жол жүруімен аяқталады.

Талай бақытты күндерді бастан кешкен қара шаңырағынан, өмірдің суығына тоңдырмай, ыстығына күйдірмей қорғап келген асыл жарынан алыстау кейіпкерге қандай қиын болса да, өткенін артқа қалдырып, Меңдештің жарқын болашағын бөгемеуге бекініп кете барады. Қаңыраған үйде жападан-жалғыз қалған жігіттің ол кездегі жағдайы мүлдем бөлек, қайда жүгірерін, кімнен сұрарын, кімге жүгінерін білмей шыр айналған оның ойына сол баяғы Үміттің «мен үшін сен азап шекпе, ендігі жерде бақытыңды байлама, жолыңды тап» деген сөзі оралады. Үмітінің соңғы хатындағы: «Мені бұдан былай бұл дүниеде жоққа сана. Іздеме де соңымнан сұрау салма, тым болмаса іле-шала іздеме. Уақыт озсын, сосын мүмкін өзің де ұмытарсың» деген сөздері жігіттің маңдайына тоқпақтай тиіп, жүрегін қарс айырды.

Еш ойланбастан Алматыға тартып отырған Меңдеш асыл жарына жету жолында еш нәрседен тайынбады. Жанына Шернияз бен Шекерді ертіп жолға шығып, ғашығымен кездесер сәтті тағатсыздана күткендігі, алдынан шыға қалардай қос жанарын сыртқа қараумен талдырған жігіттің махаббат сезімі, сағынышы айқын аңғарылады. Автор Үміт пен Меңдештің кездесу сәтін өте әсерлі сипаттайды. « – Үміт! Үміт қой мынау! – деп жан даусымен шыңғырып жібергені ғой Меңдештің! Сондағы Меңдештің даусы әлі құлағымнан кетпейді. Айлар-жылдар діңкелеген уайым, қапыда аһ ұрғызған өкініш, өшпеген үміт, күтпеген қуаныш бәрі бір-бір мысқал бояуын қосқандай әрі шерлі, әрі шатты шықты даусы. Құшақтаса кеткен Үміт пен Меңдеш біресе күледі, біресе дауыстары дірілдеп, кемсең қағады» [216, 146

б.]. Бұл – бірге соққан қос жүректің табысқан сәті, бір-бірінен ажырауы қиын қос ғашықтың кездесу көрінісі.

Үміт жырақта өткен күндердің Меңдештің қанатының астында өткізген күндермен тең келмесін түсінеді. Жат жерде, бөгде жұрттың арасында өмір сүру жападан-жалғыз күн кешумен тең екенін ұғады. Алайда кеудесі алтын сандықтай білімге бай, білеудей азаматының тасқынымен тау бұзар шағында, бойындағы бар өнерін жариялай алмай, халық игілігі үшін еңбек етпей әйелін бағып үйде отыруын құп көрмейді.

Мүгедектер үйіне келгелі де Үміттің бар ойы, көңілі Меңдеште екені оның барлық іс-әрекетінен, көңіл күйінен анық көрінеді. Есінен адасқан адамдай жарының бейнесін көз алдына елестетіп, оңашада тілдесіп жүрген Үміттің уақыт өте келе жағдайы мүлдем нашарлаған еді. Еш нәрсеге зауқы болмай, ішсе ас батпай, ұйқы көрмей, елестердің қоршауында қалғандай өз ойымен арпалысады да қояды.

Тән жарасынан жан азабының қиын екендігін Үміттің басынан өткен оқиғасынан-ақ көруге болады. Екі көзінің ғаріптігін ұмытып, ішкі жан дүниесімен, жүрегімен ғашығын іздеп сабылғаны, дертіне шипа емес, жанына дәру болар жанды қайтаруды тілегені махаббаттың ұлылығын аңғартады.

Махаббат деген құдіретті күшке ауыр дерт те, арадағы мыңдаған шақырым қашықтық та, айналаңдағы қоғамның көзқарасы да, тұрмыстық жағдай да еш әсер етпейтіні жазушының осы бір шығармасынан анық көрінеді. «Жар мұңы» повесі – кейіпкерлерінің шынайылығымен қуатты, өмірден алынған оқиғаларының әсерлілігімен өміршең, оқырманна ой салар идеяларымен құнды.

Берқайыр Аманшиннің бірқатар әңгімелері тақырыптық, идеялық тұрғысынан да, мазмұндық жағынан да өзге туындыларынан ерекшеленіп отырады. Оның «Ел ішінде», «Базар басы», «Айналайын», «Алтын сақина», «Шамшыл», «Базарлық» әңгімелері жазушының суреткерлік шеберлігін, тың тақырып таңдаудағы талғампаздығын танытады. Жазушы әңгімелері көбіне автордың өз атынан баяндалады және өткен өмірінің маңызды сәттері оқиға үзіктері ретінде сипатталады.

Жазушының «Айналайын» әңгімесі – көлемі шағын болғанымен, айтар ойы зор, мазмұны терең туынды. Бұл шығармаға ерлі-зайыптылар арасындағы сатқындық, өткенге өкініш, ғашық жанның азапқа толы тағдыры мен мұңды әңгімесі өзек болады.

Көңілі ауған Дәмешімен соғыс басталар тұста отау құрған Елеместен бақытты жан жоқ еді. Тойдан кейін бір айдан соң әскер қатарына шақырылған жігіт аяулы жарын жалғыз қалдырып майдан даласына аттанады. Қып-қызыл оттың ішіне аттанып бара жатқан азаматына бір тамшы көз жасын көрсетпей жұбату сөзін айтып, аман ораларына сенім білдіргені Дәмештің көрегенділігін, ақылдылығын танытады. «Жаман ырым бастап қайтем, - деді бар айтқаны, - сенің аман келетіңе сенемін. Қорықпаймын, мына қарашы, жүрегім тып-тыныш, - деп ол сосын менің алақанымды дүрс-

дүрс соғып тұрған жүрегінің тұсына апарды. – Өйткені біз әлі ештеңе көрген жоқпыз, өміріміздің табалдырығынан жаңа аттадық қой. Екеуміз бірге қол ұстасып, әлі көп, көп жыл өмір сүруіміз керек емес пе? Өйтпестей жазығымыз не? – деп, маған көзі жаудырай қарады» [217, 182 б.].

Осылайша қолын бұлғалап, көз ұшында титтей қоңыр ноқат болып қала берген асыл жарына, сүйіп қосылған келіншегіне, жаны таза, жүрегі пәк Дәмешіне опасыздық жасаған Елеместің қателігі кешірілмесі анық.

Азаматын соғыс біткенге дейін зарыға күткен асыл жар мұнай өндіру саласында қызмет қылып, адам шыдамастай қара жұмыстарда еңбек етеді, еріне деген сағынышын білдіріп майданға үзбей хат жолдайды, ауыл-аймақтың тың жаңалықтарын жеткізеді. Оның алыстан болса да білдірген қолдауы не бір қиын шайқастарда, жорықтарда жүрген Елемеске күш береді. Жаудың шебіне бес рет аттанып, бесеуінен де аман оралуына, ештеңеден қорықпай, батыл әрекет жасауына септігін тигізеді.

Бес жылға созылған сұрапыл соғыста асылын аңсай күткен жүрегі бір сәтке осалдық танытып, ақылдың не шыдамның жетпегенінен бе, не жүйкесі сыр берді ме, әйтеуір өзгеге уәде беріп, сөз айтып жаза басады. Сол бір ауыз сөз орны толмас өкініш сыйлайды, қос ғашықтың жолын екіге айырып, Дәмешті тірідей жесір қалдырады.

Жапанда үнсіз сарнаған жүрегі туған жеріне, қара шаңырағына оралуды аңсаса да, елге айтар сөзі, жарына қарар беті жоқ азамат Башқұртстан жаққа ат басын тіреп, екінші әйелімен, баласымен бірге тұрады. Жылдар өте келе Дәмешті көрген сәттегі Елеместің әңгімесі жан жарасы ұлғайған, сағынышы өзегін өртеген, өкініш оты кеудесін жандырған жанның қалпын еске салады. Сол оқиғадан кейін он екі жыл өткенде Баку қаласында мұнайшылардың бүкілодақтық слетінде көзіне оттай басылған жан Дәмеш еді. Жүрегі аттай тулап, екі бетін ұят оты өртеген азаматтың Дәмешпен амандасып, қол алысуға ғана батылы жетеді.

Автор кейіпкердің күтпеген кездесу кезінде бұлдыр түс көргендей, айнала көлкіген көк сағымның ішінде жүргендей халде болғанын айтып өтеді. Бет әлпетіндегі уыз балалықтың табы арылып, сұлулығы айқын тартып, салмақты қалыпқа енген Дәмештің ақылдылығы, тәрбиелілігі, адалдығы әлі де баяғыша екендігі байқалады. Бар батылдығын жинап, өткен ісіне өкінішін білдіріп кешірім өтінген бұрынғы ғашық жарына айтқан жауабы балағаттау, не мінез көрсету емес, қателігін бетіне басып, жігіттік намысын таптау да емес, естиярлықпен айтылған ой, ақылға жеңдірген шешім десек те болады.

«Сен азамат едің ғой, Елемес. Уәде беріп қалдым да сөзімді қайтып ала алмадым дедің ғой. Бұл да азаматтығың шығар. Тек менің бір түсінбейтінім, ақылым жетпейтіні: сонда деймін-ау, жаңағы жерде ол тием деп, сен алам деп уәде берерде мені ұмытқаның ба? Мен бар емес пе ем елде, соңында тілегінді тілеп, күнде жолыңа қарап, сарғая күтіп отырған? Мені ұмытқаның ба сонда, Елемес-ау? Мен өзіңнің Дәмешің емес пе едім? Әке-шешем де жоқ, ағам да, інім де жоқ, жалғыз едім ғой. Аямағаның ба мені?» [217, 187 б.] –

деген Дәмеш сезімге беріліп, жүрегі өткенді аңсаса да, Елеместің екінші отбасын жылатуына жол бермейді. Өзі басқа тепкенді қайта оралта алмайтынын, өзі сөндірген үміт отын қайта тұтатудың қажеті жоқ екенін де жеткізеді. Әңгімеге арқау болған оқиғалар шынайы өмірмен астасып, біте қайнасып жатыр.

Жазушы бұл әңгімесінде де ойлы шешім шығарып, әдемі нүктесін қоя білген. Өйткені, әңгіме мазмұнындағы кейіпкер Дәмештің көркем бейнесі арқылы әйелдер қауымының көрегенділігін, адалдығын көрсеткісі келген жазушы орын алған мәселені шешуде жүрегіндегі сезіміне емес, ақылына жеңдіреді. Автор әлдеқашан жанып кеткен бақытты қайта жандырудың, «ерім» деп сыйлаған азаматының опасыздығын кешіре салудың, сатқындыққа куә болған жүректі жібіте қоюдың оңай еместігін аңғартқысы келеді.

Берқайырдың астарлы әзіл мен жеңіл сюжетке құрылған «Алтын сақина» және «Базарлық» әңгімелері де махаббат естеліктерінен сыр шертеді. Алғашқы әңгімеге балалық махаббатын қайта кездестіруге себепші алтын сақина арқау болса, кейінгі әңгіме ерлі-зайыптылардың сезіміне сызат түсірген базарлық жайын сөз етеді. Жыл сайын Бурабайға барып демалуды әдетке айналдырған Шәңгерей Кенесары үңгіріне кірер жолдан алтын сақина тауып алады. «Естігенді көзің көреді, көзің көргенді қолың ұстайды» дегендей сонау бір жылдары демалысқа келген келіншектің алтын сақинасын жоғалтқанын естіген жігіт курорт мұрағатын ақтарып, жан-жаққа хабар таратып сұрастыра келе, сақина иесі өзінің алғашқы махаббаты Мәриям Шәкірованың қаза болған әпкесінікі екенін біледі.

Алғашқы махаббатымен қайта табыспаса да, бір көруді арман еткен жігіт алтын сақинаны иесіне қайтармақ ниетпен іссапарды сылтауратып Атырау қаласына жолға шығады. Үлкен сағынышпен аңсап келген қызының бұрынғы қалпынан еш өзгермегенін көрген Шәңгерей өткен шақтардың елесін көз алдына әкеледі. Мәриямның күйеуі, үш баласы бар екендігін көргеннен кейін ғана сабырға келіп, есін тез жинап алады. Алтын сақинаны өз қолымен Мәриямның саусағына салған кездегі қыздың жүзікке қарамай, Шәңгерейге сынай әрі барлай көз тоқтатқаны, жігіттің өз отауына қайта оралса да қиялындағы келіншек ретінде ақ бәтес көйлекті, қара көз, қара торы Мәриям сұлбасын елестетуі өткеннен қалған сезім ұшқындарынан хабар береді.

Жазушы «Базарлық» әңгімесін жиырма жыл отасқан Бегайдар мен Жемістің күнделікті күйбең тіршілігін сипаттаудан бастайды. Жұмыс бабымен курортқа баруды жиілеткен Бегайдардың әр жолы әйеліне әкелген базарлықтарын, оның ішінде Орынборға барған сапарынан әйелдер киетін резеңке етіктің бір жақ аяққа киетін екі етік алып келгенін, енді бір Мәскеуге барғанында Жеміске ер адамның жемпірін әкелгенін жеңіл әзілмен жеткізеді. Күйеуінің соңғы іссапардан оңды сыйлық әкелгеніне Жеміс қатты қуанады. Ол сыйлық Сочидегі букинистік кітап дүкенінен алынған «Құранның» орысша аудармасы еді. Дін тарихынан дәріс дайындауға өте қажетті кітаптың

колына тигеніне қатты қуанған Жемістің кітап ішінен Бегайдардың жартылай жалаңаш қызбен түскен суретін тауып алуы қуанышын су сепкендей басады. Бұған дейін бір рет те күмәнданып көрмеген азаматының әрекеті Жемістің іші-бауырын тұз құйғандай удай ашытып, жүрегін жаныштайды. Әңгіме соңында Бегайдардың ақталу сөзін мұқият тыңдаған әйелдің не шешімге келгендігі беймәлім күйінде қалады. Үнсіз қалған күйеуінен алдағы уақытта базарлық әкелмеуін ғана өтінеді.

Берқайыр Аманшиннің «Шамшыл» әңгімесі сәл нәрсеге бұртия қалатын, өкпешіл, шамшыл күйеу мен жарының қабағын бағып, қамын ойлайтын әйелдің бір күндік өмірін сипаттайды. Жұмысынан күндегісінен өзгеше кейіпте оралған Өтегеннің қас-қабағынан көңілі солық, ренжулі екенін аңғарған Жанша «еш» деместен қазан басындағы жұмысына кіріседі. Өтегеннің қабағындағы кірбіңге кінәлі адам мұнай өндіретін екі учаскенің бірінің бастығы Сарман еді. Өз ісіне мығым Өтеген жұмыс бабымен Сарманмен жиі кездесіп тұратындықтан және екеуінің учаскелері бір-бірімен социалистік жарыста болғандықтан алдын барлап, біткен ісін жинақтап үнемі мазасызданып жүреді.

Соңғы жылдары бұл учаскелер жаңа құрал-жабдықтармен толығып, техника толықтай жаңарғанымен, жер асты қыртыстарының табиғи қысымы азайған сайын мұнай өнімі кеми береді. Өз иелігіндегі учаскенің мұнай өнімінің төмендеп кетуінің басты себебі жер асты қыртысының азаюы екенін Өтеген жақсы біледі, алайда бұған қарсы амалы болмай шарасыз күйде сандалады. Көптен бері ойында жүрген ісін жүзеге асырған Өтеген өнімі күрт көтерілген кезде осы тәжірибеге батыл барғанына қатты қуанған еді. Үш ай тас берік құлыптаулы тұрған үш скважинаның қысымы көрші скважиналарға ағып, олардың өнімі артқан. Алайда, айналасындағы Сарман бастағандардың Өтегеннің еңбегін бағаламай, нағашысы Жұмаштың директор болып келгендігінен жеңіске жеткендігін айтып мазаққа айналдыруы оның шамына тиеді. «Адам болған соң әйтеуір қыбырлап тіршілік қылмайынша, жақсыға, жаңаға құмартпайынша жүре ала ма? Әуелі өзіңнің жасайтын жұмысыңа берік болуың керек. Келешекте де әлгі үш скважинаны иіткендей әр түрлі тәжірибе жасамай, талаптанбай, құр қол қусырып отыра алар ма? Адам емес, аруақша құр қалқып жүре алар ма Өтеген? Сонда соның бәрінде де Сарман құсағандар: - Е, әрине... Нағашың директор болғасын әрине! – деп, денесінен жіп суыра берсе, көлеңкеге қарап тон пішетін былайғы қаймана қазақ шынында да біреуді жақақтап, жақсы атанып жүрген жігіт екен деп қалуы нәзік. «Жаптым жала, жақтым күйе», желден желге, белден белге тарайды сосын бұл атақ. Бүйткенше Өтегеннің жер опқаны артық» [217, 203 б.]. Тұмысынан шамшыл азаматтың жабылған жалған жалаға, жұрттың өсек сөзіне, сыртынан тон пішіп, өзге оймен қараған көзқарасына шыдамасы анық. Өкпешілдігі, намысқойлығы басым Өтегеннің нағашысы Жұмаштың директор болғандығы үшін, Сарманнан естіген сөздің ендігі күні жиі қайталатынын ойлап, Маңғыстауға түбегейлі көшіп кетуге бел байлауы шамшылдығының тағы бір дәлел десек те болады. Автор бұл әңгімесі арқылы

өмірде жаратылысынан әр қилы мінезге ие түрлі адамдардың болатындығын, қоғамдағы алар орнына, еңбектегі жетер жетістігіне мінез-құлықтың да тигізер әсері бар екендігін көрсеткісі келеді.

Берқайыр Аманшиннің жазушы ретіндегі өзіндік қолтаңбасы, суреткерлік шеберлігі, азаматтық болмыс-бітімі, қаламгерлік қабілет-қарымы оның шығармашылық ғұмырнамасын жүйелеуге, ізденіс жолдарын саралауға толықтай мүмкіндік береді. Қаламгердің әдеби әлемін, көркем мұраларын тыңғылықты зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері жазушының өзі өмір сүрген дәуірдің кескін-келбетін, мұң-мұқтажын, әдебиетіміздің даму жолдарын, кейбір кемшіл тұстарын, қилы құбылыстардың орын алу сипатын, қоғамның шынайы көріністерін айқындауға септігін тигізеді. Қорыта келгенде, өзекті тақырып таңдауымен, тұғырлы идеясымен, шынайы суреткерлігімен әдебиет тарихынан өзіндік орын ала білген талантты жазушы Берқайыр Аманшин қазақ әдебиетінің алтын қорына қосыларлық мол мұра қалдырды.

12 БОРАНҒАЛИ ЫРЗАБАЕВ (1932-1995)

12.1 Ақындық мұрат, тақырып төркіні

Ақын-журналист Боранғали Ырзабаев 1932 жылы 15 қаңтарда Ақтөбе облысы, Темір ауданында туған. Жастай әке-шешеден айырылып, Қонжар балалар үйінде тәрбиеленген Б. Ырзабаев орта білімді Темір мектеп-интернатында алады.

Алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған ол 1959 жылдан бастап журналистік қызметке ауысты. Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеті редакциясының әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.

1962–1965 жылдар аралығында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Тың өлкесі бойынша меншікті тілшісі, 1967 жылдан бастап «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің әуелі Павлодар облысындағы, одан кейін Орал облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарған.

Б. Ырзабаев саналы ғұмырының басым бөлігін Орал өңірінде өткізіп, Ақжайықтың өз ұлына айналып өмірден өтті.

Алғашқы өлеңдері 1962 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жас дәурен» кітабында жарық көрген. 1963 жылы «Қадірлі қалалар» (Алматы: «Жазушы»), 1970 жылы «Ұшуға қанат керек» (Алматы: «Жазушы»), 1977 жылы «Жер жүрегі соғады» (Алматы: «Жазушы»), 1981 жылы «Ертіс – Жайық арасы» (Алматы: «Қазақстан»), 1982 жылы «Бақ жұлдызым» (Алматы: «Жазушы»), 1983 жылы «Егіндікөл жұлдызы» (Алматы: «Қайнар»), 1986 жылы «Кәусар» (Алматы: «Жазушы»), 2005 жылы «Арнадым саған» (Орал: «Дастан») жинақтары оқырмандар қолына тиді.

Б. Ырзабаев «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970), Халық шаруашылығы көрмесінің күміс медалімен (1972), «Құрмет Белгісі» орденімен (1973) марапатталған.

Серкесөз бен өлең сөздің тізгінін тең ұстаған ақынның поэзиясы қазақы ұғым мен ұлт түсінігінің қайнарынан шыққан болмыстық қалпымен назар аударады. Қай туыдысында да оқырманын баурап алар шырайлы шуақтың, қоңыржай самалдың жәйлі лебі еседі.

Б. Ырзабаев қарапайым жазады. Ойға алған тақырыбын, идеялық мақсатын оқырманға оңай жеткізеді. Аса бір ділмарсып, ақыл айтып, құр жақ пен тілге сүйеніп шешенсуден аулақ. Көбінесе оқушысымен кеңесіп отырғандай, жай бір әңгімелесіп, пікірлескен сыңай танытқандай оқылады өлеңдері. Оның ақындығына тән бір қасиет шынайылығы, шыншылдығы. Ақын өтірік жағынуды білмейді, ойға алған пікірлерін өлең өзегіне енгізіп, байсалды қалып танытады. Кей реттерде ұйқасы немесе буын-бунақ сандары үйлеспей қалса да, әйтеуір идеялық мұратын ұғындырып, оқырманын ойландырып кетеді.

Ақынның әр уақыт пір тұтар тұлғалары бар. Оларға табынып, өнер жолында қазақтың өңкей мықтыларын атап, сыйынып шығатын туындысы «Сыйыну» аталады.

Батылдыққа келгенде,
Қырандайын құйылам.
Батырлыққа келгенде,
Исатайға сыйынам.

Шалдықсам да жол қатып,
Өлең үшін қиылам.
Кеткенде жыр толғатып,
Махамбетке сыйынам [218, 90 б.].

(«Сыйыну»)

Ақын алты Алаштың игі жақсыларының өнерпаздық қырларын жоғары бағалайды. Өнер тарландарының есімдері ол үшін қазақтың эталоны боп саналады. Мәселен «Оның үнін бөкендер / Тыңдай қапты деседі... / Ілиястар, Сәкендер / Поэзия нәсері» деген тармақтарда ұлттың классикалық әдебиетінің тарланбоз өкілдеріне сыйыну мәртебесі көрінсе, «Жыр атасы Жамбыл да - / «Пірім, - деген, - Сүйінбай». / Шыға алмаймын даңғылға - / Мұхтарыма сыйынбай» - деп заманның заңғар дарабоздарына тәу етеді. Ал, «Құрманғазы атаның / Күйлерінсіз - бұйығам. / Тіккен әннің отауын - / Күләшіме сыйынам» - деп ән мен күйдің пірлеріне бас ию әдебін танытады. Жалпы алғанда өлең түйінінде өткенге салауат айтып, бүгінге берекет тілеген ниет бар.

Ғұмырлары аз-ақ боп,
Өте шықты-ау құйындай...
Жүрген бірақ қазақ жоқ -
Әруақтарға сыйынбай!

Ақынның шын көңілден шыққан, еш боямасыз қалыптан туған өлеңдерінің шоғыры мол. Сонымен бірге оның ақындық болымысына тән өзіндік ерекшеліктері әр қырынан тақырып аясы мен ауқымына қарай

өзгешеленіп, бөлектеніп отырады. Ұлттық мүдде мен құндылықтарды ардақтап, жырлауға келгенде ақын өзінің ұсыныстары мен идеялық мұратын бүкпесіз жариялайды. Ел-жұртының, халқының асыл, рухани құнды, қымбат қасиеттерін бәрінен де жоғары қояды. Мысалы, «Қазақ тілі», «Қасиет», «Сүзбелер», «Қара шаңырақ» аталған өлеңдерінде қазақ үшін тұмардай қастерлі ұлт құндылықтарын қызғыштай қориды.

Ел екенім
рас болса егемен,
Өз тілімде
сөйлемеймін неге мен
«Қазақ» деген
бес әріпті құрап көз,
Қай жағынан оқыса да
Бір-ақ сөз
Ендеше мен тілінде де шетелдің
«Қазақ» деген
мемлекет екенмін [219, 138 б.].

- деп жырлайды ақын.

(«Қазақ тілі»)

Б. Ырзабаев танымында елден ұлы, мемлекеттен биік еш нәрсе жоқ. Елдің бірінші статусы тіл екенін автор өзгелерге танытуға асық. Егемен елдің тілінде сөйлеу арқылы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге болатынын автор оңтайлы ұғынған. Оның жарқын үлгісін өзі бірінші боп көрсетпекке ұмтылған ақын: «Әлбетте оның лебізі де қазақша, / Қазақ тілі - / патшасы ұлттық мекеннің!» деп жырлайды.

Қазақ тілі -
сезім кені тұнған мол,
Сыр шертеді
теңізден де, құмнан да ол.
Қазақ тілі -
аспанға да, жерге де
салу үшін жаратылған тыңнан жол!

- деп келетін үлгісі, өнегесі мол шумақтардан ұлтжанды тұлғаның айбарлы үні асқақ естіледі. Егемендікке қол жеткізген елдің болашағына, келешегіне жақсылық тілеген жанның, ана тілінің жай-күйіне алаң болған ақынның қазақ тілін ұлттық мекеннің патшасына балауы ұлтжандылықтың басты өлшемі болса керек-ті.

Ақын «Қасиет» өлеңінде жоғарыдағы арман-мұратын одан әрі дамыта түседі. Қазақ боп туғанына, қазақ боп жаратылғанына мақтанады. Сөйте тұра сол қазақтың кейбір ретте пенделікке ұрынып қалатынын да жоққа шығармайды. Көп ішінде «шала қазақтың» болатынына да қынжылыс танытады. Қазақтың бойындағы оңы бар, терісі бар, әйтеуір аталған ұлтқа тән қасиеттерді ешбір қоспасыз, бар қалпында жырға қосады.

Жұбан ақын айтқандай менде қазақ,

«Көпті көрдік» деушіден кем бе қазақ,
«Қазақ десе өзіме тиеді» деп,
Өзін қорғаштайтындар - пенде қазақ

Олар емес шығарған атын қазақ,
Таусылмайтын тарихым - ақын қазақ
Келгенде шешендікке, көсемдікке,
Жібермеген ешкімге хақын қазақ [219, 12 б.].
(«Қасиет»)

Қазақтың бойындағы жақсы қасиеттерін түгендеп, атап-атап көрсетуден жалықпаған ақын: «Тіл кеспек жоқ» деген де батыл қазақ, / Елдің қамын жеген де батыр қазақ / Құлашы Ертіс-Жайық арасындай, / Космосты түндігі етіп отыр қазақ» деп мақтанышпен айналаға жар сала жырлайды. Қазақтың «Таза қазақ сүйегі салдырлаған / Бұл жағынан алдына із салдырмаған» деп те қызықты ой салады. Сондай-ақ «Қара қазақ» атанып жүргенде де, / Жолдасын жауға жалғыз қалдырмаған» деп ұлтының өткен тарихынан із шолады. Ұлтты сүюдің шарты оны тек мақтай беру керек деген ойдан автор аулақ. Қажет болса аңқылдаған қазақтың ешкімге есесін жібермейтінін, арын, намысын таптатпайтын қасиеттерін де әзіл-шыны аралас әңгімелей жөнелді.

Дұшпанын да достыққа шақырады,
Жанын солай баулыған атырабы
Тауға шықсаң тартпайды етегіңнен,
Сен қатырсаң, сені де қатырады.

Көңіліне үңілсең - бала қазақ.
Жүрегіне жүгінсең - дала қазақ.
Тек қана өз тіліне шала қазақ

Ақынның «Қара шаңырақ» өлеңі Жазушылар Одағының жаңа дәуірдегі мерейтойына арналыпты. Рухани байлық, түйсік тереңдігі, ақыл айдыны, айна көл т.б. ізгілікке шақырар, көптің басын қосқан Одақты - Қара шаңырақ деп ардақтап, үкілейді. Өткен жолына барлау жасап, «Қаршыға салған қазақтың / Сөзіндей желіп су жорға, / Тар жолын кешіп азаптың. / Сен татпаған у бар ма? –деп өткен тарихтың қатпарларына ой жүгіртеді. Қара шаңырақтың құрылу, қалану, даму сапарында үлгі тұтар әдебиет тұлғаларының есімдерін атап, өткен дәуір көзқарасы тұрғысынан сипаттама береді.

Қанатты қалам қожасы-
Бейімбет Майлин - жыр-абыз.
«Жас қазақ марсельезасы» -
Сакеннен қалған мұрамыз.

Мұрама қазақ жеріндей
Көлеңке емес қолшатыр

Өлеңнің құлагеріндей
Илияс тартқан жол жатыр [219, 89 б.]
(«Қара шаңырақ»)

Ұлыларға иек артқан, олар салған дара жолдың ендігі ізбасарлары ағалар аманатына қылау түсірмейтініне бек сенімді. «Солар ғой ойға жаншылып, / Бастаған бізді өреге. / Уықтар көкке шаншылып, / Берік болғай кереге!» - деп ақ тілегін жолдайды.

Ақын Б. Ырзабаев қаламынан туған өлең-жырлардың тақырыбы сан алуан. Ұлттық құндылықтарды бірінші орынға қойған ақынның елім, жұртым, қазағым деп толғаған үнінің бір тұсында дін мен ділдің мәселесі де қалыс қалмаған. Айталық, «Ақниет» аталатын өлеңінде «Айшығы құбылаға маңдай беріп, / Қалаға тұрған шашып шайдай көрік» беріп тұрған Ақ мешіттің, оны ұстаған Ахмет халифенің, дін ұясын тұрғызған құрылысшылардың, тас қалаушылардың еңбек-ізгілік істері баяндалады. Өмірдің қанша жұтын бастан кешсе де, құты қашпаған, сылағы кетсе де, кірпіштері берік мешіттің қасиетін ақын «Өйткені қабырғаны қалаушылар / саз балшыққа биенің сүтін қосқан» деп суреттейді. Жәрменке сай базарына жиналған халықтың Ақ мешітте азан намазына жығылуы, садақа асының Ақ мешіт қазанында қайнауы, сонау бір қиын замандарда айшығын трактормен тартса да жұлынбауы - бұл да бір тарихи дерек. Ақынның айтары:

Құранды
қорлағанға жоқ кешірім,
Мұсылман сәулетінде дақ шешімің
Әлемнің сегізінші ғажайыбы-
Өзіңсің
әруақытта Ақ мешітім! [218, 211 б.]
(«Ақниет»)

Ақынның бір қыдыру жырлары оның өмірінен сыр шертеді. Балалық шағы қиындықта өткен ақын сол бір сүреңсіз күндердің сұрғылт, тұманды суреттерін еске алады. «Бір қысты жылытуға жетер еді...» өлеңінде лирикалық кейіпкер көптен келмеген туған өңірі Ақтөбеге бет алған ұшақта отырып, ұзақ сонар ойға беріледі. Туған жері Темірді құлай сүйген ақын: «О, сүйіктім, өзіңсің тәңірі де, / Дән болып себілейін өңіріңе -. / Мендегі игіліктің барлығы да - / Теміріме - балалық өміріме» - деп жырлайды. Туған жерден басталған ой-бұлағын қуат көзі етіп алған ақын «Баяғы бала емеспін «қара пұшық», / Менің өмір жолымды, інілерім, / Ағаңның иығына қара шығып» деп өзінің өмір белесінде жеткен жетістіктерін марқая, мақтанышпен жыр етеді де, әйтсе де бала кездегі көрген машақат, жетімдік зардабын да естен шығара алмайтынын баян етеді.

Көресің
бұзау баққан еңісімді,
Жортып жүріп тезекті терісімді.
Ала қапты арқалап ақшамдатып,
Келдектен

қайтқандығы желісімді

Көріңдер

бір боранда асқақ үнді -

Қонжар жетім үйінен қашқанымды

Сөйтіп жүріп

өр іздеп, өнер іздеп,

Жетімдікпен қоштасқан тасбауырды [219, 116 б.].

(«Бір қысты жылытуға жетер еді...»)

Ауыр күндерді бастан кешкен кейіпкердің жолын жолбарыс та күзеткен, қатты сырқаттанып, сүзектен құр сүлдері қалып азған, Жарқамыстың отын-суын тасып, талай сұсты күздерді де артқа тастаған, не бір қорлықтан аман қалған жетімектің балалық шақ баяны оқушысын тебіrentпей қоймайды.

Мен майын сорғаным жоқ шағып жілік,

Темірімнің жидегін қағып жүріп;

Жетілдім,

Шеңгел талап тірсегімді,

Жетілдім,

Көзімнен жас ағып жүріп.

«Көзіммен жедім» кертiп жаяларды,

Шекпенді болсам да ақпан аямады.

Бір қысты жылытуға жетер еді

Мен жинаған шағардың маялары...

Әкеден ерте айырылған ақынның бір өлеңі – «Менің әкем». Әкесіне арнаған туындыда ардақты адамының өнерлі жан болғаны, темірден түйін түйген шеберлігі айтылады. Әйтсе де еміс-еміс суреттер емес, көз көрген естелігіне жүгінеді ақын. Марқұм әкесі - ерші, үйші, етікші болған. Өмірбақи сол кәсіппен күн көрген. Мал орнына өнер ұстаған адамның бір мықтылығы «Ерегiспен қойдың ортан жілігін, / саусаққа сап жіберіпті қаусатып» Әр қиырдан іздеп келген адамдар жеңіп жатса, «өзін жеңген адамға тарту етіп береді екен ер соғып». Ұсталық, зергерлік өнер үш ағайындының ортаншысы Ырзыкеңе ғана бұйырыпты. Ел ішінде өнерімен танылған әке бейнесін ақын оның көзін көргендердің естелігі арқылы ғана елестетеді.

Қоңсы ауыл да

Ырзыкеңнің саусағын

таниды екен кереге мен уықтан

Қылмитыпты

қисық табан етікті,

Жем бойы

түгел алдына тағзым етіпті.

Құлыным деп,

Құлыным деп жүрсе де,

Бір өнерін маған қимай кетіпті [219, 192 б.].

Ақын Б. Ырзабаевтың әкеге арналған жырдан өзге ауыл ақсақалдарына, олардың қазақы мінез-құлықтарына құрылған туындысы ерекше назар аударады. Ауылдың дархан көңіл адамдарының, ауыл ақсақалдар қауымының қазақы мінездерін бала көңілінде қалған сурет кескінінде алып бейнелейді ақын. Туынды мазмұнда тек қазақ қана түсінетін психо-этнографиялық этюдтік миниоқиға бар. Өлеңмен берілген эпизодтың астарында мұқым қазақтың ауылдағы ақсақал-қарасақал қарияларының тұтасқан образы бейнеленген, яки типтік бейне тудырған автор. Бір ауылдың үлкендерінің мінез-құлықтарын иеленген ақын кейіпкерлері бүгін де бар, кеше де болған, қазақ аман тұрса, әр кезде де бола береді. Өйткені автор қазақ қоғамының кішкене ғана бөлшегі ауылды, оны мекен-қоныс еткен қариялардың образын жасау арқылы сол ұлттың болмысында ғана кездесетін этномәдениетін, халықтық педагогиканың, яки халықтық тәрбиенің (ақсақалдар мектебінің) кішкене ғана қарапайым элементін жария қылған.

Тұсынан
бара жатсаң төпеп өтіп,
Тастағаның оларды өкпелетіп.
Жанына жақын келіп сәлем берсең,
Қалады төбелері көкке жетіп.

Жаратпайды
шелтиіп тұруыңды
Қалайды
әңгіме-дүкен құруыңды
Сұрамайды
сенің ол паспортыңды
Сұрағаны болмаса руыңды [219,190 б.].

(«Ауыл ақсақалдары»)

Ақсақалдар мінезі қызық, оларға бір әңгімені бастап, тамызық етсең, одан әрісін олар өздері таратып алып кетеді: «Бастасаң болды оларға бір атаны, / Қалғанарын өздері-ақ таратады. / Сөйте-сөйте келгенде суыртпақтап, / Өзіне туыс етіп қаратады». Бұндай этнотәлім - барша қазаққа ортақ, өйткені ағғы ата-тегінде оның тарихи даму жолы бар. Ру, тайпа белгілі бір халықтың ұжымдасқан бірлігін, татулығын құрайтын табиғи қалыптасқан кішігірім одақ. Ал сол ұжымға тірек боп отырған әрине, ауыл ақсақалдары. Автордың:

Ақсақалы ауылдың
көпті көрген емес пе,
Тарихы бір дәуірдің
Тіккен талай егеске

Айтысуға қалғанда,
Толып жатыр дерегі.
«Біздер колхоз болғанда,
Сен жоқсың да», - дер еді.

- деуінде де ақсақалдық бітімнің, қариялық тоқтамның, төрағалық кеңестің жазылмаған заңдылық-жарғысы, дала данышпандарының көл-көсір пейіл кеңдігі жатыр.

Ауыл қарттары мен ақсақалдарының психологиясын өлең тілінде әдемі өрнектеген ақынның дала туралы, оны ежелден мекендеп келе жатқан жергілікті тұрғындары жайында жазған туындысы –«Дала» деп аталады. Қаланың у-шуынан зеріккенде даланың кең құшағын аңсап, бар шаруаны жиып қойып, көгалына аунап-қунап қайтатын кейіпкердің көз алдында дала бейнесі өзгеше бір өң алып, құлшырып қоя берді. Дала суретін ақын: «Қызғалдақтар билеп тұрса не дерсің, / Көкжиектен көрінгенде сағым су, / Көк төбелер желмая боп желерсің» - деп кейіптеумен келістіре бейнелейді, жансыз ұғымға жан бітіре әсерлі кестелейді. Дала төсін мекендеген, халықтың мал соңында күйбеңмен күн өткізгенін, бертін келе дихандықты үйренгенін, соның көзіндей боп, «Желі қалып көшкен елдің жұртында», ізіндей боп «Соқа қалған иықпенен сүйрелген» - деп өткенге ой жүгірте шолу жүргізеді.

Көшіп-қонып жүрген халықтың өнерлі болғандығына дәлел ретінде: «Мәнер қалған ер-тоқымда, кебісте, / Құрым үйде күмбірлеген күй туып, / Құрым үйден ән тараған кеңіске» - деп дала тарихынан сыр тарқатады. Өлең тінінде атадан қалған асыл сөздің ізгі оралымдары жып-жинақы беріліп, еңбекке баулудың, кәсіпке тәрбиелеудің тәлімі – атадан мұра боп қалған бұл атырапқа да маңдай тердің исі сіңгендігі кейінгі ұрпақ қаперіне салынады. «Айтыпты олар: «Күте білсең жерінді, / Жерде де сені өтеді, - деп, - асырап». Ақынның көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдары да («Ақ балтырын жуып жатыр қайыңдар», «Диқан-дала, кең-дала, / Содан бері сөйлеп тұрған домбыра») сәтімен шыққан. Даланың құдірет-кеңдігін, дархандығын ақын:

Жайып қойған дастархан даланың

Қазакеңнің

көңілінің кеңдігін -

Кеңдігімен өлшей берші даланың!

- деп түйіндейді.

Б. Ырзабаев шығармашылығына назар аударушы Еркеш Ибраһим: «Сонау студенттік күндерден бастап, бүгінгі таңға дейін ақындық ауылында да, журналистика әлемінде де қатар қалам сілтеп, өмірдің қайнаған магмасының қызық-қуанышында да, шаттық-шабытында да бірге тебіреніп жүрген «біздің Бораш» атанған Б. Ырзабаевтың өлең-жырлары бұдан да қуаттана, алаулай түсетініне анық сенеміз» [220, 6 б.] десе, сол артылған сенімді ақынның ақтағаны кәміл анық десек те болады.

12.2 Жанр өрісі: поэмалар мен балладалар, циклдер

Ақын Б. Ырзабаев эпика жанрында да қалам тербеген жазушы. Оның қаламынан туған көлемді туындылар қатарын өзі поэма деп көрсеткен «Қалықпан» [221, 69 б.], «Жарық жұлдыз» [219, 212 б.], «Қанаш Қамзин»

[218, 93 б.] деп аталатын шығармалары толықтырса, одан өзге баллада атаған шығармасы - «Серт». Бұлардан басқа «Баян эскиздері» деген топтамасы сегіз жырдан құралса, тағы да бір бөлек «Таяу шығыс сапарынан», «Толғанай толғаулары» деген циклді дүниелері және бар.

Б. Ырзабаевтің «Жарық жұлдыз» поэмасы Кеңес Одағының Батыры Темір Масиннің (бейбіт өмірде өрт құшағында қалып, ерлік көрсетіп мерт болған) рухына арналған шығарма. Қанды соғыстан аман оралып, Тайпак аупартком төрағасы қызметінде жүргенде Азнабай алқабында тұтанған өртті ауыздықтау кезінде отқа оранып, соның салдарынан аурухана төсегінде бесінші күн дегенде көз жұмады. Т. Масиннің ерлігін дәріптеген шығармалар Берқайыр Аманшин, Сатыбалды Даумов т. б. қаламгерлерде де ұшырасады. Алайда әр ақын өзінше, өз шығармашылық мүмкіндігіне қарай батыр ерлігін сөз өнерінің өрісі арнасында әрқалай бейнелеп шықты.

Б. Ырзабаев поэмасында Т. Масиннің тұлғасы еңбек адамының, шаруашылық жетекшісінің іскерлігі үлгісінде көрінеді. Алайда автор лирикалық шегініс әдісін қолданып, кейіпкерінің соғыстағы ерлік істерін бейбіт дәуірдегі жасаған ерлігімен тығыз байланыстыра суреттейді. Поэма үш бөлімнен тұрады. Шығарма батырдың естен танып, сандырақтап жатқан ауыр халін көрсетуден басталады.

...Төсегінде
төртінші таң асырып
«Өрт... Өрт...» деп
Темір Масин аласұрып;
Жатқанына, мінеки, бесінші күн,
Бесінші күн,
жағдайы жанашырлық.

Жанашырлық жағдайы, қайран, Батыр.
Тұра алмай аяғына -
Қайнап жатыр.
Қайнап жатыр, қайтейін, зығырданы,
Оңай жау ма
Ажал да – айлалы ақыр [219, 212 б.].

Ауыр халде жатқан жанның көз алдынан не бір ауыр оқиғалардың тізбегі өтуде. Ақын Темірдің ажалмен арпалысқан сәтін әрқилы жанды суреттеулер, салыстырулар арқылы береді. «Ойнатуда басына ақыр заман, / Бірақ болып жатқан жоқ / Батыр да оған. / Малшынып қара терге, / қара суға, / Найзағай кеудесінде шатырлаған» - деп жырлаған ақын қиын жағдайдағы жанның қиналғанын қарауытқан көздер, жарылған жер, салмақ түскен жер шары, оты сөнген жанар, т.б. сөз тіркестеріне іліктіре сөйлейді. Кешегі от кешуде бұл ажал-фашизмді табан астына салған батырдың ойында: «Өлмеген бе / сонда да жылан жанды, / Жаңакөлге / от болып ылаң салды» түрінде берілсе, автор оны «Батырды осы жерден тосын тұрып, / Бірге онымен қарсы алды / Қылаң таңды» - деп береді сол сәтті.

Поэмада Т. Масиннің от ішінде қалған сәбиді құтқармаққа бел буып, жалын ортасында қалуын ақын шынайы да көркем бере білген.

«Бесікте бала қалды...» -

зары жетіп,
Енген-ді үйге отты жарып өтіп,
Іздеді
көк тұманның құшағынан
Жүрегін
жұлып алып жарық етіп.

Алайда қалың өрт құшағында арпылысқан Батырдың тәуекел ісі сәтсіз аяқталады. Өйткені: «Іздеді, / білмейді оның есімін де, / От қаулап / тұла бойын, өшігуде... / Сонда да / баланы іздеп кешігуде, / Ал, бала / болмай шықты бесігінде...».

Поэманың екінші бөлімінде «Өрт... Өрт» - деп қайта-қайта тілі күрмелген Темірдің қасында отырған қасында отырған Зайыбы Қамарияның тәңіріне жалбарынған, жарының аман қалуын тілеген бейнесімен қоса, төрт баланың анасы атанған аяулы жанның сол сәттегі жан аярлық түрін ақын еш боямсыз, шнанымды қалпында сипаттайды. Жылай-жылай көздері ісіп, құшақтауға келмейтін жаралы дегені аялап отырған жар бейнесін «Енді оған күн де, түн де бірдей. / Қамария болса да қанша мықты, / Төрт күнде семіп кетті кәрі гүлдей» - деп аянышты халін көрсетеді.

Осылайша өлім мен өмір арпалысқан күндердің бесінші тәулігінде сәтін салып Темір көзін ашып, тілге келеді. «Тілге келді сұңқарым / Шүкір... Шүкір...» - деп қуаныштан асып-тасқан, жұбайының аузына біресе де құс сорпасын ұсынып, біресе сүт тамызып, бәйек болған Қамирияның қуанышы ұзаққа бармады. Ерлі-зайыптылардың екеуара диалогы көпке созылмады. Жан-жарының құрмет-қошеметін ризалық танытқан, өткен өмір мен сұрапыл соғыстың зардаптарын, бейбіт күндегі шаруашылық жайын, болашақтағы ел игілігі үшін қылар армандарын айтып жатқан Темір жарық дүниемен қоштасып жүре берді:

Сенемін, - дей бергенде, -

жүрекке ем

Қалыпты

қабіріне бір-ақ сүйем...

«Камесім, хош...» деді де.

жүріп кетті

Содан бергі өмірі - реквием [219, 224 б.]

Дастанның соңғы үшінші бөлімінде Темір Масиннің артынан қалған ізбасарларының болашағы үшін мерт болғаны, сұрапыл соғыстан аман-сау келіп, бейбіт өмірде жас сәбиді құтқару жолында өртке оранған асыл Ердің қыршын кету себептері жырланады. Есімі кеңшар, көше атауына айналып, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болар ерлігі дәріптеледі. «Биік тұғыр үстінен қарағанда / Қарасы ой салады әр адамға. / Мүмкін, жазылып жатқан шығар, / Батырдың қолыменен роман да».

Ақын Б. Ырзабаеатың өзі баллада атап көрсеткен шығармасы – «Серт» деп аталады. Туындыда лирикалық кейіпкер аты аталмай, жай ғана нағашы деп баяндайтын күйші жігіттің өнерімен байланысты оқиға барысы айтылады. Дарынды, аймаққа белгілі дәулескер күйшінің әруақты, арқалы адам болғандығы сол дәуірдің аңыз әңгіме желісіне орай жеткізіледі. Елден ерекше жанның жүрегі оң жағында болғаны, омырылған домбырасының тиегі ақ бөкеннің тобығынан жасалса, жыңғылдың жалынынан ысталған қақпаққа арқар мүйізі қондырылыпты. Күй мен күйшіге тән жаңа бір ерекше қасиет, күй тартылғанда:

Домбыра шанағына дала сыйып,
Ботасыз боз інген де салады иіп;
қан жүгіріп,
Көрмегендер
көріпті бала сүйіп [219, 204 б.]

- деп жырласа, сонымен бірге күй сазына елтіген киіктердің табиғаттағы жұмбағын «Күй үні шыққан жаққа / киік те ауған, / Атанып кеткен содан «киік сауған». / Нағашымсыз ауылда той өтпеген, / Мерейі, бола берген биік таудан» деп суреттейді. Өмірлік өнер қуып, отыздан асқақша үйленбей жүрген күйші жігіт, көптің қолқасымен Жалпақты ауылына келіп, өнер күдіретін танытып жүрген шағында Күміс есімді сұлу қызға ғашық болады. Қос ішекті бәшпәйімен де шерте білетін күйші өнерін мұқым халық іздеп жүріп тамашалайды екен. Күйші өнеріне риза болған қауым арасында бірі мауыты шапан жауып, әркім әрқалай сыйлықтарын ұсынып жатады. Бір ай сауық құрып, барған жерінде ауыл-аймақтың құрметіне бөленген өнер иесін ақын былайша суреттейді.

Ел сөйтіп
жамбасына болып жастық,
Бір ай сауық құрыпты жалықпастан,
Қалғанда күйге мас боп жалпақтылар,
Нағашым ақ жеңгемді алып қашқан.

Алайда балладаның шешуші кілті осы жерден басталады. Екі жастың махаббатының бақытты мезеті бір-ақ күнге жетеді. «Бірақ бұл - / бір-ақ түндік бақыт екен / жазылған маңдайына Күмісінің». Ауылға келін болып түскен кеште, «Өрт шығып көрші үйінен, / Жалғыз сәби / құшағында қалыпты жалын-қорық»

Деп жатқанда
ел шулап: «Неткен сұмдық...»
Нағашым
от ішіне кеткен сүңгіп.
Зытырғанда-ақ баланы,
Төбесіне
қызыл шоқтай құйылып кеткен түндік.

Тағдыр ісіне бас иген жесір марқұм күйеуін жүз күн, жүз түн аза тұтып, қос бұрымын кесіп, саусақтарынан жүзіктерін сыпырып, дәстүр жоралғысын

сақтайды. Жастай жесір қалған Күміске көз салушылар көп болды. Бергі өмірде перзентсіз өткенін бетіне басушылар да болмай қалған жөн. Сертке берік, сүйгені үшін бәріне де даяр жесір Күміс өксіп-өксіп жылап алады да, ел жақсыларын, молда, ишан, бақсыларды үйіне жинады. Ауылдың игі жақсыларының алдарына табақ таратып, сый-құрметін көрсетеді де, соңында барлық сырын ақтарып салады: «Бұл Күміс күйшіні емес, / күйді сүйген, - деп, / - қайсың салып жүрген жарапазан?...» - деп қарсы сұрақ қояды.

Сұрағы одан әрі тереңдеді,
Отырғандар үнсіз-түнсіз... керең бе еді?...
«Ал, мынау Қоскүреңнің денесі» - деп,
Көрсетті күлгін күлді зереңдегі

Осылай алыпты да сөзбен жайпап,
«Қарандар екеніме серттен тайғақ...» - депті де,
сол зеренге шұбат құйып,
Сіміріп жіберіпті шайқап-шайқап...

Бірін-бірі шын сүйген екі жастың сертке адалдығын, бірі мерт болса да, екіншісінің уәдеге беріктігін ақын ел аузында тарап, кейінге жеткен аңыз желісінен алып, баяндап шыққан. Тақырып - сүйгендердің, ғашықтардың адал махаббатын әйгілеу болса, идея - тұрақтылық, сертке беріктік, уәдеге бекемдікті көрсету болса керек. Сонымен бірге күй өнерінің құдіретін (бала сүйгізу, «киік сауған» сиқырлы жұмбағын «әшкерелеу») таныту да бастапқы идеяға қосымша боп үстелген.

«Қанаш Қамзин» - Б. Ырзабаевтың ертеректе жазған поэмасы. Ұлы Отан соғысының батыры, Керекуден шыққан азаматтың асыл бейнесін көркем әдебиетте сомдауды автор алдына мақсат етіп алған. Поэма прологтан, үш бөлімнен және эпилогтан тұрады. Кеңес Одағының батыры, жиырма бес жасында рота командирі боп Молдавияның Днестр жағалауында өткен қырғын шайқаста белгіленген биіктікті жаудан тазартып, соңында өзі құрбан болады. Автор Қанаштың бейнесін балалық шағынан бастап, оның отбасын, өскен жерін, жұмыс ортасын, әскердегі қызметін қоса қамтып, деректерге сүйене, шынайы қалыпта, реалистік шындықпен сомдап шыққан. Әдеби және публицистикалық жанрды қатар еншілеген туынды көлемі де қомақты. Автор бас кейіпкерін ортақ фонға ала отырып, кей тұстарда лирикалық шегініс жасайды.

Шығарманың «Аттаныс» атанған бірінші тарауында Қанаш пен бейтаныс Ананың диалогы туынды тақырыбын тереңірек ашуға сеп болған. ҚазПИ-дің түлегі Павлодар облысының тумасы Қанаш Қамзин өзі сұранып майданға аттанғалы тұрған Алматы военкоматында бейтаныс Ананы жолықтырып, екеуара әңгіме-дүкен құрады. Сапқа кеп тұрып жатқан сарбазға маңдайдағы ажымы тереңдеген, қам көңілдіктің белгісіндей тауқымет тартқан бейтаныс қарт Ана кеп тіл қатады.

Қанаш та тұр еді осынау сапқа кеп,
- Ананың ақ сүтін, қарағым, ақта, - деп,

Бейтаныс қарт ана мен Қанашқа қарады,
Маңдайың ажымы тереңдеп барады...

Қанаш:

- Қарт ана,
Балаңыз барма еді майданда,
Болса егер, жүр екен ұлдарың қай маңда?

Ана:

- Ұл болған менде де секілді өздерің,
Бірақ та
Қыршындай жұмды ғой көздерін
Ол еді, оны да, қайтейін, тұрмады,
Ұлдарым -
Октябрь революциясының құрбаны

Қанаш:

- Қаймықпа, қарт ана, соңында біз бармыз,
Соғыста болмайды жетістік –
құрбансыз.

Ана:

- Өлімді атама,
Қанашым, қарағым,
«Ерлік!» деп сөйлейсің
жақсы екен талабың
Жұлдыздар сөнбейді,
батырлар өлмейді!
Батырлық кездер мен
Батылдық кез келген
адамның
қолынан келе бермейді [218, 97 б.]
(«Қанаш Қамзин»)

Берілген үзіндінің соңғы шумағы поэманың тұтас мазмұнына әсер етіп алған туындыны ерлік дастанына айналдырған. Автор Қанаш пен Ананың тіл қатысуындағы және бір маңызды мәселені тексеріс тезінен өткізеді. Қанаштың: «- Жоқ неге бірдейлік бәрінде ананың? / Соғыстың шығуы содан деп қаламын / Дұшпанның анасы - дұшпаным болар ма, / Бізді де қарғайтын шығар-ау олар да» - деген пікіріне Ана:

- Жоқ, балам, ешқашан анаға тиіспе,
Кез келген ананың омырауын иіске.

Соныңа қуанар қайта тек аналар,
Жауласып жатқандар - ана емес, балалар

Жауыздық келмеген,
Келмейді ақ сүтпен
Аналар ұлынан жамандық жоқ күткен

- деп, жауап береді. «Анадан жұқпайды балаға жамандық, / Өмірге әкелді пәк таза адам ғып, / Гүл болып өсе кеп, гүлдерді жұлады, / Ал, оған бірақ та ана ма кінәлі?» деген уәж айтып иландырады. Қанаш болса «- Қарт ана, кәнеки, енді «қош!» десейік / Жақсы екен әңгімең, қалдым ғой есейіп» деп қош айтысады. «- Үйде де, түзде де тілектес боламын, / Жол болсын, қарағым, жеңіспен оралың!» - деп шығарып салады бейтаныс, көзтаныс Ана ел қорғаушысын.

Поэмада Б. Ырзабаев - Қанаштың соғыс даласындағы бастан кешкен жорық сапарларын (Еуропаны, Кавказды азат ету), оның Днестерден өткел бермей тұрған жаудың ең берік бекінісі - «Биіктік-65» деп аталатын дұшпан дзотын жоюдағы ерлігін аса үлкен қаһармандық толғаныспен жырлайды. Осы биіктікті алудағы жасаған ерлігі үшін Қанаш Қамзинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілген, алайда есіл ер осы ұрыста көз жұмады.

Поэманың әр бөлімі бірімен-бірі қабысып, бірі екіншісін толықтырып, оқиға сюжетінің желісі бұзылмай, композициялық құрылымы жымдаса бірігіп, туынды мазмұнын байыта түскен. Шығарма оқырманына көркем хроника сыйлап, ерлік дастанынын паш еткендей байыппен ой тастай оқылады.

Б. Ырзабаевтың «Қалықпан» аталған поэмасы өткен кеңестік қоғамның идеологиялық сарынымен жазылған шығарма. Көркемдік қуатымен қатар публицистикалық екпіні де поэманың үгіт-насихат құралы боларлықтай сипатын аңдатады. Қалықпан - қыран құс деседі. Бұл жерде Сәкен Сейфулиннің «Альбатрос» поэмасы еске түседі. Автор Сәкен үлгісін басшылыққа алып, «Қалықпанды» өмірге әкелгендей көрінеді. Қайта оралмас бесжылдықтар дәуіріндегі жаңа қоғам орнатып жатқан Кеңес Одағы өзінің қас жауы саналған Батыс елдерін, капиталистік қоғам жүйесімен бәсекелеске түскен идеологиялық майданның суреттері берілген. Шығарма пафосы кеңестік интерационализмді қалқан етіп жаппай қаруланып жатқан империалистік мемлекеттер саясатын айыптауға құрылған.

Сонымен бірге бейбітшілікке ұмтылған елдің өз дәуіріндегі даму ағыны, тұрмыс-тіршілігі, жаңалыққа ұмтылысы - сол кезеңнің көзқараспайымы шеңберінде берілген. Автор сол құрылыстың бел баласы, кеңестік қоғамның белсенді бір мүшесі ретінде өзі көзімен көріп, куә болған, «гүлденген коммунизмнің» Одақ көлеміндегі іргелі жетістіктерін шабыттана жырға қосып, оқырманына жігер, күш-қуат бергендей екпіндете, түйдектете баяндайды. Ылғи нұрлы, шапағатты, жарқ еткен, дүр сілкінген дүние кемерінен асып-төгілген қуанышты өмір, қиялдағы арман, даму шапшандығы секундпен жарысқан, көл-көсір қуанышқа белшесінен батқан қоғам мүшелерінің баршасы - «кемелденген социалистік құрылыстың» утопиялық көрінісін әйгілеп тұр. Поэмадағы кеңестік қоғамның басты-басты даму бағытын көрсететін тірек-материалдар, фактілік арқау-нысандардың үлгілік мысалын жинақтап, әдеби туындыға айналдыруға Б. Ырзабаевтың журналистік мамандығы да сеп болған сыңайлы. Республикалық орталық газеттің тілшісі болған оның жинақтаған публицистикалық ой-қазынасы

аталған эпикалық дүниеге көркемдік әр беріп, әдеби үдеріс қызметін жандандыра түскен.

Жиып айтқанда «Қалықпан» - кеңестік қоғам мен оны орнатушылардың тарихи жолын баяндайтын және болашаққа бекем сенген, арман-қиялға айрандай ұйыған, алдағы келер күннен үміті зор бейкүнә жандардың «гүлденген өмірінің» куәгеріндей көрінер шежіре-дастан. Ол дәуірдің Одасы:

Отаным менің –
Отаны – энергетика,
Заманы – кибернетика,
Өмірді өріп, жайнатқан

бейбіт жасылдан [221, 92 б.]

Ақын Б. Ырзабаевтың поэма типтес, бірақ көлемі аздау шығармасы «Дина» аталады. Автордың өзі бұл туындысын толғау деп атапты. Эпиграфында: «Жайық өңірінің тұңғыш механизатор қыздарының бірі, Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты Дина Баубекова туралы толғау» деп жазылыпты.

Толғау шағын ғана көлемсіздеу үш бөлімнен тұрады. Автор Динаның образын еңбек адамының, дала қаһарманының бейнесінде алып сомдауға ұмтылған. «Қаратөбенің құмдағындағы / Жалғыз өскен қызғалдақ шағылдағы; «Кировецтің ойнадың құлағында»; «Дина қыздың жайқалтқан ақ бидайы - / Облысты жетеді асырауға», «Омырауын толтырып жүлдесімен, / Сөйледі лауреат / Сессия мінбесінен / Қарай гөр, / Жұдырықтай қара қыздың - / Ел даңқын көтеруге жарағанын» - деп келетін характерлі тіркестер ақын кейіпкерін саты-сатымен өрмелетіп биікке көтереді.

Еңбек қой
танытатын кейіпкерді
Ол - еңбекті көтерді
Еңбек оған қанат берді [218, 25 б.]

(«Дина»)

«Дина» - кеңестік дәуірдің идеологиясына үн қосқан Дина Баубекова сынды темір тұлпарды ерттеп мінген механизатор қыздардың еңбектегі ерлігін көрсетуге арналған шығарма.

Б. Ырзабаев цикл жанрын да терең меңгерген, тақырыбына, сала бағытына қарай топтастырып игерген, ақындардың санатында. Өз туындыларын бірыңғай жазылу уақыты мен тақырыптық-идеялық мақсатына байланысты өріп-түюге, автордың журналист-тілші ретіндегі іссапарларының да септігі тиген сыңайлы. Айталық, «Баян эскиздері» аталған цикл өлеңдері «Бірінші жыр», «Екінші жыр», - деп басталады да, «Жетінші» жырға дейін созылып, әр жырда Баян елінің табиғатын суреттеуден басталып, өлкенің тарихынан сыр шертіледі. Әдеби аңыз бен бүгінгі өмір тіршілігін қатар алып баяндаған автор аталған өлкенің Жасыбай, Найзатас, Далба тау, Құз басы, Қалмаққырылған, Ақкелін т.б. жалпы Баянауылдың белгілі тарихи тұлғалармен жүздестіреді. Мәселен:

Желмаямен салдырып,
Асан қайғы жеткен жер,
Қоңыр дауысын қоздырып,
Естай марқұм өткен жер

Қайта-қайта көксеген -
Мұнда болып кеткендер.
Сонау сұлу Көкшеден
Ақан келіп, кеткен жер.

Даңқы кеткен шет елге
Қанашының - ойы алғыр,
Тар кезеңде Сәкенге
Пана болған Баян бұл [218, 47 б]
(«Баян эскиздері»)

- деп жырлаған ақынның «Соның бәрі қалыпты - / Тастарында мәңгіге / Бұл Баяның - халықты / Жалықтырмас әңгіме» - деп түйіндейді.

Ақынның «Таяу Шығыс сапарынан» деп аталатын циклі - 1. «Жағалау», 2. «Мысыр», 3. «Мұнара» және 4. «Ниет» деп аталатын төрт өлеңге топтастырылған жыр шумақтарынан тұрады. Ақынның кейінгі жинағына енгенде циклдің бірқатар шумақтарына, тармақтарына түзету енгізілген. «Жағалаудағы» - Қара теңіз толқындарының астарына үңілген лирикалық кейіпкер «Кәусар» жинағында «Келеміз жүзіп құшағында көкжиек, / Төбемізде Октябрь туы желбіреп» - деп берілсе, кейінгі тәуелсіздік жылдарында шыққан «Арнадым саған» жинағында жоғарыдағы тармақ «Келеміз жүзіп құшағында көкжиек, / Төбемізде тәуекел туы желбіреп» түрінде өзгеріске түскен. Осы сынды Қазан төңкерісімен байланысты революциялық дүмпуге толы атрибут сөздер тізбегіне тұнған шумақтар жаңа жинақта алынып тасталған немесе жоғарыдағыдай заманауи терминдермен, жаңа дәуірге лайықты ұғым сөздермен алмастырылған. «Мысыр» - ақын танымында қайыршылық, аштық жайлаған капиталистік ел боп көрінеді.

Ала бұлттар шақырса қара жауын,
Жұпыны қалтырады үй.
Сүт шықпаған ананың омырауын
жұлқылап жатты сәби.

Аштық тұрды Мысырдың өңешінен
аямай ала түсіп,
Жалшыдай
қаңғыбастар көшесімен
келеді бала мысық. [219, 127 б.]

Бай мен кедей арасындағы алшақтық, үйсіз-күйсіз, баспанасыз жүрген қайыршылардың ұсқынына қарап, көңілсіз ел салтын ақын: «Ей, Египет, - көнетоз, дарынсың-ау / Ендеше неге сенің - / Жалаң аяқ, жалаңбас қайыр

сұрап, / Жүр, эне, келешегің?...» - деп мансұқтайды. Аталған «Таяу Шығыс сапары» цикліндегі «Мұнара» («Хеопс мұнарасы жанындағы ой») аталған ұзақ өлеңнің мазмұнында әлемді таң қалдырған пирамида тарихына үңіледі. Ежелгі фараондардың ғажап құрылыс сәулетін туғызған орта дүние сәулетшісі, пирамидалардың авторы саналатын Хамиуинның қиялының шексіздігін:

Орнатыпты осылай ескерткішті
Пирамида қырлары неткен сұсты
Көлеңкесін
«тілі» еткен Күн-сағаттың,
Хамиуинның басы да неткен күшті

- деп жырлайды.

Циклдің «Ниет» деп аталған соңғы туындысы Таяу Шығыс елдеріндегі кейбір келеңсіз жәйттерді сынауға құрылған. Бейбітшілік елінің вассалындай боп барған лирикалық кейіпкердің мұсылман жұртына жат тіршілігі ұнамайды. Сол сықпытсыз әлем һәм ажарлы өмір суретін былайша сипаттайды:

Өмірің - Стамбулдың ажарындай,
Таяу Шығыс, аяулым, ажарлым-ай
Саудаға түсіп жатыр махаббат та,
Қараңғы қалтарыстар - ажалындай.

Ақынның «Толғанай толғаулары» циклі екі бөліктен («Оқып жүрмін» және «Аттану») тұрады. Біріншісінде Темір мектебінде білім алып, оқып жүрген бала Ырзабаевтың жас өскін өмірі суреттеледі. Балалық бал дәуреннің үзік-үзік суреттері автордың көз алдынан кино лентасындай сырғып өтіп жатыр. Мәселен, интернат өмірі; Толғанай тоғайы; ойынға есі кеткен балалар; қарға толып қоныштар; «талқан сұрап» қақыраған ұлтан; қарға болып желбіреген құлақшын; делбе болған қыздардың бұрымдары; «мұғалім сырқат» десе қуанып қалатындар т.т. - осының баршасы автордың бала дәуренін көз алдымызға елестетеді.

Химиктің сабағында
ойыннан әрең шығып,
Физиктің қабағын да
алдық біз ренжітіп

немесе:

Сықырлап қарашадай
Қыдыртып қыран көзін
Келетін тарихшы ағай,
Сүйретіп протезін [219, 66 б.]

- деп келетін тармақтар өрімінде өткен дәуірдің тарихи із-табы жатырғаны анық. Осы циклдегі екінші өлең «Аттану» деп аталады да араға отыз алты жыл салып туған жері Темірге оралған жыр ағасын көреміз. Өткен өмірін ой елегінен өткізген жанның туған жерге, елге деген сағынышы көңіл селі болып төгіле түседі. Жоқшылықтың, жетімдіктің дәмін татқан лирикалық

бейне алыста қалған жадау күндерінің кейбір сәттерін еске түсіре сыр ағытады. «Жауқазын жылдарымыз жыламсырап, / Іштен шықпай қалды ғой аптабымыз», «Бірақ менің болған жоқ құс төсегім. / Жетімдік жамбасыма мұз төседің», «Қаңтарда болып жүріп қар табаным, / Қиындық жүгін ерте арқаладым» сынды тіркестер мұңлы күндер ызғарын танытады. Әйтсе де кейіпкер өзін түлетіп ұшырған елді-мекеніне мың қайтара тәуба етіп, жүз қайтара алғысын жаудырады. «Сондай шақта оқытып, отау еткен, / Темірім ғой - қатепті қара нарым» деп келе «Темірдің азаматы» деген атақ- / Бәрінен де жоғары сыйлық маған» деп ой түйеді.

Б. Ырзабаев туындыларының тақырып аясына назар салған Орынбай Жәкібаев: «Ақын творчествосы философиялық ойға, тарихи тартысқа, шынайы шыншыл сезімге толы» [222, 7 б.] деп атап көрсетеді.

Ақын Б. Ырзабаевтың поэма-дастан, толғау-циклдерінің өн бойында өмірдің өзінен алынған, дәуірдің белгілі бір кезеңін бейнелейтін оқиғалар суреті тізбектелген. Оқырманмен ой бөлісуде ақын еш бүкпесіз қалпында ағынан ақтарыла сыр шертеді.

12.3 Көркемдік-шеберлік өрнектері

Ақын Б. Ырзабаев поэзиясының көркемдік әрі ол қолдаған суреттеу-бейнелеу құралдары арқылы көрінеді. Автор шығарма мазмұнына өң беруде теңеу сөздер мен эпитеттерді ретімен қолданады. Ішінара басқа тілден енген жаңа сөздерді, мәдениет пен тілдік құбылыстардың әсерінен пайда болған сөздерді де оның шумақтарына сатылай енгізіп отырады. Мәселен: сияқты бір метеорит құлап түскен; тажал тап-тап береді кентаврдай; ұқсады комроттың шатырына; көрінді күркіреген «Тигрлердей», «Пантеро» табанымен жанышқандай; содан бергі өмірі - реквием; айтпаған тектен-текке гипербола; көгіне тартылғандай космос жолы; портреттің өзінде - бір ертегі; батырдың қолымен романда; қалың елді бастадың роtaндай; кометалар тұсымнан өтті айналып; роторга жетті шахта қайладан; «қара алтыным» киловатқа айналды, т.б.

Ақынның екінші бір шеберлігі - халық ауыз әдебиті қаһармандары мен тарихта белгілі деген тұлғалар есімдерін шығарма көркемдігін арттырып, мазмұн байлығын жетілдіру тәсілі ретінде орынды, тиімді пайдалана білген. Аса көп болмаса да бұндай сәулелі тіркестердің қатарын «Көрінді айдаһарға Алпамыстай, / Кеңестер Одағының батыры да», «Жауынды берді жеңіп пір Махамбет, / Ұрпағына мың да бір рахмет», «Келешегің - Шолпандай көтеріліп, / Келе жатқан Алаштың арманындай», «Құлашы Ертіс - Жайық даласындай», «Есіме түссе «Елім-ай», / Соғады лебі ызғардың», «Түсінбеспін Маркстің «Капиталын» / Капиталист деп білдім нағыз залым», «Екенсің ғой көгілдір от құшағы / Құшақтаған Қарашығанақтың байлығын», «Баяғыда Роберт Бернс өлгенде, / Шотландия жылап тұрып көмгенге / дұшпандары себепті ғой, / Ақынның көрін ашып, / Көздерімен көргенше», «Жасымау үшін бес намазыма құлаймын! / Құлаған оған Фараби - қазақ, мен - қазақ, / Фараби

- менің құдайым!», «Әбілқайыр, Құрманғазы, Сүйінбай, Абылай, Абай, Шоқаны бар халықпыз» т.б.

Ақын Б.Ірзабаев суреткерлігіне тән тағы бір шеберлік оның кейіптеу тудырудағы тапқырлығы дер едік. Олардың ақын қолданысындағы ерекшеліктері сол көркемдік ойлау қабілетін күшейтіп, жанды бейнеге айналып сала береді. Мәселен:

Ақ қайындар - ақ келін,
аппақ төсін
Саған ашып тастапты
жаланаштап

- деген жолдарда кейіптеудің метафорамен аймаласқан түрі берілсе, төмендегі үлгіде сұрай арнаудан бастау алып, түлен тұрткендей ойды қыздырар керілген қыздай кейіптеуге көз сүріндіреміз.

Келдің бе?
Қараша айым, кермиығым,
Орғып-орғып түйісті ғой
ор киігің
өңің суық болса да,
отың бар-ау,
«Қыземшектер» қадайды көз қиығын.

Ақын кейіптеулерінің өзіне тән жасалу жолдары бар. Табиғат құбылыстарына жан бітіруге келгенде ақын халық ұғымына жақын атауларды қолданады. Мәселен, жоғарыда берілген үзінділердегі «Қыземшек», ақ келін, кермиығым сөздері ұлтқа жақын сипатқа ие болса, қазақтың ұзақ қысының шығарып салмасы «бесқонақты» да ақын кейіптеудің құшағына қыстырыпты.

Жамылған сәуле торғыннан,
айнала саған қарады,
Қар-қар болып орнынан
«Бесқонақ» тұрып барады.

Осы сынды табиғат құбылыстарына өң беріп, ретін келтіріп, біріне-бірін бағынышты қып, суретті сөздің райын қандыру тәсілін де ақын шебер меңгерген. Әр қилы табиғат тегіне қатысты құбылыстардың басын біріктіріп, бірі екіншісіне тәуелді боп қалған кейіптеулердің түрлері мол көрінеді.

Мысалы:

Құшақтаған күндіз кемпірқосағы,
Құшағынан кеш аспаны босады.
Тамшы сабап өткен әлгі өзенге,
Ай алыстан айна бетін тосады.

Сол сияқты:

Баянның төсіндегі
көз жасындай
көрінер
күз басынан көл Жасыбай,

Құлан түсіп,
Қайтадан шапшып көкке,
Көкала

толқындардың шуласын-ай.

Ақынның кейіптеулерінің бірсыпырасы теңеумен іргелес қонып, жанды образға айналады да туындыға көркем әр бере құбыла түседі. Турасын айтқанда теңеу сөздер кейіптеу тудыруға елеулі ықпал еткен сыңайлы көрінеді. Мәселен:

- 1) Жер-ананың
анары иіп кетіп,
Аспанға шашыраған тамшылардай.
- 2) Қылыштай сусылдайды,
Құстардың қанаттары.
- 3) Сәулелер шаншылады,
Жебедей қауырсынды,
Даланың шамшырағы,
секілді ауыл түнгі.
- 4) Қараңғы түн қарады қаскүнемдей,
ауылға атыраптағы,
Кәрі терек теңселді маскүнемдей,
Шуылдап жапырақтары.
- 5) Самалдың шоршығаны –
Қамыстың күбіріндей
Жаңбырдың тамшылары –
Тұяқтың дүбіріндей

Дәуір ырғағына сай неологизм сөздер шоғыры да ақын шығармаларында жиі ұшырайды. Автор оларды әдейі іздеп-теріп қолданбасы анық. Идеялық мақсат, тақырыптық мұрат тезіне бағынған заманауи қажеттілікке мойынұсынған неологизмдер мен кәсіби терминдер поэзияға қызмет етуге көшкен. Өлең тілінің әшекейін келтіріп, белгілі бір дәрежеде көркемдік құрал міндетін арқалаған жаңа сөздердің Б. Бірзабаев қолданысында сәтті шыққан үлгісі де мол екен.

- 1) Құлашы Ертіс-Жайық арасындай,
Космосты түндігі етіп отыр қазақ.
- 2) Интеллигент болсақ та,
Интеллекті жетпейді.
- 3) Бағаның ең ұзыны-
Кооператив шұжығы.

- 4) Кеменнің матросы - арендатор-
Желкеніңе жел берсін мердігерлер.
- 5) Болмаппын өзіме-өзім монополист,
Сазайым - сөзді теріс ұққан менің.
- 6) Анашыңның ақ сүті қасиетгі,
Көлеңкеңнен қорықсын плагиат.
- 7) Біз неге берілеміз дүлей күшке
Құстар да көмекшіміз - барометр.
- 8) Ради-сәуле алмасқа -
Атмосфера - бункер
- 9) Қанымды қотарсам да қалып қойған,
Сияқты денемдегі иммунитет...

Әрине ақын өз шығармашылығында сөз байлығының бар мүмкіндігін сарқа пайдалануға ұмтылған. Айтар ойын оқырманына ұғынықты, түсінікті етіп жеткізу үшін интернационал сөздердің қазақ тіліндегі қызметін барынша ажарлап отырады. Жоғарыда берілген мысалдардан өзге төмендегі сөздер шоғыры да поэзиялық туындыға бейнелік бедер сыйлап, образдық құбылысқа айналған. Айталық, *демократия, механизм, ротор, РСҮ, мансарда, репрессия, дипломат, демагог, галактика, ядро, ракета-атом, орбита, саркофаг, империя, валюта, киловат, электрон, боксит, ми-блок, лава, катер, комрот, метеорит, кипарис, магнолия* сынды өзге тілден енген сөздерді ақын өз шығармаларында туындының көркемдік қуатын күшейту және мазмұнын байыту мақсатында өлең сөздің жігін тауып қолдана білген.

Ақын Б. Ырзабаев поэзиясының көркемдік әлемі мейілінше бай. Қазақ тілінің байлығын арттыратын, қолданыс аумағын кеңейтетін сөздер мен сөз тіркестерінің біраз шоғыры ақын шығармашылығында салмақты ой арқалап, бейнелі суретке айналған. Борекеңнің кезекті жыр жинағына алғы сөз жазған ақын-журналист Ботагөз Баймұқанқызы: «Ел-жұрты айта жүрер ісі бар, тулап, төңкеріліп, түсер ізі бар, өз дәуірінде азаматтық үнін естірте алған бір жан болса, ол – Боранғали Ырзабаев. Ақынның қуатты үнін ХХІ ғасыр да тыңдауда» [223, 6 б.] десе, дәл тауып айтқаны да.

Қорыта айтқанда, Б. Ырзабаев поэзиясы қазақ сөз өнерінің өлең сөз өңірінде өзіндік орны бар, өзіне тән жарасымды сипаты бар, қазақы қоңырқай тірліктің ыстық лебіне бөленген, шырайлы рухани дүние.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» аталған жоба қазақтың ұлттық көркем әдебиетінің дамып, өркендеуін насихаттайтын, ғылыми тұрғыдан зерттеп, қарастыратын және кейінгі жас ұрпаққа жеткізіп, таныстыратын рухани құндылыққа ие бағдарламалық мәні бар танымдық еңбек боп табылады. Қазақстанның Батыс өңірінің ақын-жазушыларының XX ғасырдағы әдеби мұрасының қалыптасу, өркендеу барысын қамтумен бірге тәуелсіз ел әдебиетінің, яки XXI ғасырдың алғашқы он-жиырма жылдығындағы әдеби өлке қаламгерлерінің шығармашылық табысын сараптап, саралайтын кезең туып, пісіп-жетіле келді.

Зерттеу нысанына тұңғыш рет алынып отырған жоба - жоо студенттері мен магистранттарына, докторанттарына, сонымен бірге жалпы орта білім беретін мектеп шәкірттеріне қосымша тереңдетілген білім беру маңыздылығымен ерекшеленеді. Бұл жоба материалдары негізгі оқу бағдарламаларымен сабақтасып, гуманитарлық білім беру жүйесінің құрылымын кеңейте түседі. Жас ұрпаққа филологиялық білім берудің жаңарған рухани формасын ұсыну нәтижесінде ұлт болашағының жарқын да баянды болуына, тамырын тереңге жіберген текті, саналы ұрпақтың өсіп-жетілуіне, жан-жақты қалыптасуына ықпал етеді.

Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту, ұлттық құндылықтарды ұмытпау, сақтау және оны одан әрі терең меңгерту мәселелеріне Елбасымыз ұдайы назар аударып отырады. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Осыдан бір жарым жыл бұрын менің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалам жарыққа шықты. Жоғарыда аталған жобаларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырамын. «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» [224] деп атап көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын, оны оқытудың әдістемесін зерттеуші ғалым, профессор С. Мақыпұлы: «Қазіргі қазақ әдебиеті – интеллектуалдық–шығармашылық потенциалы өте жоғары әдебиет. Әлем танып отырған әдебиет. Қазіргі әдебиетіміздегі сапалық өзгерістертәуелсіздік талаптарынан туындауы қажеттілік» [225, 26 б] деген болатын.

Бұл мәселеде жастарға жергілікті ерекшеліктерді ескере әдеби білім негіздеріне сай жан-жақты білім беруді ұйымдастыру талаптарын Қазақстан Республикасының «Әдеби білім тұжырымдамасы» [226] және «Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы» [227] аталатын ресми құжаттарында білім

мазмұны мен құрылымын жаңартудың принциптері, концептуалдық бағыттары мен жолдары, ғылыми негізделуі туралы айтыла келе «...қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнын негізінен ұлттық құндылыққа негіздеу жетекші ұстанымдардың бірі болмақ» деп атап көрсетеді.

Жобаның алға қойған мақсат - міндетіне сай белгіленген үш жыл (2018-2020) мерзім ішінде бірнеше ақын-жазушының шығармашылық айдынына барлау жүргізілу мұраты қойылса, 2018 жылғы қорытындысы бойынша он ақын-жазушының шығармашылық мұрасына жан-жақты талдау жасалынды, зерттеулер жүргізілді, әдеби хрестоматия құрастырылды.

Зерттелген ғылыми еңбектермен танысу нәтижесінде жас ұрпақ қазақ көркем әдебиетінің бір бөлшегі боп саналатын өлкемізге қатысты әдеби шығармашылық өкілдерінің мұраларына терең бойлайды. Бүгінгі студент - болашақ кәсіби филолог-педагог маман ретінде көркем әдебиеттің жекелеген озық үлгілерімен танысып, әдебиетті оқыту әдістемесінің білімдік, тәрбиелік мұрат-мақсаттарымен танысады. Әдеби өлкетану материалдарын өту барысында оны терең меңгеру маңыздылығы арта түседі.

Зерттеу жұмысының таяу болашақтағы міндеттері:

Осы еңбек авторларының қол жеткізіп үлгермеген, алайда алдағы ізденіс жоспарында бар, күтілетін зерттеудің бірі - ХХ ғасырдың басындағы әдебиет тарихының толыққанды тексерісінен сырт қалып келген Алаш қозғалысы қайраткерлерінің көркем әдебиетке қатысты мұраларына талдау жүргізу. Орал өңірінің әдеби өлке мұрасын қалыптастырған, оның жасалуы мен зерттелуіне тамшыдай болса да өз үлестерін қосқан ақын-жазушылар: ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы ұстаз Ахмет Ғұбайдолла (1873-1951), Шығыс халықтарының көне әдеби мұрасы «Гүлжиһан» лиро-эпостық дастанын зерттеп, қазақ тіліне аударған тарихшы, заңгер, қоғам қайраткері, Каир университетінің түлегі Ғабдолғазиз Мұсағалиев (1880-1933), тұңғыш қазақ офицерлерінің бірі, этнограф ғалым, фольклор зерттеушісі, аудармашы (А.С. Пушкиннің «Капитан қызы» повесін қазақ тіліне тәржіма жасап, бастырған), «Средняя Азия», «Туркестанский курьер», «Киргизская степная газета», «Тургайская газета» басылымдарының беттерінде ауыз әдебиеті нұсқаларын жариялап тұрған Молданияз Бекімов (1882- өлген жылы белгісіз), ақын, жазушы, драматург, фольклор жидашысы, бірнеше драмалық туындылардың («Тура тиген қарғыс», «Ошақ тұтқыны», «Надандық құрбаны», «Шарифат құрбаны»), «Аштық құрбаны» (1929) повесінің, «Атамандар жорығы» (1934) әңгімелер жинағының авторы, алғашқылардың бірі боп Қазақстан Жазушылар одағы мүшелігіне (1926) қабылданған Рахметжан Сәрсенбайұлы Малабаев (1884-1961), ғалым-зерттеуші, ағартушы, мемлекет қайраткері, «Аяқталмаған романнан үзінді» (1915), «Иман ислам» (Т. Жароковпен бірге) кітабының, «Жастар арасында», «Азамат» пьесаларының авторы, ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі (Шәңгерей Бөкеев өлеңдерін қарастырған, ақынның жинағын жеке кітап етіп бастырып, алғы сөзін, өмірбаянын, түсініктерін жазған, Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы жайлы зерттеулері бар),

Нұғыман Сәрсенұлы Манаев (1894-1942), Алашорда қайраткерлерінің бірі, ағартушы, ақын, журналист, «Кеңес», «Әбрет» аталатын өлең жинақтарын жарияланған Ахмет Мәметов (1895-1938) т.б. шығармашылық мұрасын індете тексеру – келер күндердің еншісіндегі мәселе боп қала бермек.

Зерттеу жұмысының 2019 жылға арналған міндеттері:

- 1960-1980 жылдардың қазақ әдебиетіне өзіндік өрнек, тың жаңалық әкелген ақын-жазушылар:), Қ. Мырза Әли (1935-2011), С. Еркебаев (1935-1997), С. Даумов (1935-2004), Ж. Набиуллин (1936-2012), Қ. Бектұрғанов (1937-2015), Қ. Жұмағалиев (1937-2013), Б. Ойшыбаев (1940-1997), А. Нәріков (1940), А. Сұлтанов (1942-2003), Қ. Қараманұлы (1943), А. Бақтыгереева (1944), М. Есламғалиев (1946-2004), С. Әбдуғалиев (1948-1984), А. Бектұрғанов (1948) сынды талантты қаламгерлерлердің шығармашылық шеберханасымен терең танысу;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, №70 (29051). – 12 сәуір 2017 жыл.
2. Радлов В.В. Образцы нар. Лит. Тюркских племен, казахские наречия. ч. III. СПб, 1870. – С. 98.
3. Мелиоранский М.П. Сказание текста рукописи Едиге. – Спб., 1905. – С. 86.
4. Гржебичек Л. Описание киргизско-кайсаковского быта. Спб., 1870. – С.18.
5. Жубанов А.К. Соловьи столетий: Очерки о народных композиторах и певцах / Пер. с каз. Г. Бельгера.– Алматы: Дайк-Пресс, 2002.- С. 455.
6. Святский Д.О. М.В. Ломоносов и краеведение / Д.О. Святский // Краеведение. 1923-1924. Т. 1.-№ 1-4.-С. 32-63.
7. Анциферов Н.П. Теория и практика литературных экскурсий / Н.П. Анциферов. Л. : Лениздат, 1926. - 508 с.
8. Белоусов Л.М. Элементы краеведения в преподавании литературы / Л.М. Белоусов // Краеведение в средней школе. М., 1949. - С.74 - 82.
9. Беккер Э. Г. Литературное краеведение как одно из средств раскрытия связи литературы с жизнью / Э.Г. Беккер // Вопросы анализа литературного произведения в школе : сб. ст. -М., 1962. С. 148-184.
10. Пасечник Е.А. Литературное краеведение в школе / Е.А. Пасечник. -М.: Совет, школа, 1965. 132 с.
11. Кайев А. Литературоведческое краеведение // Краткая литературная энциклопедия : в 9 т./ Гл. ред. А.А. Сурков. М.: Совет, энцикл.,1967. - Т. 4. - 582 с.
12. Духан Я.С. Роль литературного краеведения в работе над художественным текстом / Я. С. Духан // Анализ литературного краеведения в школе. Л., 1972. - С. 84 -90.
13. Милонов Н.А. Литературное краеведение: учебное пособие для студентов пединститутов. М., 1985.
14. Рахимкулов М. Любовь моя — Башкирия. Литературно-краеведческие очерки. — Уфа: Башкирское кн. изд-во, 1985.
15. Савин О.М. Хрестоматия по литературному краеведению : учеб. пособие для пед. вузов / сост. Савин О. М. и др.. Саранск, 1997. - 56 с.
16. Прокофьева А.Г. Краеведение как основной региональный компонент литературного образования: дис. . д-ра пед. наук / А. Г. Прокофьева. СПб., 1997. - 411 с.
17. Литературное краеведение Поволжья: межвуз. сб. науч. тр. / отв. ред. А.А. Демченко. Саратов, 1997. - Вып. 2.-415 с.
18. Стародуб К. Литературное краеведение в школе. - М.: Дрофа, 2003. - 368 с.
19. Васильева В.Д. Краеведение на уроках русской литературы в 8 -11 классах якутской школы Электронный ресурс. - URL: <http://festival.1september.ru/articles/> (дата обращения: 05.10.2018).

20. Рабецкая З.И. Иркутское краеведение: учеб. пособие / З.И. Рабецкая. Иркутск : Символ, 2004. - 116 с.
21. Кульсарина И.Г. Литературное краеведение: учебное пособие / И.Г. Кульсарина. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2015. – 92 с.
22. Малеча Н.М. Изучение народных говоров Западного Казахстана // Сборник докладов XXI научной конференции профессорско-преподавательского состава Уральского пединститута им. А.С. Пушкина. - Уральск, 1967. - С. 83-92.
23. Евстратов Н.Г. Русские писатели в Казахстане. - Алма-Ата: Жазуши, 1979. -174 с.; Евстратов Н.Г. В.Г. Короленко в Уральске. Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. - 95 с.
24. Шмаков А.А., Шмакова Т.А. Урал литературный. Краткий библиографический словарь. Челябинск, 1988. 368 с.
25. Фокин Н.И., Щербанов Н.М. Русское литературное Приуралье. – Кемерово. Уральск, 1995. – 132 с.
26. Щербанов Н.М. Поехал я в Уральск. –Уральск: Оптима, 2003. - 77 с.; Щербанов Н.М. Уральск литературный. – Уральск, 2008. - 356 с.; Щербанов Н.М. Пушкин в Уральске - К.: «Диалог», 1989. – С. 14-15.; Щербанов Н.М. Неизвестный В.П. Правдухин. – Уральск: Оптима, 2010. – 463 с.
27. Славянский Ю.Л. Поездка А.С. Пушкина в Поволжье и на Урал. Научно-популярный этюд. Казань. Татарское кн. изд-во. 1980. - 143 с.
28. Уральск в судьбе Габдуллы Тукая / Сост.: Абузяров Р.А., Туаева З.И..- Уральск, 2002. - 126 с.; Абузяров Р.А. Уральск - поэтическая родина Габдуллы Тукая. - Уральск, 2003. - 151с.; Абузяров Р.А. История евразийского центра Габдуллы Тукая. - Уральск, 2011. - 206 с.
29. Ибраһимов Ғ. Тіліміз әртүрлі, ойымыз – біртұтас // Қазақ әдебиеті. – 1962. – 26 қазан.
30. Сағди А. Тіл, әдебиет жазу һәм олардың тарихи өсулері. - Қазан, 1926
31. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. - 592 б.
32. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Том 5. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: «Ел- шежіре», 2013. - 384 б.
33. Манайұлы Н. Шәңгерей. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 117 б.
34. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. - Алматы, 1935.
35. Ысмайылов Е. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. - Алматы: ҚМБ, 1941. - 203 б.
36. Песни степей. (Антология казахской литературы / под ред. Л. Собелева), М.: Художественная литература, 1940. - 588 с.
37. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. - Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 556 б.
38. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: жоғары оқу орындары студ. арналған оқулық / Қ. Жұмалиев. - Алматы: Мектеп, 1967. - 435 б.

39. Ахметов З. Шәңгерей Бөкеевтің лирикасы // Қазақ әдебиеті. - 1959. - 19 маусым.
40. Дүйсенбаев Ы. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы / ред. Ы.Т. Дүсенбаев. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1962. - 419 б.
41. Ақмұқанова Б. XX ғасырдағы қазақ ақындары. - Алматы : Ғылым, 1982. – 127 б.
42. Мағауин М. Ғасырлар бедері: әдеби зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.
43. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1992 6-шы кітап. – 223 б.
44. Тәжімұратов М. Шәңгерей. Жасампаздық өмірі. Алматы: Өлке, 1998. – 336 б.
45. Қараш Ғ. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
46. Ай заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) екі томдық (кұраст. М. Мағауин, М. Байділдаев). - Алматы : РБК. Т. 1. - 1991. - 384 б.
47. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968.
48. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: оқу құралы. Т. 6. - Орал: Ағартушы, 2010. -268 б. - (Ақ Жайық қаламгерлерінің кітапханасы).
49. Мүсірепов Ғ. Қисық сынға әділ төре // Еңбекші қазақ. 1924 жыл, 24 наурыз
50. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті / ред. басқ. Мұқанов С. – Қызылорда, 1932. – 360 б.
51. Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті (9-сыныпқа арналған хрестоматия). – Алматы, 1940 ж. – 328 б.
52. Ысмағұлов М. Ғ. Қарашевтің тәлім-тәрбие туралы пікірлері // Қазақстан мұғалімі. 1959 жыл, 21 мамыр
53. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966 ж. – 375 б.
54. Сыдиықов Қ. Тайталас тағдыр кешкен // Социалистік Қазақстан. 1989 жыл, 15 желтоқсан. – 4 б.
55. Өзбекұлы С., Ысмайылов А. Ғұмар Қараш. Өмірі мен қызметі. – Алматы, 2000 ж. – 34 б.
56. Ысмайылов А. Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары. – Алматы, 2005 ж. – 42 б.
57. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. – Алматы: Жеті жарғы, 1998 ж. – 192 б.
58. Тайырова Б. Ғ. Қараштың философиялық көзқарасы. – Филос. ғыл. канд. акад. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Алматы, 2007 ж. – 124 б.
59. Кенжалиев И. Ғ. Қараш туралы кейбір тың мәліметтер (Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында) // Ақиқат. 1995 жыл, 4 сәуір. – 73-74-бб.
60. Ысмағұлова С. Қиын да сұлу тағдыр // Жалын, №3, 1989 жыл. 12-б.
61. Аққұлұлы С. Ғұмар Қараш // Жұлдыз, 1992 жыл, 28 наурыз. – 6-б.

62. Жанғожин Р., Созақбаев С. Қайраткер Ғұмар Қарашев // Қазақ әдебиеті. 1989 жыл, 29 желтоқсан. 7-б.
63. Иночкин В. Гумар Караш: судьба поэта, культурное наследие // Приуралье. - 2005. - 22 ноября (№140). - С. 5
64. Иванова, М. Гумар Караш // Иванова М. // Пульс города. - 2006. - 30 марта. - С. 6
65. Созақбаев С. Ғұмар Қарашев – ғалым-педагог // Қазақстан мектебі. – 1991, № 10. – 75-76 бб.
66. Шканова Б. Ғұмар Қараш – ғұлама дарын (ақын) // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997, № 11-12. –69-72 б.
67. Тәж-Мұрат М. Біз білмейтін Ғұмар Қараш // Орал өңірі. 1991 жыл, 9 сәуір. 7-б.
68. Құттымұратұлы Қ. Ғұмар Қараш туралы тың деректер // «Егемен Қазақстан» газетінің ресми сайты. 2018 жыл, 19 шілде // <http://www.egemen.kz/article/ghumar-qarash-turaly-tynh-dereker>
69. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 384 б.
70. Боранбаева Б.С. Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. Орал, 2009 жыл. – 37 б.
71. Ысмайылов Е. Омар Қарашев (1876-1921 ж.ж. өмір сүрген көрнекті ақын) // Алматы ақшамы. 1990 жыл, 30 қаңтар. – 3 б.
72. Әбдиманұлы Ө. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ Университеті, 2002 ж. – 396 б.
73. Құттымұратұлы Қ. Набиоллаұлы Ж. Ғұмар Қараш шығармалары, I том. Орал, 2018. – 422 б.
74. Ботпайұлы С. Ғұмар Қараш және Алаш идеясы. 2011 жыл, 27 тамыз // Abai.kz ақпараттық порталы // <http://www.abai.kz/article/ghumar-qarash-jane-alash-ideiasy>
75. Қараш Ғ. Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы // «Әдебиет порталы» интернет-ресурсы // <http://www.adebiportal.kz/article/adaspa-andyk-etpe-adam-uly>
76. Бес ғасыр жырлайды. II том. Алматы: Жазушы, 1989 ж. 2-том / құраст.: М. Байділдаев, М.Мағауин. – 496 б.
77. М. Өтемісұлы шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. I том. Алматы: Ғылым, 2003. – 404 б.
78. Тұнғатар Қ. Бір ғасыр бұрынғы бостандық // «Жетісу» газеті. 2017 жыл, 17 шілде. – 5 б.
79. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1968. – 356 б.
80. Кенжалиев И. Ғұмар Қараш. Орал: М.Өтемісов ат.БҚМУ баспасы. – 2004. – 134 б.
81. Сыдиықов Қ. Ағартушы, ойшыл, қайраткер ақын. Кітапта: Ғ. Қараш. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.

82. Қараш Ғ. Тіл – әдебиет // «Айқап» газетінің сайты: мұрағат, №10, 1912 жыл // <http://www.yvision.kz/article/til-adebiet/1912/10.pdf>
83. Өтеғалиева Х. Мақтанышым - өз елім. - Алматы: ҚМКӘБ, 1961. -
84. Өтеғалиева Х. Ақындар жыры. - Алматы: ҚМКӘБ, 1963. -
85. Өтеғалиева Х. Ана жыры. - Алматы: ҚМКӘБ, 1969. -
86. Өтеғалиева Х. Әже әлдіі. - Алматы: Жазушы, 1974. – 120
87. Өтеғалиева Х. Бесік жыры. - Алматы: Жазушы, 1979. - 111 б.
88. Өтеғалиева Х. Мейірім. - Алматы: Жазушы, 1985. - 120 б.
89. Хакімжанова М. Шығармалары. (ІІІ том). Естеліктер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2006. – 368 б.
90. Хакімжанова М. Ақын ана Халима. Кітапта: Өтеғалиева Х. Мейірім. - Алматы: Жазушы, 1985. - 120 б.
91. Мүсірепов Ғ. Қорытынды сөз // Кітапта: Ақындар жыры. Қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1963. – 234 б.
92. Ысмайылов Е., Уахатов Б. Қазіргі халық ақындарының өнер жолы // Кітапта: Ақындар жыры. Қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1963. – 234 б.
93. Жұмабаев Ғ. Дарын иелері // Кітапта: Ақындар жыры. Қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1963. – 234 б.
94. Құмарова Ш. Халық ақындарының мәслихаты // Кітапта: Ақындар жыры. Қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1963. – 234
95. Бір қыз бен он алты ақын: Айтыс / Құрастырған Алма Қыраубаева. – Алматы: Жалын, 1985. 2- б.
96. Хамзин А. Текіден туған тегін болмайды немесе Халима әже хақында ой-толғам // Орда жұлдызы. - 6 желтоқсан - 2014 жыл
97. Кажушева Р. Ортамызға оралған шежіре (көнеден жеткен жәдігер) // www.baq.kz
98. Текебаев Н. «Бір заман ұрпақтарым іздер мені...» // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/>
99. Жұмағалиев А. Таңдамалы өлеңдер. Құраст. Х. Бекхожин. Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1945. –
100. Жұмағалиев А. Өшпеген жалын. Шығармалар жинағы. Құраст. Ә. Сәрсенбаев. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962.
101. Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
102. Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны. Өлеңдер мен поэмалар. 3-бас. / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Арыс, 2015. – 288 б.
103. Аманжолов Қ. Ақын өлімі туралы аңыз. Майданда ерлікпен қаза тапқан ақын досым Абдолла Жұмағалиев туралы бір жыр // Социалистік Қазақстан. - 1945. - 18 сент. (№ 191). - 4 б.

104. Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын талдау // https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/22580
105. Григорьев В. Қаһарман қаламгер (Писатель-герой) // Советская гвардия. 6 декабрь 1942 жыл / Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
106. Нарцисов И. От ұстаған Прометей // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
107. Снегин Д. Арманшыл ақын // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
108. Кузнецов П. Өлмес өмір поэмасы // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
109. Жұмалиев Қ. Жалынды ақын, жау жүрек батыр // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
110. Хақимжанова М. Ақжарқын бейне есімде // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
111. Сәрсенбаев Ә. Абдолла монологы // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
112. Бекхожин Х. Аяулы еді албырт ақын // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны: Өлеңдер мен поэмалар. Екінші басылымы / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 328 б.
113. Рамазанова Ж. Қасым поэзиясындағы балладалар // Орталық Қазақстан. - 2011. – 30 маусым (№105/106). – Б. 8
114. Қирабаев С. Қыран қанатты ақын / Егемен Қазақстан, №145-146, 13 шілде 2001 ж.
115. Сәрсенбаев Ә. Ақын жүрегінің алауы // Кітапта: Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны. Өлеңдер мен поэмалар. 3-бас. / Құраст. Ә. Сәрсенбаев. Алматы: Арыс, 2015. – 288 б.
116. Нәріков А. Өртті жеңген өлеңдер // Жайық үні. - 2010. - 9 желтоқсан
117. Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. Алматы: Жазушы, 1972. - 184 б.
118. Қирабаев С. Шындық және шығарма. Алматы: Жалын, 1981. - 252 б.
119. Мырза Әли Қ. Мақалада: Алауы әлі сөнген жоқ. 2018 жыл, 3 мамыр // <http://saryarka-samaly.kz/index.php?id=1479>
120. Қабдолов З. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы бірер сөз. 2015 жыл, 1 маусым // <http://www.el.kz/article/qazhim-jumaliev-turali-birer-soz>
121. Ерғалиев Х. Ақын ғалым: (Қ.Жұмалиев жайында) // Қазақ әдебиеті. 1957 ж., 27 желтоқсан // <http://www.qazaqadebieti.kz/article/akyn-galym-qazhim-jumaliev>

122. Еркебаев Б. Педагог-ғалым: (Қ.Жұмалиев туралы) // Лениншіл жас. 1957 ж., 28 желтоқсан // <http://www.zhasalash.kz/article/pedagog-galym-qazhim-jumaliev-turali>
123. Есенжанов Х. Кемел ғалым, шабытты ақын // Х.Есенжанов. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1981. 6-том. 276-288 бб.
124. Атымов М. Ұстаздық қылған жалықпас... // Қазақ әдебиеті. 1964ж., 24 қаңтар // <http://www.qazaqadebieti.kz/article/ustazdyk-kylgan-zhalykpas>
125. Атымов М. Ақын, ғалым, ұстаз: (Қ.Жұмалиевтің туғанына 70 жыл) // Жұлдыз. 1977 ж., №12
126. Ахметов З. Ақындық өнер ерекшелігі // Социалистік Қазақстан. 1967 ж., 10 қаңтар
127. Әдібаев Х. Ағадан қалған жырлар бар // Лениншіл жас. 1970 ж., 17 қаңтар
128. Әленов Ш. Ақын, ұстаз, ғалым: (Қ.Жұмалиев творчествосы жайлы) // Коммунистік жол. 1977 ж., 28 желтоқсан
129. Ишанов Х. Қырдағы күрес (Қ.Жұмалиевтің осы жинағы туралы) // «Қазақстан мұғалімі». 1958 ж., 25 қыркүйек
130. Қаратаев М. Ученый и поэт (О Джумалиеве К.) // Казахстанская правда. 1957 г. – 28 декабрь. – С.5-6
131. Қирабаев С. Қажым туралы сөз // Қ.Жұмалиевтің творчествосы жайлы. Қирабаев С. Шындық және шығарма: (Сын мақалалар, зерттеулер, портреттер). Алматы, 1981 ж. 155-164 бб.
132. Зайкенова Р. Қазақтың Қажымы. 2 ақпан, 2018 жыл. // Abai.kz ақпараттық порталы // <http://www.qazaqadebieti.kz/article/qazaqtyn-qazhimy>
133. Мамыров А. Әдебиетке адалдық. 6 сәуір, 2017 жыл. // «Ана тілі» ұлт газетінің сайты // <http://www.anatili.kazgazeta.kz/article/adebietke-adaldyk>
134. Шәлдибекқызы Т. Сағыныш (эссе). 5 қыркүйек, 2017 жыл. // Алматы ақшамы // <http://www.almaty-akshamy.kz/article/sagynysh>
135. Қаратаев М., Сейітов С., Қабдолов З., Әдібаев Х. Қажым Жұмалиев. – Алматы: Ғылым, 1968. – 201 б.
136. Жұмалиев Қ. Қазақстан. Кітапта: Сейітов С. Республикам менің. Алматы: Қаз. мем. көрк. әд. баспасы. – 1960 ж.
137. Құмалыұлы Қ. Өмір ығь. Өлендер ығьнағь. Alma-Ata: Qazaqstan. – 1938. – 39 б.
138. Нұрғали Р. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. – Астана: «Фолиант», 2004. – 456 б.
139. Құмалыұлы Қ. Qandь asuv. Roman. Qazaqstan. – 1934. – 98 б.
140. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Арыс, 2003. – 280 б.
141. Қирабаев С. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы бірер сөз. 2015 жыл // <http://www.el.kz/article/qazhim-jumaliev-turali-birer-soz>
142. Жароков Т. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 614 б.
143. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: ҚазССР ҒА. 1949 ж. – 347 б.

144. Очерки историй казахской советской литературы. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1958. – 484 с.
145. Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ совет әдебиетінің тарихы. 3 том, Бірінші кітап. – Алматы, 1967. – 644 б.
146. Казахская советская литература. – Алма-Ата: Наука, 1971 г. – 3 т. – 801 с.
147. Сейітов С. Ақын және уақыт : Тайыр Жароков – 100 жыл / С. Сейітов // Әдебиет айдыны. - 2008. - 28 тамыз.
148. Жұмалиев Қ. Талант – табиғат сыйы. – 1965 ж. <http://www.infoportal.kz>
149. Бекхожин Қ. Сағындырған ақын: Т.Жароков // Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – Алматы, 1986 ж.
150. Әбединова С. Осы жұрт Жароковты біле ме екен... // Айқын. 2008 ж., 3 желтоқсан
151. Көшенов Ғ. Жетібайдың Қанаттыкөгі: Ақын Тайыр Жароковтың туғанына 100 жыл // Ана тілі. 2008 ж., 27 қараша
152. Дәуітұлы С. Халқының еркесі: (Ақын Т.Жароковқа 100 жыл) // Әдебиет айдыны. 2008 ж., 18 желтоқсан
153. Жұмағалиев Қ. Қайран, Тәкең!.. (Т.Жароков) // Егемен Қазақстан. 2009 ж., 14 ақпан.
154. Жұмағалиев Қ. Тайыр Жароков ескерткіші (Ақынның шығармашылығы жайында) // Жаңа Сарыарқа, №5. 2009 ж.
155. Таубаева А. Дәуір жыршысы // Жұлдыз, №10. 2008 ж.
156. Таубаева А. Тайырдың тұңғышы: Қазақ поэзиясының тасқыны Т.Жароковтың туғанына 100 жыл толуына орай // Ана тілі. 2008 ж., 27 қараша
157. Сүлейменов С., Сүлейменова Д. Биікке самғайтын құс. – Орал, 2013 ж. – 259 б.
158. Жароков Т. Отан дауысы. Өлеңдер мен поэмалар жинағы. – А.: Қаз. көркем әдебиет баспасы, 1938 ж. (латын әрпімен)
159. Жароков Т. Таңдамалы. 1-том. – Алматы: Ана тілі, 2008 ж. – 246 б.
160. Жароков Т. Мақалалар. <https://www.kitap.kz>
161. Жароков Т. Күн тіл қатты. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2007. – 256 б.
162. Тоқсамбаева А.О. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қазақ әдебиеті (1941-1960 жж.). <https://ebooks.semgu.kz>
163. Қазақтың өлең өрнегіне өзгеріс әкелген ақын. 2018 ж.,12 сәуір. <https://qazradio.fm>
164. Базарбаев М. Писатель большого таланта // Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы.-А., 1976.-.С.95-102
165. Қаратаев М. Арман асуы, көргенім мен көңілдегім. – Алматы: Жалын, 1982. 29-бет
166. Сейданов Қ. Қазақ әдебиеті және Хамза. Жұлдыз. – 1989. - № 2. -185-бет
167. Қабдолов З. Тойлар тұсындағы ойлар // Қабдолов З. Арна. Зерттеу-сын-эссе.- Алматы: Жазушы, 1988.-6.192

168. Щербанов Н. Уральск литературный (О Есенжанове) // На Яике городок, на Урале-город.-Уральск, 1988. – с.86-87
169. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар: Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар мен естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 440 б.
170. Бельгер Г. Ғибратты ғұмыр. Парасат. – 1998. № 8. - 24-26 бб.
171. Сүлейменов С. Жазушы және оның кейіпкері: Хамза Есенжанов туралы. // Орал өңірі. - 2008. - 17 сәуір.– 10 б.
172. Сүлейменова Д. Жазушы тағылымы: Х.Есенжанов туралы // Әдебиет айдыны. – 2008, 24 шілде. – 6 б.
173. Шарабасов С. Жазушы тағдыры. Орал өңірі. – 1998. - №71. 16 желтоқсан
174. Есенжанов Х. Өлеңтінің жағасында // <https://ru.bookmate.com>
175. Есенжанов Х. Көп томдық шығармалар жинағы. 6 том: Әңгімелер мен мақалалар. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014. – 382 б.
176. Қаратаев М. Ізденіс іздері. Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1984. - 371б.
177. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 482 б.
178. Есенжанов Х. Ақ Жайық: Трилогия. – Алматы: Жазушы, 1988. – 335 б.
179. Сейітов С. Талантын туған елге бағыштаған. Кітапта: Тілеков Ж. От кешу : екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 304 б.
180. Тілеков Ж. Сырым батыр. Қазақ әдебиеті. – 21 тамыз, 1992. – 17 б.
181. Тілеков Ж. Алыптың асулары. Очерк // Жұлдыз. – 1974. №1. – 146-163 бб.
182. Тілеков Ж. Әшім айтқан сыр. Очерк // Қазақ әдебиеті. – 1976, 7 мамыр
183. Тілеков Ж. Қорғасынның қожасы. Очерк // Қазақ әдебиеті. – 1973, 24 тамыз
184. Тілеков Ж. От кешу: екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 304 б.
185. Жан Поль. Ұлағатты сөздер // [https:// www.mybiblioteka.su](https://www.mybiblioteka.su)
186. Тілеков Ж. Шалғай шепте. Шалғай шепте: екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 311 б.
187. Сахариев Б. Жаралы жылдар жайында. Кітапта: Шығармалары. Баламер Сахариев / Құрастырған Д.Әшімханұлы. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. – 400 бет.
188. Тілеков Ж. Әлмәмбетовтер әулеті. Шалғай шепте: екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 311 б.
189. Тілеков Ж. Сақа солдат. Шалғай шепте: екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 311 б.
190. Тілеков Ж. Жауынгер журналист. Шалғай шепте: екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 311 б.
191. Тілеков Ж. Хинган асуынан асқанда. От кешу : екі томдық шығармалар / Жәрдем Тілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 304 б.
192. Сейітов С. Большевиктер. - Алматы: Қазмемкөркем әдеббас,1951.– 120 б.

193. Сейітов С. Өлеңдер жинағы. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1953. – 168 б.
194. Сейітов С. Бетпе-бет: Өлеңдер жинағы.- Алматы: ҚМКӘБ, 1959. - 89 б.
195. Сейітов С. Өрден өрге: Өлеңдер.- Алматы: ҚМКӘБ,1963.- 96 б.
196. Сейітов С. Жаңғырық: Таңдамалы.- Алматы: Жазушы, 1967.- 294 б.
197. Сейітов С. Жолдас уақыт: таңдамалы.- Алматы: Жазушы, 1977.- 408 б.
198. Сейітов С. Сәулет: Өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1988,- 208 б.
199. Сейітов С. Серпер: жаңа өлеңдер.- Алматы: Шабыт, 1994.- 256 б.
200. Сейітов С. Сеңгір: таңдамалы.- Алматы: Білім, 1997.- 208 б.
201. Сейітов С. Самғау: таңдамалы. - Алматы: Ғылым, 2001.- 488 б.
202. Сейітов С. Майдангер көзімен.- Алматы: Санат, 2005. - 208 б.
203. Сейітов С. Шығармалары. 1 том.- Алматы» Ана тілі, 2007. -304 б
204. Сейітов С. Таңдамалы. - Алматы: Қаламгер, - 2018. - 380б.
205. Сейітов С. Сөз сұрайды солдаттар: Ұлы Отан соғысы оқиғаларынан. - Алматы: Жазушы, 1971. - 172 б.
206. Молдағалиев Ж. Мен қазақпын. - Алматы: Раритет, 2007. - 240 б.
207. Молдағалиев Ж. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 320 б.
208. Дүйсенбайұлы Е. Кемелдік кепілі. Кітапта: / Молдағалиев Ж. Мен қазақпын. - Алматы: Раритет, 2007. - 240 б.
209. Аманшин Б. Құтты мекен. – Алматы: Жазушы, 1984. - 296 б.
210. Аманшин Б. Қос өзен (поэмалар, өлеңдер) - Ақтөбе: А-Полиграф ЖШС, 2004. – 240 б.
211. Аманшин Б. Жайық желі. – Алматы: Жазушы, 1978. - 271 б.
212. Ерғалиев Х. Сабырлы да әсем әуен: / Кітапта: Аманшин Б. Жайық желі. – Алматы: Жазушы, 1978. - 271 б.
213. Қайырбеков Ғ. Берқайыр Аманшин. Кітапта: Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры: роман және әдеби-зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 400 бет.
214. Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры: роман және әдеби-зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 400 бет.
215. Аманшин Б. Көкжар: Повесть, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1971. – 141 бет
216. Аманшин Б. Жар мұңы: Повестер. – Алматы: Жазушы, 1968. – 176 бет
217. Аманшин Б. Ақ жүректер. Таңдамалы повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 296 бет
218. Ырзабаев Б. Бақ жұлдызым: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1982. – 140 б.
219. Ырзабаев Б. Арнадым саған. Өлеңдер мен поэмалар. – Орал: Дастан, 2005. – 244 б.
220. Ибраһим Е. Боранғали жырлары // Кітапта: Б. Ырзабаев. Бақ жұлдызым: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1982. – 140 б.
221. Ырзабаев Б. Кәусар. Алматы: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 112 б.

222. Жәкібаев О. Ақынның әр өлеңі оқырман жүрегінен берік орын табады // Кітапта: Б. Ырзабаев. Арнадым саған. Өлеңдер мен поэмалар. – Орал: Дастан, 2005. – 244 б.
223. Баймұқанқызы. Б. Мінезін тілінде еді-ау, қайран аға! // Кітапта: Б. Ырзабаев. Арнадым саған. Өлеңдер мен поэмалар. – Орал: Дастан, 2005. – 244 б.
224. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // «EGEMEN QAZAQSTAN» №223 (29454) 21 қараша, сәрсенбі 2018 жыл.
225. Мақпырұлы С. Қазына. Әдеби мақалалар, зерттеулер. Әдістеме. – Алматы: Арыс, 2004, - 320 б.
226. Әдеби білім тұжырымдамасы. – Алматы: Рауан, 1992. – Б. 21.
227. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – Алматы: Рауан, 1997. – Б. 23.

Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө.

ӘДЕБИ ӨЛЖЕТАНУ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУ
(ОРАЛ ӨҢІРІ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
МҰРАСЫ. XX-XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Монография

1 кітап

Мүтиев З.Ж., Муханбетова Ж.У.

ЛИТЕРАТУРНОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ
ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ (ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ПОЭТОВ-
ПИСАТЕЛЕЙ ПРИУРАЛЬЯ, XX - НАЧ. XXI В.)

Монография

1 книга

Mutiyev Z.Zh., Mukhanbetova Zh.U.

LITERARY REGIONAL STUDIES: SPIRITUAL RENOVATION (CREATIVE
INHERITANCE OF URAL POETS-WRITERS. THE BEGINNING OF XX-XXI
CENTURIES)

Monograph

1 book

Формат А5 Қағазы - офсет

Компьютерде құрастырушы: Г.Е. Мамбетова

Суретші дизайнері: А.А.Бекчурин

Теруге 21.10.2018 ж. жіберілді. Басуға 14.11.2018 ж. қол қойылды.

Таралымы 200.



«ШұғылаПринт»

баспасында басылды